



## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

---

«Дала фольклорының антологиясы» жобасы  
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың  
«Ұлы даланың жеті қыры» еңбегінде көтерген бастамасымен  
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында  
жүзеге асырылды

«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ  
МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ» ЖОБАСЫНЫҢ  
РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

Көшербаев Қ.Е., төраға

Әзібаева Б.У.  
Әлбеков Т.К.  
Жүсіпов Н.Қ.  
Керім Ш.Т.  
Қазтуғанова А.Ж.  
Қасқабасов С.А.  
Қирабаев С.С.  
Қоңыратбай Т.Ә.  
Қорабай С.С.  
Матыжанов К.І.  
Пангереев А.Ш.  
Рахымов Б.С.  
Ыбыраев Ш.Ы.

ДАЛА  
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ  
АНТОЛОГИЯСЫ



ОН ТОМДЫҚ

8  
ТОМ

ПРОЗАЛЫҚ  
ФОЛЬКЛОР

Аңыздар

Алматы, 2020

УДК 398  
ББК 82.3  
Д15

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған  
филология ғылымдарының докторы,  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Матыжанов К.І.

**Томның редакция алқасы:** Матыжанов К.І. (*төраға*), Қалиева А.Қ. (*жауапты хатшы*),  
Қасқабасов С.А. (*ғылыми редактор*), Әлбеков Т.К. (*жауапты редактор*),  
Мурсалимова Н.М. (*жауапты шығарушы*),  
Құрманғалиев Т.Қ. (*музыкалық редактор*).

**Пікір жазғандар:** филология ғылымдарының докторы, профессор  
Сәйфаддин Рзасой (*Әзірбайжан*),  
филология ғылымдарының докторы, профессор Пангереев А.Ш.,  
филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсадық А.

**Д 15 Дала фольклорының антологиясы:** Он томдық. – Т. 8: Прозалық фольклор: Аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М., Оралбек А. – Алматы: Brand Book, 2020.

ISBN 978-601-08-0094-6

Т. 8: Прозалық фольклор: Аңыздар. – 2020. 472 б.

«Дала фольклоры антологиясының» сегізінші томы прозалық фольклордың аңыздық жанрларына арналған. Томға мифтердің, хикаялардың, аңыздардың, эпсаналардың, хикаяттардың, ауызекі әңгімелердің таңдаулы үлгілері топтастырылған.

Кітаптың аудиожазбасы мен электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал порталдар мен сайттардан жүктеп алуға болады.

Антология мектеп оқушыларына, арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне, фольклорлық мұраны қастерлейтін қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 398  
ББК 82.3



*«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасының аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.*

*... Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс.*

*Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шегара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиіспіз.*

**Қазақстан Республикасының  
Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың  
«Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінен**



## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

«Дала фольклорының антологиясы» он томдық топтамасының сегізінші томына ұлттық фольклордың арналы тармағы болып саналатын аңыздық прозаның миф, хикая, аңыз, әпсана, хикаят, ауызекі әңгімелер сынды жанрлық түрлері енгізілді. Бұл мазмұндағы жанрлардың ең басты нысанасы — тыңдарманға ғибрат, тәлім-тәрбие, білім беру, яғни танымдық қызмет атқарады. Өмірдің, табиғаттың белгілі бір құбылысын немесе фактісін түсіндіру мақсатында туындайды. Баяндалатын оқиғалар сұхбат-әңгіменің сыңайында болғандықтан, айтушы тыңдармандарға, жалпы көпшілікке сенімді болуы үшін туындысын барынша шынайы етіп көрсетуге тырысады. Жеткізуші айтып отырған әңгімесін әрлендіріп, ажарландырып жатпайды. Оның негізгі міндеті — жадында сақталған шығарманы, оқиғаны тыңдарманға таныстыру, хабардар ету. Дегенмен, айтушы біреуден естіген, болмаса басынан өткізген оқиғасын іштей бір ізге түсіріп, сюжет желісін құрайды. Екінші жағынан, аңыздық әңгімелердің көпшілігі жиын-топта белгілі тақырыптың төңірегінде баяндалатындықтан, арнайы дайындық қажет етілмейді. Олардың мазмұндық-көркемдік сапасы тыңдаушылар ортасында, қалыптасқан жағдайға байланысты дамып отырады. Кейін сюжет тұрақталып, айтыла-айтыла фольклорлық сипат алады. Бара-бара авторы ұмытылып, аңыздық прозаның хикая, аңыз, әпсана, хикаят сияқты жанрларының біріне кірігіп кетеді.

Аңыздық прозаның алғашқы үлгілері ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бергі кезеңдерде хатқа түсіріліп, жариялана бастады. Бұл жұмыстар Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, Н.А. Аристов, П.П. Семенов-Тяньшанский, Г.Н. Потанин, Г.Н. Пантусов, Ә. Диваев т.б. ғалымдар ұйытқы болуымен жүргізілді. Атап айтқанда, аңыздық прозаның кейбір жанрлары В.В. Радловтың



«Образцы народной литературы тюрских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» (1870), «Дала уалаяты газетінің» (1888 – 1902), Н.П.Пантусовтың «Материялы к изучению казах-киргизского наречия» (1901) т.б. басылымдардың беттерінде жарияланды.

XX ғасырда бұл жауапты іске О.Әлжанов, М.Ж.Көпеев, Ш.Жәңгіров, Ж.Жүсіпұлы, Б.Жақыпбаев, Ә.Марғұлан, А.Жұбанов, Ә.Қоңыратбаев, М.Сарымсақов, Б.Адамбаев, М.Тілеужанов, Н.Төреқұлов, А.Сейдімбек, Қ.Саттаров т.б. ондаған жинаушы-зерттеушілер атсалысты. Кеңестік кезеңде аңыздық шығармалардың толық жариялануына, жеке жинақ ретінде басылуына шектеулер жасалып келгені мәлім. Ел тәуелсіздігінен кейінгі жылдары оңтайлы сәт туып, еліміздің сирек қорларында, өңірлерінде жинақталған мұралар жаппай басылым көре бастады. Олардың арасынан «Қазақтың мифтік аңыздары» (1996), «Қазақтың мифтік әңгімелері» (2002), «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясы бойынша жарыққа шыққан «Қазақ мифтері» (2011), «Топонимдік аңыздар» (2011), «Шежірелік аңыздар» (2012), «Күй аңыздар» (2012), төрт томдық «Тарихи аңыздар» (2012), үш томдық «Ауызекі әңгімелер» (2013), «Хикаяттар» (2012) сияқты ғылыми басылымдарды атап өтуге болады.

Аңыздық прозаға қатысты әр жылдары М.О.Әуезов, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Ш.Елеуқенов, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, А.Сейдімбек, А.Панкереев, А.Әбсадық, Ә.Тарақ, П.Әуесбаева т.б. ғалымдар зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындаудың алдында құрастырушылар тобы еліміздің танымал фольклортанушыларымен, ғылыми сарапшылармен, маман-зерттеушілермен бас қосып, басылымның құрылымын, жанрлық жүйесін, хронологиялық ретін айқындады. Бұл ретте институттың Ғылыми кеңесі мен жетекші ғалымдарының да ой-пікірлері, тұжырым-ұсыныстары назарға алынды. Жанрлар бойынша аңыздық шығармалар қолжазба қорларынан іздестіріліп, анықталған мәтіндер мазмұны мен көркемдігіне қарай сарапталып, таңдаулылары іріктелді. Шағатай, қадім, төте, латын әліпбилерінде хатқа түскен туыңдылар қолданыстағы кирилл жазуларына аударылып көшірілді. Бұрын-соңды жарияланым көрген мәтіндер түпнұсқаларымен салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізілді. Басылым негізінен оқушылар мен студенттерге, жалпы оқырмандарға арналғандықтан, мәтіндерде кездесетін кейбір бейәдеп сөздер мен тармақтар ішінара қысқартылып, орнына көп нүкте қойылды. Ал мүлде өзгертуге болмайтын мәтіндер



сол қалпында сақталып, оларға түсініктер берілді. Оқырмандарға ыңғайлы болуы үшін мәтіндерде кездесетін көне түркі, жергілікті, кірме (араб, парсы, орыс т.б.) сөздерге түсінік әр беттің соңында берілді.

Прозалық жанрлар туралы түсініктерге академик С.Қасқабасовтың зерттеу еңбектері, иллюстрацияға Е.Оспанұлының жеке мұрағатындағы суреттер пайдаланылды.

Баспаға дайындау жұмыстары «Дала фольклорының антологиясы» он томдығының қалыптасқан жүйесіне сәйкес орындалды. Томға енген әр жанрға байланысты қысқаша сипаттамалар жазылып, қосымшасына шығармаларға қатысты иллюстрациялық суреттер, шығарманы жеткізуші-жинаушылардың іріктелген фотосуреттері, этнографиялық суретті сөздік, пайдаланылған әдебиеттер, түйіндеме (орыс, ағылшын тілдерінде) ұсынылды. Іріктеліп алынған мәтіндер танымал актер-дикторлардың орындауында арнайы студияда жазылды. Томның электронды, аудио нұсқалары бүгінгі заманға лайық форматта дайындалып, таңдаулы сайттарға жүктелді және олардың арнайы коды кітаптың мұқабасында көрсетілді.



Суретші Е. Оспанұлы

# МИФТЕР

Миф — дүниенің, жаратылыстың түрлі құбылыстары мен жердің жаратылуын, адамзаттың пайда болуын, аң-құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығарма. Типологиялық сипатына орай қазақ мифі ежелгі (архаикалық), классикалық мифтер түріне жақын келеді. Сол себепті мифтік уақыт пен сана, ежелгі ұғым мен ойлану дәстүрі сияқты әлемдік мифологияның белгілері сақталып қалған. Осылардың негізінде мифтік дәуірге «аспан мен жер, адам мен табиғат біртұтас» деген түсінік туындаған. «Мифте қиял бар» деген түсінік кейінгі кезеңде ғана қалыптасқан. Ал мифтік дәуірдегі, мифтік санадағы адам оның оқиғасы мен мазмұнына кәміл сеніп, нақты шындық ретінде қабылдаған.

Қазақ мифінің типологиялық сипаты әлем халықтарының мифтік туындыларының табиғатына жақын келгенімен, өзіне тән ерекшеліктері де кездеседі. Стадиялық тұрғыда алғашқы қауымдағы Австралия, Африка, Солтүстік Азия, Америка елдерінің, антикалық Греция, Рим, Египет, Үнді, Қытай, Вавилон халықтарының мифологиясының ортасындағы аралық жанр болып саналады. Оның басты себебі қазақ халқын құраған ру-тайпалардың бірден рулық қауымнан феодалдық қоғамға ауысып, бірқұдайлы гінді ұстануында жатыр. Сондықтан бұл мазмұндағы шығармалар тарихи-қоғамдық дамуден бірге қалыптаса алмай, өзге жанрларға кірігіп кеткен. Ежелгі негіздерінен ажырағандықтан, жүйелі мифологиялық циклге түсіп, көркем туындыға айналмаған. Бұл ретте қазақ мифтерінің кейінгі ұрпақтарға толық жетпеуінің, ұлттық мифология тарихының терең зерттелмеуінің бір себебі осында деген ой туындайды.

Классикалық мифтерде жеті қат әлемнің (космостың) жаратылуы, алғашқы адамның дүниеге келуі мен оның жасампаздығы туралы сөз қозғалса, архаикалық шығармаларда кейінгі мифтік сананың дамыған тұсындағы дүниенің жаратылуы, адам мен оның ортасы, жер бетіндегі өзге де тіршілік иелерінің мінез-құлқы т.б. түсіндірмелі, танымдық сипатта баяндалады. Этимологиялық мифтерде адам мен табиғат біртұтас бірлікте қарастырылса, космогониялық туындыларда аспан денелері, генеалогиялық туындыларда адамдар мен рулардың шығу тарихы туралы әңгімеленеді.

Қазақ мифтері туралы әр кезеңдерде Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, Е. Тұрсынов, С. Қондыбай, А. Тойшанұлы сынды ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында мифтердің М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхана қорларында сақталған қолжазба нұсқалары қарастырылып, іріктеліп алынды. Мәтіндердің түпнұсқалары мен жарияланымдары салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізілді.



## Тауқұдірет

Есте жоқ ескі заманда домбырада жалғыз ғана ішек, тауқұдіретте жалғыз ғана қанат болыпты. Тауқұдіреттің жалғыз қанаты еркегінің оң жағына, ұрғашысының сол жағына бітеді екен. Домбыраны жасаған шебер жалғыз ішекпен көсіліп күй тарта алмайды. Ал жалғыз қанатты тауқұдірет қалықтап ұша алмайды. Домбырашы не істерін білмей іштен тынады. Тауқұдірет болса, күндіз-түні Тәңірге мұңын шағып, қалықтап ұша алатын қос қанат сұрап, «Құдірет-ау, Құдірет» деп жалбарынумен болады.

Күндердің бір күнінде тауқұдіреттің аталығына Тәңір ой салады: «Бүйтіп зарлап жүре бергенше талпынып, тірлік етіп көріңдер» — дейді. Содан аталық тауқұдірет пен аналық тауқұдірет қолдасып ұшуды ойлайды. Бірінде оң қанат, екіншісінде сол қанат, екі тауқұдірет бір-бірімен қолдасып, қанаттарын кере серпиді. Сол кезде жерден бауырлары көтеріліп, қалықтай ұшып жөнеледі. Жер беті дөңгеленіп төменде қалады. Қос тауқұдіреттің қанаттарын жел сүйемелдеп, көк жүзінде рақаттана самғайды. Сонда көңілдері шаттанған қос тауқұдірет қуаныштарын жасыра алмай: «Құдірет-ау, Құдірет, мұныға да шүкіршілік!» — деп, Тәңірге ризашылықтарын білдіріпті. Кейін бұл тауқұдіреттерден туған балапандарға Тәңір қос қанат дарытып еді дейді.

Осы оқиғаға куә болған домбырашы: «Қос қанат бірігіп еді — ұшты, егер домбырада қос ішек болса ше?» — дейді де, екінші ішек тағып көреді. Сонсоң қос ішекті домбырасын тартып көрсе, ғажайып үн шығады дейді. Тіптен риза болғандығы сонша, ең алғашқы күйін тауқұдіретке арнайды. Тауқұдіреттің алғашқыда қалай қиналғанын, «Құдірет-ау, Құдірет» деп Тәңірге қалай жалбарынғанын, сонсоң қолдаса ұшып, көкке самғағанын күй тіліне салады.

Шынында да бұл күйді тыңдап отырғанда, көсіп шертетін тұстары «Құдірет-ау, Құдірет» деп сөйлеп қоя бергендей әсер етеді.

## Қарлығаштың құйрығы неге айыр?

Бір күні жылан: «Дүниеде ең тәтті қан қайсы екен, біліп кел!» — деп масаны жұмсайды. Күндіз-түні тыным таппай кезіп, талай-талай жан-жануардың қанын татқан маса, қайта оралып жыланға келіп: «Дүниедегі ең тәтті қан — адамның қаны екен», — дегенді айтпақшы болады. Сол сәтте қарлығаш масаның тілін шоқып алады. Маса сақау болып, ызындап қалады. Мұны көрген жылан қолма-қол жұтып жібермек болып, қарлығаштың құйрығына ауыз салады. Қарлығаш қатты жұлқып шығып кетеді. Құйрығының ортасы кетіліп, жыланның аузында қалады. Бірақ жылан аман қалмайды. Аузынан жұлқынып шыққан құйрық оның тілін жыртып кетеді.

## Жарғанат неге түнде ұшады?

Бір күні Сүлеймен (ғалаиссалам) барша құсты жиып алып: «Мен бұл күнде қартайдым, етіме жұмсақ төсек болмаса болмайды. Баршаларыңыз барыңыздар, бір-бір қауырсындарыңды беріңдер, содан төсек істеуім керек», — дейді. Сонда барша ауадағы құстардың бәрі де Сүлеймен ғалаиссаламға бір-бір қауырсынын жұлып береді. Сонда жалғыз-ақ жарғанат: «Сүлейменге қалайша бір қауырсынымызды береміз» — деп, тәуір деген жүнінен жұлып беріпті. Сонда Сүлеймен ғамма<sup>1</sup> қауырсынын алып: «Құстардың алды бол», — деп бата беріпті. Мұнан соң кешікпестен ойлап: «Жалаңаш нәрсеге өзге құстар мазақтап күле бере ме?» — деп: «Сен түнде ауада құс пен адам ұсқынсыз сиқыңды көрмейтін уақытта ұшарсың», — депті. Сонан бермен қарай жарғанат тек түнде ұшатын болған.

## Байғыз

Баяғы заманда бір патша болыпты. Ол адамзат, аң, құс пен жан-жануарды түгел билепті. Оның ханымы қайдағы ойда жоқ орынсыз іске әуес, әулекі әйел екен. Бір күні ханымы патшаға: «Маған ылғи құстың сүйегінен сарай салдырып бер!» — деген талап қойыпты. Ханымның айтқанын қапы етпейтін патша бұл талапты қолма-қол орындамақ болып, жер-жаһандағы құс атаулыны шақыртып әкеліп, тұмсығынан тіздіріп қойып, түгел сойғызуға қамданыпты да: «Қалып қойған құс бар ма?» — деп қайта түгендепті. Басқа құстың бәрі осында, тек байғыз ғана жоқ болып шығыпты. Бұған ашуланған патша байғызды алып келуге қаршығаны жұмсапты. Қаршыға барса, байғыз үңгірінде отыр екен. Оны дереу дедектетіп патшаның алдына алып келіпті.

— Құс біткеннің бәрі келгенде, сен неге келмейсің?! — деп сұрайды патша байғызға ашуланып.

— Келмекші едім, тақсыр! — дейді байғыз. — Бірақ бір маңызды санақ жасап едім, соған айналып, кешігіп қалдым.

— Қандай санақ?

— Жер жүзінде жазық көп пе, тау көп пе? Өлі көп пе, тірі көп пе? Еркек көп пе, әйел көп пе? Осындай санақ еді.

— Жазық пен таудың қайсысы көп екен?

— Тау көп екен.

— Қалайша тау көп дедің?

— Төбесіне қонғанымда, құйрығым жерге тимеген биіктің бәрін тауға санадым.

— Өлі мен тірінің қайсысы көп екен?

<sup>1</sup> Ғамма /араб/ — барлық, бүкіл.

- Өлі көп екен.
- Неге олай?
- Таңертең күн төбеге көтерілгенше төсегінде ұйықтап жатқандардың бәрін өлік деп білдім.
- Еркек пен әйелдің қайсысы көп екен?
- Әйел көп екен, тақсыр.
- Оны қалай білдің?
- Әйелінің етегінен ұстап, соның жетегімен жүретін еркектің бәрін әйелге есептедім, — дейді байғыз.

Тұмсығынан тізулі тұрған құстар байғыздың бұл жауабын естіп, сүйсініп, сылқ-сылқ күледі. Сол сәтте патша әулекі әйелінің тәйтiк тiлiне ерiп, барлық құс атаулыны қырғалы отырған өрескел қателiгiн түсiнiп, тұмсығынан тізулі тұрған құстарды түгел ағытып қоя берген екен. Міне, сол себептен құстардың бәрінің тұмсығының кеңсірік тесігі бар. Тек байғыздың тұмсығы ғана тесілмей қалған деседі.

### Қарлығаш пен дәуіт

Бір қарлығаш жардың қуысына ұя салып, өмір сүріпті. Қанаты қатпаған балапандары анасы азық әкелуге кеткенде шыдамсыздана күтумен болады екен.

Бір күні балапандарды жемекке қарлығаштың ұясына жылан өрмелеп шығып бара жатады. Мұны көрген қарлығаш аспан мен жерді шарлап, шыр-шыр етіп, балапандарына арашашы іздейді. Көкектен көмек сұрай барса:

— Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ, — дейді көкек.

Одан шығып, қарғаға барса:

— Үйленгелі жатқанымда мазамды алма, — дейді.

Қарлығаштың амалы таусылып, шырылдап ұшып келе жатады. Бір кезде дәуітті көреді. Дәуіт қарлығаштың шыр-шыр еткен дауысын естіп:

— Достым, неге зарлайсың? — деп сұрайды.

Қарлығаш сонда:

— Жауыз жылан балапандарымды жұтпақшы болып, ұяма өрмелеп жетіп қалды. Соған не істерімді білмеймін, — деп, қарлығаш көзінің жасын төгіп-төгіп жібереді.

— Олай болса, мені жеткіз тезірек, — дейді дәуіт.

Қарлығаш қанатын тосады. Дәуіт жотасына шығып алады. Көзді ашып-жұмғанша ұясына жетеді. Жылан ұяға тақап қалған екен. Дәуіт пен қарлығаш енді бір сәт кешіксе, балапандарды қылғып сап, жұмсақ ұяда масайрап ұйықтамақшы екен.

Дәуіт аяғымен шаба тырнап, жыланның екі көзін ағызып жібереді. Жауыз жылан сылқ етіп жерге құлап түседі де, мерт болады.



Дәуіттің ерлігіне сүйсінген қарлығаш онымен айнымас дос болыпты. Содан бері талай заман өтсе де, екеуі бір ұяда тұрып, бірге өмір сүреді екен.

### Айдаһар

Бір жігіт айдалада келе жатып, сұлу қызға жолығады.

— Көштен қалып қойдым, — дейді қыз.

Жігіт қызды ауылына әкеліп, біраз күннен соң сол қызға үйленеді. Жігіттің шешесі бар екен. Үшеуі тату-тәтті тұрып жатады. Тек жігіт қатты жүдеп кетеді.

Сол ауылда бір оқымысты, кітап ашатын адам бар екен. Жігіт соған келіп, кітап аштырады. Ол жігітке қарап тұрып:

— Сенің үйіңде екі адамзат, бір хайуанат тұрады екенсіңдер. Сенің жүдегенің содан, — дейді.

Жігіт таңданып, үйіне қайтады. Түнде ұйықтамай жатса, қасындағы әйел түн ортасында оянып, өзгере бастайды. Ол үлкен айдаһарға айналады. Басын шаңырақтан шығарып, ауыл шетіндегі өзеннен су ішеді. Құйрығы төсекте жатады. Жігіт өтірік білмегенсіп жатады.

Таңертең кітап ашқан кісіге келіп ақылдасады. Ол:

— Жеті қабат темір үй салып, соған көш. Сонан соң тұзы ащы қуырдақ жасатып жегіз де, үйге су қоймай, өзің есіктерді сыртынан бекітіп, өртеп жібер, — дейді.

Жігіт солай жасайды. Жеті қабат темір үйдің алтауын айдаһар бытшытын шығарып, жетіншісіне келгенде өзі өлген екен дейді.

Сөйтсе, ол екі жүз жыл жасаған айдаһар екен. Егер жыланға жүз жыл адамның көзі түспесе, ол айдаһарға айналады. Егер адамның көзі екі жүз жыл түспесе, жыланның маңдайы екі елі болады, сонда ол түрлі түске кіре алатын болады (қыз, келіншек, басқа хайуанаттар). Сөйтіп адамды алдап, ауылға келіп, ешкім сезбесе, кешікпей бір тайпа елді жұтып қояды екен.

«Адамның көзі — аса асыл нәрсе».

### Қызжыланның үңгірі

Ертеде бір аңшы тау арасымен келе жатып бір үңгірді көреді. Аңшының аты аңшы, үңгірге үңіліп қараса, сұлулығын сипаттауға тіл жетпейтін бір қыз үңгір ішінде тырдай жалаңаш боп отыр екен. Таңғалған аңшы қызға сырт киімін шешіп беріп, киіндіріп, атының артына салып, ауылына алып келеді. Қызбен көңіл қоспақ боп ниетін білдіреді, қыз келісімін беріп, көне кетеді.

— Бірақ, — дейді қыз, — менің бір ғана шартым бар. Көнсең, сендікпін, көнбесең, мені қоя бер!

— Шартың не? — дейді аңшы. Сонда қыз: «Мен барлық жұмысты жасаймын, бірақ тандырға нан жаппаймын», — дейді. Аңшы бұл шартына көніп, қыз екеуі үйленеді. Бір күні аңшы түн ортасында оянып кетсе, қасындағы әйелі жоқ, азанда тұрып қараса, шелектердегі судан түк қалмаған. Келесі түні бұл оқиға қайтадан қайталаанады. Дәті таусылған аңшы үшінші түні қызды аңдымақ болып, көз ілмейді. Түн ортасы болды-ау дегенде қыз жыланға айналып барып, судың барлығын ішіп қояды. Ертеңінде аңшы не істерін білмей, бір балшыға барыпты. Балшы қыздың жылан екенін, сиқырмен қызға айналғанын айтады.

Сөйтіп, аңшы бұл пәледен қалай құтылатынын білмей, басы әбден қатады. Бір күні әйеліне:

— Маған нан жауып берші, әлі сенің қолыңнан нан жемедім! — дейді аңшы. Қыз:

— Келіспеп пе едік, мен нан жаппаймын, — деп қарсылық білдіреді. Аңшы қояр да қоймай қызға нан жаптырады. Нанды тандырға қоя алмай қиналған қызды аңшы итеріп, тандырға салып, бетін қатты етіп жауып тастайды. Сөйтіп қызжылан тандырға жанып өледі. Аңшы қызжыланнан осылайша құтылған екен. Ал қызды тауып алған үңгірді ел «Қызжыланның үңгірі» деп атап кетеді.

### Кетпеннің ортасы қалай тесілді?

Ертеректе бір шал мен кемпір өмір сүріпті. Олар кедей болыпты. Шал ешкісін бағып кетсе, кемпірі тегештегі сүттің азайып қалатынын байқайды. Бір күні тегешке үңілсе, ішінде дөңгелек бір алтын жатыр. Не жыларын, не күлерін білмеген кемпір шалын шақырады. Екеуі мәзмейрам болып қала береді. Бір күні кемпір тағы да сүт құймақ болғанда, тегештің ішінде бір қара жылан сүтті ішіп жатыр екен. Жылан кемпірді көріп сескенді ме, әйтеуір дөңгелек алтынды тастап, жоқ болады. Кемпір аң-таң болады. Бұл оқиғаны келіп шалына айтады. Бұлар осы әдісті әдетке айналдырады. Сөйте келе бұлар демнің арасында байып шыға келеді. Көршілері көре алмай, бұларды қыспаққа алады. «Алтынды қайдан алдыңдар, қайтіп байыдыңдар?» — деп қоймайды. Ақыры бұлар бар сырды ақтарып салады. Көршілері енді «жыланның інін көрсет» деп қорқытады. Шал шыдамай, жол көрсетпек болады. Жігіттер құралсаймандарын алып дайын тұр екен. Шал шыққасын, жарыса шауып ала жөнеледі. Бір кезде шал «келдік» деп белгі береді. Қолдары қышыған жігіттер жылан ордасын қопарып, тас-талқанын шығарып, оған қоса жыландарды қыра бастайды. Содан баяғы қара жылан қашып құтылады. Әлгілер ауылға кәдімгі бір жауды жайратқандай боп келеді де жығылады. Кеш бата бере ұйқыға кетеді. Түн қараңғысын жамылыпәлгі жылан келеді де, біртіндеп ауылдың адамдарын түгел қырып шығады, бірақ шал мен кемпірге тиіспейді. Сол кезде ауылдың бір адамы



ажалдан құтылып кетеді. Жылан соңына түсіп қуады. Әлгі жылан жолда бір керуенге кездеседі, сосын бір серкенің мүйізіне оратылып алады. Керуен бір жерге келіп тоқтайды. Отағасы шай жөндетіп, тамақтанып алмақ болады. Олар шай ішіп отырғанда, әлгі жылан босағада жатады. Отағасы көпті көрген кісі екен, қасындағыларға: «Тимендер, бұл жоқ іздеген жылан екен, жүре берсін», — дейді. Керуен қайта жолға жиналады. Сол кезде жылан әлгі серкенің мүйізіне қайта оралады. Жол екіге айырылады. Жылан жерге түсіп, көлденең жолға қарай ирелендейді. Отағасы керуеншілерге: «Сендер жүре беріңдер», — деп, өзі көлденең жолға бұрылады. Қараса, айдалада бір адам жүреді. Жылан анандайда жатқан етіктің ішіне кіріп кетеді. Шал адамды шақырып сөйлеседі. Ол ін бұзушы екенін айтады. «Мені бір жылан қуып келеді», — дейді. «Ендеше іздегенің келді», — дейді керуенші. «Енді не істеймін?», — дейді әлгі бейбақ. «Кетпеніңмен етікті шап», — дейді. Ол шауып кеп жібергенде, жыланның басы аспанға көтеріледі. Сол кезде әлгі адам: «Енді не істесем?» — деп жыларман болады. Керуенші: «Кетпеніңді басыңа қой», — дейді. Әлгі адам кетпенін басына қояды. Сол уақытта жыланның басы шыңғырып кеп кетпенді тесіп өтеді де, әлгі адамды өлтіреді. Міне, содан бері кетпеннің ортасы тесік екен.

### Кісі һәм ит

Құдай Тағала әуелі адамның тәнін топырақтан жаратып болып, жерге қойып, итке күзеттіріп, өзі тәнге жан алып келмекші болып кетіпті. Сол мезгілде тәннің жанына шайтан келіп, тәнді жоғалтпақшы болыпты. Көзіне жақсы көрінген соң ит тәнді шайтанға бұзуға бермей, үріп, қарсы шауып тұрыпты. Сонда шайтан итке суық жіберіпті. Ит жүнсіз тақыр болған соң суыққа ұшып өліп қалған мезгілінде, шайтан адамның тәніне жақын келіп, неше мәрте түкіріп жіберген. Соның үшін күнәнің басы осыдан болып, азап көрмек, ауырмақтық бұдан қалған. Сол мезгілде Құдай Тағала қайтып келіп, жанды тәнге салып, шайтанға қаһар қылыпты. Алайда ауру мен күнәні адамда қалдырған. Дүниеде тұрған уақытта қажеті бар екен деп, адал қызмет қылғаны үшін итке жылы тон берген.

### Ит пен мысық неге араз?

Ертеде ит пен мысық өте тату болған екен. Екеуін де адам асырап, үйінде ұстапты.

Күндердің бір күнінде бір адамның май сіңген тері дорбаға салып сақтап жүрген алтыны жоғалады. Қанша іздесе де табылмайды. Алтыннан айырылған адамның күйі тайып, жүдеулене бастайды. Тапқан-таянғаны

ішіп-жеуге жетпеуге айналады. Мұны көрген ит пен мысық қатты қынжылып, қожасының жоғалған алтынын іздеуге кіріседі. Екеуі ой-қырды аралап, бармаған жері, баспаған тауы қалмайды. Ақыры титықтап, үйлеріне қайтады.

Ит пен мысық ұнжырғасы түсіп, үнсіз келе жатқанда, кенет қожасының май сіңген дорбасының иісі мұрындарын жарып жібере жаздайды. Қуанғаннан ит қыңсылап, мысық мияулап жібереді.

Ит айнала жүгіріп, тіміскілеп, ақыры бір тышқанның інін тырналап қаза бастайды. Мысықтың қуанышы қойнына сыймай, аңдып, қарап отыра береді. Ит көп азаптанып, тышқан інінің түбіне жетсе, алтын салынған майлы дорбаны тышқан тығып қойған екен. Ит:

— Мынаны көрдің бе? — деп, алтынды мысықтың алдына лақтырып тастайды. Мысық сол кезде иесіне жақсы атанбақ болып, иттен бұрын алтынды ала қашады. Мысық үй-үйдің төбесімен қарғи жүгіріп, иесіне жетеді де, алтынды тастай салады. Мұны көріп, қожасы қуанып кетеді. Мысықты бауырына басып, аймалай береді. Сөйтіп тұрғанда қара терге түсіп, сабалақ-сабалақ болып, арсалаңдап ит те жетеді. Келген бойда қожасының аяғына оралып, қыңсылай еркелейді. Ештеңені түсінбеген ол итін теуіп, жекіріп қуып тастайды. Жәбір көрген ит ызаланып, мысыққа тап береді. Қожасы арашалап, екеуін зорға айырып алады да, мысықты үйіне алып кетеді. Сол күннен бастап итті үйіне жолатпайды.

Мінеки, содан бері ит пен мысық бірімен-бірі араз болып қалыпты.

### Жеті қазынаньң бірі

Баяғыда аң патшасы арыстан қызметшісі жолбарысты шақырып: «Ормандағы барлық аңдарды жина!» — деп бұйырыпты. Арыстан патша әлемде ең қайратты, ең ақылды әрі епті кім екенін білгісі келіпті. Лезде арыстанның апанының алдына аңдар жинала қалады. Арыстанның сөзін естіп болған соң түлкі алға шығып:

— О, әлемде теңдесі жоқ патшам! Бұл өмірде сізден қайратты, ақылды, епті жан жоқ. Сондықтан да біз сізді патша етіп сайлағанбыз! Сіздің қайырымыңыз шексіз, — депті. Барлық аң өз пікірлерін айтып, арыстанға жағымпаздана, оны дүниедегі ең күшті, ақылды деп лепіртеді. Мақтау сөздерге мәз болған ақымақ арыстан бір бұрышта құлағы салбырап, өзі маужырап жатқан итті байқайды. Дереву гүрілдеп итке төне түседі:

— Әй, сен оңбаған, мыналардың не айтып жатқанын естіп отырсың ба өзі? Неге сен үн қатпайсың? — дейді.

Ит салмақты қалпын бұзбастан:

— Ә, сен бе едің... Сонша неге орманды басыңа көтересің? Менің де сені мақтап, бас ұруым керек пе?! — деп, басын көтерместен тәкаппарлана қарсы сөйлейді.

— Ал, сонда, — дейді арыстан, — дүниеде ең қайратты, ең ақылды, әділ әрі епті кім?

— Мен үшін дүниеде қайратты әрі ақылды, ол — тек адамзат!

Арыстан одан бетер ысқырып, дереу жолбарысқа:

— Ит иттігін жасап, адамды мадақтады. Біздің арамызда оған бұдан былай орын болмауға тиіс. Дереу арамыздан аластатындар! — депті күндей күркіреп...

Бұл сөзден соң ит мүлде көңілі қалып, олардың арасынан біржолата құйрық үзіп кете барған екен.

Содан бері ит адамның досы, көмекшісі болыпты. Бертін келе «Ит — жеті қазынаның бірі» деген қанатты сөз қалыптасыпты.

### Қарынбайдың суырға айналуы

Сонау-сонау соны заманда, төрт төңірек аманда Қарынбай дейтін бай болыпты. Оның төрт түлігі мыңғырып, қойы қонысқа, жылқысы өріске сыймапты. Ол — кесіп алса қан шықпайтын қарау, терісін сойса сөл тамбайтын сараң екен. Оның үстіне көзі — топырақтан өзгеге тоймайтын көз, қорқау құлқын, қанағатты білмейтін дүниеқоңыз екен. Ол мол дәулетін місе тұтпай, байыған сайын байи түссем, тапқан сайын таба берсем, қолға ілінерді қидай сыпырып ала берсем деп, айналасын қан қақсатыпты. Ең соңында әбден астамсып: «Жер тәңірдің байлығының бәрі менікі, бұған ешкімнің таласы жоқ», — депті. Қарынбай осы қанағатсыз, жауыз ниетінен Жасаған Тәңірдің кәріне жолығып, адамдықтан азып, сасық суыр болып жерге еніпті. Оның өріс-қонысқа сыймаған малы өзіне бұйырмай, жапан түздің жабайы аңдарына айналыпты. Қарақұйрық, тауешкі, арқар-құлжа, бұғы, бөкен, түйе, киік, құлан т.б. қоңыр аңдардың бәрі қарғыс атқан Қарынбайдың малы екен.

### Көртышқан мен мәлін

Бір байдың екі қызы, екі ұлы болыпты. Ол заманда жер бетінде басқа адамдар болмапты. Әкесі бір жаққа кеткенде үлкен қызы сіңдісіне: «Бауырларымыздан басқа еркек кіндік жоқ, солармен көңіл қосайық!» — депті. «Қой, Құдай естіп қояды. Күнә болады», — деп жауап беріпті сіңдісі. «Құдайдың құлағы жоқ!» — депті үлкені. Содан соң үлкені бауырын өзіне шақырады. Ал анау бармайды. Ашуланған қыз бауырының екі көзін ойып алып, өзін жерге көміп тастайды. Содан бері көртышқан соқыр, жердің астында тұрады. Әкесі үйге келіп, болған жайды білген соң, қызын қарғап, теріс батасын береді. Құдай ол қызды мәлінге айналдырып жіберіпті. Екі аң да адамға ұқсайды. Әсіресе көртышқанның алдыңғы екі аяғы адамның қолдары сияқты.

## Бөрі бике

Тау аралап, тас кезген аңшы жігіт тастың үңгірінде ойда жоқта бір бөріге кезігеді. Ол бөрі бейне адамша тіл қатып: «Екеуміз қосылып, ерлі-зайыпты болып өмір өткізейік», — деген тілек білдіреді. Жас жігіт оған мақұл болады. Бөрі әлгі жігітке: «Менің саған қоятын шартым бар. Сен қырық күнге дейін не көрсең де сабыр етіп шыда», — дейді. Жігіт бұл шартты орындайды, бөрі бике қырық күнге дейін бөрі кейпінде жүреді де, қырық күн толған соң адам кейпіне келіп, асқан сұлу әрі ақылды қызға айналып, асыл жар болып қосылады. Шартына шыдаған күйеуін бақ-дәулетке бөлеп, мақсат-мұратына жеткізеді.

## Айдаһар қатын

Бұрынғы заманда араб жұртында керуенбасы Байбатыр деген жаһан кезуші бір адам бар еді. Оның пайда үшін дүниеде бармаған жері жоқ. Бір күндері Байбатыр тағы керуенбасы болып, өз шаһарынан бөтен шаһарға бару үшін мың түйе, жүз жолдасымен аттанып кетеді. Неше күндер бойы жол жүріп, бұлар бір шаһардың үстінен шығады. Бұлар жанына қонып, шаһардың ішін қараса, шаһардан бір адам табылмайды. Біраздан соң бұлардың алдынан бір сұлу қыз шығып, жылап, сырын баян етіп, бастан кешкенін айтады. «Бұл шаһардың патшасының қызы едім. Бұл қаладағы адамымыз бен малымызды бір айдаһар жұтып қойды. Бір жаман үйге жасырынып, жалғыз өзім қалдым. Мен сізге тиемін, осы шаһардағы алтын-күмісті сіз қажетіңізге жаратыңыз, сөйтіп, сіз осында патша болып тұрыңыз», — дейді. Керуенбасы қызды көріп қызығып: «Бұл шаһарға патша болып тұрайын. Мен тұрсам, көп халықты жинап аламын», — дейді. Қыздың айтуы бойынша неке қиып, осы шаһарда тұрақталады. Бұл тұрған соң шаһарға адам жиыла бастайды, тек молда көбейіп кетеді.

Арада бір жыл өткен соң керуенбасының жолдастары: «Сізге не болды, қатты жүдеп кеттіңіз?» — дейді. Керуенбасы: «Өзім де жүдегенімді білемін, бірақ не қыларымды білмеймін», — деп жауап береді. Патшаға жолдастары: «Осы қатыныңызды сіз түнде аңдып жатыңыз. Қайда кетер екен?» — дейді.

Патша жолдастарының айтуы бойынша түнде өтірік ұйықтаған болып жатады. Қатын хан ұйықтады деп, ақырын сыпырылып далаға шығып, жаныңдағы бір ну қара ағашқа барып кіреді. Ол ағаштың әрбіреуінің биіктігі қырық құлаш екен. Қатын басына шығып айдаһар болып ысқырады, көктен жаңбыр жаудырып, тілін жерге салып жібергенде қырық құлаш мұнарадан тілі жарты құлаштай жерге тимей тұрады. Мұны көріп, ханның жаны қорқып кетеді де, үйіндегі төсегіне кеп жатады. Бір уақытта қатыны келеді, бұл да келіп төсекке жатады. Хан

қатынының айдаһар екенін біліп, қорқып жатады. Сонда қатыны сұрайды: «Сен неғып жатырсың?» Патша айтады: «Өз-өзімнен тоңып жатырмын». Сөйтіп жатып таң атады. Патша тұрып жолдастарына айтады: «Енді бұдан қалай құтыламыз?» — дейді. Жолдастары: «Бұған бір темір үй жасатыңыз, есігі жабылса, ашылмайтын болсын. Сіз қатынды алдап соған кіргізіңіз де, есікті жауып жіберіңіз. Қатын темір үйдің ішінде қалады, сонда құтыларсыз. Ондай қылып құтылмасаңыз, тез арада бізді жұтар, бізден басқа да екі жұртты жұтқан екен», — дейді.

Хан уәзірінің айтуы бойынша, есігі жабылса, ашылмайтұғын етіп бір темір үй жасатады. Үйді салып болған соң қатынына айтады: «Жүр, менің жаңа салдырған үйімді көр, жау келіп, басыма қиын-қыстау іс түскенде жататын үйім», — дейді. Қатын үйге алдымен кіріп кетеді. Хан артында қалып есікті жауып жібереді. Жабылған есік ашылмайды. Сыртынан от жағып темір үйді қыздырады. Қатын сол үйдің ішінде отқа жанып өледі.

Керуенбасы шаһардағы алтын-күміс қазынаны, мал-мүлікті алып, өз шаһарына елімен көшіп келеді. Аман-есен әйелімен қосылады, ақырында мұратына жетеді.

### Адам мінезі неге әртүрлі?

Баяғыда бір ақылды да парасатты патша өмір сүрген екен. Оның ғажап сұлу әрі ақылды жалғыз қызы болыпты. Күндердің күнінде жер бетіндегі ханзадалар мен мырзалар ағылып келіп құда түсе бастайды. Әкесі ерікті қызының өзіне береді. Сонда қызы Айна: «Маған хан болсын, қара болсын, мейлі, тек өнері асқан жігітке тұрмысқа шығамын», — деп жар салады. Сол заманда тылсым дүние сиқырын меңгерген бір дию өмір сүріпті. Қыз жарлығын естіген дию: «Менен асқан күшті, айлалы кім бар?» — деп, қызды зорлықпен алып қашпақшы болады. Дәл сол заманда сол патшалықта өнері елден асқан үш кедей жігіт болған екен. Біреуі — күншілік жерден естіп білетін саққұлақ, екіншісі — көз ұшындағыны көздемей атып тигізетін мерген, үшіншісі — құстың қауырсынын білдірмей алып қоятын епті екен. Ақыры дию сиқырдың күшімен ұйықтап жатқан қызды алып қашады. Соңынан білген патша еліне: «Кімде-кім диюдан құтқарса, соған қызымды беремін, — деп жар салады. Мұны естіген үш жігіт те: «Бағымызды сынап көрейік», — деп, ұзақ жолға аттанады. Көп жүрді ме, аз жүрді ме, әлден уақытта саққұлақ жігіт тың тыңдап: «Бір күншілік жерде ұшып барады екен», — дейді. Содан үшеуі жеделдете жүріп, диюға жақындайды. Оның қарасы көрінген кезде-ақ мерген жігіт садағын шірене тартып, атып қалады. Жебе тура жүрегін қақ жара тиіп, дию қызды жібере салғанда, епті жігіт қағып алады. Сонымен үш жігіт патша қызын әкесіне аман-есен алып келеді. Патша жарлығы екі болған ба?! Қызын үш

жігіттің біріне беруі керек. Енді жігіттердің әрқайсысы қызды құтқарғандағы өздерінің еңбектерін айтып таласа бастайды. Патша бұл дауды естіген соң, қатты ойланып, қиналады. Қызын қайсысына берерін білмей дал болады. Құдайға құлшылық етіп, мың сан жалбарынып, ұйықтап кеткен екен, түс көреді. Түсінде бір қария: «Ей, патшам, қызыңның бөлмесіне бір иттің күшігін және шошқаның торайын апарып қой», — дейді. Патша ояна келсе, түсі екен. Дереве қызметшілерін шақырып: «Қызымның бөлмесіне күшік пен торай апарыңдар», — деп әмір айтады. Таң атқан соң патша тағаты таусылып, қызының бөлмесіне келсе, өз қызынан айнымайтын үш сұлу шаштарын тарап отыр екен. Ұқсастығы сондай, патша өз қызының қайсысы екенін айыра алмай қалады. Патша қуанып, үш қызын үш жігітке көп жасау-жабдығымен ұзатып салады.

Жылдар өтіп, патша қызын сағынып, күйеу балаларының еліне жолға шығады. Күншілік жерден еститін күйеу баласы атасының келе жатқанын біліп, алдынан шығады. Патша қайтарында: «Қызым көңіліңе ұнай ма?» — деп сұрайды. Сонда күйеу баласы: «Әрине, қызыңыз неге жаман болсын, бірақ ашуы тез, бір нәрсе жақпай қалса, арс ете қалатыны бар», — дейді. «Е, күшіктен болған қызым осы екен ғой», — деп, қария келесі күйеу баласына аттанады. Қайтарында баяғы сауалын бұған да қояды. Сонда күйеу баласы: «Сіздей адамның қызы неге жаман болсын, бірақ ашуланғанда қорс ете қалатын жаман мінезі бар», — дейді. «Е, торай қызым осы екен ғой», — деп, үшінші күйеу баласына келеді. Ол «менің жарым өте ақылды» дегеннен басқа ешбір кемшілік айтпапты. Бұл патшаның өз қызы екенін таниды.

Содан бері неше ғасыр өтсе де, адамдардың мінез-құлықтарының әртүрлі болуы осыдан қалған екен деседі.

### Аңшы мен сиқыршы әйел

Баяғыда аңшылықпен күн көрген бір адам болған екен. Бір күні аңға шықса, алдынан бір буаз киік ұшырайды. Оны атып алып, төс етін кесіп, отқа қақтап, бір кесіп, аузына апара бергенде: «Әйт!» — дейді ар жағынан біреу. Жалт қараса, манағы киік. «Менің жайымды Орманбет биден сұра!» — деп, секіріп-секіріп жоқ болады.

Аңшы енді сол Орманбет биді іздеп табуға бел байлайды. Ол ұзақ жүріп, Орманбет бидің ауылын табады, бірақ Орманбет би үйінде болмайды, қаңыраған үйі тұрады. Аңшы сұрастырып білсе, Орманбет бидің басқа бір жерде әйелі болады екен. Ол соған кетеді де, өз әйелі оны қуып кетеді.

Аңшы жігіт те Орманбет бидің соңынан іздеп бармақшы болады. Ақыры Орманбет бидің жаңа отауын табады. Отауға кіріп барса, бір әйел тұрыпты да: «Сен Орманбет биді іздейсің ғой?» — деп, бір жүгенді қағып қалып: «Қара төбет бол!» — деген екен, әлгі аңшы ит болып



жүгіре жөнеліпті. Бірақ санасы өзгермепті. Содан қаңғырып жүріп бай ауылға ұшырайды. Мал сойылып, қан-жын болған жерде ол ауыл иттерінің бәрін жеңіп, маңнан қуатын болыпты. Ол үйдің әйелі жыл сайын бала тапса да, үш күн жүрген соң өле береді екен. Итті үйіне әкелген күні де ұл бала табады.

Ел жатып, ұйқыға енген уақытта ит тұрған үйдің шаңырағына бір құс келіп қонады да, одан жаңа туған сәбидің үстіне төне бергенде, ит шап беріп ұстап алады. Әлгі құс: «Өлтірме!» — деп жалына бастайды. «Мен екінші қайтып осы үйдің баласына залал жасамаймын, әрі өзің үшін бір жақсылық істермін!», — деп ант ішеді құс. Ит оны жібереді.

Сонымен ит тұрған үйдің жас баласы ауырмай-сырқамай өсе түседі.

«Бұл иттің зор қасиеті болды», — деп ойлайды үй иесі. Иттің мойнын жібекпен қарғылап шолпы тағады. Сондай жақсы тәрбиелейді.

Бір күндері әлгі ит: «Орманбет бидің жаңа отауына барып қайтайын», — деген оймен жүгіріп отырып отауға кірсе, манағы әйел: «Әй, мынау әлі жүр екен ғой, сен бозторғай бол», — деп жүгенді қағып қалса, торғай болып ұшады да кетеді. Ол ыстық күндері ұзақ ұшып жүрумен әбден шөлге ұрынып шаршайды. Содан ол бір түп шіліктің түбіне қонып, енді ұшуға да шамасы болмай жатқанда, ойнап жүрген бір топ бала көріп ұстап алып, қуанғаннан үйлеріне ала жүгіреді. Торғайды ұстаған бала шешесіне келіп:

— Апа, біз торғай ұстадық, — деп мақтанады. Шешесі:

— Қане торғайың? — деп қолына алады да:

— Ой... ұшырып алдым! — деп, қойнына сала қояды. Балалар жыласа да бермейді. Ақыры әлгі әйел балалары кеткесін бір жүгенді қағып жіберіп, торғайды бұрынғы адам түріне енгізеді. Сосын:

— Мен әнеукүні алдыңнан киік болып көрініп, сен атып алған едің. Мен Орманбет бидің бәйбішесі боламын. Оның ашына<sup>1</sup> әйелі мені киік етіп жіберді. Содан қарақұс та етіп жіберді. Ол сиқыршы болатын, — дейді әйел. — Сен ит болып жүргенде, ана бай ауылға құс болып барып, сені ұстап алған да мен едім. Сонда саған жақсылық етермін деп едім. Міне, соның есесі. Енді анау Орманбет би мен оның сиқыршы әйеліне не істе десең де қолымнан келеді. Мен қазір одан да күшті сиқыршылық өнер таптым, — дейді. «Ол екеуін есекке айналадырып, артына мың пұттан құм сүйретіп қой», — деп тілек етіпті аңшы. Содан Орманбет би мен оның ашына әйелі есек болып, осы кезге дейін жүгін тарта алмай, бір жерде жүр-міс дегенді ел аңыз етеді.

## Шілтер әулие

Баяғы өткен заманда Шілтер деген бір әулие кісі болыпты. Құдайға құлшылықтан жазбаған, істеген ісі ақ, көңілі сүттей пәк, ниеті адал, сөзі

<sup>1</sup> Ашына — тамыр-таныс, сырлас; ғашықтық; құмарлық.

түзу адам екен. Бір күні жолаушылап келе жатып, қасындағы қырық кісісімен бірге Қазығұрт тауының етегіне келіп түседі. Дәм ішіп дамылданғаннан кейін бесін намазын оқуға кіріседі. Намаз оқылып жатқан кезде таудан түскен қарақшылар әулиені серіктерімен қоса өлтірмекке бекініп, тап береді. Шілтер мен қасындағы қырық жолдасы намаздарын бұзбай, оқи береді. Намаз үстінде әулие Аллаға жалбарынып:

— Иә, Құдайым, бізді жау қолына түсіре көрме, жау қолына түскенше, тас мүсінге айналадырып, қатыра көр, — деп тілейді.

Жарықтық қасиетті Шілтердің тілегі қабыл болып, серіктерімен бірге тасқа айналып қатып қалады.

Сонан көпшілік бұл жерді «Қырық Шілтер әулиенің жері» деп атап кетеді. Осы жерде біріне-бірі қарама-қарсы үш бұлақ ағып жатыр. Үшеуінің дәмі де үш түрлі, емі де үш түрлі. Біреуі іш ауруларына, екіншісі көз ауруларына, үшіншісі құлақ ауруларына ем екен.

### Еділ мен Жайықтың құдалығы

Қазақтың Алау батырының заманында болса керек, аттары Еділ, Жайық деген екі адам болыпты. Еділ Еділдің арғы бетін, Жайық Жайықтың шығыс бетін қоныстаныпты деседі. Еділдің ұлы бар екен, Жайықтың қызына құда түседі. Еділ келінін алмақ болып, баласын бір жыл бұрын жіберіпті. Қайнына келіп, бала еліне қарай аттанарда қалыңдығы күйеуінен: «Енді қашан келесің?» — деп сұрайды. Күйеуі: «Алдағы жылдың көктемінде қазбен бірге келемін», — депті. Көктем шыға Жайық келіндеріне ақ отаудың киізін тіктіреді, жеңгелері киіз тігіп жатқанда қастарында ұзататын бикеші отыр екен, мырс етіп күліп жіберіпті. Өмірінде бір күлмеген қыз екен. Жеңгелері: «Айналайын, бикешжан! Күлгеніңді көрмеген едік, не нәрсеге күлдің, айт?» — деп сұрайды. Қыз айтпайды. Ақыры кіші жеңгесіне айтады: «Былтыр күйеу шіркініңізден аттанарда енді қашан келесіз деп сұрағанымда: «Алдағы жыл көктем қазбен бірге келемін», — деген еді. Қаз — қанатты құс, жердегі адам ұшқан құсқа ілесе ала ма екен? Ал келсең көрейін, қазір бір топ қаз өтті. Соған күлдім», — депті қыз.

Сол мезетте біреу: «Анау төбе басындағы атын ұстап отырған адам манадан бері отыр, не қылған адам?» — депті. Білуге барса, күйеу екен. Ауылдағы қыз-қатын алдынан шығыпты. Күйеу: «Мен әзір отырамын, менің өзіме бір отау, атыма бір отау тіктіріңіз, сол біткен соң барамын, — дейді. — Аттың отауының ішіне сирақтан екі астау жасатындар, біріне сүт, біріне су толтырыңыздар», — депті. Бәрі де бітіпті, күйеуді апарыпты, аттың бір жағына бір астау сүтті, екінші жағына бір астау суды қойып суытады. Күн тумай, ойын-тойдан үйіне қайтып бара жатқан бір сусылдаған қатын: «Арнайы отау тіктірген не қылған ат, көрейінші», — деп, сабау мен туырлық етегін көтеріп қалғанда,



суып тұрған ат шошып кетіп ышқынғанда, кеңірдегі үзіліп кетіп өліпті. Аттың сүбелігінде артқа қарай біткен қысқа екі қанаты бар екен, суығанда бірін сүтке малып, бірін суға малып суып тұр екен.

Атты тау басына апарып, адамша жерлеп, басына нарөркеш топырағын орнатады. Мұнан кейін күйеу қайғыланып, отауда теріс қарап жатып қалады. Атасы Жайық күйеуіне: «Тұрсын, бар болғаны сырты түк, іші боқ бір айуан ғой, мен оның орнына бір ат беремін, сол атпен ертең шығып, бір күнде ауылына жетсін, бір қонып қайтып, бір күнде мұнда жетсін. Бару-келу жолында не көрсе де маған баян етсін», — депті. Күйеуі орындапты. Ат та жүйрік, жақсы ат екен. Атасы амандасып болған соң, күйеуінен жолда көргенін сұрапты. Күйеуі: «Баруда ештеңе көрмедім, қайтуда, жапан түзде, адамсыз қосақта тұрған көп қойды бір жетімек қозы емеді, бірақ тоймайды, мұны көрдім. Онан кейін ми далада тұрған аппақ отауға келіп, айғайлап едім, дыбыс бермеді. Атымнан түсіп есігін ашсам, адам жоқ, іші тола сасыған өлімтік. Онан өткенде жөніне қарай кетіп бара жатқан бір топ қыз-келіншек көрдім, жетейін деп қаттырақ жүрсем де жете алмадым, ақыры ұзай-ұзай ғайып болды», — депті. Атасы Жайық: «Жапан түздегі қосақта тұрған көп саулық — халық, еміп жатқан жетімек қозы — әкімдерге мысал, халықты қанша жесе де тоймайды. Ми даладағы ақ отау — осы күндегі адам, біз, сыртымыз сондай әдемі, ішіміз өліктей, арам ой. Алдыңда жөніне қарай жүріп бара жатқан бір топ қыз-келіншек осы келудегі мақсатың еді, бұл мақсатың саған жеткізбей кетсе, мақсатыңа жете алмай бос қайтады екенсің, шырағым», — депті.

Күйеу кейін ауылына қайтқан күні қалыңдығы «ауырдым» деп жатып қалған екен, ауруы жанына қатты батып, бір-екі күннен кейін дүниеден қайтыпты. Күйеу қалыңдығын өлген торы атының қасына қойып, жылап-жылап еліне қайтыпты.

### Кейден батыр

Кейден батыр — Қарашаның бел баласы. Сол заманда бір айдаһар елге тыныштық бермепті. Елдің билеушілері айдаһардың амалын таппай, оған жылына жүз қой, бір қыз беретін болып пәтуға келеді. Құбыжық айдаһар сонда ғана тынышталады екен. Оған қарсы баруға ешкімнің жүрегі дауаламайды. Хан: «Елде қандай батыр бар?» — деп сұрау салады. Оған: «Айдаһарды өлтіру бір келсе Қарашаның баласы Кейденнің қолынан ғана келеді», — деген хабар тиеді. Хан жасауылын жұмсап, Кейденді шақыртады. Ханның не оймен шақырғанын білмеген Кейден қаруын тағынып, бұзық ойы болса, қапы қалмайын деп, айбынын жасырмай барады. Ханның тілегін білген соң, Кейден келісім беріп, көптен бата-тілек етеді. Көпті көрген бір ақсақал Кейденге: «Балам, айдаһарға үңгірінде жатқанда тиіспе, қаһары қатты болар, жолын

өрістен, суаттан қайтқанда тос, сонда қимылы шабандау, уы зәрсіздеу болар», — деп кеңес береді. Бірақ өзіне сенген Кейден айдаһарға тура барады. «Көкелеп» соңынан ерген балалары Қожамберді мен Қожақты айдаһарды көріп, жүрегі қысылмасын деп қалдырып кетеді. Кейден айдаһардың басын шауып алады. Қатты соққыдан басы алысқа ұшып кетеді. Зәрлі уынан Кейден де қаза болады. Қазіргі Самарқанд облысының «Майлыбұлақ қорғаны» деген жерде Кейденнің зираты бар. Жергілікті халық оған әулие деп сиынады. Сол жерде тасқа айналған алып айдаһардың бейнесі де бар.

### Төбекөз дәу мен Бисат жыры

Бір күні оғыз еліне түнде жау тиіп, ел қашады. Аруздың бесіктегі баласы қоржын басынан түсіп қалып, оны арыстан асырайды. Өскен соң ол жылқыға тиіп, малды құрта бастайды. Ел арыстанды өлтіріп, баланы Арузға береді. Қорқыт оған Қиян-селжүк елінен шыққан Бисат (Басат) деп ат қояды.

Аруздың қырда Сары қойшы деген малшысы бар еді. Жайлауға елден бұрын көшкен ол «Ұзынбұлақ» деген бұлаққа барса, суда перілер бар екен, қойлар үркіп шығады. Қойшы перінің бірін ұстап алып, сонымен жақындасады. Пері ұшып бара жатып: «Сен бұл ісіңмен оғыз еліне бүлік салатын болдың, келер жылы балаңды (аманатыңды) осы жерге келіп алып қал», — дейді. Уәделескен мезгілде қойшы келсе, су түбінде бір алабажақ мес жатыр екен. Судан теңбіл жұлдыз болып көрінеді. Сары қойшы месті су жағасына шығарып тастап кетеді.

Аң аулап жүрген Баяндүр хан сол бұлаққа келіп, месті көреді. Қамшысымен ұрса, мес үлкейіп жарылады да, ішінен жалғыз көзді дәу шығады. Аруз баланы ауылына апарып асырайды. Емшегін емген әйел қансырап өлетін болған соң, Аруз баланы қазан-қазан сүтпен бағады. Оның жұдырығы тиген балалар өле берген соң, Аруз оны сабайды. Бір күні бала қашып кетіп, тау үңгіріне орналасады да, өткен-кеткеннің етін жейтін болады. Қазан өзінің батырларымен барып, жеңе алмайды. Соғысқанда ол үлкен теректі тамырымен жұлып алып ұрады екен. Қиян-Сейілханның қарыны жарылады, Қазанның аузынан қызыл қанын ағызады. Дондаз баласы Рүстем Әмен де түк қыла алмайды.

Дәудің төбесінде жалғыз көзі бар еді, пері оған сиқырлы жүзік кигізіп кеткендіктен оқ өтпейді. Оғыздар қонысынан жеті рет көшіп қашқанда, оларды Төбекөз жеті рет қонысына қайта айдап әкеледі. Қорқыт барып: «Сен бұл түріңмен адам тұқымын құртасың ғой», — деп, күніне 2 адам, 500 қой салық төлейтін болып қайтады. Кәуап пісіруге Жоқлиқожа, Жапағли-қожа дегендерді алады.

Қапықхан дегеннің үш баласы бар еді, екі ұлын дәуге беріп, кезек үшінші ұлына келеді. Бисат жаудан қайтқанда, алдынан соның кемпірі

шығып, елдің Төбекөзден көріп отырған қорлығын айтады. «Дәу сенің ағанды өлтірді, әйелі жесір қалды», — дейді. Бисат тауға кетіп, ұйықтап жатқан дәуге садақ атса, оған оқ батпайды екен. Қанжарын отқа қыздырып дәудің көзін шығарады. Дәудің сиқырлы қылышын тауып алып, Төбекөздің басын кеседі.

### Диқан баба

Сонау-сонау атам заманда, адам жаңа адам болып келе жатқанда, Аспан ата мен Жер ана «Жан бергенге дән беріп», жан біткенді жарылқап, Диқан баба жыл сайын жаңбыр орнына арпа-бидай, қар орнына аппақ ұн жаудырып отырған екен. Сонан соң егін бейне жердің шөбі сияқты жыл сайын өзі өніп-өсіп, мезгілімен пісіп тұратын болыпты. Ол замандағы ел-жұрт «сенікі-менікі» демей, дайын астықты жинап алып, шетінен жей береді екен. Ашаршылық дегенді білмейді екен. Бір жылы егін аққұла қалың шығыпты да, орасан аста-төк болып, ішуге ауыз, қоярға жер табылмапты. Мұндай молшылықты көтере алмай, мейманасы тасыған адамдар: «Диқан баба, биылдан көп беріп, қиқандама», — деп кепият<sup>1</sup> сөздерді айтыпты. Көл-көсір астықты аяқасты етіп қорлапты.

Бұл оспадарлыққа өкпелеп, шамданған Диқан баба үш жыл бойы теріс қарап: «Ас қадірін білмесең, ашаршылық берсін жазанды», — депті де, көктен жаудырғанды қойып, жер бетіне бір түйір дән өсірмей тастапты. Ашаршылыққа тап болып, тентіреген жұрт Диқан бабаға қайтадан жалынып-жалбарыныпты, шұбырып алдына барып, аяғына жығылып кешірім сұрапты. Алдына келіп, аяғына жығылған жұрттың білместігін кешірген Диқан баба оларды қайта есіркепті. Бірақ бұрынғыдай аспаннан арпа-бидай, ақ ұн жаудырмай, оның орнына жазда жаңбыр, қыста қар жаудырып: «Жауын-шашынның суына өздерің егін егіп, тер төгіп, керектеріңе қарай қоректеріңді алып отырыңдар», — депті.

Ашаршылыққа ұшырап, ас қадірін білген жұрт маңдай терін төгіп, өз қолымен егін еккен соң, егіннің қадіріне жетіп, бұрынғыдай ас-азықты төгіп-шашып «нан тептілік» істемейтін, кесірлі-кепият сөздерді айтпайтын болған екен.

### Су көтерген көк жайын жөнінде

Жер жүзіндегі телегей-теңіз суларды көк жайын көтеріп тұрады. Бұл жайын — көл-теңіздердегі барлық байлықтың қожасы. Ол қозғалса, телегей-теңіз астан-кестең болып, асты-үстіне шығады. Оның денесі өлшеусіз үлкен болғандықтан, құлқыны да адам айтқысыз зор.

<sup>1</sup> Кепият /араб/ — мысқал, мазақ, әжуа.

Сонау атам заманда су иесі Сүлеймен патша су көтерген көк жайынды қонаққа шақырмақ болып, қасындағы қарашы-кеңесшілерімен ақылдасыпты. Олар қатты түршігіп: «Тақсыр, көк жайынды қонаққа шақырғанды қойыңыз, оны тойғызу біздің қолымыздан келмейді. «Шақырған бұлт — басқа еңбек» деген сөз бар, оны әдейілеп шақырып алып, күтімін келістіре алмасақ, киесіне жолығамыз», — десіпті.

Алайда айтқанынан қайтуды ар көрген патша ойына келгенін орындамақ болып, көк жайынды қонаққа шақырып, разы-хош етіп қайтаруға бел байлапты. Патшаның ісі пәрменмен орындалады ғой, қолма-қол жер-жаһанға жарлық шашып, төңіректің төрт бұрышына жидашы<sup>1</sup> мен жасауылдарды аттандырып, аламан-салық салып, алуан түрлі ішіп-жем, тамақ-тағам, жеміс-жидек жинатыпты.

Хан жарлығын қапы етпейтін жидашылар мен жасауыл-бөкеуілдер қолға ілінердің бәрін қотарып әкеліп, таудай-таудай тағамдарды үйіп-төгіп, жалпақ жерді дарқан дастарқанға айналадырыпты. Мұны көріп көңілі көншіген патша: «Бір ғана көк жайын емес, балық біткен жабыла жесе де алты айлық азық болар», — деп ойлапты. Сонымен көк жайынды қонаққа шақырыпты. Телегейдей толқынып келген көк жайын дастарқан басына келісімен барлық тамақты бір-ақ асаған екен, қарны тоймақ түгіл тісіне сыздық та болмапты. Көк жайын «Бұдан басқа берерің бар ма?» дегендей Сүлейменге қарапты. Қатты қысылып, қара терге түскен Сүлеймен жерге қарапты.

— Мынауың жұмырыма жұқ та болған жоқ! Тойғыза алмасың бар, тойға неге шақырдың? — деп қынжылыпты жайын. Өзінен зор шығып, екі көзі тас төбесіне шыққан патша:

— Тойымдықты Тәңір берсін! — дегеннен басқа ештеңе айта алмапты.

## Су аяғы құрыдым

Бейне жер жүзіндегі сияқты көк аспанда да күміс өзен, көк теңізі бар. Осы өзен тасып, көк теңізі толқығанда, жер бетіне жаңбыр жауады. Жер жүзіндегі сулардың басы, асқар таулар арқылы аспандағы көк теңізі мен күміс өзенге жалғасады. Көк төсінен жерге келген сулар — бастау, бұлақ, жылғалар бірі-біріне қосылып, аға-аға телегей-теңізге құяды. Одан соң жердің астына өтеді. Осылай аққан су ең соңында су аяғына барады. Сулар аға-аға су аяғына жеткенде, ол арадағы оппалар ұйып, мүлде құриды.

Басы көк аспаннан басталып, бүкіл жер бетін саяхаттай ағып, ең соңында су аяғына жетіп, өзінің құритынын білген сулар бұрынғыдай сылдырамай, күңірене үн қатып: «Құрыдым, құрыдым!» — деп, қайғы-қасіретпен ағады екен. Соның үшін бұл жер «Су аяғы құрыдым»

<sup>1</sup> Жидашы /көне/ — алым-салық жинаушы.

деп аталыпты. Су аяғы құрыдым — су біткенді сіміріп, дым қалдырмайтын, орасан үлкен оппалардан құралған сұмдық жер. Бұл арада ешқандай тіршілік жоқ. Өсімдік атаулы да өспейді. Осы қаңсыған, құрыдым орынның қожалары «сұмырай» деп аталатын құбыжықтар екен. Бұл сұмырай — су біткеннің қас жауы. Ол кей жылдарда жер жүзіне де келеді. Сұмырай келген жылдарда жаңбыр жер бетіне түспей, аспанды жайлап, су тартылып, жер қысырап, асау өзендер батпақ бұлаққа, айдын көлдер шоқанаққа айналып, ерекше қуаңшылық болады. Мұның аяғы қысқа айналғанда, ақ сүйек жұтқа, ашаршылыққа апарып соғады. «Сұмырай келсе, су құриды» деген сөз осыдан шыққан екен.

### Қарағай мен сексеуіл туралы

Тым ерте заманда қарағай да, сексеуіл де ойпаттардағы жасыл алқапта өседі екен. Бұлар қонысқа таласып: «Әрі отыр, бері отыр!» — деп қыжақ болып, ең соңында сойылдасып соғысыпты. Олардың арасына түсіп арашалау ешкімнің қолынан келмепті. Тал мен терек ақылдасыпты да, бұлардың жасақ сайлап, соғысып жатқан майданына сел қаптаптып жіберіпті. Сексеуіл селден қашып, шөлге кетіпті, қарағай судан қашып, тауға шығыпты. Сексеуіл мерген екен, қарағайдың өн бойын түйреген ішкі бұтақтар сексеуілдің атқан оқтары екен. Қарағай найзагер екен. Сексеуілдің тұла бойындағы тыртықтар қарағайдың найзасынан қалыпты. Содан бері қарағайлар «сексеуіл келіп қалмасын» деп, тау басында тұрып, қарауыл қарайды, ал қарағайдан қорыққан сексеуіл құмшөлге бұғып, сояуын кезейді. Қонысқа сыйыспай соғысқан екі мықтының бірі үркіп тауға шығып, бірі ығып шөлге бұққан соң, кең өзенді өңір тал мен терекке қалыпты.

### Тобылғы, Баялыш, Арша

Бір-екі үйлі жан бір-біріне жақын тұрыпты. Бірі — Сексеуіл, оның ұлы — Баялыш, енді бірі — Қарағай, оның қызы — Арша болыпты. Алғаш солар көрші болып, жақсы тұрыпты. Баялыш Аршаға қалың беруге ойланғанша, Арша Баялышты бек сүймепті, түсі қара болған соң һәм разылық бермепті. Сонда әкелері ұрысып, Тобылғы келіп, татуластырса да болмапты. Сол уақытта Сексеуіл менен Баялыш тұрудың қиын болғанын көріп, Тобылғыға қосылып, оңтүстікке кетуді ойлапты. Солар кеткен соң, Қарағай тәкаппарланып, басын жоғары көтеріп, мейлінше созылыпты. Сексеуіл қайғыдан бүкірейіп кетіп, Тобылғы Сексеуіл мен Қарағайды татуластыра алмағанына ұялып, қызарып кетіпті. Сонан соң бірталайға шейін Қарағайдың қызынан хабар болмапты. Сонан соң Арша тасқа ғашық болып, шешесінен қашып барып, осы күнге шейін таспенен бірге тұрады деседі.

## Киелі бәйтерек

Жер мен көктің кіндігінде жападан-жалғыз өскен киелі бәйтерек бар. Бұл бәйтеректің басы аспанмен тілдескен. Түп тамыры жер астымен жалғасқан. Ол — көзге көрінбейтін киелі ағаш. Бұл бәйтеректе жайқалып өскен әрбір жапырақ — жер жүзінде жасаған әрбір адамның өмір тіршілігінің нышаны. Жер жүзінде тіршілік етіп отырған әрбір адам осы киелі теректегі жапырағы жайылғанда өмірге келеді (туылады). Жапырағы жайқалып өскенде өсіп, үлкейіп, кемеліне келеді. Жапырағы мезгілсіз сарғайса, қайғы-қасіретке тап болады. Жапырағы солып құраса, қартаяды. Жапырағы үзіліп жерге түссе, қазаға ұшырайды (өледі).

Осы үзіліп түскен жапырақ басқа адамның жапырағына соғылса, ол адамның құлағы шақырады (шулайды). Оң құлағы шақырса, бұл адам үшін қауіп-қатерлі болмайды. Сол құлағы шақырса, жаманаттың жаршысы болады. Осы киелі теректің (әлемдік ағаштың) нышаны ретінде жапанға біткен жалғыз ағашты ардақтап, алуан түрлі ырым-кәделерді істейтін болған. Жапанда өсіп тұрған жалғыз ағашты қадірлеп, оның басына түнейді. Оның бұтақтарына әлем (шүберек) байлайды. Оған ыдыс тастайды. Тіпті құрбандыққа мал шалады. Иә болмаса аттың жалын түйіп тастайды.

## Жер көтерген көк өгіз жайында

Жасаған жер мен көкті ең алғаш жаратқанда, әуелі айнадай дөңгелек, жерді тебінгідей төртбұрыш, жалпақ етіп жаратқан екен. Кейін бұлар бірте-бірте өсіп, үлкейе беріпті. Сонан соң Жасаған жерді көк өгізге көтертіпті. Бірақ жалпақ жер көк өгіздің арқасына тоқтамай, ауытқып, аударылып, төңкеріліп, қалтылдап, толқи беріпті. Мұның салмағын теңгеру үшін төңіректің төрт бұрышына тауларды әкеліп орнатып, тау мен жазықты реттеп, мықтап бекітіпті. Сонымен жалпақ жер көк өгіздің арқасында аумай-талмай тұратын болған екен.

Бұл өгіздің айтуынша, жер жүзінде ізгілік пен жақсылық молайса, көк өгіздің жүгі жеңілдейді. Бұған көк өгіз де сүйсінеді. Жер үстінде қылмыс, қылапат қабындап, жауыздық, жаманат өршісе, оның жүгі ауырлайды. Бұлардан жиренген көк өгіз, жер үстіндегі лас-жылыс, жаманатты аластау үшін сілкінеді. Осыдан жер сілкінеді. Жердің сілкінуі, жерге аунаған малдың үстіне жабысқан шаң-тозаң, шөп-шоланды түсіріп тастау үшін сілкінетін әдетіне тақылет етілген.

Жасаған Тәңірдің жерді арқалаған көк өгізі кәдімгі көш-көлігі болып жүрген өгіздер сияқты қартая береді. Замандардың заманында көк өгіз әбден қартая келе күш-қуатынан айырылып, ажалға тап болады. Көтеріп тұрған көлігінен айырылған жер-жаһан зауалға ұшырайды:



---

тау қаңбақтай, тас бұршақтай ұшып, жер көкке шығып, көк жерге түсіп, қиямет зілзала туылып, заманақыр болады. Бұл дүние құрып бітіп, о дүние басталады.

### **Жасаған жайында**

Сонау-сонау соны, меңіреу заманда, жер мен көк жаралмай тұрғанда, барша ғалам біртұтас қара түнек, шетсіз-шексіз кең, түпсіз терең, лай су бейнесінде болған. Ол кезде көк те, жер де, ай да, күн де болмаған. Ұшы жоқ өзен, түбі жоқ терең, ұшы-қиыры жоқ от, су, жел, топырақ, төрт түрлі заттан басы құралып, астан-кестең мидай араласып, сапырылысып, қайнап жатқан бір дария еді. Осылай суды тұндырып, қара түнек апатты айықтырып, жер мен көкті жарату, мидай былыққан әлемді реттеу — Жасағанның жасампаз шеберлігі арқылы жарыққа шыққан.

### **Алтай шамандарының...**

Алтай шамандарының бас қойып табынатын ұлы тәңірі — Қарахан екен. Оның құдіретті ұлдарының бірі — Ерғұн (кейде Өлгін, қазақта Еренғайып деп те аталады) Тәңір. Ерғұн шексіз кеңістіктегі Ай мен Күннің аралығында, жұлдыздардың үстінде тұрады. Оған алып баратын жолда жеті (кейде тоғыз деп те айтылады) бөгет, жолы қиын, тосқауыл бар екен. Бұл бөгет-тосқауылдар тек еркек шамандар мен абыздар барғанда ғана ашылады. Соның ішіндегі ең қиын бөгет Темірқазық (Алтын қазық) жұлдызына орнатылған. Ерғұн Тәңір өзінің сарайындағы алтын тақтың үстінде отырады. Оның денесінің бітімі адам баласының тұрпатына ұқсайды. Көктен сорғалаған жылы жаңбырдың тамшылары сол Ерғұн Тәңірдің аузынан төгіледі деп жорылады. Түріктердің жеті, тоғыз және қырық сандарын қасиетті санауы да осы сеніммен қабысып жататын секілді. Қазақта Еренғайып құдіреттің әмірін орындайтын нөкерлері «Қырық шілтен» деп аталады. Бұл шілтендер сол Тәңірге қызмет етеді. Бұл сандардың қасиетті болуы да сондай сенімнен туған.

Ерғұн Тәңірдің жеті ұлы, тоғыз қызы болған. Ұлдары — Қаршыт, Бурахан, Жасылхан, Боршыхан, Қарақұс (Қартал), Бақытхан, Ерхан деп аталады. Олар да көкте (аспаңда) тұрады. Әрқайсысы өз алдына жеке-жеке құдірет иелері. Ал қыздарының аттары жеке-жеке айтылмайды. Тек «Ақ қыздар» немесе «Қияндар» деген жалпылама атаумен аталады. Бұл қыздар да — шамандарды (Тәңір елшілерін) жебеуші құдірет иелері. Олар да Ерғұн Тәңірдің әміріне бағынышты. Ерғұн Тәңірге басқа да күш-қуаты мығым киелер қызмет етеді. Олар — Жарық, Сәуле, Қар сияқты жеке, өз алдына қасиеттері бар, дара-дара киелері. Бұлардың

---

ішінде Жарық — адам баласы мен Ерғұн тәңірдің өзара қарым-қатынасын жалғап, нығайтып тұратын байланысшысы. Ерғұн — Ата Тәңірі сипатында көк жүзіндегі барлық Тәңірлер мен киелерді және өзінің жер бетіндегі өкілдері саналатын шамандар мен абыздарды басқарып отыратын құдірет.

### Топан су туралы

Нұх 950 жасқа келген қария екен. Топан су апатының боларын алдын ала білген Нұх адамзат, жан-жануардың ұрығын осы жойқын апаттан аман алып қалу мақсатында күні бұрын қамданып, кеме жасаған және қауым жұртқа болашақ апатты айтып, жар салған. Бірақ жұрттың көбі бұл сәуегейлікке сенбепті. Кейбіреулер: «Мына шал әбден алжыған екен», — деп мазақ етіпті. Бірақ Нұх қария өз дайындығын тоқтатпапты. Сөзіне иланған қауымды қасына ертіп, кемесін жасай беріпті. Кеме жасап болған кезде Нұхтың от жағатын ошағынан атылып су шығыпты. Бұл сұмдық су апатының алғашқы нышаны еді.

Топан апатының басталғанын білген Нұх сөзіне ықылас-ықтиқат байлаған адамдарды, жер жүзіндегі жан-жануарлардың әрқайсысынан бір еркек, бір ұрғашысын кемеге әкеліп орналастырыпты. Лезде-ақ топан су жер жүзін қаптап, кемені қалқытып ала жөнеліпті. Бұл кемеге шықпаған адамзат, жан-жануардың бәрі тұңғиық топан суына кетіпті.

Бүкіл жер жүзіндегі жан иесі түгел суға батқанда, жалғыз ғана Құж деген алып адам батпапты. Оның бойының биіктігі сонша, ұсынған қолы көктегі күнге жетеді екен. Топан су тобығынан келмепті. Ол қайрандап су бетіне шыққан балықтарды іліп алып, күнге қақтап жеп, су кешіп көп жүріпті. Алып тұлға, асқан күштің иесі болған Құждың бері жығыл десе, ары жығылатын қылжыр-қиқар мінезі бар екен. Толқын қуып, қалтылдаған Нұх кемесі бір кезде қалқып Құждың қасына келгенде, кемедегілер Құжды құтқарып алмақ болып: «Бері жығыл!» — деп кемеге шақырса, Құж ерегісіп, ары жығылыпты да, суға кетіпті. Қазақтың қайраты мол, алып адамды «Мынау бір Құж екен» дейтін теңеуі осыдан шыққан дейді.

Жер жаһандағы алып, асқар таулардың бәрі топан суына тоғытылып, тәрк болғанда, қазақ даласындағы Қазығұрт тауы топан суына батпапты. Үш жыл ұдайы су үстінде жүрген Нұх кемесі қайрандап келіп, осы тауға тоқтапты. Осыдан соң су тартылып, апат тоқтапты.

Дүниедегі алғаш рет жаралып, өсіп-өнген адамдар айтылмыш топан апатында тәрк болып, кемеге түсіп, топаннан құтылғандардан тек Нұхтың үш ұлы — Хам, Сам, Иафас қалған. Кейінгі адамдардың бәрі осы үшеуінің ұрпағынан тараған деседі.



## Періштелер жер бетінде

Періштелер жер бетінде өмір сүріп жатқан адамдардың істерін үнемі бақылап отырады, назарларынан еш нәрсе тыс қалмайды, әрбір салтты қалт жібермейді. Бірде: «Ана кісі пейішке барады, мына кісі тозаққа барады», — деп өзара қатты таласады. Бұлардың дауларына Алла Тағала төрелік етеді. «Ей, періштелер! Дауласа бергенше, араларыңыздан біреу жерге түсіп, адамдарды сынап келіңіздер!» — дейді. Алланың өкімімен бір періште адам кейпінде жерге түседі. Ол бір ағаштың көлеңкесінде намаз оқып отырған бір молдаға кездеседі. Намазы ұзаққа созылады. Келген періштенің шыдамы әбден таусылады. Өлдім-талдым дегенде барып молдекең намазын бітіреді. Ол алдында тұрған адамның періште екенін қайдан білсін, бірден тиісе кетеді. «Неғып күн ұзағына состиып тұрсың?» — дейді. Періште: «Кішкентай ғана сауалым бар еді. Мына бір иненің көзінен түйенің керуені өте ала ма?» — деп инесін көрсетеді. «Неғылған ақымақ едің? Ол заман да бұл заман иненің көзінен түйе керуені өтуші ме еді?! Құры, маңайыма жолама», — деп, молда оны қуып жібереді. Үлкен тоғайлы жер екен. Бір бұрышына келсе, бір мас жатыр. Тұрғызуға әрекет жасайды, тұрғыза алмайды. Қанша уақыты босқа кетеді. Әбден қажиды. Түңілуге айналғанда мас көзін ашып: «Қандай ақымақ адам едің?! Енді рақаттана бастап едім, ұйқымды бұздың ғой» — депті. Періште оған да: «Мына бір иненің көзінен түйенің керуені өте ала ма?» — деп, инесін көрсетеді. «Өзің нағыз топас екенсің ғой, Құдай өткізейін десе, керуен түгіл, тау да өтіп кетеді. Құры маңайымнан», — дейді де, мас жерге қайтадан сылқ ете қалады. Періште мекеніне қайтып кетеді. Алла Тағала: «Қайсысы пейішке барады екен?» — деп сұрайды. «Кешіріңіз, Жаббар ием, менің пайымдауымша, мас барады», — деп жауап қайтарады. Алла Тағала: «Мен айтпаушы ма едім, ғайыпты мен ғана білемін, пенделерім біле алмайды деп. Ақылдарыңыз жетпейтін іске араласпаңыздар», — дейді. Періштелердің барлығы тәубаға келіпті.

Бұл жерде мастың бәрі бірдей пейішке бара береді деген ұғым тұмайды. Бұдан алатын ғибрат сол — «Құдайға шын сенетін, қарапайым адам тақуа молдадан артық» деген сөз.

Алла Тағала кейде періштелерді өзі сөзге тартады. Бір күні Өзірейіл періштеден: «Осы Сіз адамдардың жанын кеудесінен ала жүріп, аяушылық көрсеткен кезіңіз болады ма?» — деп сұрайды. «Болды, Жаратушы Жаббар ием! Бірде теңізде кетіп бара жатқан кемеңі талқандауға әмір бердіңіз. Әміріңізді орындадым. Бір тақтаның бетінде бір жасқа жетпеген нәресте шырылдап, суға ағып бара жатты. «Кемедегі адамдар ауыр күнәлі бола-ақ қойсын. Мына бір сәбидің қандай жазығы бар екен?» — деп ойлады. Аяп кеттім. Екінші, Шаддад малғұн өзін «Құдаймын» деп жариялап, қолдан пейіш жасатты. Пейіш біткеннен

кейін өзі аралап көрмекші болды. Босағадан енді аттауға ниет еткенде: «Жанын алыңыз», — дедіңіз. «Сонша еңбегіне ең болмаса пейіштің ішін де аралап көре алмады-ау деп аяушылық білдірдім», — дейді. «Ендеше, сол аяған адамыңыз бір-ақ адам еді. Суға кетіп бара жатқан сәби өзін «Құдаймын» деп жариялаған Шаддад малғұн еді. Сіздің аяушылығыңыздың арқасында аман қалған болатын. Менің ісімді бағалауға шамаларыңыз жете ме екен?» — депті.

Өзірейіл кешірім сұрап, тәубаға келеді.

### **Аспанның жеті қабаты бар**

Аспанның жеті қабаты бар. Бірінші қабатында Адам ата отырады. Егер ол оң қолымен алса, пейішке, егер сол қолымен алса, тозаққа барады. Тозақтан адамдарды айдап, «айуан» деп атайды.

Пайғамбардың ата-анасы тозақта отыр екен. «Бұл қалай?» — деп Пайғамбар Алладан сұрайды. Сонда Алла: «Бір адамға екі тілек бермеймін. Не ата-анасымен, не үмбетімен болсын», — дейді. Пайғамбар ойланып тұрып, үмбетімен ілесіп кетіпті. Ата-анасы аспаннан алтын табыт жіберсе: «Жоқ, мен үмбетіммен қаламын», — деген екен. «Саған оны кім айтады?» — деп сұрағанда: «Алла», — деп жауап беріпті.

Содан «Жақсы аянды Алла, жаман сөзді шайтан береді» дейді екен.

Адам пейішке шыққанда үрдің қызы мен баласы болып шығады. Онда не жеймін, не ішемін демейсің. Ішпек бар да, тышпақ жоқ. Үрдің қызы өте әдемі, сұлу, көрікті болып туады.

Содан «Үріп ауызға салғандай» деген сөз қалыпты.

### **Дарияға айналған бұлақ**

Бірде Құмкент шаһарының адамдары шашты Өзізге келіп: «Қаратаудың баурайы қуаңшылықтан қуарып, ел де, мал-жан да шөлден қаталап тұр. Құдіретіңе бас иейік, бізге су тауып бер», — деп жалыныпты. Сонда Өзіз қазір «Жылыбұлақ» деп аталатын саздауыт жерге келіп, аса таяғымен жерді бір ұрғанда, болар-болмас су шығыпты. Ал шашты Өзіз болса, сол асасын шаншыған жерден бастап сүйретіп жүріп отырғанда артынан көз жасындай су ілесе ағып отырыпты. Ертесіне, кереметті қараңыз, сол жерде Ніл дариясындай толқыған су жатыпты. Тіпті ел дариядан өте алмай қалыпты. Енді бұл дарияның суы қала астына кіріп, қаланың жер астына түсіп кету қаупі төніп, баяғы ел Өзізге қайта келіп: «Уа, құдіретті Өзіз, мына суды тоқтат», — деп жалыныпты. Сонда шашты Өзіз келіп, екі рәкат намаз оқып, дарияның көзіне бір үлкен тас тастатқаннан кейін су сап тыйылыпты. Сол Жылыбұлақ әлі бар. Жылыбұлақ шашты Өзіздің мазарынан алыс емес.

## Жазмыш пен тағдыр

Бұл әңгімені бір кісі әкем Сағындыққа «өз көзіммен көрдім» деп айтты. Оқиға ХІХ ғасырдың аяқ кезінде болған. «Бір күнде ағайынды үш бірдей азаматты жерледік, — депті әлгі кісі. — Ауылымызда шешектен екі жігіт қайтыс болды. Қабірге қойдық. Мазар басында әлгілердің туған інісі күтпеген жерден: «Мен осында қаламын», — дейді. Қалғанда да жай қалмай, қолындағы балтасымен ағасына келген Нәңкір-Мүңкірді шауып өлтіретіндігін айтады. Біз бәріміз жабылып: «Періште көзге көрінбейді, Аллаға асы болма», — дестік. Тыңдамады. Қатты күйінген болар. Үгітімізден еш нәрсе шықпаған соң, өзі үшін үйге қайтар дедік те, қалғандарымыз ауылға қарай беттедік. Онша алыстай қойған жоқ едік. Қатты шыңғырған дауыс естілді. «Не болып қалды?!» — деп, кері бұрылды. Келсек, балтаның сабы бос, анадай жерде жатыр. Қылдай ұңғысы әлгі жігіттің мойнында. Көкпеңбек болып шиқылдап жатыр. Зәреміз ұшты. Не істерімізді білмедік. Ішіміздегі молдамыз: «Бұл — Құдайлық іс. Біз еш нәрсе жасай алмаймыз. Былайырақ, қырық қадам жерге барып, құран оқиық», — деді. Құран оқыдық та, қайтып келдік. Балта қайта сапталыпты. Жігіт өліп жатыр, мойнында балтаның ұңғысы жоқ. «Пенделерім тобаға келсін деп, Құдайдың көрсеткені шығар», — дестік те, ауылға қарай аяңдадық».

## Қорқыттың көрі

Өмір бойы желмая мініп, ел аралап, жер кезіп, көпті көріп, көпті түйіп, ақылгөй ата, дарынды жырау, даңқты күйші болған Қорқыт өлмес өмір іздейді. Алдашының ажалды құрығынан құтылуды арман етеді. «Өлім» деген сөзді аузына алмайды. Бір күні байлаулы тұрған өгізі босанып қашып, соны ұстаймын деп қуып жете алмай, әбден ыза болады да, ашу үстінде: «Бәлем, өлсем де сені ұстамай қоймаймын», — деп салады. Бірақ «өлім» сөзінің қапылыста аузынан шығып кеткеніне қатты өкінеді. Оның «өлсем де» деген сөзін құлағы шалған Алдашы атына қарғып мінеді де, Қорқытқа ажалдың қанды құрығын төндіреді. Қорқыт Желмаясына мініп, Алдашының ажалды құрығынан қашып құтылмақ болады. Төңірегіннің төрт бұрышын түгел кезеді. Қайда барса да алдынан қазылған көр, құтылмас ор тап болады. Ол көр қазып жатқандардан: «Бұл кімнің көрі?» — деп сұрайды. Бұлардың бәрі де «Қорқыттың көрі» деген жауап береді. Қазақтың «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» дейтін тәмсілі осыдан шығады. Барған жерінің бәрінен түңілген Қорқыт ең соңында өзінің туып-өскен жері Сырдарияның жағасына келіп, астындағы Желмаясын сойып, терісімен қобызын қаптап алады. Сыр суының төсіне қырмызы кілем төсеп, оның үстіне отырып «Өмір күйін» толғайды. Қорқыттың қобыз күйі арғы-бергіні қозғап, табиғатты

тебіренеді — аққан су, соққан жел, ұшқан құс, жүгірген аң, күллі адамзат, жан-жануар күйді жан жүйесімен тебірене тыңдап, тым-тырыс болады. Асау өзен Сырдарияның суы да ағысын тоқтатып, ұйып қалады. Тіпті қанды құрығын қоқаңдатып қуып жүрген Алдашы да ақылынан адасып, есінен танады. Қырмызы кілем Сыр суының үстінде қалқып, өлімнен аулақ «Өмір аралы» болып тұра береді. Көңілі жай тапқандай болған Қорқыт: «Алдашының ажалынан құтылудың амалын таптым», — деп ойлайды. Алайда күнді түнге жалғап, күйді тарта-тарта талыққан Қорқыт кенеттен қалғып кетеді де, күй кілт үзіліп тоқтай қалады. Сол сәтте селт етіп есін жиған Алдашы су жылан болып, сүйреңдеп келіп, Қорқытты шағып жазым етеді.

### Тарғыл тана

Қорқыттың Желмаясы астында, қара қобызы қолында, үнемі ел аралап, адасқанға жөн сілтеп, аңырағанға ақыл беріп, сәуегейлік құрады екен. Төңірегіндегі көзі көріп, көңілі түскенді қобызына күй етіп қосып, алдағыны қырық жыл бұрын болжайтын болыпты. Күндердің бір күнінде ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы көк тіреген бір әулие Қорқытқа түсінде аян береді: «Уа, Қорқыт, сен өлімді аузыңа алмасаң, саған еш уақытта өлім жоқ», — дейді. Қорқыт осы сөзді өңінде естігендей болып оянады да: «Төңірінің бұл да бір сыны болар», — деп, көкейіне түйіп алады. Содан жылжып жылдар, сырғып күндер өтеді. Ақ сақалды, ақ таяқты әулиенің айтқан өсиетін естен шығармай, өлім туралы сөзді аузына алмай, қобызын тартып, ел аралап жүріп жатады.

Бірде бір ауылдың тайлы-таяғы қалмай жабылып, қашаған өгізді қайыра алмай жүргенін көреді. Сол жерде Қорқыт Желмаясына міне салып, қашаған өгізді қайырып бермек болады. Бірақ өгіз Қорқыттың Желмаясына да бой бермейді. Қуа-қуа әбден титықтап шаршайды. Сонда Қорқыт: «Қап, саған өлсем де жетпей қоймаспын!» — деп, Желмаясын тебіне түседі. Осы сөзді айтуы мұң екен, тарғыл тана тасқа айналып, қатып қалады. Тасқа айналар алдында тарғыл танаға тіл бітіп:

Мен өзім қара едім,  
Қарадан туған ала едім,  
Туған жерім — Қазалым,  
Мына тау болды-ау ажалым! —

деп, дөңбекши ыңыранған екен. Сол жерде өлім туралы сөздің аузынан шығып кеткеніне Қорқыт қатты өкініп, мұңға батады. Бірақ болар іс болды, енді тағдырдың жазуынан қашып құтылудың амалын ойлайды. Сөйтіп, Желмаясын желдіріп, дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді. Осы оқиға Қорқыттың қобызына «Тарғыл тана» деген күй болып шалынған екен.

## Сүлеймен патша

Сүлеймен патшаның баласы болмапты. Бір күні Сүлеймен Алла Тағаладан бала сұрап жүреді екен. Бір күні: «Е, Алла Тағала, маған енді бірдеңе берсеңізші», — десе керек. Күндердің күнінде әйелі екіқабат болып, домалақ, бас-аяғы жоқ бірдеңе туыпты. Сонда Сүлеймен: «Е, Алла Тағала, мен сізден бала сұрап едім, не бердіңіз?» — деп қамықса керек. Түсінде Алла Тағала аян беріп: «Сен өзің бірдеңе бер дегесін осыны бердім», — депті.

Сонда Сүлеймен өзінің асылық айтқанын біліп: «Жаздым, жаңылдым, маған бала беріңіз», — деп жыласа керек. Сонда Алла Тағала: «Қасыңда жүрген бас уәзіріңді, әйеліңді ертіп алып, өзеннің жағасына барып, ешкім жоқ жерде іштегі құпия сырларыңды үшеуің де жасырмай ақтарыңдар, егер шындарыңды айтсаңдар, осы мес бала болады», — деп шарт қойыпты.

Айтқандай, Сүлеймен бас уәзірі мен әйелін ертіп келіп, бірінші өзі бастап сырын айтыпты.

— Мен алдыма келген әр адам сый-сияпат, көп қазына әкелсе екен, байыған үстіне байи түссем екен деп тұрам, — дегенде, меске бас пайда болыпты.

Уәзір: «Менде дүние де, бәрі де жеткілікті, тек сіз өліп, орныңызға патша болып, елді басқарсам деп ойлап жүруші едім», — дегенде, қол пайда болыпты.

Әйелі: «Мен сіздің 40 әйеліңіздің бірімін, әйтсе де ең сүйікті әйелдеріңіздің бірімін. Бірақ құл да болса жеке байым болса деп армандаушы едім», — дегенде, меске аяқ бітіп, бала болыпты.

Осыдан барып, үшеуі оңашада сыр айтқандықтан, ол өзеннің аты «Сырдария» аталыпты.

## Әзәзілдің шайтан болуының баяны

Адамға уақытымен періштелер сәжде жасады. Бұл сәждеге жүз жыл кетті. Енді бір рауайятта<sup>1</sup> бес жүз жыл кетті делінеді. Бастарын сәждеден көтерсе, алдарында ұсқынсыз, жиренішті бір дию-сурет тұр екен. Доңыз айбатты, қатыгез, безбүйрек, жүзіқара, көзі шегір, лағынет қамыты мойнына кигізілген, қолында — шынжыр, аяғында — кісен. Байқап қараса, қарғыс атқан шайтан Әзәзіл екен. Мәңгі бақи лағынетке лайық, шүбәшіл малғұн болып, азап-ахиретке түсіп тұрған. Сол мезетте Әзәзілді осындай халде көріп, періштелер бастарын тағы сәждеге қояды. Бұл шүкіршілік ету сәждесі еді. «Құдайға шүкір, бізге болмай, басқа біреуге болғанына», — депті. Хақбихана уа тағаладан үн келеді.

<sup>1</sup> Рауайят /араб/ — әңгіме, баян.

«Ей, малғұн, не үшін менің халифама сәжде етуді ұят-ар, намыс санадың?» деген Малғұн. «Ей, Алла, мені оттан, оны балшықтан жаратып едің. Мен одан артығырақпын. Не үшін оған сәжде етіп, мойын ұсынуым керек? Менің одан айырмашылығым бар», — дейді. Осы салыстыруының арқасында әуелден ақырға дейін жауыз болады. Хақбихана уа Тағаладан: «Сен одан не себепті жақсысың?» — деген әуез келеді. Шайтан: «Отта бар сипат топырақта жоқ. Оттағы нұр күнде де жоқ», — дейді. Ғайыптан: «Ей, малғұн, мұндай сөздердің барлығы — бос сандырақ. Сен әуелден шүбәшіл, мәңгі бақи түзетілмейтін тәкаппарсың. Менің дәрғаһымда (сарайымда) мұндай өзімшілдер санға алынбайды. Тәкаппарлық көрсетушілерді истағна (керек етпеу) тасымен басынан ұрамын. Дәмді де шырын сөздерді мүшкіл халден құтқарып, аман-есен сақтаймын. Шектен шыққан абыржушылық та, сабырсыздық та отта. Құрмет те, жетекшілік те топырақта. Пейіштерді топырақпен бекіттім. Пейіште от жоқ. Сол үшін оны жақсы дейді. Тозақты оттан жараттым, сол үшін барлығы одан қашады. Азап, қиналыстардың ең жаманы от арқылы болады. Топыраққа оттың қажеті жоқ. Алайда оттың топырақтың үстінде мекен етпесіне ылажы жоқ. Ей, Ібіліс, барып тұрған суайт, опасыз мекер неме! Моп-момақан, сүп-сүйкімді топырақпен көп дау-дамайға келме! Егер бұл жайында шүбәң болса, от пен топырақ өздерімен өздері сөйлессін! Әрқайсысының артықшылығы, ізгілігі болса, өздері айтсын!» — деген үн келеді.

### Көңіліңе астамшылық алма

Ертеде бір патша болыпты. Патша кітапты көп оқыған, Құран сөзін де білетін, білімі терең кісі екен. Бір күні ескіше қазақ кітабын ашып отырған кезінде «...адам баласы қандай жүйрік болса да, кемшілік келейін десе, оңай екен» деген сөзді тауып алады. Патша: «Мен өзім бірсыпыра елді билеп тұрмын, білімім артық, маған не кемшілік бар?» — дейді. Сөйтіп отырғанда көшеден айғай естіледі.

«Бір нәрсе көрдім, не екенін білмеймін, соны, патшам, сізге көрсетуге келе жатырмын», — дейді сырттан келген бір уәзір. Патша далаға шықса, бір от заулап жанып бара жатыр екен. Уәзірге: «Менің дүлдүлімді әкел», — дейді, уәзір дүлдүлді жетектеп әкеледі. Патша дүлдүліне мінеді де, жаңағы оттың артынан қуып, шаһардан екі шақырым шыққаннан кейін жетіп алады. Келіп қараса, әлгі жарқырағаны — жүні суылдаған алтын киік.

Киік бір батпаққа қабырғасынан батып жатыр екен. Патша: «Енді бұған барсам, ат жығылады, киімім де былғанады», — деп ойлап, барша киімін сыпырып тастап, жаяу, жалаңаш қалпы киікті ұстауға кіріседі. Патша киіктің қасына келгенше өзі де санынан батпаққа батады.



Кенет киік сілкініп-сілкініп қалады да, айдары беліне түскен ақ жігітке айналады. Сонан соң патшаның бар киімін киіп, атын (дүлдүлін) мініп алады да: «Қош, патша!» — деп, шаһарға қарай кете барады. Патша батпақтан әзер дегенде шығып шаһарға жетсе, балалар оны тас лақтырып қуады. «Жалаңаш жүрген жыңды, жолама», — деп, шаһарға жуытпай тастайды. Әбден ашынған патша: «Бүйтіп тірі жүргенше суға ағып өлгенім артық», — деп, өзенге келеді. Судың жағасында бұл кезде кемпір мен шал отыр екен, шал оған «өлме» дейді. «Өлмей қайтем, киімім жоқ, жейтін тамақ та жоқ», — дейді патша. Кемпір мен шал бір ескі көйлек пен кішкене нан береді де, оған: «Сен бүйтіп жүрме, қалаға бар да, қайыр тіле», — деп, жөн сілтеп жібереді.

Патша мойнына бір дорба салып алады да, шаһарға келеді. Садақмен төрт-бес күндік тамағын тауып жейді. Патша бір мезгілде: «Үйіме барайын, қатын-балаларым мен уәзірлерімді көрейін, мүмкін мені танып қалар», — деп ойлайды. «Қайыр-садақа» деген сылтаумен сарайға жетеді де, уәзірлерді қағып тастап, ентелеп тура патшаның алдына барады. «Ассалаумағалейкүм!» деп жетіп келген қайыршыға қарап тұрып, патша: «Сен кімсің, қай жердің кісісің?» — деп сұрайды. «Осы шаһардың адамымын», — дейді қайыршы. «Шаһардікі болсаң, қай рудан таралдың, атың-жөнің кім? Айт шапшаң!» — деп сұрайды. Қайыршы көрген-білгенін тегіс баян етеді. Біраздан соң патша бір уәзірін шақырады да, қайыршыны көрсетіп: «Мынаны жеті қайтара боз биенің сүтіне шомылдырып, осында алып кел», — дейді. Жеті рет шомылдырылып, алдына қайтадан әкелінген мүсәпірдің қолынан ұстайды да: «Кітаптың бетін ашқаның рас па?» — дейді патша. Мүсәпір: «Рас», — деп жауап қайырады. «Бұдан былай көңіліңе астамшылық ойлама! Міне тағың, міне жұртың, міне уәзірің, міне елің, мен — Жәбірейіл періштемін», — деп, тағын өзіне қайтарып, жоқ болады.

### **Ай ару мен күн күйеу**

Асылында, Ай ару мен Күн күйеу көк аспандағы ғашық-машықтар еді. Олар ұдайы қараңғылықты қуғындауменен айналысып, біреуі күндіз, біреуі түнде көшіп-қонып, өмір бақи өріс-қоныстары айқаспағандықтан, бір-біріне қосыла алмаған екен. Олар көк жүзін кезіп, бір-бірін қанша іздесе де кездесе алмайды. Олар осы ауыр халіне қайғырғанда, аспанды қара бұлт қаптаиды, кей кездерде қабақтарынан қар борайды. Сағыныштан саулаған жастары жаңбыр болып жауады. Кейде құсалықтан күйінген, отты жүздерін жалын шарпиды, бұл сәттерде күннің көзі, айдың жүзі тұтылады.

## Ай мен күн туралы

Жер жаһанды жаратқан Ай мен Күн — бір-біріне қосыла алмаған ғашықтар, Ай — ару, Күн — күйеу екен.

Жер мен көк жаралып, қараңғы мен жарық, күндіз бен түн айырыларда, алдымен Күн туып, күндізді иемденіпті де, артынан Ай туып, түнге қалыпты. Күндіз бен түн бірін-бірі қуалап, көше береді, олардың өмір бойы өріс-қонысы айқаспайды. Бұл екі ғашық бір-біріне ынтық болып, қанша іздесе де кездесе алмайды. Бірақ бұлар әсте үміт үзбейді. Жарық жүздерінен шұғыла шашып, күлімдейді. Кейде қатты қайғырып, қабағынан қар жауады. Күннің көзін, айдың жүзін жапқан қара бұлт — олардың қайғы-мұңы, жауған жаңбыр — олардың сағынышынан саулаған көз жасы.

Ғашықтықтың сүйініш-күйініші әсіресе Ай аруға қатты батады. Ол ай сайын үмітпен толып, қайғымен солып отырады. Күнді көкसेген үмітпен күн санап көркейген Ай ару он бесінде толықсып, шығыстан шықса, батқан күннің сөніп бара жатқан шапағын көреді. Ал ертеңінде, таң ата кеше кеште Ай шыққан жерге Күн күйеу келеді. Бірақ Айдың ауылы әлдеқашан алысқа көшкен. Сөйтіп, арман мен сағыныш, үміт пен өкініш, күндіз бен түн құйрық тістесіп айнала береді, айнала береді... Санаменен сарғайған Ай ару қармақтай иіледі. Тіпті оның жарқын жүзіне әжім жолағы да түскен.

## Айдың бетіндегі дақ

Байырғы уақытта бір жетім қыз болған екен. Қыздың әкесі өгей болғандықтан, қызға әрқашан өзінің қорлығын, тажалдығын көрсетіп тұрады екен. Бірде қыстың ызғарлы күнінде қызды өгей әкесі суға жұмсайды. «Барып мұзды шағып, екі шелекпен су алып кел», — деп, қолына бақан менен шелекті ұстатады. Қыздың ешқандай жылы киімі жоқ, сонда да суға барыпты. Жолда денесінен өткен суықтың ызғарына шыдамаған байғұс қыз өз арманын айға айтып, тағдырына тарынып жылайды. Қыздың көз жасын көрген ай қызға қолын созып, өзіне тартып алады. Осы күннен бастап қыз айда күзетші болып қалады. Айдағы дақ — сол қыздың бақаны мен шелегі. Егер кімде-кім сол айдағы қызды көрсе, дүниеден адам таңғаларлық сұлулыққа ие болады дейді.

## Жетіқарақшы мен Үлпілдек жайында

Қырық қарақшының қолбасшысы Қыранқара аспанның аруы Үлпілдекті айттырып алмақшы болыпты. Бірақ Қыранқара бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін ұрлаған баукеспе екенін



білетін Үлпілдек оған қалыңдық болуды қаламапты. Әке-шеше, ағайын-туған, ауыл-аймақ, ел-жұрты ардақтаған аруларын қандықол қарақшыға беруді ар көріпті. Бұларды құдалыққа қол қусырта алмаған Қыранқара жасақ жинап, қол бастап келіп, елді шауып, өрісті бүлдіріпті. Үлпілдекті олжалап, ат артына салмақ болыпты. Қыранқара тұлпар таңдап мініп қуаласа да, Сұлусары атқа мінген Үлпілдек жеткізбей қашып құтылыпты.

Үлпілдекті қолға түсіре алмай құса болған Қыранқара аспан әлемін кезіп, Сұлусарыны қуып жететін жүйрік іздепті. Мұндай жүйрік ат аспанның солтүстігін мекендеген Ағай, Сығай деген екі батырдың Ақбозат, Көкбозат деген аттары еді. Осы аттарды ұрлап мініп, Үлпілдекті қолға түсірмек болған Қыранқара жеті қарақшыны бастап жортуылға аттанады. Олар аспанның солтүстік үйегіндегі Темірқазықты айнала қонған ауылдарды (шоқжұлдыздарды) торида. Бұл Жетіқарақшыны бастаған алдыңғы төртеуі, ана артындағы үшеуі — ерер-ермес болып жүрген олардың құйыршығы. Ана екі бүйірдегі екі жарық жұлдыз — екі батыр. Сонау көрінген қатар екі жұлдыз — Ақбозат пен Көкбозат — батырлардың аттары. Олар Темірқазыққа арқандаулы. Шұбатылған арқандары да, әне, көрініп тұр. Аттар Темірқазықты айнала оттайды. Оларды аңдыған жеті ұры (жеті қарақшы) да түнімен төңіректен, айналып жүреді. Ұрылар қайтсе де осы аттарды түсіріп алмақшы. Сақ күзетші алдындағысынан көз жазбайды. Сөйтіп жүргенде таң атады. Таң атысымен Жетіқарақшы көзден тайып, тасаланады.

Қырық қарақшының қолбасысы Қыранқараның елді шауып, өрісті бүлдірген лаңынан үріккен ауылдар Ай мен Күннің жолына түсіп, аспанда айналып, үздіксіз үркіп, үйме-жүйме болып, көшіп жүруге мәжбүр болады. Тек айына бір рет айға ауыл-үй қонып, тыным алады. Еру отырып тұрақтайын десе, Жетіқарақшы жетіп келіп, Үлпілдекті тартып әкетуінен қорқады.

## Үркер жатыр

Бір қыста жер жүзін мұз басып, мал қырылып, қалғандары сіңірі шығып, әупірімдеп, жазға зорға жетіпті. Ауыр қыстан әбден запыс болған жануарлар есін жия келе ақылдасыпты. «Пәле Үркердің жерде жатпай, көкке шығып кетуінен болды. Ендеше Үркерді көкке шығармай, кезек-кезек басып тұрайық», — деп, олар пәтуә жасап, «пәлен жерде Үркер жатыр» дегенді естіп, іздеп шығады.

Жылқы, сиыр, түйе өзара «мен жүйрікпін, мен жүйрікпін» деп бәстесіп, жарысып келе жатса, алдарында, шөптің арасында бірдеңе жылтырап жатады. Сөйтсе ол Үркер екен. Бұрын жеткен жылқы Үркерді басайын десе, сиыр «мен басамын» деп, мүйізін шайқап, оны жолатпайды. Үркер басында он екі жұлдыз екен.

Сиыр Үркердің алтауын ғана басып қалып, қалған алтауы тұяғының арасынан шығып, аспанға ұшып кетеді. Міне, қыстың алты ай, жаздың алты ай болуы сондықтан.

Егер жылқы тұяғымен басса, онда Үркер түгел жерде жатар еді де, мәңгі-бақи жаз болар еді.

«Үркерден неге айырылып қалдың?» — деп сұрағанда, сиыр басқа хайуандарға:

— Ыстықта оқыралап шауып жүргеннен де сақылдаған сары аязда сықыр-сықыр басып жүргенім жақсы, — деп жауап беріпті.

### **Үркер, негізінде, жеті жұлдыз екен**

Үркер, негізінде, жеті жұлдыз екен. Бұлардың жылтылдап, көрініп тұрғаны — алтау. Жетіқарақшы келіп шапқанда бұлар үркіп, содан «Үркер» атаныпты. Оның арасындағы бәрінен жарығырағы қыз болған соң, Үркер қызын қорғайын деп, оны көрсетпей, бір жерге жиналып, топталып тұрады. Әйтпесе, жетіқарақшы ұрлап кетеді.

Көктемде алғаш рет күркіреген күн — осы Үркердің көк айғырының кісінеген үні, үйірін қайырып, шапқылаған дүбірі мен дүрсілі екен.

Жеті үркер жерге түскен соң, қырық күн жерде тұрып, одан соң қайтадан көкке көтеріледі екен.

Мүшел жануарлары өзара кеңесіп: «Үркердің жерге түскен мезгілі — (мамыр, маусым айлары) жан-жануарларға жайлы мезгіл. Үркер көкке шыққан соң күйіс кетеді. Әрқайсымыз бір айдан кезектесіп Үркерді басып, көкке шығармай қояйық», — десіпті. Тышқан бір ай басып тұрыпты. Кезек сиырға келгенде, сиыр оқыралап кетіп, Үркерден айырылып қалыпты. Сонымен Үркер жерде қырық-ақ күн тұратын болып, қыс ұзарып кетіпті.

### **Үшарқар – үш ірі жұлдыз**

Бірінің артынан бірі созылып тұрған үш ірі жұлдыз — шұбап бара жатқан Үшарқар, оған көлденең тізіліп тұрған «қиқымдай» Шайтантараз дейтін үш жұлдыз — Үшарқарды кезеп, атқалы тұрған Көгалдай мергеннің құрулы мылтығы. Оның оң жағындағы көкпеңбек жұлдыз — Көгалдай мергеннің «Көкшақпағы». Шақпақ — үлкенірек көк жұлдыз, шақпақ десе, шақпақ. Ол Үшарқардың бүйірін ала тұрады. Үшарқардың ар жағындағы үлкен қызғылт жұлдыз — арқарлардан әрі өтіп кеткен мергеннің қызарған оғы.

Түн қараңғысында манағы құрулы мылтықтың ауыз жағын ала бұрқеткен түтін тәрізді күңгірттеу теңбіл байқалады. Ол мергеннің мылтығының түтінінен пайда болған. Үшарқардың соңғысы — кішірек. Оны мекиені (ұрғашысы) дейді.

## Айдың бетіндегі қара дақ туралы

Ертеде бір кісінің әйелі өліп, артында бір ұл, бір қызы қалады. Әйелі өлген кісі басқаға үйленіпті. Өгей шеше балаларға күн көрсетпейтін болыпты. Бір күні екі баланы жеті түнде өзеннен су әкелуге жұмсайды. Балалар ойнап кешігіп қалса, өгей шешесі: «Құрып қалғыр, бұл балаларды Күн бе, Ай ма, біреуі алып кетсін!» — деп қарғапты. Бұл қарғыс құлағына жеткен Күн мен Ай аспаннан төмен қарай сорғалап түсіп келе жатады. Оны байқап қалған ұл өзен жағасына барып тығылып, Күн оны таба алмай қалыпты. Ал Ай бір қолымен талдан ұстап, екінші қолымен иығындағы шелегі бар иінағашты ұстап тұрған қызды тұтас көтеріп түгелімен алып кетіпті. Содан әлгі қыз талы, иығындағы шелегі бар иінағашымен айдың жүзінде қара дақ болып тұрып қалыпты дейді.

## Хансұлу

Хансұлу қызын туысымен қараңғы темір үйге тығып қойыпты. Оған тек бір кемпір ғана қызмет етеді екен. Қыз бойжетіп, кемпірден қайда барып жүргенін сұрағанда, ол: «Жарық дүние бар, қызым, сонда барамын», — дейді. Қыз сол жарықты көрсетуін өтінген соң, кемпір оны алып шығады. Жарық сәулені көрген соң, қыздың басы айналып құлапты. Содан жүкті болыпты. Мұның бәрі күн нұрының киесінен болған. Сондықтан да белгілі бір жасқа жеткенше күн көзіне көрінуге тыйым салынған.

## Даланың сәулесі

Ерте заманда бір ханның жалғыз қызы болыпты. Хан Түн теңізінің ортасына үй салдырып, жанына қырық қыз күтуші беріп, қызын сол Түн теңізінің ортасындағы сарайға қамапты. Бұл жерге тірі жан келтірмей, қызды далаға шығармай, ай, күн нұрын көрсетпей, әрқашан қараңғы қапаста ұстапты. Күндерде бір күн ханның қызы құса болып, сарай алдына шығып жүретін қыздарға: «Маңайда не бар, не көресіңдер?» — деп сұрапты. Қыздар: «Даланың сәулесі бар, одан басқа дәнеңе жоқ», — дейді.

Хан қызы: «Маған сол сәулені көрсетіңдер», — дейді. Қыздар сарайдың терезесін ашып, үйге сәуле түсіреді. Одан кейін кешікпей қыз екі қабат болады. Бір күні қыздың жүкті болғаны ханға естіледі. Хан жарлық беріп, қақпалы алтын қайық жасатып, қызын қырық қыз нөкерімен қайыққа отырғызып, өзен суына ағызып жібереді. Бұл өзеннің төменгі жағында елден қуылған Домбауыл мерген мен оның серігі Шаба-соқыр деген тұрады екен. Шаба-соқыр қырық шақырым жерден көреді екен.

Суда қалқып келе жатқан қайықты алыстан көріп, оны Домбауылға айтады. Алтын қайық ағып, бұлардың қасына таянғанда, Шаба-соқыр сыртын, Домбауыл ішін алмақшы болады. Қайық қалықтап, бұлардың қасына келгенде, Домбауыл мерген Шаба-соқырға: «Қия атайын ба, кесе атайын ба?» — дейді. Шаба-соқыр: «Қия ат», — дейді. Домбауыл мерген қия атқанда, садақтың оғы алтын қайықтың қақпағын жұлып түсіреді. Сондықтан Шаба-соқырдың ұрпақтары «Қият» деп аталатын болады. Алтын қайықты ашып қараса, қырық қыз нөкері бар бір сұлу қыз отыр екен. Ол қызды Домбауыл алып, үйіне қайтады. Алтын қыз босанғанша қасына Домбауылды жолатпайды. Кейін одан Тәңірберді — Шыңғыстың атасы туады.

### **Есекқырған**

Зат тиелген шаналарға есек жеккен керуен үдере көшіп, жолдағы бетке қонады. «Шолпан туып қалыпты», — деп, шығыстан келе жатқан жарық жұлдызды көріп, өзгелерді шатастырған керуен иесі жолға түсіп, тартып береді. Күн суытады, керуен жолдан адасады. Жылы жерден шыққан есектер суыққа шыдамай, қырылып қалады. Осылайша жарық жұлдыз есекті қыруға шыққан «Есекқырған» жұлдыз аталады.

### **Ажағай киесі жайында**

Ажағай (нажағай немесе найзағай) — Көк Тәңірінің құдіретті қолбасы батыры. Ол Жасаған Тәңірінің жарлығы бойынша от найзасын үйіріп, жазайыл садағын кезеп, жазалау жорығына аттанады. Жер-көкті күңіретіп, садақ тартып, Тәңірінің тағдырына қарсы шыққан қаскөй құбыжықтарды, албастыларды атып, төбесінен жай түсіріп жайратады.

Күркіреген күн — оның тартқан садағы, жерге түскен жасын (жай) — оның садағының оғы. Ажағайдың атқан оғынан қашқан албастылар қайдағы лас орындарды, бойы мен жүрегі таза болмаған адамдарды паналаған. Мұндай жағдайда албастыға атқан оқ оларды да ала кетеді.

### **Аспандағы жұлдыздардың баяны**

Аспандағы жұлдыздар ақ реңді, кішкене-кішкене болып көрініп тұрады. Асылы, олар тас екен. Бұл тастар Әзірейіл шайтан жер жүзіне келгеннен кейін пайда болыпты. Себеп неде? Жын-шайтандар бір-бірінің үстіне шығып, періштелердің айтқандарынан бұл ғаламда болып жатқан ғаламаттарды естіп алып, мұндағы бақсыларға келіп айтады екен. Кейбіреуі рас айтады. Үстіндегілер астындағыларға жалған айттып келіп тұрады екен. Сол үшін Алла Тағала аспанға тастарды жұлдыз

қылып таратты. Әлгі жын жиылып, аспанға шыққан халде періштелерге: «Жұлдыз тастан алып ұрасың!» — деп, бағзы уақытта аспаннан жерге қарап, жұлдыз ұшып атылады. Қайсы уақытта жын-шайтан аспанға шықпақшы болса, періштелер жұлдыздан алып ұрады, аспаннан жұлдыз атылғанының мәнісі сол. Бұл сөзге дәлел сол: Ағұзу биләхи минәш шайтан ир рәджим болады. Алла Тағала шайтанды екі дүниеден қуалаған-ды. Рәджим дәргар<sup>1</sup> болғаны. Яғни дар әл бақи ол дүниеден һәм дар әл-фәни бұл дүниеден қуалағанға дәлел-дүр. Жын-шайтандар аспанға шығып, бағзы жалған сөздерді адамзатқа айтпасын деп...

Аспанда бір жұлдыз бар, аты — Темірқазық. Сол Темірқазық мұтлақ<sup>2</sup> қозғалмайды, бір жайда тұрады. Басқа жұлдыздар қозғалып жүреді. Әлгі Темірқазықтың атырабына жақын екі жұлдыз бар: бірін Ақбозат, бірін Көкбозат дер. Олар Темірқазықты айналып жүреді. Ақбозат һәм Көкбозаттың атырабына жақын жеті жұлдыз бар, әлгі жеті жұлдызды «Жетіқарақшы» дер. Аттарды алмаққа пайлап жүрген дер. Бұл Жетіқарақшы Ақбозат, Көкбозатқа жетіп бара алмайды, атрабында айналып жүреді.

Аспанда Үркер деген бір топ жұлдыз бар. Сол жұлдызды қазақтар «Қыз» деп атайды. Бағанағы Жетіқарақшының бірі Үркердің кішкентайын қасына алған, оны Үркердің сіңлісі дер. Жетіқарақшы ұрлап алған дейді. Баршасы көрініп тұрады, әуелден бар-ды. Аспандағы жұлдыздар түнде көрініп, күндіз көрінбейді. Не себеп десеңіз, күндіз күннің шұғыласымен көрінбейді, күн батқан соң, түнде көрінеді, әлбетте, бұл сөз анық. Ал енді жоғарыда баян болған жұлдыздардың суреті һәм дүниенің атраптары бағзы кітапта һәм болады.

### **Көк күмбез шырақтары туралы**

Ертедегі қазақ қауымы көк күмбез астында тіршілік еткен әрбір адамның тағдыры осы көк күмбез шырақтарына байланысты болады деп сенген. Көк аспанда жайнаған әрбір жұлдыз — жер жүзінде жасаған әрбір адамның тағдыр шырағы. Бұл шырақ (жұлдыз) жанса, адам тіршілігінің шілде шырағы жанады. Оның жұлдызы жоғары болса, бақ-талайы жоғары болады. Істеген ісі өрге басып отырады. Жұлдызы төмендесе, бақ-талайы төмендейді. Салымы қайтады. Істеген ісі өрге баспайды, еңістей береді. Сағы сынып, еңсесі түседі. Кімде-кімнің жұлдызы оңынан туса, барлық ісі сәтті болады. Түтіні түзу ұшады. Құт қонып, бағы жанады. Жұлдызы солынан туса, ілгері басқан аяғы кейін кетеді. Бағы тайып, қырсық шалады. Жер бетіндегі бір адамның көк күмбезіндегі шырағы өшсе (жұлдызы ақса), оның өмірі де өшеді (қайтыс болады).

<sup>1</sup> Дәргар /парсы/ — керек, қажет; іске жарайтын.

<sup>2</sup> Мұтлақ — таза; анық.

Ашық түнде келе жатып көк аспаннан аққан жұлдызды көргенде, тұла бойы шымырлап, түршігетін болған. Олар аққан жұлдызды әлдекімнің өмірінің өшкендігі, «су ішерінің таусылғандығы» деп біліп, ырымдар істеген. Аққан жұлдызды көргенде: «Менің жұлдызым жоғары! Менің жұлдызым жоғары! Иә, Жасаған, сақтай көр!» — деп, ішінен күбірлеп, жалбарынып сиынған.

Жер жүзіндегі барлық зат сияқты көктегі жұлдыздар да от, су, топырақ, жел — төрт нәрседен жаралған. Сол себепті адамдардың жұлдызы әр алуан: біреуінің жұлдызы — от, енді біреуінің жұлдызы — су, біреуінің жұлдызы — жел, тағы біреуінің жұлдызы топырақ болады. Адамдардың мінез-құлқындағы әркелкілік — ауыр-жеңіл, кең-тар, шапшаң-сылбыр, қатты — жұмсақ, жайдары-қиқар, салмақты-ұшқалақ т.б. мінез-құлық әр адамның өзіне тән жұлдыздың табиғатына тәуелді болады.

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста жұлдызы бір-біріне қарсы адамдар, яғни от жұлдызды адам мен су жұлдызды адам шығыса алмайды. Бір-бірімен өш болып келген адамдарды: «Бұлардың жұлдызы қарсы, өмір бақи жараса алмайды», — дейді. Татулығы жараспай жүрген ерлі-зайыптылар жөнінде сөз болғанда: «Бұлардың жұлдызы жараспайды», — деседі.

## Көк бөрі

Батыстағы теңіз жағасында тұратын Хун ордасының бір бөлігі Ашын елі еді. Хун ордасынан таралған осы тармақты Линь мемлекетінің әскері жойып жіберген. Сол кезде тек жалғыз ғана он жасар бала аман қалыпты. Оны жаулары аяқ-қолын кесіп, өлтірмей, өзенге тастап жібереді. Сол жерден кемтар баланы аналық Көк бөрі тауып алып, аяушылықпен оны күн сайын етпен тамақтандырып, аштықтан аман алып қалады. Бұл жайт Линь мемлекетінің билеушілеріне белгілі болып, олар Көк бөріні де, баланы да өлтірмек болады. Бірақ аналық Көк бөрі баланы аман алып шығып, Алтай тауының адам аяғы баспайтын түкпіріне алып кетіп, асырайды. Ол баланы өзінің апанында өсіріп, ер жеткізіп, әлгі баладан он бала туады. Аналық бөрінің бұл балалары бірте-бірте үлкен елге айналып, өзді-өзі бөлек тайпаға айналады. Аналық бөрінің кемтар баладан туған он ұлының бірін Ашын деп атаған екен. Бұл «аса қайырымды бөрі» деген мағына береді. Ол өзінің кереметтей ақылдылығымен басқалардан ерекше болғандықтан, оны ру басшысы етіп қояды. Енді ол өзінің бөрі анасының қайдан шыққанын көрсететін белгі ретінде қақпа алдына алтыннан жасалған бөрі басын ту етіп, іліп қояды. Ежелгі түркі билеушілері басқа елдің елшілерін осы бөрі басы бейнеленген туға тізе бүгіп, құрмет көрсеткеннен кейін ғана қабылдайтын болған.



## Ит елі

Баяғыда біздің әкеміз: «Бір жерде «Ит елі» дейтұғын ел болады екен, — деп айтушы еді. — Ол елдің адамдары күндіз адам болып жүреді де, кешке қарай ит болып кетеді екен. Түнімен ит құсап таласып, қыңсылап, ұлып, у-шу болып кетеді екен. Ал күндіз қайтадан адам қалпына келеді екен», — дейтін. Ол елге біздің әкеміздің әкесі жолаушылап барып қонған екен. Сонда жаңағы барған үйінің адамдары: «Ал, меймандар, жақсы жатып, демала беріңдер. Бірақ қорықпаңыздар, біз өзіміздің тамашамызға барып қайтамыз», — деп, үйден шығып-шығып кеткен екен. Олар кеткен соң біраз уақыттан кейін иттер таласып, шулап кетіпті. Кісілер жатқан үйлерінің терезесінен қараса, далада бір қора ит таласып, улап-шулап жатыр екен. Сол шу таң атқанша басылмапты. Ертесіне үйдің иесі меймандарына қарап: «Қалай, қорықпадыңдар ма, жақсы жаттыңдар ма?» — депті күлімсіреп. Сонда меймандары: «Түк ұйықтай алмадық, далада иттер өзара таласып, ырылдасумен болды», — депті жасырмай.

Сонда үй иесі тұрып: «Бізді «Ит елі» деп бекер атамаған ғой. Бізді Құдай осындай етіп жаратқан, оны айып көрмеңіз», — деген екен.

## Ай ата мен Ай апа

Жер бетінде ең алғаш жаралған адам Ай ата мен Ай апа екен. Бұл екеуі жер жаралған кезде лай су болып ағып жүріпті. Күндердің бір күнінде тау шатқалынан Тәңір жаратқан қалыпқа лай су толышты. Қалыпқа толған лай суды тоғыз ай, тоғыз күн бойы күннің нұры қыздырып, желдің лебі кептіріпті. Сол мезгілде қалыптағы лайға жан кіріп, Ай ата мен Ай апа орнынан тұрыпты. Содан Ай ата мен Ай апа қосылып, олардан өрбіген ұрпақ рулы елге ұласыпты дейді.

Ай апа мен Ай ата топырақтан жаралғандықтан, содан бері өлген адам жер қойнына көміліп, қайтадан топыраққа айналатын болыпты. Әрбір дүниеге келген адам шыр етіп туғанда, жаралған жерінің топырағы бұрқ ете қалады екен. Кейін бұйырған ғұмырын жасап, дүние салғанда, қай жердің топырағынан жаралса, сол жерге көмілу нәсіп болмақ. Қазақтың өлген адам туралы «топырақ тартты», «топырақ бұйырады» дейтіні, сөйтіп мәйіт үстіне бір шымшым топырақ салатыны сондықтан. Ал дүниеге келетін нәрестенің ана құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн болатыны, тау шатқалындағы қалыпқа түскен лай да күн мен желге тоғыз ай, тоғыз күн қақталған соң ғана бойларына жан кіргендіктен еді дейді.



## Жалаңаш баба

Ерте заманда Көк апа деген жалғыз әйел болыпты, оның жалғыз көк сиыры бар екен. Көк апа көк сиырын сауып, сүтін пісіріп, қаймағын түсіріп алып, айранын ұйытып қойған соң балшық илеп, әр нәрсені жасап отырады екен. Күндерде бір күн балшықтан бір ұл, бір қыз жасап қойыпты. Бір күні жалғыздықтан енді іші пысқан апа: «Жалғыз басым жалғыз сиырдың сүтін де тауыса алмадым. Балам болса, мына ашып бара жатқан қаймақты жеп, асып-төгіліп жатқан айран-сүтті ішер еді-ау!» — деп күңіреніпті. Сол сәтте Көк апаның көз алдында тұрған балшық балалар: «Апа, апа, мен ше? Ойбай, апа, мен ше?» — деп, жарыса тіл қатыпты. Бұл балшық балалар Көк апаның көз алдында тоғыз ай, тоғыз күн тұрып, бойларына жан кірген екен.

Көк сиырдың сүтін ішіп, ержеткен ұл аң аулап, құс қуып, Балшық батыр атаныпты. Бойжеткен қыз сиыр сауып, іс тігіп, Балшық бике атаныпты. Бұлар бір-біріне қосылып, үбірлі-шүбірлі болып, олардың ұрпағы рулы елге айналыпты.

Суыққа тоңып, ыстыққа күймейтін балшықтан жаралған «Балшық батыр» ылғи жалаңаш жүреді екен. Қартайып, жасы жеткен соң бір таудың үңгірін мекен етіпті. Ел-жұрт оны қадірлеп «Жалаңаш баба» деп атап, үнемі барып ақыл сұрап, батасын алып отырады екен. Күндерде бір күн кенеттен жаңбыр жауып, лайсаң сел қаптапты. Қысылған жұрт: «Жалаңаш баба, қолдай көр!» — деп сиыныпты. Жалаңаш баба белсеніп суға түсіп, ел-жұртты, олардың мал-мүлкін судан алып шығып, селден құтқарыпты. Бірақ өзінің балшықтан жаралған денесі еріп кетіпті де, жаны аққу болып аспанға ұшыпты.

itede bir pateca boldy. So pateca q  
 kitap sozini, qizim sozini bilimni  
 teru kiti boldy. Bir kuzi eskize qarag  
 kitabni asyp otoryanda <sup>korinike</sup> Sondaj adam  
 balasb qandaj sytirik bolsada, remet  
 kelejn dese oyaj ezen degen sozdi  
 tarap alade. Sonsoz "men ozim bir  
 sypta elai kitap turgan bilimim  
 artog manan ne remetlik bar"  
 deydi. Sytirik otoryanda korede  
 bz ayyaj egnadb. Bir oxir kelide  
~~pateca~~ bir marse kordim ne  
 exenim bilmejmn som pateca  
 korsetyrgi ketip bara qatormen  
 deydi. Pateca dalaga egnep qarasa  
 zarlap qanop <sup>lyot</sup> bara qatqanta ~~bit~~  
 koredi. Uxirge menib dyldilimdi  
 xel deydi. Uxir dyldilici xel di.  
 oqan miredide fuxta qurade.  
 otorynde. Pateca kelisi men surga tysip

Көңіліңе астамшылық алма.  
 Орталық ғылыми кітапхананың  
 сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (84-бума)



Суретші Е. Оспанұлы

# ХИКАЯЛАР

Хикая — халық өмірінде бар деп сенген неше түрлі жезтырнақ, үббе, албасты, жалғыз көзгі дәу, шайтан, пері, дию сияқты мақұлық-құбыжықтар туралы көне наным-сенімдерге негізделген әңгіме. Ол көне мифтің феодалдық қоғам кезіндегі өзгерген түрі болып саналады. Хикаяның танымдық қызметі басым болған сайын оның формасы қарапайымдалып, айтушының алдына тыңдаушыны сендіру басты мақсат етіп қойылады. Адамның көзге көрінбейтін басқа дүниенің өкілдерімен кездескені қиял-ғажайып ертегілерде қиял, әсірелеу деңгейінде баяндалса, хикаяда шын оқиға ретінде қабылданады. Бұл — хикая жанрына тән негізгі қасиет. Хикаяда эстетикалық қызмет негізгі, стильдік бейнелеу құралдары көркем болмағанымен, жанрлық белгілері өзіндік образдар жүйесімен, композициялық құралдармен сипатталады. Сюжеттік құрылысы, ондағы кейіпкердің суреттелуі, табиғаттың сипатталуы, тіпті айтушының жеке образы да хикаяның басты қызметіне бағындырылады. Халық арасында етек алған, көзге көрінбей-ақ өмір сүретін әртүрлі суиесі, тау иесі, жел иесі т.б. мақұлықтар бар деген тыңдаушының сенімін дәлелдеуге бағытталыады. Сондықтан хикая көп жағдайда куәлік сипатта болады. Ең алдымен жеткізуші баяндалып отырған оқиғаны өзінің немесе белгісіз адамның басынан өткен оқиғасы ретінде айтады.

Хикаяның сюжеттік мазмұнында қиял кездеспейді. Мұндағы өмір — қазақы тұрмыс-тіршілік. Мал баққан ел, аңшы мен малшы, жолаушылап жүрген адамдар, құдайы қонақтар т.б. Күнделікті, елең еткізер ерекшелік жоқ, кәдімгі сахарарадағы қазақ ауылының болмысы. Хикаяның жанрлық болмысы оның мазмұнына ғана емес, сонымен қатар айтылу ситуациясына да қатысты. Бірақ адамның басқа дүниенің өкілімен кездесуі өте құпиялы, тылсымды ғана емес, аса қорқынышты, тіпті тыңдаушысына үрей туғызатын әңгіме болып келеді. Ол әдейі, мақсатты түрде айтылмайды. Әңгіме-дүкен құрып отырған қауымның арасында сұраныс пайда болған жағдайға байланысты қозғалады.

Хикаяда мифологиялық құбылыстардың сырт пішіні де суреттеледі, бірақ көбінесе портреті емес, жалпы бейнесі, түрі, түсі, бет әлпеті туралы түсінік беріледі. Ол, бір жағынан, өзі көркемдікке қарай дамыса, екінші жағынан, басқа жанрлармен бір жүйеге байланыса, араласа өмір сүреді. Сөйтіп, ертегі жанрына жылдам ойыса бастады. Бұл ел арасында хикаяның біртіндеп азая беруіне де әсер етті. Алайда оның ыдырауын жылдамдатқан, ең алдымен, қоғамның алға дамуы және ислам дінінің халықтың ескі нанымдарына қарсы күресі болды. Бірақ осыған қарамастан, хикая жанры ел арасында өмір сүруін тоқтатқан жоқ, мүлде жоғалып кеткен жоқ.

Хикая туралы Х. Досмұхамедұлы, Ә. Қоңыратбаев, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, Е. Тұрсынов, Б. Абылқасымов, С. Қондыбай сынды ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында хикаялардың қолжазба нұсқалары әр жылдары жарияланым көрген басылымдарымен салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде таңдаулы үлгілері іріктеліп, ұсынылды.





## Есекмерген

Бір кісі өлер алдында артында қалып бара жатқан жалғыз баласы Есекмергенге өзінің басынан өткендерін айта келіп: «Балам, сен аң аулап жүріп жалғыз өзің орманға барма. Бара қалсаң, тақыр жердегі молаға түнеуші болма», — дейді. Баласы: «Мақұл», — дейді. Бірақ бала есейген сайын: «Әкем маған неге орманға барма дейді? Осы орманға барып, моланы, тақырды бір көрейінші», — деген ойға келеді де, бір күні садағын асынып, орманға келеді. Бала жас болса да батыр, құралайды көзге ататын мерген екен. Өзіне-өзі сенімді бала орманды емін-еркін аралап, құс атып алады, оларды пісіріп жейді. Ақырында орманда түнейді. Түнде үш ағаштың басын құрастырып, от жағып, жол қазанына ет асып отырғанда, қасына ұзын бойлы бір жезтырнақ келеді. Мерген жезтырнаққа ет береді. Бірақ ол берген етті алып, жей алмайды. Есекмерген етті аузына қасығымен салады. Ет жеп болған соң, жезтырнақ кетіп қалады. Жезтырнақ кетісімен Есекмерген оттың қасына бір томар ағашты әкеліп жатқызып, басына бас киімін жабады да, өзі бір биік ағаштың бұтағына шығып, жезтырнақты күтеді. Жезтырнақ мерген жатқаннан кейін ептеп келіп, жаңағы томар ағашты бассалады. Жезтырнақтың тырнақтары томарға шегедей қадалып, кіріп кетеді. Енді ол томардан тырнағын суыра алмай, әлек болады. Міне, сол кезде Есекмерген оны садағымен атып өлтіреді де, тырнақтарын кесіп алады. Сол түнді орманда өткізіп, енді моланы іздейді. Ақырында ол да табылады. Мерген атып алған аңдарын асып жеп, бір күні моланың жанына түнейді. Түнде тамақ жеп отырғанда баланың қасына таутайлақ келеді. Бала әуелде таутайлақтан сескеніп қалады. Бірақ артынша жүрек тоқтатып: «Бұның жаны тілінде болар, өйткені жалаған жерін ойып кетеді деуші еді», — деп ойлайды да, тілін кесіп алады. Сөйтіп таутайлақ та өледі.

«Екеуінен аман өттім, енді несіне қорқамын?» — деп, мерген тақыр жерді іздейді. Тақыр да табылады. Мерген бір түнді сол жерде өткізеді. Түні бойы ештеңе келмейді, Таңертең тұрса, айналасын биік тау қоршап қалыпты. Есекмерген таудан әрі де, бері де өте алмайды. Аласа жерін іздеп шығайын десе, жаңағы тау сілкініп қалады да, биіктеп кетеді. Ақыры тауға тіл бітеді.

— Сен — Есекмергенсің, мен — айдаһармын. Сенің батырлығыңды біліп, сені осындай айламен қолға түсіріп отырмын. Менің екі туысым бар еді. Біреуі — жезтырнақ, екіншісі — таутайлақ, ал сен оның екеуін де өлтіріп отырсың. Олар маған қиыншылық жағдайда көмек көрсететін еді, енді олар жоқ. Сен бұдан былай маған болысатын болсаң ғана еліңе аман жіберемін, — дейді. Есекмерген: «Жарайды, босатсаң, болысайын» — дейді. Жаңағы тау айдаһар болып, енді Есекмергенді өзінің мекеніне алып келеді. Келсе, айдаһар айтқандай, өзінен басқа тірі айдаһар қалмаған екен. Олардың бәрін басқа бір ордалы айдаһар жыл

сайын өлтіріп тұрады екен. Олар бүгін соңғы айдаһарға келіп, соны өлтірмекші екен. Бірақ бұған Есекмерген дос болып, енді екеуі бірігіп қарсы тұрады. Есекмергеннің қолында қылышы мен жезтырнақтың тырнағы бар. Осы екі қаруын кезек сілтеп, ордалы айдаһарларды қырады. Бұған көңілі толған жалғыз айдаһар Есекмергенге ат басындай алтын, қой басындай күміс береді. Есекмерген бұған ырза болып, елге қайтады. Ақырында елін де табады.

Есекмерген елден кеткенде оның артында жалғыз шешесі қалған екен. Ол баласын жатса да, тұрса да ойлайтын, көзінен сорасы ағып жылаумен жүретін. Ақыры баласы аман-есен келіп, шешесін қуантыпты. Сөйтіп, Есекмерген қызықты дәурен сүріп, бай болып, барша мұратына жетеді.

## Темір

Қыдырқожаның жылқысына ие болып жүрген Темір деген кісі болыпты. Бір жылы қыс қатты болып, жылқы тебіндей алмайтындай қауіп туады. Осы кезде Қыдырқожаның жылқысымен қатар тебіндегі жүрген киік үйірінің арқар мүйізді, өте ірі текесін атып алмақ болып, Темір жолдастарымен келе жатады. Киіктер тегісімен жусап жатыр екен. Келе жатқан адамдарды көрген киіктер шоқтай иіріліп, ежірейе қарап тұрады. Бастаушы текесі келе жатқандар жүз метрдей жер қалғанда алдынан шығып, олар тәмам жақындағанда оқтай тізіліп тұра қалады да, басын жерге салып, мойнын бір жағына бұрып жата кетеді. «Кессен, басым, міне» дегендей сыңай білдіреді. Сол жерде бұл көрініске қайран қалған Темір жолдастарына «Тимендер!» деген екен. Темірдің сол жерде қанша тұрғаны белгісіз. Теке келгендер мен Темірге екі көзін қадаған күйі тырп етпестен жата берген екен. Осы уақытта Темір өзінің туған жерін, бүкіл өткен өмірін көз алдынан өткізіп, туған жерін, басшысыз елін, талаудағы қамкөңіл халқын еске алып: «Мына текені атып алсам, үйірі талан-таражға түсіп, менің басымдағы, ел басындағы хал бұларға да келеді-ау», — деп, кері қайтып кеткен екен.

Қытымыр қыстың ызғары батып, жылқыны аман сақтау қиынға айналады. Темір қатты толғанады, аяқ жетер жердің халі мүшкіл.

«Япырмай, ана киіктің отары не күн көреді?» деген ойға қалып, отарды көріп қайтпақ болып келсе, киік үйірінің әкесі жоқ болып шығады. «Біреу атып әкетті ме?!» деген күдік те туады. Темірдің ойына ізге түссем деген ой келіп, ізге түссе, ешкім де келмеген, атпаған болып шығады. Текенің ізі ұзай береді. Сонда Темір жолдастарына: «Ал, мына теке жайылым, қоныс, тебін іздеп кетті. Егер ол тебін тапса, қайта келіп, мына үйірін ілестіріп кетеді. Солай болса, біз де олармен бірге сапар шегуіміз керек, әйтпесе, мына жылқыларды қыстан шығара алмауымыз хақ», — дейді.

Жолдастары да қуана құптап, текенің келуін күтеді. Бір күні байқауға барса, киік үйірінің орнын сипап қалады. Үйір маңайда жоқ дегенде, жылқышылардың қуанышында шек болмайды. «Мың қосшыға бір басшы» дегендей, Темір де тез жолдастарымен жиналып, мыңдаған жылқыны айдап, киік отарының ізіне түседі. Апталап жол жүріп, түтеген боранмен арпалыса, оңтүстіктің бір аймағына тұяқтары ілінеді. Әлі де киік үйірінің шұбырған ізі бітер емес. Бір күні шұбырған із қалың нудың ішіне алып кіреді. Күн де жадырап, жайылым да молая түседі. Жылқышылар қостарын тігіп, апыл-ғұпыл семіз тайды сойып, былбырап піскен етті алдарына ала бергенде, жұпыны киінген бір әйел есікті ашып, қарап тұрады. Үрпийсе қалған жылқышылар қапелімде тіл қатпайды. Темір әйелге «кір» деп бұйырады. Келіншек қосқа кіріп, босағадан әрі аспай отыра кетеді. Осы кезде Темір үшкір кездігімен ет турап, жеп отыр еді. Жарты метр шамасындай кездігінің ұшына үлкен, бөлек етті шаншып, келіншекке ұсынады. Келіншек жеңінен қолын шығармай, етті алып, босағада отырып жейді де, тіл қатпастан қайта шығып кетеді.

Ас желініп, әңгіме-дүкен үстінде Темір: «Ал, осы маңда ел болуы мүмкін, жортуылшылар мен қарақшылар да аз болмас. Жылқыға қатты күзет керек, бір адам ас пісіруге қоста қалсын, қалғандарың күзетке кетіңдер, мен өзім қарауылға тұрамын», — дейді.

Айнала тып-тыныш. Түн ортасы ауа қосты байқауға келіп, есіктен сығаласа, кешегі келген әйел ас пісіруші жігітті өлтіріп, етін отқа қақтап жеп отыр екен. Темірді көрген әйел екі қолын басынан асыра көтеріп, қанталаған екі көзінен от шашып Темірге қадала қарайды да, бүркітше қомданып тап береді. Темір аңдап та үлгірмейді, әйелдің қам-қарекеті мен қайратын байқамақ та болған шығар, алайда оқ жылаңдай бір атылғанда-ақ Темірдің үстіндегі қой терісінен тігілген тізеге жетержетпес тоны мен сыртындағы жадағай шекпенді қатар айырып түсіреді. Өзіне жармасқан әйелдің қолының тырнағы қара құстың тырнағынан бетер, нағыз жезтырнақтың өзі екенін байқайды. «Ал мұның жоқтаушылары кім болмақ?» — деген ойға келеді. Жолдастары әйелді өлтірмек болады. Темір әйелді шешіп жібереді, содан кейін біраз ізге түсіп еді, жігіттер: «Орманның қалың қойнауына кіретін із бар, оған атпен жүріп болмайды. Ал із таудың үңгіріне қарай ілгерілей береді. Іздің өзі — біресе түйе табан, біресе тағы да бір ұзыншалап келеді де, тағы бірде жоқ боп кетеді», — дейді. Сонда Темір тұрып: «Тек ізге түсіп келетін қарақшылар ғана болмаса, бұл маңда ел жоқ. Бұл жерде таутайлақтың да ізі бар. Ол да қауіпті. Ол кездессе, оған бір-екі адамның әлі келмейді. Сондықтан жылқыны кезектесіп күзетеміз. Қоста қалғандар да қарулы әрі сергек болуы керек», — деп түсіндіреді.

Талай қиыншылықты бастан кешірген Темір бесаспап қарулы жігіттерімен елге аман оралады.



## Жарас бақсы

Қолдарым еріксізден еріксіз қобыз іздейді. Менің Жарас есімді егде жастағы ағайыным бар еді, өзі ел ішіне атағы жайылған бақсы еді. Бақсылықтың бар құпиясын меңгеру мақсатында соған сапар шектім. Алыс сапарға ұзатып салып, Жарас бақсы ауылыма қайтарды.

Біздің ауылда Байбала деген қырғыз бар еді, ол Шаян уезіндегі Итемгеннің қырғызының қызын әйелдікке алды. Сол әйелі жаңа босанған еді. Осыдан кейін ол бір ауруға шалдығыпты. Албастылар тұншықтырып, буындыратын болыпты. Маған кісі жіберген еді. Келдім, келсем, өзімнің ұстазым Жарас бақсы да осында екен. Маңдайына қанжарын сүйеп, жерде жүрелеп отыр. Мені көріп басын көтерді, әрекетімнің сәтті болуына батасын берді.

Жаңа босанған әйелді қарағанымда, ол маған өлік тәрізденіп көрінді. Әйел етпетінен сұлап түсіп жатыр. Оның үстінде басы қазандай, еңгезердей бір мақұлық басып отыр екен. Бұл — албасты екен. Мен жақындап келдім де, оның басына қанжарымды сілтеп-сілтеп қалдым, бірнеше қайыра сілтедім. Албасты ырши түсіп, далаға қаша жөнелді, ол әбден көзден ғайып болғанша қуа бердім.

«Жаратқан ием, жар бола көр!» — деп, әйел ақырын үн қатып, тілге келді, көзін ашты.

Мен науқастың жанында үш күн болдым, сый-сияпатымды алып, ауылыма қайттым. Біршама күндер өткеннен кейін Байбаланың ауылына тағы да келдім. Қонуымды өтінді. Сөйтсем, әйелі екіқабат екен, тууына мерзімі жақын қалған көрінеді. Осы түні туып қала ма деп қауіптендім. Солай ойлауым мұң-ақ екен, әйелі толғатып, ұл туды. Албасты тағы да пайда болып, оны буындыра бастады. Маған көмектесуімді өтінді. Мен қанжарымды суырып алып, албастыны соғуға кірістім. Киіз үйден шығып бара жатып, албасты: «Сен маған тиісүінді қоймадың, енді ісім сенімен болсын», — деді.

Содан бері албасты Байбаланың әйелін буындыруын қойды.

Бірде ауылдың қатын-қалаштары отынға баруға жиналды. Әйелім: «Мен де барамын», — деді. Мен рұқсатымды бердім. Біраз уақыттан соң әйелімнің жанұшырған айғайын естідім. Үйден атып шықсам, әйелім келе жатыр, басының бет жағы артына қарай бұрылып қисайып кеткен. Бұл албастының менен алған өші еді. Әйелімді бірнеше күн емдеп жаздым.

«Егер жын-пері қағып, ақыл-есі ауысқан жанды дереу маған, менің бақсылық ойыныма алып келсе, ол тез сауығады. Егер уақытыңда келмей, үйінде жатып қалса, ауру ұзақ емделеді. Асқазаны ауыратын адамды қанжарыммен ішін жарамын, ондағы залалды-керексіз сұйықтарды алып тастап, ішкі құрылысын дұрыстап қайта тігемін. Науқас тез сауығады. Егер әйел туа алмай қиналса, жарып аламын, қайта тігемін. Менің

қазіргі құдіретім сондай, науқастың жанында болмай-ақ емдей беремін. Айталық, егер екіқабат әйелді албасты буындыра бастаса, мен оған тақиямды немесе қамшымды жібере саламын. Албастының қарасы батуы үшін осы да жетеді. Бұл кезде мен ойымша ауру жанның ауылында боламын, көзімді жұмған кезімде онда не болып жатқанын көріп отырамын. Оларға не істеу керегі жөнінде Алланың арқасымен науқасқа селбесін тигізетін ақыл-кеңес беремін», — деген екен.

### Қойлыбай бақсы

Бақсылардың атақтысы — Қойлыбай, ол — бақсылардың бақсысы әлде пірі. Тағы Балақай деген бар, ол да Бағаналылық. Қазіргі кезде Көкшетау округінде Шүмен деген бақсы бар. Көкаман мен Ер Шойлан — Қойлыбайдың жындарының аты. Ер Шойлан, басты жыны — Надыр-Шолақ. Ескілердің әңгімелеуінше, Қойлыбай бір үлкен бәйгеге қобызын қосып, жарыс басталатын жерге алдын ала қобызды бір үлкен сексеуілге байлатады. Бәйгеден келе жатқандардың шаңы көрінгенде, Қойлыбай қолына қылышын алып, бақсылық ойынын бастап, сарын айтады. Кенет бәйге аттары кеткен жақтан қатты дауыл тұрып, ысқырған қызыл жел соғады. Көп ұзамай дауылының ортасынан алғашқы аттар көріне бастайды, ал бәрінің алдында сексеуілді сүйреткен Қойлыбайдың қобызы келе жатады. Шаңды дауыл мен қызыл жел Қойлыбайдың Көкаман атты жынының күші еді. Өстіп Қойлыбай бас бәйгені алышты.

Әйелдер босанғанда Қойлыбай келіп отырса, албастылардың бірі де жоламайды екен. Қойлыбай албастылар иектейтін жерге бөркін немесе қамшысын жіберсе болғаны, ол жерге әртүрлі ыбылыстар мен албастылар жоламайды екен. Осы күнге дейін халық арасында Қойлыбайға байланысты мынадай бір аңыз бар. Қойлыбайдың маңдайына әжім түскен кезде, перілерінің бастығы — Надыр-Шолақ, ал жындарының бастығы — Көкаман, шайтандардың бастығы Шойлан еді деседі. Қойлыбай өзінің рухтарын бұлжымас темір тәртіпте ұстапты. Олар үш күрнен тұрады екен. Бақсыға қажет кезде жақсы қаруланған қол дайын тұрады-мыс.

Бірде Қойлыбайдың түсінде перілерінің бастығы Надыр-Шолақ келіп аян береді. Надыр-Шолақ: «Бірнеше күннен кейін бір әйел толғақанда албастылардың патшасы келеді, бақсының онда бармағаны жөн, себебі адамдарға жақсылық жасаймыз деп, барлық ыбылыс, албастыларды өшіктіріп алдық», — депті. Ерте тұрған Қойлыбай сөз арасында: «Жақын арада өте қатты толғақ болады», — деп айтыпты. Шынында да екі күннен кейін Қойлыбайдан көмек сұрап бір би шабарман жіберіпті. Қойлыбай тікелей келген ажал мен тағдырдың жазмышынан басқадан аман алып қалатынына ел сенетін-ді. Қойлыбайдың құдіретіне

сенген шабарман ауылына көңілді оралады. Қойлыбай қатты толғанады. Ол қатынның толғағына бармаса, қайдағы бір әлсіз албастылардан сескенді деп, беделіне кір келеді, ал барайын десе, Надыр-Шолақтың ескертпесін елемеген болады, өзіне қауіп төнеді. Бүкіл қазаққа белгілі Қойлыбайдың менмендігі ұстап, қатын толғатқан ауылға аттанады. Сол ауылға алдын ала кісі шаптырып, ауыр толғатып жатқан қатынның үйінің жанына екі жүздей кісі жинап, үйдің есігі мен түндігін ашып қоюды бұйырады. Екі күрен жындардан қол алып, басшылары Көкаман мен Шойланды бірге алып, Қойлыбай қатерлі сапарға аттанады. Бірақ Қойлыбайдың жанында Надыр-Шолақ жоқ еді. Надыр-Шолақ: «Қойлыбай тілімді алмады», — деп өкпелеп, бармай қалған-ды. Қойлыбай қатын толғатқан үйге жақындағанда ұрандап, жындарын шақыра айғайлайды. Қылышын оңды-солды сермеп, бар қаһарын төге, атаматымен үйге кіріп кетіп, шаңыраққа тесіле қарайды да, қылышын сермеп қалады. Қылыш шақыр-шұқыр етіп темірге барып тиеді... Осы кезде қалшылдап барып Қойлыбай да атынан ұшып түседі, бақсының аузы мен құлағынан қарақошқыл қан шапшиды. Толғатып жатқан қатын да есінен танып құлайды. Қойлыбай есін жиып, шаңыраққа қарағанда, албастылардың қара сауыт құрсанып, қара атқа мінген патшасын көреді. Албастылар патшасының үлкен маңдайындағы тостағандай жалғыз көзі жымыңдап: «Біз сені сыйлап, көп еркінсітіп жібердік, ең болмаса бір рет бізге ерік бер!» — дейді. Албастылардың патшасының қолында жеңістің тұғырындай үлкен қызыл ту желбірейді. Шаңыраққа қарай Қойлыбай қылышын сілтегенде, шақыр-шұқыр еткен албастылар патшасының мұздай құрсанған сауыттары еді. Сөйтіп, албастылар патшасы Қойлыбайды жеңіп, бір сәт масайрайды.

Қорыққан халықта ес-түс қалмайды. Қойлыбай болса денесінен қауқар кетіп, өлексеге ұқсап, далада жатып қалады. Үйдің іші-сыртын көк тұман басып, онан шыққан айғай-шу елдің үрейін ұшырады. Бұл Қойлыбайдың жын-шайтандарынан құралған күрені мен албастылардың жалғыз көзді патшасының ғаламат шайқасы еді. Одан соң қара арғымақ әуеде қалықтап, бір орында тыпыршып тұрып алады. Кенет алыстан соққан қатты желдің ысқырығы естіліп, аспанды шатырлатқан найзағай ойнап, бір үлкен бұлт жүйткіп кеп, үйдің үстіне төніп, ауаны қараңғылық басады. У-шу үдей түседі де, шатыр-шұтыр қатты дыбыстар естіледі. Содан соң қара бұлт батысқа қарай жөңкіле жөнеледі. Бұл келіп жеткен Надыр-Шолақ еді. Ол Қойлыбайдай сүйіктісінің қасіретіне шыдап жата алмапты. Қолдарына қарағай сапты найза ұстаған Надыр-Шолақтың таңдаулы жауынгерлері жұбын жазбай келіп, жалғыз көзді албастылар патшасының кеудесіне найзаларын сүңгітеді. Албастылар қашады қара бұлт ашылғанда, Қойлыбай айғайлап орнынан атып тұрып: «Айналайын Надыр-Шолақ, сенің құрбаның болайын!» — дейді. Қобызын тартып: «Оны тірідей ұстап, маған

алып келіндер!» — деп бұйырады. Осы кезде толғатқан қатын да өзі-не-өзі келіп: «Иншалла, тәуба!» — дегенге тілі келеді. Албастылар күйрей жеңіледі, ал патшасы қол-аяғы байланып, Қойлыбайдың аяғының астында жатады. Бақсы оны қызметке алып, албастылардың бастығы етеді.

### Бала бақсы

Бала бақсы мен Қанболат жолаушылап келе жатып, бір ауылдың үстінен түседі. Қырдан аса бергенде Қанболаттың қасындағы Бала бақсы атына қамшы басып, ауылға қарай құйындатып шаба жөнеледі. «Ойпырмай, мынаның тағы да жындары көтеріп кетті ме?» деген Қанболат бақсының құдық басында иінағашпен екі шелек су әкетіп бара жатқан келіншекке қарай беттегенін байқап, оның соңынан ереді. Оған ақыра ұмтылған бақсы су көтерген екіқабат әйелдің екі жауырынынан кезек-кезек тартып өтеді. Келіншектің «Алла-ай!» деуге ғана шамасы келіп, етпетінен құлап түседі. Ал бақсы болса, қамшысымен ауаны кезек сермеп, біреулермен қамшыласып, боқтап жүріп қыр асып кетеді.

Ештеңеге түсінбеген ел құдық басына жиналып қалады. Сүт пісірімдей уақыт өткенде ғана әбден шаршап, ентігіп, тұла бойын тер басқан бақсы да жетеді.

— Бақсы-еке, мұныңыз не? — деген жұртқа, болған жағдайды былай түсіндіріп: «Әлгі сайтан бұдан былай мына келіншектің маңына енді жолай қоймас. Өзі де біраз таяқ жеді», — дейді. Терін сүртіп болып: «Мен бір қырдан асып түсе бергенде, мойынағаш көтерген келіншектен басқа жан көзіме түспеді. Өзі екіқабат екен. Оның екі бүйірінен кезек-кезек теуіп бара жатқан екі сайтанды көре сала келіншектің соңынан шаба жөнелдім. Әлгі келіншекке байқаулы болыңдар. Біз кеткенше жақсылық болып қалар», — дейді бақсы ауыл адамдарына. Осыны айтып тұрғанда бір бала «сүйінші» сұрап келеді. Кейіннен келіншектің сол жолы қатты толғатқанын, екі бүйірі кезек шаншып, дем ала алмай, албасты басқандай қиналып келе жатқанын естіген жұрт жағасын ұстайды. Келіншек бақсының қамшысы тигеннен-ақ бойының жеңілдеп, өзінің маужырап, рақат ұйқыға кеткенін айтады.

### Тама Сарыбас мерген

Бір күні бір төбенің басына шыға келдім. Аяғымның астында бір торғын шатыр тұр. Айналасында құланның қодығы байлаулы жатыр. Бір жалаңдаған жас келіншек жылмаң етіп, шатырдан шыға сала маған жүгіріп келіп: «Жездеке, шатырға жүріңіз», — деп, қолымнан

жетектеп шатырға алып кірді. Ақ шымылдық құрулы, алаша төсек салулы. Бір сәулеш қыз отыр екен, ұшып тұра келіп, төсек үстіне отырғызды. Керсен тола қымызды алдыма әкеліп қойды. Бір астау етті алдыма қойып: «Керсен алдыңызда, кездік қолыңызда», — деп, келіншек шығып жүре берді. Етті жедім, қымызды іштім, қызды құштым. Аузымнан су ақты, маужырадым, қалжырадым. Ұйықтайын деп едім, қыз жалынып, «ағатайлап» ұйықтатпады. Мені ұйықтатпасқа әңгімеге кірісті.

— Ғайып ерен қырық Шілтен аңның бақташысы болады. Сіз бір түн ұйықтамасаңыз, осы шатыр барлық сайманымен басыңызда болады. Мен күндіз-түні қасыңызда боламын. Бір түнгі ұйқыңызды көтере алмай ұйықтап қалсаңыз, сіз маған жоқсыз, мен сізге жоқпын. Анау ел мені ит жеген арам астай көреді. Онан соң жалғанның жарық сәулесі екеумізге арам. «Жарайды, неге ұйықтайын?» — деген болдым. Өйткенмен бола ма, ұйықтап қалдым. Ояна келсем, сопайған өз басымнан басқа дәнеме жоқ. Аң аулаудан қалдым. Бір жыл есік күзетіп, тырп ете алмай қалдым. Бір жылдан соң басы қаралы, беті жаралы, құланға мінген бір келіншек өңгерген бесігін тастап жүре берді. Ішінде бір еркек бала бар. Сол баланың атын Қайыпберді қояды. Өсіп-өніп, оның жұрағаты «Қайыпберді тамамыз» деседі.

### Мерген мен баласы

Ертеде бір мерген болды. Сол мерген бір тоғайда от жағып, ет пісіріп жеп отырғанда, бір келіншек, үсті күміс екенін де, не темір екенін де білмеді, сылдырлап, тоғайдағы мергенге келіп, оттың бір жақ шетіне отырды.

Мерген жеп отырған етінен беріп еді, келіншек қолын көрсетпей, жеңімен алып жеді. Бұдан соң мерген еттің сүйегін мүжіп отырғанда:

— Асылды асылға салдың-ау, — деп, келіншек кетіп қалды. Мерген тұрып:

— Апырай, бұл бір пәле-ау. Бұдан қайтіп құтыламын, — деп, етін жеп, отын өртеп жақты да, адам бойы дәу шілегені әкеліп, от жанына жатқызып, үстіне шапанын айқарасынан жапты да, өзі таза жерге барып, мылтығын оқтап, дайындалып тұрды.

Аз тұрған соң баяғы келіншек ақырын келе жатқанын мерген көрді. Келіншек жақындап, қарқ-қарқ күліп, жатқан мергенді бас салады.

Өлтірдім ғой деп, қолын қайта тартып, жемек болып еді, қолы қайта шықпады.

— Ah-ha-ha... болаттан жаратылған адам екен-ау, бұған өткен менің тырнағым алмас екен-ау, — деп, келген залым келіншек күлді.

Бұл келіншек қуанып тұрғанда, мерген өкпеден алып, мылтыққа басты.

Келіншек өкпесінен оқ өтіп, жығылып жата кетті. Мерген келіп қараса, тырнағына жез киіп алған екен. «Ой, бір жалмауыз екен!» — деп, мерген тырнақтарын шығаруға тағат етпей, саусағымен қосып кесіп алды дағы, біреуі келіп қала ма деп, таң атқанша күзетті.

Таң атқан соң мерген атына мініп, тоғайдан шығып, тауға қарап келе жатып, бір сай қабағына шығып еді, үлкен бақ көрді. Бақтың көлеңкесінде өңкей құланның құлындары байлаулы тұр, үш отау тұр. «Бұл не ғажап!» — деп мерген таңданып, сол отауларға жақындап келіп еді:

— Күйеу келді, күйеу! — деп, қыз-келіншектер алдынан жүгіріп шығып, аттан көтеріп алып, екі қыз екі жағынан сүйеп, бір оңаша отауға әкеліп отырғызады. Түрлі тамақтармен, қымыздармен тамақ-сусындандырды.

Кеш батқан мезетте әдемі келіншек жаһанда сұлу бір қызды әкеліп:

— Күйеуің міне, осы қызды ұста, сенің әйелің, сүйген жарың осы, — деді де шығып кетті.

Мерген аң-таң болды. Әрі-бері ойланып отырып:

— Ей, сен маған әйел болғалы отырсың, манағы кезде қыз-келіншектер де «күйеу-күйеу» деп құрметтеді. Мен сендерге қайдан күйеу болдым? — деді.

Сол кезде қыз тұрып:

— Осы тоғайда бізге қас жалмауыз дәу бар еді. Сол жалмауызды күші келсе, біз өлтіріп, болмаса, бізді олар өлтіріп кетуші еді. Сонан өле-өле бір жалмауыз қалып, ұстатпай жүруші еді. Келсе, бізді өлтіріп кете беретін. Сонда әкем тұрып: «Осы жалмауызды кім өлтірсе, соған қызымды беремін», — деп еді. Сіз кеше сол жалмауызды өлтірдіңіз, енді сізге әкем мені берді. Мен сендікпін, сәулем! Біз — «Әшіреті әссәлам» деген жұрт боламыз, біз де өзіңдей адамбыз. Сонымен сізге біз бұйырдық, бірақ сен бүгін түнде ұйықтама, ұйықтасаң, менен ажырайсың, ұйықтамасаң, аман алып қаласың, — деді қыз.

Мерген:

— Мақұл, бір ұйқымды қияйын, — деп, қызбен ойнап-күліп жата берді. Таң қимыл берген мезетте мерген қалғып кетіп, көзін қайта ашып алып еді, үш отау да жоқ, қойнында қыз да жоқ, қыз-келіншек те жоқ, жалғыз қалды. Не істерін білмей атына мініп ары шапты, бері шапты, жерден жан адам көрінбеді. Мерген еліне қайта келіп, басқа ат мініп, тауға қайта іздеп жүреді.

Бір дәу құс келіп: «Е, мерген батыр, ішімде үш айлық балаң бар, енді алты айдан соң тоқсан жолдың торабынан тауып ал балаңды. Жақсылап күт, сол бала саған бақытты бала болып шығар», — деді.

Мерген алты ай толып қалды-ау деген кезде ел аралап: «Тоқсан жолдың торабы деген қайда?» — деп іздеді. Ешкім айта алмады, бір балгер тұрып: «Тоқсан жолдың торабы — базар, ар жағында көше бар. Сол жерде балаң», — деді.



Мерген базарға барып еді, баяғы көрген құсы: «Е, мерген, бері кел, балаңды ал, — деп, торменен баланы мергенге тастады. — Жақсылап күт балаңды. Жақсылап күтсең мұратыңа жетесің, — деді. — Мерген, қош енді», — деп, құс жайына ұшып кете берді. Мерген баланы алып, еліне келіп, жақсы асырап, жасынан молдаға берді. Бала жеті жасқа келгенде, патшаның жақсы көретін бірінші уәзірі өлді. «Уәзірлікке кім жарайды?» дегенде: «Мергеннің баласы жақсы, сол жарайды», — деп, мерген баласын уәзір қылды.

Бір күндерде хан өлді. «Хандыққа кім жарайды?» — деп жар салғанда, «Сенімді уәзірі — мерген баласы жарайды», — деп, жұрт мерген баласын хан сайлады.

Мерген баласы үйленіп, ел билеп, мергенді мұратына жеткізеді. Сол уақта мерген «бақытты балам — Бақытбай» деп атын қойды. Бұдан бұрын баланың атын не деп қоярын білмеуші еді.

### Пері қызы мен шашты Әзіз

Бірде алыс-алыс патшалықта өмір сүріп жатқан жас әрі ешкімге ұқсамайтын батыр, балаң жігіт шашты Әзіз құс атып, шомылып қайтуға көл жағасына келіпті. Көл жағасына жақындай бергенде, жас арулардың күмістей сыңғырлаған күлкісін естиді. Қамыс арасынан баспалап келіп қараса, о керемет, ай десе аузы, күн десе көзі бар төрт ару шомылып жүр екен. Солардың ішінде біреуінің сұлулығы сондай, күлсе, күн ашылып, бүкіл көл жағасындағы көк құрақтар қоса күліп жатқандай көрініпті. Мұндай сұлулыққа тәнті болған шашты Әзіз әлгі қыздың көл жағасында жатқан киімін білдіртпей алып кетіп, тығып қояды. Көп ұзамай сыртқы қауіпті сезінгендей төрт қыз үркектей басып жағаға шыққанда, өздеріне есі кете қадала қарап тұрған жігітті көреді. Сөйтсе, бұл төрт қыз перінің қыздары екен. Бір қарағанда, үсті-басын түк басқан жігіттің түрі қорқынышты болса керек, үш пері қызы көйлек-қанаттарын тез киіп, ұша жөнеліпті. Тек төртінші — ең сұлу қыз амалсыз көл жағасында қала береді. Пері қызы Әзізге: «Киіміңді бер, бар тілегіңді орындаймын, бірақ мені қоя бер», — деп жалынады. Әзіз қызға көңілін білдіріп, оның сұлулығының алдында бас иіп, пері қызына: «Маған жар бол», — деп, ғашықтық сырын айтады. Қыз келіседі. Бірақ үш түрлі шарт қояды. «Бірінші шарт — ешқашан мен басымды жуып жатқанда шашыма қарамайсың, екінші шарт — ешқашан менің қолтығымның астына қарама, үшінші шарт — мен аяғымды жуып жатқанда башпайларыма көз салушы болма. Осы үш шарт бұзылмаса, біз мәңгі бақытты ғұмыр кешеміз», — дейді. Бұл үш шартқа шашты Әзіз келіседі. Сөйтіп той жасап, ол пері қызына үйленіпті. Күндерден күн өтіп, бір күні Әзіз аңнан қайтып келе жатып, көл жағасындағы көлең қамыс арасынан әйелінің киімдерінің үстінен шығады. Бойын қызығушылық билеп,



келіншегін баяғыдай, көл бетінде ақ сазандай шолпылдатып шомылып жүргенінде бір көргісі келеді. Жасырын келіп қамыс арасынан қараса, о тоба, әйелі көл жағасында шашын шеке сүйегімен қоса шешіп, қолына алып жуып отыр екен. Мынаны көргенде дүниенің бәрін ұмытқан шашты Әзіз таң-тамаша болып тұрып қалады. Жуынып болған келіншегі оны байқап қалып, қатты ренжіп: «Әзіз, сен уәдеде тұрмадың, бірақ мен бір жолға кешемін, тек енді қалған шарттарды бұза көрме, өзің бақытсыз ғұмыр кешетін боласың», — деп ескертеді. Тағы да күн артынан күн өтіп жатады. Бірде ел аралап, шаршап қайтқан Әзіз қараша үйіне кіріп келсе, әйелі суға түсіп жатыр екен. Осы кезде ойламаған жерде келіншегінің қолтығының астына көзі түсіп кетеді. Қараса, міне керемет, келіншегінің қолтығының асты үңірейген қуыс екен. Бұл да пері қызына тән жұмбақ қасиеттің бірі еді. Пері қызы шашты Әзіздің өзінің қолтығын байқап қалғанын сезеді де, қатты қапаланып тұрып: «Асыл жарым, біз о баста үш шартты бұзбасқа серттескен едік. Бірақ сен серт шартын екі рет бұздың. Енді үшінші рет кешірім жоқ, осыны жадыңда ұста», — деп қатты ескертеді. Бірақ жазмыштан озмыш жоқ демекші, бір күні шашты Әзіз әйелінің аяғын жуып отырған сәтінде үстінен түсіп қалады да, оның башпайларына еріксіз көзі түседі. Сөйтсе, әйелінің аяғында екі саусағы ғана бар екен. Бұл — пері қызына тән үшінші қасиет еді. Шашты Әзіздің келісім-шартты үшінші рет бұзғанын сезген пері қызы: «Амал қанша, мен саған о баста ескертіп ем. Енді мен саған жоқпын, ең соңғы айтарым, ішімде балаң кетіп барады. Мен сенің балаңды Қойкент деген шаһардың қасындағы қалың шеңгелге тастап кетермін, сол арадан табасың, қош бол!» — деп, құсқа айналып ұшып кетті. Шашты Әзіз құлай сүйген махаббатынан айырылып, аһ ұрып, көп қайғырып, ақыры баласын тауып алып, осы жерді мекен етіп қалған екен. Ол баласының атын Парпария қойыпты, одан Қарақия туылыпты. Қарақиядан аты бүкіл қазаққа мәшһүр батыр Едіге туылады.

### **Бабатүкті шашты Әзіздің пері қызына үйленуі**

Бағзы заманда Баба Ғұмар деген кісі әулиелік қылып жүрген шағында бір қызға көзі түсіпті. Баба Ғұмардың көзі түскен қыз Құдайдың құдіретімен жүкті болып қалады да, ұл туады. Ұлына Бабатүкті шашты Әзіз деп ат қояды.

Баба түкті шашты Әзіз жиырма бес жасқа келгенде әулиелік жолға түседі. Бір күні Ағұн (Бұл кейде Ніл дариясы деп те аталады. Әсілі, Ағынды өзені болса керек) дариясының жағасынан алтын шашын алдына алып тарап отырған аруды көреді. Бабатүкті шашты Әзізді байқап қалған қыз дереу терең суға сүңгіп кетеді. Оның артынан әулие де сүңгиді.

Дарияның түбінде қаз-қатар тізілген алпыс ақ отауды аралап жүріп, әлгі ару қызды тауып алады. Ол өзі күн десе көзі бар, ай десе аузы бар,

үстінен жұпар иісі аңқыған, бұлықсып бойжеткен перінің қызы екен. Бабатүкті шашты Әзіз қызды көріп, көңілі тояды. Оны өзіне де қимай, келген жерінен кері қайтып кеткісі келсе, перінің қызы әулиенің етегінен тартып жібермейді. Ол: «Егер мені алмай кетсең, он бестегі күнәмді мойныңа жүктеймін!» — дейді. Бабатүкті шашты Әзіз: «Олай болса, мен сені алайын», — дейді келісіп.

Екеуі үйленіп, некесін қидырады. Некелескен күні перінің қызы Бабатүкті шашты Әзізге: «Мен етігімді шешкенде аяғыма қарамайсың, көйлегімді шешкенде қолтығыма қарамайсың, басымды жуғанда шашыма қарамайсың», — деп шарт қояды.

Күндердің күнінде Бабатүкті шашты Әзіз әйелінің етігін шешкенде аяғын көреді, ол ешкі тұяқты екен. Көйлегін шешкенде, қолтығына қарайды, қолтығының астында өкпе тәрізденіп қанат көрініп тұрады. Шашын жуғанда бас терісін сыпырып, алдына алып жуады екен. Мұны сезіп қойған әйелі: «Әулие, шарт бұзылды, мен енді сенің қасыңнан кетемін, ішімде алты айлық ұлың бар. Мені енді іздегеніңмен таппайсың. Балаңды Ағұн дариясының жағасындағы Құмкент шаһарының маңына тастап кетемін. Өзің іздеп тауып аларсың», — дейді. Осыны айтады да, перінің қызы аспанға ұшып кетеді.

Бабатүкті шашты Әзіз пері қызынан туған перзентін іздеп, Ағұн дариясының жағасындағы Құмкент шаһарына келеді. Шаһар маңынан жібек жөргекке оралған баласын тауып алады. Баласына Едіге деп ат қойып, оны бағып-қағып өсіреді. Әкелік парызынан құтылған Бабатүкті шашты Әзіз баласы Едігені ержеткен соң, Ноғайлы жұртының ханы Тоқтамысқа әкеліп табыстайды да, ел-жұртының алдында көзден ғайып болады.

### Бабырдың сәуегейлігі

Жуасбай деген арғын баласы жоқтықтан әбден тарығыпты. «Бабыр — әулие, соның дұғасымен Құдай бала берер» деген үмітпен үйімен көшіп, Бабыр ауылына қосылып отырыпты. Екі-үш жыл өткенде, бала нышаны білінбеген соң: «Мұнан ешнәрсе болмады ғой, басқа бір әулиеге барайын», — деп, бір күні үйінен шығып жатқанда, Бабыр келіп: «Жуасбайым, қайда қайттың?» — депті. Сонда ол: «Бабеке, мен бір жоқ қараған адаммын ғой. Жоғымның осы жерден бір дерегі бола ма деп келіп едім, болмаған соң, тағы бір аты шыққан төбенің біріне барайын деп едім», — депті. Сонда Бабыр: «Ол баратын жеріңнің Құдайына сәлем айт», — депті. Жуасбай: «Ол жердің Құдайы басқа ма?» — депті. Бабыр: «Ендеше қайда барсаң да сиынатының осы Құдай болса, отыра бер», — депті. Жуасбай дәмеленіп, үйін қайта тігіпті. Бабыр Жуасбайды шақырып алып: «Маған келінді көрсетші», — депті. Жуасбайдың әйелі түрүлі есіктің алдынан анадай жерден өткенде, Бабыр назар салып қарап:

«Шыда, келіннің өзі тым қатып қалған екен, сөйтсе де бір жыл шыдашы, Құдай құр қоймас», — депті. Артынан бір жылға толар-толмаста әйелі бір ұл тауып, атын Қаңтарбай қойыпты. Бұл бала жүріп жүргенде қорасан жарасы шығыпты. Бабыр нашарлап жатқан баланың басына келіп отырып: «Иә, Құдай, осы бала үшін мен бір баламды құрбан қылдым, соны алып, мұны қалдыр», — деп, жылап дұға қылыпты. Сонан кейін ауру бала тәуір болып, бір жетінің ішінде Бабырдың Аққұлжа деген баласы өліпті.

Сол Жуасбайдың тұқымы қазір Бабыр ауылында бар, олар «Бабыр тұқымы емессің» деген адаммен төбелеседі екен.

### Гайып ерен қырық Шілтеннің өмірге келуі

Гайып ерен қырық Шілтеннің тікелей өмірге келуіне әл-Фарабидің тетелес замандасы, арабтың аса көрнекті ғұламасы әл-Ғазали себепші болыпты. Ол он үш-он төрт жасында Үндістаннан арабша білім іздеп шығады. Әкесі бір соғыс кезінде Үндістанға қашып барған араб екен. Арабияны өз отаным деп есептейді. Жолда керуені қырық қарақшыға жолығады. Ақша талап етеді. Керуендегілер ақшасын жасырады. Әл-Ғазали бір тиынын қалдырмай қалтасынан шығарып береді. Таңырқап, есебін сұрайды. «Анам: «Құдайдан қорық, адам баласына қиянат жасама, өтірік айтпа, адалдан мал тап», — деген. Анамның өсиетін орындап тұрмын», — дейді. Бұл сөз қарақшыларға қатты әсер етеді. «Мына қаршадай бала тегін болмауы керек. Біз Құдайдан қорықпаймыз, адамдарға қиянат жасаймыз, өмір бойы өтірік айтып, арамнан мал тауып жүрміз. Кішкентай бала құрлы бола алмадық-ау», — деп, өзара күңкілдеседі. Бәрі ақылдаса келіп, әл-Ғазалиден бата сұрайды. Батасы қолма-қол қабыл болады. Керуендегілердің көз алдында әлгі қарақшылар құс сияқты пыр етіп ұшып кетеді. Содан бастап «Гайып ерен қырық Шілтен» атанады. Оқиғаның болғанына мың жыл тола қойған жоқ.

Бұқар облысының Тамды, Кенимех, тағы басқа аудандарында белгілі болып, осы ғасырдың басында бір ишан өмір сүріпті. Неге екені белгісіз, орыс десе аза бойы қаза тұрыпты. Жүрген жерінде үнемі жиіркене отырып жамандайды екен. Бір топ орыс солдаттары ишанның ауылына сау ете қалыпты. Бір мәселе бойынша бүкіл ел жиналыпты. Көрген бойда ишан солдаттардың үлкен басшысына басы аяғына жеткенше иіліпті. Бұл әрекетін әденеше қайталапты. Солдаттар кеткеннен кейін халық ишанды ортаға алады. «Сіздің оныңыз не? Орысты өлгенше жамандайтын едіңіз. Жаман солдаттардың бастығына басыңыз жерге жеткенше иілдіңіз де қалдыңыз. Түсінбедік», — десіпті. «Құрметті халқым-ай, мені орысқа иілді дейсіздер ме? Жоқ, олай емес, орыстың шылауында жүрген Гайып ерен қырық Шілтенге иіліп едім. Бұл өкімет ұзақ жасайтын болады. Енді қарсылық көрсетпей, қызмет ете беріңдер», — депті. Өзі де бұрынғы әдетін тастапты.

Қармақшы ауданында да көзі қарақты біреу Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Ғайып ерен қырық Шілтенді көріпті. Жүріп келе жатқан паровоздың дөңгелегін жан сала итеріп, тезірек жылжуына көмектесіп барады екен. «Ой, Алла-ай, — депті әлгі кісі. — Ақ жүректерді (большевиктерді) Құдай да қолдайды екен. Біз пендешілікпен жамандайды екенбіз. Енді бейімделуіміз керек. Өкіметке қарсы тұру Құдайға қарсы тұрумен бірдей», — деп, жүрген жерінде насихат айтыпты.

### **Икрам ишан мен молдалар**

Бірде Түркістан қаласында діндар адамдардың арасында шарифат мәселесі жөнінде дау туыпты. Оны шешу үшін сол қалада тұратын бір байдың үйіне бір күнді белгілеп, ишан, молдалар тегіс шақырылады.

Айтылған күні келуге тиісті адамдар түгел жиналады. Бірақ Сырдың ар жағында тұратын Икрам ишан әулие уақытында жетіп келе алмады. Сонда отырғандардың біреуі: «Қашанға дейін осы қазақ ишанға қараймыз, мәселені шеше берейік», — дейді. Екінші бір адам: «Жоқ, ол кісі келмей әңгіме бастағанымыз болмас, біраз күтейік», — дейді.

Арада шамалы уақыт өткенде даладағы хабаршылар ишанның келе жатқанын айтады. Адамдар әудем<sup>1</sup> жерден алдынан шығып, қарсы алып, қошеметтеп үйге кіргізеді. Ишанның қасында екі-үш кісі бар екен. Ертерек келіп, байдың төріне мамық жастыққа жантайып жатқан молдалар қазақ ишанды менсініңкіремей отырғанымен, ол есіктен сәлем беріп кіріп келгенде орындарынан қарғып тұрып, Икрамға төрден орын берген екен. Меймандар мәселені шешіп тарасқаннан соң, үй иесі әлгі шіреніп отырған молдадан: «Икрам ишанды менсініңкіремей отыр едіңіз, ол келгенде енді неге ұшып тұрып, төрдегі орныңызды бердіңіз?» — деп сұрапты.

— Тұрмауға болмады. Сендерге көрінбеген болар, екі иығында екі жолбарыс аузын ашып тұр екен, — депті.

### **Марал ишан мен дуақан**

Атақты Марал ишан Балымкүл әжемнің әкесі Боранбайға он жас шамасындағы бала кезінде мынадай керемет көрсетіпті. Балымкүл — Сағындық әкемнің туған жеңгесі. Боранбай Марал ишанның рулас жақын-жуықтарының бірінің баласы болса керек. Атының артына мінгізіп алыпты. Жаз айлары екен, қатты ыстықтапты. Жол ортасына келгенде: «Балам, аспаннан жаңбыр жауғызайын ба?» — депті. Бала: «Жаудырыңыз, әке!» — дейді. Бір кезде суық жаңбыр құйып береді.

<sup>1</sup> Әудем — аса қашық емес, тиіп тұрған жер.

Бала дiрдектеп тоңа бастайды. «Қойдырыңыз, әке!» — деп жалыныпты. Жаңбыр тыйылады. Қараса, Марал ишан да, оның аты да су болмаған, шық тимеген. Жаңбыр жеке өзіне ғана жауыпты. Боранбай кезінде осы оқиғаны жүрген жерінде жыр етіп айтып жүріпті.

Әкем Сағындық: «Дуақандардың екі кереметін өз көзіммен көрдім», — деп айтып отыратын. «Бір бұтаны алақаныңа сал, топыраққа айналдырамын», — дейді. Салып отырдым. Көз алдымда дұғасымен ағаш топыраққа айналды. «Қолыңдағыны шашып жібер», — деді. Топырақты шашып жібердім. «Енді қолыңды жұмып отыр», — деді. Күбірлеп дұғасын оқи бастады. «Қолыңды аш», — деді. Қарасам, әлгі бұтаны қысып отырмын».

Екінші көрген кереметі мынадай екен. Бір үйде үлкен отырыста болыпты. Араларында үлкен дуақан отырыпты. Жұрт қолқалап: «Бір өнеріңді көрсет», — деп қоймайды. «Рұқсат етілмеген нәрсеге мені қинай бермеңдер» — десе, тыңдамапты. Отырып-отырып амалсыздан: «Ана кебістеріңді тасбақа етіп, өзді-өзіңе жіберейін», — дейді. «Мақұл», — деп бәрі келіседі. Дұғасын оқиды. Кебістер тасбақаға айналып, өз иелеріне қарай тарбандап жүре бастайды. Жұрт шошып: «Құрт мына бөленді», — дейді. Дуақан дұғасын қайтарады. Рақаттанып күлісіп, мәз болып қалады.

Сол дуақан айтыпты: «Мен өмірімнің ішінде бір сөкет іс істедім. Ойымнан еш кетпейді. Бұқар қаласында орыс тектес біреуді ұстап алдым да, есекке айналдырдым. Көзі ғана өзгермей, адамдық қалпында қалады екен. Оны мініп алып, Тамдыбұлаққа жақын маңға дейін келдім. Қайтадан адамға айналдырдым. Бейшара есінен танып, қайдан шығып, қайда тұрғанын білмеді. Тастадым да кете бардым. Ел таба алды ма, әлде таппай өліп қалды ма, біле алмадым. О дүниеде алдымнан шығатын үлкен күнә жасадым. Теріс дұғаларды үйренгеніме пұшайманмын», — депті.

### **Көксоқта мен Жайылма көлі**

Бала бақсының жасы жетпістің үшеуіне келгенде өзінің құрдасы Қанболатты шақыртып алып: «Құрдас, мені тыңда! Биыл қыста мен бұл дүниеден өтермін. Бірақ келер жылғы көксоқтаға дейін не аспанда емеспін, не жерде емеспін, соны түсіне алмай отырмын», — деп жылайды. Жұрт кеше ғана жүгіріп жүрген бақсының не айтып тұрғанын түсінбей дал болады. Күздің күні толассыз қатты жаңбыр жауып, елдің берекесін алады, арты қарлы боранға ұласып, ақыры үскірік аязға айналады. Бақсы осы тұста дүние салып, ауыл арасының қатысы түгілі, мал жұтап, адам баласына аяқ алғысыз жағдай туады. Ағайындары бақсының мәйітін ақ киізге орап, қыс бойы сөреде сақтайды. Бақсының денесін көксоқтада Жайылмаға апарып жерлейді.

Бақсы жатқан жерде бұрын су шықпайды екен. Балалары кезінде әке өсиетіне қарсылық айтып: «Әке, бұл жерден су шықпайды, біз сусыз жерде қалай кірпіш құйып, қалай бейіт саламыз? Одан да анау Қаракөлдегі «Қалабайдың» маңын айтсайшы, ең болмаса бір су шығатын жерді айт», — деп жалынады. Бақсы өз айтқанынан қайтпайды: «Балам, алдымен мені сол жерге қойыңдар, сол жылы-ақ ол жерде көшкен ел өте алмайтын көл пайда болады. Осы көлден жылқы жүзіп жүріп су ішетін болар. Қамысының биіктігінен атты адамның бойы көрінбес, көл беті үйрек-қазға толар. Суында қабықсыз «қара балық» пайда болар, оның семіздігінен көзің тояр, бірақ адам жемесін, елге соны айтыңдар», — дейді соңғы рет.

Бақсының айтқаны келіп, сол жылы бақсыны қойған жердегі қырдан тасыған қар суы өзекті толтырып, Жайылманың бойында көл пайда болады. Қамысынан адам көрінбейді, жылқылар ортасына жүзіп барып су ішті, суда қабықсыз «қара балық» пайда болды. Неге екені белгісіз, қазақтар сол балықты осы күнге дейін татып алмайды.

### **Хәкім ата мен Қызыр**

Хәкім атаның анық есімі — Сүлеймен. Балалық шағында мектепке бара жатқанда басқа балалар сияқты құранды мойнына аспай, қолымен астынан ұстап, құрметпен алып жүретін. Мектептен шыққанда да бетін мектепке қарай, артын үйге қарай беріп қайтатын. Бір күні Қожа Ахмет Ясауи мешіт табалдырығында отырған кезде оны көреді, баланың әлгі әрекеті ұстазға ұнап қалады. Қожа сөйтіп баланың әкесі мен анасының ризашылығын алып, Сүлейменді құран оқыту үшін жанына алады. Он бес жасқа келгеннен кейін Қожаға шәкірт болады. Бір күні Қызыр (әлейкумсәләм) Қожаға қонаққа келеді. Қожа тамақ пісіру үшін шамалы отын әкелуге балаларды жұмсап жібереді. Отын әкеле жатқанда қатты жаңбыр жауып, отынның бәрі су-су болып қалады. Сүлеймен ғана киімін шешіп отынды орағандықтан, ол әкелген отын құрғақ болады. Соның арқасында басқалар әкелген отын да жанады. Қызыр (әлейкумсәләм) отынның неге құрғақ болғанын Сүлейменнен сұрайды, бала себебін айтып береді. Қызырға бұл жауап ұнайды. Балаға: «Бұдан былай атың Хәкім болсын», — дейді де, аузына түкіреді. Сүлейменнің іші нұрға толады. Қызыр: «Қане, тұрма, рухани нәр шығар», — дейді. Хәкім ата сол мезеттен бастап хикметтер мен өлеңдер айта бастайды.

### **Жәңгір төре мен бақсы**

Бір жылы есімі бүкіл қазаққа белгілі Жәңгір төренің тоқалы босанып, ұл табады. Есірген төре үш жүзге сауын айтып, той жасайды. Үш



жүздің баласының басы қосылған үлкен тойға алтай-қарпық баласы тегіс қатысады.

Жәңгірдің өз басын төре дегені болмаса, ол өте бай әрі сері адам екен. Тойға өзге Алтай балаларымен бірге, қобызын сүйретіп Бала бақсы келеді. Қобызын күңіреніп тартып отырған бақсыға менсінбей қараған төре: «Ал, бақсым, мына ат жарысына сен не қосасың? Мүмкін мына қобызыңды қосарсың?» — деп кекетеді. Төре сөзі өтіп кеткен бақсы: «Онда тұрған не бар? Қоссам, қосамын», — дейді шамданып.

Төренің керемет бәйге аты бар еді. Бақсының қобызынан сескенген ол, ат шабатын баланы оңаша шақырып: «Егер де ана қобыз соңыңнан қалмаса, ыңғайы келсе, ұстап ал да бір жерге байлап кет!» — деген нұсқау береді.

Айтқандайын, үш жүзден қосылған бәйге аттары күншілік жерден жіберіледі. Жәңгірдің жүйрігінің маңынан бақсының қобызы да қалыспай ілеседі де отырады. Мазақ қылғандай, жүйрік шапса, қобыз да соңынан безілдей ұшып, аяңдаса, бір орнында қалықтап, баланың соңынан бір елі қалмайды. Жәңгірдің аты өзгелерден көп ұзап, жеке-дара шыққан болатын. Қобыз ызыңдап соңынан қалмай қойған соң, қалың тоғайдан өте бергенде бала бір ыңғайын тауып қобызды ұстап алады да, қыл арқанмен шандып, Нұраның жиегіндегі биік теректің түбіне байлап кетеді.

Алыстан шаң көрінеді. Қыр басында дүрбі салып тұрған сәуегейлер бір-бірінен асып, мәреге бір жарым шақырым қалғанда, алдымен Жәңгірдің торысын көреді, екінші, үшінші, төртінші аттардың да аттарын атап, түстерін түстеп, бір-бірінен сүйінші сұрап жатады. Кенеттен Жәңгірдің аты тулап, үстіндегі бала тақыр жерге ұшып түседі. Оның соңында келе жатқан аттар да жан-жаққа бытырай қашып, үстіндегі иелеріне бой бермей тулап, пысқырынып, өз бастарын сауғалап, жан-жаққа қашады. Тек қана көкте қалықтаған биік терек ұшып келе жатады. Ел аң-таң. Мәре сызығынан бірінші болып өткен, бұтағына қобыз байланған әлгі терек Жәңгірдің дәл алдына кескен теректей болып гүрс етіп құлайды. Жәңгір есінен танып, біраздан соң барып басын көтергенде, қасына бақсы келіп: «Ал, төрем! Бас бәйге қобыздікі, екінші бәйге бұтақтікі, үшінші бәйге діңгектікі, төртінші бәйге тамырдікі. Жіберген бәйгелеріңнің бірі мәреден өтпегендіктен, барлық бәйгені жиып-теріп маған бересің», — деп отырып алады.

Жәңгір төре өзінің жеңілгенін мойындап, ат-шапан айыбы есебінде қысырақтың үйірі бастаған жылқы малын, тайтұяқ алтын-күмісін, тоғыз түйеге тоғыз түрлі дүние мүлкін артып беріп бақсыдан әзер құтылады.

Жәңгірдің тойы бір ай шамасына созылады. Бірде қобызын күңіреніп отырған бақсыны шақыртып алып: «Ал, бақсым! Білгіш болсаң, айта қойшы. Осы мен қашан, неден өлемін?» — деген сұрақ қояды.




— Төрөм, өзің сұраған соң айтайын, қоймадың ғой. Сен осы сөз өз аузыңнан шыққаннан бір жыл өткенде аштан өлесің, — дейді.

— Осы сен не сандырақтап отырсың, бақсым? «Білгір-білгір» дегенде тым бөсіп кететінің жаман-ау! Басқа ірі қара мен ұсақ-түйекті қоспағанда, бір өзімде он жеті мың жылқы бар. Күніне бір малдан сойып жегенде де менің ырзығым он жылға дейін таусылмайды, — дейді Жәңгір ашу шақырып.

— Оның сырын өзім де білмеймін. Әйтеуір сенің келер жылы аштан өлетінің анық, төрөм. Ол аурудың сырын мен емес, бір Алла ғана біледі, — дейді де, бақсы атына мініп жүре береді.

Бақсы айтқандай-ақ, көп ұзамай Жәңгір төре бұрын-соңды қазақ даласына естілмеген, қазақтың көзі көрмеген «қылтамақ» деген ауруға шалдыққан. Ол — қылтамаққа ұшыраған ең алғашқы қазақ. Бақсының айтқаны келіп, ақыры бір жылдан соң Жәңгір аштан өледі.





Мерген мен баласы.

Орталық ғылыми кітапхананың  
 сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (122-бума)

1 Есекмерген.

2:9938,1


№ 563

Балада бир келі өчөп алмада  
артында башы бараткан жалпы балам  
Есекмергенге өзүнүн басылган өткөн  
түңгүрүгөсүн жортоңдоп, балам сен  
жалпы жүйө орманга барып, таңыр  
жерге барып, Молата барып танышы  
болма? дейди. Балам маарайың деп мен  
берген жүйө айткан аңызда армандай  
жүрөдү. Бирокта келген сайын бул экин  
маарай не айтты ошонун, башы түркө  
түрткөнү күнү болар ошонда. Ошол экин  
айткан арман, Молата таңыр жерге  
барсам күйгөдү деп ерем деген жандыктар  
он ертіпей, Садырдын асманга жүйө жүрөп  
кетеді. Балам маарайың да башы, кырмай-  
дың, көзүңөн тийгизетин мерген болуу  
сондоктан өткөн өзі келип ол жалпы  
жүрөккүчү болады. Жолдо алдарын алып  
орман ирдеп азыркында бир орманга  
келет. Келсе арман ичинде алдар  
жүрөдү Ош алдарды алып азыр келет  
Ол ошол атырып ошолун. Күй ошол

Есекмерген.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнөр институтының  
қолжазба қоры (124-бума, 6-дәптер)





Суретші Қ. Асқаров

# АҢЫЗДАР

Аңыз — бір мекеннің, жергің, болмаса бір елдің, тайпаның, рудың ауызекі шежіресі, жекелеген аймақта болған оқиғаның баяны. Бұл санаттағы туындылардың түптамасы ежелгі ру-тайпалық кезеңнен бастау алатыны аңғарылады. Оны рулардың шығу тегін баяндайтын шежірелер мен тайпааралық соғыстар туралы көмескі әңгімелер айқын айғақтайды. Аңыз тарихи шындық пен фактінің негізінде қалыптасады. Бірақ тарихи дерек әр дәуірдегі айтушылар мен тыңдаушылардың түсінік-пайымына, ұғымына байланысты өзгеріп отырады. Аңызда өмірге болған елеулі оқиғалар, ертеректе өткен тарихи тұлғалар мен белгілі бір жер-су, мекен-қоныс туралы баяндалады. Онда аздаған қиял бар, бірақ ертегі мен әпсана-хикаяттағыдай көркемделмеген. Мазмұнында қандай да бір кереметтік, ғажайыптық сыр болмайды, шынайы өмірден сырт фантастикалық кейіпкерлер көрініс бермейді. Аңыздың басты ерекшеліктерінің бірі — баяндалатын оқиға ұлттық сипатта өрбіп, жергілікті жерге, халыққа байланысты ғана әңгімеленеді. Ертегідей тұрақталған, бір типті, көп шығармаларға тән сюжеттік композиция болмайды. Халық прозасының өзге жанрларына қарағанда, аңыздың танымдық қызметі айқындау болып келеді. Аңыз ауызша тарағандықтан, шығу тарихының ұзақтығынан, таралу барысындағы көркемдік элементтердің әсерінен баяндалатын оқиға көмескі тартады, түрлі нұсқалары пайда болады.

Фольклортанушы ғалымдар жалпы аңыздарды тарихи және топонимдік деп екі жүйеге түсіріп, өзге жанрлық түрлерін осылардың шеңберінде қарастырады. Оның негізгі себебі, аңыздардың бойында бірнеше жанр тоғысады және көпшілігінде тарихи оқиғалар қамтылады. Олардың арасынан тарихи, топонимдік аңыздарды, шежіре мен күйге байланысты халық туындыларын айрықша атап өтуге болады. Тарихи аңыздарда ел оқиғалары мен фактілері көркем жинақталып, айтушының ой-тұжырымына, арман-мүддесіне сәйкес баяндалады. Онда қазақ елінің көп ғасырлық өмірінің ең елеулі кезеңдері туралы әңгімеленіп, мәліметтер беріледі. Халық прозасының өзге жанрлары сияқты саналы түрде көркемделмейді.

Топонимдік аңыздар тарихи оқиғамен, соғыспен байланысып, солар өткен жер-су, тау-тас, өзен-көл, мекен суреттеліп, оқиға баяндалады. Кейде топонимдік сарын мен нақты тарихи оқиға араласып келеді. Шежірелік аңыздарда қазақ халқының шығу тегіне, қалыптасуына, рулық-тайпалық құрылымына, басқарылу жүйесіне т.б. байланысты оқиғалар қамтылады. Күйге қатысты шығармаларда оның тууы белгілі оқиғаға, тарихи тұлғаның басынан өткен жағдайына тығыз байланыста әңгімеленеді.

Аңыз туралы М. Әуезов, С. Сейфуллин, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, Ә. Марғұлан, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, Е. Тұрсынов, Б. Абылқасымов, А. Пангереев, А. Әбсадық т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында аңыздардың жарияланымдары сирек қорлардағы түпнұсқаларымен салыстырылып, таңдаулы үлгілері іріктеліп алынды.



## ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАР

### Абыралы

Белдеуден ат кетпеген, аттан тоқым түспеген жаугершілік заманда елі мен жерін қаһарлы дұшпаннан қорғай білген Әлі деген қазақ батыры өмір сүріпті. Батырдың атағының халыққа тарағандығы сонша, оның атын естігенде жаулары қылышын қынынан суыра алмай, безгек ұстаған адамдай қалт-құлт етеді екен.

Күндердің күнінде жоңғарлар қазақ еліне басып кіреді. Жау шапқанда батыр қалай жайланып жатсын, қол жинап Әлі де атқа мінеді. Екі жақтың әскерлері бір биік таудың етегінде кезігеді. Үш күн, үш түнге созылған қырғын шайқас болады. Әбден қалжыраған жасақшылар төртінші күн дегенде жекпе-жек сайысқа кіріседі. Жоңғар әскерлерін бастап келген Әбір деген батырға Әлі қарсы шығады. Күн арқан бойы көтерілгенде басталған жекпе-жек күн ұясына қонғанша созылады. Жекпе-жектің жалғасын ертеңге қалдырып, қостарына қайтып бара жатқан кезде қалмақтың батыры Әбір Әліні сұр жебемен атып өлтіреді. Өзегін намыс өртеген батырдың қарындасы Гауһар ерттеулі тұрған атқа міне салып, қалмақ батырын соңынан қуып жетіп, басын қылышпен шауып түсірген екен. Басшылары қаза тапқан екі жақтың әскерлері шайқасты кейінге қалдырып, еліне қайтады. Екі батырдың сүйегін биік таудың баурайына жерлейді. Сөйтіп сол таудың аты қос батырдың атымен «Әбірәлі», кейінірек «Абыралы» болып аталып кетеді.

### «Адамтас» туралы аңыз

Жаугершілік заманда елін жау шапқанда қырық шақты сарбаз көп жаумен соғысып, жаудың көптеген жауынгерлерін өлтіріп, соққыға жығады. Бейбіт ауылды шапқыншылықтан аман алып қалу үшін түйеге жүктерін артып көшіріп, өздері жаудың алдын тосқауылдап, соғыс жүргізеді. Соғыста жаудың қолынан шығынға ұшырап, ақыры жаудың қысымына шыдай алмай қашады. Жау жер қайысқан қолмен қуып, бәрібір жететін болған соң, жаңағы қырық батыр Құдайдан тілек тілейді. «Е, Алла! Бізді жау қолына түсіріп қорлағанша, денемізді тасқа айналдырып, өзімізге жәннаттан орын бер», — деп жалбарынады. Алла олардың тілегін беріп, денелерін тасқа айналдырып, қалың жаудың қорлығынан құтқарыпты. Міне, ел арасында осындай аңыз бар. Сол сияқты ел арасында кең тараған аңыздың бірі «Нұх пайғамбардың кемесі» туралы.

Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрттың басына тоқтағанын есіткен Қазығұрттан биік тұратын өзге таулар қызғаныштық жасап, жойып жіберу үшін жер бетіндегі су тартыла бастаған кезде ұрысқа шығады.



Өзіне қауіп төніп келе жатқан Қазығұрт тауы өзінен төмен орналасқан Бағаналы тауына: «Сен анау Ордабасы басшылық ететін ағайындарға хабар бер», — деп бұйырған екен. «Мені құртып жіберу үшін келе жатқан жаудан құтылуға қол ұшын беріңдер», — деген екен.

Қазығұрт тауы бұларды былай деп шақырған екен:

Ордабасы ұлыма айт,  
 Қызылсеңгір қызыма айт,  
 Әлімтау мен Қойлыққа айт,  
 Ешкі менен Зарлыққа айт.  
 Бағаналы, Маңсарға айт,  
 Қайтарыңда жаңдай досың  
 Қыңыраққа айт!

Сырдарияның ар жағындағы тауларды көмекке шақыру үшін айғай салып жұмсайды. Қара ниетпен келе жатқан таулар Қазығұрттың бұл шақыруын есітіп, Қазығұрт жалғыз емес екенін біліп: «Егер бұл шақырған таулар мен төбелер көмекке келсе, бізді жеңіп кетуі мүмкін», — деген екен. Сөйтіп, Қазығұртта Нұх пайғамбардың кемесі тоқтағаны жайдан-жай емес екендігін, бұл Алланың әмірі екенін біліп: «Оныменен соғысып, береке таппаспыз. Алланың қаһарына ұшырап, атағымыз бен абыройымыздан айырылып қалармыз», — деп, жөніне кеткен екен.

### Айғырұшқан

Ілгері заманда осы таудың етегін әрі бай, әрі би бір кісінің ауылы мекен етіпті. Сол байдың қасиетті бір айғыры болыпты. Айғыр ел шетіне жау, ұры-қары, ит-құс келгенін күні бұрын сезіп қояды екен.

Бірде әлгі айғыр етекте жайылып жүрген үйірін таудың басына қарай дүркіретіп қуып, жықпыл-жықпыл жартастың арасына бой тасалатады да, өзі кері шауып кеп елге белгі береді. Арқырай кісінеп, үй-үйді айнала шапқан жануардың қылығын жаманат хабарға жорыған бай тез арада жігіттерін жинап, қимыл-әрекетке әзір тұрады. Расында алыстан шаңғытып жаудың қолы көрінеді. Киелі Қылқұйрықтың дер кезінде тілсіз-ақ ұғындырған хабарына риза болған бай айғырын мейірлене басынан сипап, үйіріне қайтарады да, өздері атойлап ұрысқа кіріседі.

Бейбіт жатқан елді қапыда басып аламыз деген жау күтпеген қарсылыққа ұшырап, сол жолы ойсырай жеңіледі.

Тек бір өкініштісі, жаудың қаскөйлігіне буырқанып, ашу-ызадан жанары тұманданған айғыр таудағы үйіріне қайтып бара жатып, қатты шапқан екпінін тоқтата алмай, биік құздан құлап өледі...

Сөйтсе, үйір қалған қойнауудың кірер жағы тегіс те, әрмен биіктеп барған сайын ұшар құзға айналады екен. Сондықтан да айғыр ұшқан жартас «Айғырұшқан» атанып кетіпті.

## Айкүміс

Айкүмісті бірі бай қызы, бірі кедей қызы деп айтады. Айкүміс атының бұлай аталуының өзіндік себептері бар.

Айкүміс дүниеге келер алдында мал бағып жүрген әкесі далада от жағып отырады. Сол кезде айдың сәулесімен бір нәрсе жарқ ете түседі. Бұны көрген малшы: «Алтын тапқан екенмін-ау», — деп қуанышқа бөленеді. Бірақ жаңағы нәрсе сол мезетте ғайып болады. Сонда малшы: «Е, әйелім босанып, қыз бала тапқан екен. Ендеше оның атын Айкүміс қоямын», — дейді. Ондағы ойы: «Қыз болса да, ел-жұртты таңғалдырған, толған айдай сұлу, қараңғы түнде жол көрсеткен айдай жолбасшы, ақылды болсын. Менің қызым күмістей сыңғырлаған күлкіден айырылмасын», — дегені екен.

Бірақ жазмыш жолы қатал. Айкүміс сұлу әке-шешеден ерте айырылады. Жетім қызды бай тоқалдыққа алмақшы болады. Қыз болса: «Бұл қорлықтан тек қана анам құтқарады», — деп, далада қалған анасының мәйітіне жол шегеді. Шаршап-шалдығып жеткенде жетім қыздың әлдәрмені бір-екі ауыз сөз айтуға жетіпті. Сондағы айтқаны:

Алуан да алуан жүйрік бар,  
Тұлпардан туған шұбар бар.  
Тыңдасаңыз, айтайын,  
Бір-екі ауыз сөзім бар.  
Шешекеме шығарған  
Базардан алған жез оймақ,  
Шешекем еді гүлжайнақ (ақкөңіл).  
Қасыңа келіп зарлаған  
Өзіңнен туған боз тайлақ.

Міне, осыны ғана айтып, қыздың демі үзіліпті. Бұл жер сол қыздың айтпақ жұмбақ ойымен жұмбақ күйінде «Айкүміс» аталып қала беріпті.

## Ақбикеш

Ерте заманда бір әмірші болған екен. Оның Ақбикеш деген қызы болыпты.

Жаугершілікте елдің ер-азаматтары жорыққа кеткенде елге жау шауып, малдарын барымталап кетеді. Алып кеткен малды қайтарып алу үшін Ақбикеш қол бастап шығады. Екі жақтың болжаушы балгерлері бар екен. Ақбикеш қуып жете алмайтындығын білген соң, балгерден ақыл сұрайды. Сонда ол: «Сендер аттарыңды теріс ерттеп, жауға қарсы шабыңдар», — дейді. Сонда жаудың балгері: «Енді олар жете алмайтындығын біліп, кері қайтты. Осы жерді паналап, демалайық», — дейді. Аналар да келісе кетеді. Солай жатқанда Ақбикештер келіп қалады. Сөйтіп жылқыларын аман-есен алып қайтады. Бірақ сол жерде

Ақбикеш ауыр жараланып, қазаға ұшырапты. Қыздың құрметіне сол жерді «Ақбикеш» деп атаған екен.

### Ақбота–Сәңкібай

Осы өңірді жайлап отырған ауылдағы байдың Ақбота деген сұлу қызы болған деседі. Оған жарлы, батыр жігіт Сәңкібай ғашық болған. Ақботаны айттырып қойған жігітіне беретін күннің белгіленгені жөнінде елге хабар тарайды. Сәңкібай атын дайындап, құса болған көңілін жұбатып, бір тәуекелге бет бұрады. Ақботаның отауын торып, кездесудің сәтін қарастырады. Ақботаға жолығып сөз байласқан Сәңкібай малды, күйлі тектен шыққан жігіттің келер күнінің жақындар сәтін күтеді. Егер іс шыныменен солай шешілетін болса, Сәңкібаймен келісілген байламға бекінеді. Жеңгелері арқылы Ақбота ағаларына, әкесіне айттырған жерге бармайтындығы жөнінде, сүйген жігіті барлығын айтып, қалыңмал берген жігіт жағын тоқтатуды өтінеді. Мәпелеп өсірген жалғыз қызының тілегін Байдалы әке түсінгенмен, даланың ру-жекжаттық дәстүрдегі қатаң заңы мен қатыгез тәртібінен аттай алмайды. Шешім солай келісілген. Қол алысқан құдаға екі айтып, елге қарабет бола алмайтынын айтқан әкесі бетінен қайтпайды. Сонымен межелі күн де таянады. Құдалар ауылға келіп, қыз алудың жоралғысын жасап, сый-сияпат басталады. Осы шақтың ойын-сауық араласқан тұсында Сәңкібай Ақботаны алып қашады. Қос атқа мінген екеу жусанды даланы бетке алып, қараңғы түннің қойнына сіңеді. Ауылда осы сәтте абыр-сабыр басталады. Құдалар жағы: «Қалыңдығымызды тауып бермесендер, адайлардың сүйегіне таңба боларлықтай іс істейміз, — деп шіренеді. — Қызы айтқанға көнбеген бұл не деген бейбастақтық!» — деп мұқатады.

Байдалы ағайын-туыстарын жинап: «Қызды тауып, Сәңкібайды алдыма алып келіңдер!» — деп ашуға басады. Қыздың содыр ағалары 20-30 жігітті жинап, іздеуге шығады. Ел төңірегіндегі жыра-жықпылдан ештеңе тастамай тінткілейді. Іздеушілерден бой тасалаған Ақбота мен Сәңкібай жасырына келіп, осы биіктің басына өрмелеп шығады. Екі-үш күн ас-сусыз қалжыраған екі жас биіктің ұшар басына шығып, туған жердің шетсіз-шексіз жазығына көз тастайды. Осы дала төсіндегі жүректердің бостандығына қалқан болған, қаймағы бұзылмай тұрған феодалдық құрылыстың заңына көздерінен жасы сорғалап тұрып лағынет айтады. Бұл кезде қуғыншылар да биікті жан-жағынан қаумалап жақындап қалса керек-ті. Құтқармасын білген қатыгездіктің қолына түсіп, азап көріп ажырасқаннан мәңгілік бірге болғанды жөн көрген екі жас құшақтары жазылмаған күйде биіктен төмен құлдилаған екен. Етекте жансыз жатқан денелердің қасына келген қуғыншылар тірі еместігіне көздері жетеді.

Елдің шешімі бойынша екі жастың денесі осы биікке арулап қойылған екен деседі.

## Ақмола

Баяғы заманда бір молда адам бала оқытумен Арқа өңіріндегі ел-жұртқа танылады. Оның молдалығы тек оқуға ғана байланысты емес, көріпкелдігіне де қатысты екен. Осындай қасиеті бар әулие адамды ел сыйлап, жоқ жоғалтса, басқа да жағдайлары болып қалса, сол кісіге барып жүгінеді екен. Бірде бір кедей адамдардың жылқысы жоғалып, оны жаңағы молданың айтуымен көрші ауылдың бай адамынан барып тауып алады. Бірақ өшіккен бай молданың соңына түседі. Жақсы адамдардың айтуымен елден қашып шыққан молда, өзі сырқаттанып жүрген болса керек, жапан түзде қайтыс болады. Өлерінің алдында жанындағы серіктеріне: «Мені алысқа апарып әуре болмаңдар, осы маңға жерлеп, басыма бейіт соғарда саз балшықты ешкінің майы мен сүтіне араластырып жасаңдар», — деп өсиет қалдырады

Аманатты айтқанындай етіп орындаған халық мазарды тұрғызып болғаннан кейін назар аударып қараса, ақ түсті болып шығыпты. Сонан көпшілік осы өңірді «Ақмола» деп атап кетеді.

## Ақтайлақ соры туралы аңыз

Бас қосқандарына біраз жыл болса да, балалары болмай жанарлары жасқа толып, Құдайдан бала тілеумен күндерін өткізген ерлі-зайыптылар болыпты. Екеуінің күнделікті тамағы мен киім-кешегін айыру үшін жолдасы ел қатарлы Шалқарға ау салып, балық аулайды екен. Баланың зары қинады ма, кім білген, ойға шомған жігіт көлдің терең жеріне қарай ұзап кеткенін де білмей қалады. Жападан жалғыз кеш арасында көлге шыққан жігітті тұңғиық тартып кетеді. Көмекке келер ешкім жоқ, қапыда қыршын жас қаза болады.

Күйеуінің қайтпас сапарға кеткенін білген үйдегі жұбайы тағдырына талақ айтып қара жамылып қалады. Құрсақ көтермей бір зарлы, жұбайынан айырылып екі зарлы болған байғұс елес қуып жынданудың аз-ақ алдында қалады. Тек бір күні сорлының зары сап тыйылады. Таң ата есік алдына шыққан әйел ботасын емізіп тұрған түйені көреді. Қайдан келгені белгісіз. Өз көзіне өзі сенбеген бейбақ інгеннің аппақ ботасын аймалап құшып жылай береді. Ботасын ерткен түйе сол күннен бастап қаралы үйде қалып қояды. Жесір әйел де Құдайдың сыйына шүкір айтып, күнін інгенді баптаумен, оның ботасымен ойнаумен өткізіп, қайғысын ұмыта бастапты. Көзі мөлдіреп, әйелді көрсе, енесін көргендей тайрандайтын ботаға келіншек Ақтайлақ деп ат қояды.

Ауылға балық аулауға келген еріккен бір сарттың құлағына жесір әйелдің үйіне түйе адасып келді деген әңгіме келіп тиеді. Қаңғып келген інгенді менікі деп дау айтпаққа бел буып, арам ойын жүзеге асыру үшін жесірдің үйіне барады.

«Сен менің малымды ұрладың. Сүті мен ботасын пайдаландың», — деп, әйелге дүрсе қоя береді. «Малымды өзім аламын», — деп, дуал ішіндегі інгенді тарта жөнеледі. Өмірінде көрмеген, ием деп танымаған бөтеннің бұл қылығына інген де, бота да қарсылық көрсетіп бағады. Әрі тартынады, бері тартынады, еріккен арам сарттан құтыла алмайды. Түйенің қарсылығын көріп, қаралы әйел інгеннің шылбырына жабысады. Сарттың құлығын түсініп, әйел түйе мен ботаны алып қалудың амалын жасап бағады. Ойлаған ойы жүзеге аса қоймаған соң, сарт әйелді соққыға жығады. Білегінің күші мол сойталдай сарттың тиген жұдырығы келіншекке ажал болып тиеді.

Қаншама уақыт бойы тайлағы мен өзіне қамқорлық көрсеткен әйелдің жансыз денесін көріп інген бойына қара күш енген кейіпке енеді. Аузынан жыны ағып, сартқа тап береді. Тісімен қыршып, алдыңғы аяғымен тарпып сартты құлатады да, өзі бар салмағымен оның үстіне құлап жаншыған екен. Сол жатқаннан түйе тұрмайды. Адамның опасыздығынан зар тұтып жатқан енесін көрген бота да інгенмен қатарласып жатып қалыпты.

Иесінің мәйітін келген адамдарға бермеген екен жануар. Өзі де, ботасы да оларға қарсылық көрсетіп, тірі жан жақындатпапты. Сол жатқаннан інген де, бота да аштықтан өліпті. Ол жер бүгін де «Ақтайлақ» деп аталады.

## Ақшоқы

Бір жылдары бір дәулетті елде жұт болыпты. Жазы қуаңшылық болып, жаңбыр жаумай, қыстан көтерем шыққан малдың жай-күйі жайсыздыққа ұласыпты.

Көпшілік бас қосып, мал-жанды аман сақтау үшін бұл жерден қоныс аудара көшу керек деген ұйғарымға келеді. Сөйтіп жер ауа көшкен жұрт жайлы мекен жолыққанша жүре беріпті дейді. Бір уақыттарда көпшіліктің ішінен біреуі:

— Анау тұрған шоқыны көрдіңдер ме, сол жерге барып, қоныстанып көрсек. Малға жайлы болса, мекен етерміз, жайсыз болса, тағы да көшерміз, — деген ұсыныс айтады.

Пәтуаға келген көш сол жерге барып орын тебеді. Шалғыны мол, шөбі бітік, ағып жатқан өзені бар жайлы мекен малға жағымды болып, тез көтеріледі. Бір жыл қоныстанып шыққаннан кейін төл егізден болып, жаңағы жердің құтты мекен екендігі байқалады. Риза болған халық:

— Шоқым шоқы-ақ екен. Жарайсың, — дейді. Сонан жаңағы биіктің аты «Ақшоқы» аталып кетіпті.

## Алтай

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір өмір сүріпті. Олардың дәулеті шағын болғанымен, ақылға парасатты, ойға бай адамдар екен. Солардың жан дегенде жалғыз бір баласы бар екен. Уақыт өз дегенін алмай қоя ма. Жасы жетіп қартайған шал мен кемпір күндердің бір күнінде ауруға шалдығыпты. Бірте-бірте аурулары меңдеп, асқынып, екеуі де төсек тартып жатып қалады. Жанталасқан жалғыз баласы көрші ауылда тұратын кәрі тісті, мүкіс құлақты бір емші ақсақалға барып аурудың дәру болар емін сұрайды. Сырқаттардың жай-күйімен сырттай танысқан емші өзінің өмір-тәжірибесіне сүйене отырып, аурудың өзін ашыпты. Сонан ұзақ ойланып барып жаңағы жігітке былай дейді:

— Шырағым, балам, бұл анау-мынау жазылатын жеңіл-желпі сырқат емес. Егер шынымен ата-анаңа жаның ашыса, күннің шығысына қарай сапарға аттан. Күн жүрерсің, түн жүрерсің, ай жүрерсің, сөйтіп биік таулы бір өлкеге жетерсің. Сол жерлерге барғанда бір үңгірді мекендеген, қабақтарын ағаштың бұтасымен көтеріп қойып қарайтын, бұрыл сақалы беліне түскен бір қарияға тап боларсың. Ол менің ұстазым. Мың жыл ғұмыр кешіп келе жатқан адам. Аурудың емін сол кісі ғана айта алады, — дейді.

Осы әңгімеден кейін жас жігіт ата-анасына ем іздеп жолға шығады. Қария айтқандай, араға көптеген айлар салып сол жерге жетеді. Қартқа жолығып, емшінің сәлемін айтады. Сонда қарт кісі оң жақ қабағын ағаштың бұтасымен көтеріп, жаңағы жігітке былай дейді:

— Қарағым, қадамың құтты болсын. Келгенің дұрыс болыпты. Ол ауру «безгек» деп аталады. Оны емдейтін шөп осы өлкеде ғана өседі. Дертіне дәру болсын, — деп, бір түйнек шөпті жаңағы жігіттің қолына ұстатыпты. Қуанышы қойнына сыймаған жігіт еліне қайтып оралады. Әлгі шөпті қайнатып ішкізіп, әкесі мен шешесін емдепті. Азғана уақыттың ішінде сырқат кісілер ауруынан айығыпты. Осыны естіген маңайындағы дертті болған адамдар әлгі жерге барып ем шөпті алып келу үшін жаңағы жігіттен жолды, жөн-жобаны сұрапты. Сондағы жігіттің айтқаны:

— Күннің шығысына қарай алты ай жүріп жетесің, қайтарда алты ай жүріп келесің, — дейді.

Сонан жаңағы таулы өлке «Алтай» деп аталып кетеді.

## Алтын сандық

Жаугершілік заманда атақты бір байдың қызы іші алтынға толған сандықты таудың етегіне әкеліп жасырыпты. Жылдар өтіп, ел арасы тынышталған заманда бір кедей баласы сол таудың етегінде байдың малын бағып күн көріпті. Күндердің бір күнінде баланың көзі жылтыраған



бір нәрсені шалады. Ол оны күн сәулесіне шағылысқан тас екен деп ойлайды. Ертеңінде қойын сол жерге айдап келеді. Түс мезгілінде кешегі құбылысты тағы байқайды. Бала не де болса, өз көзімен көруге әлгі күн сәулесіне шағылысқан тау етегіне келіп, тастарды қопара бастайды. Сөйтіп ол іші алтынға толы сандықты тауып алады. Міне, халық осы тауды «Алтын сандық» деп атап кеткен екен.

### Аңырақай

Қалмақ шапқыншыларынан әбден қалжыраған қалың қазақ елі бас қосып, бірігіп соққы бермек болады. Ел ішіндегі бас көтерер батырлары жігіт жинап, жасақ құрады. Қарақұрым әскерлер Бөгенбай, Қабанбай тәрізді батырлардың басшылығымен жау жасақтарына қарай жол тартады. Арада көп күндер өткенде екі жақтың әскерлері де түйісіпті дейді. Қалмақ жағынан шыққан батырға біраз уақытқа дейін төтеп берер адам табылмай, қазақ батырлары ақылдасуға кіріседі. Сол сәтте ортаға ат ойнатып шыққан, бұғанасы толық беки қоймаған бір бозбала жаудың батырымен айқаса кетеді. Көзді ашып-жұмғанша-ақ қалмақ батырын аттан түсіріп, басын найзаға шанышқан күйінде «Абылай!» деп ұран салып жауға қарсы шабады. Соңынан қалың әскер ілесіп, кескілескен ұрыс басталып кетеді. Аруақтанған қазақ әскерлерінің күші басым түсіп, жау жағы батырларынан да, басшыларынан да айырылып, тоз-тоз болып аңырай қашады. Содан бастап осы шайқас болған жерді халық «Аңырақай» деп атап кеткен екен.

### Аташ

Ертеректе Сырдария бойында екі ақ боз үй дарияның солтүстік бетінде тігулі тұрады. Осы тұстың оңтүстік бетіне дарияға бір шал қармақ салып отырса керек. Күн зауал ауған кез. Сол кезде дариядан күңіренген «Аташ» деп екі рет айғай шығады. Бұл дыбысқа шал таңдана қарап тыңдайды. Сөйтіп отырғанда бір жас жігіт келіп, аттан түсіп, ер тоқымын алып, атты байлап, дария жағасына келіп шалға сәлем береді. Шал:

— Балам, атың кім? — деп сұрайды.

— Атым — Аташ, — деп жауап береді.

— Онда, балам, қайда жүрмексің? — деп сұрайды.

— Дарияның арғы бетіндегі екі үйдің бірінде қалыңдығым тұрады, соған баруым керек, — дейді жігіт. Шал одан:

— Немен барасың? — деп сұрайды.

— Осы тұстан күнделікті дариядан жүзіп өтемін, — дейді. Шал:

— Балам, онда менің айтқан тілімді алып, бүгін арғы бетке бармай-ақ қой, — дейді. Жігіт көнбейді. Шал:

— Балам, «су шақырады» деген бар еді. Жаңа бір әзірде дариядан екі рет «Аташ» деп күңіренген дауыс шықты. Сондықтан, балам, бармағаның жөн, — десе, жігіт көнбейді. Жігіт:

— Ата, күнделікті өтіп жүрген жерім ғой. Сау болсам, барып қайтамын, — деп, киімін басына орай дарияға түсіп, құлаш ұра кете береді. Бір кезде жігіт дарияның ортасына барған кезде: «Ата, мен кеттім!» — деп айғай салады. Жігіт сол бойынша хабарсыз суға батып кетеді. Сол Аташ кеткен дария «Аташ» деп аталып кеткен екен.

### Аягөз

Ерте замандардың бірінде ел болып әлпештеген ақылына көркі сай, сұлулығын суреттеуге тіл жетпейтін бір қыз өмір сүріпті. Ол қыздың аты Аяу екен. Бойжетіп, толған айдай толықсыған шағында сол елдің жігіті Жайсаңмен тіл табысып, көңіл қосады. Екеуі бірге өмір сүруге сөз байласады. Күндердің бір күнінде ниеті қара Нойыс деген бір жігіт Аяуды айттырып алмаққа құдалық кәдесімен келіп, ауылына түседі. Бұған Жайсаңның туған-туысқандары араласып, іс насырға шабады. Әбден шиеленіскен кезде бір қапысын тапқан Нойыс Жайсаңды мерт қылады.

Осындай қайғылы оқиғаның куәсі болған Аяу нәр сызбайды, ботадай боздаған күйінде жатып қалады. Үлкеннің сөзіне құлақ аспайды, кішіні тыңдамайды. Құрбы-құрдастарымен де қатыспайды. Сөйтіп қайғының салдарынан Аяу қаза тауыпты. Көзінен аққан жас сарқыраған өзенге айналыпты. Сонан ел жаңағы өзенді Аяудың көзінен аққан жас, Аяудың көзі деп атап, кейін келе «Аягөз» атап кетіпті.

### Әжібай сайы

Беріктас ауылының Қарасай сайының жоғарғы жағында орналасқан Әжібай сайы бар. Ертеректе сол жерге қазақ елі қыстауға көшіп келеді екен. Сол жерде Кіші жүздің әлім атасынан шыққан Әжібай би өмір сүріпті. Ол халықты басқарушылық қабілетімен де, білімділігімен де бірден-ақ көпшіліктің көзіне түсіп, ел аузына ілігіп, би атағын ерте алған екен. Ел арасында кездесе беретін не біреудің құны, не нардың пұлы кетіп, шиеленіскен жұрт Әжібайдың билігіне жүгініпті. Әжібай сол қыстауға көшіп келгеннен бастап ел сол сайды «Әжібай сайы» деп атап кеткен екен.

### Әулиеата

Ежелде Қарахан атты батыр болған деседі. Ол Айша бибіге ғашық болады. Бірақ Айша бибінің әкесі мен Қарахан батыр бір-біріне жау

болатын. Бір күндерде Қарахан Айша бибінің әкесінің ауылын шауып, Айша бибіні алып қашпақшы болады. Қарахан Айша бибіні алып қашып бара жатқанда әкесі жеңдеттерін жіберіп, екеуін өлтіруді бұйырады.

Қараханмен бірге қашып бара жатқан Айша бала кезінен өскен жері — Аса өзеніне бір шомылмақ болып суға түседі. Осы кезде қыздың әкесі жіберген жеңдеттер Айшаның сәукелесіне жылан салып жібереді. Суға шомылып көңілі шаттанған Айша сәукелесін киген кезде жылан шағып, есінен танып, әлсірей бастайды. Осы сәтте Қарахан есінен танған Айшаны көтеріп алып, молдаға апарып, неке қиғыздырады.

Айша бибінің қайтыс болған жеріне мазар тұрғызып, қасына өзі де бір орын қалдыртады. Содан кейін-ақ Қарахан ақ сәлде, ақ жейдемен жүріп, көз жұмар шағына дейін Айша бибі мазарын күзетіп, өмірін сонда өткізген деседі.

Қараханның осындай іс-әрекетіне қарай ел оны әулие деседі. Сол жерді ел «Әулиеата» атап кетіпті.

## Баршатаc

Өткен дәуірлердің бірінде жаз жайлауы бар, қыс қыстауы бар бай адам өмір сүріпті. Ол өзі сондай аңқау екен. Бай болғаннан кейін дәулетке қызықпай тұра ма, қай тұстан қандай пайда түсірем деп жанталасумен жүреді екен. Күндердің бір күнінде аңқау байдың дүниеқоңыз екендігін сезген бір жігіт үйіне келіп түседі. Үстіңде оқалы шапан, астыңда әсем сәйгүлігі бар кербез жігітті бай жалпақтап қарсы алады. Ет желінеді, қымыз ішіледі. Көңілі орнына түскеннен кейін үй иесі қонағынан жөн сұрапты. Сонда әлгі жігіт:

— Бәлі, байеке, сіз мені қалайша танымай отырсыз? Мені бүкіл исі қазақ таниды. Өрісім толған мал, жерім толған алтын-күміс байлық. Көңілім түссе, сізге де қарасамын, — депті.

Оның сөзіне иланған аңқау бай:

— Сен шамалы тұра тұр, мал-жан өзімде де жеткілікті. Сен маған анау алтын тастарыңнан қарайлассаң, мен де қарап қалмаспын, — дейді.

Жігіт келісім бере қояды. Байды қасына ертіп, жігіт өзі алдында көріп кеткен бір кең өлкеге келіпті. Өлкеде жерде жатқан жылтыр тастар көп, жаңағы жарқырауық тастарды көрген бай алтын екен деп ойлап, осы жерді маған бер деп жата кеп жабысады. Басында көніңкіремеген жаңағы жігіт артынан келісім беріп, ақысына байдан екі мың жылқы алып, көз көрмес, құлақ естімес жаққа кете барады. Бай болса, мақтанышпен ауыл адамдарын ертіп, сол жерге алып келіп көрсетеді. Сөйтсе, алтын деп жүргені жай жылтыр тастар болып шығады. Жылтыр тасты жерді көпшілік «Баршатаc» деп атап кетеді.

## Бәйеш тауы

Бәйшекең — Алтайдың үлкен баласы Алсайдан тарайтын Избасар бабамыздың ұрпағы. «Ақтабан шұбырынды» жылдары ел шетіне жау келе жатыр деген суық хабарды естісімен шағын колмен жау алдына тосқауылға шыққан. Осы сапарында ат сауырын суытуға, демалуға тоқтайды. Бәйеш сол жолы туған бауырларының бірі, балгер інісіне жауырын аштырыпты.

Жауырыншы інісі жаудың кері қайтқанын айтады. Сөйтсе, қалмақ батырының да керемет жауырыншысы болған екен. Ол көптен аңдысып ала алмай жүрген Бәйеш батырдың жақын маңға келіп қалғанын айтады. Жаны қысылған қалмақ батыры жауырыншыдан осыған қандай айла-шара жасауға болады деп кеңес сұрайды. Балгер жауырын ашудың құпия сырларын ашып отырғанда, болжамның жауырыннан айнадағы бейнең сияқты көрінетінін айтады. Осыны естіген қалмақ батыры әскеріне киімді теріс киюге бұйрық етеді де, жортуын жалғастырады. Бағанағы ат сауырын суытып жатқан Бәйеш баба азанмен ерте жауырыншысына бал аштырғанда, жауырыншы інісі: «Аға, қалмақтар сіздің атқа қонғаныңызды біліп, кері қайтады», — деген сүйінші хабар айтады.

Міне, өстіп күдігі сейіліп, шамалы уақыт тосқауылда бола тұруды ойлап, алаңсыз жатқан бабамызды жаудың қалың қолы қоршап алады. Осы кезде жаудан енді құтыла алмасына көзі жеткен бабамыз астындағы арғымағын інісіне мінгізіп, былай деп аманат еткен екен:

— Бауырым, біздің жау қоршауында тұрғанымызды көріп тұрсың. Жау қолы бізден бес есе артық. Сен ауылға, елге қайт. Ауылдағы шалкемпір, бала-шағаға басшы бол. Әрі қарай ел ішіне көшір. Мен жаудың бетін қайтарып, бөгей тұрайын. Тірі қалсам, елге аман-есен барамын, жетпей қалсам, мынау аманатым болсын, — деп, қынабынан кездігін алып, сол қолының бас бармағын інісіне кесіп береді. Бірақ інісіне ескертеді:

— Сен елді дүрліктіріп шошытпа, ел шетіне жеткеннен кейін осы бармағымды табыс ет. Егер мен оралмай қалсам, бармағымды Бәйеш деп қоярсыңдар, — дейді. Сөйтіп найзагер батыр бабамыз жаумен шайқаста мерт болады. Содан бабамыздың аманаты орындалып, Ақтүбек ауылының күншығыс беткейіндегі биік тауға бабамыздың бармағын жерлеп еді. Кейіннен денесін әкеліп қойған екен. Басына саз балшықтан күмбез орнатылып, «Бәйеш тауы» деп бабамыздың есімі берілген.

## Бегазы

Бұл таудың «Бегазы» аталу себебін қазақ-қалмақ жауласқан уақыттарда өмір сүрген Бегайым атты қазақтың қаракөз батыр қызының

атымен байланыстырады. Халқымыз қыздың ерлігіне, бектігіне сүйсініп, бірақ осындай қыздарымыздың аздығына нали, «бектеріміз көбейсе, азаймаса» деген арман-тілекпен Бегайымды еркелетіп Бек-аз деп атап кеткен екен. Ұзыннан-ұзақ созылған таудың бір үңгіріне батыр қыз жасауын жинапты деседі. Шын батыр бір ұйықтаса, алаңсыз ұйықтайды демекші, қыз бір жорықтан шаршап келген бойда ұзақ ұйқыға кіріседі. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» дегендей, бабаларымыздан бері сақталып келе жатқан алауыздық сол кездерде де болады. Бұны естіген жау қолы қуана келіп бір түні Бегайымды сол үңгірде өлтіріп, ешбір асыл бұйымдарына тиіспей, үңгірдің аузын таспен бекітіп кетеді. Содан халқымыз батыр қыздарын өз үңгірінде емес, жау қолында өлді деп есептеп, құрметіне Арқаның ұзыннан-ұзақ созылған сол тауын «Беғазы» деп атапты.

### **Бердібай – Берден тауы**

Жоңғар-қалмақ шапқыншылығы кезінде Бердібай мен Берден деген ағайынды жауынгерлер болыпты. Ағайындылар негізі Кіші жүздің жігіттері екен. Сонау Кіші жүздің жерінен бастап, қалмақтармен соғысып, біздің жерге дейін келген екен дейді. Құланөтпес өзенінің бойында соңғы шайқас болыпты. Өзеннің бойында өткел бар екен, ал қалған жерлері өте терең болғандықтан, адам өтіп кете алмайтын болыпты. Сол өзен бойында бері қарай өткізбей, соңына дейін шайқасып, қалмақтарды жеңіп, өздері де сол жерде қаза болған екен. Сол жердегі екі тауды екі батырдың атымен атап кеткен екен. Қазіргі таңда сол екі таудың етегінде молалары тұр.

### **Бесбатыр**

Найман мен үйсін руларының бір топ атқамінерлері Орта жүзге жататын қаракесек руының бір ауылына үстемдік жүргізіп, біраз жылқыларын айдап алып кетеді. Орта жүздің Жанболат деген батыр жігіті шамалы қол бастап барып барымташылардан жылқыны айырып алады. Мұны естіген найманнан шыққан қос батыр бірін-бірі ала алмай жүргенде, Донақты Жанболаттың Жайпақ деген мергені мылтықпен атып өлтіреді. Донақтың қолы жеңіліп, бір ұрыста бес батырынан айырылып, қалғандары қашып құтылады.

Осы оқиғадан соң Донақ батырдың Қаламқас деген қызы сауын малы мен біраз жұмыскер әкеліп, ағасы мен оның жолдастарына мазар соққызады. Сол бейіттің бүгінде болар-болмас белгісі тұр.

## Бесоба

Ерте кезде ерлігімен көзге түскен ағайынды бес батыр болған деседі. Елдің басына қауіп-қатер, қиын-қыстау заман туған кезде елін, жерін сыртқы жаудан қорғауда осы ағайынды бес жігіт күресетін болған.

Бір жылдары осы елге қалың қол кіріп, баланы бала, әйелді әйел демеі, елді қыра бастаған көрінеді. Сол кезде ағайынды бес батыр артынан бес мың қол бастап, бір төбенің басында жауына қарсы соғысады. Жау қолының күштілігі сонша, бес батырдың соңынан ерген бес мың адамнан бес адам да қалмайды. Сол кезде жау қолына түскен ағайынды бес батырды күлін көкке ұшырып өртейді. Ал осы бес батырдың орны ұсақ төмпешіктерге айналған көрінеді. Осыған байланысты бұл жер «Бесоба» деп аталған.

## Бетбақдала аңызы

Қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезінде жау әскерлері бас қосып жиналып, қазақ жерін толық жаулап алу үшін жорыққа шығады. Көптеген күндер бойына сапар шеккен әскерлерге қарсылық көрсететін қалың қосын кездесе қоймапты. Бірте-бірте қажыған жау жасақтары алдымен ас-су таба алмай қиналыпты. Өздерінше мәслихат құрған олар он мың жасақты арнайы аттандырып, қалғандары қос тігіп, кең өлкеге жайғасыпты. Арада айдан астам уақыт өткенде сол қосыннан екі-ақ адам қайтып оралыпты. Қалмақтың батыры: «Қазақ жасақтарына кезігіп, осындай күйге душар болдыңдар ма?» — деп сұрайды. Жаңағы екеуі: «Біз ешқандай жасақ кездестіргеніміз жоқ. Бір ен далаға түсіп, оның шеті мен шегін таба алмай, ішерге су, жерге тамақ болмай, аштық пен шөлден екеумізден басқасы майып болды», — дейді. Осы әңгімені естіген қалмақ батыры бір мергеніне бес жүз жасақты қосып беріп, жаңағы екі адамды алдарына салып, өлгендерді көріп келіндер деп жібереді. Қосын даланы тапқанымен өлген адамдарды кездестіре алмайды. Сөйтсе қырылған әскердің үстінен құм басып тастаған екен. Қайтып келген жаңағылар қалмақтың батырына: «Өзі құм дала екен, өзі жазық екен, өзі бетбақ екен. Қырылған әскерлерді көре алмадық», — дейді. Содан бері жаңағы өлке «Бетбақдала» атанып кетіпті.

## Екібастұз

Ел мен елдің арасында сауда-саттықтың кеңінен таралған кезі екен. Бір саудагер адам өзінің мүліктерін бірнеше түйеге қомдап артып, адырлы даламен сапар шегіп келе жатады. Ұзақ жолдан шаршаған, қалжыраған керуен бір тұстарға келгенде аялдап, ас ішіп, ауқаттанбақ болады. Кепкен еттерін алып, пісіруге дайындалады. Бірақ от жағатын



отын таба алмай, дағдарысқа душар болады. Жинап әкелген шөп-шалам мен шөпшектер тез жанып кетіп, ет пісіруге келмейді. Біраз адам даланы шарлап, тезек іздеп кетеді. Сөйтіп жүргенде бір тышқанның інінен шығып жатқан түйір-түйір қара домалақ тастарды көреді. Әлгіні қызық көріп жинап, қап түбіне салып алған тезек теруші керуен жайғасқан жерге қайтып келіпті. Шамалы жиналған тезекпен от жағып, дөңгеле не отырған бір топ адам әлгі қара тастарды қолдан-қолға өткізіп тамашалап қарайды. Шамалыдан соң уыстаған күйінде біреуі жанған отқа қарай лақтыра салады. Отқа түскен бір уыс қара тастар қызуы күшейіп, жана бастайды. Соны көрген керуеншілер: «Жанатын тас шығаратын жер екен мынау. Бұл жерге біз белгі қойып кетейік, елге барғаннан соң көпшілікті ертіп әкеліп, өнім алармыз», — дейді де, саудалауға әкетіп бара жатқан үлкен-үлкен тұзды бірінің үстіне бірін қойып қалдырып кетеді. Кейін көпшілік жиналып келерде жаңағы жерді «екі қос тұз қалған жер» деп іздеп, соңынан «Екібастұз» аталып кеткен екен.

### Ерейментау

Сонау ерте заманда, «Ақтабан шұбырынды» кезінде қанжығалы деген ел Сырдың бойын мекендеген екен. Бірақ жаугершіліктің әртүрлі ауыртпалығының әсерінен мал мен жанға қолайлы жер іздеп, сары даланы бетке ала көшеді. Көш жүре-жүре Арқаның айтулы көкшалғынды таулы аймағына келіп ат басын тірепті. Бір тасты таудың басына шығып байқаса, тастары ыстық екен. Сонан бұл тауды «Күншалпын» деп атайды. Келесі бір таудың беткейін аралап жүрсе, әр жерде жатқан ірі-ірі тастарды көреді. Бұл таудың атын «Сандықтас» деп атайды. Күндердің бір күнінде жоңғарлар ойда жоқта шабуыл жасапты. Бөгенбай батыр бір топ сарбаздарымен жоңғарларға қарсы шығады. Жекпе-жек болып, жаудың батырын найзамен шаншып түсірген Бөгенбай жеңіске жетеді. Қалмақ батырының мінген аты тұлпар болса керек. Бөгенбай қашқан жауды түре қуып тастап, жаңағы атты бір жігітке іздетіпті. Арада бірнеше күн өткенде әлгі жігіт күрең атты «Кәрітау» деген жерден тауып, жетекке алып ауылға келеді. Сұрағандарға атты «ерімен табылды» деп жауап беріп отырады. Осыдан жаңағы Кәрітау Ерімен тау, кейін келе «Ерейментау» аталып кеткен екен.

### Жеті құдық

Баяғыда осы таулардың ортасындағы Ортау ауылында жеті ағайынды емші өмір сүрген екен. Олардың емдемеген емі, жазбаған ауруы қалмаған. Күндердің күнінде ауылға үлкен дерт келіп, ауыл жаппай ауруға ұшырайды. Осыдан бастап жеті ағайындыға келген жандардың қарасы көбейе түседі.

Халықты емдей алмайтынын түсінген олар енді бар халықты бір сәтте емдеуге болатындай емдік шөп іздеп тауға кетеді. Бірақ сол түні олар оралмайды. Ауыл адамдары сол тауға қарай іздеу салады. Алайда ол жерден қатарынан тұрған жеті құдықтан басқа ешкімді таппайды. Содан бері кімде-кім сол жеті құдықтың жетеуіне де түссе, бір жыл бойы ауырмайды екен. Міне, осыдан бастап «Жеті құдық» ел аузына аңыз болып ене бастайды.

### **Жорғатау**

Баяғы өткен заманда Базарбай деген бай болыпты. Байдың Төлеген деген батыр баласы бар екен. Жігіт болып, ержетіп, өзіне лайықты жар табуға ел ішін аралап кетеді. Күндердің бір күнінде шекті деген елде Жібек деген сұлу қыз бар деп естиді. Көп күндер жүріп іздеп барған Төлегенге Жібек үш түрлі шарт қояды. Ол шарттар — балуан күрес, ат жарыс, жамбы ату. Осы үш шарттан да мүдірмей өткен Төлегенді Жібек ұнатыпты дейді. Бірақ араларында жер дауы шешілмеген екі елдің байлары балаларына рұқсат бермепті. Арада көп күндер өтеді. Әбден амалы таусылған екі жас бір күні түнде Жібектің жорғасына мінгесіп қашқан екен. Соңынан шыққан қуғыншыға жүйрік жорға жеткізе қоймайды. Бірақ қанша мықты болғанымен, аттың аты ат емес пе, бір таудың биігіне шыққанда болдырып өледі. Кейінгі ел-жұрты осы Жібектің жорғасы өлген биік тауды «Жорғатау» деп атап кетеді.

### **Кеме қалған шың**

Баяғы өткен заманда Құдайдың жаратушы екендігін ұмытып, жер бетіндегі адамзат азып-тоза бастайды. Осындай жағдайды көзімен көріп, жаны күйзелген Нұх пайғамбар елді қаншалықты түзу жолға салам десе де, оның тілін алмайды. Күндердің бір күнінде Құдайдан Нұх пайғамбарға хабар келеді. «Жердің бетін топан су басады, қырық күн жаңбыр жауады, азғындардың бәрі суға қарқ болады. Сен кеме жасап, әрбір жан-жануардың, аңдардың түрлерінен жұп-жұбымен сол кемеге салып ал», — дейді. Нұх пайғамбар көп уақыт еңбек етіп, үлкен, мықты кеме тұрғызады. Жан-жануарлардан жұптап кемеге отырғызады. Дәл сол сәттен бастап жаңбыр жауа бастайды. Қырық күн жауған жаңбырдан қырық құлаш су көтеріледі, ол су қырық күнге дейін қайтпайды. Мерзімі жеткен кезде су басылып, Нұх пайғамбардың кемесі бір биік таудың басына келіп қайырылған екен. Сол тауды халық «Қазығұрт» деп, кеме қайырылған шыңын «Кеме қалған» деп атап кеткен.

## Кеңестас

Баяғы өткен заманда бір байдың аналық түйесі жоғалыпты. Бошалап барып боталаған түйенің ботасы қолда тұрғандықтан, бай мен оның ел-жұрты түйені ұрлады деген шешімге келеді. Жан-жаққа іздеушілер жіберіп сұрау салады. Ақыр соңында түйені алты айшылық жерде жатқан Арыстан батырдың алғандығы анықталады. Барып басса-лып тартып алайын десе, батырдан қаймығады. Сөйтіп баршасы жиналып, ақыл-кеңес қылады. Елдегі белгілі би Мәмбетті бір топ адаммен батырға жұмсайды. Бірақ адуынды Арыстан батыр бидің айтқан төрелігін құлағына да қыстырмапты. Тағы да бірнеше күн бойына жиын жасап, Арыстанмен көңілі жақын дос, көрші елдің Қорамса деген батырына міндеттейді. Ат терлетіп, алты айшылық жолды алты күнде жүріп барған Қорамсаның сапары да сәтсіз болыпты. Енді ел тығырыққа тіреледі. Беті қайтқан бай өзінің қасына сенімді деген ауылдың бес-алты ақсақалын ертіп, таудың беткейіндегі үңгірдің жанында жатқан тастың түбіне келіп, кеңес қылады. Сонан жасы жеткен қария, ақылы асқан дария қарт адам былай деп ұсыныс білдіреді: «Түйенің ботасын Арыстан батырдың ауылының жанына алып барып, бурасанға қылбұрау салып шыңғырту керек. Ботасының даусын естіген түйенің боздары хақ. Боздаған түйенің даусынан батырдың ұйқысы бұзылады, мазасы кетеді. Ол тәсілді бірнеше күн қатарынан қолдансақ, түйемізді еріксіз қайтарып беруге тиісті», — дейді.

Қарияның осы айтқанын жөн санаған көпшілік дәл солай етіпті. Ақырында айтқаны келіп, түйелерін қайтарып алған екен дейді. Ал жаңағы кеңес құрған үңгірдің аузындағы тасты көпшілік содан бері «Кеңестас» деп атап кетіпті.

## Күйгентас

Қоңырат кенішінің кең карьері басталатын күншығыс жақ шетінде екі оба болатын. Тастары әдейі күйдірілгендей кара күрең, қожыр-қожыр еді. Осы қос обаның күн жақ бетіндегі қорым таста жыланның ордасы бар еді. Кеніш ашылған кездерде жыланнан аяқ алып жүргісіз болатын. Жазда киіз үйлердің кереге көгіне оралып, тіпті төсек орынға кіріп кететін. «Ордалы жылан өзі тегін жерде болмайды» деген қауесет те ертеден ел аузында. Ол үнемі қазыналы жерде болады деседі. Осындай қауесетке бой ұрып, ерте заманда-ақ ордалы жыланның жайын әркімдерден сұрай берген Қарабай сияқты бір дүниеқоңыз байсымақ әркімді мазалай берсе керек.

Ел болған соң ішінде талай-талай ақылды да, маңғаз адамдар да, сөзуар, алаяқ, жылпостар да болатыны белгілі ғой. Сондайлардың бірі — Сарыжалақ атанған адам. «Осы байды қара жерге бір отырғызсам-ау»

деп жүргенде өз-өзінен ыңғайы келе кетеді. Күйгентас туралы байдың өзіне тікелей айтпаса да, ел арасына лақап таратады.

«Күйгентас обасының бетіндегі кесек тастардың астында қалмақтардың тығып кеткен көп алтыны бар. Қалмақ ханы кезінде: «Бір айналып соғамын, соған дейін күзетші болсын», — деп, өзінің асыранды жыландарын әдейі қалдырып кетіпті. Содан бері ол жыландар өсіп-өніп, ордалы жыланға айналса керек. Бұл жыландар тұрғанда ол алтынды ешкім ала алмайды», — дейді. Мұны естіген байдың мазасы кетіп, қалай да осы төбедегі алтынды алуды армандайды. Бірақ қалай аларын білмейді. Біраз уақыт өткен соң, алтынды алудың ыңғайы да айқындала бастайды. Бірнеше ондаған түйе баялыш пен көкпекті апарып, ордалы жыланның үстіне үйдіріп өртеуді ойлайды. Тас қызғаннан кейін жыландар отқа жанып қырылады. Содан кейінгісі оңай... Бай мұндай ақыл-кеңес берген адамдарды құрмет тұтып, қуанып, алтынды алған соң оларды да жарылқамақшы болады. Сөйтіп жалшыларына бірнеше күн баялышты шаптырып, бүкіл обаның маңайын отынмен сірестіріп жауып тастайды Тамашаны көруге маңайдағы естіген ел тайлы-тұяғымен түгел жиналады. Бұған одан сайын масаттанған бай алшаңдай басып, баялышты үсті-үстіне үйгізеді. Бір кезде тас қызып, жыландар күйе бастайды. Ысылдаған үндері тұтасып ызыңға айналады. Шиырып атылған жыландар жайнаған шоқты бұрқылдатып, жан-жаққа атыла бастайды. Айналаны күлімсі жаман иіс қаптап кетеді. Жиналған елдің жүрегі түршігіп, денелері тітіркеніп, бет-бетімен қаша бастайды. Обаның қасында жалшы жігіттерімен байдың өзі қалады. Көк ала түтін, қоңырсыған иіске қарамастан ертеңгі кешіне дейін сол маңайдан кетпей қойыпты. Түнде қайтып келген жігіттердің бірқатары күндізгі көріністен шошынып ауырып қалады. Сопы-молдалар мұны: «Ордалы жыланның кесапаты, кесірі басқаға тиеді», — деп, елді шошытып, үрейлендіріп қорқытады. Сөйтіп маңайындағы ел көшіп кетеді.

Жалғыз ауыл қалған бай үш-төрт күннен кейін «тас суыған шығар, білейін» деп, қасына жігіттерін ертіп, өртенген шоқыға келсе, күйген жыландардың иісі бүкіл алқапты алып, маңайына жолай алмапты. Алтын аламын, қазынаға кенелемін деп елден жалғыз қалған ынсапсыз байдың ауылына жау шауып, малдарын алып кетіпті. Міне, қос обаның тастары осылай күйдірілген дейді айтушы қариялар. Бірақ жыландар тегіс қырылмағандықтан, өсіп-өніп, көбейіп кеткен.

### Қайдауыл, Шеруке

Жазы қоңыржай, шөбі бітік, су көзі мол осы өңірге Көкше мен Шыңғысты жайлаған байлар да таласа келіп, жазда жайлауда отырады екен. Осылайша келген Шыңғыс ауылының бір жігіті Шеруке атты қызға ғашық болады. Күз түсіп, ел көшкенде екі жас бірін-бірі қимай

қоштасады. Жігіт Шерукеге: «Қар бекіп, қыс түскенше келіп қайтуға серт берейін», – дейді.

Жігіт берген уәдесімен қайта оралып келгенде, бұл өңірде қыс қаһарына мінген екен. Ақ түтек боранда адасып, сүйгенінің ауылын таба алмай аласұрған жігіт: «Қайда ауыл, Шеруке?» – деп, сүйгенін шақырумен болады. Қыз ауылын іздеп, Шерукені шақырған жігіт дауысынан тау жаңғырып, ел дүрлігіпті. Жігіт ғашығының ауылын таппай, боранда үсіп өледі. Сүйгенін таппаған жігіттің тау жаңғыртқан дауысын естіген ел кейіннен осы өңірді «Қайдауыл, Шеруке» деп атап кетіпті.

### Қалқаман

Ертеде Қалқаман деген жігіт болыпты. Әке-шешесі ерте қайтыс болып, әр туысқанының үйінде жүріп ержетеді. Жастайынан көргені жетімдік, жоқшылық болғандықтан ба, Қалқаман өз қатарынан әлдеқайда ересек көрінетін. Ол ұзын бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей өте сымбатты жігіт еді.

Осы ауылда Ақан, Жақан деген екі ағайынды жігіт болады. Мінездері ұрда-жық, содыр болатын. Олардың аттарын естігенде бесіктегі бала да жылауын қоятын. Солардың Ақжібек деген қарындасы бар екен. Өте көрікті, сұлу еді. Ақжібекке қанша ынтазар болса да, жігіттер ағаларынан қорқып батпайтын. Қалқаман да Ақжібекке ғашық болса да, бір жағынан ағаларынан қорықса, екінші жағынан қызды алып қашқанда паналайтын ешкімі жоғын ойлап, іштен тынып қоятын.

Бір күні таңертең ауыл іші у-шу болып: «Қалқаман Ақжібекті алып қашыпты, енді сорлының күні не болар екен?» – деген әңгіме шығады. Ана содыр екі ағайынды жігіт Қалқаманды өлтіреміз деп, алақандарына түкіріп отырған көрінеді.

Үшінші күн өтеді. Қалқаман мен Ақжібектен ешқандай хабар жоқ. Тура бір жер астына түсіп кеткендей. Арада бір апта өткенде ағалары: «Қалқаманға қояр шартымыз бар. Соны орындаса, бәрін де кешеміз. Орындай алмаса, өз обалы өзіне», – деп, ағайындарға хабар салады. Ол шарты не екенін ешкім білмесе де, көнбеске амал қалмайды. Сонда Ақжібектің ағалары: «Қалқаман алдымнан шауып өтсін, мен оны атамын, егер аман құтылса, сөзім – сөз. Егер құтыла алмаса, маған ешкімнің өкпесі жоқ», – дейді. Қыздың ағалары құралайды көзге атқан мерген екенін білетін ауыл адамдары қатты сасады.

Көрші ауылда Қалқаманның Қаражігіт деген досы болатын. Ол да Қалқаман сияқты тақыр кедей еді. Бар байлығы – құмай тазысы мен бәйге аты болатын. Бұл хабарды естіген Қаражігіт ауылға келіп, ағайындардан Қалқаманмен кездестіруін сұрайды.

Қалқаманға Қаражігіт: «Тумасақ та туғандай едік, басыңа ауыр күн туғанда үйде жата алмадым. Өзің де білесің, Ақан мен Жақан –

құралайды көзге ататын мергендер. Олардың оғынан құтылу мүмкін емес. Бар үмітім астымдағы атымда. Талай жүйрікті шаң қаптырып еді. Олардың оғынан бір құтқарса, осы бәйге күреңім құтқарар», — дейді. Осыған пәтуаласқан Қалқаман Қаражігітті Ақжібектің ағаларына жібереді. Белгіленген уақытта бір Аллаға ғана жалбарынып, Қалқаман Ақан мен Жақанның алдынан шауып өтеді. Осы сәтті күткен олар да оқ атып үлгереді. «Шын жыласа, соқыр көзден де жас шығады» дегендей, бүкіл ауыл, жора-жолдас болып тілеген тілеулері қабыл болып, Қалқаман қос мергеннің оғынан аман қалады. Қанша сотқар болса да, берген уәделерінде тұрып, Ақан мен Жақан Қалқаман мен Ақжібекті қосып, өз алдарына отау етіп шығарады. Сол оқиға болған жазық дала қазір үлкен стансы болады. Ол «Қалқаман стансысы» деп аталады.

### Қарағанды

Баяғыда бір бай болыпты. Оның өзге малына қарағанда ұсақ тұяқтысы көп екен. Ішіндегі бір қара қойды қасиетті деп, отар-отар малының берекесі деп атайды екен. Бір күні мал өрістен қайтқанда, қара қойдың жоқ екені анықталады. Әккі қойшылар байға қойдың далада қоздап қалуы мүмкін екенін жеткізеді. Байдың жігіттері кешқұрым мезгілде отар жайылған орындарды сүзіп шығуға аттанады. Шамалы уақыттың ішінде қас қарайып кетеді. Ай сәулесінің жарығымен қарайып көрінген нәрселердің қайсысына барса да, барлығы қараған болып шыға береді. Әбден шаршаған жігіттердің бірі: «Қайда барсаң қараған, бұл өзі қарағанды жер екен ғой», — деп кейіс білдіріпті. Сонан осы жердің аты «Қарағанды» аталып кетеді.

### Қаратау

Баяғы өткен заманда бір бай өлкелерінің бірінде бір қауым ел-жұрт өмір сүріпті. Қанша заман өткенін кім білсін, күндердің бір күнінде сол өңірде жетібасты жалмауыз пайда болыпты дейді. Елге қырғидай тиіп, күн сайын қырық қой, қырық жылқы, бір жігіт пен бір қызды жеп отырыпты. Әбден зәрекеп болған ел жаңағы жалмауыздан құтылудың жолын іздейді. Жапанды шарлап келе жатқан бір саудагерлер оңтүстік өлкеде Дәубек деген батырдың бар екендігін хабардар етеді. Жетібасты жалмауызды бір жеңсе, сол ғана жеңеді дегенді айтады. Оның еліне жету үшін өте ұзақ жүру керек. Шөлді, құмды жерлерді басып өту керек. Әбден бір қалжыраған шақта, алыстан тау сілемі көзге шалдығуы мүмкін. Жаңағы дәу сол тауды мекендейді.

Ел болып жиналып, бір батырды басшы етіп, қырық жігітті қосшы етіп жолға аттандырады. Олар арада күн жүріп, ай жүріп құмды далаға



кездеседі. Шаршайды, қалжырайды, сусайды. Күндердің бір күнінде көкжиекке көз тігіп келе жатқан жаңағы жігіттердің бірі:

— Қара тау, қара тау! — деп айғайлап жібереді. Барлығы жаппай жаңағы жаққа назар салса, сағымданған таудың сұлбасы көзге шалынған сияқты болады. Сол сағымды бетке алып жүрген жолаушылар ақыры тауға жетіпті. Ол батыр жеті басты жалмауызды өлтіріп, елге тыныштық орнатады.

Сонан жаңағы дәу мекендеген тауды ел «Қаратау» деп атап кетіпті.

## Қарқаралы

Жоңғар шабуылы кезінде жаудың бір түмен сарбазы қазіргі қаланың батыс жағына қорған салып бекінеді. Олардың мақсаты — өздерінің Ертіс бойындағы қолы әлсіресе, соған қолғабысқа аттану. Бұл кезде қазақ сарбаздары орталық, терістік жақтан жоңғарлар қолын тықсыра бастаған. Абылай қалмақтың ханы Қалдан Сереннің қолына түсіп, кейіннен достасып, соғыспау туралы келісімге келген. Осы кезді пайдаланып, Шаншар абыздың екінші әйелі Нұрбикеден туған Тілеуке, Бертіс хан қол жинайды. Түстік Сыр бойынан келіп, Қарқаралыға бекініп жатқан жоңғарларды жойып, елді осы жаққа орналастыруды қолға алып, бекіністі тазартудың қамына кіріскен. Жер жағдайын жетік білмегендіктен, жоңғарлар алдымыздан қауіп жоқ деп ойлайды. Жағдай ойлағаннан басқаша болып шығады. Бертіс қолы Қарқаралының батыс жағындағы Шоқпартас маңындағы орманға орналасып, жауды сезіктендірмей желке жағынан шабуыл жасау үшін тауға барлау жүргізіп, Шоқпартастан Суықбұлаққа қарай асатын шұбырынды жол тапқан. Осының нәтижесінде жаудың желке жағынан шабуылдауға толық мүмкіндік туады. Күтпеген жерден қалың қолдан үрейі ұшып, берекесі кеткен жоңғар қолы қаша жөнеледі. Жоңғар қолын көп шығынға ұшыратып, жаудың ізіне түсіп, түстікке қарай қуып жіберген екен. Сөйтіп, қаракесек руын осы маңға, Балқантауға дейін орналастыруды жоспарлап, ол оңтүстікке елге қарай қайтып, елді көшіруді ұйымдастырған. Бұл кезде «Қарқаралы» деген атау жоқ. Бертіс бұл мекенді жоңғарлардан тазартқан соң, қазан айының соңына қарай көшпенді қоңырат деген тайпа келеді. Бұл тайпа сан жағынан көп, арғынмен туыс ел. Жоңғарлар шабуыл жасауы мүмкін деген маңайдан қашқақтап жүретін болса керек. Қысқа аяқты мал деп сиыр, қой асырап бақпайды, өйткені елге жау бет алып келе жатқанда бұл екі түлік бөгет болады, жау қолында қалып қояды деген есебі көрінеді. Жаудан жалтарып кету үшін жылқы, түйе малын көптеп өсірген. Қоңыраттар ұзынқұлақ арқылы Арқаның шұрайлы жері жаудан тазартылды дегенді естіп, қыстап шығу үшін таудың күншығыс жағына көптеген киіз үй тігіп, өздерінен өрген рулар ауыл-ауыл болып отырған. Сол жылы қар өте қалың түседі, қар түсе тауда қаптап жүрген арқар, елік, бұғыларды көргенде

көздері тұнған. Садақпен аң аулауға барайын десе, бара алмайды. Тау басы мен биік жондар қара болып жатқанымен, тау етегі өте қалың қасат көбік қар болған. Тауға шықпақ болғанда аттары қарға көміліп, жаяу шығайын десе, өздері де қарға көміліп, бойламаған.

Сол кезде көктем де өте кеш шыққан, жаз шыға ол кезде аң ауланбайды. «Дала тағысы киелі болады, төлі жетім қалса, қырсыз болады» деген ұғым қалыптасқан. Сөйтіп, бұл тауда басы қара, етегі қарлы — «Қарқаралы» деген атау пайда болған. Арғындар ішіндегі қарақожа әулетінен тараған қаракесек руы келе бастағанда алдымен «Қара-қарлы» тауына әлтөбет руы келіп қоныстанған. Бұлар келе бастаған соң, қоңыраттар Есіл бойына қарай, балталы-бағаналы елімен сүйек шатыстығы болғандықтан көшіп кеткен.

### Құланөтпес

Ертеде бір хан өмір сүріпті. Ол ханның жалғыз ұлы саятшылықты жақсы көріпті. Бір күні ханның ұлы нөкерлерімен аң аулауға шыққанда, бір үйір құлан көреді. Ханның ұлы бастаған нөкерлер құландарды қуа бастайды. Бір уақытта қуғын кезінде бір ақсақ құланды қуып кетеді. Оның астындағы аты жүйрік болса керек. Ал нөкерлерінің аттары шаба алмай аптығып, өздері тоқтап қалады. Ақсақ құлан бір кезде ханның баласының атына қарсы шабады, хан баласын тісімен тістеп құлатып, таптап өлтіреді. Хан ордасына қайтып барған нөкерлер баласының өлімін естіруге қорқып, күйшіге: «Ханға айт, естірт!» — деп әмір береді. Күйші ханға келіп, малдасын құрып, баласының өлімін өзінің домбырасына қосып айтып естіртіпті. Бұл хабарды естіп қаһарланған хан баласының өшін алмақшы болады. Ол өз әскеріне екі жақтан ұра қаздырып, құландарды айдап өлтірген (біреуі кейіннен Нұра деп аталған, екіншісі Құланөтпес деп аталып кеткен).

### Құттыбай

Ертеде бұл өңірді Үсен деген адам қоныс еткен екен. Одан кейін әрбір ру басына жер бөлінгенде, бұл жер Құттыбай деген кісіге бөлініпті. Ол өзі бала жастан өткір тілді екен. Жерді өз меншігіне алысымен Үсен деген кісіні: «Өз бөлісіңе жер ал да кет!» — деп, көшіріп жіберіпті. Ең алғашында ауыл «Бес ағаш» деп аталған екен, өйткені бұлақ басында бес ағаш қана өсіп тұрыпты (қазір ол жерде екі ағаш қана өсіп тұр). Құттыбай осы бұлақ басына шымнан үй салыпты, кейіннен кірпіштен салған. Қазір үй орнында ештеңе жоқ.

Содан өзіне қараған туыс, жекжат, руластарын жинап, үй салып, мал өсіріп, егін салып, өз алдарына бірталай адам болып өмір сүріпті. Ол кезде жер таласы, ру таласы жиі-жиі ауыл арасында болып тұрыпты.

Міне, осындай жағдайларда араға Құттыбай батыр жүреді екен. Сөзге де шешен, тапқыр кісі болыпты. Бұл кісінің руы — қояныштағай. Бұл кісіден екі бала туған, бірі — Лақ, бірі — Сарт. Бұл кісі туралы әңгімелеуші адам Сарт деген баласының баласы (Құттыбайдың немересі).

Құттыбай батыр қазақ пен қалмақ ұрысында ел ішіне жау келгенде қолына ту ұстап, ат үстінде жүрген кісі екен. Қалмақ шабуылында аяғына садақтың оғы тиіп, тізеден төмен аяғы салбырап қалады. Аяғына қараса, тудан айырылып қалады екен. Жігіттеріне: «Мына құрғырды салбыратпай аттың ер тоқымына байлап тастаңдар», — деп бұйырып, өзі тудан айырылмай, ақыры қалмақты жеңіп, туды аман алып қалыпты. Содан Құттыбай батыр атаныпты. Жер аты да осы кісінің атымен аталыпты.

### Қыземшек

Ертеде бір жолаушы жолаушылап келе жатып, бір таудың тұсындағы құдық басына келіп демалады. Құдықтан су ішіп демалып алып, жан жағына көз салады. Қасында жаңағы тауға ұқсас екінші тауды көреді. Екі таудың бір-біріне ұқсастығын қыз баланың қос анарына теңейді. Әлгі жолаушы демалып тыныққаннан кейін жолай көрші ауылға соғады. Ауылға кіре берісте бір қарт кісі жолаушыдан жөн сұрап: «Ей, жолаушы, қайдан келесің?» — дейді. Сонда жолаушы өзінің қайдан шығып, қайда барғанын, қайда демалғанын, қандай тау кездестіргенін, оны неге теңегенін әңгімелеп береді.

Міне, содан ел арасында осы екі таудың жаратылысының ұқсастығына байланысты қыз баланың анарына теңеп, «Қыземшек» деп атап кеткен екен дейді.

### Марқакөл

Бұл оқиға ертеде болған. Таулардың арасындағы жазықта кішкентай ғана таза бұлақ сылдырап ағып жататын. Әкесі мен ұлы бағатын қойлар осында су ішуге келетін. Олардың отарында бір кішкентай марқа қозы болушы еді. Бір күні сол қозы бұлақтан су ішуді ойлайды. Кенет оны су тарта бастайды. Мұны көрген бала марқаны құтқаруға жүгіреді. Бірақ қанша тырысқанымен шамасы келмейді. Содан соң көмекке әкесін шақырады. Олар екеулеп тартып жүріп, ақыры қозыны құтқарады. Сол кезде бұлақтан су атқылап кетеді де, бүкіл жайылымды басады. Сөйтіп көл пайда болады. Содан бері бұл көл «Марқакөл» аталып кетіпті.

### Оқжетпес

Бұдан жүз жыл бұрын ба, әлде мың жыл бұрын ба, кім біледі, Арқаның Көкшетауының бауырында әрі батыр, әрі аңшы бір кісі мекендепті.

Кәсібі бүркіт салып, аң аулау болыпты. Ол кезде Көкшеде «Оралдың ақиығы» атты орасан күшті бүркіттер мекендейді екен. Батыр аңшы бір күні аң аулап келе жатып, қазіргі «Оқжетпес» аталатын, бейне алып күшті дәу қолмен текшелеп үйіп қойғандай үшкір найзаланған биік таудың шың басына бір бүркіт адам тәрізді жәндікті бүріп қона бергенін көріп қалыпты. Сол арада: «Апырмай, мұның жемі адам тәрізді ғой», — деп ойлайды да, жалма-жан садағын ала салып, бүркітті көздеп тартып жіберіпті. Зулаған оқ үшкір таудың ортасынан аса, көзделген шың тасқа жетпей жерге түсіпті. Құтқара алмайтынын сезген батыр аңшы көңіліне жаман ой түсіп, дереу үйіне жүгіріп келсе, әйелі зарлап жылап отыр екен. Жаңағы бүркіттің бүрген жемі батыр аңшының жалғыз баласы екен. Ашына күйінген батыр аңшы: «Ең болмаса қызымның сүйегін көмейін. Құлап өлсем, жаным артық па», — деп, тәуекелге бел байлап, бұрын адам шықпаған найза тауға шығып, қызының сүйегін алып, түбіне жерлепті. Ал тауға «Оқжетпес» деп ат қойған екен.

## Сырдария

Ерте заманда үлкен дарияның жағасында көшпенді халық өмір сүріпті. Осы елді асқан айлакер бір хан басқарыпты. Оның керемет сұлу әйелі болыпты. Хан әйелімен ақылдаспай ешбір шешім қабылдамайды екен.

Бір жолы хан шапқыншылардың шабуылын тойтарып, ұрыс кезінде жаудың біраз адамын қолға түсіріпті. Хан тұтқындарды дария жағасындағы ескі лашыққа қаматады.

Түнге қарай таза ауада сейілдеп қайтуға шыққан хан әйелі нөкерлерімен сол маңнан өтіп бара жатқанда, әңгіменің қызығына беріліп кеткен көрінеді. Қызды-қыздымен ханша өзінің көрші ауылдағы бір жас жігітті өте жақсы көретінін, таяуда сол жігітпен оңаша кездескенін айтып қояды.

Мұны естіген тұтқындар: «Сен ақылды әйелсің, оған еш дау жоқ. Бірақ ішкі сырыңды жұртқа жайып жібердің, бұл — сенің үлкен қателігің. Енді бізді босатпасаң, хан алдында сені әшкерелейміз!» — дейді.

Сол сәтте ханша: «Өз әйелін тәрбиелей алмаған ханды халық қалай құрметтесін», — деп ойлап, тұтқындарды босатып жібереді.

Содан бастап әлгі дария «Сырдария» деп аталып кетіпті.

## Тарбағатай

Ертеде осы тауды қазақ жерін жаулап алған қалмақтар мекен етіпті. Бірақ түнде бұл жер дамылдауға, қоныс қылуға өте жайсыз екен. Қаптаған суыр түні бойы ащы дауыстарымен шаңқылдап маза бермепті.

Қалмақтар суырды «тарбыға», ал тауды «тай» деп атайды екен. Сонан осы биікті «Суырлытау», яғни «Тарбағатай» деп атап кетеді. Таудың осы атауы күні бүгінге дейін сол қалпында сақталған.

### Текес, Ағаяз

Есте жоқ ертедегі заманда тайпалар арасындағы болған жаугершілік кезінде қырғыздың Манас батыры мен қытайдың Әлмамбет батыры бірлесе отырып жоңғардың Текес есімді батырымен соғысыпты. Қиян-кескі соғыс барысында Манасты жеңе алмаған Текес батыр сиқыршысы Ағаязға айла істеттіріп, үлкен аңғарға біткен тоғайды сиқырмен қалың қолға айналдырып, Манас батырға төтеп береді екен. Бұл айласын сезе қойған Әлмамбет батыр қалың тоғайға сиқырмен өрт қоя беріпті. Нәтижеде Текес пен Ағаяздың қалың қолын жеңіпті. Қырғын соғыстан кейін халық үлкен өзенді жоңғар батырының атымен «Текес» атапты да, жоғарғы аңғарындағы тармақ өзеннің атын «Ағаяз» атап кетіпті.

### Теректі

Ерте заманда Ермек деген батыр елінде еншілеп кеткен бір бәйге атын қайтарып алмақ болып жолға аттанғалы жатады. Жолдасы тұрып: «Енді біз қай жерде кездесеміз?» — деген екен. Сонда Ермек: «Егер мен күрең бәйгемді алып қайтсам, осы тұрған жеріміздің жол жиегінде бір теректен қиған таяқты шаншып кетем. Ол менің олжалы қайтқандығымның белгісі болмақ», — деген екен.

### Терісаққан

Қазақ даласын хандар әулеті билеп тұрған заман. Сол заманда халыққа жауыздығымен белгілі Айтық деген хан өмір сүріпті. Ханның төрт ұлы болыпты дейді аңыз. Хан бір күні ұлдарын жинап алып:

— Мен асарымды асап, жасарымды жасап болдым, дәм-тұзым таусылар уақытым да жетті. Мен өлгеннен кейін осы билеп отырған жұртымды қанап, елдің малын жесеңдер де, байлығым мен атағымды сақтап қалуға уәде беріңдер, — дейді.

Үлкен ұлдары әкесінің сөзін құп алып, уәдесін береді. Сонда кенже ұлы тұрып:

— Мен халқымның малын жеп байығанша, өмір бойы тақыр кедей болып өткенім артық. Маған арам байлықтың керегі жоқ, — деп, әкесі мен ағаларына қарсы шығады.

Оған ашуланған әкесі үлкен ұлдарына кенже ұлын өлтіруді бұйырады. Ағалары інісінің қол-аяғын байлап, ел ішіндегі өзеннің біріне лақтырып

жібереді. Інісі сол өзеннің тұңғыығына батып көз жұмады. Сол кезден бастап төртінші өзен үш өзеннің ағып жатқан бағытына теріс ағатын болады. Сол себепті өзенді «Терісаққан» деп атап кеткен дейді аңыз.

## Топар

Ертеде Топар, Жаңдар деген ағайынды жігіттер болған екен. Екеуі де өжет әрі батыр екен. Ол кезде қалмақтар жаулай бастаған кез. Қалмақтар шарт қойып: «Бұқа мен бұқаны сүзістірейік, айғыр мен айғырды төбелестірейік, балуан мен балуанды күрестірейік. Егер де осы үшеуі де жеңіске жеткен болса, жерді бейбітшілік жолымен тастап кетеміз», — деген екен. Сонда қазақтардың бұқасы да, айғыры да, балуаны да жеңіске жеткен екен. Содан осы сайыс болған жер Топар деген кісінің құрметіне қойылыпты.

## Төретам

Өткен ғасырда Кіші жүзден шыққан Жәрімбет деген кісі өзінің ұрпақтарын Қармақшы ауданына қарасты Төретамға қоныстандырған көрінеді. Бір шеті сонау Жалағаш ауданы «Жаңаталап» қолхозынан бастап, мына жағы «Қараң», «Жетіасар» маңы, «Сырдария» өзенін жағалап Дерментөбе, Сартоғай, Елшібай, Төретам, солтүстігі «Келіншекжалын» (қазіргі Байқоңыр) Жәрімбеттен тараған Әлен, Бұрқыт балалары мекен еткен. Олар Сыр бойын жайлаған, кейін қыстау салған. Ол заман Сырдария өзені ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін, толқыны аспанға атқан кез болса керек.

Бір жаздың жайма-шуақ күнінде суға кетіп ағып бара жатқан бір кісіні осы елдің азаматтары судан шығарып, ат шаптырып жан-жаққа хабар жібереді. Көп ұзамай көп адам келіп, өз адамдарын жинап, биік төбенің басына үй-там салдырып жерлепті. Рулары төре болып шыққан екен.

Содан бері «Төретам» аталып кеткен. Үй, там жолаушылап бара жатқан кісілерге пана болған. Жергілікті халықтан: «Бұл үй-там кімнің тамы?» — деп сұрағандарға «Төренің тамы» деп жауап береді екен.

## Төрткүл жазығы

Ертеректе бұл жазықты бір бай иемденіп, мекен етіпті. Бай үш әйел алса да бірде-бірі бала көтермепті. Төртінші әйелін алғанда бір қыз тауышты. Қызды әйелдердің барлығы да жақсы көріп, ортақ мәпелеп тәрбиелепті. Қыз бойжетіп, сол маңдағы бір кедейдің ақылды баласына ғашық болып, тимек болады. Бұл жағдайды білген залым әкесі: «Менің қызым кедейге тие ме?!» — деп намыстанады да, қызын сабап өлтіріп қойыпты. Кейінгі кезде қыздың төрт шешесі қызды еске түсіру



мақсатында жазықтың төрт бұрышына әдейілеп жемісті бақша орнатты. Жеміс-жидек ағаштары жетіліп, аппақ қардай болып гүл ашады. Бұл жерді көрген жұртшылық содан бастап «Төртгүл» деп атап кетеді. Кейін келе «Төрткүл» болып өзгерген делінеді.

## Түлкібас

О баста бұл жер «Майлыкент» аталған екен. Осы Майлыкент өңірінде Түлкібас деген әулие кісі өмір сүріпті. Кезінде елге көп жақсылығы тиген, әртүрлі ауруларды емдеп жазыпты. Өзінің әулиелігіне қарамай ол кісі өте қарапайым болғанға ұқсайды. Бірақ ел ішінде оған сенбейтін, күле қарайтын адамдар да бар екен. Қасиетті Түлкібас оған еш мән бермеген. Бір күні Түлкібас әулие қазіргі Түлкібас ауданының орталығы «Ванновка» мен «Азаттылық» колхозының шегарасында орналасқан Қосемшек деген төбенің етегіндегі өзенге түйесін суғармақ болып жетелеп бара жатады. Сол кезде оған сенбейтін, сол ауылдың біраз адамы артынан ажуалай қарап, күліп тұрады. Бұған шыдамаған Түлкібас әулие артына қарап, әлгі адамдарға түкіріп қалыпты. Сол сәтте олар езіліп кетіп, барлығы он екі адам бір-бір бастауға, бұлаққа айналады. Осыдан бастап ел оның қасиеттілігіне сене бастайды. Кейіннен ауырған адамдар: «Қасиетті әулиенің түкірігі бар», — деп, сол бастаудан су ішетін болыпты.

Сонымен Түлкібас әулие өмірінің соңына дейін жұртты емдеп, елге көп жақсылық істеген екен. Өлер алдында ол кісі: «Мен өлген соң мені Қосемшектің жоғары төбесіне жерлеңдер. Үстіне үш дәу тас әкеліп, біреуін оңға, біреуін солға, біреуін аспанға қаратып қойыңдар», — депті. Оның бұл тілегін халқы мүлтіксіз орындапты.

Күндердің күнінде елге жау шабады. Бірақ елге жақындағанда жаудың аттары аяқтарын алға баспай қойыпты. Әбден әуреге түскен жау кері қайтады. Естіген ел аң-таң қалады. Кейін Түлкібас әулиенің үстіндегі оң жаққа қарап тұрған тастың жоқ болғанын көрген жұрт бұл кереметтің сырына түсінгендей болыпты.

Тағы бір жылы қатты қуаңшылық болады. Көктен бір тамшы тамбай ел ашаршылыққа ұшрайды. Сол кезде бүкіл ел жиылып, елдің беделді бір адамын басшылыққа алып, Түлкібас әулиенің басына келіп жалбарынады. Әлгі елдің беделді кісісі: «Егер осыдан көмектессең, атыңды өмір бойы ұмытпаймыз», — дейді.

Сол кезде қабірінің үстіндегі аспанға қарап тұрған тас домалап түсіпті. Тастың үлкендігі сонша, сол тастан бірталай адам мерт болады. Дәл сол мезетте аспанды бұлт торлап, жаңбыр сіркірейді, артынша ақ жауынға айналады.

Содан соң жұрт уәде бойынша сол өңірге «Түлкібас» атын беріпті.

## Ұранқай тауы

1928 жылдарғы ұжымдастыру кезінде Кеңес өкіметі байларды конфискациялап<sup>1</sup>, жасырғаны бар ма деген күдікпен бұл төңіректе де қатты тінту жүргізіпті. Тексеруге келген екі шолақбелсенді тау басында көне моланың барын біле тұрса да, оны «байлардың қоймасы, олардың жасырған дүниесі» деп, моланы қаздыртыпты. Бір-екі метр тереңдіктен кейін үлкен тасқа кезігіп, оны жылжыта алмапты. Тексерушілер: «Ертең түйемен тартамыз», — деп қайтып кетеді. Сол түні екі жігіт бірдей түс көреді. Түстерінде қыз бен жігіт: «Бізді мазаламандар», — деген екен. Ертеңінде екі жігіт қорқып, мола жаққа аяқ баспапты. Сөйтсе, бұл жерге жаугершілік тұста қалмақтың Ұран есімді қызы мен Қай есімді ұлы қатар жерленіпті. Содан тау «Ұранқай» деп аталып кетіпті.

## Шайтанкөл

Баяғыда бір байдың Сұлушаш деген қызы болыпты. Байдың есігінде жүрген Тезек деген құлы Шұнақ деген күңімен қосылып, одан Алтай туады. Ол ержетіп, Сұлушаш екеуі бір-бірін сүйеді. Бірақ бай қарсы болады. Алтайдың Қайсар деген досы, Сұлушаш үшеуі елден қашады. Олар Қарқаралының маңайындағы Жиренсақал деген жерді мекендейді. Сол жерде аң аулап, құс ұстап, күндерін көреді. Бір күні Алтай құс аулап жүріп, құзға кездеседі. Сол құзға бүркіт ұя салған екен. Алтай одан бүркіттің балапанын алмақшы болады. Бірақ жолы болмай шыңырауға құлайды. Сұлушаш Тескен таста сырнай тартып отырады. Біраздан соң артынан ырылдаған дауыс естіледі, қараса, артында арыстан тұр екен. Содан қорыққаннан көлге құлап өледі. Қайсар Сұлушашты іздеп осы жерге келсе, көлдің бетінде қыздың көйлегі, тақиясы жүзіп жүреді. Ол да сол көлге құлап өледі. Содан кейін бұл көл «Шайтанкөл» атаныпты.

## Шәуілдір

Ат шаптырым алыстан мұнарта, қарауыта көрінетін, төрткүл дүниеге аты мен даңқы жеткен Ұлы Жібек жолының күре тамыры болған Отырар қаласының кішігірім таудай болып үйілген үйінді орны. Отырар қаласының солтүстік беткейінде Арыстан бап әулиенің күмбезі бар. Ақшеңгел кей-кейде сыңсып, біртүрлі мұңды әуенмен жылайды. Сол жерге шейіт болған қыз жерленген, сол қыздың моласының үстінде ақ шеңгел өскен деседі.

Отырар ханы Қайырдың інісі әскербасы болады. Әскербасының Дүр деген жалғыз қызы болады. Дүр өнер-білім алу үшін ағасы Қайыр

<sup>1</sup> Конфискация /орыс/ – тәркілеу.

ханның қолында тұрады. Дүр өте сүйкімді, көрікті, құралай көз, киғаш қас, сүмбіл шаш, талшыбықтай бұралған көркіне ақыл-парасаты сай болып өседі. «Әскербасына Жасаған ием жалғыз қыз берсе де, дүниенің тұтас байлығына пара-пар қыз берген», — деседі.

Қайыр ханның ұлы Шәміл Дүрменен түйдей құрдас екен. Екеуі де балалықтың бал күндерін өткізе береді екен. Шәмілді көрген қариялар: «Ер тұлғалы, батырға лайық кейпі бар. Бұл өзі Қайырдан өткен хан болар», — дейді.

Қайырды дұшпандары жеңудің әдісін ойлайды. Қайыр хан мен інісінің ұйымшылдығын, халқының ұйыған ынтымағын жек көреді. Әскері мықты, бұны жеңу үшін күш емес, айла керек дейді.

Сол кезде Шәміл жігіт болып бой түзеп, Дүр бойжеткен қыз болып қалған екен. Оңы мен солын анық ажырата алмайтын бозбала жігіт пен бойжеткенді жаулары қанды шеңгелдеріне түсіруді мақсат тұтады. «Аңдыған жау алмай қоймас» дегендей, хан сарайынан опасыз жан табылады. Қайыр хан өзі саятшылап кеткен екен. Кеткенін білген жау пәк жандарды алдап-арбап, шарап ішкізеді. Екеуі естерін жиған соң, ұят шоғына бидайдай қуырылады екен. Бұл хабар ханға да жетеді. Намыс отына түскен хан Сарыкөлден інісін суыт алдырады. Інісі де: «Бұл не деген сұмдық, қазақ халқының дәстүр-салтында жоқ масқаралық!» — деп күйзеледі.

«Күнәһардың бірі сіздің, бірі менің перзентіміз, екеуін де жазалау керек», — дейді. Қайыр хан сабырлы қалыпта: «Осы іске көңілім сенбейді», — деп, Шәміл мен Дүрді алдырады, екеуі де болған істі мойындайды. Үкім шығарылып, туысқан аға-қарындастың қылмысына лайықты жаза қолданылады. Қала халқының бәрі күнбатыс жаққа қарай, екіге бөлініп тұрады. Қақпа аузында жазалаушы әскер атқа мініп, қылышын қолына алып, сап түзейді. Қылмыскер екі жас жүгіріп атқа мініп, қала ішінен шауып шығуы керек.

Алдымен Шәміл көз ілеспес жылдамдықпен жұлдыздай ағызып өте шығады. Жазалаушының қылышының біреуі иығына, біреуі санына тиіп, қып-қызыл қаны саулап кетеді де, жоқ болады. Оның артынан Дүр де ақ жамылып ағызып өтеді. Шәмілдің басын ала алмаған баскесерлер Дүрдің басын алады. Қыздың денесін алып, Арыстан бапқа тастайды. Қызды сол жерге жерлепті. Ал Шәміл ұшты-күйлі жоқ болады. Ел жиналып, есін жиған соң, ескі елді мекен Отырардың атын «Шәміл-Дүр» депті. Келе-келе бұл жер «Шәуілдірге» айналыпты.

## Шолақтерек

Шолақтерек өзені ертеректе қалың тоғай болыпты. Бұл араны Өтеген, Өтеуіл деген ағайынды екі жігіт қоныс етіпті. Ол кезде қыста тері киім, жазда жарғақ киеді екен. Бір күні Өтеуіл малын өрістетіп

шықса, жаңбыр жауып кетіпті. Құсырынып, белін белбеумен буынып алған жарғақ тонының сыртқы етегі жаңбырда былбырап жұмсап созыла беріпті. Өтеуіл созылған етектің артығын кесіп тастай беріпті. Кешке үйіне қайтқанша етегінің бірталай жерін кесіп тастап, теңестіріп болған екен. Таңертең тұрып қараса, жарғақ тонының су болған етегі кеуіп, қысқарып қалыпты. Сонда ол жеңгесіне: «Мына тоның қысқарған етегіне бір нәрсе жалғап теңестіріп бер», — десе, жеңгесі әзілге айналадырып: «Илеген дайын жарғақ жоқ, сол күйінше кие бер», — депті. Өтеуіл жеңгесінің сөзі бойынша ұзынды-қысқалы түрінде киіп алыпты. Содан бастап оның ақылының кемдігіне қарай жеңгелері атын тергеп, «Шолақ» атап кетіпті. Сол маңдағылар да осылай атапты. Кейін келе бұлар қоныстанған жердің тоғайын ел «Шолақтың терегі» деп, одан «Шолақтерек» атанып кетіпті.

### Шом қалған

Отар маңайындағы Қопа өзенінің бойында көшіп жүрген қазақтар қоқандықтардың қысымына шыдамай, олардың салықшыларын өлтіріп, тірі қалғанын масқаралап қуып жібереді. Қаһарланған Қоқан ханы қазақтарды жазалауға қисапсыз көп әскер жібереді. Қоқандықтар қазақтардың еркектерін өлтіріп, әйел мен балаларын тұтқынға алып, мал-мүлкін талан-таражға салады.

Қазақ елі де намысқа тырысып бағады. Осы кезде шапырашты руынан ержүрек батыр Сұраншы Ақылбайұлы шығып, аман қалған жігіттерден азғана қол жинап, қоқандықтарға тойтарыс беруге қамданады. Сан жағынан басым жауды бетпе-бет ұрыста жеңу қиын екенін білген Сұраншы жасағымен түн қараңғылығын жамылып, қоқандықтардың шебіне тақау келеді де, жігіттеріне әр жерден көп қылып от жағып, у-шуды көбейтуді бұйырады. Содан соң қоқандықтарға «еркімен берілсін» деп елші жібереді. Қоқандықтар қаптаған отты көріп, азан-қазан болып жатқан шуды естіп, Сұраншы көп әскер жиған екен деп шошиды. Осы сәтті күтіп тұрған Сұраншы қолымен лап қояды. Жау бытырап қашады, тіпті түйелерінің қомдарын тастай салып зытады. Содан бері осы жер «Шом қалған» деп аталады.

## ТАРИХИ АҢЫЗДАР

### Шыңғыс нәсілі

XII ғасырдың басы шамасында Аюша деген қалмақ ханының баласы болыпты. Татар-моңғол деген хан өлгенде артында көркем, ажарлы әйелі қалады. Бір күндерде қасынан сәуле секілді бір зат қалмайды.

Ақырында сол әйел жүкті болып, туған баланың атын Шыңғыс қояды. Екінші мағлұматта туғанда Шыңғыс деп дыбыстап туды дейді. Екі алақаны, екі табаны қап-қара қан болыпты. Сонан бақсыларға бал аштырып: «Бұл қалай болады?» — дегенде, бақсылар: «Бұл екі аяғымен жүріп жердің жүзін қан етеді. Екі қолымен көп қан төгеді», — деген екен. Сонан Шыңғыс ержеткен соң хан болады. Бір күні екі ағасына: «Үшеуміз бірігіп мынау көрші хандарды жаулап алалық», — дейді. Екі ағасы да екі жерде хан екен. Сонан үшеуі бірігіп, көрші хандардың елін ала бастайды. Шыңғыс артында жүріп, жүрген жеріне Шыңғыс атын тастай береді. Ақырында Шыңғыс екі ағасын да өлтірген. Сонан мына жағы Қазанға шейін, мына оңтүстік-батыс жағы Хиуа, Бұхарадан Астарханға дейін, онан Еділ жағалап барып Қырымды алған дейді.

### Алаша хан

Барыс дейтін ханның қоластында бір балгер болған екен. Балгерге таңертең ылғи бал аштырады екен. «Балыңа не түссе, ашығын айт!» — деп айтатын көрінеді. Бір күні балгер балын ашып: «Осы қарауыңдағы халықтан бір шұбар бала туады. Сол бала сенің басыңды алады», — депті.

Хан сонда әрбір жүкті әйелдің тізімін алдырып, соған күзет қояды. «Шұбар бала туған адамды тұқымымен құрт!» — деп әмір еткен екен.

Бір күні бір жас әйел төсегінен жылап оянады. Күйеуі: «Неге жылайсың?» — дегенде, «Түсімде бір ақсақал ішімнен таяғымен түртіп, шұбар бала туатынымды айтты», — дейді. Күйеуінен рұқсат алып, тау арасына кетеді. Келер жылы шұбар бала туады. Бала үш жаста есік алдына келсе, келген бала кетпейді екен. Сөйте-сөйте бес жүз құрбысы болады екен. Содан бұлар тауға кетеді екен. Қару-жарақ соғады. Содан шұбар бала хан болады. Алаша хан осы екен дейді.

### Майқы би

Қырық сан Қырым, отыз сан Үрім, он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт, он сан ноғай бөлінгенде, Орманбет би өліп, Ноғайлы елі бір үріккен ала тайдан жау келіп қалған екен деп үрейленіп бүлініпті. Сол заманда Қобан, Қоғам және Майқы есімді ағайынды үш кісі болады. Майқы тоғыз ханды қолдан таққа отырғызған кісі екен. Бұхара шаһарына Қырымнан келген қырық ханның бірі Қызыл Арыстанның үлкен әйелінен бала болмай, хан аяқ салған бір тұтқын қыздан ұл туады, ұлдың денесі сауысқандай ала болады. Бәйбішесі қызғаншақтықпен ханға: «Мұны балам деп ойлама, көзін құрт. Өйтпесең, түбінде бұл ержеткен соң еліңді ала тайдай бүлдіреді», — дейді. Қызыл Арыстан бәйбішесінің сөзіне еріп, әскерлерінен қырық жігіт бөліп, олардың

басшысына: «Мына баланы тапқан шешесімен Сырдариядан әрі өткізіп тастаңдар. Өлсе өлер, өлмесе өз бетімен күн көрер. Зихар шешесі де, бала да бұл елге қайтып келмейтін болсын, өздеріңе де бостандық», — дейді.

Қырық жігіт Сырдариядан өтіп, бала есейгенше Қаратау мен Алатау өңірінде аң аулап күнелтеді де, бала он екі жасқа жеткенде бір жерге әкеп тастап кетеді. Балаға аң аулап жүрген Майқы бидің баласы Үйсін кез болады. Үйсін далада көргенін үйге, әкесіне айтып келеді.

— Бір ағаштың түбінде отырған бала көрдім, ай десе аузы, күн десе көзі бар, көрген кісі қызығып, бір қасық сумен жұтып жібергендей. Жалғыз-ақ айыбы — тілі жоқ екен, — дейді.

Майқы аяғы ақсақ, аяқ арбамен жүретін әрі арбасын адамға жетектететін кісі екен.

— Балаға мені апарыңдар, мен тілдесіп көрейін, — дейді Майқы. Үйсінге ілеспеген, тіпті сөйлеспеген бала Майқыны көргеннен-ақ орнынан ұшып тұрып:

— Ассалаумағалейкүм, хан біткеннің қазығы, бұхара жұрттың азығы, — деп оған сәлем береді.

— Уағалейкүмассалам, балам. Әменде аман бол. Өзің болайын деп тұрған ұл екенсің, қолына алып тәрбиелеушінің жоқтығынан кем болып жүр екенсің. Кел, арбаға мін, — деп, баланы Майқы қасына отырғызып, үйіне алып келеді.

Ортан жілік ұстатып, өкіл бала қылады. Жорға бие сойып, жоғарғы елді шақырып, ұлан-асыр той жасайды. Бала ержеткен соң «ердің ері, егеудің сынығы» деп, қасына өз баласы Үйсін бастаған жүз жігіт қосып беріп, жолға аттандырады.

— Қаратаудан асып, әрі қарай жүре беріңдер. Алдарыңнан Ұлытау, Кішітау деген таулар, Қаракеңгір, Сарыкеңгір деген өзендер кездеседі. Сол жерлерге барып аң аулап, ірге теуіп орнығыңдар. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел-жұрт болуды ойлаңдар. Күндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қараша боласыңдар. Хан ақылды, әділ болса, қарашасы ынтымақты, батыл болса, қара жерден су ағызып, кеме жүргізеді, — деп, Майқы бата береді. Жүз жігіт Қаратаудан асып, Шу, Сарысу өзендерінен өтіп, Майқының айтқан жерлеріне жетеді. Ұйқы бұзып, жылқы алады, күйме бұзып, қыз алады. Сөйтіп ел-жұрт бола бастайды, дабысы Қызыл Арыстан ханға жетеді.

— Менің баламды қасына жігіт-желең ертіп желіктіріп жібергені қалай? Менен қалағанын алып, баламды өзіме қайтарсын! — деп, хан Майқы биге кісі салады.

— Сендер барып шақырып келіңдер, — деп, Майқы бірінші жүз жігіттің артынан Қобанұлы Болатқожа бастаған екінші жүз жігіт жібереді. Бірақ бұлар да қайтпай, сонда қалып қояды. Қызыл Арыстан «баламды қайтарсын» деп мазалай берген соң, Майқы Қоғамұлы Алшынды басшы



етіп үшінші жүз жігіт жібереді. Жігіттерге басшы, ақылшы болсын деп, қастарына он бір қария қосып береді. Бірақ бұлар да қайтпайды.

Сөйтіп, Майқы би үйінде жатып-ақ үлкен іс бітіреді, қазақ хандығының негізін салады. Үш жүз жігіт алыстан мал алып, қалыңсыз қатын алып, өсіп-өніп көбейген соң: «Ел-жұрт болғанымызды танытамыз», — деп, баяғы Қызыл Арыстанның баласын алашаға отырғызып, Ұлытаудың басында хан көтереді, атын Алаша хан қояды.

## Ақсақ Темір

Темірдің шешесі Сақыпжамал осы баласына екіқабат кезінде түс көріпті. Түсінде ол бала емес, жылан туыпты. Сол жылан көз алдында үлкейіп, айдаһар болыпты. Алдымен ол өзінің туған анасын жұтыпты, артынша сол кездегі Сырдария билеушісі Тоқалақты жұтыпты. Бұл түсін екіқабат келіншек үйіне кездейсоқ қонақ болған жолаушы кемпірге жорытыпты. Кемпір сатқындық жасап, түсті Тоқалаққа айтып келеді. Қатал хан екіқабат келіншекті алдырып, өз қолымен ішін жарып, мазардың ішіне көмусіз тастатады. Сақыпжамалдың туған сиңдісі Теккене жеті айлық тірі жатқан баланың кіндігін тісімен қиып, баланы алып кеткен екен. Шешесінің ішіне пышақ салған кезде кішкентай баланың оң аяғына зақым келіп, ақсақ болып туылады екен. Әлгі он алты жасар, әлі беті ашылмаған бейкүнә қыздың емшегінен сүт шығып, баланы өсірген екен. Ақсақ Темір өмір бақи «шешем, анам Теккене» деп өтеді.

## Әмір Темірді тоқтатқан ана

Ел шауып, басқыншылығымен аты шыққан Шыңғыс ханнан кем түспеген Әмір Темір көзге көрінген елдің боздағы мен аруын, сәбиі мен кәрісін, қызы мен кемпірін қынадай қырып, қанын судай ағызған. «Ақсақ Темір» деген атты естігенде жылаған бала дауысын өшіріп, сөйлеген жан сөзін қойған. Оның қаттылығынан қайыспаған ел, қамықпаған адам болмаған. Шабылмай қалған ел де, алынбай қалған жер де қалмаған. Сондай зұлымдығының бірінде Темір бір елді шауып, мал-мүлкін талап, халқын айдап кетеді. Сол айдалып кеткен көп тұтқынның ішінде бір кемпірдің көзінің ағы мен қарасындай жалғыз баласы да кетеді. Баласынан айырылған кемпір: «Жалғызымнан айырылып, одан жанымды аяп қалып мен кімге тұлға боламын?!» — деп, баласының артынан бұл да кетеді. Жолда небір биік тау-тасты, қалың ну орманды, өткел бермес асау өзенді кездестіреді. Бірақ оның бәріне де төзімділікпен шыдайды. Ақырында кемпір Темірдің Самарқандағы сарайына да жетеді. Бірақ жол азабын көп көрген кемпірдің тек қана құр сүлдесі жетеді.

Ажары кеткен, жүзінің нұры қашып, сілесі қатқан кемпірді көрген сарай адамдары, күзетші-жасауылдары оны Темірге жібермейді. Өжеттігі мен қайсарлығы кемімеген табанды кемпір Темірге де жетеді. Алдына келген адамнан жөн сұрауды күнәмен тең көретін Темір мына келген кемпірді адам екен-ау деп елемейді. Тіс жармайды.

Ақыры шыдамы таусылған кемпір Темірге былай деп сөз бастайды:

— Уа, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты әміршім! Біздей алдыңызға келген пақыр жанның сөзіне құлағыңызды асыңыз. Сен алмаған ел бар ма, сен баспаған жер бар ма?! Халықтың қанын судай ағыздың. Ұлын улаттың, қызын шулаттың, кәрісін зарлаттың, сәбиін жылаттың. Олардың барлығына да тырнақтай рақым жасамадың. Алдыңа келгенді аждаһадай жұттың, қасыңа жуығанды қапсыра құрттың, ойыңа алғанның бәрін істедің. Арманыңды түгел орындадың. Дүниеде уысыңа сыймаған ел де, қансырамаған халық та жоқ. Осының бәрін, әміршім, сен істедің. Дүние жүзіне Темір атың мәшһүр<sup>1</sup> болып, кеңінен тарайды. Осындай айбарлы атақ пен өшпес даңққа ие болғаныңмен, әміршім, сен мендей анадан туып, анадан өстің. Мендей ана болмаса, сендей атақты да қаһарлы патша да болмас еді. Сондықтан да анадай асыл жан дүниеде әм ұлы, әм құдіретті деп айтуға лайық. Анаға бала өмір бақи қарыздар. Сол анадан сендей айбарлы хан да, айбатсыз, ақымақ, жаман да туады. Сен анадан артық туған хансың да, менің балам — жаман туған жан. Бірақ жаман болса да, ол өзіме артық, өзіме жақсы. Қарға екеш қарға да балапанын «аппағым» деп аялайтын көрінеді. Ананың балаға, баланың анаға қымбаттылығы сондай. Хан ием! Сол жаман балам сенің тұтқыныңның бірі болып зынданда жатыр. Сол жаман баламды сұрай келдім. Шыбынымды тірілей қолыма бер! Ол өзіме қымбат, — депті. Кемпір сөзін аяқтағанда дүниеде тастай қатты, ешкімге еш уақытта мейірімі түспеген, адам қанын судай төккен қатыгез Әмір Темір кемпірдің сөзіне жібіп, баласын өлтірмей қайтып беріпті.

Адам баласына жібімеген, адамның сөзін сөз демеген, адам баласы батып сөз айта алмаған, қаһарлы да айбарлы, шығыстың жалғыз көзді арыстаны атанған Ақсақ Темір сияқты қатты әмірді сөзбен тоқтатып, мақсатын орындатқан тек ананың үлкен жүрегі мен оның құдіреті еді.

### Әз Жәнібек

Арғынның арғы атасы Дайырқожа Әбілқайыр ханның сүйікті қазысы екен. Ол кісі әрі әділ, әрі батыл адам болғандықтан, Ақжол атаныпты. Әбілқайырдың тағы бір сүйіктісі Қарақыпшақ Қобыланды батыр екен. Әбілқайырдың осы екі сүйікті адамы іштей жауласып, араз болып жүреді. Сондай шекісу үстінде айдалада Қобыланды батыр

<sup>1</sup> Мәшһүр /араб/ — атақты, даңқты, белгілі.

батырлығын жасап, Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Ел арасына араздық түсе бастайды.

Осы кезде Әз Жәнібек Қобыланды батырға қатты өкпелеп, оны шариғат жолымен қысас қылып өлтіруді сұрапты. Әбілқайыр хан мұның талабын орындайын десе, қалың қыпшақ тегіс жауласып, бұлардан безіп кететін болады. Осыны ойлаған хан:

— Үш кісінің құнын алып бітісіңдер, — деген екен. Оған Әз Жәнібек көнбей, ханға өкпелеп, қасына қалың елді ертіп көшіп кетеді.

### **Әз Жәнібек ханның Жанпоз атануы туралы аңыз**

Ханның «Жанпоз атан» деген түйесі болыпты. Бұл Жанпоз атан ханның ханым келіншек болып түскенде оның ақ отауының шаңырақ түйесі болып келген бозінгеннің ботасы екен. Ханым өзімен бірге келген ботаны өте жақсы көріпті. Бота еркін атан болыпты. Ауыр жүкке мықты, алыс жолға өте шыдамды болғандықтан, ол «Жанпоз атан» атаныпты. Хан өрік, мейіз, күріш, Бұхарадан шай, қант, кездемені алдырады екен. Жолдың алыстығы соншалық, ханның керуендері кей жылдар қыстап қалып келеді екен. Сонда жолай қанша түйе өлсе, соның жүгін әлгі жануар Жанпоз атанға арта береді екен. Қанша артса да, ол атан көтере береді. Өзіне артылған жүктің бәрін хан ордасына жеткізеді. Сондықтан ба, әлде ханым үйінен келген бота болған соң ба, Жанпоз атанды хан да жанындай жақсы көреді.

Ол бір күні малшы-жалшыларын жинап алып: «Менің барлық ырыс, құтым мына Жанпоз атанда екенін білесіңдер. Байқаңдар, егер де кімде-кім «Жанпоз атанды ұры алды, ұраға жығылды немесе өлді» деп естіртер болса, мен оның көмейіне қорғасын құйып өлтіремін!» — деп ескертеді. Осыдан былай малшылар Жанпоз атанды ойға қарай тайраңдатпай, өрге қарай маймаңдатпай, жазық жерге бағады. Жайлы жерге жатқызады. Оны ұрыдан да, ұрадан да сақтайды.

Сонымен айлар өтеді, жылдар өтеді. Бір күні ел көшеді. Хан ордасының шаңырағы хан мен ханым жақсы көретін Жанпозға артылады. Барлық көштің басы — ханның көші. Хан көшінің басы — Жанпоз атан. Оның бұйдасы қара жорғаға мінген ханымның қолында болады. Көш жүріп келе жатады. Хан өзінің игі жақсыларымен қонатын жерге озып кетеді. Жануардың қартайғаны ма, әлде жазым болды ма, жарты жолға жетпей бір ордан ойға қарай ылдилап түсіп келе жатқанда Жанпоз атан сүрініп кетеді де, омақаса құлайды. Құлайды да, омыртқасы үзіліп, тұяқ серіппей пышаққа ілінеді. Адам атаулы ат үстінде, түйе атаулы жүк астында, көш тоқтап, ел аңырып қалады. Хан көшінің алдына басқа көштің түсуі жақсы ырым емес. «Сен бар, сен бар» дескенімен, ханға хабар етуге ешкімнің батылы бармайды. Ақырында ел Жиреншеге қолқа салады. «Сіз барыңыз», — дейді. «Жарайды, барайын. Өзім үшін

туышпын, өзім үшін өліпін», — дейді де, Жириенше кете барады. Ол далақтап шаба жөнелмейді, өзінің әншейіндегі жүрісімен бүлкілдете береді. Бір белден асқан соң, бір белден асады. Бір бұлаққа кідіріп, атын да шалдырады. Сөйтп жүргенде шаңқай түс болады. Ел қонатын жерге келіп, атынан түскен ханның көзі көш келетін жақта. Ыстық күн шыдатпай барады. Шөлдей бастаған ханның шыдамы кетіп, халі де азаяды. Ол бір кезде дөңнен асып келе жатқан Жириеншені көреді. «Ау, жүрсеңші!» — деп айғайлап та жібереді. Оған асығатын Жириенше ме, бір тебініп қойып бүлкілдете береді. Ханға жақындаған сайын белі түседі.

— Апырай, амандық па? Көш қайда?

— Амандық, тақсыр, амандық.

Осыны айтып, Жириенше асықпай атынан түсіп, ханның жанына келеді.

— Амандық болса, көш неге келмей жатыр?

— Әлгі жануар Жанпоз атан сүрініп кетіп, содан жұмған көзін ашпайды, көсілген аяғын жимайды. Сонымен көштің кідіріп тұрғаны, соны қайтеміз деп сізге ақылдасуға жіберді.

Жириеншенің сондайлық аспай-саспай сөйлегеніне шыдамаған хан:

— Ойбай-ау, ол итті «өлді» десеңші, — деп айтып қалыпты. Сонда Жириенше іліп әкетіп:

— Әлей, тақсыр, «өлді» деген өз аузыңыздан шықты, — депті.

### Жириенше мен Әз Жәнібек

Әз Жәнібек хан:

— Осы Жириенше бала түбінде би, шешен болады, — депті.

Қасындағы жолдастары ханның бұл сөзін жақтырмапты. «Алты жасар бала би болады деп қайдан біледі? Не болса соны мақтайды екен», — деп наразы болып жүріпті.

Бір күні жап-жалаңаш ойнап жүрген бала Жириеншеге хан бөркін алып басын көрсетіпті. Жириенше аузын ашып, тілін көрсетіпті. Далаға шауып ойнап кетіпті. Хан қасындағы билерге:

— Мен Жириеншеге не дедім, Жириенше маған не деді? Осыны шешіп беріңдер, — дегенде, біреуі де шеше алмапты. Сонан соң хан Жириеншені шақырып алып:

— Жаңа мен не дедім, сен маған не дедің? — деп сұрапты. Жириенше:

— Сен «басқа пәле қайдан?» деп басыңды көрсеттің, мен «басқа пәле тілден» деп тілімді көрсеттім, — депті. Сонда хан:

— Рас-ақ, осылай дегенбіз. Бұл Жириеншені күндемеңіздер, — депті.

## Жи́ренше́нің хан сынағына түскені

Бір күні Жи́ренше́ні хан шақыртып, оған қырық сиыр беріпті. «Осы сиырлардың ішек-қарнын тірілей тазалап әкел, барлығын да соясың, сойғанда біреуінің ішінен бір түйір де қылтан шықпасын!» — депті. Жи́ренше́ сиырларды алып, әйелі Қарашашқа келеді. Қарашаш:

— Қорықпа, сиырларды ащы құдықтың басына алып барып, жалғыздап суар да, суарғаныңды сол жерді айналдырып қуа бер. Әуелі ішінің қармауы кетер, онан кейін жыңды су кетер, ең соңында қара судың өзі кетер, — депті.

Жи́ренше́ Қарашаштың айтқандарын істеген екен, оның айтқандарының барлығы да дұрыс келіпті. Сөйтіп, қырық сиырдың барлығының ішін тазалап, ханға алып келіпті. Хан сиырларды шетінен соя бастапты. Бірақ ешбіреуінің ішінен қылтаң таба алмай, аң-таң қалған екен дейді.

## Жи́ренше туралы

Қасында бірнеше уәзірлері, жолдастары бар Әз Жәнібек хан бір жақтан келе жатса, бір ұста үй салып жатыр екен. Ұстаға:

— Өнерпазсың, күніңе неше ақы аласың? — дейді. Ұста оған:

— Күніме бір ділда аламын, — деп жауап береді.

— Күніңе бір ділладан алғанда, неғып осы күнге шейін байымай жүрсің?

Ұста:

— Бай болмайтын себебімді айтайын. Тапқан табысымды төртке бөлемін. Біреуін борышыма беремін, біреуін қарызға беремін. Біреуін суға тастаймын. Біреуін-ақ өзім ішіп-жеуіме ұстаймын. Енді қайдан байимын? — дейді. Әз Жәнібек хан қасындағылардан:

— Осының не дегенін түсіндіңдер ме? — деп сұрайды.

— Жоқ, түсінгеніміз жоқ, — депті.

— Енді осыны аттан түспей, түп-түгел барып Жи́реншеден сұрайық. Таратып орнын тауып берсе, сонда да өзгемізден артық көреді деп өкпелейсіңдер ме?

— Жоқ, өкпелемейік, — депті уәзірлері. Ешқайда бұрылмастан шешенге келеді. Атттан түспей тұрып:

— Шешен, қайда барсың? — дегенде:

— Міне, мен бармын. Уа, немене, тақсыр? — дегенде, Әз Жәнібек келген шаруасын айтыпты.

— Бүгін біз үй салып жатқан бір ұстаны көріп, жолығып, хал сұрасың. «Ақыңа не аласың?» — деп едім, «Күніме бір ділда аламын», — деді. «Күніге бір ділладан алғанда, неғып осы күнге байымай жүрсің?» — дедім. «Байымайтын себебімді айтайын. Тапқанымды төртке бөлемін, бірін борышыма беремін, біреуін қарызға беремін, біреуін суға тастаймын, біреуін өзім ішіп-жеуіме ұстаймын», — деп жауап берді.

Өзі ішіп-жейтіні белгілі, соның борышы не? Қарызы не? «Суға тастаймын» дегені не? Орнын тауып таратып берші, — дегенде, шешен:

— Тақсыр, ол ұстаның қартайған әке-шешесі бар екен. Ержеткен ұлы бар екен. Бойжеткен қызы бар екен. Тапқанын төртке бөліп, біреуін әке-шешесіне беріп тұрады екен. Жасында баланы әке-шешесі асырайды, өскен соң әке-шешені бала асырайды. «Борышын беремін» дегені — «әке шешеме қарасамын» дегені. «Қарызға беремін» дегені — «еркек балама беремін» дегені. «Тірі болса, күнінде олар да қайтарар» дегені. «Суға тастаймын» дегені — күйеуге кетуге дайын отырған қызы бар екен. Қызға жасаған жасау суға тастаған дүниемен бірдей. Енді қалған бір бөлігі өзінің ішіп-жейуіне зорға жарайтын шығар. Мұның бәрін асырап, сақтаған соң не жайы қалсын, қалай байысын? Құлағынан басқа дымы жоқ қу бас болса, онда байымасқа немене? — деп сөзін аяқтайды.

Әр ханның тұсында бір сұрқылтай дегендей, Әз Жәнібек заманында сұрқылтай Жиренше болады. Жиренше үш жүздің қайсысынан екені белгісіз. Әз Жәнібек — мұның заманында болған хан. Шыңғыс тұқымынан келеді, төре тұқымынан. Қай ғасырда болған хан екенін тарихтан қараңыз.

### Жиренше шешен

Бір күні Жиренше шешен жолаушылап келе жатып, бір ауылдың тұсына жетсе, ауылмен екі арада өзен бар екен. Оның өткелі қай жерде екенін біле алмай сасып тұрғанда, судың ар жағына су алғалы шелегімен бір қыз келеді. Жиренше дауыстап:

— Бұл өзеннің өткелі қайда? — деп қыздан сұрайды. Қыз:

— Анау жақта бір өткел бар алыс, алыс та болса жақын. Берірек бір өткел бар — жақын, жақын да болса алыс, — дейді. Бұл не деген сөз екенін аңғармай, Жиренше «жақын» деген өткелге барып, жүріп кетіп еді, судың орта жеріне барғанда аты балшыққа жығылып, үсті-басы былғанып, қайтадан қайтып шығады. Сонан соң «алыс та болса жақын» деген өткелге барып, оп-оңай өтіп, ар жақтағы қыздың үйіне келеді. Онда келген соң Жиренше қызға қарап:

— Жаным, қарным ашып, алыстан келдім. Тамағыңның тәттісін бер, — дейді. Қыз оған:

— Бір тамақ бар ащы, ащы да болса тәтті. Бір тамақ бар тұщы, тұщы да болса ащы, — дейді. Сонда Жиренше:

— «Ащы да болса тәтті» деген тамағыңды әкел, — дейді. Қыз тұрып барып бір уыс тұзды алып, бір аяққа салып, Жиреншенің алдына қояды. Жиренше мұны көріп:

— Жаным, құр тұзды қалай жейін? — дейді. Сонда қыз тұзы жоқ қара көже құйып береді. Жиренше ақылды, данышпан кісі еді. Ойлап



отырып, бұл тұспалды түсінеді. Және өзінің үй иесінің берген мәзірін күтпей, «тәтті тамағыңды бер» деп сұрағанынан ұялды. Сол берген астан Жиренше қыздың есті екенін аңғарып, ақырында өзіне қатындыққа айттырып алды дейді.

### Жиреншенің Қарашашқа құда түсуі

Бір жылдары Жиреншенің әйелі өледі. «Ел құлағы елу» деген емес пе, пәленшенің ауылында бір шалдың қызы бар, өзі сұлу, өзі ақылды, шешен, тапқыр дегенге іздеп шығыпты. Шалдың ауылына жақындай бергенде, табытқа салып апара жатқан адамды көреді. Жиренше де солардың соңынан ере береді. Бір ақсақалды шалдың қасына кеп: «Әке, мынау өлген адам ба, жоқ тірі адам ба?» — деп сұрайды. Шал Жиреншеге жекіп: «Тірі адамды табытқа сала ма екен?» — деп ұрсып тастайды. Жиренше онымен қоймай, пісіп тұрған бидайдың жанынан өте бергенде: «Әке, мынаны адам жей ме, жоқ па?» — деп, шалдан тағы сұрайды. Шал: «Жейтін наныңды білмейтін қандай сорлысың», — деп, бұрынғыдан да гөрі батылырақ сөйлейді. Бағанағы табытқа салған адамды көміп, жұрт үйді-үйіне тарқай бастайды. Жиренше манағы шалға: «Сіздің үйден сусындауға бола ма?» — дейді. «Неге болмасын, шырағым», — деп, шал Жиреншені үйіне кіргізіп, төсек салып отырғызады да, далада жүрген қызына: «Мына бір ақылынан адасқан жазған екен, сусындатып жібер. Маған өлген адамды «әлі тірі ме?» дейді. Пісіп тұрған бидайды «адам жей ме, жемей ме?» деп сұрайды. Қандай жазған екенін қайдам», — дейді. Сонда қыз тұрып: «Ой, әке-ай! Бекер айтасыз, өлген адамды «тірі ме, өлі ме?» деген сөзі — өлген адамның артында баласы жоқ болса, онда оның өлгені. Ал баласы бар болса, онда оның өлмегені. Пісіп тұрған бидайды «адам жей ме, жоқ жемей ме?» деген сөзі — сол бидайды еккен адамға бұйырса жей ме, жоқ бұйырмаса да жей ме деген сөзі еді», — депті. Әкесі: «Шырағым, бұл шіркіннің жұмбақтап сөйлегенін мен қайдан білейін», — деп тоқталады.

Қыз тұрып: «Сөзінің төркіні жаман екен, Жиренше қу болмаса жарар еді», — депті. Жиренше құда түсіп, сол қызды алады. Қыздың аты Қарашаш сұлу еді, баяғы өзінің іздеп шыққан қызы сол екен.

### Жиреншенің баласы

Әз Жәнібек хан бір күні Жиреншеге қарап:

— Осы сенің балаң қалай жаман туды екен? Шешесі — Қарашаш, әкесі — Жиренше, сенсің. Осындай екі сұңқардан ең бері болғанда тұрымтай тумай, әлжуаз жағалтай болып туғанына таңым бар. Өзі бір қой аузынан шөп алмайтын момын сорлы ғой, — деп кекете сөйлепті. Жиренше тұрып:

— Хан ием, дұрыс айтасыз. Кейбір баланың туғанда сырты қола, іші алтын болады. Бері келе жиырмаға жеткенше оның сыртқы қола-сы тозып түлеп түседі де, ішіндегі алтыны жарқырап сыртына шығады. Сол кезде осы баламды көріңіз, көзіңіз қорықпаса, менен тумаған болсын, — депті.

Күнді күн қуып, жылды жыл қуып өте беріпті. Жиренше де, Қарашаш та ана дүниеге аттанып кетіпті. Бір күні ымырт жабыла құба қалмақпен соғысып жүріп Әз Жәнібек анталаған жаудың ортасында жаяу қалыпты. Сол мезетте көк қасқа дөнен мінген бір бала шауып келіп, қарғып түсіп, Әз Жәнібектің алдына атын тартып тұрып:

— Мініңіз мына көк дөненге, қашып құтылыңыз! Қазақ елінің бір әйелі бүгін буаз болса, мендей бір баланы таба жатар. Сіз — жалқы туған Жәнібексіз, күнде туа бермессіз, — депті.

Бұдан жиырма жыл бұрын «шобыр<sup>1</sup>, момын» атанған бала осы екен. Аты Қасым деседі мұны білгендер. Әз Жәнібек қателескеніне, Жиренше мен Қарашаштың жүрегіне қаяу салғанына өкініп, опық жесе керек.

### Асанқайғының хан аталуы

Асанқайғының шын аты Хасен екен. Хасеннің жігіт күнінде Еженхан деген мәнжу<sup>2</sup> ханы қазақ халқына: «Қазақ айғырын кісінетпесін! Егер айғырдың дауысын естісе, менің қорамдағы бедеулерім құлын тастайды. Егер бедеулер құлын тастаса, қазақ еліне ауыр жаза көрсетемін!» — депті. Қазақ халқы бұған қатты сасады. Халықтың қорыққанын көрген Хасен ел басшыларына:

— Сіздер қорықпаңыздар, қасыма қырық мерген қосып, мені ханға жіберіңіздер. Олар менің айтқанымды істесін, — депті.

Хасенге қырық мерген қосып, ханға жібереді. Хасен мергендерін ертіп, Еженхан тұрған шәріне қарай жолға шығып, жолда кездескен елдің итін қырып өлтіре береді. Осылай хан тұрған қаланың итін де қыра бастайды. Қалада ешкім қарсы келе алмайды. Сонымен қала халқы ханға келіп:

— Қасында қырық мергені бар біреу иттердің бәрін қырып, өлтіріп жатыр. «Неге?» дегенге жауап жоқ. Өз алдыңызға алдырып тоқтатпасаңыз, ит қалдыратын емес, — дейді. Хан кісі жіберіп шақыртып алдырып:

— Сен кімсің? — деп жөн сұрапты. Хасен:

— Мен — қазақпын, — депті. Хан:

— Сен неге бұл итті өлтірдің? — депті. Сонда Хасен:

<sup>1</sup> Шобыр — мықты тұғыр ат.

<sup>2</sup> Мәнжу — қытайдағы ұлт; манчжурь (манжұр).

— Тақсыр, иттерді өлтіретін себебім: жас кезімде, қозы бағып жүргенімде қозыма қасқыр шауып, қозыларымды қырып жатқанда мен бар дауысыммен ауылға шауып, иттерімді шақырдым. Маған бірде-бір ит келіп, қасқырдан қозыларымды айыруға көмектеспеді. Мен сонда өзім сондай серт етіп едім. «Осыдан өзіме-өзім келетін күн болса, даланың иті болсын, қаланың иті болсын, қырамын деп едім», — дейді. Хан оған:

— Сенің мынауың тентектік қой. Сенің онда шақырғаның даладағы иттер, қаланікі емес қой, — депті. Хасен айтады:

— Мен шақырғанда даланың, қаланың итін де шақырдым, — дегенде, хан айтады:

— Сенің дауысыңды даладағы ит естісе, естір. Қаланың иті қалай естиді? — депті. Хасен оған:

— Тақсыр, айғырдың дауысы жеткен жерге адамның дауысы жетпей ме? — дейді. Хан:

— Тіліңді Тәңір кессін! Енді айғырдың дауысын естіртпе дегеннен қайттым. Сенің атың Хасен болса, хан атын қостым! — деген екен.

Асанқайғы аты алғаш хан атанады.

## Асанқайғы

Асанқайғы: «Бұл ауылдан кетіп, қыс болмайтын, ойы түңлік Қиқора деген жерге барайық, Елге жайлы», — дейді. Бұл мекен Қытай жерінде көрінеді. Сол жерде той болмақ екен. Соған ел бармақ болады. «Барған жұрт бір-бірден тас алып барып асуда тастаңдар да, қайтарда елге әкеліп тастаңдар!» — депті. Сол әкелген тастар мына Жаркенттің қасындағы «Үйген тас» деген жер көрінеді. «Бұл жерде тұруға болмайды: екі үй бір үйге телі болады екен. Үй бас сайын келі болады екен, сондықтан бұл жерден ел молшылықта бола қоймайды. Ал Қиқораға барсақ, қысы жұмсақ, жағдайлы, малға да жайлы, аяғың толады, ішкенің айран-шалап болады. Мал ұстап, жан бағамыз», — деген екен. Сонымен Қиқораға көшкен ел арымай, талмай, жақсы өмір сүріпті.

## Асанқайғының баласы Абат туралы

Асанқайғының Абат деген бір баласы болыпты. Ол өте батыр, ер әрі кең көрінеді. Орақ, Мамайлармен бірге талай соғысқа қатынасқан екен. Жұрт «Абат кең» деп шуласыпты. Сол уақыттағы хан оның кеңдігін сынайын деп, Абатты бір жаққа жұмсайды. Бұның бір сұлу әйелі болады екен, әйелді өте жақсы көреді. Абат келер кезде әйелінің қасына екі құл жатқызыпты, екеуін екі жағына және екеуінің екі қолын әйелдің астына салдыртыпты.

Абат келсе, әйелінің қасында екі құл жатыр. Бір-бір қолдары әйелінің астында. Бұл екеуінің екі қолын әйелінің астынан алып: «Бұлай жата ма екен?» — деп, үстіне салған екен дейді. Сөйтіп оның нағыз кең екенін біліпті.

Асанқайғы осы баласымен бір жаққа көшіп бара жатса, әлгі Абат өліпті. Сонда сол жерде көп ауыл бар екен. Асанқайғы сол ауылға: «Таң атқанша үй басына бір-бір кірпіш даярласын», — депті. Таң атқасын даяр болыпты. Сонымен оны там салып қойыпты. Оның моласы Келес өзенінің бойында екен дейді.

### Орманбет хан әңгімесі

«Он сан ноғай бүлінгенде, Орманбет хан өлгенде» деп айтылатұғын Орманбет Есіл, Нұра бойында, «Тоғанастың тоқсан екі көлінде» жайлап, қыстап жүрген күнінде Орманбет ханның үйіне үш жаяу келіп қоныпты.

— Кім боласыздар? — деп сұраса:

— Дін исламның қорғаны, шарифаттың шегесі, қазығы, халифа жұртының кісісіміз, — депті.

— Жол болсын, неғып жүрсіздер? — дегенде:

— Халифа патшасы жіберіп еді. «Үш қашқын қашады. Сол үш қашқынның барған жері бүлінеді, құриды. Мұсылманның қай жұртына барып паналаса, сол орамында болған мұсылман патшалары ұстап берсін», — деп, бізді солардың соңынан құдырып жіберді, — десіпті. Орманбет хан:

— Біздің бұл орамға ондай жын-саяқ келген жоқ, — депті. Онда ол үшеуі:

— Сіздің қол астыңыздағы жұрттан таптық, бар екен, — депті.

— Ол қайда жүр екен?

— Оның қайда жүргенін айтайық. Ұстап, байлап, бізге аяқ-қолын кісеңдеп беріңіз, — депті.

— Жарайды, айтқандарыңша қылып, бекітіп берейін, — депті Орманбет хан.

— Бекітіп берсеңіз, ол — үш қашқынның дөкейі. Сол үш залым сіздің қоластыңызға келіп, қорғалап тығылған екен. Соны ұстап берсеңіз, жұртыңыз жұрт болып отырады да, оны ұстап бермесеңіз, ел-жұртыңызға бүліншілік кіреді, — депті.

Сонан соң Орманбет ойға шомады. «Менің бұл жұртыма мұндай жан пиғылдар араласқан екен. Әуел ақырдан бері қарай ұрлықтың, зорлықтың, өтіріктің араласқан жері оңбаушы еді. Қой, мен көптің аузын тыя алмаспын. Онан да басымды алып қашайын», — деп, бір түнде ғайып болып, жоғалып шыққан екен. Сонда кетіп бара жатып, көп қойшыға душар болыпты. Бесін намазының уақыты екен.

— Балалар, мен намаз оқып алғанша атымды ұстай тұр, — деп айтса, Ормамбет хан екенін танымайды, тілін алып, атын ұстап тұрмапты. Ішінде бір жасырақ бала:

— Қырық жыл баққанмен, қой мұратқа жеткізбес. Құдайдан қорқынышты өз ағаның атын ұстап, батасын алсам, бір мұратқа жеткізер, — деп, айнала тұра қалып, қашан намаз оқып болғанша бүлк етпей атын ұстап тұрыпты. Қолтығынан алып аттандырып, батасын алып қалыпты. Сонда Орманбет хан балаға:

— Менің атым — Орманбет. Мен деген жұрт осы төбенің басына тастан там салып, маған оқитұғын Құранын, қылатұғын батасын қыла берсін! Мен енді бұл ел-жұртқа жоқпын. Менен соң он сан ноғайлыға сен үлгі айтарсың. Сенен соң ноғайлы деген жұрттан төбе басына шығып, төре берер ұл тумас, — депті.

Біздің бұл жұрт жайлады  
 Нұра менен Есілді.  
 Арқаның тарлау шөбінің  
 Арқасымен есірді.  
 Бір қараның орнына  
 Сый-сияпатқа берісті.  
 Баласын зарлап, қақсатып,  
 Малша жұмсап жесірді,  
 Таласып байлар қонысқа,  
 Жетім-жесір, нашарды  
 Қонысынан көшірді.  
 Абиыр, бағын дау алар,  
 Қимаған малын жау алар.  
 Жер-су адыра, тұл қалар,  
 Кейінгі үрім-бұтаққа  
 Қылып бір кетті кесірді.  
 Бұ жерден ауар қонысы,  
 Ауқаты болар қол ісі.  
 Бір-бір ұшар көзінен  
 Өн бойы Есіл, Нұраның  
 Малдың бір жатқан өрісі.  
 Өзінен өзі бүлінді  
 Ноғайлы мырза баласы.  
 Күн-түн боп орыс кірісі,  
 Үлкені кетер көре алмай,  
 Бейнетті жүрер өле алмай.  
 Кедейліктен тентірет  
 Алумен тауып бере алмай.  
 Алдына салып желкелер  
 Мәскеудің казак-орысы.

Осындай бірнеше болашақ оқиғаларды айтып:

— Ал, балам, енді қалғаны болса, жұртқа өзің айтып баян қыла берерсің, — деп аузына түкіріп, көз алдында құбылаға қарап, жөнеле берді дейді. Сонан соң қайтып «Орманбетті көрдім, білдім» деген жан жоқ. Сол бала Мөңке би атаныпты. Сол айтуы бойынша ноғайлар баланың «Осы жерде амандасып қалдым» деген жеріне там салып, соны осы күнде «Орманбет тамы» деп айтысады.

### Едіге батыр туралы

Екі шаруа жігіт Нарын құмын мекен еткен. Бәйгеге ат жаратып, аңға ит жүгірткен сал-сері болса керек.

Бір күні алты айшылық жол жүріп, бір қыранның балапанын әкеледі. Оны баптап, өсіре бастайды. Құсын аңға салып, қызығын көреді. Қыран құс аңды қаққыш болады. Оны естіген хан қыранды қалап, кісі жібереді. Бірақ иесі бермейді. Бұған ашуланған хан жігіттің соңына түсіп, «ұрлық істеді» деген жаламен Сібірге жер аударады. Осы кезде екеуінің де ұл баласы болады. Бір ұлдың аты Едіге. Едігенің әкесі Сібірге аттанар алдында досына: «Мен жолдағы жалғыз терекке баламды байлап кетемін, сол жерден шешіп аласың, саған аманат!» — деп жүріп кеткен екен.

Межелі жерден досы баланы әкеліп, өз баласындай етіп өсіреді. Хан сарайындағы балгер бал ашып, ханға: «Ажалың биылғы туған балалардың бірінен болады», — депті.

Досы Едігені алып қалып, өзінің баласын ханға береді. Хан жинап алған балалардың бәрін де найзаның ұшына алады.

Күндер жылжып жатады. Едіге он алты жасқа толады. Өз қатарының күштісі болады. Бір күні оны хан сарайының қызметіне алады. Едіге хан сарайында жүргенде ханмен қырғиқабақ болып, шекісіп қалып жүреді. Бірде балгер тағы да бал ашып, хан ажалын осындағы жаңа қызметке келген баладан көреді. Хан Едігені өлтірудің амалын ойлайды. Хан бәйбішесі айранға у қосып, Едігеге береді. Едіге айранды ішпейді. Ішіндегі қастандықтың дәмін сезеді. Айранды ыдысымен бірге төрт бөліп, сосын араластырып, қайтарып береді. Бәйбіше шошып, тез арада ханға хабар беріп, тұтқындауын сұрайды.

Айранды төртке қақ ортадан бөлгені — «енді бұлай істесеңдер, төртке бөлемін» дегені екен. Араластырып жібергені — «ала топалаңын шығарамын» дегені екен. Жас құстың әлегінен елінен, жерінен айырылған жігіт (Едігенің әкесі) сол жерге «Жасқұс» деген ат қояды.

### Ер Тарғын туралы аңыз

Ер Тарғынның әкесі жарлы, қара кедей Қарсы деген кісі екен. Сол кісінің малдан тек тауығы болыпты. Тауығының жұмыртқасымен күнел-



тіпті. Сол кезде жұрт ханға сыйлық апарады екен. Бұ да тауығының екі-үш күнгі жұмыртқасын жинап, ханға сыйға тартпақ болады. Бара жатса, алдында өткізетін адамдар бар екен, олар жібермепті. Бірақ бұл қалайда өтеді. Ханға барады. Хан: «Өзінің тапқаны ғой», — деп қарсы алады. Және оған алтын береді. Сонымен қайтады. Өзі қартайған уақыты, баласы жоқ екен. Содан бала тілеп, біреуге Құран аштырса, ол: «Сен пәлен жердегі әулиеге түне. Сол жер бала береді», — дейді. Барып түнейді. Түнде түс көреді. Түсінде қолына бір қара бүркіт қонады. Бауынан ұстап тұрады. Керемет алғыр болыпты. Ол бір уақытта үш рет талпынып, қолынан шығыпты да кетіпті. Оянса, түсі. Ауылға келіп, бал аштырған кезінде жорыған түсі: «Саған бір бала береді екен. Ол батыр болады. Бірақ ол үш рет жауласып жеңеді де, артынан ел-жұртыңа қарсы болып, қолыңнан кетеді екен», — депті. Сонымен бір бала туылып, аты Ер Тарғын болыпты. Содан ол үш жермен жауласып жеңіп, содан кетеді.

### Баланың билігі

Кіші жүздің Жарасбай деген жуан тұқымы қыпшақтың бір адамын өлтіріп, теңдік бермейді. Бір жолы қыпшақтың талапкерлеріне ілесіп бір жас бала барады.

Сонда Жарасбайдың даугері:

— Бұл келіннің тойы, кемпірдің өлімі емес! Ердің құнын, нардың пұлын даулайтын, ердің арын, елдің намысын қозғайтын үлгілі би, үнемі жүйрік түсетін жер емес пе? Түйенің тайлағы, баланың ойнағындай мыналарың кім? — дейді.

Сонда бала:

— «Ердің құнын жастың жайсаңы, кәрінің шайтаны даулайды» деуші еді. Сен кәрінің шайтаны болсаң, мен жастың жайсаңымын. Төріңнен көрің жуық қалғанда, дауға араласатын сенің не жөнің бар? — дейді. Осындай билік айтқан баланың аты — Төле екен. Кейін Төле би атаныпты.

### Төле бидің туы

Бүкіл иісі қазаққа кемеңгерлігімен үлгі-өнеге болған Төле би тоқсан үш жасында дүниеден өтеді. Төленің өз өсиеті бойынша көп жыл билік құрған Ташкент қаласына, әйгілі Бабырдың нағашы атасы Жүніс ханның жанына апарып жерлемекке халық жинала бастайды.

Төле би мекен еткен қасиетті Қазығұрт топырағынан Ташкентке дейін қаншама қашық жер екені белгілі. Мәйітті жеткізудің өзі оңайға соқпайды. Көпшілік сол қиындықты ойға да алар емес. Қазақтың дана ұлын қолдан түсірмей жеткізбек. Биді соңғы сапарға шығаруға

дайындық жасалып жатқан кез. Жұрт абыр-сабырмен жүрген сәтте Төленің қырғыз әйелі жоқтау айтылып жатқан қаралы үйден сытылып, сыртқа шығады. Ері көз жұмғалы жылаудан көз ашпаған оның көзі қызарып, қабағы ісіп, жағы суалып кетіпті.

Қаралы топқа қызмет көрсеткен ауыл адамдары әрі-бері жүгіріп жүреді. Қолдарына таяқ ұстап «ой, бауырымдап» жылап, Өтебай мен Әлібайдан тараған ағайындар арасында Төленің өз ұлдары да тұр. Солардың арасындағы өз ұлы Қожамжарға көз тоқтатып қараған екен, ол анасын байқамайды. Өзіне шақырып алудың сәті түсер емес, жанынан өте берген балаң жігітке ұлының өзіне жолығып кетуін тапсырады. «Анаң шақырады» деген сөзді есіткен соң Қожамжар да шетке шыға бергенде, анасы «бері жүр» дегенді ыммен ұқтырып, бұрыла береді. Ұлы жайымен соңынан ілесіп келеді.

Шеткері шыққан соң ұлы «не айтасыз, апа?» деген сауалды жүзбен анасына қарайды.

— Балам, атадан ағалы-інілі туысың көп болғанымен, анадан жалғызсың. Қазақтың «күндестің күлі де күндес» деген сөзі бар. Әкең барда ол білінбейтін. Енді су бетіне қалқып шыққандай, сүйелдей көрінетін боласың. Сондай сәттерде әйелдер ғана емес, балалар арасында да кикілжің болуы мүмкін. Сол кезде жалғызсырайсың-ау, балам, — деп ауыр күрсінеді.

— Ой, апа-ай! Сіз де қайдағыны айтады екенсіз! — дейді Қожамжар. Ұлынан мұндай сөз есіткен ана оған жанарын қадай қарайды да:

— Әкең болса, дүниеден өтті. Туыстарың әлі-ақ түрткілейді. Оны, аман болсақ, көре жатармыз. Қазіргі айтарым мынау: жылқыдан ту бие алдыртып, тез арада сойдыр, мен дастарқан қамын жасайын. Қос түйеге екі киіз үйді арттыр. Отын, су мен қазан-ошақты өзім қамдаймын. Әкеңді жер қойнына тапсырған соң, сүйекшілер қайтар жолда біз қос киіз үйді тігіп, күтіп тұрайық. Жол ұзақ, шаршайтындар бар, сусайтындар бар. Үйімізден бірінші болып дәм татырайық, — дейді.

Сүйекшілер халықтың бір асыл ұлын жер құшағына тапсырып, қайтып келеді. Ыстық күн таңдайын құрғатып, қабырғасы қайғыдан жаншылған көп халық ауылға қайтып келе жатады. Ұзақ жол жүріп, шұбырған аттылы-жаяу адамдардың еріндері де шөлден кезеріп кетеді. Аз ғана аялдағылары келгенмен, олай етуге болмайды. Көпшілік қарсы алдында тігілген қос үйді, будақтаған түтінді көздері шалады. Осы сәтте топ ортасынан Төленің ұлы Қожамжар суырылып шығып, алда келе жатқан Қазығұрт өңірінің пірі болған ишанның атының шылауына келіп жармасады.

— Ата, ататай! Қай бала әкесінің жамбасы жерге тигеніне күйзелмейді? Алланың әміріне қалай қарсы боламыз? Тағдыр ісі, тумажар бар да өлмек бар. Көнбеске лажымыз жоқ. Әкеме көрсетер құрметімнің бірі болсын. Мынау тігулі тұрған қос киіз үй — менің шаңырағым. Аттан түсіп, Құран оқып, дәм-тұз татып кетіңіздер, — деп қиыла сұрайды.

Өксігін баса алмай тұрған жігітке бір сәт үнсіз қарап қалған ишан атының басын үйге қарай бұра береді. Қаралы киім киген Төленің қырғыздан алған әйелі дауыс сала жылап, сүйекшілермен көрісуге шығады. Қаралы топ осылай еріксіз кідіреді. Ақсақалдар киіз үйге жайғасып, жастар жағы сыртқа төселген көрпеге отырады. Құран оқылып болған соң, дастарқан жайылып, ас пен сусын әкелінеді.

Сол кезде Төленің көзі тірісінде ұстаған ілмек белгісі бар, желегін қара қыжыммен көмкерген туы оң босағаға қойылған еді. Қожамжардың анасы сол туды алады да, әбдіреге салып қояды. Құран оқылып, бата қайырылып, жұрт орнынан тұра бастайды. Қожабек пен Жолан туды алайын десе, орнында жоқ. Жұрт сасқалақтап, басқа балалары түс көргендей таңдана қарап қалады.

— Ту қайда? Ту қайда?

Осы кезде Қожамжардың шешесі:

— Неге айғайлайсыңдар? Мен де әкелерің Төленің етегі тиген некелі әйелімін, балаларым. Мен сендердің аналарың болсам, осы үй де Төленің өз шаңырағы. Ту осында бүгін тігілді, қашан жылы берілгенше осы шаңырақта сақталатын болады, — дейді.

«Тудан айырылу — биліктен айырылу» деген сөз. Бұл қалай болғаны? Қолмен ұстап келіп, айырылғанымыз ба? Жоқ, олай етуге болмайды. Алда күтіп отырған ел бар. Туды алып кетіп, үлкен үйге тігуіміз керек», — деп, ойлаған өзге балалары дау айта бастайды. Тіпті айғай шығып, дау туады. Алайда бұл үй де Төленің бір үйі, Қожамжар да Төленің өз ұлы, анасы некелі әйелі екені де рас. Жаназаға жиналған халық та осы үйде алғаш Құран оқып, дәм татып отыр. Негізінен Қожамжардың анасынікі де дұрыс. Бірақ бәйбішенің үйі сүйекшілерді күтіп, қам жасап отырғанын да жұртшылық біледі. Қай жағына шығу керек? «Әрі тартса, арба сынады, бері тартса, өгіз өледі» дегеннің кері осы. Көпшілік ел жақсыларының шешімін күткен.

— Уа, жамағат! Әділдікке жүгініп, адалдықты мойындасаңдар, билікті мен айтайын, — дейді ишан.

— Айтыңыз, айтыңыз! — деп көпшілік шу етіп қалады.

— Олай болса, ту қайда тігілсе, сонда қалуы тиіс. Енді жанжалдасудың жөні жоқ, — деп бата беріп, орнынан тұра береді. Бұл шешімді көпшілік те мақұлдап, орнынан тұрады.

Осылайша Төле бидің туы Қожамжар балаларының еншісіне тиген екен.

Асыра сілтеу кезеңінде Төле би тұтынған заттар мен ат-әбзелдері шолақ белсенділердің қолында кететін болған соң, оны сақтап қалу мақсатында жер қазып, жасырып көмген екен. Осы заттарды тығып қойған қарттардың өзі де о дүниелік болып кетті.

## Қаздауысты Қазыбектің тоғыз жастағы билігі

Қоңыр күздің жаймашуақ күндерінің бірінде ауыл ақсақалдары Келдібек биді ортаға алып, төбе басында отырады. Алыстан арнайы келген бес-алты жолаушы ат басын бидің алты қанат ақ үйіне тірейді де, көп кідірмей мәжіліс төбеге қарай қайта бұрылады. Жапырласа аттан түсіп Келдібек биге, алқақотан отырған ақсақалдарға сәлем беріп, амандық-саулық сұрасып болған соң, жолаушылардың ішіндегі жасы алпыстар шамасындағы ажарлы адам сөз бастайды.

— Арғы атамыз — найман, оның ішінде сыбан боламыз. Ныспым — Қадырбай, — деп, өздерін қысқаша таныстырып өтеді де, алыстан ат арылтып, әдейілеп келген шаруаларына ойысады. — Малым көп емес, екі айғыр үйір жылқым бар. Оны қысы-жазы атанжілікті екі жігіт бағады. Бір күні жаяу борандатып, жайлауда жатқан жылқыма келдім. Жаураған жылқышыларды қос басына жіберіп, өзім сонда қалдым. Сол күні керала байтал тұмса құлындады. Менің қатты таңғалғаным: жаңа туған жас құлын атып тұрып, шаранасымен сілкініп-сілкініп жіберді де, жылқыны айнала шаба жөнелді. Қайта айналып келіп, енесін емген соң әлгі әрекетін қайталады. «Мына құлын бәйгенің алдын бермейтін тұлпар болғалы тұр екен» деген қуанышпен үйге қайттым. Жылқышылар да тамақтанып болып, атқа қонғалы жатыр екен. Оларға көргенімді айттып, жас құлынға сақ болуларын қатты тапсырдым. Амал не, қызыл іңірде жылқышыларымның бірі келіп, құлынның ұшты-күйлі жоғалғанын хабарлады. Қасқыр жеді, қолды болды дейін десек, ешбір белгі жоқ.

Туған күні жоғалған сол құлынды бесті ат болғанда танып отырмын. Уақ Өгізбай деген кісінің асында кер бесті бірінші, менің атым екінші болып келді. «Кер ат — менікі, қайтар» десем, мына кісі: «Өзімнің көк биемнен туған құлын. Сенбесең, жанымдағы куәгерлерден сұра», — деп маңайлатпайды. Куә түгіл жанын берсе де сенбеймін, ат — менікі. Сізді әділ би деп естуші едім, төрелігін өзіңіз айтыңыз, — дейді.

Келдібек би ұзақ ойланып отырып:

— Мұны мен шеше алмаймын, қиын билік екен, — депті.

Сонда тас атып ойнап жүрген тоғыз жасар Қазыбек:

— Әке, осы билікті маған беріңізші, мен шешейін, — дейді.

— Мен шеше алмаған даудың түйінін сен қайдан шешесің? — деп, баласына зекіп тастап, үнсіз отырған жолаушыларға қарайды. — Мұның билігін шеше алмаймын дедім ғой. Босқа уақыт өткізбеңдер. Қонамын десеңдер, үй — мінеки!

— Әке, маған беріңіз, мен шешемін, — деп бала тағы да сұрайды. Келдібектің билік айтпайтынына көздері жеткен соң:

— Айтсын. Осы баланың билігіне ризамыз, — деп, дауға түскен екі жақ та келісімін береді. Билік өзіне тиген бала даугерлердің алдына түсіп, өрістегі саулық қойларға алып келеді.

— Мына малдың ішінен екеуіңіз екі қой ұстап, мойындарына белбеулеріңізді байлап жіберіңіздер. Сонан соң ауылдағы көгеннен осылардың қозысын танып әкеліңіздер!

Қадырбай ақсақал көгеннен бір қозыны ағытып алып, алдына өңгеріп, ауылдан шыға бере «мен белбеу байлаған қойдың егіз қозысы болуы керек» деген ойға келіп, кері бұрылады да, тағы да бір төлді алады. Ол екеуін бағанағы қойға апарғанда, енесі мен қозылары маңырасып табысады. Ал қарсы жақ апарған қозы белбеу тағылған қойға жоламай, өз бетімен кетеді. Сонда Қазыбек тұрып:

— Ат мына кісінікі, өзіне қайтарыңыз, — дейді оған. Екі жақ әділ билікке бітіскеннен кейін жиналған халық мәнісін айтып беруін сұрайды. Сонда кер бестіні құлын кезінде ұрлаған жігіт:

— Ат шынында Қадырбай ақсақалдікі. Мен оны құлын күнінде алып кетіп едім. Аягөз маңында тұратын нағашыма барып, қайтып келе жатсам, үстіндегі шаранасы әлі түгел кеуіп үлгермеген құла құлын жылқыны айнала шауып жүр екен. Менің бәйге көк биемнің барлық кемшілігі — туа салысымен құлынын тарпып өлтіріп тастайтын. Өлген құлынын іздеп арқырап тұрған биеге құла құлынды жібергенімде мекіреніп, емізе бастады. Сөйтіп құлынды иемденіп кеттім.

— Менің ұлым жоқ болғанмен, барлық дәулетім — екі айғыр үйір жылқымның ішінен бір бәйге ат кеткен емес, — дейді Қадырбай ақсақал сөз кезегі келгенде. — Менің кер атым ылғи бәйгенің алдын бермейтін, бұл жолы бірінші болып кер бесті келеді. Анық зер салып қарасаңыздар, кер ат пен кер бестінің бір биеден туғанын білесіздер, өйткені екеуінің түр-түсінде еш айырмашылық жоқ.

Жиналған халық Қазыбектің қазылығына риза болып тарасады.

## **Қаздауысты Қазыбек шешен жайында**

Ертеде Қазыбек би нөкерлерін ертіп, Әнет бабаның үйіне келіп түседі. Қарт бұрынғыдан ежештәуір қартайып қалса да, сыр білдірмейді. Қазыбектің жора-жолдастарын, өзін жақсы қарсы алып, мал сойғызып, қазан көтереді. Сол ауыл маңындағы қариялар, жайсаңдар жиналып, әңгіме-дүкен құрады.

Қазыбек Әнет бабаға бір ауыз өсиет айтып беруін өтініпті. Бірақ Әнет баба:

— Қазыбекжан-ай, жасы келіп қартайған, қасынан жар тайған, басынан мал тайған адамнан не кеңес, не өсиет сұрайсың? — деп ештеңе айтқысы келмейті. Бірақ бірбеткей Қазыбек шешен Әнет бабаның бір ауыз ақылын тыңдамай еш жаққа кетпейтінін білдіріпті. Сонда Әнет баба Қазыбек шешеннің бұл қылығына күле қарап:

— Болмадың ғой, айтайын, — деп сәл ойланып, — «әкім» деген сөзді жадында сақта, — дейді. Қазыбек Әнет бабаға ризашылығын білдіріп, жора-жолдасымен еліне қайтыпты.

Ол жол-жөнекей өзімен бірге келе жатқан нөкерлерінен:

— Әнет бабаның қандай өсиет айтқанын ұқтыңыздар ма? — дейді. Бірақ бұл сұрағына ешкім үндемейді. Сонда Қаздауысты Қазыбек Әнет бабаның айтқан өсиетін былай деп шешіпті:

— «Ә» дегені «әділ бол», «к» дегені «күншіл болма, көпшіл бол», «і» дегені «ілтипатты бол», «м» дегені «менмен болма, мейірман бол» дегені, — депті.

Әнет бабаның сол өсиеті ел арасына кең тарап, ұрпаққа үлгі болып қалған екен.

## Тіленші туралы

Қаздауысты Қазыбек Қонтайшының сыйға берген қызын өзінің ұлы Бекболатқа қосқан екен. Кейін одан бір ұл, бір қыз туады. Бәйбішеден тоғыз ұлы бар Бекболат би жаңағы ұл перзентінің атын Тіленші деп қойғызған.

Күндердің бірінде Орта жүз ханы Абылай көп нөкерімен Бекболат бидікіне келеді. Қаздауысты Қазыбек би көзі тірісінде Абылай ханға ықпал жасап отырған.

Қазыбек дүние салған 1764 жылдан былай Шаншар абыз әулеті Қазыбек тұқымы мен хан арасында қырғи-қабақтық күшейеді. Абылай қарашасы Ботақанды бейкүнә өлтіріп, Жанайды тұтқындатқанда намыстанып, Бес мейрамнан үш мың арғын қарсы көтерілген. Хан дәті шыдамай, өлгеніне құн, айып-ажын төлеп, тұтқындатқанын босатып, әрең құтылыпты. Одан кейін Бекболаттың көп ұлының біреуі Абылайдың бір үйір тұлпар текті қысырағын ұрлап әкетіп, Бекболат би бұл қиян-кескі дауда ұрыны шешендікпен қорғап, ханға тоғыз айып төлеп табысқан.

Абылай ханның Бекболат биге бүгінгі келуінің түп тамыры енді жауласпау, елдесу қамы еді. Қонақасы жеген соң, би аңысын аңдап, ханнан сыр тартады. Абылай хан көңіл күйін шертіп:

— Әкең Қазыбектің киелі аруағына тозаң жуытпай, әділ би атанып келдің, Беке! Жасың ұлғайды. Енді өзіңнен туған он ұлдың бірін орнына би сайлағалы келдік. Қайсысына батаңды бересің? — дейді.

Бекболат би шарт жүгініп, көзін жұмып, сақалын сипай беріпті. Әкесі бәйбішенің тоғыз ұлының бірін атайын десе, бәрі ынжық. Тоқалдың ұлын атайын десе, азулы бәйбішеден именеді. Осындай тұйыққа қамалып отырғанын тоқалдың қызы бірден аңғарады да, шымалдығын көтеріп тұрып былай дейді:



— Япырмай, би атамның шалқуын-ай, толқуын-ай, әжемнен қорқуын-ай! Би атам әжемнен қорықпаса, айтпайтын несі бар? Тоқалдан туды демесе, біздің Тіленшіжанның ел билемейтін несі бар?

Би көзін ашып жіберіп:

— Дұрыс айтасың, қарағым! Сол немеде үмітім бар еді. Қонтайшы хан бізге шешенді қулықпен берген. Тек нағашысына тартып кетпесе, — деп бәйбішеге жалтақтай береді.

Бәйбіше іле тіл қатыпты:

— Неге, ата — бас, бала — мойын. Қаз атама тартады. Рас, сол немеге менің де үмітім бар. «Арғымақтың баласы аз оттап, көп жусайды, адам болар бала аз ойнап, көп ойлайды» деуші еді. Би, сенің бозатан атың бар еді. Тіленшінің екі тайлақ аты бар еді. Менің түсімде сол екеуі көгалға шөгіп, көп жусап, аз ойнақтайтын. Өрісте өзгермесе, — деп тоқтайды.

Абылай хан Бекболат пен бәйбішенің пікірін, қыздың ұсынысын дереу ой таразысына тартып, Тіленшіні шақыртады. Ханның емеурінімен Жанақ ақын баланы қарасуда қой тоғытып жатқан қойшы-қолаңдар ішінен кездестіріпті.

— Қаз атамның ел үміттенген немересі бола тұрып, батпаққа былғанып жүргенің қалай?

Жанақтың бұл тосын сұрауына он бес жасар Тіленші тосылмай жауап береді.

— Қой тоғытысуымның екі мәні бар. Бірінші, би атама күнде бірнеше даутер жүгініске келеді. Атам солардың сырын табалдырықты аттағанда-ақ сезіп, бай болса, төрлеттіреді де, кедей-кепшік болса: «Арызыңды босағаға отырып-ақ айт!» — дейді. Шіркін, осы атам өліп, не тірісінде билік менің қолыма бір тисе, ешкімнің байлық, жоқтығына қарамай, алдыма қатар жүгіндірер ем. Олар қысылмай шындықты айтқанда, мен әділ төре берер ем-ау!

Екіншіден, мен атадан — он, енеден — жалқымын. Тоғыз ағамның ішінде тобығымнан келер біреуі жоқ. Ертең елдің дау-дамайы менің алдымда сарапқа түсе қалса, атамнан қорқып, көкейтесті мүддесін айта алмай сорлайтын мына қойшы-қолаңдар менен именер ме? Халықты осы бастан бойыма үйір қылғым келеді, — депті Тіленші.

Жанақ іштей сүйсініп:

— Абылай хан сені іздеп отыр, қане, мінгесе ғой, атаңнан бата әперейік, — дейді.

Тіленші көнбей:

— Артқа бөктеріп, қанжығаға байлайтын мен аң ба екенмін? — деп, үйге жаяу келген.

Бар оқиғаны естіген соң Бекболат баласына хан алдында батасын беріп, Тіленші би болып сайланған екен.

## Әйтеке бидің мықтылығы

Пір сайлау жұмысына кіріскенде Төле би өзінің ғұламасы Мағзаманды, Қазыбек би Ер Сейітпембетті, Әйтеке Мүсәліні (кейінгі лақап аты — Сұпыәзі) өздерімен бірге мәжіліске ала келеді. Пір сайлау мәжілісіне бұлардан басқа молдалар мен ишандар, айбынды батырлар мен билер, сөз зергері шешендер қатысып отырған. Пір сайлауында адам көптің алдында өзінің кереметін көрсетуі керек. Кереметі басым адам ұлық пір болып сайлана алатын болған.

Тәртіп бойынша үш бидің ғұламасының кереметі сыналып болғаннан кейін ең мықты дегенін ғана пір сайлауына жарамды деп шешіледі. Бұл әр бидің өздерінің ғұламасын құр бекер мақтап, ұсына бермесін деген ойдан туса керек. Керемет көрсету жөніндегі ұсыныс Әйтеке биден шыққан болатын. Оның бұл ұсынысы көптің ішінен қолдау табады да, Әйтеке халық алдына бір буаз сиыр әкелдіреді. Сосын ғұламаларға қарап:

— Сиырдың ішіндегі бұзаудың түрін, түсін, жынысын әрі қандай күйде жатыр, соны көпке бұлжытпай айтып бересіңдер! Сиырды сойып, бұзауды алғанда қайсысының сөзіне бұзаудың түр-түсі дәл келсе, сол үш жүзге Ұлық пір болып сайланады, — дейді. Бұған үш би келіседі.

Алғашқы болып Төле бидің ғұламасы шақырылады.

— Мынау сиырдың ішінде қандай бұзау жатыр? Оның түрі, түсі мен жынысы қандай? Соны мына көпке айтып бер, — дейді үш би. Мағзаман сиырға қарап тұрып:

— Бұл сиырдың ішінде қара, ұрғашы, ақтөбел бұзау жатыр, — деп тоқтайды.

Қазыбектің ғұламасы Ер Сейітпембет сиырға қарап тұрып:

— Мынау сиырдың ішінде ұрғашы, қара бұзау жатыр деп кідіреді.

Бұдан соң үшінші болып Әйтекенің ғұламасы Мүсірәлі сиырды көзімен бір рет сүзіп өтеді де, көпке қарап:

— Бұл сиырдың ішінде ұрғашы, қара, ақ құйрық бұзау жатыр, — дейді.

Үш ғұлама көрер көзге үш түрлі сөз айтқанда, отырған көпшілік куәгер болады. Осыдан соң сиырдың ішін жарып бұзауды алып қараса, бұзау — ұрғашы, қара, ақ құйрық. Бұл Мүсірәлінің айтқаны еді. Сондықтан халық бірауыздан ұлық пірге Мүсірәліні сайлайды. Мүсірәлі өзінің көрегендігімен үш жүзге пір болады.

Енді осы пірді елге алып кетуге де үлкен талас болады. «Үш жүзге ортақ болғандықтан, Ұлық пір Орта жүзде отыруы қажет», — деп отырып алады Қазыбек. Төле би мұны құптайды. Әйтеке Мүсірәліні қалайда өзімен бірге алып кету үшін оларға тағы да ұсыныс қояды.

— Ертең үш жүз әрқайсысы өзінің еліне қарай қосынын көшірсін. Біз Мүсірәлімен төртеуіміз төбенің басында тұрайық. Көштің қарасы үзіліп кеткесін Мүсірәлінің атын бос жіберейік. Ат қай жүздің көшінің артынан еріп кетсе, Мүсірәлі де сол жүзге кете берсін, — дейді ол.

Қазыбек пен Төле би бұған қосылады. Ертеңіне дәл осылай жасағанда Ақша ат Кіші жүздің көшінің артынан құйындатып шауып кетеді. Мұны көрген Әйтеке:

— О, садаған кетейін, әулием! — деп, Мүсірәліні құшақтап тағзым етеді.

Тұрып қалуға ұялып, ана екі би де Мүсірәліге қол беріп еңкейеді. Сөйтіп үш би татулықпен тарқасып, Әйтеке Мүсірәліні қасиетті қара шаңырағына әкеліп қондырған екен.

### Әйтеке бидің қазасы

Бүкіл Кіші жүз жаңа қонысқа — қазіргі Қазалы өңіріне көшіп келіп орналаса бастағанда Әйтеке би өзіне қарасты ағайын-туыс, тумаларымен Бұхараның маңын қыстап қалады. Ол жерде қалуының мәнісі: бір шеті қоңырат елі, екінші шеті Үргеніш-Хиуа аралығында ыдырап көше алмай қалып қойған Кіші жүздің халқын бір жерге жинап, келесі жазда осы жерге алып келіп басын қосу еді. Осы мақсатымен Әйтеке қысты сол өзінің отырған жерінде өткізеді.

Жаз шыға бытыраңқы отырған әлім, шөмен ауылдарын бір жерге жинап, шоғырландыра бастайды. Көктемнің аяғына дейін бұл жұмысты бітіріп, көшіруді бастауға санаулы күндер ғана қалады. «Ертең бір күні көшеміз» деп, отырғанда Қарақалпақ жеріне барып, ақ жүгері алып келген өзінің бір жақын інісі:

— Мынау базарлығым, аға, — деп, үлкен бекірені Әйтекенің үйіне әкеліп тастайды. Бұзылмасын деп аздап қана тұз сепкен бекіре бабында екен. Жеңсік асқа кім-кімнің де құмар болатыны анық. Бекіреге құмартқан бәйбіше бекірені кеспелеп асады. Үйлес отырған көршілерінің үлкенді-кішілі адамдарымен бірге бекіренің етін Әйтеке де жейді. Дәмді асты отырғандармен таласа жеген Әйтекенің тамағына кенет бекіренің арқасындағы жиегі егеу тәрізді түрпіленген үш қырлы тасы қала қалады. Әрі-бері жұтқыншағын тоғығанмен, қылқан шықпайды.

Арада бір жеті уақыт өтеді. Әйтекенің тамағынан қылқан кетпей, ауруы меңдей береді. Күн өткен сайын науқастың ахуалы кеми түседі. Үшінші жетіге қарағанда Әйтеке сөзден қалады. Сыбырлаған сөзін тек басында отырған бәйбішесі ғана есітеді. Ол да анық емес, күмілжі. Әбден талықсыған Әйтеке басында отырған бәйбішесіне: «Мені, ме-ні М-м-м-ың-ң-тө-ө-ө-бе-е-едегі Се-е-е-йітб-б-баттал әу-у-у-лие мен Зәң-ң-ңгі ата әулие-е-еге апа-а-а-рып қ-қ-қойың-ң-ң-ңдар. М-м-мен біт-т-тім», — дейді демі бөлініп. Сол күні кешкі іңірде Әйтеке сабырлы қалпымен жатып жан тапсырады.

Халық үш жүздің үш биінің бірі, Кіші жүздің кемеңгер данасы, адастырмас темірқазық жұлдызы, аяулы Әйтекесінен айырылған соң, жақын жерде отырған ауыл-ауылға ат шаптырып, хабар беріледі. Екі күн

өтіп, үшінші күні Әйтекенің мүрдесін арбаға салып, Мыңтөбеге қарай алып жүреді. Сонымен Кіші жүздің дара биі, асқар таудай биік шыңы, дана басшысы Бәйдібектің ұлы Әйтеке елу жеті жасында Бұхара аймағында дүниеден қайтыпты.

Бүкіл Кіші жүз бидің өлімін естігенде аза тұтып, еске түсіріп жоқтайды. Қаралы ту көтереді. Әр жерде мал сойылып, аяулы азаматының рухына арнап қонақасы беріледі. Өздері ардақтаған әділ биінің қаралы азасына қатыса алмағандарына қатты қайғырып, өкінеді. Бір жеті жол жүріп, Әйтекенің мүрдесін сол кезде Мыңтөбе деп аталған жердегі Зәңгі ата мешітінің іргесіне әкеліп жерлейді.

### Абылай туралы

Абылайдың аты Әбілмансұр еді. Әкесі қызылбастың ханы еді. Әбілмансұр бес жасқа келгенде әкесі өледі. Хан өлген соң орда иесіз қалады. Әбілмансұр мұрасынан айырылып, сырт елге қаңғырып кетеді.

Үш жүздің ішіне келіп, үйсін Төле бидің түйесін бағады. Сұраған жанға: «Атым — Сабалақ», — дейді. Одан да шығып Қызылжар бойындағы атығай-қарауылға келіп, Дәулеткелді деген бидің жылқысын баққан екен. Дәулеткелді бидің бәйбішесі:

— Мынау Сабалақты жалшыдай көрмеңіз, бойында бір қасиеті бар екен. Алты күн аш жүрсе де, өз қолымен ас құйып ішпейді және сарқытын кісіге береді. Ыдыс сарқып ішпейді, киімін астына салып отырады. Не болмаса киімін бүркеніп барады. Ұйықтағанда түсі жап-жарық болып тұрады, шам-шырағы бар сияқты, — дейді.

Бәйбішенің сөзінен кейін Сабалақтың басына жеке қос тігіп береді, күтеді.

Күндердің бір күнінде қазақтың жылқысын қалмақтың Қараспан деген батыры қол бастап келіп тік көтеріп әкетеді. Бұдан кейін қазақ «қылқұйрық» деп аттанады. Қолдың ішіндегі көрнекті батырлары: Қаракерей Қабанбай батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Балтакерей Тұрсынбай, Сырым Малайсары, Көкжарлы Барақ батыр, Сыбызғышы Бердіқожа батыр дегендер болады.

Қалмақтар терең қып ор қазып, орға мергендерін отырғызыпты да, олардың қасына жайнатып жасау жинап, оның қасына қыз-келіншектерді отырғызып, ән салғызып, өлең айтқызып қойыпты. Сырды білмеген қазақ батырлары қыз-келіншектерді көріп, қасына топтанып келе берсе, ордағы мергендер атып жыға беріпті. Қазақтың көп батыры сөйтіп шығынға ұшырапты. Жекпе-жекке келгенде қалмақтың батырлары жан шыдатпай қирата береді. Қазақ жағы шын сасқалақтайды.

Сол кезде топтың ішінен Сабалақ (Әбілмансұр) қазақтың ханының алдына келіп:

— Жарақтыда жан жасықпайды деген найзалы топтан, желкілдеген тудан да азамат қала ма екен деп, мен де келіп едім, мені жекпе-жекке жіберіңіз, — деп, ханнан рұқсат алып, белбеуін құрығының ұшына ту ғып тағып, шаба жөнеледі. Жекпе-жекке келген қалмақтың батырларының басын алып, ар жағындағы тобына кіріп кетеді. Кірген жерін тесік қып, шыққан жерін есік қып өтіп, тұйғынша түйіліп үш кіріп, үш шыққанда, қалмақ торғайдай тозып, іріген ірімшіктей бытырап қаша жөнеледі. Сол кезде қарап тұрған қазақтар қалмаққа лап қоя шабады. Бұл сапарда қалмақ жеңіледі. Қазақтар қайтып келеді.

— «Қой асығын қолыңа жақса, сақа қой, жасы кіші деме, ақылы асса, аға қой» деген еді. Мынау Сабалақтың заты белгісіз болса да, бақыты артық болады. Түбінде елді жаудан қорғауға жарайды екен, ханым, — дейді. Бөгенбайдың сөзінен кейін халық бірауыздан хан сайлап, қатын әпереді. Абылайдың хан сайланған жері Атығай Есенаман деген байдың ауылы еді. Осы Көкшетаудың төсінде еді.

### Абылайдың тұтқында болуы

Қалмақ елі етек-жеңін жинағаннан кейін Шарыш сынды батырды өлтіріп, елін үлкен күйзеліске ұшыратқан Абылайды іздейді. Ұзақ уақыт іздеп, ақырында Ұлытау қобылары арасында қапылыста, ұйқыда жатқан кезінде Абылайды ұстап, Қалдан ханға тапсырады.

Қазақ елі қалмаққа бірнеше рет игі жақсыларын жіберіп, Абылайды босатып ала алмайды. Ресей патшасы Екатеринаға айтып, көмектесуін өтінеді. Ол қалмаққа генерал Нефельдиев бастаған өкілдер тобын жібереді. Жолшыбай оларға қазақтың тоқсан жақсысы қосылып, Қалданның ордасына барып түседі. Қалмақтар олардан жөн сұрамайды, құрметті қонақ ретінде күте береді. Сонымен үш ай өтеді.

Күндерде бір күн қалмақ ханы орыс, қазақ меймандарын, өзінің билері мен батырларын, басқа да игі жақсыларын қан майданға жинайды. Қалдан Серен тұтқындағы Абылайды өз құзырына алдырып, жиналған жұртқа оны жазалағалы отырғанын жариялайды.

— Мен сені үш елдің мына жақсылары алдында жазалауға әмір еттім. Жалғыз аяулы жиенім, бас уәзірімнің баласы, бүкіл қалмақ елінің ардақты батыры Шарыштың орнына өлесің. Арманың не? — дейді ол Абылайға.

Хан сөзін аяқтасымен Абылай ақырғы сөз сұрады. Рұқсат етілді.

— Үш арманым бар, тақсыр, — деп бастайды ол, — бірінші арманым: мен Шарыш батырды қалмақ пен қазақтың қан майданында өлтірдім. Ал сіз мені ұйқыда жатқан жерімде ұстап алып өлтіргелі отырсыз. Қан майданда алысып, күші басым адамның қолынан өлмегеніме өкініштімін. Екінші: қазақ елі бытыраңқы, көшіп-қонып жүрген ел еді. Жоғары атаққа ие болған күндерімде сол елді отырықшыландырып, ортасына

мәдениет ұрығын өсіруді арман етіп едім. Сол арманымға жете алмадым. Үшінші арманым: Абылай батырдың жұрағатымын. Сол әулеттен жалғызбын, әлі үйленгенім жоқ. «Егер қазір өліп кетсем, Абылайдан бергі төрт ата дүниеге келмегендей болады-ау!» — деп уайымдаймын», — деген екен.

Қалдан жанындағы уәзірлеріне:

— Мынаның айтқандары дұрыс, бәрі де орынды сөздер. Әсіресе үшінші арманы менің жүрегімді қобалжытты. Мен де төрт атадан жалғызбын. Әмірсанам олай-бұлай болып кетсе, менің де төрт атам дүниеге келмегендей болады ғой.

Бұл сөзді естиді де, Абылай орынан атып тұрып:

— Алдияр, тақсыр, — дейді.

— Неге алдиярлайсың, мен сені жазадан құтқарғаным жоқ, — дейді Қалдан хан.

— Жалғыз балаңыз Әмірсанаға теңегеніңіз, босатқаныңыз емес пе, тақсыр! — деп басын иді Абылай.

Әңгіме осымен аяқталды. Қалдан хан Абылайдың кінәсін кешіріп, Әмірсанамен екеуін дос қылады да, хан тұқымынан бір қыз береді, оны «күндебау» (үзілмес достық) деп атады. Осы қыздан Қасым туды. Абылайды сұрағалы келген орыс, қазақ өкілдеріне үлкен сыйлық беріп қайтарды.

### **Абылай мен Әмірсананың достығы жайындағы аңыз**

Қалмақ ханы Қалдан Серен қайтыс болады. Ежелгі дәстүр бойынша хан тағына оның жұрағаттарының бірі ие болуға тиіс. Қалданның Әмірсанадан басқа баласы жоқ, әрине мұрагер сол ғана. Бірақ ел бұл дәстүрді қолданбады, хандыққа басқа біреуді сайлады. «Қалмақ ханы қалмақ нәсілінен болуы тиіс, Әмірсана — қазақ нәсілі, оны сайлай алмаймыз», — деп, жұртшылық Әмірсананы мұрагер деуден үзілді-кесілді бас тартты.

Бұл ойдан шығарылған жала емес, елдің оған нақты дәлелі бар екен. Оқиға былай болыпты.

Қалдан жасы ұлғайған кезде өзіне қашықтағы елден, Жайық бойындағы қалмақтан бір қыз айттырыпты. Қызды алып келу үшін ол елге өзі баруды хан басына лайық көрмепті. Қалыңмалын, түрліше жол-жоралғыларын жеткілікті етіп беріп, бірнеше адаммен өзінің сенімді уәзірін жіберіпті. Бұлар қызды алып, зор қуанышпен еліне қайтады.

Сол жылы қыс қатты болыпты. Қалмақ жолаушылар жолшыбай Ұлытаудағы қазақ ауылына аялдайды. Күні-түні бірдей түтеген боран толастамайды да, жолаушылар сол ауылда бірнеше күн кідіруге мәжбүр болады. Күн ашылғаннан кейін ешбір шығынсыз еліне келіп жетеді.



Ханның тоқалы сол сәтте жүкті болып, айы-күні жетіп босанады. Ер бала туады, оған Әмірсана деп ат қойылады. Ел арасында пыш-пыштаған өсек тарайды: «Жас тоқал бұл баланы жолшыбай көтеріп келеді, қазақ батыры Өтегеннің баласы», — деседі. Әрине, мұны ханға естіртпейді, тек ол өлгеннен кейін ғана жарыққа шығады.

Әмірсана елін өзіне бағындыра алмайды, хан тағына оған байланысы жоқ біреу отырады. Амалсыздан сырттан көмек іздеуіне тура келеді. Әкесі Қалдан хан өзі достастырған, одан кейін ұзақ уақыт достық қарым-қатынас жасап келген Абылай досқа барады. Ол досын ықыласпен қарсы алады, оның елін өзіне қаратып беру шараларын ойластырады. Бірақ қалмақтардың қарындастық сөзін қабылдамайтынын, тіпті оның арты ренішке соқтыратынын білген Абылай осы жөнінде орыс патшалығымен ақылдасуды ұйғарады.

Бұл ұйғарым Әмірсанаға да ұнайды. Хандық лауазымы үшін екі елді жауластыруды екеуі де лайық көрмейді. Орыс патшасына өкіл жібереді. Топ жіберіп: «Қалмақтар ризалықпен бағынбаса, күшпен еріксіз бағындырыңдар!» — деп тапсырады.

— Хан тахыты үшін елімді күйзеліске ұшырата көрмеңдер, — деп Әмірсана Абылай мен орыс генералына өтініш етеді. Олар бұл өтінішті мақұлдайды.

Сонымен, орыс пен қазақ жақсылары Әмірсананың өзін ертіп, қалмақ еліне аттанады. Бірақ, бұлардың жолы сәтті болмайды, жолшыбай Әмірсана шешек ауруынан мезгілсіз қаза болады.

### **«Абылай аспаған сары бел» аталған жер**

Абылай хан қазақтың ханы болған, бір Ботақан дегенді тірі көрге салған. Қайтып үйіне келген, қатынына:

— Ботақанды көрге салып келдім. Бұл Орта жүзден бізге үкім бұйырмаған екен, — дейді.

Қатыны:

— Шығарыңыз көрден, — дейді.

Абылай бір кісіні жібереді.

— Көрден шықсын! — дейді

Ботақан бұл кісіге:

— Шықпаймын! — дейді.

Жіберген кісісі Абылайға барады:

— Шықпайды көрден, — дейді.

Абылайдың өзі келеді:

— Иінінен тартып шығар! — депті.

Көрден бірі тартып шығарайын деп жатқанда, жүрегі тарс етіп жарылып кетеді. Орта жүз намыстанады. Орта жүз намыстанған соң,

Абылай ауып қашып кетеді. Арғын, найман болып Абылайды қуады. Басы Қазыбек боп қуады, үш көшкенше қуады. Абылайдың қатыны:

— Абылай хан, дәнеме білдіңіз бе? — дейді.

— Не білейін?

— Бізді Қазыбек қуады. Қазыбектің үш ойы бар, — дейді. — Қазыбек мені алса қайтер еді, әйтпесе сенің басыңды алса қайтер еді, әйтпесе асулы қара қазанды алса қайтер еді?

Қара қазанды асулы тастап кетіпті. Артынан Қазыбек келіпті, қазанның қасына келіп тұрыпты, найзаны шаншыпты.

— А, жұрт, — дейді, — Абылай тегін кісі емес. Үйден шыққанда үш ойым бар еді, Абылайдың басын кессем, қайтамын деген ойым бар еді. Болмаса, Абылайдың қатынын алып қайтамын деп едім. Болмаса, қара қазанын алып қайтамын деп едім.

Қазанды алады да қайтады. Сол қазанды Қазыбек өзі асты, онан соң Бекболат асты, онан соң Тіленші асты. Сонан соң Шама төре, Абылайдың қалмақ қатынының баласы, қара нарға қалы кілем жауып:

— Бабамның қазанын мен аламын, — деп Тіленшіге келіп түседі. Қазанын Шама алыпты.

### Абылай мен орыс елшілері

Абылай хан заманында орыс жұртынан отыз кісі елшілікке келіп, қыс түсіп кеткен соң қазақ ішінде қыстап қалыпты. Малай-Жәдігер Қойлыбай бай бір қыс жүз ақ қара бас қой сойып күтіп, қыстан ашықтырмай, тарықтырмай шығарған екен. Ұлығы:

— Қазақ жұртының бір-біріне сыйының алды не болады? — дегенде:

— Қазақ рәсімінде «жетім» болады, — деген соң, Қойлыбайға бір қыз сый қылған екен және ит терісіне жазып, алтындаған уағданама берген екен.

Сол қыздан екі бала туып, Малтабар, Қосжетер деген осы күнде өсіп-өніп, өз алдына ауыл болыпты. Терісаққан бойында, Тасбекеттен төменірек Тәки қажының ауылдары.

Сол Қойлыбайдан — Тілеуқабыл. Тілеуқабылдан: Әділ, Еділ, Елемес, Жаманқара, Шешенқара. Бұлардың қыздары «қуыршақ ұзатқанына» ту бие сойып, той қылған екен. Боз биені бірыңғай саудырып, «етіміз ақ болсын» деп, сүтіне шомылған екен. Сондай кесірден сол дәулеттің аяғы мыж-тыж болып, сол қыздар кемпір болған күнінде керіс тірей сұрап жүргенде, жақсылықтағы ырыс-дәулетке кесір жұмыс қылғанын естіп-білгендер: «Саған не қылса да обал жоқ!» — деп, таяқпен түртіп кететұғын болыпты.

Бұланбайдың бәйбіше қатынының балалары Байзақ, Жанұзаққа ұзатылып еді дейді.

Әкем аты — Шағырай, атым — Балдай,  
Бұланбайдың жылқысы қара жар[дай],  
Шиқұтыны бойымда дамбалым бар,  
Әлің келсе, тістеп шеш, Қарақалтай! —

дейтұғын Бұланбай Қалқаманнан шыққан, дүниенің ақыры — осылай.

### **Абылайдың соңына ерген батырларын сынауы**

Бірде Абылай хан бірнеше батырымен жолға шығыпты. Соның ішінде Абылаймен тетелес Ораздың немересі Сапақ бірге шығыпты (Ораздан — Қожагелді, Қожагелдіден — Сапақ).

Сапақ жүрген жерінде:

— Менің ұлы атам Абылайға жолдас болып Түркістаннан келген. Мен де атамның жолын қуып ханның жорығына еріп жүрмін, — дейді екен.

Оған жұрт:

— Ораз Абылайды елінен, жұртынан безіп, қиын жерде жанын қиып жолдас болған екен. Сен атаңның жолын қуа аласың ба? — десе, Сапақ мақтанып:

— Неге болмайын, болам, — дейді екен. Көпшілік: «Осыны бір сынайық», — деп жүріпті.

Бір күні қоналқы жерде қатты жауын болып, ас пісіретін отын болмай тарығыпты. Сонда біреулер:

— Мына жерде мола бар, соның ағашын алайық. Қараңғы түнде моланың ағашын кім бұзады, оған ерлік етіп кім барады, мына Сапақ болмаса, — депті.

Сапақ:

— Несі бар, мен барам. Атымды ұстарға біреуің еріңдер, — депті.

Мана мазақтап жүрген көпшілік: «Мұны бір сынайық», — деп, күнібұрын молаға бір адамды жасырын жіберіпті де, оған: «Сен жасырынып жатып, моланы бұза бергенде тұра ұмтыл!» — депті.

Айтқанындай, қасына жолдас алып Сапақ молаға келіпті де, атын жолдасына ұстата салып моланы бұза беріпті. Ар жағында аңдып жатқан адам Сапаққа:

— Бардың малын алдыңдар, қырғыз, қалмақтың жанын алдыңдар, енді менің моламды неге бұзасың? — деп тұра ұмтылыпты.

Сонда Сапақ:

— Өлі сен түгіл, тірі Абылай қоста аш жатыр, — деп қарсы ұмтылғанда, ана адам:

— Ала бер, ала бер, — деп тұра қашыпты. Сапақтың атын ұстап тұрған адам да қорқып, Сапақты тастап, анадай жерге барып тұрыпты. Сапақ керегінше отын алып қайтыпты.

Ертеңінде мұны Абылай естіпті. Сапақты шақырып алып:

— Батыр аңғырт болатын, сен жүректі батыр екенсің. Бірақ жау тұра қашпайды, жүрекпен бірге амал да, айла да керек, — депті.

### Қабанбай батыр

Ертеде Жетісу елінде Қабанбай деген батыр өтіпті. Қабанбайдың отыз ұлы, отыз ауылы болыпты. Жер қайысқан малы бар екен. Жаз жайлауға шығарда мал, жан Тасөткел арқылы судан тегіс өткенше өзінің нөкерлерімен биік төбенің басына шығып қарап тұратын әдеті екен. Сондай бір көшудің кезінде күні бойы тұрғаннан жалыққан батыр: «Не деген көп мал, бітер емес қой», — депті.

Сонда қасындағылардың біреуі:

— Батыреке, байлығыңызға өзіңіз таңданып тұрсыз, жасыңыз тоқсанға таяп қалды, отыз ұлыңыз анау, осы сізде де арман бар ма? — деп сұрапты.

Батыр қарт бұл сұраққа мырс етіп күліп алыпты да, сөз бастапты:

— Армансыз адам бар ма?! Жас кезімде қалмақпен бір қырғын соғыста бірнеше жігітпен қолға түстім. Қалмақтың ханы бәрімізден жауап алды, көбісін өлтірді, кейбіреуін басыбайлы құл етуге бұйырды. Кезек маған келгенде хан:

— Сені босатып, еліңе жіберсем, қайтер едің? — дейді.

— Қалың қол жинап келіп, сендерді шабар едім, — деп жауап бердім.

— Қолға түскендердің ішінде бір атақты батыр барын естіп едім, сол сен екенсің ғой? Ендеше, жазан басқа, — дейді қалмақтың ханы.

Нөкерлеріне өз тілінде былдырлаған ханға қызы да бір нәрселерді айтады. Сол-ақ екен, қол-аяғымды байлап, басымды ғана шығарып, қалған денемді өгіз терісіне тігіп, далаға тастады. Қимылдауға шамам жоқ, қатқан тері денемді бүрістіріп айдалада жатырмын. Өткен-кеткеннің бірі аяп, бірі мазақтап қарайды.

Бір күні нөкерлерін ертіп ханның қызы келді. Бәрі тамашалап, күлісіп жатыр. Хан сұлуы күлген жоқ, көз алмай маған ұзақ қарады. Сол түні малай қызынан қымыз беріп жіберіпті. Осыдан былай күн сайын түн қараңғысында қымыз келіп тұрды. Бірер жетіден кейін хан қызының өзі келіп, аузыма қымызын тосып:

— Ішіңіз, батырым, шөлдеген шығарсыз? — деді таза қазақ тілінде.

Әкесі қорлап отырғанда, оның мені асырауының сырын сұрағанымда ол:

— Сіздің атағыңызға бұрыннан қанық едім, «қолға түседі» дегенде, шынымды айтайын, қуанып қалдым. Бірақ көп ішінен қалай танырымды білмей тұрғанымда, «мен мұңдалап» шыға келдіңіз. Қас жауыңыздың алдында қаймықпай берген жауабыңыз мені бұрынғыдан да ынтықтыра түсті. Әкеме «мынаны қорлап өлтіру керек»

дегенді сылтауратып, өлімнен арашалап қалған да мен. Егер мені бірге ала кетсеңіз, мына қорлықтан босатар едім, — деді. Мен бірден келісім бердім.

Келесі түні кетуге уәделестік. Хан қызы екі ерттеулі ат, киім-кешек, жол азығын дайындап, уәделі жерге жетті. Қолындағы қанжармен тұлыпты жарып жіберіп, мені босатып алды. Киініп алып, атқа мініп, тартып отырдық. Таң атқанша біраз жер жүріппіз, күн шыға бір қамысты көлге жеттік. Жас сұлудың қасында өзімнен өзім жиіркеніп, намысым қайнап келе жатқанда көлді көріп, қуанып кеттім. Аттарды суытып, суға шомылып, киім ауыстыруға келістік. Қыз әдеп сақтап біраз жерге ұзап кеткен екен. Аздан соң «өлдім, батыр, құтқар!» деген жан даусын естіп, қанжарымды ала тұра жүгірдім.

Келсем, өгіздей бір жолбарыс қызды алдыңғы аяғымен бүріп жатыр екен, маған қарай тұра ұмтылды. Жолбарыстың кеудесі басымнан аса белін екі қолыммен қысып жібердім, жолбарыс гүрс ете түсті. Талықсып кетті білем, осы сәтті пайдаланып, оң қолымды босатып, ішін қанжармен остым. Ішек-қарны ақтарылған жолбарыс бірте-бірте сырғып төмен түсті. Оны жерге тастай сала, жалма-жан қызға келсем, жолбарыстың тырнақтары екі өкпеден бүрген екен, жан тапсырыпты. Жас сұлуды таза арулап қойдым да, бір атқа мініп, біреуін жетелеп елге келдім. Өзімді өлімнен құтқарып, тіршілік сыйлаған сол арудың атын да білмей қалдым. Соны бүгінге дейін арман етемін, — деп батыр әңгімесін аяқтапты.

### Қанжығалы қарт Бөгенбай хақында

Қанжығалы қарт Бөгенбай сексеннен асқан шағында шаруа жайымен жапан далада жалғыз келе жатыпты. Елдің қарасы көрінген соң: «Атымды таң асырамын ғой, шалдырып барайын», — деп, атының ауыздығын алып, айылын босатып, шылбырдан ұзын ғып ұстап, бір тасқа қисайып, шақшасын алып, насыбайын атыпты. Шақшасын тастың үстіне қойып, атын шалдырып отырғанда, айғыр мінген бір жас жігіт жетіп келіп, сәлем жоқ, сауқат жоқ:

— Әй, шал, ана шақшаңды әкелші, — депті.

Қарт Бөгенбай шынтақтап жатып, ат үстіндегі жас жігітке шақшаны ұсынады. Анау шақшадан насыбай атады дағы:

— Әй, шал, мына шақша саған емес, маған лайықты екен, — деп, саптама етіктің қонышына сүңгітіп жіберіп тұра шабады.

Қарт Бөгенбай атып тұрып: «Қап, мына баланың қорлығы-ай», — деп, атының ауыздығын салып, айылын тартып, тұра қуады. Бөгенбай осал ат міне ме, әлгіндей болмай баланы қуып жетіп, аттың үстінен жұлып алып, алдына өңгеріп алады да, етіктің қонышындағы шақшаны алады. Алақанына толтырып тұрып насыбай алады да, балаға:

— Аш аузыңды! — депті. Бір алақан насыбайды баланың аузына тастап жіберіп: — Бар! «Бөгенбай әкемнің насыбайына тойғаным-ай», — деп әкеңе айта бар, — деп, аттан сілкіп тастайды.

Дәулетке мастанған бай баласы есер келмей ме?! Әлгі жігіт те сол ауылдағы бір байдың баласы екен. Бала көрген-баққанын әкесіне айтып келеді. Әкесі кісінің Қанжығалы қарт Бөгенбай екенін біліп, соңынан кісі жіберіп қайтарып алады да, есер бала үшін ат-шапан айып төлеген екен.

### Өтегеннің жер қарауы

Өтеген — халықтың жоғын жоқтап, еліне құтты мекен, жайлы қоныс іздеп жер-дүниені кезген жиһангер. Қасына қырық жігітті ертіп, Орта Азияны жалпақ кезіп, орыс патшасы сұраған елді де көріпті. Әр жердің топырағын қоржынына теңдеп, алып жүреді екен. Ақырында төрт түлік малға да, елге де жайлы «Жиделібайсын» деген жерді ұнатыпты. Ол аймақ тек жылқы малына ғана жайсыз екен.

Өтеген батыр еліне келген соң халқына жау аяғы жетпейтін, патшаның билігі өтпейтін жаңа қоныс тапқанын айтып:

— Егер көпшілік қарсы болмаса, сол жаққа көшейік. Алатаудың жері малға жайлы болғанымен, жүре-жүре өрісіміз тарылады, алдымыздағы жылдарда қыс қатты болып, жұтқа ұрынамыз, ел аштық, жоқшылық көреді, — дейді.

Қасқараудан шыққан ағайындары Ерсары мен Байсары:

— Жылқыға жайсыз болса, несіне көшеміз? Жылқы — мінсек көлік, жесек — ет, жал-жая, қазы-қарта, ішсек — қымыз. Қазақтың жылқы малынсыз күні жоқ, жылқыдан айырылсақ, көрген күніміз не болады? — деп қарсы шығады. Оларды қырық мың жылқысы бар Жыланкөз де қоштайды. Сөйтіп қасқараулар көшпей қалады.

Көп ұзамай Өтегеннің айтқаны келеді. Қатты қыстың арты жұтқа ұласып, халық бар малынан айырылып, жұтап қалады. Ел ашығып, басына ауыр күн туады. Алатаудың бауырында қыбырлаған құрт-құмырсқа, аң-құс та қалмайды. Баяғы Жыланкөз байдың қырық мың жылқысы да жұтқа ұрынады. Халқының ауыр халін көрген Өтеген батыр: «Әттеген-ай, Жиделібайсын жылқыға жайлы деп сонда бір ауыз өтірік айтпағаным-ай!» — деп қатты өкініпті.

### Малайсары мен Олжабай

Орта жүз арғын Малайсары батырдың әкесі Тоқтауыл батыр заманында «батыр» атанған кісі екен. Тоқтауыл батырдың ауылы бір қопалы көлге қонып, оттасын, жайылсын деп, бұйдасын түріп бос жіберген түйелері қопаның ну қамысына шөгіп, бет-бетімен аралап кіріп кетіпті.



Не екенін білмейді, бір нәрсе түйелерді лақтырып, «әуп! әуп!» деген дауыс естілген соң: «Дәу де болса, бұл жолбарыс шығар!» — деп, жұрт ду көтеріле шапқанда, Малайсары бір шұбар тайға мініп, олай-бұлай шапқылап жүреді. Бала жұрттан бұрын абайсыз жолбарысқа барып қалғанда, жолбарыс шұбар тайдың құйрығынан алып, «әуп!» деп аспанға атқанда, бала таймен бірге кетпепті. Жолбарыстың үстінде мойнынан құшақтап, ұйқы-тұйқы болып жүргеннің үстіне Тоқтауыл батыр барып қалып, жолбарысты жарып, баласын аман айырып алыпты.

Осы Малайсары заманында ептейсіз ірі батырдың есепті бірі болған.

Абылайдың мінгені Айғайсары,  
Айғайласып келгенде жердің тары.  
Абылайды сан қалмақ қамап жатыр,  
Туыңды ала шаба гөр, Малайсары!

Абылай хан атақты, аруақты, бақты хан болған күнінде Уақ Сары Баянсыз, Балтакерей Тұрсынбайсыз, Шанышқылы Бердіқожа, Көкжарлы көкжал Барақ Малайсарысыз жорыққа аттанбайды екен.

Малайсары батыр қара қалмақ Қатысыбанның ханы Қоңтажының қолына тұтқындыққа түсіпті. Қалмақтың ханы ақ боз үйге кіргізіп, құда, күйеуше сыйлап күтіп, «Сірә, мұнымен елдеспей, бізге тыным-тыныштық болмас» деп:

— Сені біз осы сыйлаған бетімізбен сыйлап аттандырайық. Сен тұңғышың Тілеуқабылды бізге «ақ үйліге» бер! Ақ мылтықтың аузын жаласып анттасайық. Бір-бірімізге жау болмасқа сенімді уәдеміз осы болсын! — депті. Баласы Тілеуқабылды қалмаққа «ақ үйліге» бермек болып, ақ мылтықтың аузын жаласып, анттасып қайтқан екен. Сонан үйіне келіп, жаңа «уе» (уф) деп демін алып отырған үстіне қалмаққа қосын жасап, ту тігіп, Абылай хан келіп:

— Отырма! Атқа мін, жүр! — дейді. Малайсары:

— Мені қой, мен бармаймын! «Қалмақпен жауласпаймын!» деп, ақ мылтықтың аузын жаласып, анттасып қайтып едім. Антқа ұшырап қалармын! — дейді.

— Қалмақ шіркіннің анты не қылар дейсің?! Жүр, сен бармасаң болмайды! — деп, еркіне қоймай ертіп алып, аттанып, қалмаққа барған екен. Барса, қалмақ күні бұрын естіп, күтініп, дүние дүние болғалы, жер, су болғалы жау беттеп кіріп, бұзып ала алмайтұғын бір берік қорғандары болады екен, тас-түйін болып соған қамалған екен.

Сонда Абылай хан төрт батырды жіберіп:

— Қорғанды айналып [айланып] болжап келіңдер, бұзып кірер жері бар ма екен? — депті.

Сонда Уақ Сары Баян жоғары ұмтылып, қорғанның үстінен үңіліп, ішіне қарай бергенде, дулығының қақ маңдайынан оқ тиіпті. Дулығының артына қарай қайқайып қалғанын көріп, «жығылды

ғой» деп, қалмақтың мергендері қорғанның үстіне шыққанын көре сала батырлар жалт беріп қашқанда, арт жағынан оқты жаңбырдай жаудырыпты.

Сонда Абылай хан:

— Бір қанды ауыз мылтықтың аузы Малайсарыға деп келеді-ау! Құдай-ай, сақтай гөр! — дегенше болмай, Малайсарының сауытының жырық жігінен шонданайдан оқ тиген екен. Жүре келе сол қалмақ үш атыпты. Өзгелері дін есен, неше оқ болса Малайсарыға тиіпті. Батырлар аман келгеніне өзгелері қуанысқан екен, Абылай хан:

— Малайсары аман емес, аты керендеп қалады! — депті. Айтса айтқандай, Малайсарының белін оқ қиратып тастаған екен.

Қосына алып келіп түсіріп, жатқызыпты. Абылай хан:

— Өзге тамақты бұған бере беріңдер! Жалғыз-ақ ескі қатқан сүр ет бермеңдер! Ішегі аман. Қатқан сүр ет берсеңдер, ішегі жыртылады. Онан соң үйірге қосылмайды! — депті.

Малайсарыны бақыршысы бағып, қоста жата береді. Өзгелері күнде аттанып қорғанға бара береді.

Бұрынғы хандар мұндай зор соғысқа барғанда, қосынды үш бөлек қылады екен. Бір бөлегін «кезуілші» деп, оқшау бөлек алдында жүргізеді екен. Бір бөлегін «тосқауылшы» деп, ханды ортасына алып, орта буында жүреді екен. Бір бөлегін «салықшы» деп, баққан аттарымен кейін арттарына тастайды екен. Олжабай бұрын есепке кіріп, қатарға қосылмаған күні болса керек. Әйтеуір сол жорықта бар, бірақ «салықшылардың» ішінде екен.

Олжабай — ат жайған көп қазақтың бірі. Атын жайып, көйлек-дамбалын шешіп, қаннен-қаперсіз қарап отырса, бір көк шолақ атты, көк шекпенді біреу екі етегі жалп-жалп етіп, далақтап, екі көзі алақтап, атын басқа-көзге төпелеп, із өкшесі елсіз даладан шығып, дәнемемен ісі жоқ, Олжабайдың қасынан шауып өте бергенде, Олжабай:

— Асығып-үсігіп қайда барасың? — дейді. Онда ол:

— Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай алтын қақпаны дал-дал қылып бұзып, жұртқа олжа үлестіріп жатқанда, олжадан құр қалайын ба? — деп шаба жөнеліпті.

Олжабай батыр отыра алмай, ұшып тұра келіп:

— Уау, мына қалмақтың дал-дал болуы, мына қақпаның бұзылуы менің қолымнан болмақ екен-ау, — деп, тұра киініп, аттаныпты.

«Олжабай! Олжабай!» деп шауып, жолында тұрған Абылайдың ала туын жұлып ала жөнеліп, қорғанға қорғаламастан қасқиып жетіп барады. Бір қалмақ туды көздеп атқанда, қалмақтың оғы ту ұстаған қолының қоспасынан тиіп, оны бір тікенек қадалған құрлы көрмей, ала туды Абылайдың өзіне бере салып, аттан түсе қалып, дарбазаны шапқылағанда, қалайы-қорғасын құйып жасаған дарбаза саз балшықтай иленіп, қамалып жүрген қазақ сорлы, несін сұрайсың, олжаға батып, мәре-сәре болыпты.

«Олжабай, Олжабай!» деп, тұсынан шауып өте бергенде, қозғала алмай жатқан Малайсары белін оратып таңдырып:

— Мына жауды Олжабай мұқатып алып, абырой аруақ Олжабайда қалатұғын болды. Мен құр қалам ба? — деп, атқа үш мініп, үш түскен екен. Осы хабар Шұршіт патшасына естіліп:

— Сол қақпа бұзған батырын маған жіберсін, көремін! — депті.

Барған соң құлжаның қос басындай оқтың үңірейтіп тесіп кеткенін көріп:

— Мына қолыңды оқ мынадай үңірейтіп кеткенде, қақпаны қалай шапқылап жүрсің? — депті.

— Мен оқтың тигенін де, оның не қылып, не қойып жүргенін білдім бе екен? — депті.

Сонда Шұршіт патшасы сары ала ту, сауыт-сайман, дулыға, қалқан, сауытты ат мінгізіп, құшақтасып дос болып, бұрынғы Олжабай емес, басқа бөлек Олжабай болып қайтыпты.

Малайсары батырдың бір сөзі қала беріпті. Ол не сөз десең, Абылай хан: «Қатқан сүр ет бере көрмендер», — деп айтады ғой. Қалмақ қорғанда қамалып жатыр, бұлар елсіз-күнсіз далада қамалып жатыр. Түсте бірін, кешке бірін сойып тұратұғын қой-қозы бар ма? Қызыл турам ет жұртқа жерік асындай болып, Малайсары бақыршысын шақырып:

— Қызыл турам етке тісімді тигізбесең, басыңды шауып тастармын! — деп қаһарланыпты. — Ала қоржын қайда? Алып кел! Соның түбінен қызыл турам ет табылмаса, менің құрығаным ғой, қараң суалғаным ғой! — деген екен. Ала қоржынды алып, ақтарып қараса, бір қазы жатыр екен. Ортасынан тұтамдай кестіріп алып, астырып жепті.

Абылай хан келген соң көрсе, бұзылып, келіспей қалғанын көріп:

— Ұрған екенсіңдер ғой! Сүр ет бердіңдер ме? — дегенде:

— Қазының ортасын беріп едік, — десіпті.

— Енді болмады, жалғыз-ақ ілініп тұрғандығы ішектің бүтіндігі еді. Ай, бәрекедді-ай, келіспеді-ау! — депті.

Сонда Малайсары батыр айтқан екен:

— «Әзірейіл шіркін қайда жүр өзі?» дей беруші едім. Ала қоржынның түбінде бұғып жата берген екен. Сөйтіп амалын тауып, айласын асырып алмаса, біздей кісіге бадырайып келуге оған да жан керек қой! — деген екен.

Сол сапарда демі таусылып, сүйегін елге алып келіп қойыпты.

### **Олжабай мен Жасыбай**

Біздің бұл қазақ Сыр бойынан ауып келгенде, Ұлытау, Кішітауды қыстап, Сұрқарасортыны жайлап, сол маңайға орын теуіп жүріпті. Баянаулаға «Барлыбай» ұранды бәсентиін келіп, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылынан тышқақ лақ өлтірмей, дін есен қалған екен.

Олжабай батыр соны естіп, өзге сүйіндік — Ұлытау, Кішітауда төрт-бес үйді соңына ертіп, Баянаулаға келіпті. Кісіден сұрап мал жей ме? Тоқты-торым, тай-тулақ, бұзау-тайыншаны қуалап келіп жей береді.

Барлық бәсентиін біріне-бірі тығылып, Баянауланың бауырына жиылыпты. Бір байдікіне бие сойдырып, жиылыс қылысыпты:

— Осы бір төрт-бес үй қыстай маза бермеді. Ендігі жылы тағы осыны қылады. Бұрынғылар «Көп қорқытады, терең батырады» дегені қайда? Қарасын өшіріп, көзін жоғалтып кетейік! — десіп отырғандарының үстіне Олжабай батыр өзі кіріп келіп:

— Сендер көшіп кетіп қаласыңдар! Біз айыр өркеш түйеміз жоқ, бауыры сүтгі биеміз жоқтықтан, тауда қаламыз. Тас кеміреміз бе, тау кеміреміз бе? Үлеспеген еншіміз бар. Көшер елдің көштігі болса, еру елдің ерулігі бар. Еншіміз болса, бөліп, ерулігіміз болса, беріп кетіңдер! — дегенде, үйдің оң жақ босағасына таяу отырған бір ұзын мойын қу ауыз:

— Біз өзінің қарашығын батырып, көзін жоғалтып кетейік деп отырсақ, мынау не дейді? — дейді. Олжабай батыр ұшып тұра келіп, жеке аузын қынынан суырып ала ұмтылғанда, анау да жанұшырып, қолға түспей, қашып шығыпты. Олжабай:

— Сендерге қолымды былғамайын, қылышымды қандамайын! Күні ертең тағалы торы тай қалдырмай, түп көтере жылқыларыңды тиіп алайын да, күш-қайраттарыңды сонда сынарсың! — деп кетіп қалыпты.

Бәсентиін... түн ішінде аласұрып, бүлініп, үркіп көше қашып, Ертіс суына тоғытылып, ажалдысы суға кетіп, ажалсызы Ертістен әрмен өтіп кетіпті.

Сол күндерде бәсентиін деген рудан, «Таз» аталған ұрпағынан Жасыбай батырдың беті қайтпай жүрген күні екен. Өзі мерген, өзі жауырыншы екен.

— Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қалмақтан босатып алған жерім еді. Мен Олжабаймен айтыспай, қара қанға батыспай, тастап көше қашпаймын! — деп, жалғыз үй қалыпты. Бір жаман жобалғы інісі бар екен. Ағасының малы болса бағып, отыны болса жағып, ас-суын қылып беру үшін қасында жалғыз-ақ сол інісі қалыпты.

Баянаула тауының қалың ортасында бір көл бар. Сол көлдің күн шығысында бір тасты «Ту тіккен» деседі. «Олжабай мен Жасыбайдың «айтысамыз» деп, ту көтерген жері» деседі. Екеуі мұнан бұрын жүзбе-жүзге келісіп, бірін-бірі көріскен жоқ екен. Бірін-бірі көріскен соң, «ішпей — мас, жемей — тоқ» болып, өзді-өзімен тойысып (түйісіп), «ұрсамыз, төбелесеміз» дегенді қойысып, қоян-қолтық алысып, құшақта-сып, дос болысады.

— Кел, екеуміз осы Баянаулада жаталық,  
Қойдай еріп жүрген бұғы, бұлан,  
Аладомбай, керқуданы аталық!  
Жалғанды жалпағынан басып  
Мерекеге баталық!

Бұл тауды «елсіз қалады, иесіз қалады»  
Деп, қалмақ келеді.  
Кедергі болып,  
Соның жолын тосалық!  
Бір асуының аузында мен жатайын,  
Бір асудың аузында сен жат! —

деп, Шойындыкөлді басып өтетұғын жолдың асуында Жасыбай жатады да, «Торайғыр көлі» деген көлді басып өтетұғын жолдың асуында Олжабай жатады.

Ол заманда да қалмақ қосыны тау-тауға бекініп, тауды паналап жүреді екен. Жасыбай жауырын жақты. Жауырынға қалмақ қосыны Қызылтауға үйіліп, төгіліп, тосып қалғаны түседі. Қарауыл қарайтұғын тасына шығады. Қызылтауда бір тасқа шығып, қалмақ қарауылшысы да отыр екен. Бұл оны көреді де, ол мұны көреді. Үйіне келіп, жауырын жақты. Жауырынға қалмақ қарауылшысының көбіне айтып барғаны түседі. Ол айтқан екен:

— Асудың аузында бір жанды қара көрдім. Кісі екенін, құс екенін айыра алмадым. Ертең қарауылға тағы шығамын. Кісі болса, тағы отырады. Құс болса, бір жерде қозғалмай отыра бермес, ұшып кеткен шығар, — депті.

Сол сөзі жауырынға түсіпті. Жасыбай қу сүйекті үгіп, күл қылып, бір ақ шүберекке түйіп, бір тулақтың пұшпағына байлап, қарауыл қарайтұғын тасына шығыпты. Шықса, қалмақтың қарауылшысы отыр екен. Күн қатты дауыл, уілдеп тұрған жел екен. Тулақты аспанға ұшырып, күлді шашылатұғын қылып қоя беріпті. Қалмақтың қарауылшысы қуанып, жүгіріп, көбіне барып айтыпты:

— Кешегі құс екен, аспанға ұшты, саңғып жіберді. Құс екенін сонан білдім! — депті. Қалмақта да жауырыншы бар екен. Жауырын жағып жіберіп қарапты да, айтыпты:

— Ол — құс емес, кісі. Өзі жауырыншы, өзі мерген. Біздің қарауылшы құс екен деп ойласын деп, тулақ ұшырып, күл шашыпты. Ердің алдыңғы қасын аттың көтіне қаратып ерттеңдер! Жауырынға аттың басы түспейді, ердің қасы түседі. Қайтып кеткен екен деп, бейқам болсын. Түн қатып жүріп, түн ішінде барып, асудың аузын алып тұра қалыңдар! — депті.

Қалмақ өз жабдығын қыла береді. Жасыбай үйіне келе сала жауырын жақса, ердің қасы әрмен қарапты.

— Бәлем, қашып кеткен екен ғой, — деп, бейқам жата беріпті. Жауырынға сеніп қалады. Сөйтсе қалмақ түні бойы жүріп, түн қатып келіп, отыз мерген жез айыл мылтығын қатар ұстап: «Бәлем, енді көрінші! Мың жаның болса да көрейік!» — деп келіп қалыпты. Жасыбайдың ойында дәнеме жоқ, қаннен-қаперсіз қарауыл тасына шыға бергенде, дәл өндірішekten көздеп, мұрттай ұшырыпты. Байғұс жаман інісі жан

ұшырып: «Олжабай, қайдасың?!» деп — қашады дейді. Қалмақтың Олжабай-Молжабай ойында бар ма, асудан асып келіп, көлдің басына үйіліп-төгіліп түсіп жатқанда, сары ала туы салбырап, «Олжабай! Олжабай!» деп келіп қалғанын бір-ақ көріп, топырлап қаша береді. Олжабай мұның алдына шығып, қайыра қайырып: «Қойдай иіріп қырмаған соң, не керегі бар?» — деп, «Қалмаққырған» тасына иіріп, қойдай қамаған екен. Сондықтан ол тас «Қалмаққырған» атанған дейді.

Сонда Олжабайдың жолдасы Төртуыл Баймұрат деген батыр:

— Сенімен төбелесер бір қалмақ жоқ. Қалған-құтқан болса, маған сауға бермейсіз бе? — деп, түсе қалып шылбырынан ұстап тұра қалған екен.

Сонда Олжабай айтыпты:

— Жасыбайдың бір бармағының құны да толған жоқ, — депті.

«Сонан кейін қалмақ Сарыарқаны көкसेп, бері қарай басқан емес» деседі.

«Қалмақтың тамақ қылып ішетұғын саймандары үйіліп-төгіліп көл басында қалғандықтан, «Шойындыкөл» атанған дейді.

«Жасыбайдың өзін асудың үстінде жұрт жүретұғын жолдың үстіне қойып, ол асудың «Жасыбай асуы» аталғаны — сол» деседі.

Жасыбайдың дене топырақ моласы өткен-кеткеннің атының аяғының астында қалғанын жиырмаға жетпеген күнімізде асудан бірге асқан сиыспа құлақ шалдар: «Міне, Жасыбайдың моласы», — деп көрсетіп еді. Өзге жоғалса да, мола жоғала ма? Жаздыгүні жер қарада жүрген жандар көреді.

Қазақ әулие, бір ауыз сөзі босқа далаға кетпейді. «Жауырыншыны жау алады, есепшіні жұт алады». Жасыбайдың өліміне себеп болған — өзінің жауырынына сенгендігі.

## Тіленші жайында бірер сөз

Бекболат би ұзақ жасап, әбден қартаяды. Арғынның игі жақсылары жиналып, Бекеңе сәлемдесуге келеді. Сонымен қабат ойларын айтады. Орнына қай баласын лайықтайтынын өз аузынан естігілері келетінін білдіреді. Бекеңнің бәйбішесінен екі ер баласы, тоқалынан бір ұл, бір қызы бар екен. Бәйбішесі жанында отырады. Сұраққа жауап бере алмай, тұнжырап төмен қарап отыра береді.

Кенет үйдің бір жағында түрулі тұрған жібек шымылдық түріліп, бір жас қыз шыға келеді. Үй толы адамдарға бас иіп, сәлем береді де:

— Уа, құрметті аталар! Он екі ата арғын сіздерді азғана қаракесектен шығып, Бекем билеп еді, Бекемді әйел де болса шешем билеп еді. Бекем айтпайын демесе, шешемнен қаймықпаса, Тіленшіжанды айтпайтын несі бар, Тіленшіжанның ел билемейтін несі бар? — дейді де, шымылдықты түсіріп, қыз көзден таса болады.



Бекең басын көтеріп, қалың қабағын ашады да: «Сол шіркіннен үмітім бар», — дейді. Бидің бұл шешімін жанында отырған бәйбішесі мақұлдайды:

— Сол шіркіннен менің де үмітім бар еді-ау! Бірақ... байдың аруағы ақ бура, Тіленшіжанның аруағы ақ тайлақ еді. Ол әлі шөгіп, әлі тұрады, әлі тұрып, әлі шөгеді. Осы шіркін ержетіп, дәрежесі көтерілсе, елді бір түзеп, бір бұзып, мазасын кетіреді-ау деп ойлаймын, — дейді қарт ана.

Шынында бәйбішеден туған екі ұл момын еді, тоқалдан туған Тіленші пысық, аса зейінді болатын. Ата мен ана балаға сыншы ғой, қарттар қателескен жоқ. Олардың пікірін жиналған жұрт қостайды, Тіленшіні би көтеруге ұйғарады. Бұл кезде Тіленші жылқыда еді, малын жайып келіп, енді Нұраға қаптатқан-ды. Ақ киізін, асыл киімдерін алып, ел адамдары Нұра бойындағы мал суатына келеді.

Барлық мал суға түсіп, сусындап тұр екен. Малшылар суаттан кейінірек төбешікте киімдерін үйіп қойып, ойын соғып жүріпті. Тіленші сол асыр салып жүрген топтың ішінде екен.

Ел адамдары өзен жағасына, бір қырқаға түседі де, Тіленшіні шақыртады. Ол киімдерін киіп, жиынға келіп сәлемдеседі. Ақсақалдар оған ұрыса бастайды:

— Әкең қартайды, көзі тірісінде оның орнына сені би көтермекпіз. Ал сен қойшы-қолаңшымен алысып-жұлысып, қадірлі басыңды кішірейтіп жүрсің. Мұның ұят емес пе? — деседі. Тіленші сөйлеуге рұқсат алып, былай дейді:

— Әкем ханның да, елдің де қадірлі адамы болды. Оған ел жақсылары келсе, кідіріссіз кіріп, ұзақ әңгімелесетін, келгендегі шаруасын айтып, оны тындырып қайтатын еді. Ал момын шаруалар, әсіресе, кедейлер мен малшы-жалшылар айбарлы биге кіре алмайтын, көп уақыт босқа тұрып, мұң-мүддесін, тілегін айта алмай, ренжіп қайтатын еді. Сонда мен: «Ержетіп, ел құрметіне бөленген адам болсам, әлсіз адамдар, момын шаруалар қаймықпай кіріп, арызын айта алатындай болсам-ау!» — дейтін едім. Сол мақсатпен кедейлерді, малшы-жалшыларды осы бастан жақын тартып, өзіме үйретіп жүрмін. Маған ісі түскендей болса, «өзіміздің Тіленші ғой» деп бөгелмей кіріп, арманын жасырмай айта-тын болсыншы деген ойдамын.

Жиналған жұрт түгел риза болып, Тіленшіні құрметпен би көтереді.

### Сапақ бидің ұтқырлығы

Бәймен шаршы топта Сапақ сияқты төбе биді көптің алдында сөгіпті деген сөз бар. Бәймен бір топ адамдарымен жолаушылап келе жатып алдынан атылған мылтықтың дауысын есітеді. Тезірек жүріп келсе, Сапақ ауылының бір мергені киікті атып алып отырады. Бәймендер келуіне орай мерген жігіт киікті бұлардың қанжығасына байлайды. Бәймен:

— Киігің арам, астыңа басып жатырсың. Арам киігіңді Сапаққа апарып бер, сол жесін, — деп ілгері жүріп кетеді. Мерген жігіт киікті Сапаққа беріп жатып Бәйменнің сөзін биге айтады. Сапақ мырс етіп күліп жібереді. Арадағы өсекшілер Бәйменге: «Сапақ сенің қызыңды балағаттапты», — деп жеткізеді. Бәйменнің көптің алдында Сапақты сөгуінің себебі осы екен. Өсекшінің кесірінен атақты екі би осылайша өкпелесіп тарасады.

Арада бір-екі жыл өтіп, Құлдықтан Бәймен жеңіліп хан қасынан Сырға көшіп келе жатқанын Сапақ естіп отыр еді. Түнімен көшкен көш сәскелете белгілі бір құдыққа келіп, көліктерін тынықтырып алу үшін тоқтаса, құдықтың басында түйе суғарып үлкен бір қария тұрады. Оған Бәймен сыртынан келіп сәлем берсе, қариясы Сапақ болып шығады. Бәймен бұрылып кете алмай, Сапаққа жақындай түсіп:

— Ассалаумағалейкум, Сапеке! — дейді. Көзін алақанымен көлегейлеп, Бәймен екенін анықтап алып Сапақ:

— Уағалейкум ассалам!  
 Бәймен би, көштің бе Сырға сиырыңмен?  
 Бақшақтан Құлдық шығады ма бүйіріңнен?  
 Қорада қасқыр соққан қара айғыр едің-ау,  
 Кеше түсте дөнен қуып шығады ма үйіріңнен?  
 Ақыры зиян тауып жер аудың ба,  
 Тәкаппар мінезіңнің сүйірінен?  
 Қанша мықты болсаң да осы соққы,  
 Өтіп кеткен шығар-ау сүйегіңнен! —

дейді. Сонда Бәймен атын бауырға осып-осып жіберіп:

— Су ішпесең, у іші! Кеше түсте Құлдықтан оқ тиіп омақассам, бүгін сені суарамын деп Сапақтың ажал оғына тап болдым. Енді менің де өмірім ұзаққа бармас, — деп, көшімен Сырға жүре беріпті.

## Досбол

Орта жүзден шыққан руы қыпшақ Досбол датқа жігіт кезінде ақын сынап, әйел аламын деп қыз таңдап, ел аралап жүргенде жолда бір шалға кездесіпті. Жолдас болып біраз жүргеннен кейін Досбол шалға:

— Үлкен болып осы жолды сіз арқалайсыз ба, кіші болып мен арқалаймын ба? — деген екен.

— Шырағым, бұл қандай сөз, қара жерді қалай арқалаймыз? — депті. Досбол үндемейді екен. Біраз жер жүрген соң бір жақсы шығып тұрған егінге кез болады. Досбол:

— Отағасы, мынау егін шыққан егін бе, шықпаған егін бе? — дейді.

— Шықпаған егін осындай бола ма, өзің көріп келе жатқан жоқсың ба? Досбол тағы үндемейді. Досбол біраз жүрген соң мола қазып жатқан көп адамды көреді.

— Отағасы, мынау адам өлген адам ба, өлмеген адам ба? — дейді.

— Ау, балам, өзіңнің ақылың дұрыс па, қалай сөйлейсің? Досбол тағы да үндемей қояды. Шалдың аулына қонуға келеді. Шал қонақты үйіне кіргізіп, өзі үйіне барады. Шалдың бір қыз баласы бар екен. Соған әкесі:

— Балам, мынау үйде кісі бар, соған бір тамақ бер, бірақ өзінің ақылы дұрыс па, білмеймін, түрлі сөздері бар еді, — дейді.

— Әке, түрлі сөздері болғанда не айтады ол қонақ? Әкесі манағы жолдағы сөздерді айтады. Қыз түрегеліп, бір табақ қуырдақ қуырады, бетіне бір жалпақ нан істеп жабады. «Бар, осыны қонаққа қой», — деп, бір жігітінен беріп жібереді. «Қонақтың алдына қой да, «жұлдыз жиі, ай бүгін» деп айтарсың, қонақ не айтады сонда, соны маған айтып кел!» — дейді. Қонақтың «жұлдыз сирек, ай жарты» дегенін қызға айтып келеді. Қыз біраз отырып:

— Әке, сенің қонағың ақымақ кісі емес қой, манағы «жолды кім арқалайды» деген — «әңгімені кім айтып, осы жолды кім қысқартады?» деген сөз. Егін туралы айтқан сөз, әрине жақсы егін екенін көзі көрген шығар, «бар адамдікі болса, шыққан егін, жоқ адамдікі болса, борыштанып салады, борышпен кетеді ғой» деген сөзі. Өлген адам туралы айтқан сөз — «артында тұқымы қалған адам ба, тұқымы қалмаған адам ба?» деген сөз. Әрине, бала қалмаса — өлген адам, бала қалса — өлмеген адам. Сонан кейін біздің мынау жігіт қонаққа берген бір табақ қонақасыны дұрыс апарып беруді қойған ғой. Қуырдақты да, нанды да жартылап жеп апарған көрінеді.

Таңертең шал қонақты үйіне шақыртып алып:

— Шырағым, саған менің ұятым бар, кешегі жолда сөйлеген сөзіңе мен түсінбеген екенмін. Түндегі берген қонақасы дұрыс бармаған көрінеді, ол сөзіңді, міне, бір қыз балам шешіп, енді сол ұятымды жояйын деп шақыртып алып отырмын, — деп, қойын сойғызып, қонақасы беріп болған соң, Досбол:

— Елден шығып жүрген жұмысым осындай сөйлеген сөзге түсінетін жолдас еді. Бұрынғы үлкендердің айтқан «ер — егіз, еңбекті — жалғыз» деген мақал бар еді. Егіздесіп жүруге жарайды екен деп отырмын. Осы балаңызды маған беріңіз, — деп, соны алған екен. Ақырда сол бала екі сарттың хандыққа таласып жүргенде арасын тындырып, қазақ есіміне төрт датқалық сыйлық алып, өзі Досбол датқа атанған себебі осы екен.

### **Бала би Досбол сөздерінен**

Досбол би жеті жасында әкесі өліп, жетім қалады. Әкесі кедей болады. Мініп жүретін бір жақсы аты қалады, басқа малы шамалы болса керек. Ат біреу болса да, мінер адам болмай, екі жыл жылқыда жүреді. Досбол тоғыз жасқа келеді. Елдің ақсақалдары Досболға: «Сенің

осы әкеңнен қалған атың жүйрік еді, сен ұстатып алып, осы бастан қотанның тақырына арқандап жарата берсең, күзгі көбік қарда түлкі қууға қолайлы келеді», — деп, баланы үгіттеп, атын ұстатып, айтқандарын істетеді. Тамыз айынан атты жаратып, қазан ішінде бір күн ақша қар жауып қалады. Ел көтеріле түлкіге шығады. Досбол атына мініп бірге шығады. Түлкі байланатын ақсақалдар да қалмайды. Көп іздеп, түлкі таба алмай, арық-тұрақ көбең-сабаң аттар болдыруға айналғанда, алдарынан бір түлкі қашып, Досбол оқшау кетіпті. Бірнеше қыр асырып ақыры түлкіні соғып, атын аяңдатып солығын басып, түлкіні сойып болған кезде ақсақалдар келіп:

— Әкел, байла түлкіні, — деп, қанжығаларын ұсынғанда, Досбол:

— Өзім жетім, түлкіге алғашқы шыққан бетім, бұл түлкіні өзіме қалдырыңдар, — деп түлкіні бергісі келмейді.

Ақсақалдар «бұл балалық жұмысты қой, түлкіні бер!» десе де, Досбол «төрешіге бармай бермеймін» деген соң, ақсақалдар: «Қалаған төрешіні ал!» — дейді. Досбол: «Олай болса, мына жақын тұрған Бұхар, Хиуадағы сарттардың ханына барайық», — деп, түлкі алмақ болған бірекі ақсақалды ертіп Хиуа ханына барады. Хан істің мәнісін сұрағанда, Досбол жанындағы ақсалдарына: «Әуелі мен айтайын, қалған болса, сіздер айтарсыздар», — деп былай деген екен:

Жапаннан қашады бір түлкі,  
Тауға қарай демалмай.  
Жабыла құды көп кісі,  
Бірі қалады ере алмай.  
Сол түлкіні кім алар,  
Жетіп соққан мен алмай?  
Ағайыннан үлкен дұшпан жоқ,  
Алдына салып айдап жүр,  
Бір түлкіні көре алмай.  
Бір, тақсыр, күнәлі болып жүрмеңіз,  
Төресін түзу бере алмай.

Шешімін әділ айтатын кісі екен:

— Үш күн ойлап төре беремін, соған дейін шыдаңдар, — деп қайтарып, үш күннен кейін ақсақалдар мен Досболды шақырып алып:

— Бір істің дауын да, төресін де Досбол сөзінде түгел айтқан екен. Түлкіде жұмыстарың болмасын, Досболдың өзі алады. Екінші, балам, сенің атың кім? — деп сұрайды. «Атым — Досбол» деген соң, Хиуа ханы:

— Жасың қаншада?

— Тоғызда, — дейді.

— Ендеше, сенің атыңа «бала би» деген сөз қосамын. Атың «Бала би Досбол» болсын, — депті. «Бала би» аты тоғыз жасыңда қосылған екен. Содан бастап Бала би Досбол аталып кетіпті.

## Бала би Досбол

Досбол Кіші жүз Ахмет ханға бас би болып тұрған дәуірінде бағаналы елінде Бөрібас деген бай болады. Үш мың қара қасқа жылқысы болады. Сол жылқының нақ жартысы жорға болады. Соның ішінде бір қара қасқа жорғасымен қасқыр, түлкі соғады. Бөрібас бай сол жорғасын өте құрметтеп ұстап, күндіз-түні үйге қойып, бие сүтімен суғарып, екі мезгіл жаңартып, астына кілем төсеп тұратын болған.

Қарақасқа жорғаны қалмақтың бір ханы:

— Бес жүз жылқы берейін, маған бер, — деп сұраған екен. Өзбекте бір хан:

— Бес жүз қара нарға қазына артып беремін, маған бер, — десе де, оларға:

— Сендердің менен дәулеттерің артық емес, жігітшіліктерің артық емес, жалғыз-ақ менен хандық бақыттарың артық. Маған малдың қажеті жоқ, жаз қонған жерімнен көшуге шамам келмей, күз әрең көшемін. Барлығы — малдың, шаруаның көптігі, — деп, ат саудалаушылардың көңілін қайтарған екен.

Ахмет хан Қарақасқа жорғаны сұрайын десе де, саудалаушылардың берген бағаларының ауырлығын көріп бата алмай жүреді. Ақырында көңілі Бала би Досболды жіберіп сұратуды ұйғарып, Досболды «не болса да Қарақасқа жорғаны алып кел!» деп жібереді.

Досбол жанына бірнеше сөз білетін адамды ертіп алып Бөрібас байдің аулына келсе, Бөрібастың үйінің артында көп қонақ аттары тұрады. Байдің саятшылары алдынан шығып, Досболды құрметтеп үйге кіргізеді. Үйдегі қонақтар Қаракесек Әменке биі, Бағаналы Құлтас биі және Жантас билер екен. Досбол барлығымен амандасып, кеңесіп отырған Бөрібас бай астында төсек, жан жағында жастықтан қорған қойып отырып:

— Досбол, ханның биі, жол болсын! — дегенде, Досбол:

— Ханың сәлем айтты ғой,  
Жаңабай ұлы Бөрібасым.  
«Маған беріп жіберсің,  
Қарақасқа жорғасын».  
Сұлулығы өзіндей,  
Жуандығы өзімдей.  
Жорғалығы қаракесек  
Әменке бидің сөзіндей.  
Беріктігі Құлтастай,  
Жүйріктігі Жантастай,  
Жорғалатып жүргенде,  
Мұзға аяғы таймастай.  
Топқа мініп барғанда,

Артында кісі қалмастай,  
Шеру тартып жөнелсе,  
Алдына жан салмастай.  
Дұшпанға таба қылмасын,  
Барған кісім сынасын.  
Түсініп сөздің затына,  
Бағаналы Бөрібас бай», —

дегенде, Бөрібас артындағы жастыққа шалқасынан құлай кетіпті. Оған да дамыл алып жата алмай, жан-жағындағы жастықтарға кезек-кезек сүйеніп, сызданып-толғанып ойға кіріп, біраздан кейін:

— Жарайды, Қарақасқа жорғаның күні жаңа толды, бес зор адамның құнына құны жетті. Бірінші — өзім, екінші — Ахмет хан, үшінші — Әменке би, төртінші — Құлтас би, бесінші — Жантас би. Енді берейін, — деп, беріп жібереді.

### Жаңабатырдың жаламен шабылуы

Жаңабатыр Бұхар барып жолаушы жүрген күнінде екі жақ болып төбелесіп жатқандарға кез болып:

— Мынаны айырайық, арашалайық, — десе, жанындағы жолдастары:

— Өзіміз жолаушы жүріп, айдаладағы біреудің бізге өлген-тірілгені не керек? — депті.

Сонда аз жағы: «Кім де болса, Жаңабатырды танып айырады ғой, арашалайды ғой», — деп дәмелі болып қалған екен.

Жұртқа аты шыққан ірі кісінің арашашы болмай, керексіз қылып өте бергендігіне өкпелеп, сонда өлімші болып таяқ жеп қалған.

— Кім сені ұрған, соққан? — деп сұрағышқа:

— Маған қылғанда Күлік Жаңабатыр би қылды. Менің каным соның мойнында, — деп өліп кетіпті. Мұның ұрмағанын, соқпағанын жұрт біліп тұр. Білсе де, өлермен қадалып жабысқан соң, арашалап айырмағандығының айыбына сексен серке тартқан екен.

«Кімде-кім екі ұрысып-төбелескенді көре тұрып, айырып, арашалауға әлі келе тұрып арашашы болмаса, жазатайым соның бір жағы өліп кетсе, құнын өлтірушіден алсын да, айыбын арашаламағаннан алсын!» — дейді екен.

Енді бір ұлы жиын, аста жерден сыңар аяқ өткен, жеті жұртты тауысқан бір қу келеді де, белдеуде байлаулы тұрған Жаңабатыр бидің атының аузын ашып қарайды дейді. Қараса, тілінің түбіне тақалған жері қап-қара екен. Жергілікті Құдай жаратқан, өзі қояндай боз ат екен. Сол жатып жабысты дейді:

— Құлын күнінде жоғалтқан боз биемнің құлыны еді, — дейді. Жаңабатыр:



— Өз жылқымның тумасы. Аузын үріп, аяғын қолдан сыпырған тұл атым, — дейді. Анау:

— Құлын күнінде жоғалтқам, менікі, — дейді.

Дау болған соң, бір көлденеңсіз құтыла ма, жүгініске түседі. Сонда жаламенен жабысушы көрінбеген жерінен белгі айтысайық дейді. Жаңабатыр:

— Бір меңі жоқ қояндай боз ат, бұған басқа белгі не керек? — дейді.

— Енді осының көрінбеген жерінен белгі айтсам, менікі бола ма? — дейді.

— Қап, енді осыдан көздің көлеміндей боздығынан басқа белгі тапсаң, сенікі-ақ болғаны, — дейді.

— Менің биемнің тілінің түбіне тақалған жері қол басындай қап-қара еді. Енесіне тартса, мұның да тілінің түбінде сол белгі бар шығар. Егер де тілінің ұшында, ортасында, не түбіне тақалған жерінде қол басындай қара болмаса, менің боз биемнің құлыны болмағаны, — дейді.

Атты алдырып, аузын ашып қараса, тілінің түбіне тақалған жері қап-қара екен.

— Мынаның сөзі шын болды. Сіздей кісінің астынан ат алу жол-жобаға сыймайтуғын нәрсе, бұл ат бүгін өз астыңызда барсын. «Өзімдікі екендігі шын еді» деп бір ауыз сөз айтып, атты өзіңіздікі қылсаңыз да өзіңіз біліңіз. «Жоқ, тақымым үйренген жануар еді» деп үш бесті берсеңіз де өзіңіз біліңіз, — деген соң, жұрт дағдарып тарқасты дейді. Ертең таң атқан соң Жаңабатыр топтың ортасына үш рет алып келді дейді:

— Әлеумет, көп жиылған топ, кеше өзімдікі деп таластым, бүгін мынанікі қылып, төлеуін алып келіп отырмын. Үйге бардым, бір аяққа аппақ сүт қойдым. Бір аяққа мөлдір, тұнық қара су қойдым. Сүтті қайыра сүтке қостым. Суды суға қостым. Сүттен жұғын қалды. Судан жұғын қалмады. Менің сөзімнің ақтығы сүттей ақ шығар, сонда да онан жұғын қалды-ау. Әне, бәлекеттің сөзінің қаралығы қара судай-ақ шығар, сонда да онан жұғын қалмады-ау?! А, бұрынғының «Ақ та болса, ант ішпе, айрандай жұғады» дегені осы екен-ау деп, бір ауыз сөз айтуға жарай алмағаным осы, — депті. Ананікі жала екендігіне жұрттың көзі жетіпті, сонда да болмай Жаңабатыр бесті берген екен.

### Опасыз дүние

XVIII ғасырда Жайықтың шығысын мекендеген бай Есенгелді — байлықтың заңғар биігіне жеткен, нағыз аңыз сипатқа айналған адам. Жылқысында есеп жоқ. Есенгелдінің үш әйелінен өрбіген ұрпақтан алғыр да өтімдісі кіші ұлы Төребай болыпты. Орысша хат таныған. Петербургке дейін сапар шеккен. Жыл сайын әйел патшаға екі жүз жорға сый жіберіп тұрыпты. Сыбағасына бергі беттегі Нарын құмын емін-еркін жайлайды екен.

Қолы жеткен байлық пен мансапқа қанағат тұтпай, көңіл желігіне ілескен Есенгелді жасы ұлғайған шағында төртінші әйел етіп Бәтесті алышты. Мол байлықты үріп ішіп, шайқап төккен жас тоқал көп кешікпей Есенгелдінің еліне билік, малына иелік етуді көксей бастайды. Жалшыларын жұмсап, шаруасына бас-көз болып жүретін Құлшық деген жамағатын ашына етеді. Төребай мырза жаз шыға құм жайлауына барып, құс атып, сейілдейді екен. Сондай күндердің бірінде атты қаңтарып, өзі демалғалы тоқым төсеп жата кетеді. Осы мезетте қалың жылқының дүркірі, жылқышының қиқу салған үні естіледі. Қалың жылқыны үркітіп, оның апат екпінін Төребай мырза ұйықтап жатқан сайға бұрған Құлшық еді. Жас тоқалдың тойымсыз құшағы мен батпан байлықтан дәмелендірген оның уәдесі өз дегеніне осылай жеткен.

Жылқы тұяғынан пәрше-пәрше болған Төребайдың денесі пәктеуге келмепті. Сол күйі ақ киізге оралып, сол жерге көмілген. Қаралы жылқыны да матап, құйрық-жалын күзеп, желімге қосылып, сүтімен балшық иленіпті.

Зират кірпіштерінің сұрғылт реңі, самсай желбіреген қылы сол бір жайдың куәсіндей. Медет тұтқан мұрагері Төребайдың өлімін естіген кезде Есенгелді алжасып кетіпті. Сонда да сүйекке біткен өркөкіректікпен: «Өлім деген не, пәлі!» — деп, таяқпен ертелі-кеш айналасын саба-лап отырады екен.

Малдан ада, баладан тұл болған Бәтес мойнына дорба салады. Бәтес ел кезіп жүргенде табын руының бір отағасы Есер батырдың сарбазының ауылынан келіп шығады.

Сарбаз Бәтеске:

— Бұрын мен барғанда тұрып баруға ерініп, қымыз құйып бермеп едің, — дейді. Сонда өмірдің ащы-тұщысын татып, тәубесіне әбден жүгінген Бәтес:

— Ол кезде мен ешкімді «кісі» демедім, қымызды «ас» демедім, — деп жылап жіберіпті. Манадан үн-түнсіз намаз оқып отырған қария келушінің кім екенін жаңа түсініп:

— Япырай, Есенгелдінің әйеліне қайыр сұратқан бұл Құдайда сенім болмас! — деп, тасбиғын іргеге лақтырып жіберген екен.

Аңызға айналған игерусіз байлық осылай сарқылыпты. Бірақ Төребай моласынан шарасынан асып төгілген бақ пен дәулет ызғары әлі есіп тұрғандай.

## Жәнібектің Тіленшіге батасы

Қазіргі Арқалық, Едірей тауларының өңірі керей руының атақонысы болған деседі. Кейіннен бұл жерлерге «Ақтабан шұбырындының» кезінде Қаратау жақтан келген арғын Мейрам сопының, оның ішінде қаракесек Қазыбек бидің балалары тұрақтайды. Қаракесек балалары аз ата

керейлерге қыр көрсетіп, көптік жасай бастаған соң, ел иесі Жәнібек батыр «Үстімізге іргелі ел, жуан атаның балалары келіп қалды. Мен тірі тұрғанда ештеңе жасай қоймағанымен, күні ертең ажал жетіп, олай-бұлай болып кетсем, бұл жерді керейге қоныс ете қоймас», — деп ойлайды да, жер шолып, біраз әрекет, ізденіс жасағаннан кейін қоныс аударады.

Жаңа қонысқа елін жайғастырып болған соң, керейдің басты адамдарын қасына ертіп, бұрын-соңды адасқан, ауысқан малдарын қайтарып алу үшін Жәнібек батыр қаракесек еліне келеді.

Қаракесектер қаймықса да, сыйласа да, әйтеуір батырдың алдынан көлденең шықпайды, қарсы келмейді. Жәнібек болса, үй тіккізіп, сойыс сойғызып, өз алдына беймарал жата береді. Сәлем бере келген адамдармен шешіліп сөйлесе де қоймайды. Өзінің дегені болмаса, әйгілі «бітім жоқ» деген шешімін бір-ақ айтады да, дегенін істетеді. Сөйтіп осылайша қаракесектер тоқыраңқырап тұрған кезде Қаздауысты Қазыбек бидің немересі Тіленші келеді. Жәнібек Тіленшінің сәлемін алмақ түгілі, көз қырын да салмайды. Басында жастық, астында көпшік, қисайып, қырын қараған қалпында жата береді.

Сонда Тіленші тамағын бір кернеп алып:

— Апыр-ай! «Тәкәшпардың тәубасы қабыл болмайды, кеудесі көрге сыймайды» деуші еді, Мейрамның аталы төрт баласының бірінен шықсаң, бүйтпес едің. Біріміздің күннен, екіншіміздің құлдан туғанымыз-ау, тым болмаса, дұрыстап сәлемдесе алмағандығымыз, — депті.

— Ақырындап келіп бір бүйірден оңдырмай атқан мыналары кім? — деп, Жәнібек басын жастықтан жұлып алып, әрі қарай былай деген екен:

— Қаракесектің ері туған екен,  
Елі белін бекем бұған екен.  
Ел шетіне жау келсе,  
Мінеки, шабар тайы туған екен.  
Ерлі тай құнан болады,  
Ерсіз тай тулақ болады.  
Кел, қасыма отыр!

Жәнібек осылай депті де, Тіленшіні қасына отырғызыпты. Содан былай қарай Тіленші биді елі де сыйлайтын болыпты, ел арасында құрметке бөлене беріпті.

### Ер Жәнібек пен Тіленші би

Қарқаралыда болған бір жиында керей Ер Жәнібек шешендерді сөзден жеңе беріпті. Бір ақсақал:

— Керейдің бір шалынан жеңіліп қалдыңдар ғой. Әлгі Тіленшіжан қайда? — депті.

Шақырушы барып, Тіленші жүрмек болғанда, әкесі Бекболат:

— Ол бір ноқталы қара қабан еді, балам, оқыста шалдырып алма, байқап сөйле, — дейді.

Тіленші кіріп барғанда үйдегілердің бәрі орындарынан тұрып құрмет көрсетіпті. Жалғыз-ақ Ер Жәнібек елемеген болып теріс қарап жатқан қалпынан қозғалмапты. Сонда Тіленші:

— Бұл ақсақалдың әкесі Бердәулет он екі абақ керейдің жаманы еді. «Жаманнан жақсы туды» деп жатқан түрі ме бұл? Төренің біреуін басына жастап, біреуіне аяғын салып жатысының жаманы-ай, — дейді екі төре нәсілді кісіні елемей жатқанын кекетіп. Сонда Жәнібек жұмған көзін ашып, қолын қабағының үстіне қойып:

— Бұл қай ұл? — дейді.

— Бұл — Тіленші балаңыз, — дейді біреу.

— «Жаманмен дос болғанша, жақсымен қас бол» деп еді, балам, тауып айтады-ау! Менің көрмегенім жоқ еді. Мен қазақты да көріп едім, қалмақты да көріп едім. Он бесімде қызды көк бұқадай қуып едім, жиырма бесімде қолымды жау қанымен жуып едім, отыз бесімде үш жүздің баласын қара сөзбен буып едім. Он екі арыс арғынның артығы еді Бекболат, Бекболаттан мен тусам қандай болар едім? Бердаулет он екі абақ керейдің төмені еді, Бердаулеттен сен тусаң қандай болар едің? Мен мүсіндей отындық ағаштан шыққан оқ емес пе едім? Сен жақсыдан жаман туған боқ емес пе едің? — дейді.

Ер Жәнібек қартайған кезінде: «Бұл жер қазаққа қоныс болмайды», — деп, қаракерей Қабанбай екеуі бір жаққа бір көшіп, бір қайтып, ақыры аумай қалады. Сол әуре-сарсаңда жүргенде бір жолы Жәнібек Тіленшінікіне келіп қонақ болады. Тіленші жүрерінде Жәнібекке:

— Батыр, көңілге алғаныңыз бар ма? — дейді.

— Тіленшіжан, сүйек жаңғыртып құда болсақ қайтеді? — дейді.

Тегінде Ер Жәнібектің нағашысы қаракесек болса керек. Сонда Тіленші:

— Сен жапанға біткен шынарсың,  
Қазаң жетіп сынарсың.  
Ойда-қырда сынған соң,  
Орныңды қайдан табармын?  
Мен қалың қара тоғаймын,  
Табылуға оңаймын! —

деп, Жәнібектің артында орнын ұстайтын жөнді жұрағат жоқтығын бетіне басып, өз тұқымының көптігін айтып, баяғы есесін қайтарыпты.

Сонда Жәнібек: «Көрген түсіме қарағанда, мен кісіден жеңілсем, өлмек едім, әй, қазам жеткен екен, еліме жетіп өлейін», — деп, еліне қайтыпты. Сонан көп кешікпей қайтыс болыпты.

## Жәнібек туралы

Тіленшінің «түбіңіздің бір шикілігі бар-ау» дейтін әзілінің, Жәнібектің «мен жақсының атқан бір оғы емеспін бе?» дейтін сөзінің мәнісі былай екен.

Шақшақ Жәнібек жолаушылап келе жатып керейдің бір үйіне қонады. Үйде бір кемпір мен келіншек қана болады. Кемпір батырды сырттан «киелі кісі» деп еститінін, келінінің біраз жылдан бері бала көтермей жүргенін айтып бата сұрайды. Батыр ықылас білдіріп, бата береді. Келіншек кейін құрсақты болып, ұл туады. Кемпір: «Жақсының шарапаты тиді», — деп, немересіне батырдың атын қояды және жеті жасқа келгенде батырды шақыртып сынатады.

Жәнібек баланы жалаңаштап көріп: «Қатарынан кем болмас», — дейді. Және өкіл әке болып: «Он жетіге толғанда келіп, еншісін алып кетсін», — дейді. Бала ержеткен соң іздеп барса, батыр қартайып, қолынан билік кеткен кезі екен. «Еншісіне бір айғыр үйір жылқы беріңдер», — десе, балалары қимапты. Батыр баладан қалағанын сұраса:

— Сауытыңызды қалап келіп едім, бірақ оңашада атып көргенімде саржай өтіп кетті, — дейді бала.

Босағада шаң-топырақ басып жатқан сауытын қағып-сілкіп, керегенің басына іліп:

— Енді атып көрші, — дейді батыр. Атса, садақтың жебесі өтпейді.

— Ерді темір сақтамайды, Тәңір сақтайды, — деп, батыр өкіл баласына «көктерек» дейтін сауытын сыйлапты.

Сосын жылқысын аралатып бір бұрыл тайға бұғалық тастатып:

— Балам, жылқының жүзін алма, бірін ал! Жақсы ат жауға тастамайды. Жолдастың мыңын алма, бірін ал, мың қолды бір ер бастайды, — деп, Шақшақ Жәнібек батыр өкіл баласына батасын беріпті.

## Шақшақ Жәнібек батыр

Шақшақ батыр жорыққа он алты, он жеті жас шамасында қатыса бастапты. Бұл тұста қазақ қолы Еділдің бергі бетіне жетіп іркілсе керек. Арғы әр жақта бұлардың келуінен бейхабар жау әскері жатады. Асау өзенге алғаш ат қоятын жүректі жан шыға қоймай, бергі беттегілер азкем аялдап қалады. Сол сәтте ала тай мінген бала жігіт өткелге бірінші болып қойып кетеді. Онысымен қоймай «Аманжол, Аманжол!» деп бұрын-соңды естілмеген ұранды ауызға алады.

Жас жігіттің соңынан бәрі лап қояды. Сол жолы бұлар жау жағасының тас-талқанын шығарып, пайдаға шаш етекпен кенеледі. Жеңіс қызығы басыла бастаған тұста ғана манағы жас батыр еске түседі. Беймәлім ұранның иесі кім екенін білгісі келеді жұрттың.

Сөйтсе, бұл жігіт кіші арғыннан тарайтын Ермен әулетінің үшінші ұрпағы — Шақшақ екен. Ал ол ұран еткен Аманжол — баланың өз әкесі

болып шығады. Сол күннен бастап тоқал шешеден тарайтын арғын рулары үшін Аманжол ұранға айналады. Бұрын олар басқа арғындар секілді Ақжол ата есімін дабыл етіп келген еді.

Алғашқы қадамынан-ақ көзсіз ерлік танытып, жаудың бас батырын найзаға іліктірген Шақшақ Есім ханның ерекше құрметіне бөленеді. Бірте-бірте ол сол дәуірдің бас батырына айналады.

Шақшақ батыр өзінің айтулы замандастарының бірінің қызына құда түсіп, қызға өзінің алты ұлының ішінен қалағанын таңдауға ерік береді. Алтауы да ақ берен жігіт. Басқа бесеуінің жауынгерлік даңқы атырапқа жайылып жатса да, қыз Көшейді таңдайды. Қыздың жеңгесі:

— Сен Шақшақтың батыр ұлдарының бірінің етегінен ұстамай, мал соңында жүретін нәуетек Көшейге неге қызықтың? — деп кінәлағанда, қыз:

— Сендер ештеңе аңғармайды екенсіңдер. Көшей қой бағып жүргенде оның үстінен үнемі ақбауыр бұлт ере көшіп жүреді. Аспан мен жерді жалғастырған өзге жанды көрген емеспін, — дейді.

Көшей де бәйбішесін ерекше құрмет тұтыпты. Екеуінің бір-біріне сыйластығы тұтастары арасында аңыз болып тараса керек. Бақытты да баянды жұбайлық өмірдің аз-кем үзік тұстары да бар екен. Бірде батырлар жорықта жүргенде ауылды қалмақтар шауып, біраз қыз-келіншекті әкетеді. Бұрын-соңды мұндай сұлу кезіктірмеген қалмақ ханы Көшей батырдың жар төсегін қызықтағанына ай толмаған қалыңдығына еріксіз неке қидыртады.

Буыны беки бастаған он жеті жасар Жәнібек алдымен ата-анасының жұмсауымен туған нағашысы Ұлы жүз Бектас қарияға келеді. Ол кісі он екі айғыр үйір жылқыдан таңдап жүріп, бәсіре ат мінгізеді. Бесті шыққанша жүген-құрық тимеген асау күреңді мініп, енді Жәнібек қаракерей соқыр Абызға келеді. Бұл кісі сол кездегі Орта жүздің батагөйі болса керек. Мән-жайды білгеннен кейін жүз жиырма алты жасар қария:

— Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсің! Сөз бастап, би болайын деген ұл екенсің! Алдыңа келсе, әділдігіңді аяма — аямағың кетпес алдыңнан, қол бастап жол алайын деген ұл екенсің. Жолдастың мыңын алма, бірін ал — мың кісіге бір кісі олжа салатұғын, олжаңды аяма саң — жолдасың кетпес жаныңнан. Жас күніңде қалың бер де қатын ал, жігіттің хан болатын, қыздың ханым болатын уақыты сол, — деп батасын беріпті.

«Шын тұлпар шабысынан, сұңқар самғауынан» белгілі болатыны сияқты, алысқа құлаш сермейтін ұл алғашқы қадамынан-ақ сезіліп тұрады ғой. Ұлы жүздегі нағашысынан жиенқұрық алып, Орта жүздің батагөйінен ақыл тыңдаған балаң жігіт Жәнібек қазақ ошағының үш бұтын түгендеу мақсатында Кіші жүздегі керейт руының дуалы ауыз ақсақалы, тоқсан жасар Тайған қарияға сәлем бермекке келеді. Бұл кісі қырсықтау мінезді адам екен. Оған өкпелеп кері бұрылып бара жатқан Жәнібекті тоқтатып, Тайған қарт мынадай тілек айтқан деседі:



— Атыңның басын бұрма, солай тұр! Мінезімнің қиястығынан бір ауыз сөзбен көңіліңді қайтардым. «Өгізді өрге салма — қанатың талар, жаманға жүзің салма — сағың сынар» деген осы. Қырсық шалдың басқасынан бас тартсаң да, осы ақылын есіңе тұт! — депті.

Бұл сапарынан Жәнібек ауылына қанаттанып оралады. Жүрген сапары жайлы айтқан жүйелі әңгімесін, дана қарттардың баға жеткісіз лебіздерін естіген әкесі Қошқар батырдың да көңілі өседі. Ол ұлын ертіп, сол жылы көктемде Қарақұмға сауын айтып, шақырылған үш жүздің ру басылары жиналған төбе жиынға келеді. Басқосуға қазақтың бар игі жақсылары келген. Дүйім қазақты бір шаңырақтың астына ұстаған өз Тәуке, аттары аңызға айналған билер Төле, Қазыбек, Әйтеке, жауға жасындай тиген батырлар Қаракерей Қабанбай мен Қанжығалы Бөгенбай — бәрі осында. Әсіресе осы жиын барысында басқа батырлардан сәл егделеу Бөгенбай жұрттың бәрінің жүрегін жаулап алғандай. Ол өзгені сөзімен де, ісімен де ерте алатын батыр екен. Халық кегін кестелі тілмен жеткізіп, жоңғарға шешуші соққы беретін кезең туғанын ұғындыра білді. Жиналғандарды ұйытқаны соншалық, басқа жұртқа сөйлейтін сөз де қалмағандай, көпшілігі бас изеумен отырады. Сол жиында жоңғарларға қарсы кең көлемді жорықты тез арада бастау ұйғарылды. Біріккен жасаққа қолбасшы болу Қанжығалы Бөгенбайға тапсырылады.

Сол жақтағы үлкен бір қолды Қабанбай батыр басқарады. Он жеті жасар Жәнібек осы қолға қосылады. Он сегізінші ғасырдағы қазақ батырларының ішіндегі ең айтулылары саналатын үшеуінің бірге аттанған тұңғыш жорығы осылай басталады. Алда ерлік жолдары күтіп тұрған еді. Мұнан кейін ақындар мен жыраулар бұл үшеуінің жұптарын жазбай жырлайтын болады.

Ресейден қашқан торғауыттарды қуған қазақтар демалуға тоқтайды. Өздерінің жол бақырларына кептірілген жылқы етін асады, жанторсықтарынан су құйып, құрт езеді, қысқасы, ертеңгі ас-суларын әзірлеп, тамақтанып жатады. Бір шатырда Абылай, екіншісінде тәкаппарлығымен мәлім Шақшақ Жәнібек батыр отырады. Батыр қаннен қаперсіз шылым тарта бастағанда, бір қазақ жігіті қасына келіп: «Жәнібек батыр, темекі түтігіңізді бері беріңіз», — деп ат үстінен қол созады.

Жәнібек бұған назар аудармағанын, әрі жақтырмағанын сездіріп, түтіктегі темекіні өкшесіне қағып, асықпай қалтасына салып қояды. Хан мен батыр кешікпей атқа қонады, әр ру өз туларының астына сапқа тұрады.

Дұшпанның күшін анықтау үшін барлауға кім барады дегенде, манағы түтік сұрайтын жас жігіт бірінші болып шығады. Барлаудан келген соң Жәнібек:

- Жау көп пе екен? — деп сұрағанда манағы жігіт:
- Қорқаққа көп, батырға аз, — деп жауап береді.

Соғыс басталады, қалмақ қолы он мыңдай адам екен. Қазақтар ойсырай шығынға ұшырайды, ақырында қаша жөнеледі. Жаудың алдында астында түндей қара аты бар ұзын бойлы қалмақ қазақ қатарына кіріп, бірнеше кісіні аттан түсіреді. Осы топтың ортасында келе жатқан Жәнібек: «Апыр-ай, мына сұмырайды құртатын бір қазақ тумаған екен-ау!» — дейді дауыстап. Сонда манағы жігіт топтан суырылып шығып, артқа жалт бұрылып, садағын толғап қалады. Қалмақ теңселіп барып, аттан құлап түседі.

Ту көтерген қалмақтың құлауы дұшпанның үрейін ұшырады. Қазақтар осыны пайдаланып, қайырыла соғады. Сөйтіп жеңісті жаудан тартып алады. Сонда ғана түтінін қайыра тұтатқан Жәнібек Тархан жас батырды өзіне шақырып:

— Батыр, міне, шылым тартатын уақыт енді болды, — деп түтігін ұсынады. Тарақты Байғозы батырлық жолын осылай бастайды, сол уақыттан оның аты жұртқа мәлім болады.

### Қошқарұлы Жәнібек

Қазақта атақты Жәнібек үшеу: ноғайлы жұртының ханы — өз-Жәнібек, Абылайдың қолбасшыларының біреуі — Шақшақ Жәнібек және Ер Жәнібек. Кейінгі Жәнібектің руы — керей. Әкесі Қошқар деген кісі үйіне Шақшақ Жәнібек келіп қонған түні әйелі босанып ұл тапқан соң, баланың атын ырымдап Жәнібек қойған.

Осы Жәнібектің бастауымен керейдің абақ руы Зайсан бекінісінің солдаттарымен атысып, Монғолия жеріне өтіп кеткен. Сондықтан оларды «Бодамсыз керей» деп атайды. Қазір олардың ұрпағы Монғолияның үш аймағын алып жатыр.

Жәнібек абақ руын Моңғолияға апарып қоныстандырған соң, енді қазіргі Семей облысының Шұбартау ауданын мекендейтін Жобалай керейлерін көшіріп әкетпек болып келе жатқанда, жолда ауырып қайтыс болыпты. Зираты Семей облысының Жарма ауданындағы Шар өзені бойындағы «Орта бұлақ» деген жерде.

Осы Жәнібек бастаған керейлердің Моңғолияға шеру тартуына байланысты туған «Ердің құны — бір атым насыбай» деген мәтел турады.

Керейлер Зайсанға бара жатқан жолда Қалба тауына бір жұмадай аялдайды. Шыңғыс тауынан тобықты руы ығыстырып шығарған матай руының да Қалбаға жаңа қоныстанған кезі екен. Матайлар керейлерді Қалбаға мүлде қоныстанып қалады деп есептесе керек, үркіту мақсатымен керейдің бір ауылына соқтығады. Ұрыс кезінде керей жақтан бір адам өледі. Мұны естіген Жәнібек ауылдарды бір жерге шоқтай иіріп, қарулы қолмен матай елін шабуға дайындалады. Соқтығуын соқтыққанмен, матайлар қатты сасады. Керей ауылдарына астыртын жансыз жіберіп, Жәнібек батырдың мінез-құлқы туралы мәлімет жинайды. Жансыздардың әкелген мәліметіне қарағанда, Жәнібек — құралайды

көзге ататын мерген, адамды ұртынан түйреп түсіретін найзагер. Жалғыз-ақ осалдығы бар, ол — насыбайға аса құмарлығы.

Мұны білген матайлар әдіс қолданады. Бір шеберге күміспен шытырлатып, құны бір бестілік мүйіз шақша жасатады. Ішіне жалбыздың суы себілген қоңыр бұйра насыбай толтырады. Сөйтеді де, матай ішіндегі Жәнібек есімді жас шешен жігітті батыр Жәнібекке елшілікке жөнелтеді.

Елші жігіт Жәнібекке келіп, матайлардың ұйғарымын естіртеді. Матайлар: «Кісі құны деп жүз жылқыны алып тоқтасын», — деген екен. Батыр бұл ұсынысқа міз бақпайды. Сазарып отырып қалады. Сол сәтте елші жігіт қойнынан күміс шақшаны суырып алып, батырдың алдына тастайды. Батыр қызығып кетіп шақшаны алып көреді де, насыбайдан ұртына тастап жібереді. Сәлден соң қабағы ашыла бастайды. Ақырында:

— Болмас, болмас! Еркек тоқты — құрбандық. «Судың түбін шым айырар, даудың түбін қыз айырар». Жығынды ауыл құдаласып, қыз берсін! — дейді. Ал ұрыста өлген жігіттің құнын біржола салауат етіп кешіріпті.

### Жидебай батыр

Қартайған кезінде жастық шағындағы жолдасы Қараменде есіне түсіп, жас кезіндегі сәттерін, қартайып, қажыған шақтағы өзгерістерін айтып, пікір алыспақшы болады. Ол кезде ел арасындағы қатынас тек атпен ғана болғандықтан, өзі бара алмайды да, ел танып, сөз мәнісін білетін бір жас жігітті шақырып:

— Шырағым, тобықтыда Қараменде деген досым бар еді. Көрмегелі көп жылдар болды, сағындым. Өзім іздеп баруға шамам жоқ, ол да қартайды, мені іздеп келе алмайды. Мынаны жеткізгейсің: «Төрт нәрседе үміт бар, бір нәрседе үміт жоқ», — осыны айтасың. Алты ауыз бір сөзі: «Мұсылман жаудың қолында қалдым, бес атаның малын іздеп әуре болдым. Алпыс ат үйір бермейді, жетпіс торғай шырылдайды, сексен балапан ұя басып жатыр, тоқсан жұмыртқа қашан жарылары белгісіз».

Оның айтқан сөзін жігіт жаттап алады. Жаздыгүні жайлауға қонған қалың елді аралап, бірнеше күн жол жүріп, манағы жігіт тобықтыға жетіп, Қарамендеге келеді. Біраз күн жатып тынығып, ел жайы мен амандығына әбден көзі жеткеннен соң, жігіт қайтпақ болады. Сонда Қараменде:

— Жидекең тірі болса, маған басқа сәлем айтпады ма? — деп сұрапты. Сонда жігіт батырдың сәлемін айтыпты. Қараменде көп толғанып, ойланып біраздан кейін:

— «Төрт нәрседе үміт бар» дегені — адам баласы төрт үмітпен жүріп өтеді екен-ау. Жас «өсемін» деп үмітті, жалғыз «көбейемін» деп үмітті, жарлы «байимын» деп үмітті, ауру «жазыламын» деп үмітті.

«Бір нәрседен үміт жоқ» дегені — шіркін, көктемі мен жазы өтіп, жапырағы құраған ағаштай тәтті өмір сүрген, бір-біріне иістері сіңген

жастық шақтағы жұбайы қайтып, келін баласының қолында қалған екен ғой. Екі елі аузына төрт елі қақпақ қойса, балаға сонда ғана сыйымды болады, — дегені екен.

«Бес атаның малын іздеп әуре болдым» дегені — қайран батыр қартайып, көзі соқыр болған кезі екен. Жастан серік болған бес жолдасы мүсуақ, тәшпық, орамал, бәкі, қамшы болар. Осылардың басын қосып жинау үшін жан-жағын сипалап, іздеп тапқанша түске дейінгі уақыт өтеді екен. Жанына жанқалта, төсіне төсқалта салсын, — депті. «Алпыс ат үйір бермейді» дегені — алпыс жас ағайынды жауға бермейтін қайрат-күштің қайтпайтын кезі ғой, «жетпіс торғай шырылдайды» дегені — «жетпісте торғайдай ғана қуатың қалады» дегені. «Сексен балапан ұя басып жатыр» дегені — «сексенде ұяда жатқан балапандай төсек тартып жаттым» дегені. «Тоқсан жұмыртқа қашан жарылатынын білмеймін» дегені — «тоқсаннан асқан жасым бар, бір аяғыммен қабірдемін, ақ өлім қашан жетеді деп күтудемін» дегені екен ғой, — дейді.

### Жасыбай батыр

Жасыбай батыр жас кезінен батыл, ешнәрседен тайсалмайтын ержүрек болыпты. Он сегіз жасында «батыр» атағы шығыпты.

Бір күні біреулер Ақбет тауының бір аңғарына жиналып, Жасыбайдың батырлығын сөз етіпті.

— Жасыбай тірі жаннан қорықпайды. Бұл өңірде онымен батырлық салыстыратын жан жоқ. Оның аруаққа батылы бара ма, соны көрелік. Ол үшін жер қазып, бір адамды ішіне жатқызайық та, үстіне ағаш қойып, Жасыбайды соған жұмсайық, — дейді.

Кеш болады. Әлгілер бір жылқы сойып, етін тайқазанға салады да, Жасыбайды шақырады:

— Жасыбай қарағым, мына жылқының етін пісіруге отын керек. Баянауылдың жасыл шыршаларын кесуге қимай отырмыз. Анау қос қайыңның түбіндегі бай моласының қасында қу ағаш жататын еді. Сенен ыңғайлы ешкім жоқ. Соны алып кел, — депті үлкен кісілер.

Жасыбай отынға кетеді. Түн қараңғы екен. Жасыбай қабір басындағы қу ағашты бір-бірлеп ала бергенде, ішінен ақ кебінді біреу атып тұрады.

— О, Жасыбай, тірі жүргендермен күш сынасып болып, маған келдің бе? — дейді үрейлі дауыспен. Ә дегенде Жасыбай сескеніп қалса да, бойын тез жиып:

— О, жексұрын, тіріңде ештеңені адамға қимаған дүниеқоңыз едің, көрде жатсаң да мына ағашты қимай жатырмысың? Енді сен әміріңді жүргізе алмайсың, тыныш жат! — деп, ағашты алып жүре беріпті.

Сөйтіп сыннан сүрінбей өткен Жасыбайдың батырлық даңқы арта түсіпті.

## Дәулетбай батыр

Ел аузындағы аңыз-әңгімеге қарағанда, Дәулетбай батыр қапсағай денелі, ақ сұр жүзді, тік иық, жанары өткір адам болған. Қалмақтың Долаңқара бастаған елу-алпыс адамы Сауырдағы Меркіт елінің көп жылқысын барымталап, оларды Қабанбай мен Дәулетбай бастаған қырық жігіт Ертістен өте қуып жетеді. Сол жерде Долаңқараның өзі білегін сыбанып тастап, Қабанбайды жекпе-жекке шақырады. Қалқанының быт-шытын шығарып, қалмақ батырын әп-сәтте жайратып салған қазақ қолбасысына енді «Долаңқараның кегін аламын» деп атан өгіздей Түркеш батыр елеуреп тұра ұмтылады. Жағдайды аңдып тұрған інісі Дәулетбай қайратын жиып алып, төртөбелге қамшы басып, ойнақтап топ ортасына шыға келеді. Жекпе-жекте Түркешті найзасымен шаншып өлтіреді.

Дәулетбай батыр сексен күнге созылған Шорға соғысына да, Маңырақ маңындағы ұрысқа да белсене қатысып, жау ортасын қақ жарып, арттағы әскерге жол ашып отырады.

## Балағаз батыр

Еламан баласы Тұрсынбай Едіге баласы Шоңның заманында «Ащы» деген өзеннің бойында, «Күңгірлек» деген күзекте отырғанда, жанқозы елінің жылқысын жау алады. Сонда жау:

— Қарашорыңмын, Құдайдан соңғы зорыңмын: Таубай, Борай, Балағаз! Мына менің атым — Балағаз батыр. Шоң мен Тұрсынбайыңа сәлем де! Ертең Найзақараның түбінде төрт ту бие сойып тосамын, дәмесі болса, келсін, жылқысын айырып алсын! — деп сәлем жолдапты.

Ол заманда Олжабай батырдың өліп, жанқозы деген елдің дінкелеп қалған күні екен. Тұрсынбай мен Шоң Олжабай батырдың тұңғышы Есенаман батырға кісі шаптырып: «Бұл екеуміздің батырлығымыз, билігіміз қазанның басында, қатынның қасында ғана отырғанда еді. Кеше әкесі үш жүзге ұран болған ер Олжабайдың баласы еді. Ту ұстап, тұлпар мінгеннің тұқымы еді. Бара көрсін, мына малды жаудан айыра көрсін», — депті.

Сонда Есенаман аттана шауып, «Есенаман! Есенаман!» деп жетіп барғанда, Балағаз батыр доп қаққаннан оңай қағып, Есенаманды мұрттай ұшырып, найзасымен батыра тірмей, қалыпты шаншып тұрып сөйлейді дейді:

— А, ит, Құдай сенің аузыңа «Олжабай» атын салмай, шайтан-ау сені «Есенамандатқан». Егер сен «Олжабай, Олжабай!» деп келсең, біз тағалы торы тайыңа тимей, беріп кететін едік. Әкең Олжабай батыр «Олжабайлап» тиіп, біздің Қарашордың жылқысын түп көтере алып жөнелгенде, он екі жасар бала күнім, «Мен — Балағаз» деп қуып

жетіп, алдын орап, сәлем беріп едім. Сонда: «Уағалайкумассалам, жолың болсын, балам», — деп еді. «Атың шыққан ер едің, «жолың болсын!» деген лепесің маған қабыл болсын», — деп, жылқы айырумен жұмысым болмай, тойып қайтып кете беріп едім. Сол Олжабайдың батысымен Балағаз болып, өмір бойы пендеден бетім қайтқан жері жоқ еді. Осы өзінді аман-есен тастағаным да әкең Олжабайдың аруағын сыйлағандығым. Болмаса сені мен не аман-есен тастайын, — деп, Есенаманды өлтірмей, тірі қалдырып, жылқыны алып кете берген.

Сол малдың артынан Қаржас Айту, Байтуды ертіп алып Шонты-Қосқұлақ, Андрей молданы ертіп алып, Торайғыр қасында, қосшы-қолаңшыларымен барған. Барған соң Таубай, Бозай, Балағаз батырлар: «Атыңа — тай, тайыңа қой алсаң, бітім береміз. «Жоқ, тұяққа — тұяқ, құлаққа — құлақ аламыз» десеңдер, бие — кәрі де, құлын — жас, еліңе барып, жасанып кел де, ала бер, қолың бос, ізіңше қайт та, жүре бер! — деген.

Сонан соң Айту, Бату Шонтыны оңаша алып шығып, сөзге түсіріпті:

— Қой болар, қозы болар, келер жыл дәл өзі болар. Биыл ұрғашы тай алып кетсек, бір-екі жылда құлынды бие болады. Өкпелегенде не қылмақшымыз? Ауылда айырып ала алмай қалған малды қолынан бергенін алмасақ, жолынан қалай алмақшымыз?! — деген соң, Шонты Еламанға қараған малға, айтқанына көніп, айдауына жүріп, бітім алмақ болады. Торайғыр:

— Осы Шонты не қылса, біз де соны қылайық, — деген екен. Қосқұлақ Андрей молда басын қақитып алып:

— Айтқанға «болады» деген не? Бермесе, бермесін, ақыретте аламыз, — дейді.

Сонан соң бұл жолаушыларды екі бөліп, күтпекші болады. Айтқанына көніп, айдауына жүрген Шонты, Айту, Байтуды ақ боз үйге кіргізіп, аппақ майды жегізіп, күйеу, құдаша сыйлап, Қосқұлақ Андрей молда мен Торайғырды қара құрым үйге кіргізіп, жылқының қара құмақ тезегімен ыстап, білгенінше қинайды. Сөйтеді де:

— Бар, жеңген жеріңде аласың! — деп, оларды қайырып жібереді.

Сонан бұл күнге шейін бір тал қылын да көре алмай кетті Шонты мен Айту. Байтуға тұяғын түгел борыштай қылып, атына — тай, тайына қой төлеу беріп, бұларға риза (ырза) болғандығы сондай:

— Сендер біздің тілімізді сыйладың, айтқанымызға көңдің, айдауымызға жүрдің, басымызды сыйладың! Біз де оның қадіріне жетейік, келген жолдарыңа екі қыз сыйлаймыз: бірін жұдалымыздан береміз, жұдалыңа қос, бірін жұрынымыздан береміз, жұрыныңа қос, — деп, екі қыз беріпті. Бірінің аты — Жібек, оны аталы, текті жерінен берген. Бірінің аты — Жанбике, оны құл-құтаннан берген.

Елге алып келген соң Төлебайдың тоқалынан туған Елкелді батыр сынап:



— Мына Жібек деген бала жібек десе, жібек екен. Мұны, Шонтыжан, өзіңнің бірден соңғы балаң Байбақыға қос, бабам Төлебайдың дүкенін ұстайтұғын бала туар, — деп, Байбақыға қосыпты. Сол Жібектен туған бала кешегі көз алдымызда өткен Құлмұхаммед ұста. Оның баласы — Жәми, оның баласы — Мәншүк. Ұсталық мирасы (мұраты) бұл күнге ше үзілген жоқ.

Жанбикені Темірбай дегенге қосты, онан туған Асылбек, Әлжаппарды жұрттың көзі көреді. Бұл Жанбикенің өзі баяғы Есен тентектің Қожан тентекке берген Жолдыбай құлдың қызы екен.

### Байқозы батырдың тапқырлығы

Тарақты-Байқозы — ірі атақты кісі болған адам. Бір жылы жұт болып, жылқысы ығып, Ертістің мұзына барып бір-ақ тоқтапты. Байқозы жылқымен бірге Ертіске түседі. Жылқысын тоғайдан қайырып, күн ашылған соң, еліне қарай айдайды. Кешке жақын қонуға бір бәсентиіннің үйіне сәлем беріп кіріп келсе, төрдің алдында жас шамасы сексеннен асқан бір ақсақал отыр. Оң жақта сүйекпен оюлаған ағаш кереует. Соның алдында қолында домбырасы бар, үкілі кәмшат бөрік киген, үстінде бүрмелі етектегі ақ көйлегі бар бір қыз ән салып, өлең айтып отыр екен.

Байқозы кіріп келгенде, қыз әнін тоқтатып, домбыраны жүктің үстіне қойып, қонақтарға әбден иіліп орын береді. Ақсақал жөн сұрап:

— Жылқыны қай жерден ықтырдыңыз? — деп сұрайды.

— «Жалған» деген жерден, — дейді Байқозы. Бұл сөзді естіген қыз:

— Ауылың, елің «Жалғанда»,  
Жалғыз жарың қалғанда,  
Жылқымен ығып жүргенде,  
Қойнына біреу барған да, —

дейді. Байқозы:

— Бедіректі бетпақтың  
Бадырайтып айтқан сөзін-ай,  
Ұялмай-ақ атасының жүзінен-ай!  
Кім қолмен басады дейсің, шырағым-ай.  
Құдай нәсіп бермесе,  
Көт иесінің өзіне-ай! —

депті. Әкесі:

— Қарағым, жеңдің, шапан жап! — деген екен.

## Түлкібай батыр жайындағы аңыз-әңгіме

XVII – XVIII ғасырларда бұл төңірек Қоқан ханының қоластында болған екен. Қоқан әкімдерінің бұйрығы бойынша сол жердің тұрғындары күн сайын салық ретінде бір қыз, бір түйе жоңышқа мен астық әкеліп әкімдерге тапсырып отырған. Бұл кезек Түлкібай үйіне де жеткен. Түлкібай алаша руының ел намысын қорғайтын батыры болған. Қоқан уәзірлерінің бұйрығын орындауға келген жеңдеттерді қайтарып жіберген. Қарындасы мен өзіне тиесілі салықты «өзім апарамын» дейді, бірақ ол таңсәріде сауыт-саймандарын асынып алып, ордаға жалғыз өзі келеді. Бұл ордада Түлкібай батырдың Қоқан хандығына сатылып кеткен ағасы болған. Ол дарбазаны ашып Түлкібайдың ордаға кіруіне мүмкіндік береді. Ордаға кірген соң Түлкібай әкімдерінің барлығын өлтіреді, бірақ сол әкімдерінің бірі қашып құтылады. Ол қашып, Қызылордаға барып хабар береді. Бұл кезде Түлкібай елінен пана іздеп, басқа жерге қашып шыққан еді. Қоқан ханының уәзірлері Түлкібайды Қармақшы көпірінің тұсында тұтқынға алып, басын шапқан. Содан олар Түлкібай батырдың басын найзаның ұшына іліп, еліне көрсетпек ниетпен алып келген. Бұны көрген жары дауыс шығарып жылайды. Сол мезетте батырдың шешесі жұбатып:

— Қарағым, босқа көз жасыңды сарқыма. Ол — жері үшін, елінің намысы үшін құрбан болған батыр. Өзі өлгенмен де ерлігі сақталады, — дейді.

Қоғандықтар Қызылордаға кеткен соң, қазақ жігіттері Түлкібай батырдың кегін алуға аттанады. Ордаға жетпей қоқан жеңдеттерінің күлталқанын шығарған.

## Саргөз бен Жәнібек

«Ұлы жүз үйсін Саргөзге бағынады, Саргөз қатынға бағынады» деген. Осынау мақалдың шығуына бір оқиға себепкер болған. Құба қалмақпен болған бір соғыста Ұлы жүздің Саргөз батыры қалмақтың қамалын бұзып, ерекше ерлік көрсетеді. Майдан аяқталып, әр елден жиналған батырлар жер-жеріне тарқай бастайды. Саргөздің қайратына риза болғандардың біреуі Орта жүз арғын руынан шыққан Шақшақұлы Жәнібек еді. Ол Саргөзді ауылына қонаққа шақырып, сый-сияпат көрсетеді. Төс соғысып дос болады.

«Еруліге қарулы» деген қазақ әдетінше Саргөз де өз тарапынан қонаққа шақыруы керек емес пе? Бірақ ол өйтпеген. Қоштасарда Жәнібекке мына бір шумақ өлеңді айтқан да кеткен:

— Хан алдына барғанда,  
Хан кеспеді тілімді.  
Халық алдына барғанда,  
Халық таппады мінімді.

Өз үйіме барғанда,  
Итке берсін күнімді.

Бұл жұмбақтың шешуін табу үшін Жәнібек батыр келер жылы сол уағында қасына жолдас-жораларын ертіп, Ұлы жүз еліне аттанады.

Жолшыбай Жетісудан өткен соң малы қалың бір ауылға кезігеді. Қойшыдан сұраса, Саргөз батырдың бір баласының ауылы екен. Осы жолы жолаушылар он сегіз ауылдың үстін басып өтеді. Сұрастырса, бәрі де Саргөз батырдың балаларының ауылы екен. Ақырында бұлар Саргөз батырдың өз ауылына жетеді. Ордадан жарты шақырым мама ағашқа аттарын байлайды. Жәнібек күн салып қараса, ақ орданың алдындағы оты жағулы тай қазанның басында біреу жүр. Сырт тұлғасы Саргөзге ұқсайды, тәрізі құрт қайнатып жүрген сияқты. Қолында былғауышы бар. «Қой, — дейді Жәнібек іштей, — соған ұқсас басқа біреу шығар. Еркек адам, әрі батыр адам құрт қайнатып неге жүрсін?» Алайда, Жәнібек қателеспепті. Жақындап келсе, үстіне тайжақы киген Саргөз екен. Басында бөрік, қолында құрт былғауыш. Анадайдан Жәнібекті тани сала құшағын жая ұмтылады. Екі батыр төс соғысып амандасады. Есендік-саулық сұрасады.

Сол мезетте ақ орданың ішінен күндей күркіреген дауыс шығады:

— Ау, мына қазанның түбі күйіп кетті ғой. Келген қай немесі, алжыған шалдың оған жүгіргені несі? — деп, аузынан ақ ит шығып, көк ит кіреді.

Төбеге ұрғандай тоқтап қалған жолаушылар есік жаққа аңтарыла қараса, ақ үйден маңқиған бір бәйбіше шығып келеді екен. Өзі ажарлы, сұлу. Жәнібек түкке түсінбей Саргөзге қарайды. Саргөз кібіртіктеп жерге қарайды да, бәсең үнмен:

— Батыр, былтырғы айтқан сөзім есінде шығар. Сондағы жұмбақтап, ишаралап айтқаным осы еді. Айтшы, бұған не дауа бар? — дейді. Сонда Жәнібек батыр қылышын қынабынан суырып алып: «Мұның дауасы мынау», — деп, басын шауып тастайды.

Сол бәйбішенің құны үшін Жәнібек батыр үйіндегі қарындасын Саргөзге қалыңсыз ұзатыпты. Жоғарыдағы мақал осы оқиғаға байланысты шыққан.

## Итеке батыр

Итеке батыр бала кезінің өзінде-ақ ат құлағында ойнап, құралайды көзге атқан мерген болыпты, күреспен аты шығыпты. Көздері танадай от шашып тұрады екен. Осыдан ба, қаймығып, бетіне жан адам қарай алмайтын көрінеді. Итекенің ауылы көбінесе құм ішіндегі сексеуіл арасын, жаз Хан тауының бөктерін, кей жылдары Балқаш жағалауын қыстайды екен.

Сол жолбарыспен кездесетін жылы шағын ауыл Балқашта қыстапты. Бұл кездесу былай болған екен. Итекенің жақсы көретін айғыры болыпты. Бір күні таң азанымен тұрып, аттарын көруге қораға барса, айғыры жайрап жатыр. Сөйтсе жолбарыс жарып кетіпті. Ашуға мінген Итеке сол жерде биесін ерттеп, қамшыдан басқа қару алмастан жолбарыстың ізіне түсіп береді. Осының алдында қырбақ қар жауып, күллі аңның ізі сайрап жатса керек.

Итекең ауылдан біраз ұзап шығады. Аз жүрген соң алдындағы ши түбінде бүк түсіп жатқан айбатты аңды көреді. Жолбарыс та аттылы адамды көреді, бірақ орнынан қозғалмайды, көз алмай жата береді. Итекең де жыртқыштан көз алмайды. Ашу қысқан отты көздері үшқын шашып, жақындай түседі. Бұл жерде күш емес, көз аңдысады. Көзді құдірет тұтатын жүректі аңның жанары сола береді. Осы кезде Итекең жанынан өтіп бара жатып, қамшымен басына салып өтеді. Жолбарыс мыңқ демейді. Қайта оралып, биесінен түсіп, жанына келіп қараса, аң атаулыны тітіреткен айбынды жолбарыс сол бүк түскен қалпында жатыр. Бастан тиген қамшы жолбарыстың бас сүйегін қақ айырып, миын шығарып жіберіпті. Білектей боп қамшы ізі қалыпты. Бұл Итекең батырдың көп ерлігінің бірі екен.

### Берден батыр

Жолбарыс, шошқа және басқа жыртқыш аңдар жаңа қонған ауылдың мал-жанына шаба беріпті. Қалың жұрт жолбарыстарды Үшарал жерінен Шу бойына қуып тастау үшін қамысты өртеуге кіріседі.

Бір күні Алтаңатар ауылының Берден деген батыр жігіті қамыс ішінде ұйықтап жатқан жолбарысқа тап боп қалады. Қашып құтыла алмайтынына көзі жеткен ол жыртқышты тарпа бас салады да, тізерлеп басып алқымынан алады. Балғадай берік қол оның мойнын құрсаудай қатты қысқаны сонша, жыртқыш аң аяқ серіппей өліп кетеді. Осы кезде қамыс өртеп жүргендер Берденнің мұнысын көріп қалады.

— Тәңірім-ау, мысық па десем, мынау жолбарыс па еді? — депті сонда Берден таңырқаған болып.

Сол оқиға болған жер қазір «Берден батыр шабындығы» деп аталады.

### Ораз туралы

Қарашық шаһарында Жүсіпәлі, Зорасыбан деген ағайынды екі адам Түркістан маңайында болады дейді. Зорасыбаннан Абылайдың шешесі туады. Жүсіпәліден Ораз туады.

Абылай еліне «хан сайламадың» деп өкпелеп, астына көк тұлпар ат мініп, елінен қашып шығып кетеді. Артынан баратын адам болмай

жалғыз кеткен соң, Абылайдың шешесі төркіні Оразға барып: «Қыздан туғаныңа қиығы жоқ, Абылай қыздан туса, сен ұлдан тудың. Қасына ешкім ермеді, артынан да ешкім бармады. Сен барып алып кел!» – деп Оразды жібереді.

Ораз Абылай мінген көк тұлпар аттың қарындасы көк тұлпар биімен қуып, елдің шетіне шыққан соң, қуып жетіп Абылайға: «Елге қайт», – дейді. Абылай:

– Мен елден шықпауым керек еді, елге барудың лайығы жоқ, бармаймын! – деп бетінен қайтпайды. Ораз:

– Мен сені алып қайтуым керек еді, сен қайтпасаң, мен де қайтпаймын, – деп бірге еріп кетеді.

Содан Бұхара, Тәшкенді аралап бір-екі жыл өткен соң, Ұлы жүзге келіп жеткен уақыттарында бір үлкен асқа кез келеді. «Әрбір ру бөлек отырыңдар!», – деп, даяшы айғай салған уақытта болар, қазақ жөнін білмей, бір адамнан сұрайды. Ол адам бұларға түсіндіріп, «әрбір руға жол береді» дегенді айтқан соң, бұл екеуі бөлек отырады. Сол уақытта қазақтың бір ақыны жағалап өлең айтып, отырған екі адамға келіп аты-жөнін сұрап, мақтап өлең айтқан. Берейін десе, пұлы жоқ, үстерінде беретін бүтін киімі де жоқ. Басқадан ат алғаннан ат, пұл алғаннан пұл, киім алғаннан киім алып келгенін Абылай көріп отырған. Енді Абылайға жұрт қатарынан қалу үлкен ар болады да, астындағы атын бермек болады. Ораз тұрып:

– Ат берген дұрыс болмас, екеуара қалса да, белді ат қалсын, менің мына биімді бер, – дейді. Абылай:

– Жоқ, нағашы, бие болса да, сіздің астыңыздағы атты беру лайық емес, – деп болмайды. Өзінің астындағы атын ақынға беріп, екеуара бір биімен Ұлы жүзге келген. Ел аузында «Абылай Ораз ауылынан көк байталға мінгесіп келген» деген сөз осыдан қалған.

Төре тұқымдары Ораз ауылын «Бабам ауылы» деп, Оразға Көкшетаудың ық жағынан Бұрабайға он екі шақырым жерден қоныс берген. Сұлтанғазы төре келгенде, «бабамның зираты» деп, Ораздың тамына келгенде қоңырауының тілін байлап жаяу өткенін сол күнгі ақсақалдар тегіс айтады. Басқа төре тұқымдары да «бабамның зираты» деп жаяу барады екен.

## Бердіқожа батыр

Бұрынғы өткен заманда қазақ-қалмақ арасында жер таласы болып, жаушылық қатты болғанда, Түркістаннан бір бала қашып шығып, керейге келіп, шанышқылы деген елге сіңген екен. «Атым – Арықмерген», – деп, бір байға бала болып, малын бағып жүріпті.

Бір өзенге бұғы, марал көп келеді екен. Арықмерген бір күні: «Мен аң аулап келемін», – деп, иен өзенге келсе, айтқанындай бұғы, марал,

құлан, киік көп екен. Маралды атып тастап қайтып келе жатқанда, бір иен жерде бір өзенде бір топ жігіт жүреді. Өңшең әдемі киім киген, әдемі ат мінген. Жарысып келіп: «Күйеу келді, күйеу келді, жүр, жүр аман-есен жүрсің бе?» — деп араға алып, ала жөнеліпті.

«...Есім шығып кетті. Айдап бір жотаны асып едік, о дағы өзен екен. Жағалай ауыл қонып жатыр екен. «Міне, күйеу келді, үй тігіп жіберіңдер», — деп жастар айғай салып еді, өңшең сұлу қыз-қатындар жиылып келіп бір үй тігіп жіберіп, «жүр-жүр» деп қамалап, әлгі отауға кіргізіп, қымыз құйып күте бастады. Күн батты, неше түрлі тамақ беріп күтіп, қыз-қатын, бозбалалар ән салып, өлең айтып, екі-екіден айтысып, түн ортасы болған уақытта: «Мынау сенің қалыңдығың», — деп бір қызды қасыма әкеліп: «Екеуің ойнап-күліп жатыңдар», — деп қолыма берді. Сонан соң мен қызға: «Сен менің қайдағы қалыңдығымсың? Қай елсің? Жөніңді айтшы?» — дедім. Қыз айтты: «Сен бүгін өзің ұйықтамай таң атыр, содан кейін менің жөнімді сұра, айтайын. Егер ұйықтасаң, мені қайтып көрмейсің», — деді.

«Тәуекел, не болса да сұлумен қосылайын», — деген ойыма бітіп, қызбенен қосылып, құшақтасып жаттым. Бір уақытта ұйықтап қалған екенмін, оянып, бас көтеріп, көзімді ашсам, әлгі ауыл да жоқ, қойнымдағы қыз да жоқ, басымда үй де жоқ, көшіп кетіпті. Ер-тоқымды басым жастап қойыпты, атымды арқандап қойыпты, бәрі кетіп қалыпты. Не қыларымды біле алмай, атымды ерттеп мініп, жүріп кеттім. «Бұл не нәрсе болды? Жын ба, шайтан ба? Айтсам, ел мазақ қылады ғой», — деп, әлгі аңға кісі жіберіп арттырып алғыздым. Содан соң аңға бармай қорқып жүріп, күзге жақын тағы да барайын деген оймен сол өзенге келдім. Тағы да аң қалың екен. Бір бұғы атып тастап қайтып келе жатсам, тағы бұрынғыдай бозбала шауып келе жатыр. «Күйеу келді! Күйеу, аман жүрсің ба? Жүр-жүр», — деп, тағы да айдап келіп еді, бұрынғыдай сауық қып жүрген қыз-бозбаласы: «Күйеу, келдің бе?» — деп, үй тігіп, қонақ қылып, тағы қызды әкеліп: «Екеуің ойнап-күліп жатыңдар», — деп, бұрынғыдай тамақ беріп қосып қойды. Қалыңдығыма: «Сен жөніңді айт, қалай айтпайсың? Өзің адамбысың? Сайтанбысың? Жөніңді айт», — деп сұрадым, «Мен қалыңдығыңмын, рас. Бірақ мен қазір айтсам, өлемін. Сен адам баласысың ғой, бір түнге шыдап, ұйықтамай таңға шыдасаң, мені алып қаласың. Содан кейін мен жөнімді айтамын. Егер ұйықтасаң, тағы да айырыласың», — дейді. Содан соң мен шыдаймын деп ұйықтамай отырдым. Таң атуға таяп қалғанда қалғып кетіп, қара басып ұйықтап кеткен екем, күн шығып қапты.

Тағы да баяғыдай атымды арқандап, тоқымды жастап кетіп қалыпты. «Енді қайтем? Мынау мені масқара қылды ғой, енді адамға айтпайын», — деп ұялып, жасырып қойдым. Аңды арттырып алып, қыстай шықпай, жаз шығып, жер көктеп, мал семірген заманда тағы да барайын деп тәуекел қылып жүрдім.



Бұрынғы иен өзенге келіп, бір құланның биесін атып тастап, тағы келе жатсам, бір жотадан бір топ жігіт шауып келе жатыр. Бір желмая түйеге мінгізіп алған, бір әйел адам, бір жігіт бір бесікті алдына өңгеріп алыпты. Қарасам, өзімнің әйелім сықылды. «Күйеу, сүйінші-сүйінші! Мына әйелің аман босанды, мына балаң — еркек бала, жүр, жүр ауылға, сүйінші бер», — деп тағы да ала жөнелді. Ауылға алып келді. Үй тігіп қонып жатыр екен. «Мына күйеуге үй тігіп жібер», — деп қайта алып келді. Бір жерге үйді тігіп, мені кіргізіп, әлгі бесікті қасымызға алып қойып: «Міне балаң, міне қалыңдығың», — деп тағы да күтті. Сонда қыз жылады. «Апырым-ау, ұйқыдан кісі өле ме? Бір түнге неге шыдамайсың, обалыма қалдың ғой, бүгін өлсең де шыда. Бүгін ұйықтамай шыдасаң, мені алып қаласың, содан кейін мен жөнімді айтамын», — дейді. Сол күні ұйықтамай отырдым. Қыз-бозбалалар ән салып, өлең айтып, тағы да өлең айтып таң таяу болғанда, тарқап кетті. «Енді шыда, ұйықтама», — деп қалыңдығым жылап отырды. Таң қылаң беріп, жарық түсіп қалғанша ұйықтамай отырдым. Бір уақытта қалғып кеткен екем, ыбыр-жыбыр басылып қалған сықылды, шыдай алмай қалғып кетіп отыр екем, үйді жығып, екі түйе қомдап, жүкті артқалы үйдің ішін буып-түйіп, тағы да кеткелі жатыр екен. Оянып кетіп: «Ой, бұларың не?» — деп, сөйлеп қалып едім, «Ой, байғұс күйеу ояу екен», — деп, тұра-тұра жөнелді, күлісіп кетіп қалды. Сонда қомдаған екі түйе қалды. Үйдің ішін буып-түйіп қойған екен, бәрі қала берді.

— Ал енді айтам деп едің ғой, қане, сен сөйлеші, — деп, қалыңдығымнан сұрадым.

— Мен енді айтайын. Біз Иранғайып деген елміз, біздің ішімізде бал ашып, кітаппен сөйлейтін молдаларымыз болады. Сен қазақ баласына берілесің деп, біздің молда-қожаларымыз айтқан соң, өзінің жолымен шарифат үкім қылған соң, амалсыз көніп, сондағы бұйырған адамым сен болдың. Мені қимай, әке-шешем, бауыр-туысқандарымыз сені ұйықтатып тастап ұрлап алып жүргені сол еді. Мен сенен бала көтердім, міне бір жыл өтті, мына бала — сенің балаң, ұл бала. Енді қорықпа, Құдай бұйрығымен, міне, сенің балаң болды», — деп, жылап соны айтты. Сонан соң қуанып үйді артып алып, екі түйеге баланы, әйелді алып елге келдім. Бағанағы құланның биесін содан кейін артып алып той қылып, «қожаң берсе, қойныңа сал» деген мақал бойынша баланың атын Бердіқожа қойып, осылай үйлендім», — деп Арықмерген айтқан екен.

Сол бала ержетіп, он-он беске келген соң батыр болып, неше түрлі өнер бітіпті. Түсінде ұйықтап жатып шошып ояныпты. Түсінде басына бір нәрсе келіп, сырылдап, шошытып, мазасын алып қорқытыпты. Шошып оянса, түсі екен. «Бұл не нәрсе?» — деп қорқып, түн болса ұйқы жоқ, ұйықтаса, бір нәрсе сырылдап, шошытып, ұйқы көрмепті. Сонан соң бақсыларға бал аштырып, үйіне апарып баққызыпты.

Біреу «анау», біреу «мынау» деп ешкім таба алмай жүргенде, аққу терісін киген бір дуана ат үстінен айғай салып келіп: «Сырылдаған нәрсеге қорықпа, саған дарығалы жүрген бұл сыбызғы екен. Сен өзеннен қара қурай әкел, соны сыбызғы қып тартқызайын, сен сол сыбызғы дарыған соң бәрінің тілін білесің», — деген екен. Бердіқожа барып бесалты қара қурай қиып алып дуанаға береді. Дуана үйіне түсіп, қурайды жонып, сыбызғы қылып тартқызған екен. Хайуандардың тілін біліп, сыбызғышы болып кетіпті. Сол Бердіқожа батыр болып, Арықмерген баласы атанып жүріпті. Қазақ-қалмақ жаушылық заманда жалғыз кетіп жылқы алып, асқан жайшы болып елге олжа салып, батыр атанған екен. Анық аты — Бердіқожа, ел қойған аты — «Бала батыр». Нағашысы — Иранғайып, әкесі ел шапқанда қашып келген, шанышқылы керейге сіңген. «Арықмергеннің басқаша да аты бар шығар, біздің естуіміз осылай» деп айтады бұрынғы қариялар.

### Жоламан батыр туралы

Шалабай өз заманында батыр болған. Өзі кедей кісі екен. Бірнеше соғыста Шалабай жауға шауып, жеңген, сөйтіп, өз заманында «батыр» атанған ер атақты кісі болады. Енді бұның немерелері Жоламан, Бердаулет дейтіндер болады. Бұлар да батыр болған. Олар батыр болғанда, Исатай-Махамбет не Амангелді сияқты ел бастап көтеріліске шықпаған. Бұлардың жауы — сол хан Әлке, өйткені Әлке патшаға сатылған, орысқа жақын болған, халыққа салық салған, шаруаларды қанаған. Міне, бұлардың мақсаты — халыққа бақытты тұрмыс беру, салықтан босату, бас бостандық беру /орыстан/, патшадан аулақ болу. Бірақ мұның бәрі тек ханды өлтірсек қана орындалады деп ойлайды. Халықты бастап көтеріліске шығуды ойламайды. Тек қана бұлардың мақсаты — ханды өлтіру, сөйтіп халыққа бостандық беру.

Бір күні Әлке хан нөкерлерімен салық алуға базарға келгенде, сол жерде көптің ішінен Жоламан, Бердаулет келіп, Әлкені алтыатармен атады. Сол жерде опыр-топыр болып, хан құлап қалады. Сол құлағаннан өледі, бұны ешкім де білмейді. Адай жағынан, шаруалар жағынан жалғыз жарым білгендер айтпайды. Сөйтіп, билер кімнен көрерін білмей, әуре-сәуре болады. Аңдушылар, тыңдаушылар қояды. Бірнеше жансыз қояды. Ақырында сенделіп, кім екенін біле алмаған соң, әр руға бір жабысады. Біресе адай өлтірген шығар дейді. Одан ештеңе шығара алмаса, әлімге, одан шыға табынға жабысады. Не керек, ақыры таба алмайды. Жоламанның батыр болуы — осы.

## Алшын Қорлыбай батырдың Қалдан ханмен кездесуі

Қорлыбай батыр көп қолмен бір жауласқан жауын шауып қайтып келе жатқанда, бір төбенің қасында өзі отырып қалады. Біреу келіп: «Батыр, атың қайда, нағып жаяу отырсыз?» — деп сұрайды. Қолға түскен бір жігіт: «Батыр-ай, бір арманда нәрсе қалып барады. Бір жерге бір кісі зорға көтеретін алтын тығып едім, қайда тығылғанын менен басқа жан білмейді, сол не кейінгі елдің пайдасына жоқ, не сіздің пайдаңызға жоқ, қалып барады. Соны мен арман етем, — деді. Соны алып кел деп, атымды соған беріп жіберіп, соны тосып отырмын», — дейді.

— Ой, батыр-ай, жау алтын әкелуші ме еді? Атыңызды алдап мініп кеткен ғой, басқа ат әкелейік, жүріңіз, — дейді

— Жоқ, жау өтірік айтпаса, мен өтірік айтпаймын, өздерің жүре беріңдер, мен уәдемді тосамын, — деп отыра береді.

Әлгі адам көшке барып, Қорлыбайға ат алып, қасына кісілер алып қайтып келсе, әлгі жігіт алтынды алып келе жатыр екен. Қорлыбай:

— Жарайды, шырағым, жігіт екенсің. Алтын өзіңдікі, өз басың азат, мына атты ер-тоқымымен мініп, аман-есен еліңді тап, өз атымды өзім мінейін, — деп, артық ат пен алтынды беріп, қош айтысыпты.

Қорлыбай төрт ағайынды екен. Әкесінің інісінен үш бала бар екен, бәрі де батыр екен. Қорлыбай қамалға шапқанда, қалғандары қалмай бірге шабады екен. Бір қоныста, жер жағдайына қарай бір сайда бөлек ауыл болып отырады. Бір күні Қорлыбайдың ауылына өзгелерден ешкім қатынамайды. Ертең бесінге дейін жан таппай: «Бұл не жағдай, ел аман ба екен, барып біліп кел!» — деп кісі жіберсе, Қалдан хан аттаныпты. Келе жатқан қолдың есебі жоқ дейді. «Қазақты қырғалы келеді екен, егер Қорлыбай естісе, олармен қарсы соғысады. Екі ортада ел қырылады. Жауға әліміз келмейді, бас аманда қашайық», — деп, Қорлыбайды жалғыз ауыл тастап, көшіп кетіпті. Бұл хабарды білген соң, «біз қайтеміз?» деп өздері ақылдасады. Қорлыбай:

— Жалғыз қалып не бітіреміз? Не болсақ та елмен бірге болайық, біздің де көшкеніміз мақұл, — депті. Бұл кезде күн батқан кез екен. Бір інісі тұрып:

— Мақұл, қане, тұрып түйеге жүк артайық, — дегенде, бір інісі:

— Болса да көшетін болған соң таң атқан соң көшейік. Түнде көшіп жатқанда үстімізге қалмақ келіп қалса, қалмақтардан ұят емес пе, не бетімізді айтамыз? — депті. Қорлыбай қарқылдай күліп:

— Дұрысы осы екен, ертең күн шыққан соң көшейік, — депті.

Ертеңіне елдің соңынан көшіп келе жатады. Қорлыбай бастаған бесеуі малшылармен бірге жылқы айдасады. Екеуі көштің қасында болады. Күн бесін болады, арттарынан жау да көрінеді. Біреу: «Бесін болыпты ғой» — десе, біреуі: «Жау келіп қалады ғой» — десе, енді біреуі: «Не айтып тұрсың, Тәңірден қорықпай, жаудан қорқайын деп тұрмысың?» — дегенде, біреуі аттан түсе қалып азан айта бастайды. Бесеуі

де түсіп, саспай намаздарын оқи береді. Қалмақтардың қолы: «Мынау бір сәнді көш екен, осы көшті алайық», — деп тұра шабады. Намаз оқып жатқандардың тұсына Қалдан хан тұра қалады. Шапқан қолға: «Тоқтаңдар!» — деп әмір беріп тоқтатады. Сырттан қарап тұрып:

— Мына бес адам не істеп жатыр? — деп қалмақтардан сұрайды.

— Бұлар намаз оқып жатыр, — дейді. Хан тұрып:

— Осы адамдардың басы бар ма? — дейді. Көріп тұрғандар:

— Басы да, құлағы да бар, бәрі көрініп тұр, — дейді. Қалдан хан:

— Маған иығынан төмен ала жоғарғы бас жағы мұнарланып көрінбей тұр, сендер көшке тигенде шырқыраған баланың дауысы шыққан кезде қандай сезімде болатынын білесіңдер ме? — дейді.

— Жоқ білмейміз, білгеніңізді сіз айтыңыз, — деп жауап береді.

— Мен айтсам, тап қойға шапқан арыстандай болады ғой. Біреуің де тышыр етпендер, — деп, аттан түспей қарап тұрады.

Намаздарын жайлап оқып болған соң, Қорлыбай батыр қолын қусырып ханның алдына келіп:

— Түсіп қонақ болыңыз, — дейді. Хан:

— Құп болады, — дегенде, Қорлыбай атының шаужайын ұстап қолтықтап түсіреді де, көшті оралтып қондырып, ілгергі елге шапқыншы жіберіп қайтарып, ханды елге қонақ қылып қайтарады. Қайтарында «жолыңыз» деп, елден көп қып жинап қалың жылқы айдатып жіберген екен.

### **Байбақты Сырым батырдың әкесінің атын Дат деп қоюдың сыры**

Даттың әкесі Шолан көршілестері Бұхара, Хиуа, Самарқанд барып тауар алып, сауда істеуге сапарлап шыққан екі адамға еріп шығады. Бірнеше күн жүрген соң, бір елсіз далаға түнеп, демалу үшін тамақ пісіруге қостарының алдынан жерошақ қазғанда, көп алтын шығыпты. Алтынды бөлісіп алып, түнгі ұйыққа жатқан соң, екі жолдасы Шоланды өлтіріп, алтынды өздері алуды ұйғарыпты. Ұйықтап жатқан жерінде Шоланның аяқ-қолын байлап өлтіруге кіріскен. Өзін өлтіретініне көзі жеткен соң: «Сендер мені өлтіресіңдер ғой, менің сендерден жалғыз ғана тілегім — сендер елге барған соң, жүкті әйелім босанар. Егер де ұл туса, атын «Дат» деп қойыңдар», — дейді. Шоланды өлтіріп, базарын базарлап көп алтынмен байып, екі жолдасы елге келген. Бір күні Шоланның әйелі босанып, ұл бала туыпты. Баяғы екеуі: «Шолан марқұм қатты ауырып жатса да, өлер алдында бізге аманат етіп, дүниеге ұл бала келсе, атын «Дат» деп қоюды өтініп, жан тәсілім етіп еді», — деп, балаға «Дат» деп ат қойыпты.

## Сырым батыр

Сырым би болып қана қоймай, батыр да болған екен. Қазіргі Индер тауы мен Аюлы деген жердің ортасында «Шибұлақ» деген бұлақ бар. Сол жерде әуелде Нұралы хан мекендеген екен. Ол жер қазір «Ханшапқан» аталады. Сол жерде Нұралы ханды Сырым шапқан екен. Себебі, Сырымға ханның тілі тисе керек әрі хан байұлының біреуін өлтірсе керек. Сырымның құлағына хабар жеткен соң, ханның басын кесу үшін ордасына барады. Калмиков ол кезде — князь, Антон — патшаның сардары. Кінәлі деген адамдарды сонда апарып қамайтын болса керек. Сол уақытта Сырымның ханды шабуға келе жатқанын ханға хабарламақ болып сол елдің Есім атты кісісі патшаға жүгіреді. «Құлатөлген» деген көлдің тұсына келгенде астындағы аты өліп, жетегіндегі атқа мініп бара жатқанда, Сырым Есімді қуып жетіп, өлтіріп, сол жерге көмген. Міне, сол уақыттан соң сол жердің аты «Ескіесім» аталып кеткен. Қазір де солай аталады. Сол жердегі мола — Ханшапқан моласы. Сырым би болып қоймай, батыр болып, Нұралы ханның басын да шапқан екен. Сол Ескіесім солай аталады, сол жерде Ханшапқанның моласы бар. Ескіесім — қазір Тайпақ ауданының орталығы, Калмиков селосы мен Тайпақ совхозының ортасында орналасқан, Тайпақ совхозының бөлімшесі.

## Сырымның жерге айтқан сыны

Қазақтың Кіші жүз нәсілінен шыққан, руы байбақты Сырым батыр Дат баласы Нұралы ханның орнына хан болғаннан кейін, Еділ-Жайықтың ішкі бетіндегі босып көшіп кеткен торғауыттың көп қалмағынан босап қалған ну қалыңдық жерге ел өткізуге кіріседі. Осы жаққа келіп жер аралап көріп, Еділ бойынан, Нарыннан және қырдағы өрден бірнеше орыннан құдық қаздырып, қайта көмдіріпті. Еділ бойынан қаздырып қайта көмген топырақ қазған орнының бетімен бірдей болыпты. Нарыннан қаздырып көмген топырақ орнына сыймапты, өрден өзен бойынан алған топыраққа қазған орны толмай қалыпты. Сонда Сырым жерді сынап: «Мынау Еділді қоныс етіп жайлаған кісінің шаруасы бір қалыптан кемімес, мынау Нарынды жайлап қоныс еткен кісінің шаруасы жылдам өркендеп өсіп кететін жер екен. Ал мынау өрде, яғни қатқылды жайлап қоныс еткен кісінің шаруасын өсіруге көп күш керек екен», — депті.

## Бұрын туғаннан ақыл сұра

Сырым батыр бала күнінде он төрт жасында-ақ жорыққа аттаныпты. Сонан он сегіз жасқа келеді. Он сегіз жасында жолдасты көбейтіп, маңғұлдан таңдап-таңдап алпыс сегіз атты айдап қайтады. Астында

тұлпардан туған торы төбел аты бар. Жолдастарының соңынан өзі жалғыз келеді. Жылқының түстеніп кеткен жеріне өзі кешке қонуға келеді. Бір күні жылқының түстеніп кеткен жеріне қонып шығып, жалғыз өзі жүріп келе жатса, сәске түсте Жайықтың арғы тұсында Тайсойған бүйректігінде аң аулайтын сала бар екен. Сол саланың барлығында, арғы бетінде Нұралы хан құсбегілері, билері, аңшыларымен сейілдікте аң аулап жүр екен. Аң аулап жүрген адамдардың әрбір жерлерде бытырап, жайылып жүретіндігі белгілі ғой. Сырым осыларды көрген соң, өзінің ақылымен ойлап, дәу де болса, бұл жүргендер Нұралы ханның аңшылары болар деп шамалап, «Нұралыны көрейінші, реті келсе тілдесейінші», — деп (бұрын танымайды екен), жолдан бұрылыңқырап келеді. Шамалап келген адамы Нұралы болып шығады. Нұралыны ойымен танып, сәлем береді. Сол күнде Сырым батыр он сегіз жасында екен. Тәкаппар хан қазақтың бір бозбаласының сәлемін оңайлықпен ала қоймайды.

— Сен қай тұқымсың? — депті Нұралы Сырымға. Сонда Сырым:

— Қыдырқожаның баласы — Сұлтансиық, онан туған — Байбақты, Байбақтыдан туған — Шолым, Шолымның баласы — Дат. Даттың баласымын, атым — Сырым, — депті. Сонда Нұралы тұрып:

— Е, Қыдырдың көп тентегінің бірі екенсің ғой, — депті. Сонда Сырым:

— Сақбардың суының бойында оғым озар ма екен, боғым озар ма екен деп, оғы мен боғын жарыстырған Тоғым төренің тұқымы едің, — депті.

### **Нұралы мен Сырымның құдалығы**

Ханның баласы Құлтай сөзден ұтылып, ауылына келіп жай-мәнісін шешесіне баяндайды. Нұралының әйелі Оралға кісі жіберіп, Сырымды босатуды сұрайды. Нұралы Сырымды босатып алады. Енді Сырым дәлелі болмай, қызын Нұралының баласына бермек болып жүргенде, ханға қарсы тағы көтеріліс басталады. Сонда Сырым: «Нұралыны өлтірсендер де, баласы Құлтайды өлтірмендер, бата бұза алмаймын», — деп тапсырады жолдастарына.

Сырымның жинаған қолы Нұралыны шапқанда, Құлтай төрелердің әскерімен бірге қашады. Сөйтіп жүргенде, Сұлтансиықтың алаша руынан шыққан аталықтың балалары Құлтайды өлтіреді. Сырымның қолына қосылмай, төрелердің әскеріне барып босқа өліп қалғандықтан, «Құлтайдың сорындай» деген сөз халық аузында мақал болып қалған.

Содан кейін Сырым қызын адай Мәмбетәлі деген батырдың баласына береді. Сырымның ондағы ойы адайды өзіне қаратып, көтеріліске жақтастарын көбейту болған.



## Сырым мен Саржала би

Ханды шабардың алдында Алдар би Сырымға: «Саржала биге барып кет!» — депті. Саржала бимен Сырым әуелден араз екен. Саржаланың көлінің қасына Сырым әкесінің моласын салады. Мола биік әрі үлкен болады. Бара-бара кісілер «Саржала көлі» демей, «Дат моласы» деп атап кетіпті. Оған Саржала ашуланып, қызметшілерін әкеліп, моланы бұздырып тастапты. Алдар Сырымға: «Сіздердің араңыздағы шатақты білемін. Бірақ та Саржала ханға қарсы соғысуға адам берер», — депті. Сырым Саржалаға барып жағдайын айтыпты. Сондағы Саржаланың жауабы: «Тайың құнан шықсын, құнаның дөнен шықсын!» — депті. Сырым түсіне кетіпті. «Екі жылдан соң кел» дегені екен дейді. Екі жыл өткен соң келсе, құрал-сайман, кісі беріпті.

## Сырым батырдың Нұралы ханды шабуы

Нұралы ханның бір қатынынан Сығалы Қисық деген баласы болыпты. Бір күні бір жақтан келе жатып, кемпір менен шалын үйден қуып шығып, түнде ықтиярсыз қыз-келіншекті де қастарына алып жатыпты. Сонан қарт Сырымға барып айтыпты. Сырым: «Нұралыға айт», — депті. Нұралы ханға баланың озбырлығы туралы айтса, Нұралы: «Әй, жастардың ойнаған ойынын да айтасыңдар-ау!» — деп тыңдамапты. Сонан Сырымға барып «тыңдамады» деп айтқан соң, Сырым Үргеніштің ханына барып, қасындағы қазысынан:

— Қырық шаһ жеті шартпенен қойған ханды өлтірсе, оның құны не болады? — дегенде, қазы айтыпты:

— Қырық шаһ жеті шартпенен қойған ханды өлтірсе, оның құны: мың кісі, мың ақ қарабас түйе, мың ақ қарабас жылқы, мың ақ қарабас сиыр, мың ақ қарабас қой, — депті. Сонда Сырым айтыпты:

— Қырық шаһ жеті шартпенен қойған хан сертінен жаңылса не қылады? — деп сұрайды.

— Ол қырық шаһ жеті шартпенен қойған хан сертінен жаңылса, оны өлтірген кісіге құн жоқ, — депті.

Сонан Сырым Нұралыны шаппақ болып қайтып, ел жинағанын естіп, Нұралы Үрімге кетіпті. Артынан Нұралының орнына Сырым хан болыпты. Бір күндерде тана Айтуған бидің Дат балалары Сырымның тумаларында талас болып, теңдік бермей жүріпті. Айтуған Сырымға айтса да, тумаларына тілін алдыра алмай жүрген кезінде, бір күні Сырымның үйіне бір пақыр келіпті. Ол үйде Айтар қожа мен айтылмыш Айтуған би де бар екен. Біреу тұрып: «Пақырды жарылқап жібере көріңдер», — дегенде, Айтар қожа: «Бұл пақырды халық билеген хан жарылқар болмас, қыдыр қонған бай жарылқар болмас, ханның оң тізесіндегі Айтуған секілді би жарылқар», — дейді. Сонда Айтуған би айтыпты: «Мен несіне

би болып жарылқайын, Даттың алты тентегін ханға айтып, ханнан теңдігімді ала алмай жүрмін», — депті. Сонда Сырым үйден тұра жөнеліпті, үйдегі кісінің бәрі де шығыпты. Айтуған би үйінде жалғыз қалып: «Есікке үш барып, үш келдім», — депті.

Сонан Сырым атына мініп алып есік алдына келіп: «Айтуған, бері шық!» — деп, шығарып алып: «Күндегенің мен болсам, көпсінгенің халық болса, мен мынау елден кеттім, қалған халық сендерге хан болсын!» — деп салып ұрып жөнеліпті. Сонан Үргенішке барып тұрып, сол Үргеніш шаһарында дүниеден қайтыпты дейді-мыс. Сол Сырым би: «Үйде, өрісте, қырда қазақты аузыма қаратсам да, Даттың алты тентегіне әлім жетпеді», — деген екен.

### Ескі әңгіме

Тама Есет батыр бір күндерде жолаушы жүріп келе жатып Даттың үйіне келіп түсіп, түстеніп жатқан көрінеді. Сырым бала бесікте екен. Түстеніп, кетерінде құдағайға келіп:

— Шырағым, мынау бесіктегі жатқан сәбиді жақсылап бақ, таза асырап өсіргейсің, «аманат» деп кетем, үлкен болғанда жақсы адамның біреуі болар, — деп кетіпті. Анасы:

— Жарайды, атай, бағып қараймын. Қалайда былайғы балалардан құлқы басқа. Білмеймін, ашуланып, көпке дейін мамасын ембейді, екі көзі қызарып, өкпесі дүрсілдеп, — деген екен.

Сол Сырым ес кіріп, он бес жасқа келген соң, бір күндерде сөзден сөз шығып, анасы: «Шырағым, сен бесікте жатқанда, тама Есет батыр деген қарт келіп түстеніп кеткен. Кетерінде сені маған аманаттаған. Жақсылап бақ, жылатпа, ес кіріп адам болса, жаман болмас, адам болар деп еді, — депті. Соны естіп Сырым жылқыдан бір семіз биені әкеліп сойдырып, етін пісіртіп, жая-жал, қазы-қартасын пісіріп алып бір атқа артып, Есет батырдың үйін іздеп тапқан көрінеді. «Батасын алам» деп үйге жақын келгенде, Сырымның астындағы шұбар ат кісінейді. Есет тоқсан жасқа келіп жатыр екен. «Келін, шырағым, шығып қарашы, алыстан келе жатқан жолаушы-ау, бір тұлпардың дауысы құлағыма келеді», — дейді. Келін шығып қараса, ат жетегі бар. «Шұбар атқа мінген бір жас адам келіп түсіп жатыр», — дейді. Есет таяғын алып қонақтың алдынан шығыпты. Келген бала «ассалаумағалайкум» деп қолын алғанда, қолын ұстап тұрып:

— Сен Сырым деген баламсың ба? — дейді.

— Атай, мен Сырым боламын, — деген. Үйіне келіп түскен соң, атайға әкелген сыбағасын беріпті. Жеп болып:

— Шырағым, Сырым, менен не сұрайсың? — депті.

— Әй, атай, қалған батаңды үміт етіп келдім, — деген екен.

— Жарайды, қалғаны болса, Тәңірім қабыл етсе, сенен аямас деп, берген батасы дейді:

— Я, балам, Сырым, жеті атаға дейін даңқың үзілмесін, қызметің түсіп жат адамға көзің сүзілмесін, құлағыңнан сыбыр кетпесін, үй сыртынан дүбір кетпесін, дұшпанның қолы жетпесін, досыңның тілегі босқа кетпесін! Аллаһу әкбәр, жолың болсын! — деген екен.

### Сырымның Мөңкені жеңуі

Сырымға бір жолаушы: «Шекті елінің бір малшысы сізге бере сал деп еді», — деп, екі жапырақ ескі шүберек береді. Сырым шүберекті тана Қоске би мен Бөкен биге көрсетеді. Сонда Бөкен би былай дейді:

— Мынаны шаршылап кесіпті-ау! Шаршының шеті екен. «Басым байлаулы, аяғым тұсаулы» дейді ғой шамасы. Мынаны үшкілдеп кесіпті, көйлектің шеті-ау, сірә, адамның тәніне көйлектен жақын не бар? «Сенің тәнің, сенің сүйегіңмін» дейді ғой!

— Бұл біздің елдің шектіде қорлық-кемдікте жүрген бір әйел адамы болар. Сырым, сен барып алып қайт. Көзіңе шарапшын<sup>1</sup> ки, қарт-жас екеніңді білдірме, айтыса қалса, Мөңкенің алдына бар, — дейді Қоске қарт отырып.

Сырым шекті еліне барып: «Осы елге бір қарындасым еріксіз кеткен екен, алып қайтайын деп келдім», — деген соң, шектінің билері: «Адамыңның ата-тегің, аты-жөнін айт», — дейді. Сырым атай алмайды. «Ендеше, саған ел аралатпаймыз, адам бермейміз», — дейді. Сырым айттысып, Мөңкенің алдына барады. Мөңке:

— Сырым, қуып келгенің қара дау екен, қараңғы билік беремін, — депті.

— Разымын, — дейді Сырым.

— Сырымға киіміндей киім кигізіп, атындай ат мінгізіп, қырық жігіт қосыңдар. Сырымның қарындасының қасына бір түсті киіндіріп қырық қыз-келіншек қойыңдар. Аулына барғанда, қарындасы ағасын танып атын ұстаса, қарындасын қайырыңдар, жаңылса, жазығы өзіне, адам бермеңдер, — деп билік қылады. Сырым қырық кісімен аулына жетіп барғанда:

— Батыр ағам, аман келдің бе? — деп, қарындасы Сырымның шылауына орала кетеді.

Бұл — байұлынан шектінің ұрылары барымтаға әкеткен Дәуіт қызы Нұрғаным еді.

Мөңке би Нұрғанымнан:

— Сен осынша көптің ішінен ағанды қалай таныдың? — дегенде:

— Басқа жігіттер аударысып ойнап келеді екен, менің ағам төмен қарап мұңайып келеді екен, — депті.

<sup>1</sup> Шарапшын — көзілдірік.

— Қырық қыз-келіншектің ішінен қарындасыңды сен қалай таныдың, — дегенде:

— Мен қыз-келіншектердің киіміне емес, өңіне қарадым. Қарындасымның өңі сынық, назары пәс екен, — депті Сырым.

Сырым көзінің шарапшынын шешкенде:

— Бала, қара дауға жастай үйір екенсің, ұзақ жасамассың, — деп, Мөңке жас адамнан жеңілгенін ауырлап жانتая кеткен екен.

### **Жәңгір ханның патшадан жәрмеңке сұрауы**

Нарынға Бөкей хан бастап өтіпті. Ол дүниеден қайтқан соң, орнына баласы Жәңгір хан болыпты. Ол уақытта мынау орында, қазақ жерінде жақын жерлерде уақтылы жәрмеңкелер жоқ екен. Хан: «Халық шаруасына пайдалы болғандай жәрмеңкені сұрасам, патшадан ала алар ма екем? Болмаса, жолсыздан сайлап ұят болып қалар ма екен?» деп пікірлеп жүріп, ақылдасатын кісі таба алмай, Астрахандағы аға Дәуіт деген дана кісіге барып ақыл сұрапты.

— Атам еліне хан болып едім, халықтың жақын орыннан малын сатып, жабағы, тері-терсектерін сатып пайдаланғандай жәрмеңке сұрасам, патша ағзам хазреті жәрмеңке берер ме екен? — депті. Сонда аға Дәуіт айтыпты:

— Шырағым, хан Жәңгір, менің жасым тоқсанға келді, дүниені көп көрдім, ішінде мынадай ғибраттарды көрдім, мен алты ай тасыған Еділдің алты күнде қайтып болғанын көрдім. Алпыс жыл болған хандықтың алты сағатта жоқ болғанын көрдім, Құдай беріп тұрғанда қалайы-мыстың алтын-күміс орнына жүргенін көрдім. Бастан бақыт тайған күні алтын-күмістің қалайы-мыстың орнына жүрмегенін көрдім. Бақытың жүріп тұрған жас ұлан хан едің, осында бір студент дос орысым бар, соған жаздырып, екеуміз білген пікірімізді қосып жазып, күз екі уақыт жәрмеңке сұралық. Бір уақыт емес, екі уақыт берер, артыңа көп жылға дейін «Хан жәрмеңкесі» деген мирас болып қалар, — депті. Сол аға Дәуіт өнеріменен хан сұрап, екі уақыт жәрмеңке алған дейді.

### **Қызылғұрт Жантөре би мен Шомбал би**

Жәңгір ханның Шомбал деген биі болады, Әбілқайыр хан заманында қазақтан солдат алынбайтын кездерде Хиуа, Бұхарадан қашып, Ойыл-Қиыл Жем, Сағызды өтіп, қазақ ішіне келіп, Әбілқайыр ханға паналап, күн көріп өсіп-өнеді. Он шақты үй ноғай берекелі Жәңгір ханның заманында ноғай, қазақ атасынан Шомбал деген пайда болады. Өзі епті әрі өте тәкаппар адам болады. Дұрысында бұған санаттық тимейді, бұлар аз және он екі байұлының санына кірмейді, ептелеген ханға қоянқолтық

болып кіріп, жағынып, он екі санатының бәріне өтеді. Бұған есентемір руын, таз руын бағындырады және батырбек руына советчик етіп сайлайды. Сондықтан бұған аға сұлтан атағын береді. Шомбал бір күні жолдас-жораларымен өзі де қырық шақырым ит жүгіртіп, құс салып, саяхатта жүріп, Көшек төренің үйіне келіп қонақ болып жатады.

Тап сол күні Шомбалдың үстіне қызылғұрт Жантөре би келеді, Көшек төре ұшып түрегеліп сәлем беріп, қол алысып, астына төсек, артына жастық қойып, аман-сау алысады. Баяғы Шомбал би мұрны сертиіп, Жантөреден кесілген аяғын да жимайды. Орнында жантайып жата береді. Біраз аман-сау алысып болғаннан кейін Жантөре би қолын шошайтып:

— Ау, Көшек, мынау жатқан қонағың кім еді? — дейді. Көшек:

— Ау, Жәке, бұл ноғай қазақ Шомбал би ғой, ханның аға сұлтаны ғой, — дейді. Жантөре:

— Иә, иә, Шомбал би деген осы ма?

Шомбал би болса білемін,  
Атасы бұның — орауыл,  
Орауылдан кен он ауыл.  
Арбасының ізі жосылған,  
Жем, Сағыздың бойында,  
Бай аулына келіп қосылған.  
Атасын мұның білемін,  
Қойды баққан құл еді.  
Анасын мұның білемін,  
Тезек терген күң еді.  
Солардан туған Шомбалды  
Жақсы би болды деп еді, —

дейді. Шомбал ертеңге шейін тығылып, бір ауыз әңгімеге кірісе алмайды. Жантөре аттанарда ертеңіне амандасқанда былай дейді:

— Шомбалжан, көріскенше күн жақсы, өтіріктен шын жақса, кеше аузымнан бір-екі ауыз сөз шығып кетсе, айырмассың, — дейді. Шомбал:

— Жәке, сөз осы арада қалсын, ендігәрі айта көрмеңіз, — деп орнынан тұрып, көк мауыт шекпенін жауып жіберіпті, — дейді.

### Жан шақ келмеген ділмар қыздың әңгімесі

Жәңгірдің заманында билер бәрі ерігіп әңгімелесіп отырғанда, біреу тұрып:

— Япыр-ай, жылқышы табында бір қыз бар дейді, оны өлеңмен де, қара сөзбен де адам жеңе алмайды, — дейді.

«Сол сөйлесіп, жеңіп келуге кім барады?» дегенде, біреу «мен барамын» деп айта алмаған соң, хан Балқы биге:

— Сен бар, — дейді. Балқы:  
 — Жоқ, сенің Шомбалың бар ғой, соны жібер, — депті. Хан:  
 — Онда Шомбалды басшы қылып төрт жігіт жіберейін, сен сөйлеме, тек солардың не сөйлегенін, қыздың оларға берген жауабын естіп, қайсысы мүдiрдi, соны айтып келерсiң, — дептi. Балқы мен Шомбалды басшы қылып алты кiсi жіберiптi. Бұлар барып бiр күндерде қызды iздеп тауышты. Қыз далада өрмек тоқып отыр екен, келiп ат үстiнен аман-саулық сұрасқан соң, Шомбал тұрып қызға айтышты:

— Бiз жолаушы едiк, осы бiр араға келгенде мiнетiн атымыз мертiгiп өлдi. Жақсы мал едi, соның басын асып тасталық деп, сiзден бiр қазан сұрай келiп отырмыз, — дейдi. Сонда қыз айтышты:

— Шешемнiң бiр қазаны бар, күнде пiсiп, аузы ашық, түбi тесiк. Жеңгемнiң бiр қазаны бар, күнде пiсiп, түнде түсiп тұрады. Өзiмнiң бiр қазаным бар, атыңның басы түгiл, атаңның басын асам десең де бере алмаймын, — дептi. Ана қалған төрт жігiт те әзiлдеп, бiр-бiр сөз айтса да, қыздан бәрi де керектi сыбағаларын ала берiптi. Қалған бiр жігiт:

— Құдаша, мен бұл жігiттерден басқамын, мен бiр жоқ жоғалтқан адаммын, бiр ақ қолтық қара қашарым жоқ, көзiңiзге түспедi ме? — дептi. Сонда қыз:

— Мен өзiм отырушы едiм iсiмдi iстеп,  
 Кiсiге «сөйлес» деген «үйге түс» деп.  
 Мана мен сол қашарды көрiп едiм,  
 Тұр едi алты бұқа артын иiскеп, —

дептi. Бұлар сөйтiп жеңiлiп, ханға қайтып келген соң, хан:

— Кiм жеңдi? — деп сұрапты. Сонда Балқы:

— Жiберген адамдарың қыздан бәрi де сыйлықтарын жеткiзiп алды, тiптi үндемеген менiң де сыбағамды бердi, — дептi.

### Байғана мен Төлеген би

Хан Жәңгiр бала күнiнде Орынборға оқып жатқанда, Есенбердi Байғана деген Жәңгiрге жолығып: «Басқа беретiн датым жоқ, шырағым, мынау боз айғырды сатып, қаржы етерсiң», — деп, бiр жақсы айғырын берiп кеткен екен. Сосын Жәңгiр хан болған соң: «Байғана старшин болсын!» — деп жарлық берiптi. Сонан Исатайдың да әуесi болған-ды, Исатайға ермей хандық болышты. Исатай Байғананы көп жәбiрлептi. Жетi құдыққа салып, үстiне кереге жауып, үстiнен қой шұбыртышты. Сонда да ермептi. Ақырында Исатай ар жақта өлген соң, хан елге ағламнаме<sup>1</sup> таратышты: «Исатайға ергендерге жаза беремiн, маған ергендерге тiлегiн беремiн, келсiн!» — дептi. Сонда баяғы Байғана һәм Жайық берiш Төлеген деген би екеуi ханға барышты. Қонақ етiп болған

<sup>1</sup> Ағламнаме — жарлық, бұйрық.



соң, қызметтерін сұрапты. Сонда билер: «Хан жақты кісілер келсін, тілегін берем» деген сөзіңіз болған соң, тілек ала келдік», — депті.

Хан «Сұра!» дегенде, Байғана айтыпты:

— Сіздің үшін Исатайдан көрген қорлығым естен кететін емес, Исатайдың алған анау іште жеті аралы бар, соны алып бер, — депті. Хан:

— Жақсы, ал! — депті. Төлеген би айтыпты:

— Менің тілегім бар, бірақ біреу емес, үшеу, — депті. Оған да хан «Сұра!» — дегенде, Төлеген айтыпты:

— Әуелі өзіме һәм өзіме ерген кісіге жеткендей кең қоныс бер. Екінші, Исатайдың әуесі тақырыпты бөлініп қалған елміз ғой, сол алған жеріме келген халықтан үш жылға шейін шығын алма. Үшінші, бір тентегім бар, соның күнәсін ғапу ет, — депті. Хан:

— Жақсы, тілегіңді бердім, — депті. Олар тілегін алып қайтқан соң, хан қасындағы он екі би, отыз екі сұлтанын сынаған Байғана би емес екен, торсық аяқ Тоқтаның жуан тұғыры екен. «Ол өз басына өзі бәлені тілеп алды, өзінің ұрпағы мен Исатайдың ұрпағы арасындағы жер дауы өздерінен төменгі ұлдың ұлына, қыздың қызына кетер», — депті.

«Төлеген би екен, әуелі өзіне һәм өзіне ерген кісіге кең қоныс алды. Екінші, ол қонысқа көшіп келген елден шығын алдырмай, өзіне дос-жаранын көбейтті. Үшінші тілегіне келгенде о да жаңылды. Оның тентегі үй тентек болар. Жақсы, қайратты тентек болса, ол Исатайға еріп, Исатаймен бірге өлер еді. Болмаса, Исатай өлген соң салып ханға келер еді. Өзіңе келдім, кессең, басым мынау, ғапу етсең, өзің білесің», — деп жылар еді. Оның бірі де жоқ. Ол бір үй тентегі ғой, үй тентегінің тентектігі үзілмей жеті атаға кетеді», — депті. Ол тентек Жайық басы Қара деген кісі екен. Оның балалары Сұлтан, Жіті, Дүйсенбілер енді Исатайдың «Жеті аралы» хақында Байғана балалары мен Исатай балалары сол күннен осы күнге шейін айтыс-тартыста. Байғана баласы Құрманбай, оның баласы Қайырлы, Исатай баласы Дінбаян, онан Оттығали. Ханның балалары мен сұлтандардың сынауы дұрыс болып шығыпты.

### Махамбеттің әкесі Өтеміс би

Махамбет батырдың әкесі Өтеміс сөзге шебер би болған. Жақсы орта дәулетті, өзі инабатты адам болған екен. 1801 — 1802 жылдары Кіші жүздің кейбір рулары Бөкейді хан көтеріп, ресми түрде ішкі бетке өтуге рұқсат алып, көшіп, көлденең жатқан Жайық өзенінен өтуге бет алған. Жайық бойын мекен еткен күзетші есебінде қызмет атқарып тұрған казак-орыс әскері елді Жайықтан өткізбей: «Суды лай жасайсыздар, балығын үркітесіздер», — деп кідіртті, көп ел Жайық жағасында иіріліп қалыпты.

Сол кезде елдің уәкілі есебінде Өтеміс казак-орыс басшыларымен сөйлесіп, келісіп, шаңырақ басы бір еркек қой беретін болып елді өткізе бастапты. Елді жапатармағай жібермей, бір орыннан ғана жіберіп, Өтеміс өзі басында тұрып, бұрын келгенді бұрын, соңғы келгендерді соңынан өткізіп тұрыпты.

Бұл кезде хан-төре ақсүйек тұқымдары да өтпек болады. Олар мынадай кезекпен өтуді ар көріп, Өтеміске риза болмай, әрі көре алмай: «Өтеміс, сен неге тайраңдайсың? Қаншама талдасаң да, атаң Мәлі құл емес пе?» — депті. Сонда Өтеміс қысылмай-саспай төрелерге:

— Өзен, өзен, өзен су,  
Өзен суға қанған ит.  
Күнінде өзі болған жігіттің  
Түп атасын сұраған ит.  
Алдыңғы кісі соғым жейтін,  
Артқы кісі боғын жейтін.  
Төре болсаң, жөніңе төресің,  
Бірақ кезегің келгенде өтесің, —

деген екен.

### Махамбет пен Жәңгір хан

Жәңгір хан баласының туған күндерінің біріне арнап той жасапты. Тойда Махамбет атпен табақ тартып жүрген екен. Жәңгір хан Махамбеттің ру намысына тию үшін, тойда садақа сұрап жүрген Махамбетпен рулас адамды шақырып: «Махамбетке бар, сол сені тойындырар», — депті. Садақа сұраушы Махамбетке барып:

— Айналайын, Махамбет-ай, мен ашығып жүрмін, мені бір тойындыршы, — дейді. Махамбет аттан секіріп түсіп:

— Сақпардан келген ноғайдың баласы да хан болып отыр, күннен туғандар би болып отыр, біз де осындай болармыз, — депті де, садақа сұраушыны төрге ханның оң тізесін ала отырғызып, табақты хан екеуіне бірге тартыпты. Хан табаққа қолын сала алмапты, садақа сұраушы тойып шығыпты дейді.

### Исатай-Махамбет

Жеңіліске ұшыраған Исатай-Махамбет қолының азғана тобы Жайықтан өтіп, Тайсойғанға құлаған екен. Тайсойғанда Сәмбет дегеннің ауылына бірер күн қонақ болып, тағы ілгері аттанады. Әріректе әлім руынан шыққан Құдайберген деген бай адам тұрады екен. Әйелі байұлының қызы екен. Беріш руынан шыққан Исатай бір жағынан

жамағат тұтып, сол Құдайберген ауылына барыпты дейді. Құдайберген: «Қыстай қонақ болып жатыңдар», — дейді. Исатайлар сол ауылдан қар кетіп аттанады. Құдайбергеннің «тағы бір жұма бола тұрыңдар» дегеніне қарамастан, Исатайлар аттанып кетеді. Құдайберген ере шығыпты. Қар жаңа ери бастаған уақыт болғандықтан, ерте таситын Сағыз өзенінің суы көтеріліп кеткен екен. Исатай тобы жіпсіз байланып, кейін қайтуға тағы болмайды, бір жұма Барлыбай бекетін паналаған екен. Азық та таусылады. Су кішкене төмен түскен кезде Исатай тобы судан өтеді. Олар әлім руына қарай бет алады. Ол кезде адай мен әлім руы бір-бірімен жауласып отырса керек. Исатай тобы жақындаған кезде адайлар келіп қалады деп, әлім руының адамдары атқа қоныпты. Сонда Құдайберген топты тоқтатқан екен. Осы сапарда Исатай мен Махамбет адай мен әлім руының беделді билерін кездестіріп, екі ел арасын татуластырған екен. Бұл да бір халық үшін қан кешкен, азаттық пен теңдікті көксеген асыл азаматтардың адамгершілігінің куәсі болса керек.

### Тайман мен Бөкей

Мың сегіз жүз бірінші жылдары Нұралы ханның баласы Бөкей хандық лауазым алып: «Нарынға өтемін, ел аламын», — деп патшаға барады. Қасында Бабажанұлы Қарауылқожа болады. Патша: «Еліңді мың үйге толтыр, сонда ғана хан болып, өтуіңе болады», — депті. Ол үшін Бөкей құл алып, бала сатып алып, бір баланы бір үйге санап, мың үйге толтырған болыпты. Әр рудан бір старшина сайлап, олардың әрқайсысын да жүз үйден болу шарт болып, сонша үйге толтырыпты. 1801 жылы Бөкей мен Тайман түйе қамдап, Жайықтан бері өтіпті. Сонда екеуінің балалары Исатай мен Жәңгір он бесте екен. Тайман мен Бөкей қазіргі Новобогат, Чапаев селоларының Нарын құмы жағындағы Жалтыр көлінің жағасына келіп қоныстаныпты. Бөкей сол жерден орда салдырғысы келіпті. Бірақ ақылшылары: «Бұл жер теңіз жағасы, түпкілікті қоныс болмайды», — деп ыңғай бермепті. Сол жерде Бөкейдің шешесі қайтыс болады. Әлгі жерде «Бөкей шешесі» деген мола әлі бар. Оған тастарды Орынбордан алдырады. Кейіннен Тайман мен Бөкей Новобогат ауданындағы Заборунье селосының әр жағасындағы қазіргі Тайман моласы тұрған жерге көшеді. Бөкей әрі қарай көшуі керек болады да, Тайманға: «Екі баланы шақырып алайық, сенің балаң көқдолы ғой, оларға ақылымызды айтайық», — дейді. Мал сойып кеңесіп отырып, егер шапқыншылық бола қалса, бір-біріне қылыш жұмсасамсақа уәде етіп: «Қол — Алланың мөрі», — деп қол алысады. Бөкей әрі көшіп, Қызылобаға барып, қазіргі Орал облысының жерінен орда салдырады. Кейіннен Орданы шаба барғанда, Исатайдың Махамбетке: «Алланың мөрі деп қол алысып еді, аталарыңды шаппайық», — деуі содан деседі.

## Исатай мен Жәңгір ханның қарсы болуы

Беріштің басты адамдары Исатайды ертіп ханға барады. Хан олардың жұмысын сұрайды. Барған басшы адамдар Балқы бидің орнына Исатайды би етіп тағайындауын сұрайды. Хан Исатайға қарап тұрып сынайды. Содан кейін барған беріштің басшыларына:

— Жігіттерің сырты қысқа, бауыры жазық, жүргіш болғандай екен, — дейді. Исатай тұрып:

— Жүргіш болсам, қызметің жылдам бітер. Ашулы болсам, көңілім келсе, күлдіремін, көңілім келмесе, бүлдіремін, — депті.

Сонда хан тұрып:

— «Әр ханның тұсында бір сұрқылтай болады» дейтін еді, менің заманымдағы сұрқылтай осы болмағай еді. Халық басшылары алып келген соң, мұнда болсын! — деп алып қалады. Содан кейін Исатай жұмысқа араласып жүреді. Бір күндерде хан бесін намазын оқиын деп мешітке жүргенде, Исатай үстіне қара құлын терісінен тіккен жарғағы бар, басында қара бұйра бөркі бар, орамның екінші бетімен ханнан озып мешітке қарай жүре беріпті. Хан Исатайдың мұнысын көтере алмай:

— Мына Исатайдың қара тазыға ұқсап сылақтап жүрісін-ай! — дейді. Сонда Исатай тұрып:

— Хан! Алдыңды сылақтаған қара тазың болса, артыңда он екі төбетің болса, саған қасқыр шаппас, — депті. Исатайдың бұл сөзіндегі «он екі төбетің» дегені ханның қасындағы он екі биді айтқаны екен.

Хан үнемі қарсы келе берген соң, Исатайды жұмыстан қалдырып, босатып жібереді. Түрлі жерде айтқан қарсы сөздері үшін тоқсан атан айып тарттырады. Сонан кейін аралары ашылып, ауа көтеріліп кетеді.

## Махамбет пен Баймағамбет

Махамбет Өтемісұлы Исатайдан айырылып жалғыз қалып жүрген кезде, Баймағамбет хан Махамбетті шақыртады. Сұрау, аман-сау алып отырғаннан кейін Баймағамбет оған:

— Ай, Исатайдың жауға алынарын, өзіңнің қаңғырып қаларыңды білмедің бе, ханыңмен қалайша араз болдың? Қане, баян етші, — дейді. Махамбет оған:

— Ей, Баймағамбет, Тәңір ғалым болса, елге білім береді. Тәңір жауыз болса, елге бүлік түседі, атаңа нәлет өздеріңдей жауыз хандардың, қарны жуан билердің елімізге бүлік түсіргенін, Исатайдың жауға алынғанын, менің қаңғып қалғаным сол еді, — дейді.

— Ей, Махамбет, өз еліңе сыймадың, Маңғыстауға сыймадың, енді аспанға қыстаймысың? Жер бетінде саған енді орын жоқ, — дейді. Жауап:

— Ей, Баймағамбет, аспанда жаңбыр бар дейді, Еділде қалмақ бар дейді, Жайықта казак-орыс бар дейді. Нарыннан хан төре қонысы бар

ма еді? Кел, Жәңгірді шауып өлтірелік деп едім, Исатай ерік бермеді, өздеріңдей жауыз хандардың көзі сірә көрмеді, — дейді. Сұрау:

— Ей, Махамбет, тағы не айтасың, сені жырау дейді, біраз жырлашы, — дейді. Жауап:

— Иә, Баймағамбет, менің тілім екі айыр, біз біреуін көріп жатсақ, ханмын деп қайтесің? Мен қаңғырмын деп қарап отырмаспын, сенің басыңды кесем дермін, сен сықылды қаңғып өлсе, ештеңе етпес. Өздеріңдей жауыз хан өлсе, дүние бітпес. Мен — аспаңдағы жұлдыз, Баймағамбет, қолың жетпес! Атаңа нәлет хандардың, жауыз құрбылардың айтқан сөзі естен, сірә, кетпес, — дейді. Сонан кейін мұнар-мұнар күн де басталып кетеді.

### Махамбет пен Жәңгір хан

Исатай-Махамбет төремен тату кездерінде Махамбет пенен Бекмағамбетті сөзден жыға алмай жүреді, ханның қай билері болмасын бұлардың алдында қайбыртып сөйлей алмайтын болады.

Бір күні Жәңгірдің үйіне қайын атасы Қарауылқожа келеді.

— Шырағым, Жәңгіржан! Сен мына екі итті құтырттың ғой, не ойлап отырсың? Қандай іс қаралса да, Махамбет пен Бекмағамбеттің сөзін қаулы-қараға аласың, басқамыз сөйлеп-сөйлеп босқа қаламыз, сонан бері тақ құтырды ғой, — дейді Қарауылқожа.

— Ойбай, ата! Ол екеуін сөзден жығамын деп жүргенде, олардан өзім жығылып қаламын. Олардың сөзін қаулыға алатыным рас, олар айтса, заңға ойыстырып айтады, — дейді Жәңгір.

— Жоқ, шырағым, «ханда қырық кісінің ақылы болады» деген, қалай да бір сөз табарсың, — дейді Қарауылқожа.

— Жақсы, олай болса, кеше осында бір ала қоржын арқалаған қызылбас қомық жүр еді, соны тауып келтіріңіз, — дейді.

Келген соң хан Қомыққа:

— Ертең осы үйде жиылыс болады. Соңғы жағынан бір-екі адам келеді. Соның ішінде ақ қалпақ, қызыл мақпал ішік киген адам кіріп келгенде, ұшып тұрып мойнынан құшақтап: «Қайран бауырым-ай! Сіз де осы үйге келеді деп күтіп отыр едім» де. Мә саған соның үшін, — деп бес сом қаржы береді.

Жиылыс болады, Бекмағамбет төрге барып жайғасады, Махамбет аяқ киімін шешіп кідіріп қалады. Уәде бойынша Қомық ұшып түрегіліп, Махамбеттің мойнынан құшақтай алып: «Қайран бауырым, сіздердің осы үйге келетініңізді күтіп отыр едім!» — дейді.

— Иә, бұл Ордаға қаңғып кімдер келмеген? Қалмақ та, сарт та, ноғай мен қазақ та келген, келіп күнін көрген. Соның бірі болып сен де күніңді көрерсің, жібер, — дейді Махамбет.

Орнына барып отырып:

— Иә, шырағым-ай, жоқ болса, кім жақсы? Жүдеп қалған екенсің, кешегі бір күндерде сен де бір сарт пенен ноғай, қазақтардың ортасына отыруға жарайтын бала едің-ау! Шақыршы менің қойшымды, апаршы біздің үйге мына пақырды. Бәйбішеге айт, мынаны жақсы етіп киіндірсін, содан соң маған жіберсін. Мен бұл пақырды баяғыдай сарт пенен қалмақтың арасына отырғызып, төбесін көкке жеткізейін, — дейді Махамбет.

Жәңгір, Қарауылқожа, Шомбал би — бәрі жер шұқып отырып қалады.

### Науша батыр туралы

Кіші жүз Он екі ата байұлының Байбақты ауылында Әлтеке тайпасының Назарымбет атасынан Наушаны Кіші жүз түгелдей, Ұлы жүздің батыс бөлігі түгел біледі. Оның өмірі XVIII ғасыр ішінде өткен. Науша сәби күнінде-ақ ата-анасынан жетім қалып, ел қаңғырып тентіреп жүріп әлімнің шекті атасындағы бір асқан байға тап болады. Оның қозысын бағып он бес-он алты жасқа жетеді. Байдың бірнеше жүздеген жылқысы болады, сол заманның ағым-салты бойынша жылқыға жиі-жиі ұры-қарақшы тиіп, жылқышыларын ұрып жығып, жылқыны шетінен бөліп әкете береді. Бір күні Науша байға: «Ата, рұқсат етсеңіз, мен жалғыз өзім-ақ жылқы бағуға шығайын деп едім», — дейді. Бай: «Балам, жылқыға күнде ұры тиіп әкетіп тұр, жылқышыларды ұрып жығып тұрған ұрылар саған әл бере ме? Сен — баласың», — дейді. Қайта-қайта сұрана берген соң, бай рұқсат етеді. Сол кезде Науша байға көрсетпей өрімшіге он екі таспадан алты топшы шығартып, сегіз тұтам дойыр өргізеді. Ұстаға айбалта соқтырып алады. Бала бір жақсы атты мініп, балғаны дорбамен ерінің қасына іліп, қамшыны қолға ұстап, жылқышыларды түгел қалдырып түнгі күзетке шығады. Айтқандай-ақ, түнде үш ұры келіп жылқыға тиіп, шетінен бөліп айдай береді. Бала да арттарынан қалмайды. «Ағалар, жылқыны тастаңыз, мені баласынбаңдар», — деп ере береді. Ұрылар: «Бала, қал, қорлық көресің», — деседі. Науша алдында қатар келе жатқан екі ұрыны қамшысымен екі ұрып аттарынан құлатып түсіргенде, алда келе жатқан ұры қашады. Бала оны да қуып жетіп, атынан домалатады да, аттарын жылқысына қосып айдап кері кете береді. Үш ұры қып-қызыл қан болып Наушаның артынан келген соң, Науша үшеуінің де қол-аяқтарын буып, бір шұңқырға тастайды. Күндегісінен ертерек үш ұрымен қосып ауылға айдап келіп, байға, бүкіл суат басындағы елге көрсетеді. Ел адамдары болып байға: «Сен бұл балаға қозы баққызба. Енді мұны отау тігіп, қыз әперіп, қолбала қыл да, жылқыға шығар», — деген соң, бай солай қылады. Мұнан кейін байдан да, айнала елден де бір тағалы тай ұрланбастан тыныш болады. Наушаның әлім іші мен байұлы ішінде отырғанда Науша деген атағы жайыла береді. Науша бір-екі жыл тұрған соң,



байдан рұқсат алып, еліне барып әріптес, тумаларын тауып, танысып-біліседі. Тумалары «өзімізге көшіп кел» деп тілек қылған соң, Науша қимастан уәде беріп қайтады. Ауылына келіп байға айтса, бай рұқсат бермейді. Тағы бір жыл жүреді. Ел жиналып, байға: «Сен рұқсат ет, қарақұладан қақ жарып бұған енші бер, бізге де алдағы уақытта көзін сала жүрсін», — дейді. Бай баладан бұйым сұрайды. Бала:

— Бір де бұйымтай жоқ. Маған отауымды артатын екі нар, екі бұзаулы сиыр, көшіріп апаратын екі жігіт бер, — дейді. Бай бір айғыр үйір жылқы, жүз қой беріп:

— Тағы да қалағаның болса, ал, қолыңнан қақпаймын, — дейді. Науша:

— Ата, жылқыңда қалайтын бір атым бар еді, берсеңіз, — деген соң, бай «ал» деп рұқсат қылады. Науша байды ертіп, түнгі күзетке шығысады.

— Ата, мен ерімді алып жылқының ортасына жатамын, мені қай жылқы келіп иіскесе, менің қалағаным сол. Сіз аттан түспестен сол иіскеген жылқыны байқап қалыңыз, — деп ер-тұрманын сыпырып, жылқының ортасына жата береді. Бай аттан түспей, айнала күзетіп жүре береді. Наушаны үстінде жабағы жүні түспеген тайдан құнажын шығар, бір арық көк байтал келіп иіскейді де, таң атқанша кетпестен Наушаның айналасында оттайды да жүреді. Таң атқан соң байдан сұраса, бай көрмей қалыпты, Науша:

— Мені осы көк байтал иіскеді, менің алатын қалағаным осы, — депті. Бай:

— Шырағым, бұл тым қораш қой, бір жақсырағын ал тағы, — дейді. Науша:

— Ата, бұл көк байталға құлын күннен назарым түсіп жүретін, осы маған ат болады, — депті. Ертеңіне бай бір айғыр үйір жылқысымен қоса жүз қой, екі бұзаулы сиыр, екі нар, апарып салатын екі жігітін даярлап, елдің көп адамдары болып Жайыққа дейін Наушаны апарып салады. Бай Наушаны қимай жылап-еңіреп, Наушаға разылық батасын беріп айырылысады.

Науша еліне келген соң, елден елу жігіт ат-тұрман, қару-жарағымен түгелдеп, ел шетінде жата береді.

### **Исатай батыры Науша туралы**

Жәңгір хан уәзірлерімен өзінің найзагер бір батыры Сыйлыбайдікінде отырғанда, Исатай, Махамбет және Науша үшеуі сонда келеді. Сыйлыбайдікіне кіріп келіп, үшеуі де ханның жанына барып отырады. Сонда Сыйлыбай Науша батырды кемсітіп:

— Науша, мұнша бойсыз, сойсыз және көріксіз болып қайда қалдың? — депті. Сонда Науша оған:

— Мен бақыт базарында қалдым, — депті. Сонда Сыйлыбай оған:

— Келесі жылы қыркүйектің бас кезінде екі адаммен еліңді шаба барам. Сен де екі кісімен мені тос, сол уақытта сынасармыз, — депті. Сол жерде екеуі қол алысып, жолығысуға уәделесіп кеткен екен. Келесі жылы сол айтылған уақытта екеуі кездеседі. Сыйлыбайдың найзасы ұзын болған да, Наушаның найзасы қысқа болған. Бірақ ол шылбырға байлап лақтырады екен. Сол кездескен жерде екеуі найзаласқанда, Науша Сыйлыбайдың найзасын қағып жіберіп, иегінің астынан найза түйреп өлтірген екен.

Келесі күзде ханды жақтаушы Сыйлыбайдың ауылын шаппақшы болып Махамбет, Исатай және Науша үшеуі жолға шығады. Бұлардың келіп шауып алатынын білген Сыйлыбай ауылы тау-тауға қашып босып кетеді. Бұлар бірнеше күн елді таба алмай келе жатса, алдарынан үш қос көрінеді. Қосқа келіп сұрастырса, адамдарына жара шығып ауырғандықтан, көшке ілесе алмай қалып қойған екен. Бұлар ауырып жатқандардан сескеніп, онда қонбай, даладағы молаға барып қонады. Сол қонып жатқан түні Наушаға жара шығады. Исатай Наушаны таң атқанша алдына алып отырады. Осы шыққан жарадан Науша сол жерде өледі. Науша өлген соң, Исатай Махамбет екеуі кейін ауылдарына қайтып кетеді.

### Науша батыр мен Сыйлыбай

Әлімнің шекті руында аты шыққан Сыйлыбай деген бір батыр болады. Сырттай Наушаның атағын естіп, оның бақытын күндеп, өлтіргісі келеді. Бұл сырды Науша да есіте жүреді. Сыйлыбай мен Наушаның араларына шағыстыру сөздер де көбейеді. Шектінің ел ағалары болып: «Бұл екі батыр кездесіп бір-бірін жазым қылар, бұларды халық болып үй тігіп, әдейі шақырып, таныстырып, достастырып жіберейік», — деп ұйғарысып, той есебінде үлкен жиын жасап, екі батырды шақырады. Сыйлыбай өзіне ерген жолдастарымен арнаулы үйге түседі. Науша соңырақ келеді. Наушаны да ел қарсылап алып түсіріп, Сыйлыбай үстіне алып келе жатқанда: «Сыйлеке, Науша інің сізге сәлем берем деп келеді, басыңызды көтеріңіз», — деседі. Сол мезетте Науша Сыйлыбайдың аяқ жағында тікесінен тік тұрып қалғанын көреді. Сыйлыбай аяғын жиымастан, басын көтере беріп Наушаға қарап:

— Қазақ не болса соны «батыр» деп мақтай береді-ау! Адам сүдіні жоқ қошқардың сыңар домалағындай бірдеме ғой. Мен мұндай адамға қол бермеймін, — деп жата береді. Науша Сыйлыбайға қарап:

— Ә, Сыйлыбай! Тым асқынып кеткен екенсің, асқанға тосқан. Алдағы көктемде, нәсіп болса, етіңді елсіздегі қарға-құзғынға жем қылармын, — деп үйден шығып, жігітімен тойға тоқтамастан аттанып қайта береді.

Сыйлыбай келесі көктемде әскерімен Жайықтан өтіп, байұлынан көптеген мал, төрт-бес қыз шауып алып қайтады. Науша ол уақытта елдің басқа жағында күзетте екен.

«Сыйлыбай Жайықтан бермен өтеді дегенше дереу маған хабар беріңдер», — деп, елге тапсырып қойған екен. Ел Сыйлыбайдың жорығын Наушаға дереу хабарлайды. Науша елу жігітімен қуып, Жайықтың ар жағында қарасын көреді. Сыйлыбай астында боз арғымақ, басында ақ қалпақ, үстінде ақ киім, қолында сабы сырықтай найза, ұшында ақ жалау, жол тосып кедергіде тұр екен.

Науша жігіттеріне:

— Сыйлыбаймен кездескен жерімде Сыйлыбай мені аттан түсірсе, сендер бас амандап қашыңдар, әйтпесе Сыйлыбай бәріңді қалдырмастан қырады. Атынан Сыйлыбайды мен түсірсем, сендер жау әскерін қуа беріңдер, — деп тапсырыс қылады.

Науша мұнарадай болып тосып тұрған Сыйлыбайға қағылмастан жанынан шауып өте бергенде, Сыйлыбай да қабырғадан қуа қосылады. Науша екі-үш арқан бойындай оза беріп Сыйлыбайға бұрылып, қарсы алдынан тік шауып, Сыйлыбаймен айқаса түскен.

Сыйлыбай найзасын сермегенше, Науша оның найзасының сабын сындырып, Сыйлыбайды сол жақ шықшыт астынан түйреп түсіре алмаған соң, айбалтасымен маңдайдан шапқан екен. Оның сол жақ бас құйқасын құлағымен аудара түсіріп, Сыйлыбайды атынан құлатып, ілгері кетіп бара жатқан жау артынан шаба берген Науша жаудан малын, жесірін қайырып қайта келеді. Келгенше, кейінде қалған Наушаның жеті жігіті Сыйлыбайдың құлақ-мұрны мен ернін кесіп тастапты. Науша жігіттеріне:

— Ерді мұнша неге қорладыңдар? — деп ренжіп жатса, Сыйлыбай Наушаға:

— Мен бұл жарадан өлмеймін, сенімен әлі де болса жекпе-жек бір кездесермін, — дейді. Науша жігіттеріне шаптыртып тастайды. «Сыйлыбайдың өлімтігін өздері алмай, өзгеге де алдырмай, елсізге тастатып, ит-құсқа жем қылады деседі. Наушаға елі сөзіне жетті деп риза болыпты.

## Жалбыр батыр

Жалбыр — Бөрібай батырдың кенже баласы. Жалбыр туғанда өте кішкентай болып туылыпты. Бөрібай баланың нәзік, кішкентай боп туғанына көңілі толмай, өзінің қарттығын (Бөрібайдың жасы 82-де екен) еске алып: «Әй, тірі болса, бұл да бір адам болып шығады да», — деп, атын Байсал қойыпты. Жалбыр туғаннан күн санап өсіп, бес жасында жиырма жастағы жігіттей алып денелі болады. Ол кезде қазақ елі «жеңген алады» дейтін жаугершілік заманда ел шетіне жау тиіп, «Аттан!»

деген қорқынышты ұран шықса, халықтың іске жарайтын ер-әйелдері тегіс аттанып, жауға қарсы шығады екен. Жалбыр он жасында-ақ көптен қалмай, қолына түскен тай-тулақты жайдақ мініп, жауға қарсы шаба беріпті.

Баланың алып денелі, айбарлы талабына риза болған әкесі Бөрібай батыр Жалбырды он екі жасында арнаулы атқа мінгізіп, тал жібектен тығыздап тоқытып, асыл темірден оймақтатып жеңіл сауыт кигізіпті. Шешесі жылқыдан Ақбоз ат алдырып мінгізіп, үш құлаш қыл шылбыр есіп байлапты. «Балам жаудан жаралы қайтса, аққан қызыл жарастық. Балам аттан құласа, ұзын шылбырдың бір шетін беліне байласа, сүйегі жауда қалмас», — депті. Жалбыр қару-жарақ ұстауға ұқыпсыз. «Аттан!» деген дауыс шыққанда, орнынан тұрып атқа қонып жүре береді екен. «Батыр, қолыңа қаруыңды алсайшы!» деушілерге: «Сол шіркіннің өздері де құр қол келмес», — деп, жаудың өз қаруын өзіне жұмсармын деген оймен кете береді екен. Айтқанындай, соғысқа кіргенде, қарсыласқан жаудың найзасын тартып алып, қайыра жаудың өзіне жұмсайды екен. Бір қатты соғыста Жалбыр ауыр жаралы болып келгенде, әкесі қарт Бөрібай:

— Жалбырдың жарақаты алдынан болса, ауылға алып кел, артынан болса, әкелмендер, далаға тастаңдар, ол жаудан тайып, қашқан. Қорқақ неме тумай кетсін! — депті. Хабаршы жігіт:

— Батыр ата, омырауында үш найза ұңғысынан сынып, қадалып тұр, — депті. Бөрібай батыр:

— Жарайды, оңаша үйге кіргізіп жатқызыңдар, өзім барып көремін, — депті.

Жалбырды әкеліп жатқызған соң, сексен алты жастағы қарт Бөрібай барып, қадалған найзалардың ұңғысын, қыл шылбырды мықтап байлап, қол күшімен біртіндеп суырып тастағанда да Жалбыр қабағын шытпапты.

## Үбі батыр туралы

Руы масқар Халба дейтін адам алдымен Исатай мен Махамбет көтерілісшілері жағында болады. Соңынан ханға сатылып, Махамбетті өлтірушілердің бірі болыпты.

Исатай — Махамбеттің жан серігі, беріш руынан. Үбі батыр қасында ысық руынан Оразымбет дейтін жолдасы бар, Жайық өзенінің сол жағында жайлауда отырған тана руынан Шымыр деген ишанның үйіне түсіп отырады. Шай ішіліп, қой сойылып жатады. Сол кезде ишанның қойшы баласы жылап келіп:

— Жаңа бір қойымды екі атты кісі итаршы алып кетті, — дейді. Сонда ишан:

— Ah! Кеше осы маңда Халба жүр деп еді, сол болмағай, — депті.

Сол-ақ екен, Үбі асын қайырып:

— Бұйырса, қайтып келіп жерміз, асты пісіре беріңдер! — деп атқа қонышты. Оразымбет бірге кетіпті.

Қойдың етін пісіріп отырған Халба Үбіні танып қалып қаша жөнеледі. Астында тоқпақ жалды торы аты бар Үбі артынан қуады. Көп ұзамай-ақ құтыла алмайтынын білген Халба бір ауылға қашыпты. Ауылға келіп аттан түсе қалғанда, Үбі де аттан түсіп, найзалап өлтіріпті.

Соңынан Оразымбет: «Халбаны шалқасынан түсіріп, нақ жүректің тұсынан шаншыпты. Жүректен атып шыққан қаннан қос алақанын толғырып алып екі-үш рет ұрттап жұтып жіберді. Оны көріп тұрған мен құсып жібере жаздап қалдым. Қайта келіп Шымыр ишанның үйінен тоя ет жеді. Менің жүрегім әлі айнып, еттен шақ ауыз тидім», — депті.

Бұл Исатай-Махамбет көтерілісінен кейін Халба халықтан қашып, Үбі хан, губернатордан қашып жүрген кез екен.

### Кенесарының дулатқа келуі

Кенесары өз заманында жаннан асқан ер болады. «Қазақты орысқа бермеймін» деп Сарыарқада соғыс салды. Ақмоланы, Ақтауды, Адырлы қалаларын алып, солдаттарды қойдай қырды. Бірақ жер-дүниені алып қаптаған патша әскері азаймады, күн сайын көбейе берді. Зеңбірегін сүйретіп, Кенесары, Наурызбайдың соңынан қалмады. Қазақтың Көкшетау, Есіл, Нұра, Баянауыл, Қарқаралы сияқты жақсы жерлерін тартып алды. Елді қойға тиген қасқырдай талады. Кенесары, Наурызбай сол таланған елді қорғаймын деп, қасына мың сан батыр қол ертіп жүрді. Бірақ Кенесары жағадан алған жаудан жеңілетін ер ме еді, ол етекпен алған «иттерден» жеңілді ғой. Қазақтың алауыздығы оңған ба, «Кенесарының тілеуіндемін» деп жүрген байлардың, төрелердің барлығы да патша әскеріне болысып кетті, елдің ішіне іріткі салды. Олар патшадан шен-шекпен алды, аға сұлтан болды.

Сөйтіп ел іші өзара бірлігі кетіп, ынтымағы жойылған кезде патшаның солдаттары Кенесары, Наурызбайды Сарыарқаға тұрғызбай, мазасын ала берді: ауылын шапты, мал-мүлкін талады, қатын-балаларын тұтқындады. Ақырында Кенесары Ұлы жүзге — Алатауға қарай бет алып көшті. Әуелі Балқашта, Іленің қамауында, жалайырдың шетінде жатты. Бұл жер жұрттан шалғай еді. Орыс әскерімен белдесуге күш жию керек. «Қамауда жатып хал болмас, Қасыңа қалың ел қонбас», — дейді. Кенесары соңынан ерген елімен, батырларымен Ілені кесіп өтіп, Шу бойын өрлей көшпеді ме? Сонан Қордайда шапырашты Тойшыбек батырдың ауылына тоқтайды. Атағы жер жарған Кенесары, Наурызбай келеді деген соң, Ұлы жүз дулат бірі қалмай жиналды, күні-түні Кененің ауылын босатпады. Дулаттың батыры Сыпатай да, шапыраштының ерлері Саурық, Сұраншы да, қоңыраттан шыққан Байзақ та, төре Рүстем де

қалмай келеді. Кенесары екі күн ұдайы ешбір адаммен сөйлеспей, маңдайын ұстап, ауыр ойланып, төмен қарап отырып алды. Рүстем төре де, Сыпатай батыр да Кенесары отырған ақ боз үйдің алдынан анадай жерден түсіп, «алдиярлап» қолын қусырып рұқсат сұраудан басқа бір ауыз тіл қатуға бата алмаған. Келгендердің бәрімен Наурызбай ғана сөйлескен. Сонда он тоғыз жасар жас батыр Сұраншы атының басын Кенесары отырған үйге тіреп тұрып, есіктің маңдайшасын көтеріп, былай депті:

— Хан бетін басып, бетін тұқырып неге төмен қарай береді? Біз ұялшақ қатын көргелі келгеніміз жоқ, ондай қатындар ауылымызда жеткілікті. Біз ел бастаған, жау жасқаған батырды көргелі келдік, — депті. Сонда Кенесары басын жұлып алып:

— Уа, ерім екенсің ғой, атыңнан түсіп, жоғары шық! — депті.

Сұраншыға оң тізесінен орын беріпті. Сонан кейін барып Сыпатай, Рүстемдер де «Алдиярлап» үйге кірген екен. Бірақ Кенесары олардың бірде-біреуімен жылы сөйлеспей, өзінің үйіне баса көктеп кірген ер жігіттермен ашылып сөйлесіпті. Он жеті жасар Байсейіт батыр да атымен құйғытып шауып келіп, Кенесарының отырған үйінің дәл табалдырығының алдына тоқтапты. Әкесі Тойшыбек:

— Бұл не бейбастақтық, сен ханды басынамысың? — деп, шыға келіп ұрысқан екен, Байсейіт кимелеп:

— Мен хан деп келгем жоқ, батыр деп келдім, батырдан батыр қорықпайды, — деп, үйге кіре беріпті. Кенесары бұған да оң тізесінен орын берген. Кенесарыға еріп келген өңкей батырларға Жетісудың кілең айбынды ерлері қосылып, Алатауды сілкінткендей бір қалың қайратты қол құралды.

### **Кенесарының рақымсыздығы мен кеңшілдігі**

Кенесарының рақымсыздығы да өлшеусіз, кеңшілдігі де өлшеусіз дейді. Мысалы, рақымсыздығы мынау: қытай, орыстың шегарасында жатқанда, бір күні Кенесары бес-алты кісімен сейілге шығып, бір жас-өспірім бала жігітке кездесіпті. Әлгі жігіт «жау ғой» деп, «тоқта» дегенге тоқтамай қаша жөнеліпті. Кенесары жолдастарымен қуып, жігітті ұстап алып, сол кезде басын қылышпен шапқызып, өлтіртіп жіберіпті.

Ол жігіт бір байдың жалғыз баласы екен, бір үйір қысырағы жоғалып, жоқ қарап жүрген. Жазығы — қорыққанынан шақырғанына қайырылмай қаша жөнелгені.

Кеңшілігі мынадай: Кенесары жолаушы кеткенде, әйелінен бір жігітті ұстап алып, Кене келгенше байлап қойыпты. Кене келгенсін шештіріп қоя беріп, екі-үш күннен кейін әлгі жігітті шақырып, жоғары шығарып, тойғанынша қымыз беріпті. Жігіт тойған соң, «ішер жерім жоқ» деген екен. Кене: «Тойып ішер жерің жоқ болса, енді бұдан былай тою керек, тойғасын қою керек», — деп, басқа ешнәрсе демей қоя беріпті.



## Кенесарыны өлімнен айырып қалған екен

Кенесарының бір әйелі орыс патшасының қолына түсіп қалыпты. Сонан кейін Кенесары Атбасар қаласын шауып, екі жүз орысты ұстап алып, қаланың алғашқы салған орнын жоқ қылып, өртеп жіберіпті. Кенесары орыстан тұтқын ұстағанда қас қарая көшіп, шолпан туа елді қондырып, солай екі-үш көшкен соң, тұтқынды бос қоя беріп, отын тасытқызып, от жаққызып, жұмыс қылдырады екен. Бұрын көрмеген жерлері болған соң, қайдан келіп, қайдан тұрғанын біле алмай, басы айналып, қаша алмайды екен.

Сол тұтқын орыстардың өздеріне жаздырып, патшаға: «Менің әйелімді қайтарып берсең, мен қолымдағы тұтқындарды аман-сау түгел босатамын. Өзім саған шарт қойып бағынамын. Бір жылға шейін әйелімді қайтармасаң, қолымдағы бар орысты бірін қаладырмай қырамын», — деп хат жолдайды. Осы жазуды патшаға жеткіз деп хатты беріп, бір орысты Атбасарға апарып тастайды.

Ол хатты поштамен патшаның қолына тигізеді. Патша хатты алған соң мақұлдап, әйелді көп сыймен қайтарып қоя береді. Әйел елге келгенде, жұрт ханның ордасына жиналып, ханыммен амандасып, біреулер: «Орыс халқы қандай ел екен?» — деп сұрайды. Ханым: «Орыс деген өнерлі ел болады екен», — дегенде, Кенесары әйелді көзімен атып жібере жаздапты. Әйел басқа сөз айта алмай, патшаның жіберген қымбатты сыйларын шығарып, сала бастайды. Ел берген сыйларға разы болып, көріп отырғанда, ханым сыртына көз тұрмай құлпырып тұрған бір көк шұбар сандықты алдына қойып, қалтасынан кілтін алып: «Осы сандықты патша өз қолынан беріп, кілтін ашқанда хан өз қолымен ашсын деп, тапсырып беріп еді», — деп, кілтті ханға береді. Кенесары ашуға ыңғайлана бастағанда, оң жағында отырған Ахметжан Кенесарының кілт ұстаған қолын ұстай алыпты. «Тақсыр, осы патша бізбен басында қас еді ғой, абайлап ашсақ қайтеді?» — деген екен. Кенесары тоқтай қалып, түрулі тұрған есіктің дәл алдынан, анадай жерде көрініп тұрған төмпейдің үстіне сандықты қойғызып, өзі үйдің төрінде отырып, садақпен көздеп тұрып тартып қалғанда, сандық тарс етіп атылып кетіп, төмпейді көтеріп тастап, өзі қайда кеткені белгісіз, жоқ болып кетіпті.

## Наурызбай батыр

Қырғызда манап дейтін болады екен. Манап болатын себебі, қырық жігітке қатын алып беріп, мал малдандырып, жан жандандырады екен, сонан соң оны манап дейді екен. Сонда қырғызда Жаңғараш, Жантай екеуі де манап екен. Жаманқара да манап екен. Жаңғабыл, Тілеуғабыл екеуі де манап екен. Жаманқараны елшілікке келген кезінде Наурызбай өлтірген. Өздері қашпаймыз деп қолға түскен соң,

Жаманқараның бодауына Кенесары ханды Жаңғараш алған екен. Жаңғабыл манапты соғыста тағы Наурызбай өлтірген екен. Соның бодауына деп Наурызбайды Жанғабылдың ағасы Тілеуқабыл алған екен.

Сол уақытта қырғызда Алатаудың күнгей бетінде Орманхан деген хан бар екен. Сонан қырғыздар манаптарын жіберіп ақыл сұраған екен. Сонда Орманхан: «Кенесары, Наурызбайға біздің барып соқтыққан жеріміз жоқ. Өздері келіп қолға түсті. Оны манаптар күшіміз асқандықтан болды демесін. Құдай мен аруаққа төрелердің өздері ұшырады, сонан болды деп білсін. Өздерін өлтірмесін. Бұрынғының «қарадан хан қойса, қасиеті болмайды, үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды» деген сөзі бар еді. Қайта өздері икемге келсе, ынтымаққа көнсе, күллі қырғызға хан көтеремін. Мен соның тыныш тұруы үшін хандығымды соларға берейін. Болмаса, біріміз күнгейде, біріміз теріскейде тату-тәтті болып тұра берейік. Егер де икемге келмесе, ынтымаққа көнбесе, күтіп-құрметтеп сақтасын. Өз ажалынан өлмесе, менен ақыл сұрағандары шын болса, өлтірмесін, оның қалған елін барып шаппасын, қатын-баласын олжаламасын. Осы өздерінің қолға түсіп пенде болғанын қанағат қылсын да тұрсын», — депті дейді.

Сонан соң қырғыз Орман: «Өз басы аман болған соң, аузына не келсе соны айта береді. Біздің Жаманқарамыздан артық па? Кенені өлтіріп тастаңдар», — дейді. Қылыш шабамын деп ең алғаш қол көтерген қырғыз қолын көтерген бойымен сіресіп қалады. Оның өзінен әл кетіп, шаба алмай қалғанын сезбей, жанында тұрған бір есерсоқ арсалаң қылышты жұлып алып, Кене ханның мойнына салып жібергенде, Кене ханның басы да жерге түседі, шапқан батырдың өзі де сылқ етіп құлай кетеді. Қараса, табанда жаны шығып кетіпті. Үйіне көтеріп алып барған екен, өлтірушінің үй ішіндегі қатын-баласы жалп ете түседі. Сонан соң қырғыз халқы Кенесары ханды өлтіргеніне көп пұшайман болысты дейді. Сол өлтірушілердің тұқым-тұқымы бұл күнге шейін быт-шыт болып тозып кетті дейді. Жантай өлтірген кеңестің ішінде жоқ екен. Өлтіргендерін де оңды ұнатпаған екен. Бас терісін сойдырып, орыс жұртына жіберген екен. Сол үшін Шабдан Жантаев, Қарабековтер Ресейге құрметті кісі болып сұһрат<sup>1</sup> тапты.

Кенесарының Ахмет дейтін баласы император ағзамның таққа отырыс мәжілісіне барғанда, Шабдан да болған. Сонда Шабдан бір сөз сөйлегенде, Ахмет төре: «Бұл мәжілісте қолынан да, тілінен де келетұғын ғаламнан озған алаяқтардың сөйлегені жарасады. Тілі жоқ сақау, қолы жоқ шолақ, аяғы жоқ мешел сықылды қырғыз, қазақтың баласы едік қой, екеуіміздің мінгесіп кісі болып жүргеніміз бір өлген өліктің денесі ғой», — депті. Сонда Шабдан дәнеме дей алмапты дейді.

Тілеуғабыл манап Наурызбайды інісінің бодауы үшін көп қырғыздың ортасынан жеке өзіне меншіктеп алады. Сонда қырғыздарға айтады

<sup>1</sup> Сұһрат /араб/ — атақ, даңқ, мәртебе.

дейді: «Мұны өлтірсем, неге өлтірдің демендер. Өлтірмесем, неге өлтірмей қойдың демендер. Інім үшін маған бердіңдер ғой, ықтиярым өзімде болсын». Үйіне алып барған соң төреге: «Өлер інім өлді, сені өлтіргенмен ол тірілмейді. Сені тайдай талтүсте жөнелтсем, тамам қырғыз соңыма түсіп, өзімді бұл Алатауда тірі қоймайды. Сені мен түнде жіберейін. Менің атымды мін де, киімімді ки де, түнде қаш. Сені ешкім қуып жетіп түсіріп ала алмайды. Мен риза, Құдай риза, маған сенің өлмегенің керек», — дейді. Сонда Наурызбай: «Кенесары, Наурызбай қолға түсіпті де, Кенесары өліп, Наурызбай қашып кетіпті» деген сөз өлімнен гөрі маған жаман атақ. Менің бұл атақпен тірі болып үйге барғаннан да өлгенім артық. Жиырма беске жеткенім жоқ, бірақ жүз жасаған кісінің сүретұғын дәуренін сүрдім. Тіршілік пен бұл жалғанға менің арманым жоқ», — депті.

Өлтіруге көзі қимай, Тілеуқабыл Наурызбайды үш ай — тоқсан күн сақтапты. Қырық жігіттің отыз тоғызын өлтіруге ыңғайлапты да, манаптың өзі басы қатып, бір жігітті сол үшеуі ортасына алып жатып жүріпті. Ақырында Тілеуқабыл өзі бір жаққа кеткенде, жанкүйері өлген қырғыздар Наурызбайды өлтіріп тастапты. Наурызбайды өлтіргенде дәнемеге ұшыраған жоқ деседі.

### Наурызбайдың жолбарысты өлтіруі

Бір күні бір шал баласымен бірге қамыс қиып жүргенде, шалдың қасындағы баласын жолбарыс жарып тастайды. Шал қашып құтылып, Наурызбайға келіп: «Жолбарыстан кегімді алып бер! Егер әлің жетпей тырнағыңда қалып қойсаң, жаныңа бақыл бол», — дейді.

Наурызбай: «Құп, болады», — деп, қасына сегіз жігіт ертіп, таудағы жолбарыстың жатқан жеріне келеді. Шалдың мегзеуімен жақындау келген кезде сегіз жігітті найзаларын жолбарысқа туралатып қазқатар жүргізеді. «Егер жолбарыс қарсы шапса, найзаға шаншып көтеріп аласыңдар», — дейді де, өзі екінші жағымен озыңқырап кетеді. Бір уақытта жолбарыс келе жатқан сегіз көкжалды көріп, оларға қарсы шауып атылады. Жолбарыстың зәріне шыдамай жігіттер аттарының басын кері бұрып, найзасын қисайтып жібереді. Бірақ атылған жолбарыс жігіттерге жете алмай, омақаса құлайды. Аздан кейін жігіттер кері айналғанда, жолбарыстың екі бөлініп жатқанын көреді. Сол екі арада Наурызбай Ақауыз атпен ағызып келіп жолбарысты белден бөліп кеткен екен дейді.

### Науан мен Қойшыбай

Қалмақ руы, қыпшақ тайпасы Байсеке батырдың баласы Қойшыбай он екі жасында бір байға қойшы болып қой бағып жүргенде, ала

құйындатып шауып келе жатқан біреуді көреді. «Әлгі келе жатқан адам еңкейіп екі жағынан да кезек құм уыстап шаша отырып, сол бойымен маған келіп: «Бұл кімнің қойы, ауылың қайда?» — деп сұрады. Мен ауылдың жөнін көрсетіп қала бердім, ол шаба жөнелді. Ол адамның өңі жас та, тұлғасы мен түрі батыр сынды. Артынан қойды айдап келсем, әлгі кісі байдың үйінде (бай ақсақал адам еді) ертеке айтқызып, тыңдап отыр екен. «Батыр қуып келіп, жауын таба алмай қалыпты», — деп, бай ақсақал ертектің аяғын тоқтатты. Сонда әлгі жігіт:

— Жауы қайда жан сақтап қалыпты? — деп сұрады.

— Мына секілді кебежеге кіріп кетіпті, — дейді ақсақал.

— Бұл секілді кебежеге кіріп кетсе, неге шауып жібермеген? — деп, жігіт қылышымен шалдың кебежесін екі бөліп тастайды. Артынан сұрастырып қарасам, бұл кісі Наурызбай екен. Сонда Науан он екі жасында менімен түйдей құрдас екен», — деп, әңгімесін бітіреді екен Қойшыбай батыр.

### Тыналы болыс

Тыналы болысты Наурызбайдың баласы еді деседі. Оны Тіней Бесімбай айтады екен. Сүйін Жарқынның баласы Жүсіп деген төменгі Алтайда, заманындағы қариялар мұны «Кенесарының баласы» деседі екен. Қазақ ішінде осы сықылды ұсақ сөздер көп болды. Бұрынғылардың «ат биеден, алып анадан туады» деуі бекер емес-ті, қашан да болса жақсы бала жақсы ұрғашыдан туады.

Төменгі Алтай жерінде әліке, байдалы деген екі рулы ел бар. Сол байдалыдан Аққошқар, Сайдалы, Сүйін, Жарқын атанған байлар шыққан. Кеше Кенесарыға төлеңгіт болып, соның «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» болған. Сол Сүйін-Жарқынның Жарқыны Кенесары қырғыздан қырғын тапқан жолы, қырғыз қолына тұтқындыққа түскенде «Сүйін-Жарқынның Жарқыны мен едім» деген соң, мұны өлтірмей: «Елін тапса, мейлі, мұнда тұрып қалса да мейлі» десіпті. «Жасымнан жолдас болдым, құтылдым ғой деген кісідей қайдан ел іздейін? Тіріде тілеуім бір келген жолдас едік, өлсем, молам бірге болады», — деп қалыпты. Қалған өмірін қырғыз ішінде өткізген жан. Бұрынғылар осындай тату болады екен.

### Бөлтірік шешеннің батыр атануы

Бөлтірік өте шешен, тапқыр кісі болған, бірақ мықты батыр кісі болмаса керек. Оның Бөлтірік батыр атануының себебі мынадан екен. Қырғыз бен қазақ бас қосқан бір үлкен ас болады. Осы аста қырғыздың қосшы деген шағындау бір атасының ұлынан шыққан Мәмен деген

батыр жігіті найза алып сайысқа шығады. Мәменнің бұрыннан сырын білетін қазақтар оған сайысқа шыға қоймайды. Ел бөгеліп қалған соң, Бөлтірік: «Атымды әкел, мен шығамын», — дейді. Ел аң-таң. Бөлтірік ат та таңдап мінбей, өзінің жай мініп барған атымен қолына найза да ұстамай шыққан соң, Мәмен «іліп тастармын» деп тура сайысуға дайындалады. Бөлтірік ыңғайланған Мәменге таянып келіп: «Қырғыздың жуан манаптары сені қосшысынып, қазақтың жуандары мені ыстысынып: «Өлсе, осы екеуі өлсін, бәйгені біз аламыз», — деп шығарып отырғанын көрдің бе? Таста найзаңды, бәйге сенікі болсын. Мен батамды берейін», — депті де, өзі қолындағы найзаны жерге тастайды. Мәмен де найзасын тастап, қолын жайғанда, Бөлтірік Мәменді талмау өкпеден бір қойып аттан түсіріпті де, бәйгені қазақ әкетіпті. Міне, Бөлтірік осыдан барып батыр атанған.

### Ағыбай Олжабайұлы туралы

Кенесары, Наурызбай, Бала би Досбол, Басықара мен басқалары жиналып отырғанда, Ағыбай Кенесарыға:

— Біздің қолдың ішінде орнатылмаған бір жоба бар, егер бірін-бірі өлтірсе, соған құн кесу керек, — дейді. Сонда Кенесары:

— Ердің құны елу түйе болсын! — депті. Ағыбай:

— Алдияр! Қараша қазақтың құны кесілді, енді төренің құнын кесу керек. Кенесары Ағыбайдың бетіне жаман көзімен тесіле қарап, үндемеді. Үшінші ретте ашуланыңқырап суық түрмен қарап: «Күсі төренің құны жүз түйе. Құныкер әрі таңдамалы қыз, қалы кілем, қара нар болсын!» — дейді.

— Иә, төре, жақсы айттыңыз, сіздің ағаңыз Бопының құны да осылай, — дейді. Кенесары ашуланыңқырап түксиіп отырады.

Бала би Досбол:

— Ей, Ағаке, төрені өлтіремін деп пе едің? — дейді. Ағыбай: «Ашуы келсе, төресі не, қарасы не, ретін білсін. Қолынан ешнәрсе келмейтін Бопы сықылданған жаман төрені көрсем екен», — депті. Ағыбай:

— Ұрғашының құны қандай? — дегенде, Кенесары:

— Қалыңмал қандай болса, құны сондай, жиырма жеті бас жақсымен, — деген. «Басы жақсы» деген — байлар қырық жеті қарамалының үстіне бес-он, жиырма төрт, отыз түйе артық төлейді. Бағзыда бір байлар жүз-жүзден мал береді.

### Дуанбасы Ыбырай мен Ағыбай батыр

Ақмоланың дуанбасы Ыбырай төренің үйінде Сүйіндік елінің басты адамдары түстеніп отырады. Даладан үйге бір бала үрейлене жүгіріп келіп:

— Ата, үсті қып-қызыл жүн, мойнында салпылдаған темірлері, найзасы бар, түйедей бір үлкен кісі түсіп жатыр, — дейді.

Үйдегілер оны диуана болар деп жорамалдағанша, әлгі үлкен адам алшаң басып үйге кіріп келеді. Бұл үстінде тай жағасы бар, сыртына сауыт-сайманын асынған шұбыртпалы Ағыбай батыр екен.

Үйдегілер жабырлай ұшып түрегеліп, қолын алып, Ағыбайға орын беріседі. Ал дуанбасы Ыбырай оны танымағансып:

— Уа, қонақтар, мына тондың кім еді? Сонша абыржыдыңдар... — дейді.

Ағыбай батыр сонда Ыбырайға төне қарап, бір тізерлеп отыра қалыпты. Қанжарын суырып алып:

— Үйге келген тонды ма,  
Тонды кесір болды ма?  
Бұқараны қор тұтқан,  
Өзін-өзі зор тұтқан  
Төре тұқымы оңды ма?!

Осы қылығың үшін қазір сенің бүйіріңді тесіп, бүйрегіңді алсам ба екен? Басыңды кесіп, табаныма салсам ба екен? — деп тұра ұмтылады. Дуанбасы Ыбырай сасқанынан жылап жібереді. Үйдегілер батырға жалынып, әзер арашалайды.

Ыбырай айыбы үшін осы жолы Ағыбайға тұлпар ат беріп, үстіне қамқа тон жауып, зорға құтылады.

### Қасым Абылайұлы

Сарттарды бірнеше рет Есенгелді, Саржан әм Ержан шауып, кемшілік келтіре берген соң, сарттар Қасымға кісі жібереді. «Біз қарайық, балаларын жіберсін, сөйлесіп, екі арамызды жалғастырып тұрайық», — деп алдайды. Қасым Есенгелді әм Ержанды жиырма кісімен жібереді. Бұлардың ішінде Ағыбай он тоғыз жаста, жүр демесе де бірге жүреді. Сарттардың шақырған жеріне барғанда бұларды құрметтеп, сыйлай бастайды. Сарттардың даяшы болып жүрген кісілерінің ішінде бір қазақ жүр, әрдайым келгенде Ағыбайдың екі көзі сонда. Бұл жігітпен Ағыбай сөйлесейін десе, сарттардың көзінше сөйлесе алмайды.

Төртінші күн тамақты кеш бере бастайды. Бір ретін тауып қазақ жігіт: «Осының ішінде Ағыбай бар ма?» — дегенде, ишаратпен өзін көрсетеді. Жігіт те ишаратпен: «Бүгін өлтіреді», — деп айтады. Сонда Ағыбай: «Менің атым ана жүрген, оның қасында Қызылауыз, Боз екеуін дайында», — дегенде, жігіт басын изеп: «Жарайды, мен де шұбыртпалымын», — деп жүре береді. Ағыбай төрелердің қасына келіп, ишаратпен өлтіретінін сездіреді. Кешкі тамақ келгенде төрелер жей алмайды. Сонда Ағыбай табақтарды алдына алып: «Өлсем — атауым, өлмесем — жол азығым», — деп бәрін де жеп қояды. Табақтарын жиып



алған соң, сарттар төрде отырған төрелерін біртіндеп шығарып алып, бауыздай бастайды. Бесінші ретінде қазақ жігіті Ағыбайдың бетіне қарап, «дайын» дегенді ишаратпен көрсетеді. Алтыншы ретінде қазақ жігіті есебін тауып шығарып жібереді. Ағыбай өз атына мініп, Қызылауыз атты жетектеп қашады. Мұны сарттар білмей қалады. Неше күн-түн жүріп, түнде Қасымның ауылына келіп, айтудың жөнін біле алмай тұрып, ақырында Қасымның үйіне сүйкенеді. Сонда Қасым ояу жатып:

- Кім? – деп сұрайды.
- Мен – Ағыбаймын, – дейді. Қасым:
- Иә, амансыңдар ма? – дегенде,
- Аманбыз!
- Жарайды, бар да жата бер, – дейді.

Ағыбай не айтарын білмей, үйіне келіп жатады. Екінші сөз сұрамайды Қасым. Таң қараңғысынан Ағыбайдың шешесі тұрып: «Тұр, Қасым үйін жығып, артып қойыпты», – дейді. Көш жөнеліп, Қасым алдында жалғыз жүреді, маңайына ешкімді жолатпай, үдере көшіп, Шуға үш күнде келіп қонады.

Түн болған соң, халықты алып: «Далаға көп қылып әр жерге баялыш, сексеуіл жағындар, түн болған сайын отты көбейтіңдер!» – деп тапсырады. Ертеңінде сарттар он кісі жібереді. «Бар сүйенгенім Есенгелді, Саржан әм Ержан еді. Оларды өлтірді, енді қалған Кенесары жас, мен сарттарды алдамаймын, мен қарадым. Маған басшы адамдарынан кісі жіберсін, далада көшіп жүрген жалаңаш, арық-аш елмін, көп қылып нәрсе, тамақ жіберсін, егер де сенбесе, келіп байқасын», – депті. Бұл хабарға сарттар көп тамақ, нәрселер артып, жүз елу кісі мөлшеріндей сауыт-саймандарымен келеді.

Кемпір-шалдар, жас балалар, кем-кетік және аз қолмен келген. Сарттарды жақсылап күтіп, Қасым:

– Иә, сарттардың балалары, сіздерге қараймын. Есенгелді, Саржан әм Ержаннан айырылдым. Енді менде сендермен қаруласатын кісім жоқ, қолды (әскер) таратамын, мен өзім сендерге қараймын, егер бұл қолдар (әскерлер) менімен бірге қараймыз десе, өздері ықтиярлы, – дейді.

Қасым көп әскерін жақын жерге қойып, шамалы қолмен келген еді.

Сарттар қуанысып:

– Иә, үкә, сіздер де Қасымменен қараңыздар, сартының балалары сіздерді күтеміз, ешкім тимейді, – дейді. Сонда Қасым:

– Иә, әскерлер, сіздер де қарасаңыздар қайтеді?

Әскерлердің бірсыпырасы көнген болады, қалғандары көнбеген болады. Мұның бәрі Қасымның «қалайша сарттарды біраз күнге сендіріп, үш кегімді аламын» деген айла-құлығы еді. Ақырында әскердің бәрі көніп, сарттарды сендіріп, бәрі бірдей араласып жүреді.

Келген сарттардың басшысы бар еді. Сол Беклербегіне: «Қасым шын ықыласымен бізге қарады!» – деп сүйінші сұрап, кісі жібереді.

Қасым жасырын өз әскеріне хабар қылып, қалған сарттарды көгендетіп қойып, өз қолымен бауыздап, сол күні қайта көшіп кетеді. Сарттардан осылай кегін алды. Қасым туғанда екі қолымен қан уыстап туған деседі.

### Аусар салғырт Шыңбай Мыңбайұлы

Кенесары: «Сартқа шабыншылыққа жүреміз, қам қылсын!» — деп қолға хабар қылады. Қол шеру тартып жол жүреді. Сарттар Кенесары қол тартып келе жатқанын естіп, майдан жеріне жиналып тұрады. Бұл жағынан Кенесары келеді, екі қол бірін-бірі аңдып тұрғанда, бір күрең арғымаққа мінген қызыл жабуы бар, қолында найзасы, жанында қылышы, қанжары, сол қолында қалқаны бар бір сарт: «Жеке-жеке! Өлтірсем — қазымын, өлсем — шәйтпін!» — деп айғайлап тұрады. Күрең арғымақ секіріп астында тұрмайды.

«Бұған қарсы кім шығады?» деп тұрғанда, мінгені Ағыбайдың ер-тоқым жоқ, күзеулі кері жайдақ, астына салғаны қостың түндігі, қолында тоқал найзасы бар Шыңбай жетіп келіп:

— Ағыке, найзаңды бер? Мен шығамын! — дейді. Ағыбай оған:

— Ей, аусар, жаугершілік уақта кісіге аспап бере ме екен? — дегенде, басында темірі жоқ тоқал найзамен сартқа қарсы шауып кетеді. Ағыбай шақырып алып, найзасын береді. Шыңбай да, сарт та бір-біріне қарсы шабысып найза салысқанда, сарттың найзасы жерге сынып түседі. Сартқа қылыш, қанжарын алғызбай, найзалап, есін шығарғанда, сарт сырт айналып қаша бастайды. Өкпеден де, сырттан да найза салғанда, тайып шыға береді. «Ау, мұның шарайнасы бар екен», — деп, сарттың көкжелкесінен найза салып, сартты жерге құлатып, астындағы күрең арғымақты іліп алып, қайта өз қолына қарай шабады. Сарт құлаған соң, сүйекке сарттар да, Кенесары қолдары да шабысты. Сарт өз сарттарына таяу жығылып қалған екен, бұлар бұрын келіп сүйекті алып кетті. Шыңбай өлген сарттың сүйегінде жұмысы жоқ, күрең арғымақпен әуре болып жүр.

Кенесары, Наурызбай, Ағыбай сарттарды қашырып, басын қосып тұрғанда, Шыңбай күрең арғымақты Ағыбайға жетектеп келіп: «Мынаған мініңіз!» — деп ұсынады. Соңда Ағыбай: «Ханға апарып тарт!» — дейді. Шыңбай: «Иә, иә, ханы не? Мен өліп қалсам, Кенесарының несі кетеді?» — деген екен. Кенесары естіп, Ағыбайдан:

— Бұл кім? — деп сұрайды.

— Бұл — менің аусар Шыңбай деген інім. Кенесары:

— А, а, жарайды! Балам, өзің мін, ешкімге берме, мұндай ердің алғашқы олжасын өзіне берсең, екінші бата қылмайды, — деп өзіне береді.

## Бала бақсы

Кенесары мен Наурызбай қырғызға қолға түсіп қалған соң, Ағыбай Сарыарқаға, Қарқаралы уезіне қарай көшеді. Мұны Бөлтірік естіп, бес жүздей кісімен қуады. «Ағыбайдан кегімді аламын! Жесір-жебір, жетім қыламын!» — депті. Мұны Ағыбай білмейді. Ағыбай өзіне белгілі Бетпақ шөліндегі Шумен көшеді. Көшіп келсе, қонарлық жердегі суда бір қара нар, бір ат, итарқа қос көрінеді. Сол қостан бір жуан, еңгезердей біреу шығып:

— Иә, Ағыке! Аман-есенсіз бе? Сізді күтіп жатқаным екі күн болды. Менің затым — қуандық, жасымнан үйсінге сіңіп кеткен ем, атым — Бала бақсы деген. Қара қобыз «биыл өлесің. Әулие болып аспанға ұшпайсың, пенде болып жерге көмілмейсің» деген соң келе жатырмын. Қасымда үйсіннен алған қатыным бар, — дейді. Ағыбай:

— Олай болса, қара қобызды тарт. Мені қуған адам бар ма екен? — дегенде, Бала бақсы қара қобызды тартып отырып:

— Ойпырым-ай, Ағыке! Көп кісі Шудан өтіп қуып келеді. Бір бүрлі сақал адам шарт жүгініп отыр, соны «Бөке, Бөке» деп, елдің бәрі батпайды, тағзымменен тұрады.

Ағыбай «Бөке-Бөке» деген сөзіне түсіне алмай: «Ей, Бала бақсы! Анықтап қарастыр, кім екен? деп сұрайды. Бала бақсы қобызын сарнап-сарнап: «Ой, шіркін-ай! Бөлтірік», — дейді. Осы суға екі қос сарттар келіп қонды. Сарттар Ағыбай деген соң қорқып, не қыларын біле алмады.

Керуенбасы сарт Ағыбайға сәлем беремін деп, Ағыбайдың қосына келеді. Ағыбай сарттарға тигізбеді. «Ешкім сендерге тимейді» деген соң, сарттардың қорқыныштан көңілі басылды. Таң атқан соң, сарттардың керуен басшысы бірнеше тоғанақ нәрселерімен тарту-таралғы береді. Керуенбасыға Ағыбай хат береді: «Мына мені қуып келе жатқан үйсін Бөлтірік батырға бер, «ер кезегі үшке дейін» деген, бұрын өзіне айтқан уәдем бар еді. Екі рет ажалдан қалдырып ем. Енді қазірден бастап мал-мүлік, қатын-балаларды Сарыарқаға үдере көшіремін. Өзім алпыс екі туысқаныммен осы арада үш күн күтемін. Шөл Бетбақтың даласында емін-еркін қимылдап, шер құмардан шығайын. Дүние екі келмес. Бөлтіріктің иә менің ажалым хатта да һәм ауызда? Осы хатты беруші сарттарға тигізбе, бұрынғы талап алғанымыз да жетер», — деп тапсырады.

Сарттар қуана-қуана риза болып жөнеледі. Сапталып алпыс екі кісімен сол арада қалады. Екінші күні Бөлтірік батыр сарттарға кез болады. «Көшіп бара жатқан ел көрдіңдер ме?» — деп бұлардан сұрайды. Бұлар: «Көрдік, Ағыбай батыр көшіп барады, екінші суда сіздерді күтіп қалады, көштерін үдере көшіріп жібереді», — деп хатын береді. Сарттар: «Иә, үке батыр! Біз Ағыбайды көрдік, өзін адамға ұқсата

алмадық, атын бұл дүниенің малы дей алмадық. «Шер-құмардан шығайын», — деп күтіп жатыр, тіл алсаңыз, қайтыңыз», — дейді. Бөлтірік батыр ойланып-ойланып отырып: «Хатта да осы, ауызша да осы, мұнысының бәрі рас. Кенесарыдай ханынан айырылып, Наурызбайдай солқылдағынан айырылып, күйінді болып, ашу-ызамен көзіне қан толып барады. Алдымен мені мерт қылады, қой, енді қайтайық», — деп қайтып кетеді.

Үш күн жатып, төртінші күні Бала бақсы қобызын тартып: «Ей, Ағыке! Бөлтірік қайтып Шудан өтіп кетті», — дейді. Ағыбай аман-есен көшіне келеді. Бала бақсыға екі құлынды бие, бір сауулы інген түйе береді. Сол жылы қатты жұт болып, Бала бақсы өледі. Қоюға ешбір мүмкіншілігі болмағандықтан, сөрелеп<sup>1</sup>, қой қораға күн жылығанға дейін қояды.

### Көтен балуан

Тобықты Құнанбайдың әкесі Өскембайға ас береміз деп Қарқаралы мен Семей дуандарына қараған елдерге сауын айтады. Ағыбай «Ел-жұртпен танысам», — деп о да келеді. Кенесарының Ағыбай батыры келеді деген соң, асқа жиналған халық «көреміз» деп, Ағыбайды босатпайды.

Ел егер болып, аттар шабылмайтын болып, ат ұлдарына жол-жоба бәйгелерін беретін болады. Сонан соң балуан күрестіркемк болады. Сол елде Көтен балуан деген бар екен.

Бұл Көтен балуан білектей жуан жас қайыңды екі басынан ұстап иіп қосады екен. Бірде баласының «мен әкемнен күштімін» деп айтқанын Көтен естіп, бір жуан қайыңды кесіп әкеп, екі басын иіп: «Мынаны қозғалтпай ұстай тұр, мен үйден жуан қайыс әкелейін», — деп баласына ұстаттырады. Өзі үйге кіріп, есіктен сығалап қарап тұрады. Баласының қолын жазып қайың ашылып барады. Баласы әкесіне: «Тезінен әкел», — деп айқайлады. Көтен келгенше қайың балаға көнбей жазылып кетеді. Көтен балуанның күші сондай болған адам.

— Күрестіркемкке күтемін Ағыбайды! Халық ұйғарды, — дейді Көтен. Ағыбай айтады:

— Ей, әлеумет халық! Мен ешкіммен күресіп көргенім жоқ. Егер керек қылсаңыздар, халықтың сағы сынбасын, ат үстінде тартысып, қайратымды көрсетейін? — дейді. Халық құп көріп ұйғарысады. Ағыбай немере інісі Шыңбайды жылқы аралатып, жуан белді бір ат алғызады. Шыңбай ерттеп, жуан қыл шылбырмен ердің үстінен асыра бауырынан қатты тартқанда, ат жата қалады.

<sup>1</sup> Сөрелеу — алыста қайтыс болған жағдайда туған жерге жерлеу үшін сөреде сақтап, мүмкіндік туған кезде апарып жерлеу.

Қаракесек бірыңғай, тобықты бірыңғай екі жік болып отырады. Көтен балуанды үкілеп, құрметтеп төрт кісі алып шығады. Ағыбайды қаракесек болып сондай қадірлеп алып шығайын деп еді, Ағыбай: «Ешбір адам ермеңіздер! Алатаудың кекілік кезеңінен де, үйсін Бөлтіріктен де, қалмақтардан да Құдай сақтаған. Бас аяғы бір тұтам көтен болмақ түгіл, ішек-қарын болса да өзім барамын», — деп, мінген атты қамшылай басып, Көтенге қарсы оң жақ жеңін сыбанып, тақымын қысып жүре береді. Көтеннің тақымы ашылып, өңі қашып: «Мен ат үстінде тартысып көргенім жоқ, тартыса алмаймын», — деп, аттан түсіп, жаяу жүре береді. Бәйгені Ағыбайға береді. Ағыбай олжасын қаракесек ортасына салады.

Ағыбайдың шешесі Ақмола уезіне қараған тарақты деген рудан екен. Әкесі ер болған, онан туған Қасқымбай, Шөмішбай дегендер өз заманында батыр болған. Ағыбайдың шешесінің сипаты: ұзын бойлы, жалпақ иықты, күшті, қандай мықты жігіттерді екі қолынан ұстап қозғалтпайды екен, ат үстінен аударып алады екен.

Байы Олжабай өлгеннен кейін он екі-он үш жастағы Ағыбай екеуі қалған. Бір түйе, бір зор күрең аты бар. Басқа мал жоқ. Күрең ат басқа адамдарды маңына жолатпайды. Алдына келсе, аузын ашып тістеймін деп ұмтылады, артына келсе, тебеді. Жалғыз-ақ бәйбіше мен Ағыбайға ұстатады. Бәйбіше «берсе жолынан, бермесе қолынан» елден алып күн көреді. Қасым Абылайханұлы мұны естіп, шақыртып алып: «Зорлығыңды қой, әйел басыңмен мұндай жұмысты екінші істеме! Егер де істесең, менен жақсылық күтпе! Егер де жоқ болсаң, біздің үйге араласып қазан-аяқ ұста», — дейді. Бәйбіше сонда: «Мен сықылды әйел, Ағыбайдай бала сенің қатын-қыздарыңның дәрет суын дайындап жүреміз бе?» — депті. Қасым ашуланып: «Үйден шық!» — деп қуып жібереді.

Бәйбіше зорлығын қоймайды. Бір күні Қасым екі кісі жіберіп, күрең атты ұрып жығып, ұстатып, арқандатып қояды. Мұны бәйбіше көріп, Қасымға келеді.

— Ей, тақсыр төре! Жалғыз атымды беріңіз! Ағыбай да ержетер, о да бірдеңеге жарар, ең болмаса ат ұстап беруге жарар. Елді шауып, жәншіп алған малыңнан бөліп бермесең, жалғыз атымда нең бар? — дейді. Қасымның бәйбішесі атын қайыртып бергізеді. Қасым:

— Арқандаулы тұр, жүгенсіз, ноқтасыз, өзің ұстап ал, — дейді. Сонда басындағы күндігін алып, аттың қасына келіп, арқанды шешіп, күндігін мойнына салып, ырғып мініп, желе жортып кетеді. «Еркек болса, дұшпаннан кек алып берер еді-ау! Әйел басымен елді жылатады, өзгеге көнбейді», — депті.

## Жоламан батыр

Кенесары қырғызды шауып келе жатқанда, жолдан Жоламан батырдың бес биесі қосылып бірге келеді. Тоқсан жастағы Жоламан: «Өзім бармай, биемді Кенесары бермейді», — деп, өзі келеді. Үйіне қонады. «Бұл не қылған шал?» — деп Кенесары сұрамайды. Ертеңіне:

— Бозойнақты ерттетіп бер, мен жүремін. Кенжежан, сен менің жөнімді де сұрауға еріндің. Мен сенің бабаң Абылайдың тұсында асық атқан бала едім, әкең Қасым ханның тұсында қол бастаған дана едім. Шырағым, сенің тұсында бес биеден айырылған Жоламан деген шал едім, — дегенде, Кенесары ұшып тұра келіп:

— Япырай, анық Жоламан батыр сіз болсаңыз, әкемнің досы екенсіз. Әкем өлерде алтын шақшаны ақ киізге оратып, «келсе, бер» деген өсиеті бар еді, — деп, шақшаны берген. Бес биеге жүз жылқы қосып айдатып апарып салған екен Кенесары.

## Есенгелді

Тана Есенгелді деген өте бай адамның он екі мың жылқысы болған екен деген аңыз бар. Мақалда да біреуді кекете сөйлегенде: «О, оның Есенгелдіден екі тайы кем», — дейді. Атасына моланы жылқының қылынан салды деп айтады. Есенгелді Бөкеннің тәуір қызы болған екен. Қасында бір жігіті бар Есенгелдінің баласы Бөкен бидің қызын көрейін деп келіп қоныпты. Ол күні Бөкен би үйде жоқ екен, қызы оларды жақсы құрмет етіп, солардың бір пікірмен келгенін сезіп, төсек салып беріп, көрпені жауып жатып айтыпты: «Ата жолын қуып келген қонақ болсаң, қозғалмай жата беріңдер, өзім оятып алармын, ит қуып жүрген тентек болсаң, атамыздың тоны ескі, жырттып кетпеңдер», — деген екен. Сонда жұмбақтап айтқан қыздың сөзіне түсініп, қозғалмай жатып, өрген екен. Таңертең қыз атандырып жатып: «Жұмбағымға түсінгенің үшін сыйлығым», — деп, атасының билікке барғанда киіп баратын зерден жасаған телпегі болады екен, сол телпекті кигізіп жіберіпті. Соңынан көп кешікпей Есенгелді Кіші жүздің басын қосып, жиын жасап, Бөкенді шақырған екен. Бөкен қызына:

— Шырағым, Есенгелдінің жиынына киіп барайын, алтын телпегім қайда? — десе, қызы:

— Әке, менің басыма бір үлкен пәле келіп еді, сол телпекпен құтылып қалып едім, — депті. Бөкен үндемей жүре беріп, жиынға келсе, Есенгелдінің баласы Бөкеннің телпегін киіп алып, ат пен жиынға ет тартып жүр екен. Бөкен сол жерде «Е, баламның «басыма пәле келіп, құтылдым» дегені — Есенгелдінің баласы сөз айтып жүр екен ғой» деп түсініп, ауылына келген соң, арнап кісі жіберіп шақыртып, Есенгелдімен құда болып, сонан соң қызын беріпті.



Есентемір Бөкен заманында құтпа<sup>1</sup> сөз бермеген, алдына адам сөйлетпеген өте тапқыр шешен, би болыпты. Есентемір Бөкен би Байбақты Сырым бимен замандас әрі бірге асық ойнап өскен қадірлі құрбысы болған екен.

### Жанқожаның кемеңгерлігі

Нысана көздеуден жеңіліп, ұтылып қалған төлеңгіттер қайтсек те кек қайтарамыз деген есеппен батырға екінші рет келіп: «Енді жырау айтып тамашалайық», — деп өтініш айтады. Оған батыр:

— Ханыңа барып айт, құтырмасын. Еріккенді қойсын. «Жыраудың басы — дау, аяғы — жау» деген. Екі жырау айтысса, екі елдің айыбы мен мінін айтады. Сонда жау болмағанда несі қалады, сондықтан жырауды қойсын! — дейді.

Бірақ қашаннан кек сақтап қатып қалатын төлеңгіттер кешегі қол оғының кегін қайтару үшін ақыры екі жырауды айтысуға шығарады. Батыр өзінің жырауы Төремұратты оңаша шығарып алып:

— Айтысқан кезінде «анау хан еді ғой» деп айтатын сөзіңді айтпай қалып жүрме. Егер өйтсең, сені ханнан бұрын өзім өлтіремін, білдің бе?! Мырзалыққа келсе, ол менің жарамазаншыма ат бергенде, мен оныкіне түйе бердім. Батырлыққа келсе, Созақты айт. Оны алған — мен. «Асырып айттың» деп, Кенесары мен тұрғанда сенің басыңды алмайды, — дейді.

Төремұратқа осыны айтып болады да, батыр алпыс адамымен Ордаға кіреді. Соңын ала кірген Төремұрат та тиісті орнына отырып, домбырасының құлағын келтіреді.

«Тәуекел, не де болса, бұрын сөйлеп жүрегімді басып алайын», — деп, Төремұрат өлеңді ағызып кеп жібереді. Қашаннан өлең десе, ұйқысын қоятын өлеңқұмар қазақ сілтідей тынып, Төремұратқа қарап қалады. Төкең өлеңді былайша бастайды:

— Қауық Алла, Қауық ақ,  
Алла да ақ, мен де ақ.  
Көтере көр дүйім Ақ,  
Көтермесең, халім шақ.  
Анау — Орта жүздің жырауы,  
Мен — Кіші жүздің жырауы.  
Екеуіміз де ат қостық,  
Шабамыз енді шынымен-ақ.  
Бір киіздің үстінде  
Біз Құдайды жағалап,  
Екі жүздің адамы

<sup>1</sup> Құтпа /араб/ — мешіттерде айтылатын уағыз сөз.

Бірімен бірі жанасса,  
 Екі батыр бас қосып,  
 Арлы жерде таласса,  
 Жеңбей қоймас біздің бақ!  
 Аты Сайын атанған,  
 Сенің атың — Доғалақ!  
 Ханды жүрсің сағалап,  
 Құдай ондай бақ берсе,  
 Кетемін сені қуалап, —

деп, Төкең тоқтаған соң, кезекті Доғалақ алып, екі жырау алма-кезек айтыса береді. Екі жақтың кемшілігі мен міні қалмастан айтылады.

Айтыс ұзаған сайын жарауы түскен жүйріктей Төремұрат үздік алда келеді. Әрі-беріден соң Доғалақ не айтарын білмей сасып, мүдіріп қала береді. Сол кезде терісіне сыймай отырған Кене хан Доғалақты Ордадан қуып жібереді де, айтысты тоқтатады.

Кегі ішінде қалған төрелер өз-өздері ойласып, қонақтарды ертеңіне қайтаратын болады. Осыны байқаған Жанқожа батырларына былай деп ескертеді: «Ертең Кенесары бізге қайтуға ұлықсатын береді. Хан тұқымына сенім жоқ. Оның елдігінен жаулығы басым. Ханнан ұлықсат алып шыққан соң, бұлар да барлық әскерімен бізге құрмет көрсеткен болып түстік жерге дейін шығарып салады. Сонда бұлар бізді батыс бетке алып, өздері шығыс бетпен жүрер. Нағыз айырылысар жерге келген соң, олар келген іздерімен қайтса, ел болғаны. Ал егер бірінің бас киімін бірі алып, алдымызды орай бірін-бірі қуып қайтса, онда жау болғаны. Артыңнан келіп тиеді. Қолынан келсе, аямайды. Соған қарсы сендер де дайындалып жүріңдер», — дейді.

Ертеңіне Кене хан қонақтарына райлы түрде рұқсатын береді. Бұлар ауылдан аттанып шыға бергенде, олар да барлық әскерімен бұлардың соңын ала шығыс бетімен аттанады. Жанқожа бастаған алты жүз әскер, Кенехан бастаған мың әскер жер бетін ақ шаңға айналдырады.

«Өздерің тиіссендер, оңдырмаймыз» дегендей Жанқожалар жалтақтамай тура тартады. Ал хан қайымын тауып қақтығысудың ретін таппай, ренжіп келеді.

### **Раманқұл мен Жанқожа батыр**

Хиуадан жіберілген Аллақұлыға (Бабажанға) Сыр бойының қазақтары үй басына алым-салықтан басқа аптасына бір қыз және күн тимеген қара қозы беріп тұруға міндетті болған. Ханның бұл әмірін орындап тұратын сенімді көмекшісі Майданның Таттыбай аталығынан шыққан Раманқұл екен. Бірде Раманқұл осы жарлықты орындап келуді інісіне тапсырады. Ол бір шаруаның қызын еріксіз тартып алып кетпекші

болып жатқанда, Жанқожа батырдың баласы Итжемес келіп қалады. Дау-жанжал болады. Жанжалдың аяғы Итжестің Раманқұлдың інісін өлтіруімен тынады.

Енді Раманқұл Жанқожадан құн төлеуді талап етеді. Бірақ бір адамның құнына келіспейді. Ол:

— Менің інім жазықсыз. Ханның әмірін орындаймын деп өлді. Сонда төрт адамның құнын төлейсің, — деп қасарысады.

Екеуінің арасына төрелік айтуға Нұрыбай бидің немересі, Амандықтың баласы Бекарыстан батыр шақырылады. Бұл мәселені бір ауыз сөзбен шешеді.

— Ей, Раманқұл, сен інің өлгенде молдаларға бір намаз шығарттың ба, әлде төрт намаз шығарттың ба? — дейді Бекарыстан.

— Жоқ, бір намаз шығарттым, — депті Раманқұл.

— Олай болса, бір намазға бір құн төленеді.

Раманқұл да, халық та осыған тоқтапты. Бірақ оның бір бау жантағы ішінде кетіпті. Енді Жанқожаның көзін жою Бабажанның негізгі мақсатының бірі болып, ізіне адам салады. Ақмырзаның мойнына тас байлап, Хиуа жеңдеттерінің суға лақтыруының бір себебі осы екен.

### **Бекбауыл бидің айтқаны**

Батбаның дауымен Кене ханға барып келгенін, одан не бітіріп қайтқанын Жанқожа батыр ешкімге тіс жарып айтқан жоқ. Бұл оның бала күннен бергі бойына сіңген әдет еді. Ол келген бойында өз шаруасымен айналысып жүре береді. Ал ауыл адамдары болса, батырдың барып келген сапарының нәтижесін білгісі келеді. Бірақ батырдан тікелей сұраудан қаймығып, жиналып келіп анығын Бекбауыл биден сұрайды. Оларға Бекбауыл би былай деп жауап береді:

— Біздер алты жүз адам болып Кенесары ханға бардық. Кене хан да Жанқожаның даңқынан сескенді ме, болмаса, күйеу екенін ескеріп атасын сыйлайын деді ме, әйтеуір, «батыр келе жатыр» дегенді естіп ерекше дайындалған екен. «Қара жермен жүрмесін», — деп, Ордадан бастап ұзындығы бір шақырым жерге дейін кілем жайып тастапты. Бұл сыйлы қонақтарына көрсеткен құрметінің бір түрі болса керек. Бірақ Жанқожа кілемнің басында күтіп тұрған төлеңгіттерге тоқтамай, атынан да түспей, серіктерін ертіп, кілемді атқа бастырып тікесінен ордаға келіп тоқтады. Мұнда да күтіп тұрған төлеңгіттер қонақтарды арнап тігілген он бес шатырға орналастырды, бәйек болып қызмет көрсетті.

Бұрыннан келе жатқан хан тәртібі бойынша, Ордаға келген қонақтар кім болса о болсын, ханға барып сәлем беруге міндетті. Ал Жанқожа олай істемеді. «Мен оның атасымын, ол — қызымды алған күйеу балам. Оның хан екенінің керегі жоқ, өзі келіп маған сәлем берсін», — деп ізгілік көрсетіп жата берді.

Жанқожаның күтіп тұрған төлеңгіттерге де қарамай, құрмет үшін төсеген кілемді де ат тұяғына бастырып, тікелей көлікпен ордаға келуі ханның өкпесін атпен бастырғаннан кем көрінбеді. Сондай-ақ Ордаға келген соң да ханға барып сәлемдеспеуі ханның да, басқаның да зығырданын қайнатты. Солай болса да, Кене хан батырға қаһар көрсете алмады. Тек батырдың Ордаға келуін күтіп отырды. Осыны сезген бір ақылды батыр араға мәміле айтып, хан мен Жанқожаны қауыштырды.

Сырттан ішке кірген Жанқожаға тақта отырған Кене хан екі қолын ұсынып батырға қарсы жүргенде, хан қарағай, Жанқожа аңға түскен қыран бүркіттей болып көрінді. Кене хан батырды қолтықтап төрге отырғызып, амандық сұрады. Сонда қасында отырған біздер әншейінде ауылда жүргенде бірге ойнап, бірге өскесін және туысқан болғасын: «Әй, қойшы, осының бізден несі артық, өзіміздей бір Киікбайдың тұқымы ғой», — деп мән бермей қарайтын едік. Онымыз құр күншілдік пен бақталастық екен. «Ер қадірін ер біледі» дегендей, батырдың артықшылығы сырт жерде айқын көрінді. Оның үстіне батырдың айбаты мен аруағының басым екенін Кене хан мен оның бетпе-бет кездескенінде көрдік. Жек көрсе де, Кене хан батыр не айтса да «мақұл», «жарайды», «дұрыс» деумен болды. Жанқожаның мынадай басымдылық көрсеткеніне төлеңгіттер наразы болды. Бірақ Кене ханнан асып кете алмай амалы құрыды.

Кене де Жанқожаға іштей ықылассыз болғанымен, ашық жаулық көрсете алмады. Сонымен Кене хан батырдың келу мақсатын жүрерінен бұрын сұрады. Батыр жұмысының бағдарын қысқаша түсіндіріп:

— Жазықсыз кесілген Батбаның бұрымы мен танауына құн бересің, — деп ашық айтты. Бұған Кенесары наразылық білдіріп еді, батыр тіктеліп:

— Егер бұған сен қайлы болмасаң, онда Өз-Тәукенің шығарған «Жеті жарғы» заңында көрсетілген теңдікті аламын, — деп турасына көшті.

Кене хан қарыштай алмай, батырдың дегеніне амалсыз көнді. Сонда біздер батырдың жанында отырып, осының арты үлкен дауға айналып, соғысып қалмасақ жарар еді деп уайымдаумен болдық. Ал батыр болса, саспай табаңдап отырып теңдігін алды. Сонда біздердің ойымызға келгені мынау болды: «Артық қай жерде де артықтығын көрсетеді екен ғой. Абылай тұқымынан теңдік алу оңай ма, оны тек Жанқожа ғана алып отыр. Бұдан былай батырмен таласқанымызды қояйық деп пәтуаға келдік», — деп, Бекбауыл би ауыл адамдарына батырдың мықтылығын мақтанышпен айтыпты.

## ШЕЖІРЕ АҢЫЗДАР

### Оғыз хан және қаңлы елі

Оғыз хан өзіне қараған елдің барша мұсылман болуын талап етті. Мұсылман болғандарын құрметтеп, болмағандарын өлтіріп, бала-шағасын құл қылады.

Ол кезде Қара ханға тәуелді елдерден басқа да жұрттар көп еді. Әрбір үлкен жұрттардың өз патшасы болатын, кішірек елдер соған бағынатын. Қара ханның қол астындағы мұсылман болған елдер Оғызға келіп қосылды да, мұсылман еместері өзге жұртқа қарап кетті.

Оғыз хан жыл сайын моңғол жұртында отырған елдермен соғысып, жеңіп келетін, ақырында олардың бәрін бағындырды. Қашып құтылғандары татар ханына барып паналады. Татарлар ол кезде шүршітпен қатар отыратын. Шүршіт деген бір үлкен жұрттың қалалары мен кенттері көп болатын, қытайдың солтүстік жағында болатын. Үнділер мен тәжіктер оны «Шын» дейтін.

Оғыз хан татарларға шабуыл жасады. Татар ханы көп әскермен оған қарсы тұра алмады. Оғыз жеңді. Оғыз хан әскерінің қолына көп олжа түседі. Бұл дүниені артуға ат-көлігі аздық етті. Әскердің ішінде бір шебер адам бар еді, ол арба жасауды ойластырды. Сөйтіп арба жасап, барлық олжаны тиеді. Бұрын арбаның өзі де, аты да жоқ еді. Жүргенде қаңқ-қаңқ еткен дыбыс шығарғанына қарай, оның атын «қаңқ» деп атады, оны жасаған кісіні «қаңлы» дейді. Бүкіл қаңлы елі осы адамның балаларынан тарады.

### Алаша, Алаш, Қазақ және Жүз

Қазақтардың пайда болуы Сыр бойына ноғайлардың қоныстанған кезінен басталады. Ноғайлар мен орыстар бұрын бір-бірімен жауығып жүреді екен. Бірде орыс жағының елшілері ноғайларға бейбіт мақсатпен келіпті. Елшіліктің құрамында орыс кінәздері жіберген 30 жауынгер мен олардың әйелдері де болса керек. Мұның мәнісі, орыс кінәздері өтініш етіп: «Егер татар (ноғай) ханы да өз жағынан 30 жауынгерді әйелдерімен шығарып, екі жақтың өзара араласқан жауынгерлерін шегараға қоныстандырса, олардан жартылай орыс, жартылай татар тайпасы құралар еді, сөйтіп екі елдің арасындағы жауығушылық тыйылар еді», — деген екен.

Бұл ұсыныс татар ханына өте ұнайды да, ол келісімін береді. Тек 30 жауынгердің орнына 30 құлды отбасыларымен жібереді. Құлдардың ішінде ақыл-қайратымен көзге түскен Алаша, Алаш есімді ағайынды екі жігіт болыпты. Содан татар құлдары мен орыс жауынгерлері межелі жерге келе жатып, жолда бір қоналқыға тоқтағанда Алаша мен Алаш:

«Түнде орыстар ұйықтап жатқанда қырып тастайық», — деп жолдастарын үгіттейді. Жолдастары келісім береді де, түнде ұйқыдағы орыстарды құлдар оп-оңай қырып салады. Сөйтіп олар өз алдарына бөлек тайпаға айналады.

Алашаны хан, Алашты би етіп сайлайды. Бұл екеуінен басқа қара қылды қақ жарған бір әділ қазы болады екен. Оны әділдігіне бола тайпаластары: «Біздің қазымыз қазы-ақ қой», — деп мадақтайтын болса керек. Содан жүре келе тайпаластары оны «Қазақ» деп атайтын болыпты.

### Халықтың «Қазақ» аталуы туралы аңыздар

Разақтан Қазақ, одан үш бала туады. Қазақ өз заманында батыр болады. Орта жасқа келгенше баласы болмай, бала үшін Өзбектің бір батырының қызын алады. Ол кешікпей екіқабат болады, мезгілі жақындағанда Қазақ аңға шығады. «Ұл туса, сүйінші сұраңдар», — дейді.

Сонымен әйелі толғатады, күтуші әйелдер қасында болады, әйел аман есен босанады. Әйелдер қараса, туған бала емес, тұлып болады. Мұны көрген әйелдер қорқып, дереу батырдың шешесіне хабар береді. Шешесі келіп көрсе, туған — тонды бала. Үлкен ұстарамен тонын жарса, ішінен үш баланың бейнесі шығады. Бәрі де ер балалар, арқалары біріне-бірі жабысқан, беттері үш жаққа қараған. Мұны көрген адамдар қорқады.

Бір мырза болады. Тел батырдың шешесі айтады: «Сендер ешқандай қорықпаңдар, дереу барып сүйінші сұраңдар», — дейді.

Батыр естісімен тез үйіне келеді. Шешесіне: «Баланы әкел, көремін», — дейді. Шешесі балаларды алып келеді. Оларды көрген Қазақ шошып кетеді де, балалардың арасын ашпақ болып қылышын суырып алады. Сонда шешесі баласының қолын тез ұстап тоқтатады.

Дереу жылқыдан жеті жылғы ту биені алдырып сойып, қазысына балаларды орайды да, өзі қазы мен балалардың арасын аялап отырып ашады. Сонда үш ер бала болып шыға кетеді. Мұны көрген Қазақ қатты қуанады.

Сонда шешесі былай дейді:

— Балам, сен қылышыңды суырып, балалардың арасын ашпақ болғаның жарамаған іс болды. Бұл балалардың ұрпақтарының ауызбірлігі аз болып, араларында аз да болса қылыш жүретін болады. Егер балалардың арасын қылышпен ашқаныңда, бұлардың ұрпақтары ғұмыр бойы жауласып, бірін-бірі қырумен өтетін еді, — дейді.

Мұны естіген Қазақ қатты қорқады. «Мен бір қателік істедім», — деп, садақа үлестіреді. Қазақ бірден үш балалы болғанына қуанып, үлкен той жасайды. Атақты адамдарға сыйлық беріп, кембағалдарға Құдайы садақалар береді. Той тарқаған соң, Қазақ ақылды, ғалым, шешен, данышпан адамдарды жинап, келген кісілерге:

— Мына балаларға лайықты етіп ат қойыңыздар, — деседі.



Сонда олар кеңесіп, ақылдасып, мынадай ат қоюды лайық деп табады. Бұл балалар тонда болып, аралары бірігіп, жүздері үш шаққа қарап тұрды. Үлкендеуінің аты — Ақарыс — Ұлы жүз. Оған таяуының аты — Бекарыс — Орта жүз. Ең кішісінің аты — Жанарыс — Кіші жүз болсын, — деседі.

«Дұрыс қойылған ат» деп, Қазақ өте риза болады. Ат қоюшыларға атшапаннан сыйлықтар береді. Осы үш бала өсе келе үш жүздің атасы болады, «Үш жүз» деген атқа ие болады.

### **Қырғыз, Қыпшақ, Қарақалпақ пен Қазақтың туысқан болуы**

Өткен заманда бір патшаның қызы көрген түсі арқылы екіқабат болып қалыпты. Мұны әкесіне айтудан қорқып, тәрбиешісі мен күтуші қызметкер қызға айтады. Олар: «Сенің пәктігіңе айғақ болғанымызбен, әкеңді сендіруіміз қиын. Мұның амалы — бір жаққа кетіп жан сақтау. Ал өзіңді жолға салсақ, әкеңнің басымызға қандай күн туғызатынын кім біледі?!» — деп, көтергендерінше азық, алтын, күміс алып, үшеуі бір тауға қашып кетіпті.

Бір жерге келгенде бір аңшы киіктің үш лағын байлап қойып, енді енесін ұстамақ болып тұрғанын көреді. Бұлар жолығып жөн сұрасқан соң, аңшы қыздың жайын ұғып, оны алмақ болады. «Бағыма кезіккен осы шығар, — деп қыз разы болады. Мына үш лағың менің қалыңмалым болсын», — дейді қыз. Аңшы мақұл көрген соң, қыз лақтардың жібін шешіп, бастарынан сипап қоя беріпті. Осы себептен Құдай бұл қызға үш ұл беріпті де, олар ұрпақты болып, қам-қайғыдан арылыпты.

Аңшы келіншегін үйіне әкелгенде, көргендер қыздың сұлулығына таңырқап әрі разы болып: «Бәрекелді, қыз-ақ екен! Бұдан артық не қыз болсын, шіркіннің сұлуын-ай!» дегендіктен, бұл есім сол қызға ардақты есім болып қалыпты. Ұрпақтары анасына қарай «Қыз-ақ балалары» атаныпты. Кейін келе «балалары» деген сөз қалып, «Қазақ» деген сөзге өзгеріпті дейді...

Қазақтың үш ұлының үлкені — Ұлы жүз, ортаншысы — Орта жүз, кішісі — Кіші жүз болып өсіп-өніпті. Аңшы түркі, қыз Бәлх жерінен екен. «Қазақтың атамекені — Жиделібайсын» дегені осыдан. Жиделібайсын — Бәлхтің маңы.

Аңшы әлгі тәрбиеші мен күтушіні өзінің екі туысына некелеп қосып, тәрбиешіден — Қарақалпақ пен Қыпшақ, күтушіден — Қырғыз туыпты. Бұлай болғанда қырғыз, қыпшақ, қарақалпақ пен қазақ өзара туысқан болады.

## Төре тұқымы

Төре руы қазақ арасына монғол-татар шапқыншыларынан кейін тарай бастайды. Бұл жөнінде мынадай әңгіме бар.

X ғасырдың екінші жартысында арабтар моңғолдармен жауласып, бір соғыста арабтың Аби Малик Бахадур деген халифасының<sup>1</sup> зайыбы Гүлсара ханым моңғолдардың қолына түсіпті.

Әйел өте сұлу болғандықтан, моңғолдар өлтіруге қимай, моңғол әскерінің қолбасшысы Нехнур Гүлсара ханымға үйленбекші болады. Бірақ ол кезде ханымның құрсағында алты айлық баласы бар екен. Сол себепті ханым қолбасшыға шарифат жолымен өзінің тілегін білдіреді: «Менің құрсағымда алты айлық балам бар, қазір сізге тұрмысқа шығуыма шарифат рұқсат етпейді, бірақ босанып, сәбиді қырқынан шығарған соң, некемді қиып, мені жар етуіңізге болады», — депті.

Нехнур ханымның тілегін орындап, баласын туып, қырқынан шығарғаннан кейін әйелдікке алыпты. Гүлсара ханым ұл туып, атын Темучин деп қояды. Кейін анасы бұл есімді «Шыңғыс» деп өзгерткен. «Шыңғыс» араб тілінде «сен пәк, тазасың» деген мағынаны білдіреді. Ханым Нехнурға үйленгеннен кейін төрт бала туған: Бөгентай, Бөргелтай, Сарықызыл, Сарғалтай. Бұлардың үрім-бұтағы моңғолдың өз ішінде өркен жайған. Ал Шыңғыс өсе келе, бүкіл моңғол-татар тайпаларын біріктіріп, ірі мемлекет құрып, хан болады.

Бұдан кейін Шыңғыс хан ірі феодал шонжарларға сүйеніп, әскер жасақтап, көрші елдерге жорық жасайды. Шыңғысхан бастаған моңғол әскері Жетісуға баса-көктеп кіреді. Жетісуды жаулап алғаннан кейін Шыңғысхан Орта Азияны бағындырады. Ол қол астына қараған аймақтарды балаларына бөліп береді. Олардан қазақ арасына төре тұқымдары тарайды.

## Ұлы жүз туралы

Үйсін батыр өзі жау жаулап кеткенде елі үркіп көшеді. Доғалақ тоқал жүкті екен. «Толғатып, жүре алмайсың», — деп, Доғалақты жұртқа тастап кетеді. Ертеңіне жау келіп, жұртта баласын алып отырған қатынға келіп:

— Ел қайда? — деген екен.

Әйел:

— Ел кеше үркіп кетті, — депті.

— Бұл жерде не бар? — дегенде:

— Осы тұрған таудың аржағында осы елдің жылқысы бар. Айдап кеткенін, кетпегенін білмеймін, — депті.

— Бұл таудың жолы қайда? — деп сұрапты жау.

<sup>1</sup> Халиф, халифа /араб/ — ислам орнағаннан XIII ғасырға дейін араб елдерінде дін мен үкімет билігін бір қолға ұстаған мемлекет билеушісі.

— Таудың жолы күн жарымдық. Айналып барасың, — депті.

Жау жағы адамын жіберіп, жартысы кейін үш күнде жылқыны жатқан жерінен айдап келіпті. Жылқыны айдап келген соң, әйелге бір жылқы берейін десе, әйел:

— Маған жылқы берсең, осы кәрі құла айғырды беріңіз, — депті.

Құйрығы шұбатылған бір құла айғырды берген екен. Әйел соны байлап алыпты. Жау жылқыны алып кетіпті. Таң алдында құла айғыр қатты бір кісінейді. Ертең кеште жылқының жартысы қайтып келіпті. Келесі күні жартысы келіпті. Соңынан адам келмейді.

Жаудың ішінде бір жақсы адам: «Осы жылқы тек жылқы емес. Бұл жылқыны қумайық, елге қайтайық», — депті. Әйел құла айғырды үйіріне жіберіпті. Жылқы тауды айналып орнына барған соң, әйел таудың белінен қиялай түсіп, жылқының ішінде қос қылып отырыпты.

Бірнеше күннен соң Үйсін батыр жұртына келсе, елі жоқ. Тау жағына қараса, бір арбаның ізі бар. Сонымен батыр атын жаяу жетелеп қиялап көп машақатпен қуалап келсе, жылқының ішінде әйелі баласын алып отырған екен. «Ел қайда, не қылып отырсың?» — десе, болған оқиғаны айтып береді. Сонан кейін еліне бармай, сол әйеліне үй тігіп беріп, әйелінің қолында болған. Бәйбішесінің он екі баласы атасынан жылқы қуып, араз болыпты. Сонан қарғыс кетіп, бұл күнде ол он екі баланың тұқымы әр елде тоз-тозы шығып жүр. Тоқалының тұқымы «Ұлы жүз» болып жүр екен.

## Жарықшақ

Нүрила қыз Бәйдібек биге тұрмысқа шыққан соң көп кешікпей дүниеге бір ұл келеді. Есімін Тілеуберді деп қояды. Нүриланьң ерекше жаралған парасат-пайымын бағалап үйленген Бәйдібек би Тілеуберді дүниеге келген соң бұл шаңырағына одан сайын көңіл бөледі.

Бәйдібек бидің Нүрилаға көңіл бөлгенін Сарықыз бәйбіше қызғанып, мінез көрсете бастайды. Нүриланы бұрынғыдай есікте жүрген күңі сияқты ұстап, орынсыз кінә тағып, тіптен қол жұмсайтын болады. Тілеуберді дүниеге келген соң, Сарықыз бәйбіше қызғанышын одан сайын үдете түседі. Ел ісімен көбінесе ат үстінде жүретін Бәйдібек бидің көзі тайса болды, Нүриланьң басынан таяқ, құлағынан қаңқу кетірмейтін болып алады. Сарықыз бәйбішенің ержеткен тоғыз ұлы болса да, Бәйдібек би бар мұрасын тоқалдан туған Тілеубердіге бұйыратындай көріп, бара-бара бесіктегі бейкүнә нәрестені қарғап-сілейтін болады. Қит етсе болды, Нүриланьң қазан-ошағын шашып, әбігер етеді. Ең арғысы, түн баласында да тыныштық бермей, қара мал болып үйге сүйкеліп, Нүрила мен Тілеубердіні шошытады.

Бір күні Сарықыз бәйбіше жеті түнде тұрып, қолына пышақ алып, Нүриланьң үйінің сыртына келеді де, әдеттегідей қара мал болып үйді сықырлата сүйкенеді. Сонда әбден төзім-шыдамы таусылған Нүрила:

— Хайуан болсаң, өрісің кеңейсін, адам болсаң, мазасын алған жалғыз ұлым Тілеубердінің құзырында бол!» — деп дауыстайды.

Бұл сөзді естісімен, онсыз да булығып жүрген Сарықыз бәйбіше:

— Ә-ә, салдақы, енді менің үрім-бұтағыма тіл тигізейін дедің бе?! — деп, есікті бір теуіп үйге кіріп келеді де, қолындағы пышақты бесікте жатқан Тілеубердіге сермеп қалады. Қараңғыда жұмсалған пышақ бесіктегі баланың шекесіне тая тиіп, бала шар ете қалады. Жанталасқан Нүрила Сарықыз бәйбішенің екінші рет пышақ жұмсауына бөгет болып, қолындағы пышақты жұлып алады. Сол бетінде Сарықыз бәйбішенің шектен шыққан мына қылығына қатты назаланған Нүрила:

— Жүзге жетпе, жүзге жетсең, күзге жетпе! — деп қарғыс айтады.

Осы бір сойқанды түнде Нүриланьң аузынан шыққан екі ауыз қарғыс сөздің салқыны Сарықыз бәйбішенің балаларына тиіп еді дейді.

Сарықыз бәйбішенің тоғыз ұлы тоғыз шаңырақ болып отырғанда, Балабөгеннің аңғарынан сел жүріп, ауылды шайып кетеді. Тоғыз ұлы бірдей бала-шағасымен суға кетеді. Тек қана Байтоқты деген баласының Ұшан атты келіншегі төркіндеп кетсе керек. Сол Ұшаннан туған Сарыүйсін ғана Сарықыз бәйбішенің ұрпағын жалғайды. Бірақ оның ұрпағы да онша өсіп-өнбейді.

Нүриланьң баласы Тілеубердінің шекесіне тайып тиген Сарықыз бәйбішенің пышағынан кейін баланың жас еті тез бітіп жазылады. Бірақ Тілеубердінің шекесі жарық сияқты ағарып, тыртық болып бітеді. Осыған байланысты Тілеубердіні төңірегі «Жарықшақ» деп атап кетсе керек.

Жарықшақтан (Тілеуберді) — Албан, Суан, Дулат тарайды. Бұларды «Қараүйсін» деп те атайды.

### **Дүрбін мерген туралы бір аңыз**

Есте жоқ ескі заман болса керек, қырдағы елдің бас иелік ететін ханы өліп, кімді хан қоярын білмей ел-жұрт қатты дағдарыста болады. Сонда ошарылған ел-жұрттың алдына бір ақ жаулықты ана шығып, ақыл айтады:

— Талабы бар ерлердің бәрі садақ тартсын, кімнің садағының оғы сағымға ілінсе, соны хан көтеріңдер, — дейді.

Хан болуға лайық жұртшылық уәжге тоқтайды. Бірақ ешбірінің оғы сағымға байланбайды. Сонда жаңағы ақ жаулықты ана:

— Менің Дүрбін деген мерген балам бар еді, тауда аң аулап жүр, соны шақырып әкеліңдер, бәлкім соның атқан оғы сағымға тоқтар. Аң қызығын балам қимағандай болса, мына жүзігімді көрсетіңдер, — деп, қолындағы жүзігін шешіп береді.

Елдің жөн білетін адамдары, атақты билері Дүрбінді шақырып келуге аттанады. Шешесі айтқандай, аң қызығына берілген Дүрбін шақырушылардың сөзіне алғашқыда құлақ аса қоймаған екен, шешесінің белгіге беріп жіберген жүзігін көрген соң, бармақшы болады.

– Бірақ мен жаңды нәрсеге мінбеймін, маған күйме керек, – деп шарт қояды.

Ел-жұрт Дүрбіннің шартын ырым тұтып, күйме-арба жасап алып барады. Дүрбін күйме-арбаға мініп келе жатқанда, арбаны жасаған шебердің жол-жөнекей аяғы мертiгiп, ол да арбаға мініп жетеді. Содан, ел-жұрттың көз алдында Дүрбін садақ тартады. Садағының оғы сағымға сіңіп, ілініп қалады. Ел-жұрт бірауыздан Дүрбінді хан көтереді.

Содан бері Дүрбін мінген күйме-арбаны қаңғырлап жүретін дыбысына бола «қаңқа» деп атайды. Ал арбаны жасаған кісіні де, арбаға мінген кісіні де «қаңқалы» деп атайтын болады. Бара-бара «қаңқалы» сөзі біраз өзгеріп, «қаңлы» сөзіне айналады.

### Қара қаңлылар

Бақтиярдан Ойсыл батыр — сіргелілер тарайды. «Ойсылдың отыз ұлы болған» деседі, бірақ бізге белгілі он баласы бар екені мәлім. Олар: Арыстан батыр, Тұрмамбет батыр, Жалмамбет батыр, Борааш батыр, Жанас батыр, Әлиқан, Бақырған, Сіргелі батыр, Өтеп, Қорқыт дегендер. Осылардың ішінен Ойсыл батырдың Борааш деген баласы Жәнібек ханның Қырғиқабақ деген қызын алмақшы болады. Екіқабат болғанына қарамастан Жәнібек ханның қызы басқа бір хан уәзірімен келісіп, Бораашты алдап, оны барлық туысқандарымен оңаша отауына қонаққа шақыртыпты. Мастықпен қаннен-қаперсіз отырғанда барлығын қырып тастаған. Жалғыз-ақ Борааштың Тұрмамбет деген туысқан ағасы ғана аман қалған.

Тұрмамбет сол ханның туын көтеретін батыры екен. Оның әйелі Зербике ханның киімін тігетін шебері екен. Тұрмамбеттің әйелі Зербикенің Манан, Анан дейтін екі баласы бар екен. Оның үстіне Борааштан қалған Жәнібек ханның қызының баласы Кеңірдек деген баласын да қосып алып, Зербике үшеуін де өсіріп, ержеткізген. Бұлар бәрі де балалы-шағалы болған.

Борааштың баласы Кеңірдектен Ұлдырық, Бұлдырық деген екі бала бар.

### Шанышқылыны үйлендіру

Алатау батырдың даңқы көпке жайылып, елін-жерін қорғап жүрген шағы. Бірде қазақ, бірде қалмақ жеңіске жетіп, кейде текетірес түсіп

жатады. Бірде Хазар теңізі жақтағы Кіші жүз елінен «жау тиді» деген хабар келеді. Алатау қоңыраттың батырларын жинап, жорыққа әзірленеді. Өздері қарамағында отырған Ташкенттегі Тұрсын ханға: «Елімізге, жерімізге, малымызға бас-көз болыңыз, қараулық жасамаңыз», — дегенді айтады.

Хан уәдесін береді. Кіші жүз еліндегі соғыстан жеңіспен оралса, елі аңырап отыр. Хан Тұрсын антын бұзып, жарамды жігіттердің жоғын пайдаланып, елін шауыпты.

Алатау батыр сарбаздарын аттан түсірмей, Ташкентке тартады. Хан ордасын «Хан Тұрсынды ант ұрсын!» деп шабады. Хан Тұрсын қашып кетіп, оның айдай сұлу қызын олжалайды. Қызды жайдақ нарға мінгізіп алып келеді. Ол сүйекке таңба екен. Асқан сұлу қызға қоңыраттың батырлары көз тігіп, таласып қалардай халге жетеді. Сол кезде Алатау батыр:

— Кешегі Хазар теңізі маңындағы соғыста асқан ерлік көрсеткен найзагер жігіт болды. Жекпе-жекте де, қалың қол соғысында да жан шыдатпады. Осы қызды «Шанышқылы» атанған батырға берелік, — дейді. Қалың шанышқылы елі осылайша пайда болған деседі.

### Ұлы жүз сіргелі руы жайлы

Ойсылдың отыз ұлы болған. Отыз ұлы ешкімге бағынбай, еркін жүреді екен. Тіпті сол кездегі Жәнібек ханға да бағынбай, оны басынып, ханның қызын Бораш деген батыр баласы алып қашып кетіпті.

Жәнібек хан ашу-ызасын білдірмей, өтірік құда-жекжат болып, тойына Ойсылдың отыз ұлымен қоса туыстарын да шақырыпты.

Тоғайда қырық қара үйді қатар тіктіріп, есігін біреуінен кіретін етіп, ең соңғы қырқыншы үйдің есігінен шығып кететін етіп жасапты. Тойға келген Ойсылдың балалары мен туыстарын есіктен кіргенін кіргендей өлтіре беріпті. Соңында Бораш бастаған төрт батыр келсе, тым-тырыс. Сезіктенген олар аттан түсіп, қайта атқа мінгенше екеуін өлтіреді. Екеуі ат үстінде Жәнібек ханның баскесерлерімен ұрысып, әрең қашып құтылыпты.

Жәнібек ханның қызы төркініне екіқабат болып кеткен екен де, сонда босанады. Баласының атын Құсабай қояды. Құсабай ержетіп, азамат болғанда Кіші жүз — алшын, тама нағашыларынан туыстарына кету үшін рұқсат сұрайды. Нағашылары алғаш рұқсат етпеген соң, жас жігіт жылқы ішінде жүрген кішкене ғана тайды тұмсығындағы сіргесімен мініп кетеді. Нағашылары да соңынан қуып келсе, туыстарына келіп қосылған екен.

Туыстары қарсы алып, ақ түйе сойдырып той жасайды. Туыстары Құсабай деген баланы «тұмсығында сіргесі бар тайға мініп келген бала», «сіргесі бар тайға мініп келген бала», «сіргелі бала» атап кетеді. Құсабайдан бері қарай «Сіргелі» руы тарайды.



Туыстары Құсабайға ұрпағы көбейсін деген оймен екі қатын алып береді. Бәйбішеден бес бала: Батыр, Жайдақ, Елібай, Жаңабай, Айт-Бозым. Тоқалдан үш бала: Қарабатыр, Шалдар, Байжігіт. Құсабай бала малы көбейіп, бай болып кеткен соң «Байұлы» атаныпты.

Қарабатыр «Байұлының» жинақты аты деп те аталады. Сонда жоғарғы сегізі — бір адамның баласы.

### Сарыүйсін

Бәйдібектің бәйбішесінің есімі Сарықыз екен. «Сарықыз» десе дегендей, ақсары, шегір көз адам болыпты. Бәйбішелік жолына лайық әміршіл, адуын мінезді еді дейді. Сарықыз бәйбішеден Бәйдібек тоғыз ұл көріпті. Бәйбіше ауылы атанып, ақарлы-шақарлы ел болып отырады екен.

Бірде ел жазылып жайлауға шыққан кезде, Сарықыз бәйбішенің ауылы да тау бөктеріндегі шүйгін шатқалды өрлеп барып қоныс етеді. Таулы жердің жауын-шашыны мол. Бір күні жойқын нөсер жауып, таудан сел жүріп, Сарықыз бәйбішенің балаларының ауылын сел шайып кетеді. Тоғыз ұлы бірдей бала-шағасымен опат болады. Тек қана Байтоқты деген баласының Ұшан атты келіншегі төркіндеп кетіп аман қалады. Ұшанның жанына ерген Сарықыз бәйбішенің қызы, яғни Байтоқтының қарындасы Алтын да аман қалса керек.

Ұшанның аяғы ауыр екен, төркіндеп жатып босанады. Әжесі сияқты шикіл сары ұл туады. Оған Мырзақаз деп ат қояды. Мырзақаздың емшектегі кезінде Ұшан қайтыс болып, Алтын қыз Мырзақазды сүт беріп асырайды. Бір әулеттен қалған жалғыз тұяқ — Мырзақазды Алтын «Сыйлықсары» деп мәпелесе, нағашы жұрты «Сарыүйсін» деп еркелетеді. Ақыры нағашы жұртының аузы дуалы болып, Мырзақаз есейе келе ел ішіне «Сарыүйсін» деген атпен танылады.

### Үш таңба немесе тұмар таңба туралы

Бәйдібектің екінші әйелі Зеріптен Жалмамбет туады. Жалмамбет отызға келгенше үйленбей, серілік құрып жүріп Мапыраш атты қызбен көңіл қосады. Мапыраш анамыз ұл табады. Бірақ қан көп кетіп, ұлын сүйе де алмай, қайтыс болады. Баланың атын анасына ұқсатып Шапырашты деп қояды. Бұдан соң Жалмамбет өзінің туған балдызы Қарашашқа үйленеді. Ай-күні жетіп, Қарашаш ұл табады. Толғатып жатқанда «мәрту» басып, Қарашаш анамыз да қайтыс болады. Нәрестенің атын Ошақты қояды. Тегі Жалмамбет атамыз серілеу болса керек, сол екі арада Сыланды деген қызметшісімен көңіл қосып, оған да үйленеді. Іле-шала Сыланды ұл босанып, атын Ысты қояды. «Қара күннің баласы Ысты бақыр» дегенде, Құлмамбет осыны меңзеп айтқан болар.

Шапырашты туғанда бір жылқышы Бәйдібекке сүйінші сұрап барыпты. Сүйіншісін берген бабамыз жылқы ішінен бір торы тайды ұстатқызып, темір көсеуді отқа қыздырып, тайдың санына тартып жіберген екен. Ошақты мен Ысты туғанда да дәнiккен жылқышы сүйінші сұрап барыпты-мыс. Бәйдібек баяғы тайды ұстатқызып, жамбасына тағы екі жерден қарып таңба басыпты. Кейінірек: «Сонша жылқыңыз бола тұра, үш ұлға арнап жалғыз тайды бәсіре еткеніңіз қалай?» — деп сұрағандарға Бәйдібек: «Таңбасы бір болса, тату болады», — деген жауап қайтарса керек. Тайдың санына көсеуді үш тартқанда түскен таңбаны «Үш таңба» немесе сыртқы түріне қарай «тұмар таңба» атайды.

### Шапырашты

Бәйдібек бидің ортаншы әйелі Зеріп — Шынтас байдың қызы. Биязы мінезді, асқан сұлу, адамгершілігі мол, үй тіршілігіне ұқыпты кісі екен. Одан жалғыз ұл Жалмамбет дүниеге келеді. Отызға келгенше үйленбеген көрінеді. Серілік құрып жүргенде Жұпар деген қызбен көңіл қосады. Жұпар — шығыста көршілес жайлаған қоңырат руынан шыққан атақты Мелде бидің үлкен қызы. Мелде биді замандастары «Қызыл би» деп атаған екен.

Жұпар келін болып түскеннен кейін биязы мінезіне қарай ауыл адамдары оны «Мапырашты», «Мараш» деп атаған екен. Күндердің бір күнінде Бәйдібек өздері терең ұраға түсіріп алған жолбарысты қыл шылбырмен тұмылдырықтап, тірдей жетелеп, ауыл шетіне жақындағанда сонадайдан алдынан бір келіншек шығып, тізе бүгіп сәлем береді де, бабамыздан «сыралғы сауға» сұрайды.

Бәйдібектің жасауылдары жолбарысты жеткіздіріп береді. Келіншек Жұпардың сырлас жеңгесі болатын. Ол жолбарысты сойғызып, жүрегін қайын сіңлісіне жегізіп, жерігін қандырыпты деседі.

Жалмамбеттің әйелі — Жұпар (Мапырашты) анамыз ай-күні толып, ұл табады. Бірақ өкінішке орай жолдасы түспей, дүние салады. Анамыз өлер алдындағы енесі Зеріпке айтқан өтініші бойынша баланың есімін «Шапырашты» деп қояды.

Ал ел арасындағы тағы бір әңгімеге қарағанда, баланың бір көзі бір көзіне атысып, шапыраштанып туыпты. Сондықтан баланың есімі «Шапырашты» болыпты деседі. Нәрестені Мапыраштының енесі Зеріп пен сырласы Сыланды ақ сүтін беріп өсірген екен. Сыланды Мапыраштыны ұзатқанда бірге келген күң қыздың біреуі еді. Шапырашты қайратты, жаудан жүрегі қайтпаған батыр, зерек жігіт болып өседі.

## Шапыраштының Екей атасы туралы

Шапырашты дүние салғанда Емілдің балалары есейіп, шаруаға қолғанат болып қалса керек. Ал Екейдің балалары кенжерек туғандықтан, оң-солын тани қоймаған жастау еді дейді.

Күндердің бір күнінде Екей мен Емілге Бұхар жағынан бір жас жігіт келіп сіңісті болады. Алғашқы күннен-ақ Екейдің жасаңдау балаларына бас-көз болып, бара-бара оларға ағасындай бауыр басып кетеді. Бұл жағдайды байқап жүрген Екей бір күні ағайын-тумаларын жинап, мал сойып, әлгі Бұхар жақтан келген жігітке асықты жілік ұстатып, жұртшылыққа «көйлекті баласы» болғанын айтып, өз балаларымен еншілес етеді. «Балаларыма қамқорлық жасап, ес болып жүрсін», — деп, атын Есқожа қояды.

Осы Есқожадан Алтынай, одан бүкіл шапыраштыға ұран болған әйгілі Қарасай батыр туған. Кейін Қарасай батыр үйленіп, отау құрғанда әкесі Алтынай: «Біздің тегіміз Бұхар жақтан келген түрікмен еді, бір балаңның атын Түрікмен қой, тым болмаса ұрпақ жадында ұмытылмай жүрсін», — депті.

Әке өсиетін орындап, Қарасай батыр өзінен туған балаларына Өтеп, Көшек, Түрікмен деп ат қойған. Әйгілі Саурық, Сұраншы батырлар — осы Түрікменнің ұрпақтары.

## Айқым

Қаладының әйелі он екі бала туған екен. Өкінішке орай, он екі баланың екеуі ғана — Қалдықыз бен Айқым тірі қалады. Қалдықыздың есейген шағында, Айқымның жас кезінде анасы қайтыс болады.

Қалдықыз бойжеткен соң тобықты еліне ұзатылады. Ол кішкентай жас інісі Айқымды бірге ала кетеді. Бірнеше жыл өткеннен кейін Айқымның немере ағасы Асыл сағынып, бауырын іздеп, тобықты еліне келеді. Осы кезде бес жасар Айқымның көшіп-қонып жүргенде жоғалып кеткеніне бір-екі жыл болған екен.

Асыл жоғалған баланы жан-жаққа ат шаптырып іздестіреді. Бала көпке дейін табылмағаннан соң, Асыл елге қайтып келе жатып, жолшыбай ойнап жүрген бір топ баланың ішінен көңілсіз, селқостау бір баланы Асылдың бәйбішесі Жаңыл шырамытып, ат басын тура әлгі балаға тартады.

Жаңыл ана аттан түсіп, Айқым екенін танып, құшақтап көзіне жас алады. Бірақ Айқымды иемденген адам:

— Бұл сендердің балаларың емес, — деп, ешкімге дес бермейді. Сонымен Асыл жергілікті билерге жүгінеді.

Билер алқасының төрағасы Қариен:

— Баланың қандай белгісі бар? — дегенде Қалдықыз:

— Арқасында алақандай қара қалы бар, менің де осындай қалым бар, бұл — біздің әкемізден қалған белгі, — дейді. Баланың жейдесін шешкенде, аппақ денесіндегі қалды отырғандардың барлығы көреді. Баланы иемденген адамға билер алқасы айып тағады.

Асыл: «Баламыздың өсіп-өнгеніне жақсы болар», — деп, салынған айыпты алмай, қуанғаннан Айқымды атқа мінгізіп, тікелей ауылға тартады.

Мінеки, содан бері Асыл мен Айқымның еншісі бір болған. Айқым өзі көзі жұмылғанша Асылдан енші алмай өткен екен.

Жалқы тұяқ Айқымнан: Қайдауыл, Сейітқұл, Қалқаман. Сейітқұлдан — Береке (Көнтөк).

Сейітқұл бұл дүниеден ерте қайтқандықтан, әмеңгерлік салт-дәстүр бойынша оның жесір қалған әйелін інісі Қалқаманға қосады. Одан Байғұл, Шал туады.

Қайдауылдың немересі Әйтек табиғатынан дәулетті, мырза, жомарт, қайырымды болған. Үйіне келгендерді сый-құрмет жасамай жібермейді екен. Өз кіндігінен ұрпақ болмай, ағалары Тойғұл мен Досқұлдың әкесінің (Қарамолда) інісі Бәйімбеттің және Базарқұл мен Сымбылдың ұл-қыздарын бауырына салып өсірген. Одан тараған ұрпақтар күні бүгінге дейін өздерін «Әйтекпіз» дейді.

### **Жалмамбеттің Сыландыдан өрбіген ұрпағының «Ысты» атануы**

Бәйдібек бидің екінші әйелі — сұлу Зеріптен Жалмамбет туған. Жалмамбеттің бірінші әйелі — қоңырат ішіндегі әйгілі Қызыл бидің (Мелде би) қызы Жұпар. Осы Жұпар ұзатылғанда өзімен бірге бірнеше күтуші қыз еріп келсе керек. Солардың ішінде ақылына көркі сай Сыланды есімді бір қыз болады. Кейін осы қызды Жалмамбет ұнатады да, бәйбішесі Жұпардың ризашылығымен екінші әйел етіп алады.

Сыланды үнемі таза киініп, үстіне иіс май сеуіп жүретін кербез жан болса керек. Осы қасиетіне бола Сыландыны Бәйдібектің кіші әйелі Нұрила (Домалақ ене) «Иісті келін» деп еркелетеді екен. Дуалы ауыз Нұриланьың қас-қабағын баққан төңірегі де Сыландыны «Иісті» деп атап кетеді.

Сыланды алғаш құрсақ көтеріп, ұл тапқанда тілеуқор енесі Нұрила баланы жерге түсірмей етегіне орап алып, өзінің емшек сүтімен ауыздандырып: «Ұрпағың өсіп-өркендесін, өзің сияқты иісті болсын!» — деп тілек айтыпты. Осы «иісті» сөзіне орай Жалмамбеттің Сыландыдан өрбіген ұрпағы «Ысты» атанып кетіп еді дейді.

## Ошақты

Жалмамбеттің үшінші жұбайының аты — Тұман. Қартайғанша шашы ағармапты, сондықтан жасы кішілер ол кісіні «Қарашаш ана» деп атайтын болыпты. Одан туған баланың аты — Атшабар. Бұл есім ру атын алып кете алмайды. Одан тараған ұрпақ «Ошақты» атанып кетеді. Ол жөнінде мынадай аңыз бар.

Енші алу рәсімінде Тұмардың алдына боз биені жетелеп әкеліп, оның «сауырын тамғала» деп, қолына ыстық көсеу беріпті. Ол қып-қызыл көсеумен бие санына үш бұрыш тұмарша тамға басыпты. Сол тамғаны кейін ел-жұрт «үш аяқты ошақ тамға» деп кетіпті. Бұл — аңыздың бірінші түрі.

Екіншісі — ауылға жау шапқанда, біреу малын жетектеп, екіншісі көрпе-төсегін арқалап қашқанда, Тұмар ана үш аяқты ошағын ала қашыпты.

Үшіншісі — ұлы Атшабарды ошақ басында босаныпты дегенге саяды.

## «Төрт шам – сегіз сары» атануы

*(Албан тайпасы)*

Ерте кезде дулат елінің Сары биі (қайсыбір әңгімеде Қара би деп те аталады) албан елін аралап жүріп, Досалы бидің ауылына келеді. Сол кезде Бірімбеттің бәйбішесі (Үмбеттің бәйбішесі) Шажаға тон тігіп жатса керек. Сүйерқұлдың өз кіндігінен тараған төрт ұлы (Шоған, Досалы, Қожбанбет, Жарты) және Шоғанның еншілестері Алжан (Мәмбет), Үмбет, бұларға қоса Бірімбет пен Шажа түгел бас қосып, алыстан келген мейманға ықылас білдіреді.

Сонда Сары би әбден риза болып, еліне барғанда: «Төрт шам (Шоған, Досалы, Қожбанбет, Жарты), сегіз сарының (осы төрт ата мен олардың Алжан, Үмбет, Бірімбет, Шажа деген ұрпақтарын айтып отыр) ықыласына тойып келдім. Қызыр қонған ел екен», — деп қайтыпты. Содан кейін бұл ауыл «Төрт шам — сегіз сары ауылы» атанып кетсе керек.

## Қайыпбереді мен Қалпелер хақында

Ағымсары ішінде ағайынды Қайыпбереді, Қалпе дейтін аталар бар. Қайыпбередіге қарағанда Қалпелер аз ауыл. Ежелгі ел тарихын жақсы білетін қариялар Қалпелердің неге аз екенін, әрі кешігіп, кенжелеп өскенін былай деп айтып түсіндіретін еді.

Қалпе атадан Желкілдек жалғыз туады. Мәйеке — екінші жанама аты. Қалпе ауылының әйелдері ат тергеп, Желкілдекті «Мәйеке» деп атаған. Ал Желкілдектің жеті ұлы болыпты. Жетеуі жеті түрлі кәсіппен

айналысады екен, соның бірі — Ботбай. Ботбай болса, батыр шалыс, өр мінезді тәкаппар болып өседі. Үнемі бес қаруын белінен тастамай асынып жүреді екен. Бір күндері ауыл жігіттерімен бірге бір жортуылдан қайтып келе жатып, ат белін суытып аялдайды. Олжаға түскен жылқылардың біреуін сойып болған соң, үлкендері Ботбайды: «Жақын маңда ауыл болса, қазан сұрап кел», — деп жұмсайды.

Ботбакең бір ауылға келсе, қыз-келіншектер жиналып, үлкен тайқазанға көже қайнатып жатса керек. Қазан иелері: «Ішінде көже тұр, қалай береміз?», — дейтін көрінеді. Оған қарайтын Ботбай ма, тез арада бере қоймадың деп, үзеңгіден аяғын шығарып, қазанды төңкере салады. Енді еңкейіп алдына ала бергенде, қазандағы шала төгілген көженің біразы атының жалына құйылып жидіп түскен.

Сонда қыз-келіншектердің біреуі тұрып: «Құдай бар болса, Желкілдектің жеті ұлы өліп, жетім қалсын Ботбайы», — деп қарғаған дейді. Содан көп ұзамай алты бауыры бірдей өліп, Ботбай жалғыз қалыпты.

Ботбайдан Кемпір, бұдан Есіркеп туады. Есіркептің Жалтыр мен Наурызбай деген екі ұлы болған. Осы Наурызбайдың Ысқақ, Толыбай дейтін балалары бір жылдары Шу өзені бойында тұратын дулат еліндегі Құлшық, Жарғақ деген нағашыларына көшеді. Елден көшкен кезде бұлардың кішірек бір баласы адасып, осында қалып қояды. Бір күндері Жаркент князі (ұлты — татар) Шаныш деген бай көпес кездесіп, жетім балаға пана болыпты. Баланың есімі Санай екен. Үйіне әкеліп, өз баласындай бағып өсіреді. Санайдан бұрын Шаныш байда бала болмаған деседі. Санай бұл үйге құт болып, көп ұзамай әйелі бала көтеріпті. Бірінен кейін бірін туып, қатарынан екі ұл көреді. Аттарын ұйқастырып Батырхан, Қасымхан деп қояды. Сонымен Санайды қосқанда үш баласы болған.

Санай ержете келе ақылды, қайырымды, өте пысық, алғыр жігіт болып өседі. «Ел құлағы — елу» деген, біреуден-біреу естіп, Кетпендегі туыстары Санайды іздеп Жаркентке келеді. Бала туыстарымен табысқан соң, енді өзінің ел-жұртына кеткісі келеді. Бұған кейінгі өкіл әкесі Шаныш та қарсы болмаған, қайта біраз мал-мүлік беріп, амалсыз шығарып салған деседі.

Бұлар Іледен өтіп, Тастықараның тұсына келгенде, қоңырбөрік еліндегі Қырғызбайдың көшіне кезігіпті. Сол жерде Қырғызбайдың Тінікей атты бойжеткен сұлу қызына Санайдың көзі түседі. Ол күні кеш болғандықтан, барлығы бірге қонады. Ертесі Санайдың ағалары: «Қызыңызды берсеңіз, құда болсақ», — деп, Қырғызбайға қолқа салады. Бірақ қыз әкесі оларды онша менсіне қоймаса керек. Айдаған малын соларға табыстап, үшеуі Жаркентке қайта келіпті. Ақыры Шаныш байдың тікелей араласуымен Қырғызбаймен шынымен құда болып, Тінікейді Санайға алып беруімен бұл оқиға аяқталған екен.



Санай үйленгеннен кейін екі балалы болады. Шаныш байдың орасан еңбегі мен құрметіне балаларды екі ұлының атымен атап, бұларға да Қасымхан, Батырхан деп ат қойыпты. Қазіргі аз санды Қалпе тұқымдары осы екеуінен өрбіп отыр.

### **Бозымның Айттан көптігі туралы аңыз**

Атамыз Таубұзар деген кісі палуандықпен ел шауып, дүние кезіп жүріп, Үндістан деген шаһарға кезігіпті. Бұл шаһарда Мысыр қиссасы, Нұр қиссасы деген екі палуанмен кездесіп, шаһар халқы болып бұл үш палуанды күрестіретін болыпты. Сонда Таубұзар жиналғандарға:

— Мен бекер ел кезіп жүрген адам емеспін. Менің екі жетімдік бәйгем, алып жүрген алтын-күмісім бар. Мынау екі палуанмен күрестірсендер, жығылсам, осы екі жетімдік алтын-күмісімді осы шаһардың ие адамына беремін. Олжа қылып алсын. Егер палуандарыңды жықсам, осы шаһардан екі жетім беріңдер, — дейді.

Сонда шаһардың екінші бастығы Әбділғазиз деген көне ғылыми мешіт иесі бар екен. Бұл кісінің қолында ата-анасынан туа жетім қалған екі ұл бар екен. Ахмет Уәли, Қожа Ахмет Ясауи деген балалар екен. Әбділғазиз шаһар халқын жиып алып, мешіт майданында үш палуанды күрестіріпті. Уәде, тоқтам мешіт иесімен болыпты. Таубұзар алты күн күресіп, бұл шаһардың екі палуанын жығыпты. Әбділғазиз бұл кісіні неше күн мейман етіп, бұл Таубұзардың бәйгесіне қасына екі бала — Ахмет Уәли, Қожа Ахмет Ясауиді қосып беріп, барлық шаһар халқы болып жолға салыпты.

Таубұзар неше күн жол жүріп, шекті деген елге келіпті. Бұл елде Көтібар деген бай бар екен. Бұл кісінің бірнеше әйелі бар екен, барлығының баласы жоқ екен. Туса да тұрмайды екен. Сондықтан ел-жұртын жиып алып, Таубұзарды ауылына қонақ қылып, бастан өткен көне тарихын, төрт әйелінен бір перзент жоқтығын айтыпты.

— Мынау алып келе жатқан екі баланың бірін бер, менің атым өшпесін, сенің Таубұзар атың әлемге жайылсын, — депті. Жылқыдан ақбоз биені алып кеп сойып, асықты жілігін Ахмет Уәлиге ұстатып, бұл Көтібарға беріпті.

Сонда Таубұзар Көтібар байға айтыпты:

— Сен атам үш жүздің кенжесі едің, бермесем, жолым болмас. Өсіп-өнгін, — деп, Ахмет Уәлиге батасын беріп, Көтібар байға беріп кетіпті.

Таубұзар Қожа Ахмет Ясауиді еліне алып келіп, Айт, Бозым екі баласына, еліне жөнін айтып, бұрынғыша асық жілігін ұстатып бала ғып алыпты.

Айт пен Бозым өсіп, еншілерін алып, екі ауыл болып кетіпті. Ағасы Айт бай болыпты. Інісі Бозым кедейлеу адамның бірі болыпты. Әкелері Таубұзар өлген соң, інісі Бозым саудамен айналысыпты. Таубұзардың

үлкен үйінде Қожа Ахмет Ясауи, Бозым, қарындасы Қарашаш үшеуі болыпты.

Қаншама жылдар өткеннен кейін бір үлкен көпес бай, оның керуені келіпті. Сол керуенмен бірге інісі Бозым сауда қылып ел аралап кетіпті. Бұл Бозым жоқ уақытында қарындасы Қарашаш жүкті болып қалыпты. Мұны Айт ағасы біліп, баяғы Қожа Ахмет Ясауиді өлтірмек болады екен.

Сонда атамыз Сарының үлкен ұлы Сүйерқұл қария келіп, Айтқа айтыпты:

— Мұны неге өлтіресің? Сен алып келген жоқсың, сенің әкең, менің інім Таубұзарым дүние кезіп жүріп, сен екеуіңе іні қылып, еншілес болып едіңдер, енді мұны өлтірмеңдер, осы Бозыммен бірге осы үлкен үйінде болсын, ұл туса, атын өзім қоямын, — депті.

Жылдар өткенде бұл Қарашаш ұл тауыпты. Бұл Қарашаш толғатқанда Қожа Ахмет Ясауи баяғыда атасы Таубұзар беріп кеткен Кіші жүз Көтібар байдағы інісі Ахмет Уәлиді іздеп, соған қашып кетіпті.

Ендігі сөзді Қарашаш қыздан естіңдер. Бұл толғатып ұл тауыпты. Сүйінші сұрап бір кедей ағасы Айтқа барыпты. Бұл Айт мұны өлтірмек болыпты. Мұны Таубұзардың ағасы Сүйерқұл естіп, сүйінші сұраған кісіге ат мінгізіп шығарыпты. Сүйерқұл қария келіп, баланы бесікке салып, атын Жиенқұл қойыпты. Сонда Сүйерқұл қария Қарашашқа: «Кейін менің тұқымым қанша өссе, шырағым, Бозым екеуіңнің тұқымың соншама өссін», — деп бата беріпті. Сол себептен, Айттан Бозым көп, барлық қыстық «Бозымбыз» деп сөйлейді.

## Бағыс суан

*(Суан тайпасы)*

Қазығұрт тауының оңтүстік бауырынан Келес өзені ағады. Келесті көргенде Асанқайғы: «Екі Келес, бір Талас тастамай ат сауырына артып жүрер жер екен», — депті. «Таяқ ұстап келген тай мініп кетеді, тай мініп кеткен таяқ ұстап қайта келеді», — депті тағы бір бабамыз. Осы Келес өзенінің саға тұсында Бағыс суандар тұрады.

Суан ерке, сері бала екен. Жиырмалардағы жігіт кезінде бір күні астына ақ шабдар ат мініп аңға шығыпты. Жапанда келе жатып бір қашқынға жолығады. Ол қырғыздың ханы екен. Екі хан соғысып, бұл жеңіліп қашып келеді екен, астындағы аты әбден болдырыпты. Суан астындағы ақ шабдар атын ханға беріп, оның болдырған атын алып қапты.

Хан сонда: «Балам, мә, қамшымды сен алшы!» — деп, қамшысын беріп кетеді. Артынан жеткен қуғыншылар Суанды ұстап алады да, ауылдарына әкеліп көгендеп қояды. «Хандарыңа айтар арызым бар!» — деп, Суан өтініш айтады. Ақыры хандарына алып келеді.

Хан:

– Менің жауыма неге атыңды бердің? Қолға түсетін жерінен неге құтқарып жібердің? Ол сенің кімің еді? – дейді.

– Мен оны танымаймын, бірінші рет көргенім. Сұрасам, елдің ханы екен. «Хан өлсе, халқы қараң қалады ғой», – дедім де, атымды бердім. Ханды сыйлау қашаннан айып болушы еді? – дейді Суан.

Ханға Суанның сөзі ұнайды. Босатады да, иығына шапан жауып, ауылына қайтарады.

Ал сол кезде қуғыннан құтылған хан аман-есен еліне келіп, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап жатады.

Еліне: «Егер мені құтқарған жігіт осы отыз күннің ішінде тойға келсе, қызымды қалыңсыз берем, оған қоса өз атын өзіне қайтарам. Ал егер келмесе, оған мұның екеуі де жоқ», – деп жар салады. Бірақ жігіт келмейді. «Ойпырмай, қыз бен ат бекер иесіз қалатын болды-ау!» – деген қу жігіттер ханға келіп: «Ол жігіт мен едім», – десе, хан: «Сен болсаң, белгіңді көрсет!» – дейді. Белгі дегені не екенін біле алмай, олардың мысы құриды. Сөйтіп жиырма тоғыз күн өтеді. Ауыл-ауылдағы барлық жігіт түгенделеді, бірақ ханды құтқарған жігіт жоқ. Соңғы күні бір қойшы қой шетіне келіп, бір жігіттің кеше кешке ұйықтағанын, содан әлі ұйықтап жатқанын хабарлайды. Хан жасауылын жіберіп, әлгі жігітті алдырады. Жолай жасауылдан мән-жайды ұққан Суан:

– Сізді құтқарған мен, – дейді ханға.

Хан сенбей, қасына шақырады. Сонда Суан қойнына тығып жүрген ханның қамшысын алдына тастайды. Хан енді сенеді.

– Қырық күн той жасап, қызымды беремін. Туыстарыңнан кім бар? Құдаларымды алдырайын, – дейді хан.

– Ағам Албан бар, інім Дулат бар, – дейді Суан.

Оларға «Құдалыққа келсін» деп сәлем жібереді. Сәлемді естіп, оған Албан сенеді де, Дулат сенбейді. «Оған хан қызын беруші ме еді?!» – дейді.

Албан келіннің қалыңмалы деп, бір қора жылқы айдап ханға келеді. Жылқының шаңын көрген хан алдынан жасауылын жібереді. «Мен қызымды қалыңмалсыз берем дегенмін», – деп, жылқыны жолдан кері қайтарады. Сөйтіп Суан қалыңмалсыз үйленеді.

Сол қырғыз анамыздан Қарабас атты ұл туады. Одан Албаба деген ұл туып, одан Ханбағыс, Досбағыс, Ешбағыс немесе Сарыбағыс атты үш ұл туады.

## Суан туралы

Суан Жетісу өлкесіне алғашқы әйелімен көшіп барып, тұрақтап қалады. Өзі атқа мінгенде, тізелері ат құлағына жетердей сом денелі, көрікті кісі екен. Жай мінері – Торытөбел деген мықты аты. Жарыстарға қосары – шаң жұқтырмас Ақшабдар жүйрігі. Палуандығы бар, тапқыр сөзді, турашылдығымен маңына жұрт жинаған. Оған сол жердегі

беделді төренің қызы ғашық болып, екеуі сөз табысыпты. Ол кезде төре қызы қараға ерге шыға алмайды екен.

Мұның амалын қыз тауыпты. Оның кеңесіне сай, Суан «ешкі жоғалды» деп жариялап, «күмәнім осы — төре үйі» депті. Бұған шамданған төре: «Түгел тінт, таба алмасаң, айыбың мен жазанның жеңіл болмасын біл!» — депті.

Көп тінткілемей-ақ, ешкі төре қызының бөлмесінен табылып, енді төре масқара болуға айналыпты. Төре ғұрпы бойынша, үйінен ұрлықты мал табылса, мал егесіне бір адамын беруі керек екен. Төре қызы әкесіне: «Ел алдында абыройыңыз түспесін, сол Суанға мені-ақ бере салыңыз», — депті.

Сөйтіп екі ғашық осылай қосылыпты. Бұған шыдамаған Суанның алғашқы әйелі Қазығұртқа қайтып келіп, босаныпты. Ерінің мұнда келмесіне көзі жеткендіктен, әкесіз қара басы қалады деп, ұлының атын Қарабас қойыпты дейді.

### Суанның Бөлегі

Бөлектің шешесі Айбике атты кісі екен. Бөлек өзінің атақонысы — «Долаңқара тауы» аталып кеткен жайлауда дүниеге келген. Оның атын Бөлек қойған анасы көрінеді. Ол жөнінде мынандай аңыз бар.

Бөргелтайдың Киікбай атты тұңғыш ұлы болған. Айбике екінші баласына жүкті болып жүргенде күйеуі қайтыс болып, жесір қалады. Жас қалған Айбикені қазақ салты бойынша күйеуінің жақын туыстарының біріне қосу жөнінде әңгіме болғанда, Айбике анамыз:

— Менің ішімде Бөргелтайдан қалған бала бар. Сол жарық дүниеге келмей, мен ешкімге күйеуге шықпаймын, — деп кесімді сөз айтады.

Ол ақылына көркі сай, әр істі кеңінен ойлап шешетін адам екен. Кейін сәби дүниеге келіп, оның атын қоярда осы көрегендігін жасапты.

— Бұл — Бөргелтайдан қалған соңғы ұрпақ. Сондықтан бұл баланың жөні бөлек, аты Бөлек болсын! — деп өзі қойыпты.

Анасы Киікбайдан туған Үмбетей жалғыз болмасын, екеуі бірге туғандай жұбын жазбасын деп, екеуін еншілес еткен екен. Содан Үмбетей, Бөлек екеуінің аттары әлі күнге дейін қатар аталады.

### Бименбет Қанкөшектің ру ұранына айналуы туралы

*(Дулат тайпасы)*

Құттықадамұлы Қанкөшекке 600-дей жылқы бітіпті. Сауын биелерін үйірімен бөлек баққызады екен. Бірде осы сауын биелерді бағып жүрген жылқышыларды байлап тастап, ұрылар түгелдей айдап кетіпті. Қолаяғы байлаулы жылқышыларды ертеңіне өрістен тауып алыпты.

Қанекен төңірекке сұрау салып, «көрген-білгендер болса, сүйіншісі дайын» деп елге құлақтандырады. «Ел құлағы — елу» деген емес пе, біреуден біреу естіп, жылқыларды Іле жаққа айдап бара жатқан беталысын айтып, бір адам келіп сүйіншісін алады. Уақытты өткізбей ертеңіне ағайындарын жинап, батырлық аты төңірекке жаңадан шығып келе жатқан Масақ атаның баласы Барлыбайды басшы ғып, сегіз жігітті жылқының соңынан аттандырады.

Қуғыншылар Іле бойына жақындаған соң, күндіз жатып, түнге қарай торып, жылқы жатады-ау деген жерлерді аралайды. Сөйтіп жүріп, таң алдында көп жылқының қарасын көреді. Бәрі сайланып шыққан сегіз жігіт екі топқа бөлініп: «Иә, аруақ, аруақ! Қолдай көр Қанкөшекті! Қанкөшек!» — деп, жылқыларды қайтарып айдап жүріп береді. Жылқышылар ұйықтап қалған екен, жылқылардың дүбірінен оянып, 3-4 жігіт арттарынан қуады. Бұл кезде Барлыбай бастаған төрт жігіт қуғыншының алдын тосып, төрт жігіт жылқыларды сырғытып айдап кете береді. Қуғыншылар жетіп, шарт та шұрт ұрыс болып, ұры жағының бір-екі адамы аттан түсіп қалады. Батыл қимылдап, сойылын еркін сермеп, талма жерден ұрып түсіріп жүрген Барлыбайды дәл көздеп, «кеуде тұсы осы ғой» деп, садақпен тартып қалады. Барлыбайға оқ тигеннен кейін қаша жүріп ұрыс салып, өз жылқыларын өңі-түсімен түгендеп, ұры жағының жылқыларын қайырып тастап кетеді. Біраз жер жүргеннен кейін Барлыбайдың атқа жүруге шамасы келмей, үш жігітпен артта қалады. Төрт жігіт жылқыларды тоқтаусыз айдап кете береді.

— Менің халім болмай бара жатыр, тоқтандар, — дейді Барлыбай — «Бай бір жұттық, батыр бір оқтық» деген осы, елге менің атымнан сәлем айтыңдар. «Қанкөшек» деп айғайлап, жылқыларды айдап бара жатырсыңдар. Осыдан былай Күнту елінің ұраны «Қанкөшек» болсын. Бұл менің бірінші тілегім. Елімнен екінші тілегім — артымда үйелмелі-сүйелмелі үш бірдей балам жетім қалып жатыр, ағайын көз қырларын сала жүрсін! — деп сөзге келіпті де, көп ұзамай көз жұмыпты.

Сөйтіп, есіл ер 37 жасында Іленің ну орманының ішіне жерленіп қала беріпті. Барлыбайдың тілегін орындап, елінің үлкен-кішісі жиналып: «Күнту елінің ұраны «Қанкөшек» болсын!» — деп пәтуаласады.

Содан бері неше ғасыр өткен шығар. Ұлан-асыр бәйгеге ат қосса, бәйге атына мінген бала, сол сияқты екі жақ болып тартып жатқан көкпарда «Қанкөшек» деп ұран тастап шабады.

### Қоралас руының тегі жайлы

Аппақ ишан<sup>1</sup> ел-елді аралап, ислам дінін үйреткен. Ишанның қасында Тақсырқожа баласы, діндар емші Алдияр деген кісі бірге жүрген. Күндердің күнінде жолы түсіп, қожалар Ботбай ауылына келеді.

<sup>1</sup> Ишан — дін басшыларының жоғарғы атақтарының бір атауы.

Ботбай ишанды үлкен құрметпен қарсы алып, ауылында үш ай ұстап, қонақ қылады. Сонан бір күні бай елін жинап, ишанға малдан нәзір береді де: «Тақсыр ишан, сізбен құдандалы болайын, мына қызым Калкунды қалыңсыз сіздің жолыңызға қидым», — дейді. Аппақ ишан жанындағы Алдияр қожаға Калкун қызды тапсырады. Сол күннен бастап Алдияр қожа Калкунмен бірге тұра береді. Жолдастарымен бірге қыруар олжамен еліне қайтады.

Алдияр қожа емшілік жұмысымен айналысып, бір жылдан астам уақытқа Ботбай ауылында қалып қояды. Алты айдан соң Ботбай ауылына қалмақтар шабуыл жасап, бар малын айдап әкетеді.

Сол шапқыншы қалмақтармен соғыста Ботбай ауылының көп адамдары қырылып, солармен бірге Алдияр да қаза табады. Жаугершіліктен кейін Алдиярдың әйелі Калкун әкесі Ботбайдың үйінде ұл тауыпты. Бірақ көп ұзамай Калкун қайтыс болған. Ботбай жаңа туған сәбидің атын Қоралас қойып, бәйбішесінің қойнына салып, тәрбиелеп өсірген. Қораластан екі бала — Қарақойлы, Қарақосай дүниеге келеді.

### **Жалайыр руы**

Қазақ елін Тұран хандығы заманында «Қызыл қалпақтылар» билейді. Бұл заманда «Жалайыр» деген атақ алып шыққан Қабылан деген батыры болады. Ашулы Қабылан Жетісу, Іле, Шу, Қаратал, Ақсу-Алакөл жеріне талас-керісі басталады. Ашуланған Қабылан жүгенсіз ағып келе жатқан айғырдың кекілінен ұстап, жығыла тартқанда оны жалымен қоса қапсыра тартып, арқасынан жалын айырып, құйрығынан бір ақ шығарып, айғырдың жаясын қып-қызыл қанталатып, құйрығының қылын қолына іліп қалады. Осы оқиғадан кейін болған істі, керемет күшті көріп, халық Қабылан батырды «Жалайыр» деп атап кетеді.

### **Орта жүз Бекарыстан алты арыс ел тарауы**

Шежіре бойынша Бекарыстың әкесі Қазақ, Қазақтың атасы Алаш екен. Бекарыс бабамыз керемет бай, кемеңгер, данышпан, көпшіл, әділ және қарапайым болған екен. Үйіне келген қонақ қара ма, хан ба, талғамай, мейілінше дұрыс қабылдап, дастарқан жайып, разы етіп аттандырып отырған. Бірақ ұлы, перзенті болмаған деседі. Бірде осындай көптің бірі болып Әулие Қыдыр ата үйіне келіп дәм татып, сый-сияпатына дән риза болған. Ақыры Бекарысқа риза болып, ақ батасын беріп, тілегін айтқан. Арада тоғыз ай он күн өткен соң бәйбішесі ұл туыпты. Оның атын Қарақожа деп қойыпты. Сөйтіп, бірінен соң бірін босанып, Қарақожа, Ақтамберді, Дайырқожа, Мойынқожа, Ысмайыл, Қасым атты алты ұл көтеріпті. Қарақожа үлкен ұл болған соң бөлек



отау етіп шығарыпты. Қарақожадан Арғын туады. Арғынның «аға баласы» атануы осыдан. Ақтамбердіден Қыпшақ, Дайырқожадан Қоңырат, Момыннан Найман, Ысмайылдан Керей, Қасымнан Уақ туады. Сонымен Орта жүз Бекарыстан алты арыс ел тарайды.

## Қарақожа

Күлік қожа диуана болған. Мәжізүп (мәшүріп) қатын-баласыз, үйсіз-күйсіз болған. Заманындағы адамдар таһир әулиешілігін көрген. Мұның заманында «Шоң бидің Қарақожасы» деген әулие өткен.

Сол Қарақожаның бибісі (бәйбішесі) пұшпағы қанамай, перзент көтермей өмір кешкен. Жаздың күнінде Қарақожаның бибісі құрт қайнатып, бір ошаққа құрты қойылған соң, қазаннан түсіріп, өзі шаршап, сілесі қатып, шалқасынан жата қалыпты. Ұйықтап қалыпты.

Күлік диуана шап беріп үстіне мініп алып, бетінен бір сүйгенде, қатын бар күшімен шалқасынан итеріп теуіп жіберіпті. Диуана жер ошаққа жығылып, үсті күйіп, көлге қарай жүгіріп, артынан ит қуып, азан-қазан, суға барып түсіп, жаны қалыпты. Артынан Қарақожа естіп, қатынына ұрсыпты:

— Жұрт мені «әулие» дейді. Мен әулие емес, бұл әулие еді. Бекер қылған екенсің. Ол неше сүйсе, сонша бала болатұғын еді. Енді жалғыз-ақ рет сүйген болса, бір бала табасың да, тұрып қаласың, — депті.

Айтқанындай, бір бала тауыпты да, тұрып қалыпты. Ол бала һәм диуана мыжазы<sup>1</sup> болыпты. Қожалық қылып келгенде, заманындағы жұрт көріпті. Қолына түскен малды сояды да, жұртқа үлестіреді. Сол малдың етін жеген есіне ие болмайды. Нәзірді гулетіп бере бастайды. «Бір қойды сойса, жүз қой жиылып қалатұғын болады», — дейді.

## Мейрам сопы ұрпақтары немесе «Момынның жеті арысы» туралы

(Арғын тайпасы)

Осы күнгі керей, уақ деген елдер бар. Олар Арғынның тоқалы Момынның қоңсысы болыпты. Момын оларға қатын әперіп, енші бөліп беріпті. Олар Момын балаларына Момыннан енші алған кірмесі болады. Уақ, Керей — екеуі екі арыс болады. Бұл екеуі «жолдан келген жеті руға» қосылады. Жетіру дегеніміз — Асанқайғының елінен, Бәйбіше деген жерінен келген жеті жігіт екен. Осы жеті жігітті үш жүз бөліп алыпты. Қаңлы менен Шанышқылыны Ұлы жүз — үйсін алыпты. Керей менен Уақты Орта жүз — Болатқожа алыпты. Табын, Тілеу екеуін Кіші жүз — алшын алыпты.

<sup>1</sup> Мыжаз — мінез, көңіл.

Тама деген жігіт жалғыз қалыпты. Қайсысы аларын білмей, ортада қалған соң, үшеуі ынтымақтасып, ат шаптырып, қай аты озғаны алатын болыпты. Сонан соң үшеуі ат шаптырып, Кіші жүздің құла қасқа аты келіп, Таманы Кіші жүз алыпты. «Құла қасқа Тама» деген сонан қалыпты. Тарақты деген ел бар. Тарақты — Орта жүздің қызынан туған жиені.

Арғын, қыпшақ — екі арыс, найман, қоңырат — екі арыс, керей, уақ — екі арыс, тарақты — бір арыс, айналасы жеті арыс болады. Осы күнгі «Момынның жеті арысы» деп сөйлейді, сол — осы.

### Жетімомын туралы

Арғынның екінші қатынының аты — Момын. Бұл Момыннан туғандар — Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Надырсопы. Ақсопыдан — «Толыбай» ұранды Қанжығалы мен «Маябоз» ұранды Тобықты. Қарасопыдан — «Қарақай» ұранды Қарауыл мен «Барлыбай» ұранды Бәсентиін. Сарысопыдан — «Үшбай» ұранды Атығай, он екі атаның ұлы Дәуіт. Керей, Уақ Орта жүзге тоқал қатын баласы болып қосылады. Осы Момынның балаларымен ыңғайлас болғандықтан «Желкілдеген жетімомын» аталған.

### Жетіру туралы бір аңыз

Арғынның ортаншы қатынының аты — Момын. Бұл Момыннан туған Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Надырсопы. Ақсопыдан: «Толыбай» ұранды Қанжығалы, «Маябоз» ұранды Тобықты. Қарасопыдан: «Қарақай» ұранды Қарауыл, «Барлыбай» ұранды Бәсентиін. Сарысопыдан — «Аушыбай» ұранды Атығай. Ана екі сопыдан нәсіл тұқым жоқ.

«Желден келген жеті ру» дейтін тағы бар. Қанжығалыдан: Ішпек, Піспек. Піспектен ұл жоқ, екі қыз. Онан өрбіп-өнген Қуандық та — Алтай ұрпағы. Өр Алтай, төменгі Алтай Піспекбайдың қыздарынан туған. Ішпектен — Қамбар, Жапар, Қармыс. Қармыстан — Есен, Бозым. Есеннен ұл болмаған, жеті қызы болған. Қыздарын қалыңмалсыз жеті жерге берген. Әр қызынан бір ұл асырап алып, бала қылған. Сол жеті жиеннен жетіру өсіп-өнген.

### Оразгелдінің Қаржас аталуы

«Толыбай» ұранды қанжығалы» дейді. Сол қанжығалыға ұран болған Толыбай сыншы заманында бір жаққа жорыққа бара жатып, бір көлдің басынан бір еркек бала тауып алыпты. Аяғын апыл-тапыл басқан, тілі шықпаған баланың мойнында алтынды айкел шұбар төсі мен алтын сақа бар екен.

— Өзіміз жолаушы, өзі қысқа қараған суық күн. Бұл қиын болады-ау! — деп дағдарып тұрса, көз ұшында бұлдырап қара-құра көрінеді. Соған келсе, түйе екен, жанында жүрген бақташысы бар.

— Бұл кімнің түйесі? — десе:

— Нұрфая бәйбішенің түйесі, — деген екен:

— Менің атым — Толыбай. Мына бала — жолдан тауып алған олжам. Мойнындағы — баланың өзінікі, Нұрфая бәйбішеге байлағаным. Екі баласына серік қылып, асырып алсын, — деп, түйешіге беріп кетіпті.

Сонда түйенің үстінде жабуы бар екен. Басын қылқитып, түйенің өр-кешіне тығып, ауылға алып келген соң, Нұрфая бәйбіше:

— Бұл өзі олжалы келеді, олжалы келеді, — деп атын Оразгелді қойыпты.

Сонда Нұрфая бәйбішенің өзінен туған екі бала, бірі — Қуандық, бірі — Сүйіндік. Қуандық марқа туған екен де, Сүйіндік кенжелеу туған екен. Қуандықтың алты ұлы ат арқасына мінгенде, Сүйіндіктің отауы сонда түссе керек.

Қайыр, Қуандық енші алысқанда, Оразгелдіге таласады. «Еншілес қылып, қара бауыр қылып аламын!» — дейді.

Сонда Нұрфая бәйбіше:

— Екеуің таласпас нәрсеге таласпаңдар. Мұның өзінің алтын сақасы бар. Соны алып берейін. Жүз асықтың ішіне салып қаржысыңдар да, алтын сақа қайсыңның қолыңа тоқтаса, мұны солайша алыңдар, — деген соң, Қуандық, Сүйіндік асық қаржысқанда, алтын сақа Сүйіндіктің қолына тоқтапты. Қуандық тұрып, үлкендік зорлығын қылыпты:

— Мен жалаң қаржысқанға тоқтамаймын. Алтын сақаны иірісіп алайық. Бүкесі менікі, оңқа түссе, сенікі, — деп, Қуандық өзі иіріп жібергенде, оңқасынан дірілдеп тұра қалып, сонан Оразгелдіні Сүйіндік алып кетіпті. Өзіміз Нұрфая бәйбішенің қойған атымен «Оразгелді» дейміз де, басқа ел: «Асықтың қаржауына келген», — деп, «Қаржас» атанып кеткен екен.

### **Шегендіктің баласының атын Мейрамның «Қақсал» қоюы**

Ел-жұрттың көшіп-қонып жүретін заманы екен. Сондай бір абыр-сабыры көптеу көш-қон кезінде Шегендіктің бәйбішесі босанып, арыс-тай бір ұл бала дүниеге келеді. Дәл сол күні жауын-шашын болып, ол да бір жағынан берекені кетіріп тұрса керек. Көш үстінде асығыс құрылған қамсау күрке, сол күркенің панасында босанған ана, жарық дүниеге келген нәрестенің іңгәлаған үні, жаялық-жөргегін қамдаған қатын-қалаш, абыр-сабыр сәт. Жас босанған ана есеңгіреп жатып, нәрестенің қамын ойлайды, жас шаранасының тәніне алғаш тиетін жөргек-жаялықтың жылы болғанын қалап: «Анау отқа қақ сал», — дейді әлсіз

ғана. Қазақтың ат тергейтін дәстүрі бойынша сиырдың ақ жапасын немесе ақ сөңке болып қураған тезекті «қақ» деп атайтын әдеті. Сол жердегі әйелдердің бірі: «Мына бейбақ баласының атын «Қақсал» деп жатыр ғой!» — деп іліп әкетеді. Енді біреулер Мейрамсопыдан: «Қақсал деген немереңіз дүниеге келді!» — деп, сүйінші сұрап та үлгереді.

Сонда Мейрамсопы: «Мейлі, Қақсал болса, Қақсал болсын, аман өсіп, ақ шал болсын!» — деп тілек айтыпты дейді. Кейін Қақсал ержетіп, әулеті ұлғайған кезде Қозғанмен еншілес болады. Бұлардың өсіп-өнген ұрпағының «Қақсал-Қозған» деп қатар аталатыны содан дейді.

### Қаракесек

Руы — арғын, оның ішінде қаракесек. Осы қаракесек болып аталуының себебі бар екен. Арғы атасы Мейрамсопы деген адамнан төрт бала туады. Олар: Қуандық, Сүйіндік, Бегіндік, Шегіндік. Бұл төртеуі бәйбішеден туады, ал тоқалдан Болатқожа туған екен. Бәйбішеден туған төртеу Болатқожаны кем ұстаған. Болатқожаға еншіні кеш береді. Ол соған өкпелеп қашады. Ол келіп бір бейітке бекінеді. Оны төрт ағасы қуады. Бұл о жар бейітке әбден бекініп, ағаларын жолатпайды. Төрт ағасына қарап, сол бейіттегі кесектерді алып, ағаларына қарсы лақтырып, маңына жуытпаған және өзінің түсі қара болса керек. Содан «Қаракесек» атанған екен. Бірақ ағалары оны ұстап алып, еншіні ырза қылып береді. Ол Ұлы жүзге немесе басқаға ауысады. Осыдан қорықса керек. Одан тараған ру көп.

### Момын

Қазақтың қария сөзінде Орта жүз Арғынның Ергүл есімді бәйбішесі ақылына көркі сай, оған қоса адуынды адам болыпты. Келін болып түскен соң, Арғыннан Тоты есімді бір қыз, Мейрам (Мейрамсопы) есімді бір ұл көріп, баладан тоқтап қалса керек. Содан: «Тәңірдің берейін десе, рақымы мол ғой», — деп, біраз жыл күтеді, бірақ бала болмайды. Ақыры әрі ойланып, бері ойланып, Ергүл бәйбіше: «Қой, болмас, өмір өтіп барады, отағасының бауырын суытпайын. Жорық кезінде Ұлы жүз Бәйдібек бидің Момын деген қызына көзі түседі дегенді естіп едім, сол қызға өзім барып құда түсейін!» — деген ойға бекініп, жөн-жоралғысын сайлап жолға шығады.

Бәйдібектің ауылы орнында, Момын қыз үйінде екен. Бәйдібек би: «Бастасымның бәйбішесі келеді!» — деп, шат көңілмен қарсы алады.

Сол күні түнде Момын қыз түс көреді. Түсінде бір ақиық қыран аспаннан сорғалап келіп Момынға жеті рет түседі. Қыран бүркіт әрбір түскен сайын Момынның бауырына бір-бірден жұмыртқа пайда болып, жетіге жетеді. Сол жеті жұмыртқаны қызықтап, бауырына басып

жатқанда, одан жеті балапан шығады. Жетеуі де жұтынып, көктегі қыран әкесіне қарап, қанаттарын сабалай бастағанда, Момын қыз оянып кетеді.

Осы түсін ерке де еркін өскен Момын қыз таңертеңгі дәм үстінде айтып береді. Сонда Бәйдібек би: «Шырағым-ай, түсіңнің түйіні бар екен, «Қырықтың бірі — Қыдыр» деуші еді, жоруын бастасымның бәйбішесі Ергүл айтсыншы!» — дейді.

Ергүл көктен тілегені жерден табылғандай қуанып кетеді. Сол жерде келген шаруасымен сабақтай отырып, Момынның түсін жориды. «Ақиық қыран — Арғын би болар, аңсары ауса, айналып қонар. Өндеріңде танысып, түстеріңде табысып жүрсеңдер, бір-біріңе ықыластарыңның ауғаны болар!» — деп келіп, жүзін Бәйдібек биге бұрып, сөзін жалғайды.

— Уа, Бәйдібек би, қызыңның бауырына береке дариын деп тұр екен, бастасыңа қи, менің де ниетім қабыл болып, көңілім толып қайтсын! — дейді.

Бәйдібек би үн-түнсіз төмен қарап отырып қалыпты. Сонда, ерке де еркін өскен Момын қыз үнсіздікті бұзып:

— Әке, Арғын ағаның қанатының астыңда болсам, ешкімнен қор болмаспын. Батаңызды беріп, ұямнан ұшырыңыз, мен қарсы емеспін! — депті.

Осылайша Арғын би Момынға үйленеді. Момын қыздың түсінде көргені өңінде келіп, Арғыннан жеті ұл көреді. Ол жетеуі өсіп-өніп, өркен жайып, Орта жүз арғын ішіндегі «Жетімомын» деп аталатын іргелі руларға айналады.

### **Қанжығалының қақ жарылған жері**

Қазақ орысқа ең алғаш қарағанда Ибан Сменыш деген Бөлкебай келіп, Баянауылдан қала салдырып, дуан аузын ашқанда дуанбасы болыс сайлаған. Сонда қанжығалы ойдағысы, қырдағысы өз алдына бір болыс болып жолға байлаған. «Жолды маған байлағандарың рас болса, мен Әжіке Дәненнің Дәненіне бердім. Дәнен күндердің күнінде кімге берсе, өзі білсін», — деген. Сондықтан қанжығалыға ең алғаш Дәнен болыс болған.

Дәнен өлерінде өз балаларына байламай, жол баласы Әлдебекке берген. Әлдебек өлерінде Дәнен балаларына бермек болған. Мұстапа деген баласы тілін алмай өзі болған. Соған өкпелеп, қанжығалы екі айырылып, жетіру мен әжібай Баянауылға қарап қалып, Қамажапар, қарабұжыр «тентек қанжығалы» Ақмолаға қарап кеткен. Қанжығалының қақ жарылған жері — сол.

## Төртуыл Сарқозған

Нұрфая бәйбіше Сүйіндікті, Қаржасты, Бегендікті, Шегендікті — төртеуін бала қылып, төртеуіне қатын алып беріп, енші беріп, сол төртеуін «Төртуыл» деп атаған екен.

Бегендік өлген соң қатынын Сүйіндік алып, Оразгелді Бегендіктен туып қалған бала екен. Сүйіндік алған соң, онан Суғыншы туады. Оразгелді, Суғыншы — анасы бір, атасы басқа, екеуі бір кісінің баласындай ауыз жаласып, тату-тәтті болып өседі. Оразгелдіге қатын алып беріп, енші берген.

Сүйіндік-Суғыншының балаларының аты: Шуманақ, Мәжік. Оразгелдінің балаларының аты: Тәңірберді, Сәрік. Тәңірбердінің үш баласы бар: Ораз, Малқар, Жолымсопы. Сәріктің балалары: Қожамберді, Тоқтас, Қожагелді.

Қозған деген кісінің аты жоқ. Қозғала берген соң, «шіркін, қоза береді ғой» деп, «Қозған» қойған екен. Сүйіндік өлген соң Оразгелді, Суғыншыны тапқан қатын Темешке тиіп кетіп, одан да бала тауып, ол бала да өсіп-өніп ел атанады. Жас кезімізде Темеш ортасында қариялар: «Бір қатын осындай үш-төрт елді өсірген», — деген сөзді айтып отырғанын естідік.

«Қозғанның қозылы-қойлық залалы болады» деген бұрынғыдан қалған сөз бар. Қожамбердінің балалары: Байназар, Есназар, Қозыбақ. «Сарқыз» деген — Тоқтастың тоқалының аты. Оның балалары «Сарқозған» атанады. «Тәңірберді — тауып алған бала» десе-ді. Сондықтан аты Тәңірберді қойылған десе-ді. Бұрынғылардың «Ораз түбі — Үйсін» дейтіні осындай болғаннан айтылса керек. Қозғанның кенже қатыны қалмаққа олжаға түсіп кетіп, соны Малқар іздеп барып тауып келіп, қатын қалмақтан жүкті болып, мұнда келген соң ұл туып, «Қалмақшы — сол бала» дейді.

## Қыпшақ

*(Қыпшақ тайпасы)*

Ұлы патшалардың алыс сапарға шыққанда әйелдерін алып жүретін әдеттері болатын. Осы әдетпен нөкерлерінің кейбіреуі де әйелдерін ала жүруші еді. Оғыз ханның бір бегі де әйелін алып барып еді. Өзі ұрыста өліп, қатыны қашып құтылып, екі судың арасында тұрған ханның артынан жетті. Әйел жүкті еді. Толғағы келеді. Күн суық еді, кірейін десе, үй жоқ, бір іші шіріген үлкен ағаштың қуысына босанып, ұл табады. Мұны естіген хан: «Әкесі менің көз алдымда соғыста өлді, қамқоршысы жоқ», — деп атын «Қыпшақ» қойып, өз қамқорлығына алады. Түркі тілінде іші қуыс ағашты қыпшақ дер еді, бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын Қыпшақ қоюы содан еді. Бұл кезде іші қуыс ағашты «шыпшақ»



дейді. Қара халық тілі келмегендіктен «қ»-ның орнына «ш»-ны айтып кеткен. Бұл баланы хан өз тәрбиесінде ұстады, жігіт болғаннан қасына көп ел және нөкер беріп, Оғыз ханға жау болған орыс, олақ, мажар, башқыр елдеріне жібереді. Қыпшақ үш жүз жыл Дон мен Еділ атты екі үлкен өзеннің жағасында патшалық етті. Барша Қыпшақ елі соның нәсілінен шығады. Оғыз ханның заманынан Шыңғыс ханның заманына шейін Дон, Еділ, Жайық аталатын бұл үш судың жағасында қыпшақтан өзге ел жоқ еді, Ол жерде қыпшақтар төрт мың жылдай отырады, сондықтан ол жер «Дешті қыпшақ» («Қыпшақ даласы») деп аталды.

### Бестаңбалы қыпшақ туралы

Бұрынғы қариялар Орта жүзді «Жеті арыс» деп айтатын. Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақ, Тарақты. Қыпшақтан: Шолым Әліп, мұнан — Ақкөбік Әліп, мұнан — Мүйізді сары Әліп, мұнан — Тоқтар, мұнан — Қобыланды. Қара, Сары, Қытай, Еділ, Жайық атанған аталары бар. «Бесеуі бір туысқан» деседі. Кімнен туып, өсіп-өнгенін айырып білуші болмады.

Бұрынғылардан айтылып жүрген бір сөз бар еді: «Қыпшақ бұзды, Арғын түзейді». Қыпшақтың қарасы — ашуланшақ, омырау келеді. Сарысының көзі өткір, тілі ащы келеді. «Жақсы кезекке таласады, жаман отыратын орнынан адасады», «Жақсы басын қосқанда, әңгіме кезек-кезек айтса, сонда жарасады», «Екі жақсы ерікпес, екі жаман бірікпес», — бір жүйріктің аузынан шыққан сөз. Оның ар жағы кімнен туып, қалай өсіп-өнгендігінде нем бар, «естіген құлақтың жазығы жоқ» деген, естігенімді сөйлеймін.

«Бес таңбалы Қыпшақтың» аналары айтқан екен деседі:

— Ұзын бітті бойыма, ерлік, батырлық толды ойыма, — депті. Қол таңбалы Ұзын қыпшақ атанады (Атыс, Кедел, Бірдікей, Қырықжігіт).

— Бұлтың бітті бойыма, көптік толды ойыма, — депті. Әліп таңбалы Бұлтың қыпшақ таңбасын жақтан басады. Бұғыс, Орыс. Бұғыстан — Жолаба, Орыстан: Төбет, Құлатай, Мадияр, Құдас.

— Торы бітті бойыма, кемшілік толды ойыма, — депті. Мойын таңбалы Торы қыпшақ таңбасын мойыннан басады. Тойешке, Қитаба, Көкмұрын, Шашты.

— Балық бітті бойыма, байлық толды ойыма, — депті. Қарын таңбалы Қарабалық атанады. Таңбасын қарнынан басады. Көсеу таңбалы Көлден қыпшақ бар, бұлардың бәрін «Бес таңбалы қыпшақ» дейді.

Ел аузында айтылып жүрген әңгіме — қарақыпшақ Қобыланды батыр. Сондықтан «Қара, сарылар Қобыландыдан бұрынғы аталары болады-ау», — деп ойлаймын. Бұл қыпшақ екеу — Шайқы, Борқы. Дуананың дуасымен бір кісіден тоқсан екі ұл туған. Бәрі де өсіп-өніп, ел-жұрт болған, «Қытай көп пе, қыпшақ көп пе?» деген қыпшақ — осы. Бұл қыпшақтар моғұл-татардың моғұлынан шыққан.

## Орта жүз найман руы туралы

Найман елі Қытай тарихында сегізінші-тоғызыншы ғасырда белгілі болған екен. Оқыран өзенінің басы Моңғолдан Ертіске дейін қоныстанған, Найман руының алғашқы патшасы Нарқыш Таян, Инаш қаған; Бұқахан, Таубұға; Бұйрықхан және үлкен рулардың басшылары Тоқпан, Елата, Өкіреш, Кетбұға, Төлегетай, Сүгірші болған екен. Он үшінші ғасырға дейін найман руы өте күшті мемлекет болғаны рас, тарихта бар. Тек Бұйрық, Таян деген екі хан бауырлас болғанымен, берекелері болмай, найман елі ыдырай бастайды. Найман бабамыз Бұхарадан оқыған ғұлама молда болған көрінеді, жүзі ақ, киімді ақтан киіп, атты ақтан мінеді екен. Содан оны «Ақсопы» атаған.

Он бесінші ғасырда Ресей еліне шегаралас отырған кезінде Найман атадан Құлманай деген жалғыз ұл тауып, жиырма жасында ерте қайтыс болған екен. Содан әйелі Гүлшара жесір қалған. Найман ата сексен жасқа жақындап қалған кезінде, жалғыз ұлы өлген соң, өкіріп, мүлде жатып қалған. Бір жылға жуық жесір қалған келіні Гүлшара атасын күтіп отырады.

Гүлшара өте сұлу әрі ақылды әйел болған. Өзге ағайындар қазынамүлкіне, малына, Гүлшараға таласып, әйелдің мазасын алған. Содан Гүлшара Орта жүздің игі жақсыларын шақырып, көк қасқа тай сойып, қонағын күтіп жайласқаннан кейін оларға: «Баршаларыңызға айтар сөзім бар», — деп рұқсат сұраған.

— Мына Найман ата қартайғанда жалғзынан айырылып тұра алмай қайғырып жатыр, оған қарамастан мына мырзалар мені алам деп таласып, мазамды алды. Ал көпшілік, аталарыңды тірідей жылатқанша, қолдарыңмен өлтіріңдер. Содан соң мен сіздерге тиемін бе, жоқ басқа жаққа кетемін бе, ерік өзімде, ол менің тілегім болсын, мені қинамаңдар, — дейді.

Сонымен халық әйелдің сөзінен жеңіліп, жол-жорасын алып тоқтауға келген. Гүлшара атасы дәретке отырғанда зәрі тамған жерді көріп: «Осы атамнан әлі ұрық бар», — деп, Үйсін Ақсүмбі деген байдың қызын айттырып, көп мал беріп, атасына алып берген. Әйелге «Қызеней» деп ат қойған, ал көпшілік Гүлшараға «Жезетек» деп ат қойған. Содан Найман атамыздан бір ұл туады, оны Гүлшара өзі бағып, тәрбиелеп, анасына емізіп өсіреді. Содан ұл он жетіге толғанда, Гүлшара үлкен той жасап, өз некесін қиғызып тиіпті. Содан Гүлшара жүкті болып бір ұл тапқан, сөйтіп Сүгіршені туады.

## Өкіреш найман

Көтеш ақын өзі бай болған, өзі семіз болған, жүз жасаған. Сабаз дейтұғын бәйбішесі: «Жалғыз шұнақ қойды жеті қотан қылдым», — деген екен. Қартайған шағында ауылы Қарағайлы шоқыда тұрғанда

жау тонап, Көтеш ақынды жалаңаш тастап кетіп, оны ит-құс жеп тастапты. Шеру деген жерден денесінің қалған тамырын тауып алысыпты. Жатқан жеріне май сіңіп, топырақ қап-қара болып қалған екен депті. Табылған сүйектерін жинастырып, Қарағайлы шоқы түбінде Балықтыкөл басына қойыпты. Бұрынғы заманның қариялары «түн болғанда дене тырағынан шырақ жанып тұрады» дескен екен.

Жоқшы, зерттеуші (Құдай рақмет қылсын!) Шоң би болып, тонаған жауы найман екен. Қыс ішінде Айдабол жиырма үй тігіп, «сүйек құны», «өнер құны», «қара құн» деп, үш ердің құнын алыпты. Найман шабылып қалған: тозып, шұбырып кетіпті. Сондағы құнның төлеуіне келген найман ұрпағы — Айдабол Күлік ішінде Қоқым жұрағат бар. Олар өздерін «найманбыз» дейді, басқа білері жоқ.

### Бура, Көкжарлы туралы

Арнауыттың бүкіл елге белгілі қасиетті Шұбарат деген аты болады. Аттың қолтығы мен таңдайында қара қалы (белгісі) болады, бірақ оны Арнауыт байқамайды екен. Сүгірші жолдастарымен жолаушылап, Арнауыттың аулына келіп түссе, Шұбарат кермеде байлаулы тұрады. Сүгірші аттан түсісімен, Шұбараттың белгісін жақсылап көріп алады.

Гүлбаршын әкесі Арнауытқа:

— Қонағың құтты да, тентек те, — деп ескертіпті.

Сүгірші: «Құнан күнінде жоғалған Шұбарат менікі», — деп даулайды. Арнауыт би: «Бүтін ел біледі, құлын күнінен қолбала болып өскен», — деп көнбейді. Ақыры екеуі қазыға жүгінеді, қазы атты алдырып қарағанда, Сүгіршінің айтқан белгісі дұрыс болып, ат Сүгіршіге тиеді.

Арнауытта ұл бала жоқ екен. Гүлбаршынды Сүгіршіге қоспақшы болады. Сөйтіп, Сүгіршінің Гүлбаршынға үйленуін осыған байланыстырады.

Сонымен, Сүгірші мен Гүлбаршын қосылған соң, Наймантай, Төлек деген екі бала болады. Наймантайдан Бақана, Бақанас деген екі ұлы болады. Наймантай ертерек өліп, екі бала Саржомарттың тәрбиесінде болады. Саржомарт жолаушылап жүргенде, екі бала өздерін «жетімбіз» деп санап, саудагер кірекештерге еріп, Түркістанға кетеді. Арттарынан қуып барған Саржомарт Түркістан әкіміне Бақана үшін бір бура беріп, Бақанас үшін көк жал атын беріп, еліне алып қайтады. Арада біраз жылдар өткен соң, өздеріне әкесі қойған аттары аталмай, Бақана — Бура деп, Бақанас — Көкжарлы деп аталып кеткен екен.

### Төрт Төлегетай

Шұбартай жастай өліп, келіншегі жесір қалса керек. Сонда Арғынның көп балалары: «Мен аламын, мен аламын», — деп таласқан көрінеді.

Сонда қатын:

— Мен атамның көзі тірісінде ешқайсыңа тимеймін, мына атамның бір атары бар шығар, — деп, құрбы-құрдастарына жалынды дейді. Содан әлгілер малды аямай беріп, бір кедейдің қызын алып береді. Жұмыс үстінде Найман шал өкіріп өліп кетіпті дейді. Қыз шалдан екі-қабат болып, ұл туады. Оның атын Төлек атай қойыпты. Шұбартайдың әйелі әлгі Төлек атайдың өсуін, ержетуін күтіп отырып қалыпты. Кейін соған тұрмысқа шығып, одан бала көтеріп, ақыры үбірлі-шүбірлі болады. Осы жерде арғын алты ауыл болғанда, найман жалғыз-ақ үй болып жүрген екен деген сөз ертеден айтылып келеді.

Төлек атай сол заманда жұрт аузында әулие атанған. Қылыш қожаның қойын баққан. Қылыш қожаның ұлы жоқ, жалғыз қызы болған екен. Қыздың жасы толып, бойжеткен соң сарт-сауанның байлары мал беріп, қызды балаларына алып бермек болады. Сол кезде Төлек атай өзімен бірге қой бағып жүргендерге:

— Бұл қазақ қатынсыз өлейін деп жүрсе, қожа қызын сартқа береді екен, — депті. Қойшылардың бұл сөзін естіген Қылыш қожа қарқ-қарқ күліп:

— Рас айтады, Шұбартайдың төлеуіне келген Төлек атайға қызымды бердім, — деп қызын қосыпты.

Әр Найман, Қаракерей, Садыр, Матай — Төртуыл қожа қызынан туғандар екен. Баяғы сарғая күтіп отырған жеңгесін алып, одан бір ұл туып, оның атын Қытай қояды.

Төлек атай Қылыш қожаның қызын алған соң, бай болады, әр нәрсесі сай болады. Содан ол бір аста атын бәйгеге қосып, сол бәйгеден аты келіп, бір күнді беріпті. Күнге Төлек атайдың өзі аяғын салып, одан Сүгірші деген ұл туады. Олар өсе келе Сүгіршіні Қытай айбалтаның астына алып, өлімші етіп тастап кетеді. Сонда ел: «Бағанағы қайтті, бағанағы қайтті?» — деп жүріп, Сүгірші «Бағаналы» аталады. «Бағаналы», «балталы» аталған солардың ұрпағы.

### Мұрын туралы аңыз

Қызайдың (Нұрбикенің) сіңлісі Күнбике мұрны үлкен болғандықтан «Мұрын» аталыпты. Ол кісі ұзатылған соң көп жыл бала көтермеді. Төркініне барып, шешесіне (Үйсін Бәйдібек байдың тоқалы Домалақ енеге) айтқан екен. Шешесі:

— Менің барлық ақыл-пейілім апайыңа ауған. Сол апайыңа барып, батасын ал! — депті.

Күнбике шешесінің айтқанын орындапты. Нұрбике сіңлісі Күнбике аттанарда, оның қалауы бойынша бір ішкімін беріпті. Мұрын разы болып аттанған соң, ұзап кеткенше Қызай оның артынан қарап тұрыпты. Мұрын артына бұрылып қарамай кете беріпті.

Сонда Қызай:

— Япырай! Мына сіңлімнің артына бір қарамай кеткені-ай! Оның ұрпағы енді менікінен көп болатын болды, — депті.

### Қызай туралы аңыз

Ақсақалдың асылы аты Бәйдібек екен. Бәйдібек ел атасы болғандықтан «Ақсақал» атаныпты. Оның бәйбішесінен 6 ұл туған екен. Кейін Бәйдібек қожа қызы «Домалақ ене» атанған кісіні тоқалдыққа алыпты. Домалақ енеден бір қыз туылыпты. Осы келіннің аяғы жаққандықтан, Ақсақалдың атасы Абақ жылқылы болған екен. Бәйдібек одан көп жылқыны енші алыпты. Кейін елден шауып алған жылқысымен қосылып, оның жылқысы өте молайған екен. Бір жылы жайлауға көшерде Бәйдібек Домалақ енені жұртқа тастап көшіп кетіпті. Жалғыз ғана кербиені сауып ішіп, жапан далада Домалақ ене қызымен екеуі күн кешіпті. Бір күндері Ақсақалдың жылқысын шабуға келген жаушылар жапан даладағы қосты көріп, сонда бұрылады. Домалақ енеден Ақсақалдың қайда кеткенін сұрайды. Домалақ ене оларға: «Ақсақал қара жұртына мені тастап көшіп кеткен», — деп жөнін айтады. Жаушылар: «Біз Ақсақалдан кегімізді алғалы келдік. Шауып әкеткен жылқымызға бар жылқысын қосып қайтарып әкелгелі кетіп барамыз», — депті. Оларға көже жасап берген Домалақ ене: «Қайтқанда қара қосқа түсе кетіндер, малдың сілекейін алып қалайын», — деген талабын айтыпты. Сөйтіп бұл жортуылшылар сол жолы ақсақалдың сан мың жылқысын шауып қайтыпты. Жол-жөнекей қара қосқа тағы келіпті. Малдың сілекейі үшін Домалақ ене қалың жылқының ішінен қара жал сары айғырды ұстап алған соң: «Ал, балалар, мал сілекейіне сары айғырды алып қалдым, сендерге разымын, жылқыларыңды айдап кете беріңдер», — депті.

Арадан неше күндер өткенде Ақсақалдың бәйбішеден туған алты ұлы шабындыға кеткен жылқысын қуалап осы араға келіпті. Домалақ ене оларға: «Балаларым, жарақтанған жауларың тым мықты көрінеді. Сендер қумай-ақ қойыңдар, мен жылқының түп қазығын ұстап қалдым, ол кісінесе, барлық жылқың қайтып келеді. Жазым боласыңдар, соңынан қуалаушы болмаңдар», — деп насихат айтады. Ашулы алты ұл бұл сөзге көнбей, жылқының соңынан қуып кетеді. Олар жол ортада қуып жетіп, жортуылшылармен сайысқа түседі. Қалың жортуылшы неден тайынсын, олар алты ұлдың алтауын да садақпен атып өлтіріп кетеді. Құғыншыдан құтылған жортуылшылар бір түбекке барып емін-еркін демалады. Бір күні таңертең Домалақ ене сары айғырды «күйт-күйт» деп кісінетеді. Сары айғыр кісінегенде түбекте жатқан қалың жылқы оқыранып, қайыру бермей, алды-алдына қаша жөнеледі. Жортуылшылар тағалы тай да ұстай алмайды. Құғыншыларды өлтіріп, мінді болған жортуылшылар жылқы соңына түспей, еліне қайтыпты.

Ақсақал жылқысы шабындыға кеткенде үйінде жоқ екен. Кейін ауылына келсе, жылқысы жоқ, жылқыны қуған ұлдары жоқ. Үйінде отыра алмай, жылқы ізімен жолға шығыпты. Жүре-жүре, жапанда қалған қара қостың маңынан қалың жылқыны көріп, қосқа бұрылады. Домалақ ене оған болған ахуалды айтып береді. «Ұлдарың тілімді алмай кеткен. Жылқы келіп, олардың келмегеніне қарағанда, жауынан жазым тапқан болар», — дейді. Бәйдібек жылқы қайтқан жерге дейін іздеп барса, расында алты ұлы алты жерде сұлап қалыпты. Оларды жерлеп, қайта келген соң, Домалақ ененің шарапатты адам екеніне көзі жетіп, өзі атқа көтеріп мінгізіп, жылқысымен бірге көшіріп әкеткен екен. Домалақ ене сол жылы екіқабат болыпты. Ол ай-күніне жетіп толғатып жатқанда, ұлдары өлген бәйбіше қатын іштарлықпен: «Сен секілді домалақтың тұқымын тұқым қылмай-ақ қойдым», — деп, Домалақты ішке тепкен екен. Сөйтсе де Құдай сақтап, Домалақ ене босанып, ұл туыпты. Бәйбішенің аяғы тигендіктен нәрестенің бас сүйегі жарқаштанып кеткен екен. Емсектер таңып, ем-дом жасапты. Ұлдың атын Жарықшақ қойыпты. Міне, осы Жарықшақ Бәйдібектің өсіп-өнген ұрпағы болыпты. Домалақ ененің қызын кейін алпысқа келген Шағыр алыпты. Аты Күнбүбі екен. «Қыз-ей, қыз-әй» деп жүріп, Қызай атанған екен. Шағырдың бұрынғы екі әйелінің бірінен 6 ұл туған екен. Олар кейін «Алты шағыр» атанған ел болыпты.

### Терістаңбалы найман туралы аңыз

Терістаңбалы атанатын найман — осы Ақтана тұқымы. Ақтана мырзаның малы аса көп болып, малының есебіне жете алмай, танымағандықтан, малын әркім пайдаланып кете берген екен. Сонда әкесі Ақтанбай мырзаға айтыпты: «Сен, балам, малыңа ерекше артық, теріс жағынан таңба салсаң, малыңды кім болса, сол таниды», — депті. Сонымен теріс жағына таңба салып, «терістаңбалы» атаныпты. Және осы терістаңбалы «найманның ноқта ағасы» атанады. Сүтірші өзін күтіп, тиемін деп отырған жеңге алған әйелінен туады. Үлкен болған соң, «ноқта ағасы» деп кеткен.

### Қаракерей руы

Қазақ пен қалмақтың соғысы кезінде 100-дей жасақ жинап, оны жас, қайратты жігіт Ақбелбеу басқарады. Соғыс алма-кезек жеңіспен аяқталып отырады. Кешке қарай демалуға сайды өрлеп үлкен шатқалдың ішіне ене бергенде, жау алдын ала жасырынып жатқан екен. Ақбелбеудің адамдары қоршауда қалғанын сезіп, саса бастайды. Қалмақтар өзінің көптігіне сеніп, қыспаққа алады. Сонда Ақбелбеу өзінің жігіттеріне



қоршауды бұзу үшін, бала кезінен садақ тартып жүрген жолдастарына: «Нар тәуекел! Бізді құтқаратын — жол, оқты қарша боратып қоршауды бұзу керек», — дейді. Содан қарамағындағы жігіттері садақты қарша боратып атқылайды, қалмақтар сасады. Сайдың ішінен ешқайда қаша алмайды деген жоспар-ойы іске аспай, өздері көп садақтың оғынан қырылып, алдынан жол ашады. Содан Ақбелбеуліктер аман-есен құтылады. Осы ерлігі үшін ақсақалдар: «Оқты жаңбырша боратқаның үшін және еліңді аман құтқарғаның үшін халқың сені «Жаңбыршы батыр» деп атайды», — депті. Содан Ақбелбеу атамыз «Жаңбыршы» болып аталып кеткен.

### Қаптағайдың бүкіл матайға ұран болғаны

Найманнан тарайтын төрт Төлегатайдың бірі Матайдан үш бала туған. Олар Келдәулет, Дүзжігіт, Кенже деп аталады. Бұларды «Үш матай» деп те атайды. Матай көп жас жасап, Кенженің қолында тұрған екен. Бір күні Келдәулеттің ауылына барғысы келіп, атқа мінеді. Аталарының келе жатқанын көрген Келдәулеттің балалары дереу ақылдасып: «Біріміз ат байлайық, біріміз атамызды аттан түсіріп сүйемелдейік, біріміз төрге көрпе салып, беліне жастық қояйық», — деседі де, айтқандарындай істейді.

Бұған разы болған Матай шал: «Ата көрген аңғарлы азамат екенсіңдер, кейін аталықты адам болады екенсіңдер», — деп ыстық ықылас білдіріпті. Осыдан кейін Келдәулет «Аталық» атаныпты. Матай шал Дүзжігіттің ауылына барғанда, оның балалары: «Атамды мен түсіремін», — деп арт-артынан келіп қаптаған екен. Мұны көрген Матай шал: «Атаң келсе, қаптағайсың, жалқауланып жатпағайсың!» — депті. Сонымен Дүзжігіт «Қаптағай» атаныпты. Кейін осы Қаптағай бүкіл матайға, тіпті, тұтас найманға ұран болған екен.

### Қоңырат туралы аңыз

*(Қоңырат тайпасы)*

Бекарыстың төрт баласы болады. Олар: Арғын, Қыпшақ, Тарақты, Найман.

Тарақты үлкен үйде қалады. Ол — кіші бала, сондықтан оны «ноқта ағасы Тарақты» деп атайды.

Арғын мен Қыпшаққа енші беріп бөлек шығарады. Ал Найманға жалғыз өзін бөліп, енші береді. Найман Жошы ханның баласы — Жолбарыс ханға арыз етеді. Онда былай дейді: «Мені әкем жалғыз шығарды. Маған қарашыңыздың біреуін еншілес қылып берсеңіз?» — дейді. Сонда Жолбарыс хан айтады:

— Мен 11 жасар күнімде әкем Жошы хан қызылбастың еліне аттанды. Ол кезде қызылбасты «Апашы» деп атаушы еді. Сонда әкем мені «жол көрсін, жұртын танысын» деп ала барған еді. Қысқасы, Жошы қызылбастың елін шауып, малдарын алып, 15 адамын байлап алып қайтады. «Баламның бірге шыққан сапары қайырлы болды», — деп, елге келген соң той қылып, бәйге шаптырмақ болды. Бәйгеге 306 ат жиналған. Сол кезде алыстан бір шаң шығады. «Не шаң?» — деп, жұрт қарап тұрса, шаңның ішінен қоңыр аты бар бір адам шықты. Сол келіп топқа қосылды. Қарттар: «Қайдан келесің, кім боласың?» — деп сұрады. Ол: «Қызылбастан келем, ханға арызым бар», — дейді. Ханға келіп жолықты. Қайдан келесің деп жөн сұрағанда: «Қызылбастан келемін, өз атым — Менкеншөп Раязал баласы. Жошы хан бәйге қылып жатыр деп естідім. Сол бәйгеге атымды қоспаққа келдім. Алайда бір шартым бар. Егер менің атым озса, бәйгеге не беретін болсаңыз да, менің 15 адамымды босатып беріңіз, соның ішінде төртеуі — жақыным. Егер атым озбаса, 16-құл қылып, ең ауыр қызмет істейтін орынға жұмсауға ризамын», — деп жауап береді.

Бұған хан да, халық та риза болып, ант қылып, атын қоспақшы болады. Сонымен 307 ат болып жарысқа шығады. Мерзімді жерге барып, атты қатар тұрғызып, аттарын шабысқа жөнелтті. Сол кезде аттың бәрі алға қарай шаба жөнелгенде Менкеншөп баяу шауып артта қалады. Бірақ тиісті жерге жете бергенде оның аты оза бастайды. Сонда Менкеншөп:

— Тұлпардан тер шыққанша,  
Жабыдан жан шығар, —

деп, атын тежеп орта келе бергенде қатты шабысқа салды. Аттың өкімдігімен алға шығады. Сонымен Менкеншөп озып жақындағанда, халық: «Қай ат озып келеді?» — деп шуылдасты. Көпшілік: «Қоңыр ат келе жатыр», — дейді. Аты озып келгенсін атам уәдесін орындап, он бес адамын мал-мүлкімен қайтармақшы болды. Менкеншөп өзінің қызылбастығын жасырып, астындағы атын орай қылып шабады. Адамын босатқан соң атам «Қоңыратқа»: «Саған сансыған жұрттан сан тимесін, менің қырық жігітімнің бірі бол», — дейді. Менкеншөп мұны қабыл алып, адамын елге жіберіп, өзі атама нөкер болып қалды. Атам өлгенсін мен патша болдым, бұл маған да өте жақсы қызмет істеді. Сол айтқан жігітім мына қарсы алдыңда отыр. Өте адал, сенімді болған үшін саған еншілес қылып бердім. Бұрынғы шын аты — Менкеншөп, қазіргі лақап аты — «Қоңырат», — деп сөзін аяқтайды. Сонда Найман: «Алдияр тақсыр ханым, құлдық басы», — деп, Қоңыратты үйіне алып келеді.

Үш арыстың баласын жинап, боз бие сойып, той жасап: «Мынау — Қоңырат інім», — деп, көптің ішінде асық жілік ұстатып, еншілес қылады.

## «Құйысқансыз» атанып жүрген Қожамберді туралы

«Құйысқансыз» атанып жүрген Қожамберді туралы аңыз бар. Құдайберді Қанымкүл деген қарындасын көрші жатқан қаракерей найман Есбайдың баласы Жантуға берген. Қанымкүл құрсақ көтермеген. Сосын ағасының баласы Аманбайды тәрбиелеп алады. Аманбай ержетеді. Жанту оны өз баласындай бағып-қағып өсіреді, үйлендіреді, одан Қожамберді туады. Көп ұзамай Аманбай қайтыс болады. Жетім қалған Қожамбердіні Қанымкүл бетінен қақпай өсіреді. Ол ірі, батыр тұлғалы болып ержетеді. Қанымкүл оған сол өңірге белгілі бір байдың қызын алып береді. Одан Шоқай, Шонық, Сарымсақ, Ақбадырақ туады.

Бір көкпарда Қожамберді қарсы келгенін тізеден қағып аударып кете береді, басқаларға көкпар бермейді. Сонда наймандар: «Мына қаңғырып келген неме қайтеді-ей», — деген екен. Осы сөз Қожамбердінің құлағына шалынады.

Қожамберді Қанымкүлден мұның мәнісін сұрайды. Айтпасқа лажы болмайды, бар болған жағдайды айтып береді. «Анық бұлардың арасында сондай сөз шығып қалған болса, онда есің барда еліңді тап. Руың — қоңырат. Сауран маңында әкеңнің Жаманбай деген інісі бар, соны тауып ал», — дейді.

Арқаның жері тегіс болғандықтан, ондағылар атты құйысқансыз, өмілдіріксіз мінеді. Ал қаратаулықтар ылдига түскенде ер аттың мойнына кетіп қалмас үшін ерді аттың құйрығының астына құйысқанмен тартып қояды.

Арқадан келген Қожамберді атты арқалықтарша құйысқансыз мінеді. Бір жанжалда көзге түскен Қожамбердіні бір дуалы ауыз қария: «Мына құйысқансызың кім?» — деп қапты. Содан Қожамберді, одан тараған ұрпақ «Құйысқансыз» атанып кеткен.

## Байлар—Жандар

*(Байлар—Жандар ішіндегі «Тентек көбек»)*

«Тентек көбек» атанып жүргендер — Аманқұл батырдан тарағандар. Аманқұл батыр аңғал, сіңірі шыққан кедей болған. Ол жөнінде мынадай әңгімелер бар. Итке сүйек қарыздар демекші, әркімге қарыздар болып қалған. Қайтарайын десе, не малы, не теңгесі жоқ. Бір күні әйеліне: «Бүгін бір кісілер қарызын сұрап келетін шығар. Мен анау жантақтың үстінде жатамын, шайды сонда әкеліп бер», — дейді. Даушылар келеді де, «Аманқұл қайда?» — деп сұрайды. Әйелі: «Анау жатыр», — дейді. Қараса, Аманқұл шешініп тастаған, үйілген жантақтың үстінде жалаңаш шай ішіп жатыр. Ішіндегі ересегі: «Мәссаған, мынауың қып-қызыл тентек қой. Қой, бұдан қарызымызды өндіреміз деп жүрген біз де ақымақ екенбіз. Қайтайық», — дейді де, қайтып кетеді.

Аманқұл кедейліктен ұзақ уақыт үйлене алмай жүреді. Бірде мұздан суат ойып жатып ағалары: «Аманқұл, мына суға бір сүңгіп шықсаң, келіншек әпереміз», — дейді. Аманқұл тайсын ба, шешініп жібереді де сүңгіп шығады. «Мынау — неке қияр салынғанға», — деп екінші рет сүңгиді. «Мынау — өлі-тірісіне», — деп үшінші рет сүңгиді. Ағалары сөйтіп үйлендірген екен.

Бірде кәләшін қолтығына қыстырып, Сырдың таяз жерінен кешіп өтіп келе жатса, ар жақтан біреулер: «Ей, кімсің?» — дейді. «Аманқұлмын», — десе, «Қай Аманқұлсың?» — дейді. Аманқұлды танымағанға ашуы келіп: «Көбектің Аманқұлымын» демек болып, «Көбек...», — деп, екі қолын көтеріп айғайлай бергенде қолтығындағы кәләші суға кетіп қалады. Осыдан келіп отырыстарда көбектің жігіттері мақтана бастаса: «Сөзді қой, Сырдың түбінде жатқан кәләшінді тауып ал», — деп тоқтатады.

## Жетімдер

Мелдеби атамиздың үлкен әйелдері Құндыз, Бибайша, кіші әйелі Жезбике болады. Бибайша орта жасқа келгенше перзентті болмаған екен. Екінші әйелді сол себепті алса керек. Кіші әйелі Жезбике ұл тауып, атын Құдайберді қояды. Мұның лақап аты «Көктіңұлы» атанып кетті.

Анамыз Құндыз да жылап жүріп бір балалы болады, атын Тәңірберді қойды дейді. Бұның жанама аты «Көтенші» атанып кетсе керек. Көктің ұлынан Құлшығаш, Байлар, Жандар, Алғи (Алпас), Оразгелді, Қаракөсе (Қаракөби), Тоқболат тараған. Бұл бес баланың әулеті «Көктіңұлы» деген елдер болады дейді. Орта жасқа келгенше перзенті болмай көп айлар тарығып жүргенде, Бибайша анамыз жүкті болып, ұл туды деседі. Байдың жүрегі жарылып қуанып, өз заманындағы ишанын<sup>1</sup> шақырып алып: «Тақсыр, сіз де балаға тілектес болыңыз», — деп бір шұбар жорға береді екен. «Тарығып жүргенде Құдай береді», — деп, баласының атын өзімен серік болсын, сүйеніш болғай деп Сүйеніш қояды. Баланы ишанның етегіне салып, батасын алып қалады дейді. Көтеншінің кіші әйелінен Мақы, Софы, Досымқұл туады. Досымқұл Қарашық бойында хан болған.

Сол кезде Қарашық бойында Азарғ деген шаһар бар еді, ханы Алихан (Бегалі) деген төре еді дейді. Бұл хан зор хан екен. Мұның жалғыз ғана Сұқсырханым деген қызы болады. Қарашық шаһары қырық қақпалы шаһар еді дейді. Бұл Алиханның жалғыз қызы бойжетіпті. Ханның қоластында бір зор жігіт бар еді, оның есімі Атам төре еді. Соны хан шақыртып алып, қызын берген екен. Күндердің күнінде күйеу баласы

<sup>1</sup> Ишан — дін басшыларының жоғарғы атақтарының бір атауы.

ханға қастандық ойлапты, оны сезген хан Атам төрені дарға асып өлтіреді. Қызы жесір қалады. Қызы бір жылдай отырып қалады. Ханның жақсы көретін адамдарының бірі Көтенші (Тәңірберді) еді. Шақыртып алып, қызын Көтеншіге береді. Содан Сұқсырханым анамыз қаза болады дейді. Баланың атын Досымқұл қойған екен. Бұл баланы анамыз Бибайша асырап еді. Досымқұлға бір әйел алып беріп, бөлек үй қылып қояды. Досымқұлға ақыл айтып, басшылық қылатын үлкен ағасы Сүйеніш еді. Бұл Досымқұл етек астында жетім қалған соң, жетім аты қалмаған екен. Бұл кісінің ауылы да «жетімнің ауылы» болып атала берді дейді.

### **Көтен**

Орта жүз қоңырат ішіндегі Жаманбай атасынан Құрбан туады. Оның алты баласының бірі Көтен деп аталады.

Құрбан қартайып, жасы тоқсанға жақындағанда балалары әкесінің көңілін аулап, елден қыз айттырып, мол етіп қалыңмалын беріп, бір қыз алып беріпті дейді.

Құрбан осы қыздан перзентті болып, оған атамыз қартайғанда Құдай берді деп, келіндері қуанып, қайын атасынан сүйінші сұрайды. Сонда Құрбан: «Сүйінші алуларың қашпас, әкенікі — күмән, шешенікі — хақ деген, алдымен баланы барып көріндер, егер менен туғаны рас болса, көтенінің жиегі болмас, жамбасында алақандай қалы болар», — депті.

Келіндері жаңа туған нәрестені барып көрсе, Құрбан атасының айтқандары айнымай келіп тұр дейді. Осыдан кейін Құрбанның алты баласының кенжесі Көтен деп аталып кетсе керек.

### **Ашамайлы керей жайында**

*(Керей тайпасы)*

Абақ Ұлы жүз үйсіндегі Сарымырза деген адамның қызы Керейдің немересі Дана бидің келіні еді. Абақ тұрмыстанып, бір балалы болғанда, күйеуі қайтыс болыпты, Шымыр атты бір баласымен Абақ жесір өтіпті. Біршама уақыт өткеннен кейін, жесір отырған жас Абақты сол кездегі қазақ салты бойынша әмеңгерлік жолмен Уақтың немерелерінің біріне қаратпақшы болыпты. Бірақ Абақ Керей шаңырағын сақтап, баласын ержеткізетіндігін, Керей түтінін өшірмейтіндігін, сол үшін басқаға некеленбейтіндігін айтыпты. Сонымен Уақ ұрпақтары мен Абақ ортасында енжарлық туылыпты. Абақ Уақ ұрпақтарының қағажуы мен қақпайлауына шыдай беріпті. Олардан ізгі ниет туысқандық көре алмапты, ақыры Абақ баласын алып, төркіні Ұлы жүзге көшіп кетіпті. Абақ пен жас Шымыр үйсін елінің қамқорлығына ие болыпты.

Әсіресе Шымырды нағашы жұрты бетінен қақпай, еркелетіп өсіріпті. Нағашысы өзі барған той-думан, топты жерлерге жиенін бірге алып баратын, сөйтіп ел-жұртпен таныстыратын болыпты. Бұны көрген, бұрын Шымырды танымайтындар: «Мына балаңызды танымадық қой, сізде осындай бала жоқ сияқты емес пе еді?» — деген сұрақ қойғандарға: «Бұл менің «Ашамайлы керейім ғой», — деп жауап береді екен нағашысы. Сөйтіп жүріп, күндер өте келе Шымыр ержетіп, сол елде сыйланып, Шымыр аты ел есінен көтеріліп кетіпті де, оның ұрпақтары «Ашамайлы керей» атаныпты.

Сол елде медресе ашып, бала оқытып жатқан заты түрік пе, жоқ өзбек пе, белгісіз Нәзір атты молда бар екен. Абақ ана жалғыз ұлын оқыту үшін медресеге апарып, молдаға баласын жақсы тәрбиелеп беруді өтініпті. Молда Абақтың кім екенін ұғыса келіп: «Ислам діні шарифаты жолында жас әйел сөзсіз некеленуі керек. Ері жоқ некесіз отырған жас әйелдің қолынан тамақ ішу де харам, тіпті сол әйел су алған бұлақтың аяқ жағындағы ел сол сумен дәрет алуға болмайды. Сіз біреумен некеленгеніңіз жөн», — деген пәтуа айтқан екен. Діннің шырмауына тап болған Абақ ана ұзақ ойлана келіп, Нәзір молдаға келіп: «Мен төркін жұртымда отырмын, менің некеленетін әмеңгерім алыста қалды. Егер бұдан кейін мен туған ұрпақты «Керей» деп айтуға мақұл болсаңыз, сізбен некелесем», — деген тілек қойыпты. Нәзір Абақ ананың бұл тілегіне келісім беріп, Абақпен некеленіпті де, Абақ ана одан бір ұл көріпті. Ұлының атын Құттықожа қойыпты. Құттықожадан Майқы туыпты. Майқының кейінгі ұрпақтарынан Он екі абақ керей тараған екен.

### **Сарымырзаның тоқалы Торқадан туған балаларының «Уақ» атануы жайлы аңыз**

Ергенектің Сарымырзасының бәйбішесінен Мәмбет, Үмбет туады. Торқа деген тоқалдан — Жансары, Бидәлі, Баржақсы, Шайгөз. Осы Торқаның төрт баласы өздері найман екенін біле тұра: «Кімсің?» — десе, «Уақпыз», — дейді. Бірақ найман екенін әлдебір некен-саяқтары болмаса, жалпысы біледі. Сөйтсе де, сол найман екендігін анық білетін тәуір деген адамдары да үйреніп қалған ауыз бойынша «Уақпыз» дейді. Енді бұлардың «Уақпыз» деп атанып кетуінің себебі бар.

Сарымырза Қасым хан тұсындағы жауынгер батыры, адамгершілігі жақсы, қадірлі адам болыпты. Халық шаруасында хан қасында көп тұрып қалыпты. Бәйбіше, тоқал екеуі екі ауыл екен. Тоқал ауылының бір сиыры күйлеп, Торқа: «Ана ауылдан бір бұқа айдап кел», — деп, бір баласын жіберіпті. Бала келіп бұқа айдаса, бәйбіше шығып: «Бұқаны айдама, онда нең бар, жүгермек», — деп ұрысады. Бала: «Бұқаның сідігін ішуші ме едің, қақбас», — деп тілі тиеді. Бәйбіше шаңқылдап үйге кіріп,



балаларына: «Әлгі жүгермек мені боқтап, тілі тиіп, бұқаны айдап кетті», — деп балаларына шағыстырады.

Баласы бір атқа міне салып, қуып барып баланы ұрып, бұқаны айдап қайтады. Шешесі шығып баласына болысып, бірдеме десе, шешесіне де тілі тиеді. Сонымен Торқа тоқал Сарымырза жоқта төркіні Шоға уаққа көшіп кетеді. Сарымырза сапарынан қайтып келсе, тоқал ауылы жоқ болады. «Бұлар қайда?» — деп сұраса, болған оқиғаны айтады. Сарымырза балаларының қылығына ренжіп: «Әттеген-ай! Мен жолаушы уақытымда бұлай болдыңдар, мен өлген соң, тіпті торғайдай тозасыңдар ғой!», — деп, көшіріп әкелуге кісі жібереді. Жіберген кісіге Торқа тоқал көшпейді. «Онда бәйбішесінің балалары бар ғой, тоқалдың балаларын қайтеді, көзінің тірісінде мынаны істеді, өзі өліп кетсе, бәйбішенің балалары өлтіріп тастайды. Балаларым ержеткен соң барамын. Мені, балаларымды керек қылса, өзі келмей ме? Әншейін немқұрайды қылып жіберіп отыр ғой!» — деп, ақыры келмей қалады.

Енді Сарымырза өзі барып әкелем деп жүргенде ауырып қалып, сол аурудан қайтыс болыпты. Сонда Сарымырза өлерінде: «Ой, әттеген-ай! Балаларым уақ ішінде қалады, мұнда ағайын танып, ел қадірін білген жоқ, құрбы-құрдас, аға-іні қадірін білген жоқ, «Уақпыз» деп кетеді-ау! Торқа шіркінге сәлем де, тым болмаса, таңбасын бұза көрмесін», — депті.

## Байұлы

Байұлы жеті жасар күнінде ел көшіп, балалардың біреуі тайына, біреуі атына мінгенде бір бала жыламсырап қарап тұрып қалады. Мұны көріп, Байұлы қасына барып:

— Сен неге атыңа мінбейсің? — дейді.

Бала қамығып:

— Атым жоқ, көшкенде әжеммен түйеге мінуші едім, — дейді.

Содан Байұлы аттан түсіп, жаяу әкесіне барып:

— Мен атқа мінгенде ер-тоқымымен маған бір жорға тай атап едіңіз, сол тайымды біреуге берсем, сіз ұрыспайсыз ба? — дейді.

Әкесі:

— Кімге бересің? — дейді.

Бала қысылыңқырап тұрып, жаяу жылап тұрған жарлының баласын көрсетеді. Бұны әкесі де түсініп, бетінен сүйіп: «Тайыңды кімге берсең де өз еркінде», — дейді. Сонан соң Байұлы қуанып, тайды ерттетіп, маңағы балаға әкеп беріп, қасына ертіп алды. Сонан соң олар шауып көп балаға қосылды.

Сол уақытта бір ақсақал жақсы кісі қонақ болып жатыр екен. Байұлының әлгі мырзалығын көріп, разы болып: «Ей, Құдайым, бұл балаға ұзақ жас бер, мал мен бас бер», — деп сыртынан бата береді.

Сол кісінің батасы қабыл болып, ақырында Байұлынан он екі ұл туып, бәрі де асқан бай, руға бас болады. «Он екі ата байұлы» деген ру содан болады деседі.

### Шеркеш ұрпақтары туралы аңыздар

Шағырай, Шенеш, Шеркеш үшеуі бірге туған ағайындар болса керек. Шағырай батыр болыпты, үйленбеген жас жігіт кезінде жаугершілікте, елі мен жері үшін соғысып жүріп мерт болады. Артында тұқым жоқ болса да, аты ұмытылмасын деп, Шағырайдың атын ұранға шығарады. Исі шеркештің ұранының «Шағырай» болуы содан.

Шенеш жасы жетіп қайтыс боларында Шеркешті шақырып: «Менің бес балам саған аманат, көз болып жүр», — деп тапсырыпты. Шенештің бес баласы именшектеу болып өседі. Шеркештің балалары олардан жастау болса керек. Шеркешке мал біткен, дәулетті адам болыпты. «Батыр — аңқау, ер — әңгүдік» деген бар емес пе, бірде Шеркештің ауылының үстімен құлан үйірі өтеді. Тұз тағысы көз алдарында құлдыраңдап бара жатқанын көріп шыдай алмай, ауылдың ат жалын тартып мінетіндері жапа-тармағай қуа жөнеледі. Сонда Шенештің бір баласына ат жетпей қалып, желіде тұрған биені міне шабады ғой. Ол көк бие Шеркештің малының басы екен. Құланды қуып жүргенде сол көк бие зорығып өледі. Сонда Шеркеш: «Әй, қырылғырлар-ай, он қос жылқыдан мінетін ат таппадыңдар ма, малымның құтынан айырдыңдар-ау!» — деп налыпты дейді.

«Ата қарғысы — оқ» деген, содан көп кешікпей елге жау шауып, соғысқа аттанған Шенештің бес баласы бірдей опат болады. Бұл хабарды естігенде Шеркеш: «Ағамның бес баласын өзім қарғап өлтірдім-ау! Есіл бауырым-ай, тұқымсыз қалдың-ау!» — деп күйзелген екен дейді.

Арада біраз уақыт өткенде Шеркештің бәйбішесі қуанышты хабар айтады: «Тұр, басыңды көтер, қайғырма, ағаңнан тұқым қалады, бір келіннің аяғы ауыр екен!» — дейді.

Айтқанындай, ай-күні жетіп, Шенештің келіні арыстай егіз ұл табады. Олардың бірінің атын Қосым, екіншісінің атын Досым қояды. Осыдан кейін Шеркеш басқа келіндеріне әмеңгерлеріне қосыла беруге рұқсатын береді.

Қосым мен Досым ержеткен соң, Шеркеш: «Қосым мен Досым бөлек қос болсын!» — деп, еншісін бөліп, бөлек ауыл етіп шығарады. Бөлек шығарарда дәстүр бойынша боз биені сойып, бірлік-пәтуа үшін бармақтарын қанға батырғанда Шеркеш тұрып:

— Қосым — аға баласы, жолы үлкен. Бұдан былай менің алпыстағы ұрпағым Қосымның алтыдағы ұрпағына сәлем беретін болсын! Бес Шеркештің ағасы Қосым болсын! — деп өсиет етеді. Күні бүгінге дейін жөн білетін шеркеш баласы бұл өсиетті бұзған емес.

Шеркеш ішіндегі Қылыш Кестен атасынан өрбіген Балпық деген кісінің алты бірдей баласы жау қолынан қаза табады. Балпық сол кезде сексенде екен. Бала күйігі оңай ма, өзі қол бастап барып, қалмақ елін шабады. Сонда жау елінде тұтқын болып жүрген бір бала кезігеді де: «Ата, мен қазақпын, жау қолында қалдырмай, елге ала кетіңізші!» — деп шырылдайды. Балпық баланы елге алып келіп, қолына асықты жілік ұстатып, бәйбішесінің омырауын иіскетіп, өзіне бала етіп алады. Сонан соң Қылыш Кестен әулетіне тілекші болсыншы деп, атын Тілекші қояды.

Шеркеш ішіндегі Қылыш Кестен Тілекші аталарының жай-жапсары осындай. Қазір баяғы жау қолында кететін бала Досымның ұрпағы тілекшілер екеніне бірде-бір шеркеш күмәнданбайды.

Қосымнан Мырза, Шора туады. Шора туғанда көргендер: «Ана құрсағына осындай ұзын бала да сыяды екен ғой!» — деп таңғалыпты. Бала құрсақта екі бүктетіліп емес, үш оралып жатқан ғой. Содан оның әуелгі аты «Үшора» болады, жүре келе «Шора» болып кетеді.

Шора өсе келе бойы мейлінше ұзын болып, жеңгелері оны «Қатыңқы қара» дейді екен. Сол атау алдымен «Кәтеңке» болып, бара-бара «Кәтеней» атанып кетеді. Шеркеш ішіндегі «Кәтеней» атанып жүрген ру — сол Шораның ұрпақтары.

### Нұрдан жаралған адай

Кіші жүз Жанарыстың Алауынан өрбіген алшынның ішінде Қыдыр деген бай болыпты. Қыдырдың байлығында қисап болмаған соң, жұрт оны «Бай» деп атайды екен. Сол әдетпен Қыдырдан тараған ұрпақ «Байұлы» деп аталып еді дейді.

Байдың (Қыдырдың) Жанби, Ұлжан есімді екі әйелі болса керек. Жанбиінен туған Қанбибі жақын құрбыларымен сейіл құрып сыртқа шығады. Табиғаттың толыса құлпырған кезі болса керек, сейіл-серуен құрған қыз-келіншек бір гүл-құрағы жайқалған бұлақ басына келіп дамыл алады. Сол жерде Қанбибінің көзі ілініп кеткен екен, әлденеден тұла бойы шымырлай балқып оянып кетеді. Көзін ашып байқаса, көктен саулап құйылған нұр іші-бауырын елжіретіп, тұла бойын балқытып жатыр екен дейді.

Осы нұрдан Қанбибінің бойына перзент бітіп, айы-күні толған соң босанады. Жай босанбайды, бойына әкесіз бала біткен соң, жасырын босанады да, баланы құндақтап қыр астына апарып тастайды.

Ертеңінде серуендеп түзге шыққан Бай жылап жатқан құндақтаулы балаға тап болады. Баланы үйге алып келіп, Әспенбет деген көріпкелді шақырады. Әспенбет баланы көріп: «Атыңды шығарар арысың осы болар», — деп батасын береді. Бұған қуанған бай ұлан-асыр той жасап, баланың атын Адай деп қояды.

Бұл кезде Байдың әйелі Ұлжанның Таз даген баласы емшекте екен. Ұлжан Адайды да бауырына алып, Таз екеуін бірге емізіп өсіреді

## Түрікмен адай

Қосай ауылы жаз болса Сырға қарай көшіп, қыс айларында Әмудің солтүстігін қыстап қайтып жүреді екен. Бір жылы көктемде Әмуден өтерде Қосайдың көші мал-мүлкімен, үш баласы, алты немересімен ұйыққа тап болып, суға кетеді. Жасы алпысқа келіп қалса да қайраты қайтпаған Қосай жағаға жалғыз шығады.

Сол кезде жапсар жатқан түркімен ішінде Сары деген батырмен Қосай қияметтік дос екен дейді. Тағдырдың жазуымен қара басы сопайып қалған Қосай досына Сары батыр түрікменнің Оғылменді деген қызын айттырып алып береді. Сол түрікмен қызына қосылған соң Қосайдың кіндігінен Байбол, Бәлі, Тіней, Сүйіндік, Әйтен, Бегей атты алты бала туады. Осы алтауынан өрбіген ұрпақ «Түркімен адай» деп аталады. Адайлар өз ішінде бұл алты баладан өсіп-өнген ұрпақты айырып атау үшін «Алты Қосай» деп те атайды.

Қосайдың алты баласының бірі Сүйіндіктен тараған ұрпақ өз алдына бір ауыл болғанда көшіп-қонуға ерініп, бір орында сары жұрт болғанша ұзақ отырады екен. Содан былайғы жұрт оларды «Жаман адай» деп атап кетіп еді дейді.

## Он екі ата Байұлы ішіндегі беріш руы туралы аңыз

Беріш — Қыдырқожа байға келіп паналаған, байдың жалшылығында болған бір әйелдің ішінде келген бала. Алтай, Елтай деген ағайынды екі жігіттің ағасы жауда өлгесін, ағасының әйелі екеуі Қыдырқожа байға жаудан қашып келіп паналайды. Сол әйел қайнысы мен екеуі келгенде жүкті болып келіп, сонан ұл бала туып, атын Беріш қойыпты. Кейін сол әйелді Қыдырқожа алады. Беріштің «Қыдырқожа баласымын» дейтіні осы болар. Ал Қыдырқожаға тигесін «Таз» деген бала туады. Әйелдің қайнысы Елтайға Қыдырқожа қызын береді. Онан Адай туады. Халық аузындағы «Беріш, Адай — бір кісі» дейтін осыдан алынған. Енді Есентемір байдың жылқышысы екен. Жұмыс істеп, жағымды адам болғандықтан, оған әйел алып береді. Жаппас Қыдырқожаның әйеліне еріп келген күннен туған бала дейді. Сонымен «Он екі ата байұлы» осымен аяқталады дейді.

## Әлімұлы руы

Әр рудың өз таңбасы болған. Ол таңба сол рудың малын бірден тануға мүмкіндік берген. Сырт көз жайылып жатқан түлікті көріп: «Мынау пәлен рудың малы екен», — деп таниды екен.

Рулық таңбалар әлім аталарында да бар. Олар жайлы кішкене әңгіме-хикаят бар. Әлім балаларының алдына аттарды әкеліп: «Ал, өз таңбаларыңды басыңдар», — дейді.

Сонда үлкен баласы Жаманақ аттың сауырына айқасқан қос ішек салыпты. Содан «Шекті» атаныпты дейді. Бұл таңбаны баласының аттың сауырына салғанын көріп, Әлім ақсақал: «Балам, сауырлы ел боларсың», — депті.

Енді кезек Ұланақ Сасықбайға келеді. Ұланақ бір шетін жамбасқа, төменгі жағын шідерлікке келтіріп шақпақ таңба салады. Сонда Әлім ақсақал: «Балам, сен де жамбастан қалмайтын болдың ғой», — депті.

Кезек Қарамашаққа келеді. Қарамашақ келеді де, таңбасын сызық етіп аттың қабырғасынан сүбесіне (бұны «көсеу таңба» дейді) дейін тартып жібереді. Сонда Әлім ақсақал: «Балам, қабырғалы ел болатын болдың», — депті.

Айнықтың таңбасы жоқ, ерте өледі. Ал Тегінболат — Қарасақалдың, Тойқожаның таңбаларын ұшырата алмадық.

## Шекті

Әлім, оның баласы Жаманақ мал біткен адамдар болыпты. Үйір-үйір жылқыны бір-бірлеп ұстап, оларға жеке-жеке таңба басуды қиынсынып, өтіп бара жатқан таңбасыз жылқының санына қайнап тұрған май шашады екен. Ыстық май жылқының терісін күйдіріп, түгін сыдырып, сорғалай ағады. Кейін, жылқының май күйдірген жеріне ішектей шұбатылған тыртық таңба пайда болады. Жаманақтың «Шекті» аталуы осыдан еді дейді.

## Қарасақал руы

Айнықтан бір бала — Сарбас жеке туады. Сарбас онның шамасында еді, ойламаған жерден қалмақтар шабуыл жасап, қамсыз үйде жатқан Айнық батырды қолға түсіріп, Сарбас пен екеуін алып кетеді. Күтініп отырғанда мың адамға бір өзі тосқауыл болатын Айнық батыр қапыда қалмақтың қолында кетеді. Сол бетімен Сарбас қалмақта 61 жыл өмір сүреді. Қалмақтан әйел алып, төрт бала көреді. Олар — Өзден, Өзбек, Майлы, Сайлы деген төртеу. Олардың ұрпағы сонда, қалмақ ішінде бір рулы ел болып отыр. Сарбасы жасында әйел, бала-шағасына қарамай, бір ретін тауып, беріде аман-есен қашып келіп, еліне қосылады. Әйел алады. Одан Бақтыберлі, Была деген баланы көреді. Міне, осы екі баладан өскен ұрпақтарды «Сарбас қарасақал» деп атайды. Айнық ірі, арыстан кеуде шомбал, алып күшті балуан, батыр, қабасақалды қара кісі болған, содан «қарасақал» атанып кетеді.

Тегінболат туралы шежірешілер былай дейді: Әлім атамыз үлкейген шағында, есігінде жүрген жетім қызға неке салады. Осыдан кейін ол қыз екіқабат болып, бір ұл туады. Атын Әлім атам: «Қартайғанымда

Құдай бір ұлды тегін берді ғой», — деп атын Тегінболат деп қояды. Ол 17 жасқа толғанда Айнықты қалмақтар өлтіріп кетеді де, оның әйелін Тегінболат алады. Содан Пұсырман, Шіңір туады. Сондықтан Тегінболаттың ұрпағын да «Қарасақал» деп атаған.

### Кете руының қалыптасуы

Байсары өлгеннен кейін Кетебике шешеміз екіқабат болып қалып, бір ұл туады. Әлім атамыз ұлдың атын «Тегіннен келген бала» деп, Тегінболат қойып, Кетебикені өзіне некелеп алып, Тегінболатты бала қылып алады.

Кетебике Әлімнен бір ұл — Тойқожаны туады. Онан кейін Әлім Құба деген шешемізді қыздай алады. Кетебике Әлім өлген соң Шөменге тиіп кетеді, Бозанша мен Тойқожа, Тегінболат Әлімнің қолында қалады. Шөменге тигеннен кейін Кетебике тағы да бір ұл — Түменқожаны туады. Сонымен Байсарыдан туған Бозаншаның, Әлімнен туған Тойқожаның және Шөменнен туған Түменқожаның ұрпақтары Кетебикенің атымен аталып: «Біз Кетебикеден туғанбыз», — деп жүріп, «Кете» руы аталып кеткен екен дейді.

### Жетіру жайлы

Жанарыстан Майқы би деген бір өзі туышты. Сол Майқыдан үш бала — Садырқожа, Надырқожа, Қыдырқожа дегендер туышты. Сол Надырқожа әйел алған бойда көп кешікпей өліп, бала қалмай, әйелі жас қалып, сәл тентек болып, ешкім алмай, қайын ағасы — Садырқожа да, қайнысы — Қыдырқожа да жоламай, тұл қатын болып отырыпты.

Бір күндерде буаз болып, бір ер бала туышты. Некесіз тудың деп жиіркеніп, бір адам қасына келмеген көрінеді.

Сонда қатын ерегісіп: «Осы шырағым бойға бітерде жеті еркектің етегі тиіп еді, мұның атын жетіру қоям», — деп, «Жетіру» қойған екен.

### Тама руы

Халықтың аузында бар әңгімеде Таманың кейінгі аты «Қарабура» деп айтады. Оның мәнісі былай: Қожа Ахмет Ясауи өлгеннен кейін оның өлі денесін қара бура мініп келіп, түсін ешкімге көрсетпестен мүрдені алып кетіп, қазіргі мешіттің орнына әкеліп, ақ жауып, арулап қояды. Көрінің үстіне қам кесектен сыпа салады. Ол кезде қазіргі ғимарат салынбаған.



Сұлтанның денесін алып кетуге келген Тама өзін дуана, шейх етіп көрсетіп, мүрдеге қара бура мініп келген. Оның Тама екенін ешкім танып, білмеген. Бұл жағдайды Сұлтанның өзі өлер алдында, Тамаға кереметін білдіріп, сосын туыстарына: «Мен өлген соң, денем суымай тұрғанда, қара бура мінген бір дуана, шейх адам келіп, денемді бурасымен мәңгілік жататын жеріме алып кетеді. Сол адам денемді тазалап жуып, кебіндеп қояды. Сендер оның қолын қақпаңдар!» — деп тапсырады.

Сұлтанның сол айтқанындай, ол өлген бойы қайдан келгені белгісіз, Тама қара бурамен келіп, сұлтанның мүрдесін түйеге өңгеріп алып кетеді. Оның кім екенін ешкім білмейді. Бет-аузын бүркеп алған Таманы ешкім танымайды. Сұлтанның айтып, тапсырған жеріне апарып жерлеп, өзі ешкімге көрінбей қайтып кетеді. Кейін артынан барып біліп, жұрт сосын «Қара бура Әзі» деп атаңдырып кеткен. Кейін ұранға айналған. Таманың ұраны — «Қара бура».

### Керейт руы

Кезінде ел ішінде Еспембет ұрпағын — «Ойық таңбалы Керейт», ал Доспембет (елдер оны Қоспембет деп атап кеткен) ұрпағын «Тілік таңбалы Керейт» деп атаған. Ел ішіндегі аңыз әңгіме бойынша, сол тұста елде «Құла айғырлы Күреңсақал» деген жау шығып, оған қарсы шыққан Бозаншардың балалары түгелдей өліп, өзі аман қалады. Ол кемпірі Болған екеуі тау-тастың үңгірлерін паналап күнелтіп отырғанда, бұлардың қасына бірнеше аттылы адамдар келіп қонақ болады. Бозаншар кемпірімен кеңесіп, бұзаулы сиырын сойып оларды қонақ етеді. Олар кетерінде батасын беріп: «Тілектеріңді Алла қабыл етер, келер жылдары екі ұлды боларсыңдар, бірінің атын Есмұхамед, екіншісінің атын Досмұхамед қойыңдар. Қазір біздер кеткен соң, ақсарбас қойлар шұбырып келер, соларға ен сала беріңдер, балаларыңның еншісі сол болады», — депті дейді.

Айтқандай-ақ қойлар шұбырып келе бастайды, ал қойларды ұстап алып, атамыз тілік ен, Болған шешеміз ойық ен сала беріпті. Келесі жылдары олар арыстай екі ұлды болып, оларға сол қонақ болып кеткен пірлердің ұсынған есімдерін қойыпты. Бірақ ел аузында бірі — Еспембет, екіншісі Доспембет атанып кетіпті.

### Жағалбайлы

Алау батырға Құдаһияр деген бір жігіт бала келіп: «Құддыс шаһарынан келдім, Пайғамбар (араб) әулетіненмін», — деп, бала болыпты. Алау батыр бұл баланы бала етіп қамқорына алып, әйел алып беріп, отау тігіп, бір шаңырақ етіп қойыпты.

Сол Құдаһиярдан Керейт туыпты. Алау батырға тағы бір бала, аты-есімі Сәду: «Тайм деген елден келдім», — деп, бала болыпты. Сәду жігіт болып өскен соң, масаты шұлғанып, мәсі-етік киіп, мол қаракөл елтірілі жағасы бар мәуіті шапан киіп, ел аралап, балгерлік жасап, адам емдеп, жауырыншы-балгер атанып, сал-сері жігіт болып жүріпті.

Сөйтіп жүріп елден алған малын жинап байыған еді дейді. Осыған орай ол «Жағалы бай» атанып, кейін ел оны «Жағалбайлы» атап кетіпті. Алау батыр осы киімді ұлына да әйел алып беріп, бір шаңырақ етіп қойыпты.

Сәдуден Шербұға, одан Мелде би туған, ал оның ұрпақтары кейін «Жағалбайлы руы» атанған дейді.

## КҮЙ АҢЫЗДАР

### Шақыру

Есте жоқ ескі заманда ен даланы еркін жайлап, мұңсыз-қамсыз ғұмыр кешкен ел күтпеген бір нәубетке тап болады. Ел шетінен білінген қалың жылан ордасы көзіне көрінген мал-жанға шабуыл жасап, қырып-жоя бастапты. Небір ақ орда үйлерді сақиналап орап алатын жыландар күтірлете сыққанда күл-талқан етеді екен. Алып жыландардың қыспағына түскен атан түйелердің өзі танауынан қаны дірдектеп, аяқ серпуге шамасы келмепті.

Мұндай сұмдықтан дүрліккен қалың ел шошынып, бас сауғалай қашады. Тау-тасты, үңгір-оқапты паналайды. Бірақ, жылан нөпірінен сонда да құтыла алмайды. Әсіресе, осынау ордалы жыландардың көсемі — қос мүйізді айдаһар тірі жанға сауға таптырмайды. Оның қос мүйізі дем тартып, уытын шашқанда адамдардың еті ағып түсіп, саудыраған қу сүйектері қалады екен.

Әбден айласы таусылған адамдар құрып бітетін болған соң, Тәңірге жалбарынып көмек сұрайды. Адамдардың зары Тәңірдің құлағына жетсе керек, кешікпей көктен белгі білінеді. Алдымен аспаннан жолақ жасап жарық сәуле көрінеді. Сонсоң сол жарық сәулені жол етіп, қос өркеш түйеге теріс қарап мінген Нұртөлі атты бала түседі. Баланың қолында аққу мойын қара қобыз болса керек, небір сиқырлы саз шығарып, күй төге келеді. Жер бетінен күйдің сарыны естілуі мұң екен, қаптаған ордалы жылан шиыршық атуын қойып, сілтідей тынады. Бұрынғы қанқұмар обыр мінезін ұмытып, күйдің дауысын ұйып тыңдағандай болады. Осы кезде көктен түскен Нұртөлі қобызын сарнатқан қалпы Қаратеңізді бетке алып жүре береді. Оның соңынан күйді үздіге тыңдаған жыландар да қалмай жылжып, теңіз тұңғиығына бірге кіреді.

Сөйтіп, ең даланы еркін жайлаған халық иықтарынан ауыр жүк түскендей көңілдерін демдеп, қайтадан мұңсыз-қамсыз күйлерімен қауышады.

Адамдарға араша түскен Нұртөлі күні бүгінге дейін Қаратеңіздің астында тоқтатпастан күй төгіп отырса керек. Ал мүйізді аждаһа бастаған жыландар ордасы қобыздың сазды сарынын жалықпай тыңдауда екен.

Нұртөлі қобыз күйін тоқтатпауға тиісті. Егер қобыз көмейінен күй сарыны үзілсе, жыландар ордасы қайтадан жер бетіне шығып, тіршілік атаулыға қырғын келмек.

Нұртөлінің жыландарды күймен шақырып, соңынан ерткен сиқырлы сазын естіген бір құйма құлақ қобызшы кейін «Шақыру күйі» деп жұртқа жайса керек.

### Шұбар киік

Ертеде құралайды көзге атқан бір аңшы болыпты. Тәңірінің бұйыртқан несібесін түзден теріп жеп, аң аулап күн көреді екен.

Күндердің бір күнінде сағым шалған сары далада өзегі талып, өкпесі өшіп аң аулап келе жатса, бетегелі белде жайылып жүрген жалғыз шұбар киікті көреді. Иіс шалдырмау үшін ық жағын алып, сайды жалдап, беткейді құлдап, садақ тартым жерге келеді. Баспалап қараса, желіні жер сызған ешкі екен. Аң деген көздің құрты, аңшы сол жерде «сенде жазық жоқ, менде азық жоқ» деп, садағын кезенеді.

«Түз тағысы табиғатпен тілдес» деген емес пе, бір қатердің төнгенін сезген шұбар киік селт етіп басын көтерсе, садағын кезеп тұрған сұр мергенді көреді. Оқтан жүйрік емес, енді қашып құтылмасын білген шұбар киік көзі мөлдіреп аңшыға қарайды да, жалбарына тіл қатады.

— Ей, Сұрмерген, жаныма сауға сұраймын. Әлі бауыр көтеріп үлгермеген егіз лағым бар еді. Сол панасыз лақтарымды аңсап, жүрегім елжіреп, желінім дертіп келемін. Мені атпа. Тілімді алсаң, «атқан оғың жерге түспесін» деп батамды берер едім. Сонда сен ұшқан құс пен жүгірген аңды құтқармас несібелі аңшы боласың. Өле-өлгенше тарықпай өтесің! Жаныма сауға сұраймын, атпа! — дейді.

Аңшы бұл сөзді тыңдамайды. Күнімен табанынан таусылып, дала кезген аңшы бұл киіктен айырылса, үйіне құр қол баратындай болады да, садағын тартып жібереді. Сонда киелі киік аңшының көз алдына шұбар тасқа айналыпты дейді.

Осыдан кейін Сұрмергеннің жолы болмайтын болыпты.

Бұл оқиғаны естіген домбырашы «Шұбар киік» деп күй тартқан екен.

## Қызылқан

Көктемде ұшып келіп, күз түсе жылы жаққа қайтатын жыл құстарының ылағи алдын бастап, қарқара тарта ұшып отыратын Қызылқан атты бір құс болыпты дейді. Қызылқан өзінің соңындағы мың сан құсты небір қанат талар шөлден, топшы талар белден өткеріп, оты-суы мол өлкеге бастап келіп жүреді екен.

Бірде моншақтай тізіліп, жылы жақты сағалап келе жатқан қалың құс қарлы боранға ұрынып, жойдасыз шығынға ұшырапты. Сонда соңынан ерген ұяластарының ауыр халіне күйзелген Қызылқан мұңын шағып Тәңірге барады. Тәңірі Қызылқанның шағымын тыңдап болып: «Е-е, түз тағысын табиғатпен тілдес етпей болмайды екен. Жарайды, мен сендерге адаспай ұшу үшін аспаннан жол салып берейін!» — деп, көк жүзіне ақ белдеу жол салып береді. Аспандағы ақ белдеу құс жолының пайда болу себебі содан болса керек.

Ұрпағының қамын ойлап, Тәңірмен тілдескен Қызылқан атты құсқа арнап сыбызғышы күй шығарған.

## Нар идірген

Ертеде бір кедей шал мен оның ақылына көркі сай жалғыз қызы болады. Кедейліктен басқа міні жоқ, ұжымдары жарасқан, төңірегіне сыйлы жандар екен. Жар дегендегі жалғыз нарын сауып тамақ, мініп көлік етсе керек. Соның арқасында ешкімге көзін сүзіп тіленбей, барды қанағат етіп күн көреді.

Күндердің бір күнінде сауып отырған бекбатша нардың жас ботасы қос кіндік болып ауырып өледі. Ботасын жоқтап сарнаған нар сүтін бойына тартып, иімейтін болады. Сөйтіп, түйе сүтін жалғыз қорегі еткен әкелі-балалы кедей мүлде ас-сусыз қалады. Әсіресе, қарт әке жалғыз қызының жаутаңдаған жүзіне қарап, еш қайраны болмай қатты қапаланады. Сонда ақылды қызы жұбату айтып: «Әке, уайымдай беріп қайтесіз, Құдайдың бір жақсылығы бар шығар, шыдай тұрайық» — дейді екен.

Әрине, қанша сабыр сақтағанмен, шыдам тамақ бола ма?! Бір күні әбден шарасы таусылған ақылды қыз әкесіне тіл қатады:

— Әке, қыз болып жаралған соң, жатағым төріңіз болғанмен, өрісім түзден ғой. Маған ақ батаңызды беріңіз де, халқыңызға хабар салыңыз. Біздің бекбатша нар тек қана ботасындай боздатып күй тартқан адамның алдында июге тиісті. Кімде-кім өнерін асырып, нарды иіте алса, мені сол өнерпазға қосыңыз, — депті.

Әкесі қызының сөзін жерде қалдырмай, аяқ жетер жерге жар салады. Ел іші өнерпазсыз болған ба? Сұлу қыздан дәмелі күйшілер төңіректен ағылып келе бастайды. Жұрттың етек-жеңі жиналып болды-ау дегенде, төрешілер сайланып шығып, күйшілердің өнерін сынауға

кіріседі. Небір саусағынан саз төгілген дәулескер күйшілер сай-сүйегінді сырқыратар сарындарды судай сапырады. Бірақ ботасын жоқтап, көзінің жасы мөлтілдеген бекбатша нар меңірейген қалпы тұрып алады. Тартылмаған күй, шертілмеген мұң қалмайды. Көбелері сөгілгенше күй төккен өнерпаздардың әбден мысы құрып, бірінен соң бірі шеттей береді. Бекбатша нар мұның ешқайсысын шыбынның ызыңы құрлы көрместен түнерген қалпы тұрып алады.

Содан, күйшілердің ішінде іріктеліп-сұрыпталып бір қарт, бір жас домбырашы қалса керек. Кезек қарт күйшіге беріледі. Өзі де бір күй күйдіріп, сарын сүрлегендей жан екен дейді, нардың алдына қаққан қазықтай болып отырып алады да: «Ал, қарағым, білегінді түрініп, көнегінді оңтайлай бер!» — дейді қызға. Сонан соң, қу тақтай, екі ішекті бауырына басып шерткенде алыс бір қиырдан ботаның боздаған үні естілгендей болады. Алғашқыда елестей елең еткізген сарын бірте-бірте айқындалып, енді бір сәтте ботаның өзі үкідей үлпілдеп, баладай елпілдеп келіп қалғандай әсер береді. Осы сәтті күткен қарт күйші одан сайын қағына тартып, біресе ілме, біресе шалма қағысқа салса, енді бірде тебеген қағыспен тарпып-тарпып жібергенде домбыра шанағы «көс, көс!» деп сөйлеп қоя береді. Сонда күн ұзын мелшиіп тұрған нардың тұла бойы шымырлап, алпыс екі тамыры босап, емшегі дертіп қоя береді.

Малының сыры иесіне мәлім, нардың ағыл-тегіл иіп бара жатқанын алдымен қыз сезеді де, көнекті көтере түскен қалпы түйенің емшегін қатты қысып, кернеп келген сүтті үршінен шығармай қояды. Қыздың көңілі қарттың соңында кезек күтіп отырған жас күйші жігітке екен. Түйенің емшегін уыстай қысып, иінін тоқтатқаны жігіттің кезегіне іріккендегі қулығы болса керек.

Қарт күйші мұны бірден сезеді де: «Пах, күйім келіскенмен, күнім өтіп кеткен екен ғой!» — деп, кезекті жас жігітке береді. Жігіт домбыраны тарта жөнелгенде, қыз алақанын керіп, уысына сыймай бара жатқан нардың емшегін босатып қоя береді. Ақ саумал көнектің бүйірін тесіп жіберердей саулап жөнеледі.

Бұл кезде, осы гәптің бәрін аңғарып, біліп отырған жас күйші іштей намыстанып, бір жағы қызға деген сезімін білдіргісі келіп, «Күйдім-жандым» деген күйге салған екен.

Күй бітіп, нар ағыл-тегіл иіп, жұрт мәре-сәре болысады. Сонда төрешілер жағы отырып жаңағы қарт күйшіге: «Төрелікке өкпе-наз, күдік-күмән болмағаны керек, күйім келісті дегеніңді түсіндік, күнім өтеді дегеніңнің мәнісі қалай?» — дейді. Қарт күйші: «Оның мәнісі, түйені иіткен менің күйім еді, бірақ қыздың көңілі өзінің теңінде болады да, иіп келген сүтті іркіп қалады. Осы айтқанымның ақиқат екенін білгілеріңіз келсе, мына жас жігіт екеуміз әлгі күйлерімізді қайта тартқан қалпы екі бағытқа жүрейік. Сонда мына тұрған жануар кімге «ботам» деп ергенін көресіздер», — деген екен.

Бұл шарт төрешілердің көңіліне қонып, қос күйшіні қайта сынға салады. Сонда айтқанындай бекбатша нар қарт күйшінің шалғайын иіскеп, соңынан ере беріпті.

Қыз бетін басып ұялады, жұрт аңырып қалады. Сонда қайтып оралған қарт күйші: «Уа, ағайын, мен бүгін өзім қартайсам да күйімнің қартаймағанын көріп бір жасап қалдым. Тосылмаңдар, «Тең теңімен, тезек қабымен» деген, екі жастың бақытын тілейік!» — деген екен. Сөйтіп кедей шал мен қызының басына бас қосылып, күйеу бала үшеуі ұжымдары жарасқан қалпы ештеңеден тартықпай, келісті ғұмыр кешіпті дейді.

### Қос мүйізді Ескендір

Әйгілі Ескендір патшаның басында қос мүйізі болса керек. Бірақ мұны тірі жан білмейді екен. Шашын алдырған сайын сол шашын алған адамның басын шаптыртып тастап отырыпты. Мұның мәнісі, Ескендірге түсінде бір әулие аян беріп: «Егер шашыңды алушыдан басқа адам мүйізіңнің бар екенін білсе, сол күні жарық жалғанмен қоштасасың!» — деп ескертіпті дейді. Осыдан кейін-ақ сақтық жасап, шашын алдыртқан адамының басын кестірте берген екен.

Осылайша Ескендір төңірегінде қолының ебі барлар сирейді. Бір күні шаш алу кезегі патшаның жақсы көретін жақынына келсе керек. Сонда Ескендір сол жақынына шашын алдырып болып: «Шарт бойынша менің мүйізімді көрген адам бұ дүниемен қоштасуға тиісті еді. Бірақ мен саған тиіспеймін. Шашымды тек қана өзіңе алдыртып тұрамын. Тек есінде болсын: мүйізімнің бар екенін екінші адам білген күні басың кесіледі», — дейді.

Осыдан кейін-ақ шаштараздан маза кетеді. Алдымен Ескендірдің қос мүйізі жатса түсінен, тұрса есінен кетпей есі шығып жүреді. Бара-бара бұған еті үйреніп, енді өзі ғана білетін жаңалықты жұртқа айтқысы келген бір сезім билейді. Бірақ айтайын десе, жанынан қорқады, айтпайын десе, ішіне толған құпия сыр шыдатпайды. Ақыры амалы таусылғандықтан, патша сарайындағы жеті жұрттың тілін білетін тәуіпке келіп, өзінің дертті болғанын айтады. Тәуіп болса, әрі-бері қарағаннан кейін: «Дертің ауыр болғанымен, емі жеңіл. Ішіңе толған бір құпия сыр бар екен. Сол сырды сыртқа шығару үшін елсіз-күнсіз бір жерге барып, басыңды ойға қарат та, ішіңе толған сөзді айтуың қажет. Жай айтпайсың, әрине, аузыңнан сілекейің шұбырып, ішің ортайғанша қайталайсың. Тек даусыңды ешкім естімейтін болсын. Біреу-міреу естісе, басыңа қатер!» — дейді.

Шаштараз тәуіптің айтқанын бұлжытпай орындайды. Елсіз-күнсіз жердегі бір құрғаған құдықты тауып алып, басын сол құдыққа салбырата түсіреді де: «Ескендірдің басында қос мүйіз бар! Ескендірдің басында қос мүйіз бар!» — деп, жанын жегідей жеген сөзді іші ортайғанша



қайталайды. Осылайша, айына екі рет елсіздегі құдыққа келіп, ішіне толған сөзін қайталап, дертін жеңілдетіп жүреді. Жақынының аузы беріктігіне патша да риза, күтпеген кеселден оңай құтылып жүргеніне шаштараз да риза болып жүріп жатады.

Күндердің бір күнінде шаштараз барып жүретін құдықтың басына әлдеқайдан келе жатқан керуен тоқтайды. Ел кезген керуеншілердің ішінде неше түрлі қабілеттің адамдары болатын әдет емес пе? Мына керуеншілердің ішінде де жұрттан асқан бір сыбызғышы бар еді дейді. Сол сыбызғышы ерігіп отырып құр құдықтың түбіне қарайды да, онда өсіп тұрған қамысты көреді. Бұл қамыс әлгі дертті шаштараздың аузынан ақтарылған сілекейден нәр алып өссе керек. Сол жерде сыбызғышы жігіт құдыққа қарғып түседі де, бір сабақ қамысты жұлып алып, сыбызғы жасайды.

Ескендір патша құпиясы осы жерде кереметін көрсетеді. Керуенші жігіт сыбызғысын ойнатайын десе, сыбызғысы: «Ескендірдің басында қос мүйіз бар!» — деп адамша сөйлеп қоя береді. Керуенші жігіт өз құлағына өзі сенбей, сыбызғыны қайта ойнатып көрсе, жаңағы сөз тағы да қайталанады. Сол жерде басқа керуеншілер де мұндай ғажапқа таңғалса, екіншілері әлемге даңқы әйгілі патшаның сыртынан ғайбат сөз айтылғандай секем алысады.

Тағдырдың бұйрығы бойынша құпиясы жария болған Ескендір сол күні жарық жалғанмен мәңгілікке қоштасып еді дейді.

Бұл оқиға керуенші жігіттің сыбызғысы арқылы дүниенің төрт бұрышына күй болып тараса керек.

## **Бөкен жарғақ**

Ертеде ағайынды екі жігіт болыпты. Әкелерінен жастай айырылып, шешесі үшеуі өмір сүреді екен. Алаңсыз өскен ағайынды екі жігіт жастайынан аң аулауды кәсіп етіпті. Бойлары өсіп, бұғаналары қата бастаған кезде бұлардың аңшылығы төңірегін тәнті ететін болыпты. Әсіресе, түздің бөкен сияқты көп кездесетін аңын аулауға машықтанғаны сонша, бөкен терісінен тіккен жарғақтарын киіп алып, түз тағысымен араласып жүріп қалағанын атады екен.

Күндердің бір күнінде ағайынды екі жігіт тізе қосып, әдеттегідей бөкен аулауға шығады. Ен далада сынаптай сырғып жүрген бөкеннің бұрылып келіп су ішер орындарының болатыны белгілі. Сондай бір бұлақтың басына ертерек келген екі жігіт атуға ұрымтал орынға бекінбек болады. Сонда ағасы інісіне ақыл береді: «Екеуміз бұлақтың екі қабағын ала жайғасайық. Қаталап келіп суға бас қойған бөкенді екі жағынан қақпалап атсақ, қарық боламыз», — дейді. Інісі ағасының айтқанына көніп, көрсеткен жеріне бекінеді.

Түс мезгілі болып, күн тас төбеге көтеріліп, тірі жанның аңқасын кептіргендей ыстық көтерілген кезде мүйізі жарқ етіп, бөкеннің шолғыншы текесі көрінеді. Іле даланың шаңын шүйкедей созып, артынан кимелей кеуделеген ешкі-лақтары жетеді. Сол бетінде қалың киік айналы астаудай жарқырап жатқан бұлаққа бас қояды. Осы кезде ұрымтал сәт келген шығар деп ағасы садақ тартады. Дүр етіп кері серпілген бөкеннің келесі шетінен уәде бойынша інісі де оқ жаудырады. Талай бөкен оққа ұшады. Аң қызығы ағайынды екі жігіттің делебесін қоздырып, одан сайын құныға атады.

Сөйтіп екі ортада ұйлыға жөңкілген бөкеннің тұяғынан қалың шаң көтеріледі. Әлден уақытта аман қалған бөкендер шаң арасынан сытылып шығып, түзге бет алады. Әлі де болса шаң арасында ұйлыққан бірер бөкенді атып алып қалмақшы болған ағайынды екі жігіт қалың киікті өкшелей қуып, садақ тартады.

Бір мезгілде ағайынды жігіттердің үлкені шаң арасынан бөкеннің ойқақтаған сұлдерін көргендей болады. Қылт еткенді құтқармай атып машықтанған жігіт садағын құлаштай керіп тартып жібереді. Бұл жолы да атқаны қапы кетпейді, көздегенін мұрттай ұшырады. Сол бетінде бауыздап ала қояйын деп жүгіріп келсе, бөкен деп атқаны өзінің жалғыз інісі екен дейді. Сол жерде бауырының басын құшып жылаған жігіттің зары кейін ел ішінде «Бөкен жарғақ» деген күй болып тараса керек.

## Тепеңкөк

Тепеңкөк әу баста бір байдың қойға салған шабан аты екен. Мың салса бір баспайтын шабандығына бола Тепеңкөк атанса керек.

Күндердің бір күнінде тақымында жүрген Тепеңкөкке жұрттан асқан бір сыншының көзі түседі. Сыншы Тепеңкөктің алды-артына шығып, сұқтана қарап тұрып: «Апыр-ай, осы заманның жылқысы азды ма деп жүрсем, жоқ, менің көзім тозған екен ғой. Мына жануар «бүйірімді қыздырсаң, бәйгеден келем» деп тұр ғой!» — дейді.

Бұл сөзді естіген қойшы: «Бәрекелді, қойға да жете алмайтын Тепеңкөкке қайдағы бәйге!» — деп күледі.

Сыншы сол бетінде ат басын байдың үйіне тірейді. Сөз арасында сыншы: «Байеке, қырық жылда бір туатын ерен жүйрікті қор қылып, қойға салып қойғаныңыз қалай?» — деп сұрайды байдан.

Бай бұл сөзді көңіліне алып, сыншы келеке етіп отыр-ау деген оймен: «Шын жүйріктің қырық жылда бір туатыны рас болса, сол қырық жылда ортаймайтын дәулетім бар. Менен жүйрік жылқы көргің келсе, қырық жылдан кейін кел!» — деп, қырыс қабақ танытады. Сонда сыншы: «Байеке, көңіліңізге алмаңыз, мен шынымды айтып отырмын. Шыққыр көзім шықпаса, қойшының астындағы Тепеңкөк — алдына қара салмас жүйріктің өзі. Тек бабын білмей жүрсіздер. Тепеңкөк — бүйірі қызбай

шаппайтын, арқасы қозбай арындамайтын ат. Сол үшін бәйгеге қосарда екі қоржын басы құм теңдеп алу керек. Әрі-бері шапқан соң құлағының түбінен тер білінер. Тер білінген соң-ақ Тепеңкөктің бауыры жазылып, созыла шабуға тиіс. Сол кезде қоржын түбін өткір кездікпен тіліп жіберіп, құмын төксе, сонан соң аруағын көтере ұрандап, айғайға салып отырса, Тепеңкөк сақпанның оғындай заулар еді!» — дейді.

Сыншының айтқан сөзіне бай құлақ асып, бәйгеге қосады. Жай қоспайды, аяққаптай ала қоржынға құм теңдеп қосады. Айтқанындай, сол жолы Тепеңкөк небір желаяқ жүйріктерге шаң қаптырып, жалғыз қара болып бәйгеден келіпті. Осыдан кейін бабы табылған Тепеңкөк бәйге-нің алдын бермейтін болыпты дейді.

Мына күй сол Тепеңкөктің шабысын келтірген, арасында ат үстіндегі баланың ұрандаған айғайын білдіретін күй екен.

### Кербез қыз

Бір байдың алақанына салып аялап өсірген жалғыз қызы болыпты. Жалғыз да болса, жүзге татитындай ақылына көркі сай болып өскен екен. «Қыз өссе, елдің көркі» деген рас, бай қызының ақылы мен көркі аңызға айналып, төңірегіндегі аяқ жетер жерден арнайы ат сабылтып келушілер көбейеді. Малына сенген байлар, әліне сенген батырлар сөз салады. Жалғыз перзенті болған соң, бай қызының қас-қабағына қарап, өмірлік жар таңдау еркін өзіне береді. Ал қыз болса, анау-мынауға көңілі толмаған сыңай танытып, «теңім емес» деген жауаппен тойтарып тастай береді.

Сонымен күндер зулап, жылдар жылжып өтіп жатады. «Кербез қыз» атанған бай қызының көңілінен шығар ешкім кезіге қоймайды.

Әрине, бұл жағдай алдымен ата-анасын алаңдатып, кербез қыздан жеңгелері арқылы шешесі: «Не ойлағаны бар екен?» — деп сыр тартады. Соңда қыз: «Ертеңімді ойламай кергіп жүрген жайым жоқ. Бірақ көрінгеннің етегінен ұстамай, көңілім құлаған біреуге тағдырымды тапсырсам ба деп едім. Ата-анама ризамын, жарық дүние сыйлады, әлпештеп өсірді, еркімді өзіме берді, соның арқасында ел ішіне «Кербез қыз» атым жайылды. Ендігі ойым, менің осы кербездігімді кімде-кім сыбызғы тілінде жеткізе алса, жанымды түсінетініне көзім жетіп, соған барар едім», — дейді.

Қыз ниеті ел ішіне тез тарайды. Осыдан кейін-ақ бай ауылына жорға мінген бай да емес, найза ұстаған батыр да емес, енді небір нән-талап сыбызғышылар ағылып келе бастайды. Кербез қызға көпке дейін бірде-бір сыбызғышы ұнамайды. «Жай тақпақ, белгілі сарын» деп жақтырмай қайтара береді.

Содан күндердің күнінде жұпыны киінген қарапайым бір жігіт келіп: «Кербез қыздың көңілін өсірейін, кербездігін сыбызғыма

көшірейін», — деп күй тартады. Кедей жігіттің күйі қыз көңілінен шығып, екеуі көңіл қосады. Бұған қыздың ата-анасы да риза болып, ұлан-асыр той жасайды.

Сонда тартылған осы «Кербез қыз» күйі еді дейді.

### Аңшының зары

Аңшылықты кәсіп қылған екі ағайынды жігіт әлдебір себеппен елден кетіп, бір таудың шатқалын мекендейді. Күндердің бір күнінде екеуі екі қырқада аң аулап жүргенде ағасы бір құлан атып алады. Атып алған құланның етін қапқа салып, терісін күнге дегдітіп отырғанда аспанды аяқ астынан бұлт торлап, қалың нөсер бұршақ құйып кетеді. Аңшы құлан терісін тастың бір қуысына күркелеп, соны паналауға мәжбүр болады. Міне осы бір шақта, бір қырқаға шыға келген інісінің көзіне алыста құлан көсіліп жатқандай болады. Ойланбастан садақ тартқан інісі құланды бауыздап ала қояйын деп келсе, өліп жатқан өзінің ағасы болып шығады. Ағасын келмеске жөнелткен бейбақ ауыр қайғыға душар болып, еңіреп жүріп, ағасын арқалап қосына қайтады. Бірден қосқа әкелуге батылы бармай, сүйекті жақын бір жерге жайғастырып, ағасының қосына келеді. Алдынан шыққан жеңгесі қайнысын қаннен-қаперсіз қарсы алады. «Кешіктіңдер ғой, ағаң қайда?» — деген сұраққа қайнысы айтарға жауап таппай, жоқ сылтау айтып қосына кіреді. Сол кезде керегеде тұрған қоңыр домбыра қолына түсіп, бір мұңды күй шертеді. Сезімтал жеңгесі: «Ойпырым-ай! Мына күйің бұрын соңды естілмеген зар ғой! Сен не сұмдықты бастап отырсың! Осы ағаңнан айырылып қалып отырғаннан саумысың?» — депті. Сонда аңшының қолынан домбыра түсіп кеткен екен деп аңыз қылады.

### Қорамжан күйі

Қорамжан бір кемпірдің жалғыз баласы екен. Қорамжанның «Тепеңкөк» деген жүйрік аты бар екен. Қорамжан алыстағы бір елден қыз айттырып, соған ұрын барып, қалыңдық ойнап жатады. Түнде сол Қорамжан жатқан ауылдың жылқысына жау тиіп, «аттандаған» айғай естіледі. Қорамжан да аттанды естіп орнынан тұрмақ болғанда, қасындағы қалыңдығы: «Шаппа, қума», — деп қолқа қылады. Қорамжан болмай, қаруын алып, Тепеңкөкке мініп, айғай шыққан жаққа қарай жөнелді. Алдыңғы қуғыншыларды қуып жетеді. Бірақ ұзап кеткен жау қарасы көрінбейді. Тепеңкөк бүйірі қызбай, еті терлемей жақсы шаппайды екен. Қорамжан: «Атымның бүйірі қызып тез шапсын, жауға тез жетейін», — деп, екі қап құм теңдеп алып, жауды қуып кетеді. Тепеңкөк терлей бастағанда, қаптағы құмды төге бастайды. Сөйтіп, бүйірі қызған Тепеңкөкпен құйындатып, ұзап кеткен жауға Қорамжан сәтте жетіп

келеді. Оны көрген жау батыры жарда бұғып отырып Қорамжанды атып түсіреді. Қорамжан оққа ұшып өледі. Осыны күйшілер «Қорамжанның шешесінің жоқтауы», «қалыңдығының жоқтауы», «Тепеңкөктің шабысы» деп, домбыраға тартады. Мұны «Қорамжан күйі» дейді.

### Бозайғыр

Бұл күйді ертеде бабаларымыз «Алатау асқан боз тарлан» деп те шерткен екен, — дейді Бағаналы ақсақал. Тұлғасы кесек жануар бір топ жылқымен бірге жоғалады. Жыл уағына дейін іздеу салынып, табылмаған айғырды «қолды болдыға» жорып қояды. Сонымен жыл уағынан асқанда ел жайлауға қонып жайғасқан күндердің бірінде, биенің екі сауымынан кейін алыстан бір боз жылқы құйындатып келе жатады. Желі басынан көз тіккен жылқы иесі: «Я, пірім-ау! Мынау не жылқы болады екен? Тұлғасы тым кесек қой», — деп тамашалап тұрады. Сөйтсе, әлгі көзден ғайып, көңілден ұмыт бола бастаған Бозайғыр болып шығады. Бозайғыр кісінеп кеп, жер тарпып желі басына көлденең тұра қалады. Жал-құйрықтан айырылған, көк шолақ болып өзгерген. Басында ноқтаның жұрнағы ғана қалған. Жануардың көзінен қанды жас парлайды. «Құрулаған» иесі де жылап көріседі.

### Ақсақ құлан

Жошы ханның маңдайына біткен жалғыз ұлы құлан аулауға құмар екен дейді. Құлан аулау қоян аулау емес, қауіп-қатері көп деп хан оны аңға жалғыз жібермейді екен. Күндердің күнінде ханзада әкесінен ұрланып, аңға бір өзі шығып кетеді. Бір жерлерге келгенде жайылып жүрген бір үйір құланды көреді. Қуанғаннан екі көзі жайнап, қорамсағынан сұр жебесін суырып алады да, жазықсыз жануарларды қынадай қырады. Қырудың қызығына түсіп кеткен ол, оғының таусылғанын да білмей қалады. Ханзаданың қауқарсыз халін сезген көсем құлан оны қос өкпеден қос аяқтап теуіп, айдалада өлтіріп кетеді.

Ұлы хабар-ошарсыз кеткен соң, бір сұмдықты білген хан жаманатты естуге дәті бармай: «Кімде-кім баламның өлгенін естіртер болса, аузына қорғасын ерітіп құямын», — деп жар салады. Мұндай сөзді естіген соң жаман хабарды барып айтуға кімнің батылы жетсін! Ешкім тіл қатып, тіс жармайды.

Бір күні тақта отырған ханның алдына қызметшісі жүгіріп келіп: «Алдияр тақсыр, ханзаданың хабарын білем деп есік алдына бір кісі келіп тұр», — дейді. Хан: «Кірсін!» — деп әмір етеді. Ішке қолында домбырасы бар бір кісі енеді. Хан: «Жолаушым, білгеніңді жасырмай түгел айт!» — дейді. Сонда күйші қолына домбырасын алып: «Менің білгенімді екі ішек пен бір тиек айтып береді», — деп күмбірлетіп жөнеледі.

Күйдің алғашқы шумақтарынан шапқан аттың тұяқ дүбірі естілгендей болады. Көзінің қарашығындай жалғыз үй жанына кеп қалды ма деп, жүрегі тулап қоя береді. Ханның жүзіне қан жүгіріп шырайлана түседі. Бірақ осы мезетте үстіңгі шектен жан дүниенді әлем-тапырық еткен орны толмас өкініш пен қайғының сұмдық сарыны құлаққа келеді. Домбыра адамша жылап, адамша егіледі. Хан қабағын демде қара бұлт жайлап, еңсесі түсіп қоя береді. Қол созған жақсы үміті көзден ғайып боп, көңілін қапалықтың ауыр мұңы басады. Ендігі сәтте күйші құланды көрген ханзаданың қуана салған әнін, ажал алып зуылдай ұшқан сұр жебенің дыбысын, өлімнен қашқан аңдардың тұяқ дүбірін суреттегенде, ханның ойы отызға бөлінеді. Күй тілін түсінуді бұған несін жазды екен Тәңірі! Күй шарықтап шырқау шегіне жетті, кенет арындаған екпін кілт үзілді де, домбыра көмейінен жантәсілім еткен жанның ақырғы демі естілгендей болады. Ханның өңі сазарып қоя береді де, орнынан атып тұрады. Екі көзіне қан толып, бармағын тістелей береді. Күйші бұл кезде бастапқы қаралы тақырыпқа қайта оралып, күй екпіні әлсіреп, қайраты кеміп, дүниеден көшіп бара жатқан пенденің жете алмай кеткен арманын айтып, жанары сөніп бара жатқандай еді. Хан жас жуған жүзін екі алақанымен басып отырып қалады. Бірақ есін тез жинап алады да, өз әмірін екі етпей орындамақшы боп: «Жалғыз ұлымның жапаңда мерт болғанын естірттің, жазанды ал ендеше. Жақсыны да, жаманды да айтпасын, осымен өмір бақи үні өшсін», — деп, домбыраның көмейіне балқыған қорғасын құйдырады.

### Аққабынның толқыны

Керей руынан шыққан Мұса деген бір кісі қызын күйеуге ұзатарда қалыңмалына қосып, «мінгізгенім» деп, Бурылат деген атын да береді. Жыл өткен соң, Мұса қызын көріп қайтайын деп, жекжатының аулына келе жатқан екен дейді. Ауылдың қарасын көрген соң, қолына сыбызғысын алып, «Аққабынның толқыны» деген күйді тартқан екен. Дәмтұзы бөтен жерге бұйырған Бурылат шалғайдан сыбызғы үнін естігенде құлағын қайшылап, кісінеп қоя береді. Жайылып жүрген үйірінен жалғыз бөлініп шығып, ауылды айналып шаба беріпті. Жастайынан сыбызғы күйін естіп өскен Бурылаттың бұл мінезін қыз «әкем келе жатыр екен» дегенге жориды. Айтса айтқандай, қыр басына қылт етіп шыға келіп, ауылға құлаған атты кісі әкесі болып шығады.

### Аққу

Баяғы өткен заманда бір жарлы кемпір өмір сүріпті. Оның бар байлығы — жетім сәбилер — немере ұлы мен немере қызы болыпты. Оның бар ойлағаны соларды бағып өсіру болған. Кемпір көрші



ауылдың байының сиырын сауып, кірін жуып, тамағын пісіріп, болмашы ғана еңбекақысын алып отырған. Немерелері де байдың жұмысын істейді: бала қозы бағады, қыз шай қайнатып, анау-мынаусын істейді. Осылайша олар өйтіп-бүйтіп өмір көре береді, тағдырға тағар кінәсі де болмайды. Бір күні күтпеген жерден оларға пәле тап болады. Бай аулына жау шауып, ел бір түн ішінде сапырылысып басқа жаққа көшіп кетеді, аласапыран кезінде жұртта абайсызда бала-шағасымен кемпір қалып қояды. Оның үстіне көзге түртсе көргісіз дауыл, ала құйын соғады. Таң ата дауыл басылады, жұртта қалған сорлы бейшаралар аң-таң қалады. Олардың ішейін десе асы, баспанасы тағы жоқ. Жұртта жетім болып қалған сорлылар тек егіліп жылай береді. Баланың әкесінен қалған аң ататын мылтығынан, оның екі сұрағынан (ашасынан) басқа олардың дымы болмайтын. Балаларын ертіп кемпір басы ауған жаққа жүре береді. Күні бойы жүріп-жүріп, күн батуға таянғанда әбден діңкелері құрып шаршаған олар бір-біріне сүйене жантая жатып, үлкен көлдің жағасында ұйықтап кетеді. Таң сәріде ұйқылы-оюу жатқан бала бір әдемі дауыс естиді. Ояна келе, төбесінде айнала ұшып, қонғалы жүрген аққуларды көреді. Бала сәлден кейін аққулардың көлге қонғанын сезеді. Бала қуанғаннан әндетеді. Мылтығын алып, бала көздеп атып жібереді, бірақ кербез құсқа оның оғы тимейді. Аққулар ұшып кетеді, жолы болмай қамыққан бала көл жағасында қала береді. «Үшеуіміз де енді аштан өлеміз ғой», — деп ойлайды ол. Біраз уақыттан кейін осы арадан қашық емес тау мен орман арасындағы көлде аққулар паналайды деген аңшылардың сөзі баланың есіне түседі. Әжесіне осыны айтып, оны қарындасына қалдырып, қолына мылтығын алып, аққулар ұшып кеткен жаққа қарай жүріп кетеді. Жүгіріп келе жатып бала әндетеді:

Барар жерің Балқан тау,  
О да біздің көрген тау!..

Әбден шаршаған бала қараңғы түсе Балқан тауының басына шығып, тұңғыықта жалтыраған көлді көреді. Бала қалың шөпті қақ жарып көлдің жағасына келіп, тәтті ұйқыға кетеді. Ертеңгісін бала тағы да көл үстінде айналып ұшып жүрген аққуларды көреді. Міне, аққу суға қонды. Бала ешбір қауіпсіз тұмсығын қанатының астына тығып аққудың ұйықтап кеткенін бақылайды. Бала аққуды атып құлатады. Осы кезде баланы күте-күте зарығып, оның әжесі мен қарындасы жылайды. Бұл кезде атып алған аққуын арқалап, бала да өзінің әжесі мен қарындасына келеді. Оны көріп қуанғандығынан көңілді ән шырқайды. Олар аққудың етін жеп, тәтті ұйқыға шомып кетеді. Ертеңгісін үшеуі көңілденіп, тынығып алғанан кейін жолға шығады. Кешке қарай олар қатерлі, қауіпті түнде бұларды далаға тастап, көшіп кеткен ауылға келіп қосылып, бұрынғысындай өмір сүре береді. Бала тек мерген болмаған, әкесіндей дарынды, жақсы күйші де болған көрінеді. Еліне келіп, «Аққу» атты күйін қобызда ойнап береді.

## Көк бұқа

Ерте уақытта бір ауылдың өзен жағасында жайылып жүрген бір қора сиырларын жау қуып кетеді. Сол сиырлардың арасында көк бұқа болады. Көк бұқа жанына ешкімді жолатпайтын сүзеген екен. Сондықтан да ішінде осы бұқа жүрген бір қора сиыр басқа малдан бөлек жайылады екен. Бір күні жем іздеп ашыққан қасқырлар осы бір қора сиырға шабуыл жасайды. Көк бұқа қасқырлармен арпалысып, әзірге ауылдан кісілер келгенше бірде-бір сиырды қасқырларға жегізбей қорғайды. Міне, көк бұқа тынышсыздана бастайды да, басын қорқынышты көтеріп алып, ауыл жаққа қарап, ауаны искейді. Ауылдан еш адам іздеп келмейтінін сезген көк бұқа сиырларды ауылына алып келеді.

## Мұңлық–Зарлық

Ертеде қылышынан қан тамған қаһарлы ханның жалғыз қызы бойжеткенде бір кедей жігітке ғашық болып, көңіл қосып жүреді екен. Мұны біліп қойған хан жігітті дарға астырады. Жігіт өлгеннен кейін қыз мезгіліне жетпей бір ұл, бір қыз табады. Көп көзінен, ел сөзінен сескенген хан жаман атқа қалмаудың амалын іздеп, қос бүлдіршіннің көзін жоюды мыстан кемпірге тапсырады. Мыстан кемпір өмірге жаңа ғана келген сәбилерді көз көрмес, құлақ естімес жерге апарып, биік өскен жап-жасыл ағаштың басына, қызды шығысқа, ұлды батысқа қаратып іліп кетеді. Нәрестелердің көз жасы тамған ағаш бұтақтары суалып, қуара бастайды. Қос жүрек соғуын тоқтатқанда, бәйтерек те өсуін доғарады.

Ел ішіндегі өсек сөз, өтірік-өкпеге шыдамаған патшаның қызы егізін іздеп жолға шығады. Бармаған жер, баспаған тауы қалмайды. Күлкісіз күндер, ұйқысыз түндер, арманмен айлар, жылаумен жылдар өтеді.

Қатты шаршап, діңкесі қатқан қыз әбден қурап, қабығы түсіп, шіруге айналған биік ағаштың түбіне келіп қисаяды. Ұйықтап кеткен соң, оны бір сүйкімді саз, сиқырлы әуен оятады. Құлақ түріп, тың тыңдаса, ән салып тұрған қасындағы биік ағаш екен. Қыз күндіз қос бүлдіршінін іздеп, түнде осы «әнші» ағаштың түбіне келіп, неше түрлі әуез естіп, көңіл жұбатып, тынығып жүреді.

Бір күні айналаға көз салмақ болған қыз ағаштың басына шығамын деп оны құлатып алады. Бірақ көп ұзамай самал соғып, «әнші» ағаш қайта зарлай жөнеледі. Қыз оның құпиясын білмек болып, тексереді. Ағаш жуан түбінен басына дейін қуыс екен. Жіңішке басының екі жағында бұтақтан бұтаққа керіліп қалған ішектерді көреді. Бұл қыздың екі баласынан қалған жұрнақ еді. Батыс жағындағы ішек бостау, ал шығыс жағындағы ішек қатты тартылыпты. Егізінің өлімінен хабары жоқ қыз енді ағаш неге ән салатынын түсінеді де, өзі де қуыс ағаш жасап алып, манағы екі ішекті соған тағады. Шертіп көрсе, үні жүрегіне жақын, жанына

жайлы естіледі. Қыз байғұс бостау тартылған ішекке, үні мұңды шығатындықтан, «ұлым — Мұңлық», ал ащы, тым зарлы шығатындықтан, қатты тартылған ішекке «қызым — Зарлық» деп ат қойып, күндіз-түні қолынан тастамай күй шығарып, ел кезіп, егізін іздеп кеткен екен...

### Сал күрең

Ел ішінде әйгілі бір күйшінің жүйрік күрең аты бәйгенің алдын бермейтін көрінеді. Қазақ-қырғыз бас қосқан үлкен аста сыншылар барлық тұлпарды сыннан өткізе келіп, күрең аттың қасына тоқтайды:

— Қамыс құлақ, қой жұтқыншақ, үңгір сағақ, қуыс қолтық, құлан жал. Бәйгені өзге алмас, сен аларсың, күрең сал, — деп бағалапты.

Бірақ ат күзетушінің көзін ала бере қаскөй біреу күрең аттың табанына шеге қағып жібереді.

Күйші шегені суырып тастап, бәрібір бәйгеге қосады. Топ ішінен ақсаңдай басып шыққан күрең атқа қарап жұрт: «Әй, ақсақ атты бәйгеге қосқан қай ақымақ!» — деп шулайды. Күйші ерегіскенде үндемейді. Денесі қыза келе аяғының ауырғанын ұмытқан Күрең сәйгүліктердің бірінен соң бірінен озып, ақыры бірінші болып келеді.

Бірақ мәреге жеткен соң-ақ, аяғын баса алмай, сал болып, жүруден қалады. Күйшінің күреңнің сау күнін армандап, сал күреңнің жүрісін салып тартқаны екен...

### Балжыңгер

Бұрын Марқакөл жағасын мекен еткен, дәулеті асқан бір бай болыпты. Ол қайда жүйрік бар десе, кейде алдап, кейде зорлап, алмай қоймайтын озбыр да екен. Күндердің бірінде бай «Салдаман деген кедейде бір ат бар, ол атқа бұл жалғанда ат жете алмайды» деген ел дақпыртын естіп, қалай да осы атты қолына түсіруге аңсары ауыпты. Бай Салдаманды атымен шақыртып, жұқалаған екен. Салдаман да іші сезгендей: «Кедейлік бағыма біткен әдеттегі жай ат», — депті. Бай Салдаманға:

— Айналасы алты күндік көлді етпісірім уақытта айналып кел. Егер етпісірім уақытта келе алмасаң, атыңа алтын ер салып өзім мінем. Келе алсаң, саған бір тоғызға жығынды боламын, — деп уәде беріпті. Салдаман атқа сеніп жолға шығыпты. Бай кедей жігіттің келіскеніне қуанып, қанат бітсе де ет піскенше аттың жете алмайтындығына көзі жетіп, еттің көбігін алуға бұйрық бергенше даладан аттың қарасы көрінген хабар келеді. Бұл хабардан шошынған бай далаға шықса, ат тұяқтары жер ойып, ұшқан құстай екпіндеп келе жатыпты. Сонда өзегіне өрт түскен бай отыра кетеді. Бірақ айтқанынан қайта алмай, амалсыз бір тоғызын беріпті. «Балжыңгер» деген күй осыдан қалған екен.

## «Бозінген» күйі

Ерте уақытта бір үлкен жұт болады. Елде жөнді мал қалмайды. Бүкіл ауылды жұттан қалған жалғыз бозінген асырайды. Көпшіліктің күн көріп отырған бозінгені бір күні иімей қалады, жан сақтап отырған халық қатты сасады. Содан соң пәлен жерде бір асқан күйші бар екенін естіп, кісі жіберіп, соны алдырады. Егер күйші бозінгенді идіріп берсе, ауылдағы бір сұлу қызды бермек болады. Күйші домбырасын күйлеп, ағызып тарта жөнеледі. Күйге құлақ салған бозінген иіп қоя береді. Бермек болған қыз түйенің сүт аға бастаған емшегін ұстай алады. Сол арада күйші жап-жас қызды көріп қалады. Бірақ ол жұрттың ұйғарымына рақмет айтып, рұқсат етеді. Тартылған күй «Бозінген» аталыпты.

## Шыңырау

Зәулім құз жартасқа ұя салған қыран ұрпақ көрмей шерлі өтеді. Жылда тапқан жалғыз жұмыртқасын ордалы жылан жарып, тұқымын құртып кетеді.

Бір жылы тағы да жұмыртқаға өрмелеп келе жатқан сұр шұбардың үстінен тап болған ызалы қандыкөз қыран өткір тұяқтарымен құлақ-шекеден қатты серпіп, зәулім құздан зындан шыңырауға қарай лақтырып жібереді. Осыдан кейін ұяда бір күні шұңғыл көз, ақ үрпек балапан пайда болады. Жұмыртқа жарып, жарық дүниеге көз салған балапанын аялап өсіріп, кең әлемге қанат қақтыру үшін алыс-алыс сапарлар шегіп жем тасиды. Тянь-Шань асып, Алтай кетіп, Алатау шарлауға тура келеді. Осындай бір алыс сапардан жем тартып келе жатқанда, шыңырау түбінен құзға қарай өрмелеген аждаһар жыланның бейнесі көз алдына елестеп, қыран өз ұясына жетуге жанұшыра талпынады. Биік-биік құздарды артқа тастап самғап келе жатқанда, үстінен қалың нөсер жаңбыр құйылады. Көзінен тамшылаған ыстық жас жаңбырмен бірге тамшылайды.

## Қағытпа

Өзі күйші, өзі сері бір жігіт жорға атын жоғалтып, жоқ іздеп жүріп бір ауылға тап болады. Бейтаныс ауыл болған соң үй таңдап жүрсін бе, шеткерірек тігілген бір үйге ат басын бұрады. Сәлем бере үйге кіріп келсе, бойжеткен қызы бар үй екен. Төрге жайғасып, аман-саулық сұрасады. Үйдің үлкендері көрші ауылға қонақтап кетсе керек.

Үйге қонақ келген соң бойжеткен қыз кіріп-шығып дәм қамдайды. «Сырт көз — сыншы» деген емес пе? Жас қыздың қылық-қимылын бағып отырған сері жігіт бойжеткеннің шалбарының балағына шоқ түсіп күйдірген ойықты көзі шалып қалады. Шалбар ойығынан қыз балтыры ағарып көрініп, көз арбайды.

Сонда мырс етіп күлген сері жігіт іргеде сүйеулі тұрған домбыраны ала салып, бір тосын сарында шертеді. Домбыра үні сылқ-сылқ күліп, әлдебір сөзді қоймай қайталағандай болады. Бойжеткен қыз ши ішінен құлақ түріп тыңдаса, «жалаңбұттан жалт-жұлт, жалаңбұттан жалт-жұлт» деп сөйлеп отырғандай әсер береді. Жігіттің нені меңзеп тартып отырғанын сезген қыз: «Қап, мына көлденең көк аттыға келеке болдымау! Берген асты ішіп, жөнімен кетпей ме!» — деп іштей намыстанады. Бірақ сыр бермейді, кіріп-шығып дәм қамдап, дастарқан жаяды. Ал сері жігіт болса, домбыра тіліне оралған әзіл сарынды қызықтап, сұңқылдай қайталап қоймайды.

Жігіттің мұнысына әбден намыстанып, шыдай алмаған қыз бір сәтте: «Бәрекедді, тәрізі күйші ауылдың баласы болдыңыз-ау. Мынауыңыз бұрын естімеген сарын екен. Қане, мен қайталап көрейінші, былай тарттыңыз ба?» — деп, домбыраны қолына алған бойда сарынын өзгертпестен басқаша сөйлетіп, қарымта жауап қайтарады. Сонда қыз тартқан домбырада: «Жөніңе жүр, жолаушы, жөніңе жүр, жолаушы!» — деген қарымта жауап естіледі. Қыздың зілсіз қарымтасын жігіт те жазбай танып, өнеріне сүйсінген екен дейді.

Сөйтіп, бұл күй қыз бен жігіттің қалжыңын бейнелейтін болғандықтан, ел ішіне «Қағытпа» деген атпен тарап кетсе керек.

Күй сарыны бір орам әзіл сөздің буынын қайталауға құрылғандықтан тартуға оңайы содан да болуы керек. Ойын-тойда екі жақ болып отырған жастар «Қағытпа» күйін жиі тартып, бір-бірін тың сөздің ырғағымен қағытады. Сонан соң бір-біріне күй тілінде не деп әзілдегенін жорытып, мәз-мейрам болысып жатады. Мұндайда домбырашының емеурін еткен сөзі күй сарынының буынына сыймаса, күйді құбылта байытып, соны ырғақ қосып, түрленте шертетін де дәстүр бар. Мұның өзі — тартушы мен тыңдаушының күй тілінде түсінуін шыңдап, өнердің өрісін ұзартатын дәстүр.

## Жетіген

Ерте заманда бір көпті көрген көнекөз қарттың жеті ұлы болыпты. Жетеуі де елге қорған, жұртқа пана болғандай атпадай азаматтар еді дейді. Ол бір жаугершілігі көп тынышсыз заман болса керек. Күндердің бір күнінде алаөкпе болып жаушы жетіп, ел шетіне дұшпан әскерінің тұяқ іліктіргенін хабарлайды. Содан көнекөз қарттың жеті ұлы мұздай сауыт құрсанып, жаудың алдын алуға аттанады.

Сайланып келген жаудың жасағы мықты, жарағы берік болатын әдеті. Дұшпан жасағымен арада қанды шайқас басталады. Ел ішінен қол жинап, жауға қарсы шыққан жеті жігіт иықтаса жүріп ұрыс салып, жойқын ерліктер көрсетеді. Жаудың бетін қайтарады. Бірақ шығынсыз соғыс болған ба, осы шайқаста ағайынды жеті жігіт те ерлікпен қаза табады.

Қаралы хабар қарт әкеге жетеді. Жеті боздағынан бірдей айырылған қарттың қайғысында шек болмайды. Еш жұбаныш таппай, жаны мүжіле береді. Арада күндер, айлар өтсе де жеті ұлының қылықтары санасында жаңғырып, жанын жегідей жеумен болады. Әбден шарасы таусылып, шыдамы үзілген қарт күндердің күнінде бір аспап жасайды да, жеті ұлының рухына арнап жеті ішек тағады. Сонсоң, әр баласын елестетіп отырып жеті күй шығарады. Сол жеті күйді перзентіндей тербеп, қалған өміріне жұбаныш етіп өтеді.

Жетіген аспабы осылайша дүниеге келсе керек. Ал қарттың жеті ұлына арнап шығарған жеті күйі ел ішіне «Қарағым», «Қанат сынар», «От сөнер», «Бақыт көшті», «Күн тұтылды», «Құса», «Шамырқан» деген атпен тарап еді дейді.

### Қос ішек

«Ертеде бір аңшы жігіт болыпты» деп басталады «Қос ішек» күйінің аңызы. Сол аңшы жігіт биік таудың қиясын, қалың қарағайдың арасын тұрақ еткен бұғы-маралды аулап, кәсіп етсе керек. Бірде жолы болып, биік таудың қиын қиясынан теңбіл марал атып алады да, маралды етекке түсіру үшін ішек-қарнын ақтармалап алып тастайды.

Арада айлар өткенде, аңшы жігіт аң атуға ұрымтал жер еді ғой деп, баяғы теңбіл маралды атқан жерге соқса, құлағына бір ызыңдаған дауыс естіледі. Барлап қараса, өткенде атқан маралдың ішегін қарға-құзғын іліп ұшқан болуы керек, қарағайдың бұтағына қос тін болып керіліп қалғанын көреді. Ызыңдаған дыбыстың сол ішектен шығып тұрғанын аңғарады. Қарағайдың бұтақтарына керіле кепкен ішекті сәл ғана жел тербесе, ызыңдап, жанға жайлы дыбыс шығарады. Оның өзі бірде уілдеп, бірде сарнап, енді бірде сыңсып жылағандай болып, аңшы жігітті алуан түрлі күйге түсіреді.

Сол жерде аңшы жігіт: «Қой, мына қос ішекке тіл бітейін деп тұр екен, бір амал жасайын», — деп, ішекті үйге алып келеді де, бір аспап жасап, соған қос ішекті тағады. Содан тартып көрсе, шынында да қос ішекке тіл біткендей сұңқылдап қоя береді. Бұл үн аңшы жігіттің ғана жанын жадыратып қоймайды, тыңдаған жанның бәрін ұйытады. Осылайша домбыра көптің сүйіп тыңдайтын аспабына айналады.

### Ертіс толқыны

Мал шаруашылығымен күн өткізген қазақ халқының Ертіс бойын мекендейтін бір тобы құнарлы өлкені құтты қонысқа балап, ұзақ жылдарын сол арада өткізеді. Ертіс бойының шөбі құнарлы, суаты мол болғандықтан, одан алыстап кете алмай, күнгеіін қыстап, теріскейін күзеп-жайлап дегендей күндерді өткізе береді. Күзеу мен жайлау өзеннің бір



жақ аңғарында, қыстау бір жақ аңғарында болады да, екеуін бөле ағып Ертіс жатады. Ертіс — суы ауқымды өзен. Қыстаудан жайлауға бару үшін өзен суы тасымай тұрғанда өтіп алмаса, ұсақ мал түгіл атты кісіге жол бермейді. Жыл сайын бір мезгілде көшіп дағдыланып алған ауылдар бір жылы күтпеген жерден қиыншылыққа тап болады. Ел бейқам отырғанда жаз ерте шығып, сай-саланың қары еріп, өзен арнасынан асып-тасып кетеді де, дүйім ел өткел таба алмай қамалып, қыстау жақ арнаны жайлап қалады. Қыстаулық өріс қанша дегенмен тарлық етеді де, жер көңілдегідей көктемейді, тебіндеген көкті мал жеп тауысады.

Мал жаздан да жарасымдық, семіздік ала алмайды. Бұл аздай-ақ, сол жылы қыс қатты болып, қар қалың түседі. Осылайша ию-қиюы сәйкеседі де, ел-жұрт көптеген малын жұтатып алады. Малдың жұтауын, жайлауға өте алмай қалғанын ел өзіміздің бейқамдығымыздан болады демейді. Ертістің толқынынан болады дейді. Қыруар шығынға ұшыратқан Ертістің ақ өркеш толқындарын күйге қосады.

### Телқоңыр

Дәулеті шалқыған, елге беделі артқан бір ұлықтың төскейді қаптаған қалың жылқысының ішінде мәпелеген қоңыр тұлпары болыпты. Қоңыр ат қамыс құлақ, тік бақай, бөкен қабақ, сіңірлі, алыс адымды, зор денелі, аттың сұлуы атанады. Ұлық қоңыр жүйрікті кермеге байлап, сылап-сипап, мәпелеп, күтуші қойып, түнде күзеттіріп бақтырады. Тұлпарды ауыл арасында емес, ел ішінде бас қосатын ұлы дүрмекке ғана мініп, руруды қамтыған үлкен тойларда бәйгеге қосады.

Ел ішінде жылқыға арнап тартылып жүрген күйлердің бірде-бірін қоңырдың жүйріктігіне тең көрмеген ұлық: «Қоңыр аттың жүрісін күйге түсірген домбырашы болса, атан түйе жетектетіп, ат мінгізіп, киіт кигіземін», — деп, бүкіл елге жария шашады. Талай күйді тамылжыта шерткен күйшілер небір күй шығарады. Бірақ күйшілердің ойланып-толғанып шығарған күйлері ұлық көңілінен шықпайды. Ел ішінде аңызға айналған бұл оқиғаға құлақ құрышы қанған көршілес рудың ұлығы қоңыр жүйрікті ұрлап алмақ болады. Бір қу жігіттің қасына асқан шебер домбырашы қосып, қоңыр жүйрікті ұрлап әкелуге аттандырады. Ұзақ жол жүріп шаршаған екеуі ел шетіне келгенмен, мақсаттарына жете алмай дал болады. «Онда не бар дейсің, тәйірі! Аламыз да қайтамыз», — деген ойлар құр үміттің бұлаңы болады да шығады. Ұлық ордасының қасындағы кермеге байлаған қоңыр жүйрік күндіз-түні күзетулі. Күндіз күтуші басы-қасынан ұзамайды. Түнде қой күзеткен қыз-келіншектер айнала қоршап алақанда ұстайды. Қу жігіт пен домбырашы әлденеше күн торып, ала алмайтындарына көзі жетеді. Қасындағы төмен қарап мұңайып отырған домбырашыға қу жігіт өзінің ойлап тапқан әдісін айтады.

— Бөтен ел, бөтен жерде бүйтіп не марқаба табамыз? Ел жатып, қыз-келіншектер қой күзетіп шыққан кезде сен ауылдың ар жағындағы дөңге

шығып, домбыранды шерте бер. Ет-жүректі елжіретіп, сезімді баурап алатын тәтті күйге құмартқан қыз-келіншектер сенің қасыңа баруы мүмкін. Жолымыз болып, олар сені қоршаса, әдемі күйлермен айналдыр. Осы кезде мен күзетсіз қалған қоңырды жетектеп алып шығайын, — дейді.

Екеуі осыған келіседі де, ел ұйқыға кеткенде бөлінеді. Қой күзетіп, қысыр әңгімемен таңның атуын күткен қыз-келіншектер күтпеген жерден төгіле шығып, бойды тербеп алған домбыра үніне құлақ түреді. Бірінен соң бірі үзіліс таппай шертілген күй дауысына елегізген қыз-келіншектер жарыса тұрып, домбырашының қасына барады. Домбырашы: «Көршілес ауылдың жігітімін, жол қарап шығып ем, жолым болмай торыққан соң домбырамен сырласып отырмын», — дейді де, күйді шерте береді. Қолайлы сәтті пайдаланған қу жігіт еппен келіп, кермеде байлаулы тұрған қоңыр жүйрікті жетекке алып межелі жерге тартады. «Енді алып үлгерген шығарсың», — деп топшылаған күйші домбырасын қолына алып, қыздармен қош айтысып жолға түседі. Манадан тәтті күйден нәр алған қыз-келіншектер оралса, кермедегі қоңыр жүйрік жоқ. Маужыраған тыныш түнде ұзақ ұйқыда жатқан ұлық та, ауыл адамдары да «қоңыр жүйрік жоқ» деп айнала жүгіріп шулаған қыздардың дауысымен оянады. «Қайтіп айырылдыңдар?» деген сұрауына қыздар болған оқиғаны айтып береді.

— Домбырашы қандай күй шертті? — дейді ұлық.

— Домбырашы мынадай күй шертті, — деп күйді ұғып алған бір қыз шерте жөнеледі.

Алып қашқан ат жүрісін, сұлу шабысын суреттеген күй тыңдаушыларды баурап алады. Беріле тыңдап, егіліп тұрған ұлық күй біте бергенде басын көтереді де, зор үнмен: «Қоңыр аттың шабысы мен сұлулығын аумаған қалпында қос ішекте ойнатқан домбырашы бар ма еді бұл елде?! Бар болса, баяғыдан қайда жүрген ол? Бұл елдің күйшісі емес. Көршілес руда бәлен деген төренің асқан шебер домбырашысы бар деуші еді. Мынау соның күйі. Атты ұрлатқан сол төре. Талай рет сұратқанда бермеп едім, егескен екен», — депті де отыра кетіпті. Ұлық күйініп аз отырады да, сенімді екі жігітін шақырып алып:

— Атқа қоныңдар да, сол төреге барыңдар. Ат басындай жамбы — төреге сәлемдемем. Қолекі тапсырып, сәлем беріңдер. Қоңыр жүйрікті сұрамаңдар, берсе, алмаңдар, — дейді.

Төре екі жігітті құрметті қонақ етіп, ұлықтың сәлемдемесін қуана-қуана алады. Екі жігіт жүрерде төре бұйымтайларын сұраса, олар: «Ұлығымыз сәлем дейді», — дегеннен басқа ештеңе айтпайды.

Өш-араздығы, алым-берімі жоқ, бірақ қоңыр жүйріктің қолды болғанына қынжылмай сәлем жолдаған ұлыққа риза болған төре, қоңыр жүйріктің қасына одан аумайтын тағы бір қоңырды қосып береді де: «Ұлықтарыңа сәлем де! Айыбымды кешкен екен, мен де аяғына жығылдым. Егіздей көрінетін екі қоңыр екеуімізде тұрмай, біріне-бірі сән беріп сонда тұрсын!» — деп, қос қоңырды жетектетеді.

Сөйтiп, бiр қоңыр ат екеу болып оралады да, ұлықтың ордасының қасындағы кермеге байланады.

Бiр-бiрiнен аумайтын қос қоңырдың пішiнiне, сымбатына, жүйрiктiгiне құмартқан күйшiлер «Телқоңыр» күйiн шығарады.

### Бейжiн сары

Ертеде малмен ғана күн өткiзген қазақ халқы тiршiлiкке қажеттi заттарды алу үшiн басқа елдермен сауда-саттық жасап тұрған. Басқа елдерге малдың даяр өнiмдерiн берiп, ол елдерден әртүрлi шай, қант сияқты заттар алған. Сондай сауда-саттық жүргiзген қалаларының бiрi Бейжiнге (Пекин) дейiн түйемен барып қайтатын болған. Сауда-саттықпен аттанған бiр топ керуен талай шөлдi, талай белдi басып ұзақ жол жүредi. Адамдар да, мал да қажиды, бөтен жердi жерсiнбеген мал жол-жөнекей бiрлеп-екiлеп өлiп те отырады. Қажыған керуен жол ортасынан астық-ау деген мөлшерде тағы тынығады. Керуеншiлер түйенi матап-байлап, жүктерiн жиып тастайды да, өздерi ұйықтайды. Керуеншiлер жол бойында артына жиi-жиi қарап, ұзақ жолды боздаумен өткiзген сары атанды: «Осы қашып кетуi мүмкiн», — деп ойлайды да, жүгiмен қойып, мұрындығынан қазандай тасқа байлап тастайды. Түн ортасы болған мезетте сары атан байлаған тасты тiсiмен көтерiп, жүгiмен қашады. Өскен жерiн сағынған сары атан осылайша туған жерiне келедi. Түйе екеш түйенiң туған жерге деген сағынышына таңданған сыбызғышы осы күйдi шығарыпты.

### Ортеке

Аңшы Құламерген таутекенi көп атқан екен. Құламергеннiң анасы баласы әрбiр саяттан қайтқан сайын бiр жапырақ еттi кесiп, қыл арқанға кигiзiп қояды екен. Күндердiң күнiнде арқан етке толады. Сол күнi оған түсiнде аян бередi. Таутекенiң киесi қыз бейнесiнде келiп: «О, ана, сенiң балаң неге бiздi сонша есепсiз қырады? Тәңiр оның iсiне ырза емес. Адам өзiнiң керегiнен артық алуға хақысы жоқ. Құламергенге сәлем айтыңыз, оның шелегi толды. Ендi бiр тамшы қан төксе, қарғысқа ұшырайды», — дейдi. Шошып оянған анасы баласына: «Қарағым, сен арқан үстiне шығасың, ендiгi жердегi саят жақсылыққа апармайды. Садағыңның бауын шешiп, аңшылықты тоқтат ендi», — дейдi. Алайда таутекенiң терiсiн саудагерлерге сатып, пайдаға құнығып алған Құламерген анасының айтқан сөзiне құлақ аспай, тағы да аңшылыққа шығады. Сол күн бұлтты болады. Тау iшiне кiрген Құламерген бiрде-бiр текенi таба алмайды. Әбден шаршап, шөлдеген аңшы бiр тастың тасына от жағып, шай-су iшпек болады. Осы кезде жанынан бұрын көрмеген сүттей аспақ, мүйiзi алтын бiр теке көлденеңдеп өте бередi. Әккi

Құламерген садағын жұлып алып, қандыауызға жебені салып жіберіп, шірей тартып жібереді. Жалп етіп құлаған текені дереу бауыздап жіберіп, етін мүшелеп бұзады. Терісін тұздап орап, бір асым етті қазанға салып демалуға отырады. Сол отырған бойы қалғып ұйықтап кетеді. Бір уақытта дүрс еткен әлдебір дыбыстан шошып оянады. Қараса, бағанағы өзі бұтарлап тастаған ақ теке түк болмағандай, оққа ұшпағандай, сойылмағандай қарсы алдында бүп-бүтін тұр екен. Көзінен от шашқан теке қатты қорыққан Құламергенді үш рет айналып басынан бір қарғиды да, жайылып кете береді.

Ертеңіне Құламергеннің аты үйіне бос қайтады. Аңшының анасы атты ары-бері айналып қайран қалады. Ер-тоқым бүтін, қару-жарағы аман, тек Құламергеннің өзі жоқ. Білгір әйел атты зерлей қарап жүріп, оның бауырының күйгендігін байқайды. Байқайды да: «Балам арасанға түскен екен», — деп жорамалдайды (арасан — қайнап жатқан ыстық бұлақ). Атқа мінген ана өзі білетін арасандарды аралап жүріп, біреуінің ішінен әбден пісіп, сүйегі езіліп кеткен баласының мәйітін табады. Осы хикаяны естіген бір домбырашы: «Бұдан былай аңшылар жөн-жосықты бұзбасын, керегінен артық алмасын», — деп, осы өнеге күйді шығарған екен.

### Шұбар киік

Ертеде несібесін түзден терген бір аңшы болыпты. Бір күні аң аулап жүріп, шұбар киікке ұшырасады. Жас лақтаған, желіні жер сызған киік екен. Бірақ «аң» деген көздің құрты емес пе? Аңшы: «Сенде жазық жоқ, менде азық жоқ», — дейді де, садағын кезенеді.

Осы кезде шұбар киікке тіл бітіп:

— Ей, Сұрмерген, мені атпа. Әлі бауырын көтермеген егіз лағым бар еді. Жүрегім елжіреп, желінім дертіп келеді. Сен маған мұрсат бер, сол лақтарымды тойғыза бір емізіп, соңғы рет бауырыма алып, мауқымды басқан соң, өзіңе қайтып келейін, — дейді.

Аңшы ойланып қалады. Нанбайын десе, адамша сөйлеп тұр, нанайын десе, басқа кепіл болар ештеңе жоқ.

— Мен сені атпай жіберер едім, бірақ, қайтып келетінің кім кепіл болады? — дейді аңшы.

Осы сөздің айтылуы мұң екен, аспан шарт етіп, найзағай жарқ етіп, жерге Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) түседі де:

— Мен кепіл боламын! — дейді.

Мұнан соң аңшы киікті босатады. Кепілдікке келген Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) жанында аңшы лақтарын емізуге кеткен киіктің қайтып оралуын күтеді.

Арада біраз уақыт өтеді. Күн батуға айналады. Сол кезде аңшы таңырқап, Мұхаммед пайғамбарға тіл қатады:

— Сіз мені бұйырған ризығымнан қақтыңыз-ау, киік опасыз болды! — депті. Сонда Мұхаммед:

— Сабыр ет, аңшым, он сегіз мың ғаламда мені ешкім алдаған емес! — депті.

Осы сөзді Мұхаммедтің (с.ғ.с.) айтқаны сол екен, таңы жарқырап шұбар киік те жетіпті дейді.

Бұл оқиғаны естіген күйші домбырасын келтіріп, күй тартса керек.

### Жорға аю

Таудың тарлан тағысы аю бірде баласын ертіп етекке түседі. Етекте күркіреп ағып жатқан ақ жал толқынды өзен бар екен. Аюдың қонжығы өзен ағысын қызықтап жарқабақтан қарап тұрғанда құлап кетіпті. Арыны қатты тау суы қорбаңдаған қонжықты жаңқа құрлы көрмей, қақпақылдап ала жөнеледі.

Көз алдында ақ көбікпен араласып, бір батып, бір шығып ағып бара жатқан баласын қимай аю жанталасады. Құтқаратын дәрмені жоқ, су ішінде қарандаған баласынан көз алмай, жар жағалап жүгіре береді. Бауырын бұтақ жырып, табанын тас тіледі. Бірақ баласына деген аналық сезімі сүлдерін сүйретіп, қонжығынан қалыспай жүгіре береді.

Осы бір жағдайды көзі көрген күйші домбыра мен сыбызғыға күй етіп салған екен.

Мынау сондағы аюдың жорғалай балпаңдап жүгіргендегісі екен.

### Хан жұбату

Ертеде халқына қайырымды бір хан болыпты. Халқына қайырымды болған соң, ханға төңірегіндегілер де құрметпен қарайды екен.

Ханның бар үміт-тілегіндей жалғыз ұлы болса керек. Сол жалғыз ұлы енді есейіп, ат жалын тартып міне бастаған шағында қайтыс болады. Жалғыз ұлдың мезгілсіз қазасы ханды қатты қайғыға батырып, көз жасы көкірегін жуады. Ақылы құмдай шашылып, қасірет шеккен ханды жұбату үшін аяқ жетер жерден небір ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен келіп, көңіл айтады. Қайғыны ақылға жеңдіруін өтініп, сабырға шақырады. Бірақ хан қайғыдан езіліп, тірідей солып, басын көтермей жатып алады.

Сол кезде ел ішінде жұрттан асқан бір сыбызғышы болады екен. Ханның басындағы азалы халді естіп, арнайы ордаға келеді. «Ел болып иіліп, жұрт болып жиылып, ханның қайғысына ортақтасып жатқанда мен шет қалмайын», — деп ойлайды. Сөйтіп ханға келіп сәлем беріп, басу сөз айтады. Хан сол қалпы, сәлемге жауап қатпастан, іштей мүжіліп, өзімен-өзі болып, меңірейіп жатып алады. Сыбызғышы сәлемінің өтпегенін көңіліне алмайды. Төмендеу жайғасып отырады да,

құтысынан сыбызғысын шығарып, асықпай сарната жөнеледі. Бұрын-соңды тартылмаған тың сарын естір құлақты елеңдетіп, ғажайып сазымен баурай жөнеледі.

Сыбызғы үні ұзақ сарнап, уілдей өксіп, уілей күрсініп, шер-шеменнің бәрін дыбысқа айналдырып жібергендей боздап келіп тоқтайды. Сонда хан төсектен басын көтеріп, сыбызғышымен амандасып, жоғары шығып отыруын өтініп еді дейді.

Сыбызғышы төрге шығып жайғасқанда, ханның қас-қабағын бағып жүргендер күйшінің иығына шапан жабады.

Міне, ханның қайғысын серпіп, басын көтерткен осынау күй ел ішінде «Хан жұбату» болып тараған екен.

### Ыңыршақты боз

Жалғыз боз атынан басқа ешбір көлігі жоқ бір кедей болыпты. Оның жайшылықта бұт артар, көшкенде жүк артар көлігі де осы аты екен.

Ол бір күні бар-жоғын боз атына артып көшіп бара жатса, бір ауылда қалың адам жиналып ас беріп, бәйге қосып, дыр-думан болып жатыр екен. Олардың тұсынан әлгі адам боз атын жетектеп өтіп бара жатқанда, боз аты бір күрсініп қалған екен, тарту арқаны үзіліп кетіпті. Мұны көрген әлгі кедей: «Е, жануар-ай, ішінде өнерің бар екен ғой, сенің де қарызыңнан бір құтылайын», — деп, жүгін сол жерге түсіріп тастап, аттың ыңыршағын алмастан, бәйге болып жатқан ауылға барыпты. Оған ешкім қарап та қоймапты. Тек аттарды айдайтын кезде кедей: «Атымның арқасы жайдақ минуте келмейді, ыңыршағымен балам мініп барады», — депті де, қалың жүйріктердің соңынан ілестіріп жіберіпті.

Бәйге келетін мезгілде аты барлар да, басқалар да кезеңге шығып, шаң көрінген жаққа қараумен болады. Бірі «ана ат келеді» десе, бірі «мына ат келеді» деп тұрғанда, жалғыз шыққан боз ат екені анық болады. Аздан соң басқа аттардан көш бұрын ыңыршағын сүйретіп боз ат келген екен.

Үстіңдегі баласы жығылып, ыңыршағымен келген атқа жол бойынша екінші бәйге беріліпті. Осыдан бастап бұл кедейдің күйсіз көлігі — боз атқа арналып «Ыңыршақты боз» деген күй шығарылған екен.

### Ала айғыр

Ерте уақытта бір жылқылы бай болыпты. Оның жылқысында бітімі бөлек бір айғыры бар екен.

Бір жылы қарашада осы айғыры із-түзсіз жоғалып, бай тұс-тұсқа жоқшы аттандырады. Жоқшылар қанша сандалса да, бәрі байдың алдына құрқол оралыпты.

Сөйтіп жүргенде аяқ астынан әлгі жоғалған ала айғыр өзі жылқыға келіп, бай мен жылқышыларды қайран қалдырыпты.



Арқа-басы бүгін қайта оралған айғырын көрген бай жылқышыларына: — Ала айғыр үйірін қалай айдаса, сендер де ол жүрген бағытпен жылқыны айдаңдар, ол хайуан да болса қыстың қатаң боларын сезіп, өз үйіріне жер шалып келген секілді, — дейді.

Айтса айтқандай болып шығады. Ала айғыр өз үйірін айдайды. Жылқышылар да барлық жылқыны оның соңынан салады. Олар осы жүріспен айлық жол жүріп, іздесе табылмайтын бір иен далаға барып тиянақтайды. Жылқышылар бір қысты осы жерде өткізіп, жылқысы аман-есен жазғытұрым бай аулына келеді. Қыс өте қатты болғандықтан, басқа жердегі байлардың жылқылары түгел жұтап қалған екен. Қуанышқа бөленген байдың ауылы ақ сарбас сойып, той жасапты. Сол тойда бір домбырашы елдің ала айғырға алғысын бейнелеп «Ала айғыр» күйін шерткен екен.

### Қозыкүрең

Ертеде бір бай жылқышыларына әр жылы: «Табан ет, маңдай терің бір жабағы тай», — деп белгілеген екен.

Бай бір жолы жылқыға шығып, жылқыларын сырттай тамашалап жүреді. Сонда қасында аралатып жүрген жалшысы өзінің жылдық ақысын сұрап қалады. Бай оған айғыр үйірінің шетінде тұрған өлі жүні түспеген бір күрең тайды көрсетеді де: «Соны ақыңа бергенім», — дейді. Айлар ауысып, жылдар жылжып күрең тай ат болғанда, бір ауылда үлкен бір той болып, 300 ат бәйгеге қосылады. Бәйге келгенде бірінші болып қоян сүйек күрең ат келеді. Оны көрген бай аттың иесін, тегін сұрай келе өзінің кезінде жалшыға берген жаман жабағысы екенін біледі. Сонда бай өз айғырының тұқымы екенін айтып дау шығарады, жалшыға күш көрсетеді. Жиылған барлық ұлық бұған белгілі кесім айтпайды. Әділетсіздікке күйген жалшы: «Кезінде табан ет, маңдай терім үшін өзі берген», — деп шыжылдайды. Сонда көлденең адам ретінде араға біреу түсіп жалшыға: «Бұл жолғы бәйге өзіңдікі, ал талас болып отырған осы атқа кім жүз жылқы берсе, сол алсын», — деген екен. Отырғандар дуылдасып келісе алмай отырғанда, есік жақта бір азамат домбырадан күмбірлетіп күй шертеді. Үй іші тына қалып, ершімді күйден бүгінгі жүлделі жүйріктің көсіле шапқан шабысын бір көргендей болады.

Күйші домбырасын бәсеңдетіп барып: «Мен екі жүз жылқы атадым. Мына күй — бүгінгі Қозыкүреңнің шабысы, мұным — жүз жылқы, енді басынан ұрып жүз жылқы санап беремін», — деп кеуде ұрады. Ақыры осы бір жомарт салдың пиғылына риза болған жалшы: «Атымның атағы тарихқа күй болып қалғаны үшін елуін алайын. Міне — атың», — деп, салға атты беріпті.

## Бүркіттің күйі

Ертеде Алтай тауын мекендеген Тілей деген атақты құсбегі өткен. Өзіне әуелде жалғыз кер биесінен басқа мал бітпеген кедей адам болыпты. Міністен құлындамай жүрген сол биесі бір жылы ішті көрініпті. Иесі жануарды аман-есен құлындатып алайын деп, желіні жетіле бастағанда шөптесін жерге қайырып қарап жүріпті. Бір күні ауа райы аяқ астынан бұзылып, кер биеден көз жазып қалыпты. Таба алмай дағдарған иесі таңертең ізімен қуалап келе жатса, биесі қалың тобылғы арасында құлындап, еркек күрең құлынды емізіп тұрыпты. Қуанышы қойнына сыймаған Тілекең биесін жетелеп енді қайтайын дей бергенде, бір құстың зәу теректің басынан пышақтаған дауысы естіліпті. Қараса, бір бүркіт отырады. Теректің түбіне барып: «Кер биенің шуын берейін», — деп, ағаш басына іліп көтерсе, бүркіт қималдамапты. Тас лақтырса да қозғалмапты. Анықтап қараса, қанатына қалың мұз қатып, ұша алмағандай көрініпті. «Бұл Тәңірдің маған берген киелі құсы болмасын, ала кетіп, күрең құлынмен бірге мәпелеп бағайын», — деп бүркітті ұстап алып, тонына орап, үйіне әкеліп бағады. Құсты үш жыл ұдайы бағып, күзде қайырып, түлкіге салса, үш жыл бойы түлкі алмай қойыпты. Құсбегі сонда да қоя беруге қимапты. «Күрең құлынмен бірге бағып, бірге қартайтайын, түлкі алмаса да, бағып-қағайын», — деп баға береді.

Бір күні Тілейдің үйіне алыстан жолаушылап келе жатқан ақ сақалды бір адам келіп қонақ болады. Әңгіме үстінде әлгі адамға бүркіттің жағдайын баяндаған екен, жолаушы бүркіттің күміс құймалы томағасын тартып, жемсауын, тегеурінін, сан етін ұстап көріп:

— Сенің бұл құсың Нарынның Сарышегірі екен. Мұның алдына құс өтпейді. Асқан қыран. Бірақ қазір құстың әлі екі түлеуі кем екен. Енді үш түлетіп, қар бір жауғанда аңға шық, көзіне не көрінсе, соны алар. Қыстай қынадай қырып алады. Ел жайлауға шыға құсты өз бетімен қоя бер. Күзде өзі қайтып келеді. Құсың нағыз жаужүректің өзі екен. Бұл түспейтін жан иесі болмайды. Сақ болмасаң, ашуы қайтпағанда адамға түсер. Құсты өлгеніңше қолыңнан шығарма. Күрең атты осы құсты алып жүруге мінсең болады. Бұл сенің шаңырағыңа қонған бақыт құсы, — дейді.

Жолаушының айтуы бойынша Тілей Сарышегірдің басына күміс құймалы томаға кидіріп, үш қайырып, түлкіге салған екен. Көзіне көрінгенін құтқармайды. Жазда құсын суырдың етімен бағып семіртіп, түлетіп, күрең атына мініп, аңға шыққанда қасқыр, түлкі, арқар, құлжа дегендерді қырып салыпты. Сонымен Тілей тез байып, қорасына қой, өрісіне жылқы толыпты. Келер жылы ел жайлауға шыққанда, құсын қоя берсе, күзде қайтып келеді екен. Сөйтіп Тілейдің Сары құсы шаңырағына ырыс болып еніп, дәулет бітіпті.

Бір күні Тілей құсын қолына қондырып, күрең атына мініп, қағушысын ойға тастап, өзі бір биікке шыққан екен. Сарышегірі «қоя бер»

деп тілепті. Томағасын тартқан бүркіт лақтырған зақпының тасындай зымырап көкке шығып, бір уақытта бір қыраттың астына қарай түйіліп оқша жөнеліпті. Артынан шауып жетсе, Сарышегір бір тайыншадай қасқырдың арланына түскен екен. Бұрын талай қасқырды алдырып жүрсе де, дәл мынадай жойқын көкжалды Тілей көрмепті. Сарышегір бір аяғымен таңнан алып, енді бір аяғымен кеуілжірін ноқталай ұстап, бүктеп астына басқанда, қасқырдың езуінен түйреп кірген бір тегеурінін қасқыр шайнап жіберген екен. Сонда долы қасқырды онан ары бүре түсіп, Тілейге де бермей, кеудесін тесіп жіберіп, шыңғырта тартып, қасқырдың өкпесін жұлып алады. Сонан соң бүркіт тік көтеріліп аспанға шығып көрінбей кетеді. Әдетте иесі келгенде олжасын тастап, бір шетте отыратын Сарышегірдің мына мінезіне қайран қалған Тілей, екі көзін аспаннан алмай қарап тұрып таңырқайды. Бір заманда құс зеңгір көктен Тілейдің өзіне тіке қарай зымырайды. Бұрын қапысыз қыранның аяғын шайнатып алғанына ашуының басылмай келе жатқанын көрген Тілей әлгі жолаушының «ашуы қайтпаса, адам алар» деген сөзін есіне алып, қатты қауіптенеді. Зымыраған бүркітке құлақ түріп, көз тіге күрең аты кісінеп, жер тарпып шиыршық атады. Сонда:

— Әй, әй! Кәрі жолдасым, қыраным, қилы құсым, кә, кә! — деп, екі қолын бүркітіне созғанда қыран сәл тайып барып бір төбеге қонады. Тілей бүркітін үйіне әкеліп, аяғын емдеп, сылап-сипап, ашуын басып, әбден сауықтырады. Арада бірнеше айды өткізіп, арқар алдырайын деп аңға тағы да шығыпты. Бір төбеге шыққанда бүркіт тіленіп ұшып, бір қыратты асып зымырап кеткен екен. Тілей артынан шауып жотаға шықса, сайдың басынан аузына дейін алты арқарды тақыр шаптан бір-бір есіп тастап, біреуінің тамағынан сығып, басына қонып отырды. Қыранына бір кесек қызыл жұтқызып, томағасын кигізіп отырғызып қойып, өзі арқарларын бауыздап союға кіріскенде қыран «тағы да ұшамын» деп тіленіпті. Көкте бір айналып топшысын жазып, шабыттанып жадырап қайтсын деп, томағасын тартып қоя беріп, өзі арқарларды союға кірісіп кеткен екен. Алты арқарды сою аз жұмыс па, кеш батып, көз байланыпты, бірақ қыраны қайта оралмапты. Кейде Сарышегірдің Тілейден бұрын үйге барып алатын әдеті де болады екен. Үйге төте тартқан болуы керек деп қайтып келсе, құсы келмепті. Қайта атына міне шапқан Тілей бір жотаға шығып, «кә-кәласа» ештеме көрінбепті. Бір заманда төменгі бір адам баспайтын шатқалдан жарқ-жүрқ еткен сағым, будақталған шаң шығыпты. Бүркіті келмегеніне алаң болып, түнімен көз ілмеген Тілей таңертең ерте тұрып, әлгі жерге келсе, қалың бүргенді жапырып, құлдап кеткен ізге жолығады. Ізбен тағы да жүрсе, анадайда жарқыраған бір үлкен нәрсе жатады. Қараса, айдаһар екен. Сарышегір айдаһарды басынан ұстаған екен. Ә дегенде оның көзін шоқып шығарып жіберіпті де, содан дәу айдаһар дүниені талқан қылып осы жерге келгенде, төбесін тесіп жібергендіктен, миы шашылып

өлген екен. Құстың тұла бойы жарақаттаныпты. Осыдан соң Тілей қатты ауырып жатып қалыпты. Ауруының жайын түйген Тілей туыс-туған, көрші-қоландарын шақырып алып:

— Бұл аурудан жазылмаспын. Мен өлгеннен кейін Сарышегірімді қоя беріңдер. Енді оның бабын ешкім білмейді. Өзімді ауылдың батыс жағындағы жазыққа қойып, айнала қорған жасаңдар, күрең атымды да қоя беріп, жылыма сойып ас беріңдер. Күрең ат сойылған күні Сарышегір де келіп қалар. Күрең аттың бір жақ қазысын соған беріңдер! — деп өсиет қалдырыпты.

Айтып-айтпай Тілей қайтыс болыпты. Жыл уағы толғанда Тілейдің күрең атын асына сойып жатқанда Сарышегір аспаңда пайда болып, Тілейдің шаңырағын үш айналып, онан соң Тілейдің бейітіне келіп қонған екен. «Күрең аттың қазысын өзіміз жемей, алжыған бүркітке береміз бе?!» — деп, есер біреулер аттың жарым өкпесін лақтырып берген екен. Бүркіт өкпені іліп алып, ауылды бір айналып ұшып, қиян көкке самғап шығып кетіпті. Бір уақытта ысылдаған дауыс шығып, бүркіт оқтай заулаған беті өзін Тілейдің бейітіне бір-ақ ұрып, күл-талқан болған екен. Сөйтіп Тілейдің Сары құсы өзімен бір қорғанда қалыпты. Міне, осы хикмет оқиға ел арасында аңыз болып таралып, күні бүгінге дейін сыбызғыдан аңырап, домбырадан төгіліп, «Бүркіт күйі» аталып келеді.

### Қыз алып қашқан

Жалғыз қызы бар бір бай мен жалғыз ұлы бар бай екеуі құда болады. «Екі жарты бір бүтін болсын, сән-салтанаты келіскен түтін болсын! Біреуіміз келінім демейік, біреуіміз күйеуім демейік. Екеуіміздің ортамыздағы, екеуімізге ортақ отау болсын», — деп келіседі. Берік сөз байласқан екі байдың бесікте құдалық сөйлескеннен кейінгі қарым-қатынасы күн өткен сайын нығая береді. Екі бай іргелес жайлап, іргелес қонып, екі ауылдың ортасына дәнекер боп тігілетін сәнді отауды асыға күтеді. Қыз бен бала бірге ойнап, бірге өседі. Сәби жүрек бірінің біріне құдалық жолымен таңылғанын да сезбейді. Олар күні ертеңгі бір-бірінен бөлінбес бір бүтін болғандықтан емес, балалық жетелеуімен ойын қызығына ерумен де тату өседі. Ұл ержетіп, қыз бойжеткеннен кейін аралары алыстай бастайды. Қолаң шашты салиқалы қыз жігіт жүрегін баурап, жүрегіне от тастағанымен, қыз жігітті сүймейді. Жігіттің ештеңеге икемі жоқ дәрекі қимылы, шөп басып сындырмайтын еріншектігі, дүңк етпе мінезі қыз сезімін аулақтата береді. Бірақ бесіктен құда боп, қысқа арқан, тар тұсау сап қойғанын естіген жігіт қыздың жақтырмағанымен шаруасы да болмайды. «Отау қамытшылығы бітіп, той дайындығы әзір болса, ақ төсіңді аймалармын», — дейді де жүре береді. Бай да қыз жайын естігенде, «Балалықтың әсері де», — деп етегін жимайды. «Аруақ жолын

сыйламай, ата жолын бұзып, ақ басты ана мен ақ сақалды әкенің қолынан шығып қайда барады дейсің», — деген тұжырымға келеді. Сөйтіп құда да тыныш, құдағи да тыныш жатқан бір күні той істеу қамы бітіп, ақ отау әзір болған күні «қыз қашып кетіпті» деген суық хабар дүңк ете түседі. Байдың тоғышар ұлын ұнатпаған қыз жылқышы жігітке ереді де тайып тұрады.

Қашып келе жатқан қыз бен жігіт ауылдан алыстағаннан кейін бұтаның арасын паналайды. Осы кезде қыз жігітке өзінің сырын айтады: «Дәулеті мен әулеті сай, салулы төсек, тігулі үй дайын бай баласынан неге қаштым? Оның себебі, ол — тоғышар. Бір күн мал шетіне шығып көрген жоқ, оның қолынан келмейді де. Шоқпардай үкі тағып, күмістеген белбеу буынып, жорға мініп жортқанды ғана біледі. Сен еңбекке құштарсың, еңбектің балын жеген өмір — нағыз өмір. Екіншіден, сен — сыбызғышысың. Өнер өлмейді. Сондықтан сені сүйдім. Осы жүрісімізді сыбызғыға қосшы, асықпай тыңдайын», — дейді. Жігіт сыбызғысын тарта жөнеледі, қыз бойы балқып тыңдайды. «Қыз қашып кетті» деген хабарды естігеннен кейін екі жақ бірігіп, тұс-тұсқа қуғыншы аттандырады. Ат сабылтып, үзеңгі қағыстырып келе жатқан бір топ қуғыншы сыбызғы даусын естиді де, шілік ішінде сайрандап отырған қыз бен жігітті қолға түсіреді. Ашу кернеген топ жігітті өлмеші қып сабап, сол жерге тастайды да, қызды өңгеріп ауылға алып келеді. Жігіттің қыз тілегі бойынша тартқан күйі «Қыз алып қашқан» атанады.

### Тоқта баяу

Әке мен шешеден жастай айырылған екі бала байдың қозысын жайып, тезегін теріп, қалған-құтқанын жеп, ескісін киіп күн көреді. Халық аузындағы дастан, әңгіме-аңызда байлар қатыгез болады. Олар үшін бір баланың қарны ашып, киімі жыртылып, көз жасының сел боп ағуы бір тоқтының маңырағанындай әсер етпеген. Керісінше, тоқтысеркеш маңыраса, жүрегіне шаншу боп қадалып, қолына қамшы ұстатқан. Екі жетім де байдың осы қатыгездігін көріп, жігері құм боп өседі. Өлі таяқ өршіл жүректі өкпедей езіп, жас өмірді жасық өмірге айналдырады.

Шілденің аптап ыстығында байдың ауылы көшеді. Баяғы әдетімен бай екі жетімге қозыны тағы да жаяу айдатады. Көш жеткен күндік жолда қозы айдаған екі бала әбден шаршайды. Ересегі буыны құрып, табаны таусылғанын інісіне білдірмесе де, інісі шаршағанын жасыра алмайды. Шөлден діңкесі құрыған кішісі қозы айдаған ағасына ілесе алмай жылайды, жылап келе жатып: «Тоқта баяу», «тоқта баяу», — деп жалынады. Баланың сол жалынышын сыбызғышы сыбызғыда осылай тартқан екен.

## Жаралы ақбөкен

Құралайды көзге атқан мерген жігіт аң аулауға шығады. Не кезіксе құтқармайтын, нені атып алам деп аттанса, соны қанжығалап келетін мерген бұл жолы ақбөкен атып әкелу ниетімен шығады екен. Ол жол-жөнекей кезіккен басқа аңдардың ешбіріне оқ шығармай, неше күн сарылып тек ақбөкен іздейді. Ақбөкеннің терісі саудагерлер үшін табылмайтын қазына, қалта толтырар байлық болса керек-ті. Жігіт неше күн сарылып іздеп жүріп жонда жайылып жүрген бір топ ақбөкенге тап болады. «Қанжығам майланды, табан терім ақталды», — деп ойлаған мерген баспалап келіп ақбөкеннің біреуін нысанаға алып: «Өлер жерің — осы», — деп басып қалады. Бөкендер үрке жөнеліп қырат асып кетеді. Мергеннің «жықтым-ау» деп атқан ақбөкен де ақсаңдай басып топ бөкеннің артынан еріп, қырқаны асып кетеді. Жігіт артынан қуса да, бөкенге жете алмайды, жаралы ақбөкен өлімнен құтылып кетеді. Мергеннің оғы қалт тиюін бөкеннің киесінен деп ойлаған күйші ақсақ бөкеннің жүрісін қосып осы күйді тартыпты-мыс.

## Өрелі кер

Бай есігінде күн көрген бір кедей жігіттің шапса да, жорғаласа да алдына ат салмаған кер аты болады. Мал мен дәулет бермесе де, елге атағын жайған әрі жүйрік, әрі жорға ат берген Тәңірге жігіт іштей риза. Қайда думан, қайда той болады, қайда бәйге мен жорға жарысы болады, сол топ алдымен кер атқа көз сүзе қарап, «сәйгүлік деп осыны айт» десіп таңданады. «Ер қанаты — ат» дегендей, кедей жігіттің маңдайына біткен жалғыз атқа көзінің құрты түскен талай бай мен әкім қолқа салады. Жігіт оның ешқайсысына көнбейді. Жігіттің бұл «сарандығына» ішқұса болған әкімнің бірі тартып алуға бел буады да: «Шаңырағын шағып, өзін шабындар да, кер атты тартып әкеліңдер!» — деп үкім беріп, бір топ сойылсоғарларын аттандырады. Шаш ал десе бас алған сойылсоғарлар іргелі жаумен шайқасып, ел кегін қайырардай-ақ қаһарланып атқа қонады.

Келе жатқан сойылсоғарлардың хабарын естіген біреу қалыңдығына ұрын келіп жатқан кер аттың иесіне суық хабарды жеткізеді. Әкімнің жігіттеріне қарсы тұрар дәрмені жоқ жалғыз жігіт тек қашып құтылуды ойлайды. Әділеттігі жоқ қараң заманның надан биінен құтылудың басқа жолын таба алмай дал болады.

Тарыққан жігіт атын іздеп шықса, бекітіп қойған аты жоқ. Ауыл маңындағы сай-саланы тінтіп, өрелі керін іздеп діңкесі құрыған жігіт қойшыға кезігіп:

— Ой, қойшы-ау, өрелі кер көрдің бе, өрелі кер көрдің бе? — дейді жалынышты үнмен. Қой соңына түсіп ұзақты күн далада жүрсе де, қойдан басқаға назарын салмаған қойшы:



— Ой, жездеке-ау! Өрелі кер көргем жоқ, өрелі кер көргем жоқ, — дейді ағынан жарылып. Өрелі керін таба алмай дал боп жүрген жігіттің алып ұшқан көңіліне: «Өрелі кер мұнда тұр, өрелі кер мұнда тұр», — деп дауыстаған қалыңдығының үні сабыр береді. Сөйтіп, жаяу жүгіре-жүгіре тұралап шаршап, алқына ентіккен жігіт екі етегін қайырған күйі атына келсе, аты үркіп ұстатпайды. Сонда: «Тәк-тәк, жаным, тәк-тәк», — деп атын шыр айнала жүгірген екен.

Жігіт атын ұстап алады. Қуғыншылардың будақ-будақ шаңы көрініп, таяп қалғандықтан, жігіт атының өресін алуға да сабыр қылмай, қалыңдығын мінгестіріп, өрелі кермен қашады. Шапса, алдына ұшқан құс түсірмейтін кер ат қуғыншыларға жеткізбей аман құтылады. Жау қарасы алыстаған соң, жігіт пен қалыңдық аттан түсіп демалып, аттың өресін босатып, қайтадан ілгері құйғытып, еліне келеді. Өрелі кердің осы жүрісіне риза болған күйші «Өрелі кер» күйін шығарады.

## Кәрібоз

Бұрын біреудің Кәрібоз деген жүйрігі болыпты. Кәрібоз құнанынан бастап қартайғанға дейін рулы елдің ішінде болған ірілі-уақты барлық тойда алдына ат салмаған жүйрік аталады. Талай той иесі Кәрібозды көріп бәйгесін шаппай беріпті. Кәрібоз қартайып, алжыған шағында Салторының атағы жайылады. Салторы көмбеден ат шыққан жерде-ақ суырылып алдына шығып, шаңын көрсетпестен көш бойы бұрын келеді екен. Кәрібоз қырық жасқа келіп, жүрісінен жаңылып, қырқылжың тартқанда бір үлкен той болып, бәйгеге Салторы қосылады. Сағымдай сылаңдап, шұлғып басып, ауыздықпен алысып кетіп бара жатқан бәйге аттарын көрген Кәрібоз өрістен шапқан күйі иесінің үйіне келеді де, жабыққа басын салып, тықыршып тұрып алады. «Қасиетті жануарым алжыған екен», — деп ойлаған иесі Кәрібоздың тықыршығанына төзе алмай: «Тағы бір шауып келгісі келіп тұр ма?» — дейді де, жүгендеп, бір баласын мінгізіп, бәйгеге кеткен қалың аттың соңынан қоя береді. Үйден шыға құйғыта жөнелген Кәрібоз лезде бәйге аттарды қуып жетіп, қатарға қосылады. Аттар межелі жерге барғаннан кейін қайтарылады. Салторы дағдылы әдетімен ә дегеннен-ақ оқ бойы атылып шығып, көпке дейін алдына ат салмайды. Осы сәтте:

— Мен бекерге жарыспан,  
Мен қалғам жоқ жарыстан.  
Алыспан да салыспан,  
Салторыдан қалыспан, —

деп, Кәрібоз да топ ортада келе жатыпты. Қыза шыққан Кәрібоздың қадамы қарыштай түседі. Сөйтіп көмбелі жерге Кәрібоз Салторыдан бұрын келеді де, келе сап пышаққа ілінеді. Тойға жиналғандар қасиетті жылқы еді деп, Кәрібоздың етін бір-бір жапырақтан бөліп алады.

## Майдажал

Қазанғап деген адамға мыңдап жылқы бітсе де, соншама жылқының ішінен не бір жүйрік, не бір жорға бітпепті. Ат шаппайды, бап шабады. Қаз мойынды жүйрігі, жол жұмсатар жорғасы жоқ. Қазанғап туралы: «Барға бағымы, малға қыры жоқ адам», — деседі екен қариялар. Қариялардың айтқанына іштей күйінген әрі алдына жан салмас жорға мен жүйрікті армандаған Қазанғап уайымдайды да қояды екен. Сөйтіп жүргенде бір күні оған: «Ел мені мал танымайды деп сөгеді. Мал тани-тындарды әкеп таңдатайын, қалың жылқының ішінен бірі болмаса, бірі табылар», — деген ой келеді. Ат таниды-ау деген білгіш атаулыны ертіп кеп, жылқысын жиып бір-бірден көрсетеді. Бірақ қанша адамға көрсетсе де, жорға мен жүйрік шықпайды. Қазанғап: «Шынымен-ақ жорға мен жүйрікті маңдайыма жазбаған екен», — деп торығып отырған бір күні ауылға жалбыр шапанды жігіт келе қалады. Бай үйінен орта құрсақ тамақ ішкен жігіт бай әдейілеп сұрамаған соң, нендей шаруамен келгенін де, қайдан келгенін де айтпайды. Тысқа шыққан баймен ере шығып желі басына барады. Мама бие, жалды айғырлар мен желідегі құлындарға тесіле қарап тұрған жігіт бір мезетте байдан бөлініп шығып, желінің орта шенінде байлаулы тұрған сары құлынның қасына барып, ар жақ-бер жағына шығып, көп қарайды да, байдың қасына келеді. Жалбыр шапанды жігіттің бұл әрекетіне таңданған бай одан құлынға неге қарағанын сұрайды. Сонда жігіт: «Жорғаның жорғасы болатын жануар екен», — дейді. Бай қуанып кетеді де, жігітті үйіне ертіп келеді. Қойын сойып, құрметті қонағы етеді, құлынның жорға болатын қандай белгілері барын, күту жолдарын сұрайды. Жігіт барлығын да асықпай отырып айтып береді. Бай сары құлынды сол күннен бастап жігіттің айтуы бойынша баптап бағады. Сары құлын тай болғанда майда жалы жер сызады, құнанынан бастап өле-өлгеніне дейін алдына шаң түсірмеген жорға болады. Қазанғап жорғасын «Майдажал» атайды. Майдажалдың жорғалауына таңданған домбырашы оны мақтап осы күйді шығарады.

## Жетігеннің жетеуі

Жұрт әртүрлі ауруға, аштыққа жиі-жиі ұшырап отырған өткен заманда қаһарлы қыстың қақаған аязды күндерінің бірінде жұттан мал қырылып, ел қатты күйзеледі. Сол заманда өмір сүрген бір қарияның жеті ұлы болыпты. Көп қайғысының бір шеті қарияның шаңырағына да жетеді. Балалары бірінен соң бірі дүние салады, қайғы басқан қария кепкен қу ағашты ойып, аспап жасайды. Әр баласы қайтыс болған сайын аспаптың бетіне жылқы қылынан бір ішек тағып, сазды мұңға толы жоқтау әнін салады. Осы жеті түрлі әуенді шығарып, әр баласының мінез-құлқын, жүріс-тұрысын суреттегендей болады.

Үлкен ұлы Қани қайтыс болғанда шал «Қарағым» деген күйін шертеді. Екінші баласы Төреалымға «Қанат сынар», үшінші баласы Жайгелдіге «Құмарым», төртіншісі Бекенге «От сөнер», бесінші баласы Қауасқа «Бақыт көшті», алтыншы баласы Жұлзарға «Күн тұтылды» деген күйлерді арнайды. Қарт ең кіші баласы Қияс қайтыс болғанда соңғы, жетінші ішегін тағып, ұзақ тартылатын күйін шертеді. Шалдың балаларына арнап шығарған жеті күйі одан әрі дамытылып, ел арасына «Жетігеннің жетеуі» деген атпен тарап кетеді.

## Қорқыт

Қорқыттың қырық жыл ғана өмір сүретіні аян болады. Осыдан кейін Желмаясын желдей ұшырып өлімнен қашады. Қашқанмен Жаналғыш алдын орап, қайда барса да Қорқыттың көрін қаздырып жатады. Бірақ көпке дейін Жаналғыш Қорқыттың жанын алуға бата алмай, құр босқа төңіректеумен болады.

Ақыры бір күні Жаналғыш алтыннан сандық соқтырып, Қорқыттың жанын алуға бел буып, сайланып шығады. Мұны күні бұрын болжап білген Қорқыт ажалдың тұзағына түспеудің амалын ойлайды.


Күндердің күнінде Жаналғыш ақыры Қорқытпен бетпе-бет келіп: «Кір мына сандыққа!» — деп бұйырады. Қорқыт күні бұрын ойластырған амалына салып: «Кіруін кірер едім, бірақ мына қалымда сандыққа қалай сыямын? Алдымен өзің кіріп көрсет, сонан соң дегенің болсын!» — дейді. Сол жерде Жаналғыш сандыққа кіріп көрсетпекші болғанда Қорқыт оны тарс жауып, аузын ашылмастай бекітеді де, дарияның суына ағызып жібереді.

Жаналғыш сандыққа қамалған қалпы ағып кете барады. Сөйтіп халық көпке дейін «өлім» дегенді білмей, шат-шадымен ғұмыр кешетін болады.

Сол кезде дарияның аяғында ауы бос шықпайтын керемет бір ақжолтай балықшы болған екен. Жаналғыш қамалған сандық әлгі балықшының ауына түседі. Балықшы «бұл неғылған сандық» деп аузын ашқанда, сандық ішінен долдана ақырып Жаналғыш шығады. Ашу үстінде көзіне көрінген балықшының жанын алады. Сонан соң Қорқыттың жанын алу үшін кектенген қалпы іздеп кетеді.

Ал Қорқыт болса бұл кезде Жаналғыштың өкшесіне түскенін есіне алып: «Аңдыған жау алмай қоймас!» — деп мұңайып, сол көңіл-күйін қоңырлатып қобызына салған екен.





«Жетіру жайлы» атты ру аңызы.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры (191-бума, 2-дәптер)



№: 9831.1 9

5 Же есептен "Ормешпес" деп айтамын.

Бұдан 100 жер бүркіт, яғни 1000 жер бүркіт, - кім білсе  
 Ақпаны Жекше-шаршаны бауырлардағы бір алаңда әрі  
 байыр, әрі ақыл ақша бір кімі мекендейті. Жерді бүркіт  
 атымен ақ аулау балалық. Ол кезде Жекше алып келген  
 "Ормешпес ар айыры" айтты орман күші бүркіттер  
 мекендейді екен. Байыр ақша бір күні ақ аулау келе  
 жайып, қазірлі "Ормешпес" айтатын, бейне алып күші  
 дәу, қолмен ітерсемен ұрпақ қойғандай ұшқыр қайырымнан  
 білсе ісас шауды шоты балма, бір бүркіт адам  
 шырғай меніңкі бүркіт зона берген көріп қалатын.  
 Сол арада "ақпаны меніңкі адам шырғай" деп  
 айтамын, малма ман садағын ала салап,  
 бүркіттер көзден шартып шырғайты. Зұлқан оқ, ұшқыр  
 шауды орталынан ала, көзден шоты басқа жерге  
 жерге түсеті. (Жүйеде алмайтынмен сөзден байыр  
 ақша, қолмен жекшемен оқ түркіт дереу ұшқыр шырғай  
 келе, ісас зарман жотман өтпек екен. Жекшемен  
 бүркіттер бүркіт жерлі байыр ақшаны малмаз балма  
 екен. Ақша күшінген байыр ақша, ең балма шырғаймен  
 сүйегін көмейін" - деп айтып, "ұшқыр ақша меніңкі ар-  
 шықта" - деп шырғаймен бей байлап, үйе балма бүркіт  
 адам шотынан қайда тауға шотып, шырғаймен сүйегін  
 алып күшінген жермені. Ақ тауға "Ормешпес" деп ай

Оқжетпес (топонимдік аңыз).

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
 қолжазба қоры (123-бума, 7-дәптер)



Суретші Е. Оспанұлы



# ӘПСАНАЛАР

Әпсана – ертеге болған немесе ойған шығарылған бір оқиға қиялға, кереметтік элементтерге қосылып, көркем баяндалатын аңыздық прозаның жанрлық түрі. Бұл мазмұндағы әңгімелерде шындық пен қиял араласа пайдаланылады және көбінің дінге қатысы болмайды. Аңыз бен әпсана өзара жақын, бірақ бір-бірінен оқшаулығы бар. Олардың жекелеген ерекшеліктері көркемдіктің дәрежесінен білінеді. Ең алдымен, шығармадағы қиял мен кереметтіктің көркемдік рөлі екі жанрдың өзіндік айырмашылықтарын айқындап береді. Атқаратын қызметтері мен айтылу мақсаттары да олардың ерекшеліктерін аңғартып тұрады. Аңыздың мақсаты – тыңдаушыға бір фактіні, тарихи оқиғаны жеткізу, ол туралы мәлімет беру болса, әпсананың басты міндеті – баяғыдағы өтіп кеткен немесе болған оқиғаны, іс-әрекетті көркем баяндап, тыңдаушыға ғибрат беру. Бұл ретте негізгі кейіпкерлер дәріптеле суреттеліп, көркем бейне деңгейінде көрінеді.

Аңыз бен әпсана прозалық фольклордың көркемдік даму жолындағы екі кезең гесе де болады. Себебі көп жағдайда олардың түп негізінде өмірде болған бір оқиға жатады. Бірақ аңыз оқиға дәуіріне жақынырақ болады да, аса көркемделмей, мағлұматтық мақсатта ғана айтылады. Алайда оқиғадан алыстаған сайын қоспа көбейіп, түрлі қосымша деректер пайда болады. Енді алғашқы мәліметтік әңгіме көркемделе түседі де, болған оқиғаның өзі де көмескі тартады. Соның негізінде аңыз бастапқы сипатын жоғалтып, әпсанаға немесе хикаятқа ауысады. Бұл барлық аңыздың осы жолмен сипатын өзгертеді деген сөз емес. Әпсана өзге де жолдармен қалыптаса береді. Кейде оның сюжеті ойған шығарылады, болмаса басқа шығармадан алынады. Әсіресе жер-су, мекен тарихын баяндайтын әпсаналардың сюжеті көп жағдайда өзі тектес аңыздардың сюжетіне ұқсатылып, ойған шығарылады. Мұндай шығармаларда әпсаналық, ертегіге жақын сипат басым болады. Оның мазмұнында бір заманда болыпты деген оқиғадан гөрі сондай болса екен дейтін мақсатта құрылған сюжет баяндалады.

Тарихи-мекендік әпсаналарда белгілі бір мекеннің, жер-судың мәліметі баяндалады, тарихи тұлғалардың ерен іс-әрекеттері әңгіме болады. Бұл ретте әпсанада суреттелетін мекеннің тарихы, кейіпкерлердің дерек-мәліметтері, іс-әрекеттері шынайы өмірге дәл келмеуі мүмкін, ал сол мекен мен адамның тарихта болғандығы күмән тудырмайды.

Утопиялық әпсаналар дер кезінде хатқа түсірілмегендіктен, аз мөлшерде ғана сақталып қалған. Олардың мазмұнында халықтың әлеуметтік мәселелері, бақытты ғұмыр жолындағы арман-аңсары көтеріліп, кейіпкерлердің бейнесі дәріптеле суреттеледі.

Әпсана туралы Ш. Уәлиханов, М.Я. Чиковани, М. Әуезов, С. Қасқабасов т.б. ғалымдар зерттеу еңбектер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында іріктелген мәтіндер сирек қорларда сақталған қолжазба нұсқалармен, бұрынғы басылымдарымен салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізіліп, таңдаулы үлгілері ұсынылды.



## Бәйбішетас һәм Келінтас

Баяғы заманда бір би бар екен. Оған Құдай жақсылық нұрын төгіп, күннен күнге байыпты, малы жылдан-жылға өсіпті. Әбден байығаннан малының есебін де білмейді. Өзінің білгенінше тәтті тамақтарды ішіп-жейді. Қымыз құятын аяқ тегенелері саф алтын болыпты.

Сондай бай дәулетті болса да Құдайды ұмытпапты. Қатынымен де жақсы тұрыпты. Қартайғанда Құдай рақым етіп, оған бала беріпті. Өзі көркем, ақылды, ер һәм әдепті болып өсіпті. Әке-шешесі қуанып, баласын үйлендіруді ойлапты. Байдың ойлағаны болыпты. Бір байдың ақылды әрі көркем жас қызын алып беріпті. Сөйтіп төртеу болып, тату, тыныш өмір сүріпті, көп заман жүрісіпті. Бұл дүниеде бір қалыппен тұратын нәрсе бар ма? Ақырында олардың бақыты қайтыпты, келіні мен енесінің араздығы басталыпты.

Бір жаздыгүні көл бойына кәрі би үлкен қосын тігіпті. Сол жаңа жерге қона сала, бір жөнсіз нәрсеге бола әйелдер жанжал шығарыпты, ақыры төбелеске айналыпты. Бай бұлай болғанын көріп, олардың оңбайтынын біліп, осылардың ішінде тұрмаймын деп, айдалаға қаңғырып жөнеліпті. Сол уақытта Құдай Тағала еш болмасыз нәрседен қатынның ұрысқанынан мұсылманның бақ-дәулет, разылығы қайтқанына қаһар қылып, от жаққан жерін теуіп жіберіп: «Сендер менің берген дәулетіме тұрмайсыңдар, ондай бақ сендер түгілі араз кісіні де жарастырса керек еді», — дейді. Сол оттың орнына күл бітіпті. Қатындар қорыққанынан Құдай Тағаланың қаһарын көріп, қара тас болып қатып қалыпты. Құдай Тағала қаһарман лебізін жібергенде байдың қосын ұшырып, күлталқан қылып жіберіпті. Орнында осылай үлкен қостың белгісі де қалмай, бір-ақ күл тұрыпты. Сонда баяғы кәрі бай қатты дауылдан соң қараса, бұрынғы қостың орнында көбіктеніп, толқындап жатқан көл дейді. Соның екі жағында екі сым тас тұр дейді. Анықтап байқап қараса, бірі өзінің қатыны, бірі келіні екен. Сол заманнан бері екі сым тастың біреуін Бәйбішетас, біреуін Келінтас дейді.

## Толағай

Бұрынғы заманда бір үлкен алып бар екен. Бұл алыптың екі баласы болыпты. Кіші баласы Ертістің суына шомылып жүріп суға кетіпті. Алып үлкен баласымен қанша дамыл таппай, қиналып іздесе де баласының сүйегін таба алмапты. Сонда алып Ертісті бөгеуді ойлап, баласын ертіп алып, Тарбағатай тауларына келіпті. Бұл тауларда бұлар Толағайды иығына көтерісіп, өздерінің ойлағанын орнына келтіруге Ертіске қарай жүріпті. Жол үстінде бұлар Қалба тауының етегіндегі өздерінің үйлеріне қонуға тоқтапты. Әкесі баласына: «Бүгін сен жалғыз жат. Қатыныңмен жолықпа», — депті. Баласы әкесінің

өсиетін тыңдамаған себептен таңертең әкесіне қолғабыс қыла алмай, Толағайды Ертіске шейін апара алмапты. Әкесі қайғыланып, Толағайды Қалба тауларында тастап кетіпті.

### Бөрітастаған

Тарбағатай тауының солтүстіктегі һәм Қалба тауының оңтүстіктегі бөктерлерінің ортасында «Сардала» деген жер бар. Бұл даланың ортасында «Бөрітастаған» деген недәуір биік тау жападан жалғыз тұрады. Бұл таудың басында үйілген тастар бар. Бұл тастар бұрынғы шаман заманынан қалған екен. Бұл тау жайлы қазақтардың аңызына сәйкес бұрынғы заманда бір үлкен ұрғашы Тарбағатай тауында ешкі бағып жүріпті. Бұл ұрғашының зорлығы соншалықты, Тарбағатайда отырғанда мұның аяғы Кіші Тарбағатайда жатады екен. Күндерде бір күн бұл алып ұрғашы ешкілерін бағып, жіп иіріп отырғанда, ешкілеріне қасқыр шауыпты. Бұл ұршығын қасқырға лақтырғанда, ұршығы барып Сары даланың ортасына түсіп, сол арада тау болып қалыпты дейді.

### Тазтау

Бұрынғы заманнан бері қарай Тарбағатай тауының етегінде көшіп-қонып жүрген қазақтардың қайсысына мағлұм, белгілі емес, аталған таудың бір биік шоқысы турасынан айтылатұғын ертегісі. Тұқым-тұқымдарын қуалап, біріне-бірі айтып, ауыздарынан тастамай, жан сақтайтын дұғадай-ақ болып келе жатыр. Мұндай ертегі қылып шығарған таудың атын тақыр тау болғандықтан қазақтар «Тазтау» деп айтады. Тазтаудың өзі басқа қатар тұрған шоқыларының бәрінен де бек биік, шоп-шошақ болып көрініп тұрады. Өзі әдемі, беткейлерінде ешқашан көрімсіз, бір артық болып жатқан тастарын көрмейсің. Теп-тегіс болып жатқан бетін көкпеңбек болып жауып жатқан әдемі шөбімен көктем мен жаз күндерінде таудың беткейлері парсы жұртының қымбат кілеміндей болып жатады. Тазтаудың ұшар басы алыстан бөрік секілді көрініп тұрады. Сол көрінген басында қазақтардың ертегі қылып айтуынша, биік басында бір кезде Айдағұл деген бір батыр таудың беткейінде өзінің тастан салған үйінде тұрған екен. Айдағұл жаяу жүрмейді екен, жан-жағындағы қазақтарды сақтап, ұшып жүреді екен. Не қыламын десе де оған қиын емес екен. Қисапсыз, көз жетпейтін байлығы болыпты.

Жыл сайын көктем уақытында айтылмыш батырдың қадір-құрметі үшін қазақтар осы күнге шейін тасаттық беріп, құрбан шалған. Мұндай рәсім болғанының мағынасын қазақтар әлі күнге дейін айтады. Бір мезгілде малдарға қатты өлім тиіп, көп мал қырылыпты. Дәл сол уақытта бір құрметті ақсақал шалдың түсіне кіріп, Айдағұл аян беріп:

«Таңертеңменен тұр-дағы үлкен-кішілеріңді ертіп барып, Тазтаудың етегіне әрқайсыларың бір қойдан құрбан бергейсіңдер», — депті. Әлгі шал таңертең тұра салып кәрі-жасын жиып, бір-бір қойдан жетектеп, Айдағұлдың айтқан жеріне қарай жөнеліседі. Ертеден кешке шейін Тазтаудың бауырында қызық-тамаша қылып, кеш болған соң ат шаптырып қайтысады. Сонан кейін малдың өлімі пышақ кескендей тыйылып қалады. Дәл сол күннен бері қарай жыл сайын Тазтаудың бауырында Айдағұл батырдың құрметі үшін қазақтар құрбандық беріп тұрады. Осы уақытқа шейін қазақтар: «Айдағұл батыр мал-мүлкіменен бүгінге шейін тұр», — деп сенеді. Тазтаудың шетіменен жүрген жолаушылар және бұл таудың айналасында тұрған қазақтардың бәрі: «Түн болған мезгілде адамның даусы шығады», — деп айтады. Дәл таудың ішінен қазақтың амандығын сұрап, дұға қылып жатқан Айдағұл деп біледі. Жылда құрбан шалатын жерлері бір ғайбат дала. Ашық далада жыл сайын рәсімдерін қылып, көктем уақытында тамаша етіп жатады. Бқыластарыменен даярланып, күні бұрын еркек-ұрғашылары намаз оқып, ораза тұтып, жас жігіттері жақсы киім тіккізіп, жүйрік аттарын оңдап келеді. Айдағұлдың қасында бір кемпір бар деп айтады. Кейбіреулер оның қатыны деп біледі. Кейбіреу ол әйелді сиқыршы деп біледі.

### Келіншектау

Ертеде теріскейде әйгілі бай өтіпті. Әлгі бай аузы дуалы, ақылы мен дәулеті пара-пар кісі көрінеді. Қылығы тәтті жалғыз қызы болыпты. Майысып, толқып бойжетіпті. Тана көзі талайдың ішіне шоқ түсіріпті. Күнге елінен ақыры теңі табылыпты. Әлгі бай жалғыз перзентіменен аярым жоқ деп, екі жасқа батасын беріп, жасауын бөліпті де, қызды жөнелтіпті. Қыздың жасауын айтып бітіре алмайсың. Отаудың үзік, дөдегесі ақ марқаның жүнінен басылып, бау-басқұры жібек жіптен тоқылыпты. Шаңырағын алтынмен аптап, уығын күміспен қаптапты. Бар жиһаз-жасауды түйеге теңдеп: «Ал, риза бол, қалқам!» — деп, әкесі керуеннің бас жібін қызына ұстатады. Керуен ырғалып-жырғалып Қаратаудың қыр арқасына көтеріледі. Қызы құрғыр дүниеге біртабан жақын білем, сол арада түйелерді, жасауды қайыра бір көзден өткізіпті. Сөйтсе итаяғы жай өрік ағаштан жасалған екен. Мұны көрген қыз: «Әкем сараңдық жасапты, итаяғымды күмістен соқтырмапты», — деп, күйеу жігітті ауылына қайыра шаптырыпты. Күміс итаяққа жұмсаған көрінеді. Бар дәулетін сыпырып арттырып жіберген ақылды әке әлгі сөзді естіп, қатты налыпты. Қызына: «Тасжүрек екенсің, тас бол!» — деп, теріс батасын беріпті. Ол кезде қарғыстың дөп даритын уағы білем, әлгі шөгіп жатқан түйелер, бұйда тартқан қалыңдық солайымен тұрған-тұрған жерінде тасқа айналыпты.

Содан бері осы жер «Келіншектау» деп аталады.

## Отаутас

Баяғыда бір байдың жалғыз қызы болыпты. Сол қызға бір шал құда түседі. Өне-міне той болады деп отырғанда, қыз бір кедейдің жігітімен қашады. Бұған ашуланған бай: «Қуып жетіп, екеуін де бауыздап өлтіріндер!» — деп бұйырады. Қыз бен жігіттің аттары болдырып, қуғыншылар жетіп қалады. Сонда қыз: «Е, Құдай, өзің мыналардан құтқара гөр!» — деп, Құдайға жалбарынады. Сонда үлкен тас қақ айырылып, қыз бен жігіт тасқа кіріп кетеді де, тас жабылып қалады. Қуғыншылар көргендеріне сенбей, кері қайтады.

Бұл таудың «Отаутас» деп аталуы осылай, таудың пішіні алыстан қарағанда ақ отауға ұқсайды.

## Түйетас

Біздің ауылдан онша алыс емес жерде «Түйетас» деген жайлау бар. Ерте кезде елдердің жайлау қонысы болып тұрған дейді. Ол жерге ешқашан жаман нәрсе жоламаған екен. Жаман ойлы адам барса, кері қайтпай, жылан шақпай, жылқы теппей, өзінен-өзі қырсыққа ұшырайды екен. Кішісі үлкеніне тік қарамаған, ынтымақты ел екен.

Күндердің күнінде қайдан келгені белгісіз, ауылда бір түйе пайда болады. Мал-жанға тыныштық бәрмей, тік келген адам болса да, мал болса да тістеп, өлтіріп тастай береді. Ешбір адам оны ұстай алмай қояды. Сонда ауылдағы жас-кәрінің бәрі жиналып: «Осы түннен аспай, жатқан жерден тұрмай, үстіңді түгел тас қаптасын!» — деп қарғайды. Ертеңіне тұрса, әлгі түйе тасқа айналып кетіпті. Қазір де шөгіп тұрған түйе сияктанған сол тас бар.

## Алтайтас

Ертеде Тілеуберді деген бай кісі жердің ең шұрайлы, ең әдемі жерін мекендеген екен. Оның малы өте көп, құмырсқаның илеуіндей болыпты. Тілеуберді қаншама бай болса да, жастай шаңырақ көтермейді, өзіне лайықты қалыңдық іздейді.

Күндерде бір күн Алтынай деген сұлуды мың жылқы қалың беріп айттырып өзіне жар етеді. Қалыңдық өзінің жасауымен бірге құлы Шұнақты, күңі Күн атты қызды алып келеді. Арада екі жыл өткенде қожаларының рұқсатымен үй болған екеуінен (Шұнақ пен Күннен) Алтай атты ұл туады. Өздері біреудің есігінде жүргенде қалай той жасасын. Сөйтіп Алтай өсе береді. Қозы бағыш, отын тасиды, таяқ жеп, талай тепкі де көреді. Байдың үйінде Сұлушаш атты қыз дүниеге келеді. Үлде мен бұлдеге оранған бай қызының ішкені алдында, ішпегені артында

болады. Сұлушаш аққудай әсем болып бойжетеді, әрине, оған көз салушы жігіттердің де саны көп. Екі көзі қарақаттай, шашы қап-қара қолаң шаштың өзі, оның мүсінін көрген адам таңданып, тамсанбай өте алмайды екен. Жасынан бірге өскен Алтай екеуінің балалық шағы бірге болып, есейе келе бір-біріне деген сүйіспеншілігі оянады. Бірақ Тілеуберді бай өзінің туған айдай толықсыған қызын дәулетті адамға ұзатпақшы болыпты. Сұлушаштың «Мені сүймеген адамыма берме» деген қарсылығына ешкім мән бермейді.

Атастырған жігіт Растай бір күні жүз шақты жігіттерімен ауылға келіпті.

Сұлушаш болса киіз үйде жылап, күннен-күнге уайымға батып күн кешеді. Сол үйге бақсының кейпіне еніп құтқаруға Алтай келеді. Екеуі ақырында бірге қашып шықпақшы болып келіседі де, уәде байласады.

Сөйтіп Сұлушаш, Алтай және досы Қайсар үшеуі туған ауылын тастап жолға шығады. Олардың соңынан шыққан қуғыншылар қуып жетеді, бірақ Растай Сұлушашты өз дегеніне көндіре алмайды, тартып әкетеуге Алтайдан қорқады, сөйтсе де соңдарынан қалмай қояды. Бір кезде алдарынан үлкен өзен кездесіп, Алтай тобы аттың күшімен аман-есен екінші жағына өтеді. Қуғыншылар өзеннен өтуге жүректері дауаламай қалып қояды. Олардың армандары ебін тауып Алтайды қолға түсіріп, Сұлушашты еріксіз әйел ету еді. Міне, сүйіскен екі жас пен досы Қайсар үшеуі Қарқаралы тауларына жетіп, «Шайтанкөлді» қоныстанады. Таудың бір жартасына Сұлушашты жасырып, досы екеуі аң аулап, тамақ тауып күнелтеді. Бірде арқардың соңынан түскен досы Қайсар жартастан құлап қаза болады. Ал қуғыншылар болса, әйтеуір өш алу үшін тоғайды өртепті. Сұлушаш түтіннен тұншыға бастайды да, еріксіз көлге қарай жүгіреді. Сол жүгірген Сұлушаштың алдынан жолбарыс шыға келіпті. Қатты шошынған қыз құтылу үшін көлге секіреді. Оның соңғы сөзі «Алтай, құтқар!» болып, тау жаңғырығы сол айқайды Алтайға жеткізеді. «Жазмыштан озмыш жоқ» дегендей, жүгіріп жеткен Алтай Сұлушаштың көлге кеткендігін, оның жалт-жұлт еткен су бетіндегі тақиясын көреді.

Көл жағасында бүк түсіп отырып, сарыуайымға салынған Алтай тасқа айналыпты. Сонымен ел сол тасты «Алтайтас» атап кетіпті.

### **Байқал мен Аңғара**

Ертеде бүкіл Сібірді билеп-төстеп жүретін бір бай адам болыпты. Оның байлығына қоса ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс екен. Байлығына батырлығы сай болып, Сібірді аузына қаратыпты, сондықтан Байқалдың лақап аты «Сібір» атаныпты.

Байқалдың байлық, батырлық-ерлік, жақсылық қасиетіне қоса қанарлы, ашулы, ызғарлы сипаттары да болыпты. Байқалдың бір іске



көңілі түспей ашуы келсе, ол бетін түстікке бұрып қараса, Сібірдің келбеті өзгере бастайды екен. Күн өздігінен суытады, аспан түнеріп, бұлтанып, бұлттар ерсілі-қарсылы көшіп, ызғарлы қар-жаңбыр жауып, жел соғып, теңіз тулап, жағаны соғып, орман да бойын жазып, тік тұра алмай еңкейіп, басын иіп, мөлиіпті. Жер бар сырын ішіне тартып, тоңып, қатып қалыпты. Жануарлар батырдың бұл қаһарына шыдамай, бойын көрсетпей, бас паналап, көрінген ін-шұңқырға тығылыпты да, батырдың ашуының қайтуын күтіпті.

Ал батырдың ашуы қайтса — бетін терістікке бұрғаны. Онда манағы құбылыстың бәрі өзгеріп, бүкіл Сібір жайбарақаттыққа айналып, барлық жаратылыс рақат табады екен.

Байқалдың Зарлық деген жалғыз қызы болыпты. Ол қыз дүниеде теңдесі жоқ Аңғара деген батырға ғашық екен. Жастардың бұл сырын білсе, Байқал бүкіл Сібірді екінші түрге айналадырып жібереді, өйткені бір жорықта Аңғарамен кездесіп қалып, екеуі бірін-бірі көрместей болған екен. Екі ғашық Байқалдың бұл мінезін біліп, енді не істерін білмей дағдарысады. Сөйтіп жүргенде бұлардың сырын Байқал сезіп қалып, алдымен қызы Зарлықты өлтірмекші болып ұмтылады. Зарлық қорқып, тауға барып тығылады. Сол тау артынан «Мұңлық — Зарлық» атанады.

Ал Аңғара қорықпайды, бірақ атасына қарсы келмей, бетін солтүстікке қаратып, жан-жағына қарап тұрады да, алға жүре береді. Бұл кезде Байқалға да ой түсе ме екен, ойланып қалады. Аңғара: «Кезеңі келсе, көрісерміз», — деп терең ойланып, артына қарай-қарай тартып отырады.

Байқал осы қылған қаталдығына өкініп, жер бауырлап жата кеткен екен. Қайғысының күштілігінен жер ойылып, түпсіз терең көлге айналыпты. Одан шыққан су Аңғараның ізімен жүріп, ағып отырып, үлкен өзенге айналыпты.

### **Қалмақтолағай, яғни қалмақтың басы**

«Қалмақтолағай» деген бір жеке тұрған тау бар. Өскемен жолында Қалба тауынан қалған шаһар Көкпектіге шыға берісте. Сол Қалмақтолағайдың тас топырағы, шөбі ғайрыдан бөлек болмаса да, сондағы көшпелі халық қазақтарға һәм тұрғын орыстарға мейлінше атақты. Көп адамдар сол тау турада көп қайғылы, қасірет сөздер айтып жүреді, көшпелі халықтар ардақтап тұрады. Халықтың сол тау туралы бұрынғыдан қалған сөздері бар.

Бұрынғы заманда солтүстік тараптан қазақ һәм ғайри<sup>1</sup> халықтар қаптап, қалмақтарды қыса бастаған мезгілде Тарбағатайда қалмақтың аталы-балалы екі атақты батыры тұрады екен. Сол батырлар жаудың келе

<sup>1</sup> Ғайри /араб/ — басқа; бөлек, бөтен; өзге.

жатқанын біліп, халқы сұраған соң құрмандық шалып, ұрғашыға жақындаспауға сөз бекітіп, Тарбағатайдың қасынан бір тауды алып, көтеріп, Ертіске алып кетіпті. Ертістің ағысын байлап, далаға су жайып жібермек болады. Сол тауды көтеріп алған жерін осы күні де көрсетеді, орнында ешбір шөп жоқ. Тарбағатайдың солтүстік жығылмасында Хабар-асу кезеңі менен Емілдің даласына шығатын Саясу кезеңінің арасында тұр. Сол Қалмақтолағай тұрған жерге батырлар демалуға тоқтағанда, батырдың баласы әкесінен жақындағы қалыңдығына барып келуге сұранады. Қалыңмалы тегіс төленбеген екен. Әкесі баласына рұқсат беріп тұрып: «Бекіткен сөзге берік бол», — деп қоя беріпті. Бала бекіткен сөзде тұрмапты, сол себептен батырлар екінші күні тауды көтере алмайды. Әкесі ашуланып, баласын өлтіреді.

Осы күнгі «Қызылтас» деген төбе баланың денесінен, қанынан пайда болды дейді. Сөйтіп әкесі Дәуіркезеңі деген шаттағы үңгірге кетіпті, сол үңгірден батырдың дем-лебізі шығып, батыр бұрынғысын ойлап, қаһарланған уақытта дауыл болып жатады екен. Батыр баласын өлтірген соң шешесі естіп, баласының өлген жеріне келіп, Қызылтасты көріп, осы күнгі «Ақтас» деген төбе тұрған жерде отырып, қайғыдан өліпті. Сол қатынның денесінен Ақтас төбе пайда болады дейді.

Қазақтардың сөздерінше, Қалмақтолағайда қазақ пен қалмақтың ең соңғы соғысы болыпты. Сонда қалмақтар жеңіліп, батырынан айырылыпты. Осы соғыстан соң қалмақтар Тарбағатайдан асып кетіпті. Сол жерде көп қорған, оба тастарды халық көп көрсетеді. Қалмақтолағайдағы соғыста қырылған қалмақтың батырларын көмген жер осы жер екен.

## Сарыарқа

Есте жоқ ескі заманда Жаратушы Тәңірім ұлан байтақ Сарыарқаны көз сүрінер бұдыры жоқ, жазық дала етіп жаратса керек. Дауыл болса, ығы жоқ, аяз болса, панасы жоқ кең даланы мекен еткен тірі жан атаулы әбден ығыр болыпты. Жер анадан тіршілігіне тірек болар қызық таба алмай, күйзеле беріпті.

Сол шақта Асанқайғы сияқты елінің қамын ойлап, болашағына қамқор болған бір дана қарт Жаратушы Тәңірге халқының мұң-мұқтажын жеткізсе керек.

— Уа, Жаратушы Тәңірім! «Сарыарқа» деп аталатын жерден едім, халқымның өтінішін жеткізуге келдім. О шеті мен бұ шетіне қыран құстың қияғы, тұлпардың тұяғы талатын байтақ даламызды тұлдырсыз жаратқаның қалай?! Өзің мол пішіп, жарата салған даладан малымызға пана, жанымызға сая таппаған соң, алдыңа келіп тұрмын! — депті дана қарт.

Бұл сөзді естігенде Жаратушы Тәңірі Сарыарқаның сағымды даласына күн сала қарайды дейді. Қарайды дакөреді. Шынында да көз

сүрінтер тұлдыр жоқ екен. Сонда Жаратушы Тәңірі ыңғайсыздана тіл қатыпты:

— Япырай, айтты-айтпады, оңтүстігінен керегедей керіліп Алатау, Қаратау көрінеді. Шығысында көкке қол соза көсіліп Алтай, Тарбағатай жатыр. Ал мынадай ұшы-қиыры жоқ даланы қаңыратып тастағаным жараспайды-ақ екен. Болмас, болмас! — деп, өкінген қалпы қоржынына қол салады. Қол салса, ірі кесектердің бәрі де жер бетіне сілемді таулар болып, әлдеқашан жұмсалып кеткен, қалғаны ұсақ екен. Тәңірі әрі ойланып, бері ойланып отырады да:

— Жарайды! Барына қанағат етіңдер. Ұсақ болса да, игілігі аспанмен таласқан таулардан кем болмас. Шағын деп қомсынбай, қабыл алыңдар, қолтық-қойнауына мәңгі ортаймас береке дарыттым! — дейді.

Тәңірі осылай дейді де, бес-алты ұсақ қиыршықты Сарыарқаның бетіне шаша салыпты.

Сол ұсақ қиыршықтар осы күнгі Көкшетау, Баян, Қарқаралы, Қызыларай, Ұлытау сияқты таулар болса керек.

### Таскеліншек

«Таскеліншек» деген аңыз бойынша айтылып жүрген жер — Күлтөбе бекінісінің оңтүстік жағындағы 7-8 шақырым жердегі, таудың ұшар басындағы керегетас. Тастың сыртқы бейнесі шөгіп жатқан түйе сияқты. Оны ел «Қызәулие» деп те атайды. Ал осы жердің солтүстік жағындағы 200-300 шақырым жерде «Таскеліншек» деген жер бар. Сыртқы бейнесі келіншекке ұқсайды. Аңызда «Қызәулие» жеңгесімен көшіп келе жатып, жаудың келе жатқанын көреді. Жау қолына түспеу үшін құтылуға әрекет жасайды. Құтылуға мүмкіндік жоғын білген қыз: «Жау қолына түсіп, қор болғанша, тас келіншек бол!» — деп, жеңгесін тасқа айналдырып жібереді. Ал одан кейін өзі де айдап келе жатқан түйесін жүгімен бірге тасқа айналыпты-мыс.

### Қаражал

Ерте заманда Қазақстанның солтүстік өңірінде бір бай қазақ өмір сүріпті. Шалдың байлығын басып қалатын ұлы болмапты, алайда өте сұлу Ажар деген қызы болыпты. Ажар бала кезінен ұл балалармен асық ойнап, ұлдың киімін киіп, түнде жылқы күзететін жігіттермен күзетке шығатын. Бір күні Жаппас атты жылқышы жігітпен танысып, екеуі бір-бірін жақсы көріп қалады. Бірақ Ажардың әке-шешесі оны басқа адамға күйеуге бергелі отырыпты. Сонда Ажар мен Жаппас алыс жаққа қашуды тура көріпті. Бір кеште екі жас ең жақсы аттарды таңдап, оңтүстік жаққа қарай қашыпты.

Ажардың ата-анасы жіберген қуғыншылар оларды Атасу өзенінің бойында қуып жетіпті. Амалы жоқтығынан қарабет болып қайтқысы келмеген Ажар Құдайға жалбарынып, жер астына кіріп кеткенін жөн көреді. Қуғыншылар дәл қуып жеткен сәтте екі қашқын жер астына өздерінің аттарымен бірге кіріп кетіп, тас болып қатып қалыпты. Тек аттардың жалдары ғана жердің бетінде қалыпты. Содан бері жер аты «Қаражал» атанған екен.

### Көгершін

Бұрынғы өткен замандарда қаржас руынан шыққан Тасбас деген бай өмір сүріпті. Өзінің малы көп болғандығы соншалықты, көрші отырған Айдабол руының ауылын Торайғыр көлінің арғы шетіне қуып тастауды ойластырады. Содан бір себеп тауып, қуып жібереді. Ауыл тұрғындары бұған келіспей, қарсылық білдіреді.

Тасбастың апасы Көгершін айдабол руының келіні еді. Көгершін бұл жағдайды естіген соң, татуластыруға тырысады. Жақын жерде ат болмаған соң, маңайда жайылып жүрген түйені ұстап мінеді. Бірақ ол тез арада жете алмайды. Сол кезде Көгершін құсқа айналып, ұшып барады. Көгершін ұшып өткен жерден соғысушылардың қолдарынан сойыл, шоқпарлары түсіп, татуласа бастайды. Әлгі Көгершін құс үлкен жартасқа отырып, тасқа айналады. Ел бұл соғысудың себепсіз екенін түсініп, татуласа бастаған екен. Елдің қарғысы Тасбасқа тиіп, тас болып қатып қалады. Торайғыр көлі мен Жасыбай көлінің арасында бір жалғыз тас тұр, сол тасты қазіргі кезде «Тасбас тасы» дейді.

Торайғыр ауылының жанында тас түйе тұр, ол Көгершіннің мінген түйесі екен.

### Жайық өзені

Ертеректе бір рулы елдің Жайық деген билеушісі болыпты. Оның жан дегенде жалғыз қызы асқан сұлу екен. Есімінің өзі де сыңғырлап тұрған керемет – Шыңғырлау! Қыз бойжете келе сұлулығына қоса ақылдылығымен де ел ішінде ерекше көзге түседі. Әдемі де ақылды қыз талай жігіттің бас ауруына айналады.

Жайық ел-елге жар салып, қызын жұрттан асқан өнерлі, сегіз қырлы, бір сырлы жігітке бермек болады. Бағын сынап көруге талаптанғандар қисапсыз. Олардың арасына соңына таман келіп, астыңда торы аты бар бейтаныс бір жас жігіт те қосылады. Палуандар күресінде әлгі жігітке жан шақ келмейді. Қыз әкесінің бойында даладан келген қайдағы-жайдағы біреу қызымды алып кетеді-ау деген қызғаныш оты қоздайды. Өзіне сенгендерді жерге қаратып, мысы басқан жігітті сүріндірмекке ниеттенеді.

Ертең бәйге басталады деген күні жігіттің жарысқа салатын атын байқап көруге көңілі ауады. Жігіт атын жұрт көзінен жасырын киіз үйдің ішінде ұстайды екен. Ол үйден бір шыққанда, Жайықтың аңдып жүрген адамдары атты көреді. Ат алдындағы астаудан су ішіп, жанындағы суға екі қанатын малшып салқындап, мүлгіп тұр екен. Оны көрген Жайықтың жігіттері бәйгенің өздеріне бұйырмасын бірден сезеді. Көрші ауылдағы көзінің сұғы қадағанды сұлатып түсіретін кісәпір кемпірді алдырып, атқа залал тигізуді тапсырады.

Айтулы уақытта аламан бәйге басталады. Жайықтың сұлу қызы әкесінің қара пиғылынан хабарсыз. Мерейі үстем болып жұрт аузына іліккен жігітке көңілі кетіп, бәйгеде соның аты озғай деп армандайды. Алайда оның арманы орындалмайды. Бәйге жолының тең ортасына аса беріп кемпірдің көзі тиген торы ат жығылып, жантәсілім етеді. Жанынан да артық көретін пырағынан айырылған жігіт есеңгіреп еліне қайтады. Жолшыбай биік жотаға қадірлеп, қастерлеп, торы аттың басын жерлейді.

Көңілі ауған жігітке қолы жетпеген Шыңғырлау сұлу да айықпас қайғыға батады. Жылай-жылай өмірден үміт үзіп, ақыры ару қыз суға кетіп өледі. Ойламай жасаған опасыздығынан опық жеп, Жайық та қалған өмірін жылаумен өткізеді. Келе-келе жотада жерленген торы ат басы тау болып тұлғаланып, ару қыздың көз жасы Шыңғырлау өзеніне, әкесінің көз жасы Жайық өзеніне айналыпты.

## Қорқыт

Қорқыттың кіндік қаны тамған атамекені Қараспан тауы еді дейді. Ол дүниеге келерде анасы құлан етіне жерік болып, құрсақтағы баласын үш жыл, тоғыз күн көтерген екен. Сол үш жылдың әр жылында толғақ қысып, дүниеге нәресте келетіндей қамданып, Қорқыттың анасы бебеу қаға қиналатын болған. Бірақ бірінші жылы да, екінші жылы да бала тумайды. Содан үш жыл тоғыз күн дегенде Қорқыттың анасын шын толғақ қысады. Бұл жай толғақ болмайды, дәл осы күні Қорқыттың анасымен бірге бүкіл дүние қоса толғатып қиналғандай, көк жүзін түнерген қара бұлт торлайды. Күн күркіреп, найзағай ойнап, дауыл соғып, дүниенің астаң-кестеңі шығады. Мұның бәрін дүниеге келер нәрестенің киесіне жорыған жұртты үрей билейді. Бұл жөнінде ел есінде сақталған мынадай сөз бар:

Қорқыт туған кезінде  
Қараспанды су алған,  
Қара жерді құм алған.  
Ол туарда ел қорқып,  
Туғаннан соң қуанған!

Шынында да, Қорқыт туысымен жел тынып, бұлт ыдырап, күн шығып, дүние-тіршілік маужыраған күйге түседі. Жұртшылық мұны да жақсы ырымға балап: «Бұл бізді қорқытып дүниеге келген бала болды, есімі Қорқыт болсын!» — деп, құлағына үш рет айғайлап, атын Қорқыт қояды. Қорқыттың дүниеге келуі қандай бөлек болса, оның өмірі де сондай ерекше болады. Жастайынан ұшқан құс, жүгірген аңға, соққан жел, жауған жауынға ден қойып, табиғатпен тілдес болып өседі. Күндердің бір күнінде бойы өсіп, бұғанасы қатқан Қорқыт түс көреді. Түсінде ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы көк тіреген әулие қарт аян беріп: «Уа, Қорқыт, тұр! Сен бір аспап жаса. Аспабың алты жасар нар атанның жілігіндей болсын, шанағы қара бақырдай болсын, көні аруананың бауыр терісінен болсын, тиегі ортекенің мүйізінен болсын, ішегі бесті айғырдың құйрығынан болсын. Аспабыңның аты қобыз болсын. Сол қобыз қиялыңа қанат, жолыңа шырақ, жаныңа араша болар!» — дейді.

Қорқыт осы сөзді өңінде естігендей болып оянса, көкірегі күйге толып, көмейінен сөз саулағандай халде екен дейді. Сол бетінде қобыз жасауға кірісіп, әулиенің қойған барлық шарттарын орындайды. Сонан соң қобызды қолына алып, құлағын бұрап, қияғын шалып көрсе, аспап сарнап қоя береді. Әлгі көкірегін кернеген күй қобызына көшіп, аспан асты сазды сарынға бөленеді. Ұшқан құс, жүгірген аң, ескен жел — бәрі сүттей ұйып, қобыз күйін тыңдайды.

## Масат ата

Ертеде елін дау мен жаудан қорғап, жердің шетінде, желдің өтінде, тұлғасына батырлығы, батырлығына парасаты жарасқан Масат деген адам өмір сүріпті. Оның тағы бір қасиеті — оған атқан оқ, шапқан қылыш өтпейді екен.

Оны алам деп келген талай жаудың меселі қайтып, діңкесі құриды. Сонан кейін олар әртүрлі айла, сан қилы шарғы ойлайды.

Ақыры Масаттың жауынгерлікте қолға түскен жап-жас тоқалына жол табады. Сол тоқалмен жаудың жансызы әуес болады. Оған жас тоқал Масаттың осал тұсын айтып қояды. Сөйтсе, Масат таң намазына ұйып отырған кезде, оның алпыс екі тамыры иіп, тұла бойы пенделік қалыпқа түсіп, бусанып кететін көрінеді. Тіпті ол намаз кезінде Масат мекен ететін қара тас баланың еңбегіндей болып, былқылдап жатады екен.

Сонан соң жансыз Масаттың осы осал тұсын пайдаланып, таң намазы кезінде оның басын шауып түсіреді. Сол кезде алдына домалап түскен басын Масат жерге түсірместен етегіне салып алып, жас баланың еңбегіндей болып былқылдап еріп жатқан көк тастың үстімен жүгірген екен дейді. Оның соңынан бұл сұмдықты көріп тұрған Масаттың



құлынды биесі де кісінеп, ілесе жөнеледі. Масат тұтасып жатқан көк тастың жиегіне жете бергенде, әлдеқандай бір құдірет күшімен аспан күңіреніп, қара жер қақ айырылады да, оған етегіне басын салған қалпы алдымен Масат, соңынан биесі кіріп кетеді.

Осы аңыздың көрінісі күні бүгінге дейін көк тасты алаңқайдың үстінде сарнап жатыр.

Алшаңдап, аттап басқан Масаттың да, құлынды биенің де іздері, шашыраған қып-қызыл қанның дақтарына дейін сол қалпында сақталған. Тіпті сол сұмдық оқиға күні кеше ғана болғандай. Сонан ел жаңағы жерді «Масат ата» деп атап кетеді.

### Байшегір баба

Әмір Темір бір елді жаулауға шығар алдында Түркістанға келуді, оның қасиетті топырағының бір уысын орамалына түйіп алуды әдетке айналдырған. Сол дағдысы бойынша Түркістанға келіп, қасындағы ақылмандарын жинап әңгімелескен. Жорық жайын сөз еткенде сарай ақыны Кермани:

— Уа, хан ием, тағы да жорыққа аттанғалы отырсыз. Ананы жесір, баланы жетім етіп, көз жастарын көлдей ағызып, қайғы-қасіретке дұшар етуді қоятын кезіңіз болды емес пе? Адам қаны су емес қой, қанша жас қыршынынан қиылды. Солардың бәрін айтқанымызға көндіріп, айдауымызға жүргіземіз деп жүргенде біздің елді бөтен жұрттың шауып, ойрандамасына кім кепіл? Мұны да ойлаңыз, — деген екен. Оның соңғы сөзі қанішер Әмірді терең ойға шомдырған. «Бәсе, сөйтсе қайтеміз? Осы мен халыққа қандай жақсылық жасадым?» — деген ой оралған. Аз үнсіздіктен кейін:

— Ал, не істе дейсің маған? — деп Керманиге қарайды.

— Сәулетті ауылдар, көрнекті қалалар, кесенелер сал. Ол өзіңе орнатқан мәңгілік ескерткіш болып қалады. Ел көріп, жұрт көріп: «Мұны кім салдырған?» — демей ме? Сонда сенің атың аталады.

— Жөн сөз, орынды пікір екен бұл, — дейді әмірші. Ойланып-толғана келіп, әлемде теңдесі жоқ кесене салуды жөн көреді. Осы ойын айтып: «Кімге кесене салған жөн?» — деген сауал қояды. Кермани іркілместен: «Ахметке», — дейді. Мұнда үш Ахмет жерленген. Біреуі — ел билеген хан. Екіншісі — әскербасы. Ал үшіншісі — ислам дінінің уағыздаушысы. Ана екеуінің зиратына келіп, құран оқып жатқан ешкім жоқ. Ал Қожа Ахметке келіп, зиратының басына түнеп, тәу етушілер көп. Жазған хикметтерінің елге тарап кеткені қанша? Қожа Ахметтің басына кесене тұрғызсам, өз беделім де артпай ма, менің жағымсыз істерімді жуып-шайып кетпей ме? Мұндай шешімге келуіне және бір себеп — өзін жарық дүниеге келтірген анасы Сақыпжамал осы кесене алдына жерленген. Мұнда келгендер шешесіне де құран бағыштар.

Ой-санасын баурап алған осы сезім Әмір Темірді кесене салуға құл-шындырады. Өз қарауындағы елдерден құрылыс салудың хас шеберлерін жинап, құрылыс материалдарын дайындатып, іске кіріседі. Зәулім, алып ғимараттың қабырғасы қаланып, күмбезін орнатамыз деп отырғанда бір ғажайып күштің түнде тас-талқанын шығарғанын ертеңгісін көріп, қайран қалады. Кесене қабырғасы қаланып, күмбезін орнатар кезде осы жайт тағы қайталаанады. Халықты жинап, мұның себебін, не істеу керектігін сұрайды. Сонда Байшегір деген жігіт:

— Маған түнде аруақтарым аян берді. Ахмет Ясауи — Арыстан баптың шәкірті. Арыстан бап — Алла Тағаланың сүйіктісі — Мұхаммед Пайғамбарымның (с.ғ.с.) сенімді серігі, сырлас, сыйлас досы емес пе? Кесенені алдымен Арыстан бапқа салмай, оның шәкіртіне салып жатқаны қалай? — деп ренжіді.

Байшегірдің сөзіне Әмір Темір иланады.

— Шынында да солай екен-ау өзі. Мен қателесіппін, кешір, Алла, күнәмді, — деп Тәңірге жалбарынады. Мұндағы жүріп жатқан құрылысты тоқтаттырып, Арыстан бап кесенесін тұрғызуға кірісіпті. Содан соң Ахмет Ясауи кесенесін салуды қолға алды. Ол бастаған игі істі ұрпақтары жалғастырып, тәмамдады. Байшегірдің ақылы мен көріпкелдігіне тәнті болған хан:

— Не тілегіңіз бар? — деп сұрағанда:

— Менің сүйегім осы кесене ішіне жерленуін сұраймын, — деген екен. Әмір Темір жұрт көзінше:

— Бердім тілегіңді. Бұдан былай сенің атың «Байшегір баба» аталсын! — деген екен.

### Шыңғыс хан туралы

Ертеде найман тайпасын Қайып деген хан билепті. Ханның Күнсұлу атты қызы болған екен. Сүйікті де жалғыз қызын хан өзеннің ортасына салынған жүзбелі ағаш үйде, елден, жұрттан аулақ ұстаған. Қасында қырық кәнизегі бар. Мерзімді уақытта азық-түлік пен керек-жарақты жеткізіп тұрады. Ағаш үй төрт бұрышынан темір ілгекпен бекітілген. Жазғы ыстықта су беті салқын, жанға да рақат.

Қызының жүзбелі сарайына алты айда бір барып қайтатын ханның әдеті екен. Сол әдет бойынша бірде қызының жүзбелі сарайына барса, Күнсұлу қызы екіқабат. Бұлқан-талқан ашуланған әкесіне түсіндірген қыздың сөзі мынау:

— Таңертең шығып келе жатқан күнге қарап едім, тұла бойым иіп кетті. Содан бойыма бала бітті.

Хан бұл сөзге сенбейді. Өлтірейін десе, жалғызы, қимайды. Ақырында ойлана-толғана келе ағаш үйдің ілгектерін босатып, кәнизектерімен қоса өзеннің ағысымен ағызып қоя беруге пәрмен береді.

Сол өзеннің төменгі ағысын манғұл елі жайлайды екен. Сол елде Жебе соқыр және Есугей мерген дегендер болыпты. Екеуі де дос әрі қырағы. Үнемі елдің шетін, жаудың өтін торуылдайды екен. Бір күні қараса, өзен үстімен қарауытқан әлдене зат алыста жайлап ағып келе жатыр. Екі мерген сол арада бәстеседі:

- Осы ағып келе жатқан зат менікі болсын, — дейді Жебе соқыр.
- Ішіндегісі менікі болсын, — дейді Есугей.

Ағаш үй елдің тұсынан өте бергенде жігіттер темір ілгекті лақтырып тоқтатады. Уәде бойынша ағаш үй Жебеге бұйырады да, ішіндегі Күнсұлу қызды Есугей алады. Күнсұлу айы-күні толған соң босанып, алтын айдарлы ұл табады. Бес жасқа дейін оған есім қойылмаған, өйткені шеше байғұс өлтіріп тастайды деп қауіптеніп, өгей әкеге көрсетпей, жасырып ұстаған екен.

Есугейге келген соң, Күнсұлу екі егіз ұл табады. Алғашқы егіздің аттарын Төрегетай, Төргелтай, кейінгі егіздің аттарын Сарағатай, Сарғалтай қояды. Бұл егіздер туғанда жауырындары жабысып туған. Оташы жауырындарын қылышпен айырған. Мұны естіген бір сұңғыла қарт қатты өкініпті:

— Әттеген-ай! Басқа әдіс қолданбай, қылышпен бекер айырған екен. Өздері де, ұрпақтары да қырық пышақ болады-ау, — депті.

Күндерде бір күн Күнсұлу «Мына төртеуі бір әкеден. Алтын айдарлым бір әкеден. Ертең ержеткен соң қастық қылар», — деген ойға түседі. Осыны ойлаған қамқор ана алтын айдарлы ұлын жасырын түрде «Бұлғыр тау» деген өзеннің бас жағындағы тауға жөнелтеді.

Мұнан соң арада он бес жыл өтеді. Баяғы сұңғыла шалдың айтқаны тура келіп, Есугейдің төрт баласы ұлысты төртке бөліп алады да, өзара жауласады. Ел бүлінеді. Мұны көрген соң елдің Майқы биі Күнсұлуға келіп, баяғы алтын айдарлы баланың қайда екенін сұрайды.

— Елге тұлға боларлық бала — сол. Мына төрт тентек елді сорлатуға айналды, — дейді Майқы би.

Шешесінің айтуынша, алтын айдарлы ұл тірі, қазір Бұлғыр тауда. Өзеннің ағысымен күн сайын аршаның бір бұтағын ағызып отырады. Шешесі оның тірі екенін сонан білетін көрінеді. Ұзын сөздің қысқасы, Майқы би алтын айдарлы баланы алып келу үшін Бұлғыр тауға аттанады. Кетерінде оған Күнсұлу мойнындағы тері сіңген алқасын береді.

— Осы арқылы ұстамасаңыздар, тағы боп кеткен бала оңайлықпен ұстатпас, — дейді.

Шешесінің айтқаны рас екен. Қасында кілең ақбоз атқа мінген қырық серігі бар алтын айдарлы бала көлденең құрып қойған кермені де, мойынға тасталған бұғалықты да бұйым көрмей, быт-шыт қылып өте шығыпты. Өте шыққандағы бәрінің айтқаны «Шыңғыс, Шыңғыс!».

Жабайы бала дөңнің үстінде жыланша иіріліп жатқан алқаны көрген соң тоқтап, аттан түседі. Алқаны иіскеп, көзінен жас бұршақтап

жылайды кеп. Ақбоз атты серіктері мұны тастап кете барады. Жылап тұрған бала жігітті Майқы бидің іріктеп әкелген азаматтары жабылып ұстайды.

Бала біраз тіл біледі екен. Анасының атын естіген соң, онша көп қарсыласпайды. Майқы бидің тобы сол тауда баланы ақ киізге отырғызып, қырық найзамен бастарына үш рет көтеріп хан сайлайды.

Енді ханның табанын жерге тигізбей елге апару керек. Ертеден келе жатқан рәсім солай. Атқа мінгізсе, ат көтере алмайды. Жаяу апарудың реті жоқ. Майқы би ойлап-ойлап, ақырында жігіттеріне төбесінде шатыры бар, қос доңғалақты кішкене арба жасатады. Сол арбаға ат жетіп, ханды елге жеткізеді. Сол күннен бастап «Шыңғыс» атандырады. Шыңғыс есімінің бір мағынасы «шын қыз» деген сөз, яғни анасының әулиелігін, күнәдан тазалығын сипаттайды. Тағы бір рауаятта «шыңқұз» деген сөз десіп жүр. Себебі бала он бес жасқа дейін елсіз-күнсіз, Бұлғыр тауда шың мен құздың арасында өсті ғой. Шыңғыс хан елге келген соң елді бұлдіріп жүрген төрт өгей ағасының басын алғызады. Сонан соң көршілес руларды жаулап алуға аттанады.

### Бегімана туралы аңыз

Ертеде Сыр бойында қатігез бір хан өмір сүріпті. Ханның залымдығына құрық бойламайтын, қызметімен ханға жаққан уәзірі болыпты.

Хан бірде нөкерлерін ертіп, серуен құрып жүргенде бір сұлу қызға кез болыпты. Қыздың сұлулығына таң-тамаша қалған хан сол жерде есі кетіп ғашық болады. Қыздың әке-шешесінен рұқсат сұрап, баласын алмақ болады. Сөйтсе, сұлу қыз бір молданың мәпелеп отырған жалғыз баласы, аты Бегімана екен. Хан отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, Бегіманаға үйленеді. Қартайған ханның жас аруға үйленгеніне уәзірі іштей қызғаныш білдіріп, оны сырт көзге білдірмейді. Ханның өзіне пара-пар бәйбішесі бар екен. Әлгі уәзір осы бәйбішені қолайлап, Бегіманаға айдап салып отырады. Ханның жоқтығын пайдаланып, бәйбіше Бегіманаға күн көрсетпейді. Бәйбішенің отымен кіріп, күлімен шығып жүреді. Шағынатын адамы жоқ Бегімана жат жерде жылаумен күнін өткізе береді.

Уәзір бір күні ханның келер күнін аңдып алдынан шығады. Ханды оңаша шығарып алып, сұмдық хабар жеткізеді. «Сіздің жоқтығыңызды пайдаланып, жас тоқал жеңіл жүріспен айналысты, атыңызды кірлетті», — дейді. Мұндай хабарды естіген хан жаңағы жерде көзіне қан толып, ауылына қарай шаба жөнеледі. Істің ақ-қарасын тексермей, Бегімананы ордаға шақыртып алады. Келген соң Бегіманаға: «Мен жоқта ұрлық істеген көрінесің, осының рас па?» — дейді. Бегімана шошып кетіп, бұл уәзір мен бәйбішеден келген пәле екенін біледі. «Жоқ», — деп мойындамайды. Бірақ уәзірдің сөзіне сенген хан сол жерде қылышпен

Бегімананың бір бұрымы мен бір қолын шауып алады. «Менің саған берген жазам осы, сен боссың! Ұрлық істеген обалың өзіңе. Енді өмір бойы соның тақсіретін тарт!» — дейді хан. Жылап-еңіреген Бегімана жолға шығады. Бұл осымен қала берсін. Енді қыздың әкесіне келейік.

Сол күні қыздың әкесі түс көреді. Түсінен шошып оянып, жолға жинала бастайды. Жолда қызына кездеседі. Қызы әбден арып-ашып жүдеген. Азапты көп көргенін кескіні-ақ айтып тұр. Қызынан ханның істеген қорлығын естіп, әкесі бармағын тістейді. Қызын жетектеп ханға қарай бет алады. Ханның алдына келіп: «Қызымның қолын шауып, бұрымын кесіпсің. Кінәсін мойнына қой», — дейді. Хан тұрып: «Қызың менің жоқтығымды пайдаланып, жеңіл жүріске түскен, ұрлығы — сол. Мен өмір бойы соның азабын тартсын деп, осындай жаза қолдандым», — дейді. Қыздың әкесі ойланып тұрып-тұрып, қызының ақ-қарасын жұрт алдында тексермек болады. Халыққа қарап: «Егер менің қызым адал, күнәдан пәк болса, онда осы жерде қызымның бұрымы мен қолы орнына бітер, егер күнәсі болса, осы күйінде қалар», — дейді. Осыны айтуы мұң екен, Бегімананың бұрымы мен қолы орнына қайта бітеді. Қызының ақтығына көзі жеткен соң ханға қарап: «Менің қызымды осы кезге дейін азапқа салдың. Жанын бекер күйдіріп, істің ақ-қарасын тексермедің. Сен де осының көрген қасіретін тарт. Еліңді жылан сорсын», — дейді. Осы кезде Бегімана құсқа айналып ұшып кетеді. Аспаннан бір дорба топ етіп түседі. Әлгі дорбаның көлемі үлкейіп келіп аузы ашылып, ішінен ирелеңдеген жыландар шығып, қара құрттай қаптап, ханның елін шаға бастайды.

Хан да, бәйбішесі де, уәзірі де өледі. Жыландар жазықсыз халықты да шаға бастайды. Елдің үлкендері жиналып, Бегімананың әкесіне келіп: «Хан азапты қызыңа көрсетті. Қара халықтың жазығы не? Өлер хан өлді. Енді айтқаныңнан қайт, дұғанды қайтып ал», — дейді. Шал осы жерде дұға оқып: «Жыландардың уын қайтардым. Енді олар залалсыз. Бірақ жыландар елдеріңнен кетпейді», — дейді. Сөйтіп хан жазасын тартады. Бегімана осы ұшқанымен елсіз далаға барып қонады. Қонған жерінде үлкен мұнаралы үй пайда болады. Бегімана осы үйде тұра береді. Ханнан азап көрген қыз: «Өмір бойы еркек көрмеспін», — деп, ер адамға ренжіген дейді.

Қазір бұл мұнара Каукейден он шақырым қашықтықта орналасқан. Алыстан-ақ мұнартып көрінеді. Бұл жерді «Бегімана» деп атайды. Ер адам бұл жерге бармайды екен. Мұнараға жиырма метр қалғаннан-ақ жер жұмсарып жүргізбейді екен. Бегімананың мұнарасы өте биік, әлі күнге сыны кетпеген. Мұнараның ұшар басына қарағанда, биіктігі сондай, бас киімі түсіп қалады екен. Халық аузында «Бегімана әрбір жұма күні терезесінен сыртқа көз салып тұрады екен» деген аңыздар бар.

## Райымбектің бұлағы

Райымбек он жаста еді. Қалмақтармен болған кезекті шайқаста қазақтың қолы жеңіліп, шегінуге мәжбүр болады. Олар Бұғыты тауы мен Торайғыр таулары арасындағы Көкпекті жазығын өтіп барып, Торайғыр тауының етегіне келіп тығылады. Қанша күнгі ұрыстан әбден қажыған әскер су іздеп, әлекке түседі. Сонда Райымбек батыр бір тамшы суды аңсап, жерді найзасымен шұқып жібергенде, белгісіз бір бұлақтың суы атқып шығады деседі. Қазақтың қолы әлгі суды ішіп, бұлақтың жағасында екі күн жатып тынығады да, бар күш-жігерлерін бойына жинап, жауға қарсы шабады. Әскер осы жерде жеңіске жетеді. Ал әскерді құтқарған бұлақ «Райымбектің бұлағы» деп аталып кетеді. Ол бұлақ қазір де бар.

## Қисса Алаңғасар – Әлиф

Бұрынғы өткен заманда бір Алаңғасар атты дәу адам болған екен. Оның Арсалаң Әлиф деген бір баласы болыпты. Екеуі жолаушылап осы уақыттағы Әулиеата оязы, Дөңбота, Мойнақ, Алмалы уәлісінің Алмалы, Қараша деген жайларына барған екен. Сол заманда Әулиеата оязындағы Талас өзенінің күншығыс жағында қалмақтың шаһары бар екен. Ханның аты — Күрең, оның бір қызы бар екен, аты — Түйме. Сол шаһардың орны осы уақыттарда бар, төрт Күлтөбе болып тұрады. Халық «Түймекент» деп атайды. Сол Түймекентке Россия қыстақ салады. Түймекент — әуелі жайланған орыстың аты бойынша, бұл күнде аты Шиповаловка деп өзгертілген. Алаңғасардың баласы Арсалаң Түйме сұлуға ғашық болып: «Маған ти», — десе, сұлу: «Тастан шаһар соқсаң, тиемін», — деген екен. Сонда Алаңғасар шаһар соқпақшы болып, Бота Мойнақ тауының Ұзынбұлақ деген бұлақтың аяғына келіп: «Сен тас лақтырып тұр, мен шаһар соға берейін» деп, баласын басына — он шақырымдай жерге жіберіпті. Бірақ еш жаққа қарама деп ескертіпті. Арсалаң тас лақтырып тұрады, атасы шаһар соға береді. Арсалаң әр лақтырғанда түйедей-түйедей тас лақтырар еді. Бір уақыттарда Арсалаңның көзі Түйме сұлуға түседі. Екі арасы жиырма шақырымдай бар. Осы уақыттарда қызға алаң болған себепті, тастаған тастары атасына жетпей, жолға түсе беріпті. Сонда атасы Алаңғасар: «Неге тастаған тас жетпеді? Баламның көңілі бір нәрсеге бұзылған сияқты», — деп, баласына ашу қылып, келіп қараса, баласының көзі Түйме сұлуға түсіп, биһуш болып қалған екен. «Сен тілімді алмай қарадың», — деп, ашуменен баласын өлтірмекке қолына тоқсан батпан күрзі алып, қуған екен. Баласы қашып бара жатып, Талас өзенінің басына таман «Үлкен қақпа» деген жерде демалыпты. Қолында тоқсан батпан кетпені бар екен. Бір кетпен топырақ алып, үстіне шығып отырыпты. Сол топырағы осы



уақытта Құмтөбе атты бір үлкен төбе. Россияның Искендір қыстағына жақын әр жерде сондай бір-бір кетпен топырағы бір-бір төбе болып қалыпты. Әулиеата шаһарынан Алматы шаһарына жүргенде шаһардан он шақырым шыққан соң жолдың жағасында жеті төбе бар. Соның атырабын «Жетітөбе» деп атайды. Сол төбелер Әлифтің кетпенменен тастаған топырағы екен. Арсалаң Әлиф қашып барып бір шаһарда тұрыпты. Атасы қапалықпен өліп кетіпті. Арсалаң сол шаһарда біраз уақыттар жүріп, мекен қылыпты. Шаһар халқы мұны көріп, таң қалар екен. Бір күні шаһардың ханы Занкау қасына шақырып алып: «Өзің таудан үлкенсің, сенің не өнерің бар?» — деп жауап сұрапты. Сонда Арсалаң айтады: «Бұйрық болса, әр нәрсе қыламын, бірақ көңілім қаласа». Хан оған: «Олай болса, біздің шаһарымызды су басып кетті, тоқтатшы», — дейді. Оған Арсалаңның ашуы келіп, бір тауға барып, аңғарына бес саусағын сұқты, әр саусағының орнынан бір-бір дария ақты, әрбірінің үлкендігі Сырдариядай. Хан «шаһарымызды су басты» деп қулықпенен айтқан еді. Шаһарында су болмай, ғаріп болған еді. Мүбәдә<sup>1</sup> су келтір десе, барлық суын байлап қойса, ықтимал еді. Таспенен бастырып, әлгіндей деп айтқан соң су келтіріпті. Хан оның сырынан хабардар екен. Тағы бір күні шақырып алып: «Әй, тақсыр, біздің шаһарымызды отын басып, керуен жүруге жол болмай қалды. Осы отын ағаштарды бір жоқ қылсаңыз екен», — деген екен. Ашуы келіп, Қызылқұмға барып, барша құмға біткен жүзген, сексеуіл ағаштарын жиып, арқалап келіп, шаһарға тастағанда, шаһардың іші отынға толып, жаман-жұман үйлерді басып, ішіндегі адамдары қорыққаннан қашып, бас аламан болған екен. Есесіне шаһар отынға молығып қалған екен. Әрдайым осылай алдап жұмсап жүріпті. Асылы өзі үлкен болғанменен, ешкімге зорлық не зұлымдық қылмайды екен. Бір күні Занкау хан Арсалаңның қайратынан қорқып, құтылайын деген ой көңіліне келіп, Арсалаңға бір қағаз жаздырыпты. «Бір күні қаһары келсе, бәрімізді қырып кетер», — деп ойлайды. Жазған қағазы осындай екен: «Мағлұм болсын, Арсалаң батырға атаңыз Алаңғасар сәлем айтады де. Баламды іздеп бара жатырмын. Егер де менен хабар естісе, кетпесін. Занкау ханның қасынан тауып аламын, Түйме сұлудың қасынан шаһар соғып алайық», — депті. Сонда Арсалаң баяғы ерегіспе кеселі ұстап: «Мені осы жерде торыған ау», — деп, ол шаһардан қашыпты. Зарафшан дариясына барып, мекен қылыпты. Бірнеше жыл ол жерде тұрып, ажалы жетіп, өлерге келген екен. Жатып ауырыпты, түрегеліп жүріп ауырыпты. Бір күні өлейін деп, олай-бұлай сандалып жүргенде, халықтың көзінше құласа, тау құлайтын болып, қандай амал қыламыз деп ойда болған екен. «Шаһарға құлатпай, арман құлаталық», — деп, барша халық жиылып, бір қатар тұрып, қатты дауыспенен: «Арсалаң ары құламайды, бері құлайды», — деп шулаған екен дейді. Сонда Арсалаң: «Саған қарап құлағанша», — деп

<sup>1</sup> Мүбәдә /араб/ — қашияда, егерде.

ерегісіп, ары жығылып кетіпті, сөйтіп халық аман қалыпты. Осы уақыттарда Арсалаңның бір жілігі сол Зарафшан дариясындағы көпір дейді. Сол көпірменен көшкен ел өтеді дейді, көпірді әр жыл жүз серкенің майыменен майлап тұрады екен.

### Ұйқыдағы батыр

Бұрынғы өткен заманда адал тірлігімен тіршілік еткен бір қауым жұрттың тап қасына келіп, бір жеті басты айдаһар орын тебеді. Елге қарарын төгіп, күн сайын жеті басына жеті жылқы, жеті сиыр, жеті қой және жеті адам алып отырыпты. Бұл жаңағы айдаһардың күнделікті тамағы екен. Осындай заманнан ел әбден ығыр болады. Күндердің бір күнінде құрбандыққа белгіленген мал-жанды апара жатқан топқа бір жолаушы қарсы кезігеді. Бойы биік, алып мүсінді, тұлғалы адамның келбетіне сүйсінген жігіттер уақиғаны бастан-аяқ баян етеді. Сонда жаңағы батыр ел үшін айдаһарды өлтірмекке бел буып, қолына алмас қылышын алып, жалғыз өзі кетеді. Ашуланғанда айдаһардың аузынан от-жалын шығады екен. Айқасқа түскен батыр жеті баспен жеті күн арпалысады. Жетеуін де шауып, ақ алмасымен ажал қаптырған батыр қатты қалжырап, ұйқыға кетеді. Шала-жансар жаны қалған айдаһардың бір басы соңғы күшін жинап, ұйықтап жатқан батырға от сеуіпті. Соның салдарынан жаңағы батыр тасқа айналып кеткен екен. Сол кезден бастап халық тасты «Ұйқыдағы батыр» деп атап кетеді.

### Мұхамбет байдың қызы

Ілгері өткен заманда мұсылмандар тұрып жатқан жерге орыстар басып кіреді. Ауылдағылардың бәрін қыра бастайды. Халық тауға қашады. Сол ауылда Мұхамбет деген байдың қызы қырық жолдасыменен сейілге кеткен екен. Мұхамбеттер орыстармен ұрысқа қалады. Мұхамбеттің әйелі де бір жасар баласын қолына алып, қазанын басына көтеріп тауға қашады. Бай қаншалық қарсылық көрсетсе де, орыстар оларды өлтіріп салады. Әйелі күйеуінің өлгенін көріп, баламның өмірін сақтаймын деп, қаншалық жанын салса да, орыстар қуып жетіп қалады. Орыстардың келіп қалғанын көріп: «Құдай, орыстардың қолына түскенше, тас болып қалайын», — деп, Құдайға жалбарынады. Ол қазанын көтерген бойда тасқа айналып қалады. Сол мезгілде қыздар сейілден қайтып келе жатып, апасының тасқа айналғанын көріп, тоқтап қалады. Тастан: «Қызым, қаш, көпірлер келе жатыр!» — деген үн шығады. Сол мезгілде орыстар келіп қалып, қыздар қайтадан кері тауға қашады. Биік таудың басына шығып, жүрерге ешқандай жерлері қалмайды. Қыздар: «Жаратқан Ием, осы көпірлердің қолына түскенше, бізді


тасқа айналадырып жібер», — деп жалбарынады. Сол кезде қатты күн күркіреп, дауыл болып, жаңбыр аралас қар жауып, таудың басын тұман басады. Орыстар келіп қараса, қыздар тасқа айналып қалғанын көріп, жынды болып қалысады. Содан бері адамдар жын ауруына көп шалдығатын болыпты. Қазір сол жерде қырық қыздың тасқа айналған бейнесі әлі де бар.

### Қырық қыз жөніндегі әңгіме

Тәжікстанға қарасты Чарқу деген кішкене ауыл бар. «Чарқу» деген сөзді қазақшаға аударғанда «төрт тау» деп аталады. Сол төрт таудың бірі — «Қырыққыз». Ілгеріде бір бай болады, оның жалғыз қызы болады. Бір күні ол қыз өзінің қырық құрбысын ертіп, сейілге шығады. Олар сейілдеп жүргенде оларды қарақшылар ұстап алады. Олар қыздарды үңгірге алып барып, қорлайды. Сонда қайғыланып, көз жасын төккен қыздар: «Бұдан гөрі тас болып қатып қалсақшы!» — деседі. Сонда олардың тілегі қабыл болып, бәрі тасқа айналып қалады.







### Шыңғыс хан туралы.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
қолжазба қоры (280-бума, 3-дәптер)







Суретші Е. Оспанұлы



# ХИКАЯТТАР

Хикаят — аңыздық прозаның жанрлық түрлерінің бірі. Бұл мазмұндағы шығармалар кейінгі бірқұдайлық дінмен байланысты туындаған. Ортағасырларда миф, хикая, әпсана сынды жанрлармен қатар өмір сүріп, бір-біріне өзара ықпал етті. Хикаят солардың кейбір белгілерін бойына сіңіріп, жеке жанр ретінде қалыптасты. Кейде хикаяттар ой-дан шығарылып, болмаса діни кітаптардан алынып, сюжеттері көркем түрде баяндалатын әңгімелерден құралады. Кейбір оқиғалары ілкі замандарды қамтитындықтан, мазмұнында көне тарихи есімдер мен жер атаулары да кездеседі. Хикаятқа көбіне белгілі пайғамбарлардың, әулие-әнбиелердің, бірегей тұлғалардың өмір-деректері, іс-әрекеттері арқау болады, сол себепті олар тыңдаушылар арасында сенімсіздік тудырмайды.

Қазақ хикаяттары елде ислам дінінің таралуына байланысты қалыптасты. Бірақ оның түп-төркіні ежелгі мифологиялық наным-сенімдермен сабақтасады және таза мұсылмандық оқиғаларға ғана негізделмейді. Оның мазмұнында архаикалық мифтің де, хикаяның да, ертегінің де, әпсана мен аңыздың да қасиет-белгілері ұшырасады. Сондықтан бұл жанрдың пайда болу үрдісі ислам дәуірінің алдында бастау алып, еліміз мұсылмандықты қабылдаған кезеңдерде қалыптасып, даму жолына түсті деп болжам жасауға болады.

Қазақ хикаятының айрықша жанрлық белгілері Ескендір туралы шығармалардан айқын көрінеді. Олар мазмұндық құрылымы жағынан үш топты құрайды. Алғашқысы — өлмеуге тырысқан Ескендірдің әрекеттерін баяндайтын әңгімелердің жиынтығы. Бұл тақырыптағы туындылар аса көп емес және олардың діни білімдері жеткілікті адамдардың арасында кеңінен таралғаны аңғарылады. Бірақ Ескендір әпсаналардағы Қорқыт сияқты өмірін сақтау үшін саналы түрде күреспейді. Өзімшілдік мақсатта ғана іс-әрекеттер жасайды. Бұл — діни кітаптардан тараған хикаятқа тән белгі. Дін қызметіндегі адамдар оқиға желісін «Қисса-сұл әнбия» кітабынан алып, әңгімелеп, халық арасына таратқаны байқалады. Екіншісі топтағы мүйізді Ескендір мен шаштараз туралы хикаяттар Низамидің «Ескендір-наме» еңбегінен, ал «тойымсыз бас сүйекке» байланысты үшінші әңгімелер топтамасы «Талмуд» кітабының мазмұнынан алынғаны ғылыми дәлелденген. Көне наным-сенімдерде «рубасылар, тайпа көсемдері, бақылар, патшалар тотемнен жаратылады» деген ұғым болған. Сол себепті әңгімелерде олардың магиялық күш беретін ерекше белгілері айқын суреттеледі. Көне мифтерге тән бұл сюжеттер наным-сенімдердің өзгеруіне байланысты хикаяға, одан әпсана мен хикаятқа ауысқан.

Хикаяттар туралы Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Б. Рақымов, А. Пангереев, А. Әбсадық сынды ғалымдар зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында іріктелген хикаяттар сирек қорларда сақталған қолжазба нұсқалары салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізіліп, таңдаулы үлгілері ұсынылды.



## Шиш бин Адам әлайһи салам пайғамбарлығының баяны

Адам әлайһи салам екі жүз отыз жыл сүрген өмірінің соңында баласы Шиш әлайһи салам дүниеге келеді. Адамның балаларының ішіндегі бек жақсы құлқы, көркемірегі осы еді. Өзінен соң Адамның балаларына басшы һәм пайғамбар болып қалады.

Дүниедегі барша халық Шиш әлайһи саламнан таралды. Ең әуелі Қағбатулланы салған Шиш әлайһи салам-дүр. Сол уақытқа қадірлі Қағбатулланың орнында бір шатыр бар еді. Алла Тағала ол шатырды жұмақтан шығарып, Адамның ғибадат қылмағы үшін Қағбатулланың салынатын орнына қойып еді. Алла Тағала Шиш әлайһи саламға елу қағаз кітап ендірді. Шиш әлайһи салам екі жүз бес жыл өмірінің соңында Ануш есімді баласы дүниеге келеді. Ануш екі жүз тоқсан жыл өмір еткеннің соңында Қинан есімді баласы дүниеге келеді. Сол заманда Хазірет Адам әлайһи салам алты жүз жиырма жасында еді. Сабиин есімді Шиш әлайһи саламның тағы бір баласы дүниеге келеді. Бұл заманда Сабиин деп аталынатынын қауым соның тұқымынан-дүр. Қинан жүз жиырма жасына келгенде Меһлайл деген бір баласы болады. Сол уақытта Адам әлайһи саламның өмірі жеті жүз тоқсан беске келіп еді. Меһлайл жүз отыз беске келгенде Адам әлайһи салам опат болады. Меһлайл жүз алпыс беске жеткенде Яруд есімді баласы дүниеге келеді. Яруд жүз алпыс жасына келгенде Ахнұх дүниеге келеді. Ыдырыс әлайһи саламның есімі.

## Ыдырыс әлайһи салам пайғамбарлығының баяны

Ыдырыс бен Яруд бен Меһлайл бен Қинан бен Ануш бен Шиш әлайһи салам-дүр. Алла Тағаладан келген кітаптар менен уағыз-насихат дәріспенен бек көп машғұл<sup>1</sup> болған соң Ыдырыс деп ат қояды. Ыдырыс әлайһи саламның анасы Беркия деген бір қатын еді. Масил бен Ахнұх бен Қин деген кісінің қызы еді.

Тарих кітабын жазушы адамдардан қалған мәлімет бойынша Ыдырыс әлайһи салам ұзын бойлы, қалың сақалды, кең көкіректі, қою шашты. Бір құлағы екінші құлағынан зорырақ, жіңішке дауысты, жүргенде тез жүретұғын. Осындай сипатты бір адам еді. Алла Тағала Хазірет Ыдырыс әлайһи саламға отыз қағаз кітап ендірді. Нужум ғылымын білгізді, һәм тиб ғылымын да, басқа ғылым риязиларын да білетұғын еді. Алла Тағала Ыдырыс әлайһи саламға уахи менен көктің сырларын кашаф<sup>2</sup> қылып еді. Юнан халқы Һермес деп айтады.

Адамнан соң әуел қаламмен жазу жазған, киім тігіп киген Ыдырыс әлайһи салам еді. Сол кезде Адамның балалары хайуан терісін киім

<sup>1</sup> Машғұл /араб/ – айналысу, шұғылдану.

<sup>2</sup> Кашаф /араб/ – жарату, ойлап табу, жасау.

қылып киетұғын еді. Хазірет Ыдырыс әлайһи саламның хақ дінге үндеген пайғамбарлығын мың кісі ғана қабыл қылады. Ыдырыс әлайһи салам көкке көтергеннің соңында әртүрлі күмәнді діндер пайда болып, кәпірлік көбейе бастайды. Нұх әлайһи саламның заманына қарай сол азғындықпенен келеді. Ыдырыс әлайһи салам көкке асқан уақытында үш жүз алпыс бес жасында еді. Шиш тоғыз жүз он екі жасында опат болады. Сол уақытта Ыдырыс әлайһи салам жиырма жасында еді. Адамның жер жүзіне енуіне мың да жүз қырық екі жыл еді. Уа Хазірет Ыдырыс әлайһи салам жүз алпыс бес жасына келгенде Матушаһ есімді баласы дүниеге келеді. Матушаһ елу үшке келгенде Ануш бен Шиш әлайһи салам опат болады. Ануш тоғыз жүз екі жыл өмір сүрді. Матушаһ жүз жеті жасына келгенде Ламак есімді баласы дүниеге келеді. Ламак алпыс бірге келгенде Қинан дүниеден көшті. Ламак сексен сегіз жасында Нұх әлайһи салам дүниеге келеді. Нұх дүниеге келгенде Адамда мың да алты жүз қырық екі жыл еді.

### Хазірет Нұх әлайһи саламның баяны

Нұх әлайһи салам пайғамбар болып, Алла Тағала тарапынан жіберілместен бұрын Адам балаларының арасында кәпір, әртүрлі күнәлар көбейді. Алла Тағала бұларды хақ дінге кіргізіп, түзету үшін Нұх әлайһи саламды жібереді. Жер үстіндегі адамның баршасы да Нұхтың нәсілінен-дүр. Соның үшін Нұх әлайһи саламға «екінші Адам» деп ат қояды. Нұхтың өзінің есімі Ескендір еді. Өзі үшін һәм қауымы үшін зар қылып, көп жылағаны үшін «Нұх» деп аталынды. Қауымын көп жыл дінге үндейді. Сонша ұзақ заманда өзінің үш баласынан басқа сексен кісі иман келтірді. Мұнан басқа қауымдарының бірі құлақ аспады. Хата (Ям) есімді бір баласы қауымдарға қосылып, бірге кәпір болады. Нұх әлайһи салам әр уақыт қауымдарына уағыз насихат айтып, «дінге кіріңіз» десе, мазақ қылып ренжітетұғын. Нұх әлайһи салам ақырында қауымнан үміт үзген соң, яуыз дұға қылады һәм дұғасы қабыл болады. Мұның соңында Алла Тағала Нұх әлайһи саламға хабар беріп: «Топан су жер жүзін алады. Соның үшін құтыларға кеме жаса, кемесіз мүмкін емес», — дейді. Мұның соңында Нұх әлайһи салам кеме жасауға кірісті. Әрқашан қауымы қасынан өткен уақытта Нұх әлайһи саламды бек жәбірлеп, мазақ қылып кететұғын еді. «Бұрын пайғамбар едің, енді кемеші болдың», — дейтін. Нұх әлайһи салам: «Сабыр қылыңыздар, сіздерді мазақ қылатұғын уақыт жетер», — деп қалатұғын еді.

Бір заманда кеме бітті. Топанның белгілері біліне бастайды. Нұх әлайһи салам өзіне ерген адамдарменен һәм әр хайуаннан бір ер, бір ұрғашы жұп алып, кемеге кіргізді. Әр жақтан су аға бастайды. Биік тауларға шығады. Кемеге мінбей қалған адам мен басқа хайуандар һәлак<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Һәлак /араб/ — жан тапсыру; қирау; әлек болу.

болады. Топанның суы жер жүзінде бес-алты ай бойы тұрды. Су қайтқан соң, кеме Жуды деген тауға тоқтайды. Кемеде Нұх әлайһи салам менен үш баласы қалады. Мұнан басқа сексен кісінің баршасы да өлді. Бұ замандағы адамдардың баршасы Нұхтың үш баласынан өсіп таралыпты. Нұх әлайһи саламның Хам, Сам, Яфес-дүр. Хамның Куш, Құт, Канан деген үш баласы бар еді. Құт есімді баласы Һиндустан уа Сендестан деген жерге барып мекен қылады. Һиндустанның асыл түбі Құт нәсілінен-дүр. Африкадағы қара арабтардың жынысы: Нуб, Занж, Қазан, Зағауе, Хабаше, Қабт, Барбар-дүр. Бұлардың баршасы Куш пен Хам нәсілінен-дүр. Яфес бен Нұхтың қатыны Артисме есімді еді. Яфестің сегіз баласы һәм бір қызы бар еді, есімі — Сабке. Балаларының есімі Турк, Хазар, Сақлап, Рус, Менек, Чин, Кимар, Нарух еді. Сақалия Біржан деген бір қауым Румнан бұрын Румлардың мекеніне отырады. Яфес балаларынан еді. Хуз, Яжуж-Мажуж, Татар, Мағұл, Яфес балаларынан-дүр. Сам бен Нұхтың Салиб есімді қатыны бар еді. Бес бала туды, аттары — Арфахшад, Ашуд, Арам, Уайлам, Лауыз. Бұлар бүтін Араб жазирасына отырып, сол жерде көбейді. Арабтардың Қахтан деген бір қабиласы<sup>1</sup>. Қахтан бен Амер бен Шалех бен Арфахшад бен Сам бен Нұх әлайһи салам-дүр. Қахтанның Яғраб есімді баласы болыпты. Араб тілін әуел бастап сөйлеген ұл-дүр. Йемен шаһарында еді. Йемен шаһарының адамдарының бабасы Яғраб бен Қахтан-дүр. Яқтан деген кісі жер һәм қабиласының бабасы-дүр. Яғраб пен екеуі немере-дүр. Жарһам әуел Йеменде тұрып, соңынан Меккеге көшті. Араб тілінде сөйлейтұғын еді. Ысмағұл әлайһи салам Меккеге тұра бастағанның соңында Жарһам қабиласынан Құтыр деген кісінің қызын алды. Мәшһүр Ад қауымы Ғаус бен Арам бен Самнан-дүр. Арабстанда орын тимеген соң, төбешікте құм жерлерді мекен қылып, сонда тіршілік қылатұғын. Ад қауымына Алла Тағала Һұд әлайһи саламды пайғамбар қылып жібереді. Һұд әлайһи салам да Ад қауымынан еді. Тасам, Жадис қабилалары Арам бен Сам тұқымынан-дүр. Ямамда мекен етіп тұратұғын. Ғамлық бен Арам бен Самның жартысы Меккеде, жартысы Шамда еді. Мысыр перғауындары, Парсы патшалары, Хорасан халқы, баршасы да Ғамлықтың балалары-дүр. Амим бен Лауыз бен Арам бен Сам Парсының жеріне барып тіршілік қылады. Мұның соңында «қызылбас нәсілі сол қауымнан таралды» деп бағзы риуаятларда<sup>2</sup> айтады. Тілдердің әртүрлі болғанының себебі осы. Сам бен Нұхтың балаларынан Маш бен Арам бен Сам деген кісі Бабыл уәлаятында<sup>3</sup> тұрып дәулет қонды.

Бір заманда баласы Намрұд Бабылға патша болады. Бес жүз жыл патшалығында тұрды. Бір заманда қауым арасына бір пікір түседі. Дахиде топан суы болады деген сөз тарады. Топаннан құтыламыз деп бір сарай

<sup>1</sup> Қабила /араб/ — ру, тайпа.

<sup>2</sup> Риуаят /араб/ — әңгіме.

<sup>3</sup> Уәлаят /араб/ — аймақ, аудан.

салдыруға иттифақ<sup>1</sup> қылып кеңесті. Жетпіс екі бөлек еді. Әрбіреуі бір басшы әкім тағайындап, басқа болады. Бұл қауымның ісіне Алла Тағала қаһар етіп, сарайларын зілзаламенен һәлак етті. Мұның соңында әрқайсысының тілдерін басқа-басқа қылады. Бірінің сөзін екіншісі білмеді. Абер деген кісі бұл иттифаққа кірмейінше ғибадат қылып басқаша қалып еді. Бұның тілі өзгермеді. Абердің тілі арабша еді. Дүниеде өзгермеген тіл сол болады. Енді әрқайсысының бір басқалығы болған соң жер жүзіне таралды. Барып әрбір жерге мекен қылады. Жер жүзіндегі лұғат<sup>2</sup> сол уақытта жетпіс екі ғана еді. Бірден бірге көбейіп, онан да көп болады. Тауарих кітаптарының риуаятына қарағанда Самның балаларында он тоғыз түрлі тіл бар. Хам балаларында он жеті түрлі, Яфес балаларында отыз алты түрлі тіл бар деп риуаят айтады. Дүниеге Нұхтан кейін келген пайғамбардың баршасы да Сам нәсілінен-дүр. Араб қабиласы өздерінің тарихын Нұх әлайһи саламға жеткенше еш өзгертпей санап келеді. Нәсіл нәсәпті<sup>3</sup> білмек арабтардың қасында парыз секілді бір нәрсе. Ақылменен ойлаған адам тәжірибе қылып біледі парыз болған нәрсе екен деп.

### **Һұд әлайһи салам пайғамбарлығының баяны**

Һұд бен Ғаус бен Арам бен Сам-дүр, Һұд әлайһи салам қарағанда суреті Адам әлайһи салам секілді еді. Тужжар, яғни саудагер еді. Һұд әлайһи саламды Алла Тағала Ад есімді бір қауымға пайғамбар қылып жібереді. Ад қауымы он үш қабила еді. Мекен қылған жерлері Хазар, Маут, Оман, Хажар, Қархе болып, бұл жерлер дүниеде бірнеше құйқалы жақсы жерлер еді. Әртүрлі жеміс, егін, ағаш уа ғайри<sup>4</sup> нәрселер өсетұғын жер еді.

Ад қауымы Һұд әлайһи саламға иман келтірмеді. Айтқанына еш құлақ аспады. Мұның соңында Алла Тағала қаһар етіп, жерлерін бұзып, астын үстіне шығарды. Ешнәрсе өспейтұғын тас, қызыл құм қылып, жерлерінен береке кетірді, һәм өздерін һәлак<sup>5</sup> қылады. Ол һәлак болған соң Һұд әлайһи салам иман келтірген кісілерімен Меккеге барып тұрды. Меккеде опат болады. Қабыр шарифы Меккеде-дүр. Бұл оқиға Адамның жерге енуінен үш мың бір жүз он үш, топаннан сегіз жүз жетпіс бір жыл соң еді. Мәзкүр Ад қауымы жеті күн, сегіз түн ішінде Сар-Сар есімді желменен һәлак болады. Саму, Сада, Һона есімді үш түрлі пұтқа ғибадат қылатұғын еді.

<sup>1</sup> Иттифақ /араб/ – топ, одақ.

<sup>2</sup> Лұғат /араб/ – сөз, сөздік.

<sup>3</sup> Нәсәп /араб/ – тек, түп.

<sup>4</sup> Ғайри /араб/ – басқа; бөлек, бөтен; өзге.

<sup>5</sup> Һәлак /араб/ – жан тапсыру; қирау; әлек болу.

## Салих әлайһи салам пайғамбарлығының баяны

Салих бен Асаф бен Насех бен Жадар бен Самуд бен Абер бен Сам бен Нұх әлайһи салам-дүр. Алла Тағала тарапынан Салих әлайһи салам Самуд қауымына пайғамбар болып жіберілді. Салих әлайһи салам мураһиқ уақытында қауымын хақ дінге үндейді деген сөзлер де бар. Қарамаға бек көркем, ақ, ажарлы кісі еді. Әр уақытта жалаңаяқ жүрер еді. Аяғына еш нәрсе кимейтін, белгілі тұратұғын да үйі жоқ еді. Салих әлайһи салам һәмән дін үйретуменен машғұл<sup>1</sup> болады. Қауымынан бек аздары иман келтірді. Самуд қауымы бір күн далаға байрам<sup>2</sup> қылып шығады. Бұларменен бірге Салих әлайһи салам да бірге шығады. Мұның соңында Салих әлайһи салам дінге үндейді: «Хақ дінге кіріңіз, азғындықта болмаңыз», — дейді. Сонда тұрған қауымның басшысы Жандағ бен Омар деген кісі Салих әлайһи саламға:

— Егер сен осы тұрған тастан түйе шығарып, ол түйе шыққан соң боталаса, біз саған иман келтіреміз, — дейді.

Мұның соңында тас қозғала бастайды. Толғатқан қатын секілденіп һәм жарылды. Ішінен әлгі кісілердің айтқанындай түйе шығады. Енді уәдесін бұзбай, баяғы Жандағ бен Омар өзіне ерген кісілерменен иман келтіріп, мұсылман болады. Иманға кірмей қалған кәпірлерді Алла Тағала һәлак етті. Салих әлайһи салам мұсылмандарменен ихрам<sup>3</sup> киіп, Қағбатуллаға кетті. Қағбаға тәлбия<sup>4</sup> етіп барады. Мекке-мукаррамда<sup>5</sup> опат болады. Салих әлайһи саламның өмірі елу жыл еді, опат болады. Адам әлайһи саламнан үш мың бір жүз жиырма бір жыл еді.

## Лұт әлайһи салам пайғамбарлығының баяны

Лұт бен Наран бен Тарих Ыбраһым әлайһи саламның атасының баласы-дүр. Ыбраһым әлайһи саламға иман келтіріп, Байтул-мұқаддас шаһарына бірге көшіп барып еді. Алла Тағала Лұт әлайһи саламға Пайғамбарлық береді. Садом деген қарияға жібереді. Палестинге бір күндік жер еді. Садом аһлы бес бөлік қана қауым еді. Күпірлікті, азғындықты өршітіп алған еді. Лұт әлайһи салам барып, хақ дінді үйретіп: «Күпірліктен тыйылыңыз», — деп, шарифат айта бастайды. Бұ қауым һәмән өздерінің бұзықтығында дәйім болып, Лұт әлайһи саламның айтқан сөзін тыңдамады. Енді бұл қауымның халдері де былай болған соң, Алла Тағала қаһар қылмақ үшін Жебірейіл әлайһи саламға өмір етті:

<sup>1</sup> Машғұл /араб/ — бір іспен айналысушы, шұғылданушы.

<sup>2</sup> Байрам /араб/ — мереке, мейрам.

<sup>3</sup> Ихрам /араб/ — қажылыққа бару.

<sup>4</sup> Тәлбия /араб/ — қабыл алу.

<sup>5</sup> Мукаррам /араб/ — араб күнтізбесі бойынша алғашқы, бірінші ай.



— Барып һәлак қыл! — дейді. Мұның соңында Жебірейіл әлайһи салам келіп, мәзкүр<sup>1</sup> бес шаһарды қанатыменен көтеріп жерге соқты. Лұт әлайһи саламның қиссасы Құранда мәзкүр-дүр. Құдыс-шарифке жақын бір көл бар, ол Лұт көлі деп аталынады. Лұт әлайһи саламның қауымы һәлак болған жер сол жер. Ғибрат үшін Шұңқыр көл болып қалған.

### **Ысмағұл әлайһи салам пайғамбарлығының баяны**

Ысмағұл бен Ыбраһым әлайһи салам-дүр. Адам әлайһи саламнан үш мың бес жүз елу сегізінші жылы дүниеге келеді. Енді Сара Ажарға күншілік қылады.

— Менің қасымда тұруына мен риза емеспін. Баласы менен Ажарды басқа бір жерге апарып таста, — деп айтады. Ыбраһым әлайһи салам бек қайғырып, шарасыз Ажар менен Ысмағұлды Мекке-мукаррам<sup>2</sup> салынатұғын жерге апарып түсірді. Әуел Жирһам қабилалары<sup>3</sup> сол жерге барып мекен қылып еді. Ысмағұл әлайһи салам бұл қауымға араласып таныс болады. Жирһам балаларыменен бірге өсті. Оқ ату амалын білді. Сол қабиланың тіліменен сөйлеуді үйренді. Жирһам қабиласынан бір қыз алды. Ысмағұл әлайһи саламның он екі баласы болады. Набат Ысмағұл әлайһи саламның үлкен баласы еді. Өзінен соң Қағбатуланың билігі сонда болады. Ысмағұл әлайһи саламның нәсілі бек көбейіп, әр жаққа тарады. Қай шаһарға барса да, барған шаһарына теңдік бермей жеңе береді, Амалиқа шаһарыменен де соғысып, оны жеңді. Һәм Ысмағұл әлайһи салам Амалиқа қауымына пайғамбар болады. Ыбраһым әлайһи саламға Алла Тағала бұйырады:

— Барып, Қағбаны балаң Ысмағұлменен бірге сал, — дейді. Мұның соңында екеуі Қағбаны салып бітірді. Мұхаммед әлайһи салам заманына қадар Ыбраһым әлайһи салам салған күйінше қалады. Ыбраһым әлайһи салам Меккені бина<sup>4</sup> қылған уақытта жүзден жасы асыпты. Қағбаның салынуынан Мұхаммед әлайһи саламға қадар екі мың жеті жүз тоқсан үш жыл-дүр. Ысмағұл әлайһи салам жүз отыз жыл өмір сүрді. Ыбраһым әлайһи салам опат болғанның соңында қырық жыл өмір кешірді. Ысқақ әлайһи салам Ысмағұл әлайһи саламнан он үш жас кіші-дүр. Ысмағұл әлайһи саламның қабірі һәм анасы Ажардың қабірі Хижүр деген жерде-дүр.

<sup>1</sup> Мәзкүр /араб/ — аталмыш, айтылған.

<sup>2</sup> Мукаррам /араб/ — араб күнтізбесі бойынша алғашқы, бірінші ай.

<sup>3</sup> Қабила /араб/ — ру, тайпа.

<sup>4</sup> Бина /араб/ — құрылыс; ғимарат.

## Ысқақ әлайһи салам пайғамбарлығының баяны

Ысқақ Ыбраһымның Сара есімді қатынынан туды. Ысқақ әлайһи саламның хұлқы<sup>1</sup> һәм басқа сипаттары Ыбраһым әлайһи саламға бек ұқсаған еді. Канған елі Ысқақ әлайһи салам хақында әртүрлі пікірлер ойлады.

— Біреуі қарт, біреуі кемпір, бала туатұғын ешбір салахияты<sup>2</sup> жоқ. Бір кісінің жоғалтқан баласын тауып алып, баламыз деп алдап жүрген болар, — деп сенбеді. Соның үшін Алла Тағала ол қауымды тұһматқа<sup>3</sup> түсірмейін деп, Ысқақ әлайһи саламды атасына ұқсатты. Атасыменен әр жерде тұрған уақытта бірінен екіншісінің айырмасы жоқ еді. Алла Тағала Ыбраһым әлайһи саламның сақалына ақ ендіردі. Мұның соңында ғана Ысқақ бөлек болады. Ысқақ әлайһи салам атасыменен бірге туған Таһир есімді кісінің қызын алды. Ғайс, Жақұп есімді бала туды. Екеуі егіз еді. Жақұп дүниеге соң келгені үшін Жақұп деп атады. Ысқақ әлайһи салам Шам шаһарына пайғамбар болады. Жүз сексен жыл өмір сүріп, опат болады. Қабірі Жираниеде-дүр. Ғайс Ысмағұл әлайһи саламның қызы Насимені некеленді. Ғайстың Рум есімді баласы бар еді. Рум халқы Ғайс нәсілінен-дүр. Сарұхтың баласы деп айтады. Рум биігірек сары кісі еді.

## Айып әлайһи саламның пайғамбарлығы баянында

Айып бен Амус бен Риях бен Ғайс бен Ысқақ бен Ыбраһым әлайһи салам-дүр. Рамле уа Сание деген қабилаға мағбус<sup>4</sup> болады, яғни пайғамбар болып жіберілді. Бұл екі қабила Ыбраһым әлайһи саламға иман келтіріп еді. Айуб әлайһи салам Жақұп әлайһи саламменен бір заманда болады. Айып әлайһи салам Жақұп әлайһи саламның Лейла есімді бір қызын алып еді. Айып әлайһи саламның тәнін жеті жыл құрт жегенде тәрбие қылып күткен осы Жақұптың қызы еді. Айып әлайһи саламның анасы Лұт әлайһи саламның қызы-дүр. Айуб әлайһи салам бегірек, бай адам еді. Он баласы, мыңдап құлы, Харан, Бенше деген екі шаһары бар еді.

Бір заманда Алла Тағала емтихан, яғни сынақ үшін мал-мүлкін, балаларын һәм шаһарын һәлак<sup>5</sup> етті. Айуб әлайһи салам сабырлық етіп, һәман шүкірлік қыла береді. Ешбір жарамаған хұлқ<sup>6</sup>, оғаш мінез болмаған соң, Алла Тағала риза болып, барша мал-мүлкін бұрынғысынан да артық етіп береді. Құранда мәзкүр-дүр «Уа уаһина лаһу аһлуһу уа

<sup>1</sup> Хұлқ /араб/ — мінез-құлық.

<sup>2</sup> Салахияты /араб/ — толымдылығы, шарты,

<sup>3</sup> Тұһмат /араб/ — күдік; күмән; сезік; шүбә; айып.

<sup>4</sup> Мағбус /араб/ — қамау, ұстау.

<sup>5</sup> Һәлак /араб/ — жан тапсыру; қирау; әлек болу.

<sup>6</sup> Хұлқ /араб/ — мінез-құлық.

мислаһум мағаһум рахмат минал аят»<sup>1</sup> деп. Айуб әлайһи салам ауырған уақытта ішуге тағамы болмаған соң, қатыны кәсіп етіп, тапқанын тамақ етіп, ерін асырады. Сөйтіп жүрген уақытта бір күні істеуге іс болмады. Бейшара қайғырып:

— Өзім саламат кісімін, амал қылар едім. Айубты тойдырарлық бір нәрсе болмады-ау, — деп тұрғанда бір адам келіп, оған:

— Не үшін бек қайғыда тұрсың, не мұқтажың бар? — дейді. Айубтың қатыны:

— Ерім халсіз ауру, ішуге сусыны, жеуге тамағы жоқ, ешнәрсе таба алмай тұрмын, — деп жауап береді. Бұл кісі айтады:

— Егер тұлымыңнан кесіп берсең, бүгін екеуің тоярлық тамақ берейін, — дейді. Қараңыз, мұсылман қатыны, ғибрат алыңыз, еріне нендей риушты<sup>2</sup> қызмет еткенін. Бұл сөзге де риза болып, ерін бір тойдырмақ үшін тұлымын кесіп береді. Ер адамға дүниеден кеткенше айырылмай-тұғын дос қатын-дүр. Екі дос осы секілді бір-бірінен тәнін, жанын аяма-са керек. Әлгідей болып келгенде Айуб әлайһи саламның көңіліне келіп, бұндай болғанын білмейінше айтады:

— Егер сауықсам, тұлымыңның жазасы үшін жүз қамшы соғармын, — депті.

Бір заман Айуб жазылады. Сол күндегі тұлымның кесілген себебін тексеріп сұрады. Ақырында ісі хақ, бұзықтықтан аман болған соң, уәдесіне опа қылмақ үшін жүз шыбықты бірге байлап бір мәртебе соқты. Айуб әлайһи салам ауруынан айыққан соң, Ғайс баласынан өрген Рум халқына пайғамбар болады. Екі жүз елу жыл өмір сүрді. Губут Адамнан, яғни Адам әлайһи саламның жұмақтан шығып жер жүзіне енгенінен 3787 жыл, топаннан 1545-жыл еді. Хуран шаһарында опат болады.

## Шұғайып әлайһи саламның пайғамбарлығы баянында

Шұғайып бен Мекайыл бен Лауи бен Жақұп әлайһи салам-дүр. Шұғайып әлайһи саламның анасы Лұт әлайһи саламның қызы-дүр. Шұғайып әлайһи салам Мадин, Айке<sup>3</sup> халқына жібереді. Мадин өзінің нәсаптас қабиласы емес еді. Соның үшін Шұғайып әлайһи саламға еріп, иман келтірмеді. Енді бұларға Алла Тағала көктен бұлт шығарды. Мұның соңында әуелі бұлттан от жаудырып, күйдіріп һәлак етті. Құранда мәзкүр<sup>4</sup> асхабул-Айке осылар-дүр. Өзіне ерген адамдар менен Шұғайып әлайһи салам Мекке-мукаррамға кетті, һәм Кағбатуллада

<sup>1</sup> «Уа уаһина лаһу аһлуһу уа мислаһум мағаһум рахмат минал аят — Бізден бір иәрхамет, сондай-ақ ақыл иелеріне бір үгіт түрінде оған семьясын; олармен бірге бір есе артығымен бердік. («Сад» сүресі, 43-аят).

<sup>2</sup> Риуш /парсы/ — тәсіл, амал; жол; қылық, іс; қадам, жүріс, аяқ алыс, желіс.

<sup>3</sup> Айке — бір ағаштың есімі-дүр. Мадин деген шаһардың жанында Шұғайып әлайһи саламның қауымына асхаб Лайке деп айтылады.

<sup>4</sup> Мәзкүр /араб/ — аталмыш, айтылған.

опат болады. Адам әлайһи саламның һубутынан 3939 жыл, топаннан 1697 жыл еді.

Шұғайып әлайһи саламның кемтарлығы бар еді. Аяғы ақсақ, көзі соқыр, алайда сөзі бал секілді тәтті, сөйлеген сөзін естіген адам екінші айтуын тілеп отыратұғын еді. Халыққа уағыз бен насихатты бек көп айтқаны үшін «хатибул-анбия<sup>1</sup>» деп те аталынды. Мадинде Шұғайып әлайһи салам заманында патшалар болады. Абжад, Һуз, Хати, Мадин патшаларының есімі деген де сөз бар.

### **Қызыр әлайһи саламның пайғамбарлығының баяны**

Қызыр әлайһи саламның есімі Балия еді. Бен Мелкан бен Фалиғ бен Амер бен Шалех бен Арфахшад бен Сам бен Нұх әлайһи салам-дүр. Мелкан Бахт Насырдан бұрын патша еді. Бахт Насыр патша болып, әскер көбейтіп зорайған соң, барып Мелканды жаулап алды. Мұнан соң қайтадан патшалық құра алмады. Соныменен бітті. Құранда қиссасы мәзкүр<sup>2</sup>-дүр. Мұса әлайһи саламменен жолдас болған Қызыр осы адам-дүр. «Қызыр» деп аталуының мағынасы мәңгі суын ішкеннің соңында Алла Тағаладан берілген бір қасиет еді. Әр уақытта басқан ізіндегі топырақ жасыл болып қалатұғын болады. Соның үшін Қызыр делінді. Араб лұғатша «жасыл» деген сөз-дүр. Кез келген мұқтаж адамға жәрдем бергені үшін Қызыр деп аталынды. Уа Ілияс әлайһи салам теңізде мұқтаж адамға жәрдем етті. Қызыр қыр жердегі адамға жәрдем етті. Әр екісі жылында бір мәртебе жолығады. Қызыр әлайһи саламның Пайғамбарлығы қай уақытта болғаны мәлім болған соң бағзы тарихтарда Мұса әлайһи саламнан соң жазғандар, ләкин<sup>3</sup> біз бұ жерге бұрын келтіріп жаздық.

### **Юша әлайһи саламның пайғамбарлығы баянында**

Юша бен Ифраим бен Жүсіп бен Жақұп әлайһи салам-дүр. Мұса әлайһи саламның опатынан соң, пайғамбарлық Юша әлайһи саламға берілді. Бани-Исраил Тий сахарасында үш күн тұрды. Мұның соңында Ардан жылғасына өтуге келеді. Қайық, кеме болмағандықтан жол таба алмады. Біс Юша әлайһи салам бір сандық алдырды. Ішіне Таурат кітабын салған. Жылғаның ортасына қойып еді. Сол уақытта судың ағуы тоқтайды, су азая бастайды. Бани-Исраил бәрі де өтеді. Мұның соңында сандықты алып еді, жылға орнына келеді.

Юша әлайһи салам қауымыменен Ариха шаһарын жеті күн қамап тұрды. Ақырында шаһардың қорғанын бұзып, баршасын да қылыштан өткізіп, шаһарын жаулап алды. Мұса әлайһи салам Мысырдан шыққан

<sup>1</sup> Хатибул-анбия /араб/ — соңғы пайғамбар.

<sup>2</sup> Мәзкүр /араб/ — айтылған, ескертілген.

<sup>3</sup> Ләкин, ликән /араб/ — алайда, бірақ, онда.

уақытта Жүсіп әлайһи саламның сүйегін өзімен бірге алып шығып еді. Тиіс сахарасына қояды. Өзі өлген уақытта Юша әлайһи саламға тапсырылып еді. Юша әлайһи салам Ариха шаһарын жаулап алған соң, Наблис деген шаһарға барып, Жүсіп әлайһи саламның сүйектерін көмді. Жүсіп әлайһи саламды әуелде ағалары сатқан жері еді. Наблистің жанында бір кісінің есімі еді. Мұның соңында Юша әлайһи салам Шам шаһарына патша болып, әр тарапқа, яғни жан-жаққа кісі жіберіп, үкім қылып тұрды. Жиырма бес жыл бани-Исраилдың әртүрлі қылған істерін басқарып, халықты түзетмек пікірінде болады. Жиырма бес жыл ішінде отыз бір шаһарды жаулап алды, он екі сабат, яғни Жақып нәсілінен болған қабилаларға<sup>1</sup> айтылынады. Осыларға бөліп береді. Адамнан 4014 жыл, топаннан 1772 жыл еді, опат болады. Юша әлайһи саламнан соң орнына ешкім тағиин<sup>2</sup> болмағандығы үшін қырық жыл бани-Исраил патшасыз тұрды. Бұ фасылда<sup>3</sup> айтқандарымыздан басқа бани-Исраилда болған үкіметтердің хақында әртүрлі сөз болғаны үшін бұ рисалыға<sup>4</sup> кіргізіп сөйлемедік, ләкин бағзы тарихларда Калиб бен Юқна есімді кісі Юша әлайһи саламның орнына патша һәм пайғамбар болады деген сөздер де бар. Мұса әлайһи салам қарындасы Мәриям Омранқызы Юша әлайһи саламның тахте<sup>5</sup> некесінде еді деп бағзы риуаятларда<sup>6</sup> мәзкүрдүр<sup>7</sup>.

### Ишмуил әлайһи саламның пайғамбарлығы баянында

Ишмуил бен Бал бани-Исраилдың нәсілінен-дүр, һәм бани-Исраилға әкім болып жіберілді. Адамнан төрт мың бес жүз екі, топаннан екі мың жүз алпыс жыл соң еді. «Из қала линаби лаһум абғаса лана маликан нуқатилу фи сабилиллаһи»<sup>8</sup>, — деп, Ишмуил әлайһи салам Құранда зікір қылған.

Бани-Исраилда бір сандық бар еді. Алла Тағала тарапынан келген нәрсенің баршасы сол сандықта аманат қойылмыш еді. Бани-Исраилдан болған пайғамбарлардың бірінен екіншісіне өтетін еді. Бір уақыт ол сандық амалиқа<sup>9</sup> қауымының қолына түседі. Бани-Исраилдың сандығынан айырылған соң, берекеті кетіп нашарлады. Ишмуил әлайһи саламға:

<sup>1</sup> Қабила /араб/ — тайпа.

<sup>2</sup> Тағиин /араб/ — тағайындау, қою.

<sup>3</sup> Фасыл /араб/ — тарау, баб; мезгіл, маусым.

<sup>4</sup> Рисалы /араб/ — трактат, жинақ.

<sup>5</sup> Тахте /араб/ — тақ.

<sup>6</sup> Риуаят /араб/ — әңгіме.

<sup>7</sup> Мәзкур /араб/ — аталған, айтылған.

<sup>8</sup> Из қала линаби лаһум абғаса лана маликан нуқатилу фи сабилиллаһи — (Мұхаммед ғ.с.) Мұса (ғ.с.) дан кейінгі Израил ұрпақтарының бастықтарын көрмейсің бе? Сол уақытта олар өз пайғамбарларына: «Бізге патша сайлап бер, Алла жолында соғысамыз» десті («Бақара» сүресі, 246-аят).

<sup>9</sup> Амалиқа /а/ — дәу.

— Бізге дұшпанменен соғысуға низам<sup>1</sup> тәртіп түзеткізуші бір патша жіберсін. Алла Тағалаға дұға қыл, — деп айтады. Алла Тағала Бенямин бен Жүсіп сабатынан Талут есімді бір адамды патшалыққа тағин<sup>2</sup> етті. Әуел сұрасады, соңынан Талутқа риза болмады, оны мойындамады. Бани-Исраил мен Ишмуил әлайһи саламға айтады:

— Алла тарапынан сайланған патша екенін дәлелдейтін бір белгі керек, — дейді. Ишмуил әлайһи салам жауап береді:

— Белгісі сол, қолдарыңыздан кеткен сандығыңыз кешікпей қолыңызға кірер, — дейді. Мұның соңында нәсіл, нәсабын тексерді.

— Патшалыққа біз лайық едік, — деп, Ишмуил әлайһи салам айтады:

— Сіз бен Талуттың қандай нәсіптен екенін, патшалыққа кім лайық екенін Алла Тағала өзі біледі. Сіздің ғаламыңызға мұқтаж емес, — дейді. Ұзамай-ақ сандықты Талуттың қолына кіргізді. Сонсоң Талутқа сенді. Амалиқа халқының патшасы Жалут есімді адам еді. Бани-Исраил амалиқамен соғысқа бастайды. Дәуіт Иша баласы Жалутты өлтірді. Ишмуил әлайһи саламға Алла Тағала тарапынан хабар берілген еді.

Ишаның алты баласы бар еді. Жетіншісі Дәуіт әлайһи салам қой бағып жүретұғын. Жас болуы себепті, жолда бара жатқанда үш тас Дәуіт әлайһи саламға: «Бізді алыңыз, Жалудты өлтіреміз», — деп хабар айтады. Жалут әскерінің баршасын қылыштан өткеріп, малын олжа қылып алды. Ишмуил әлайһи салам сол соғыста шаһид<sup>3</sup> болады. Ишмуил әлайһи салам өзінің тірі уақытында Құдыс шарифты Яһуд бөлімінің қалауыменен Дәуіт әлайһи саламды патшалыққа тағайындады. 4554 Адамнан, 2312 Нұхтан өтміш еді.

## Дәуіт әлайһи салам пайғамбарлығының баяны

Дәуіт бен Иша бен Уайд бен Саламон бен Бағр бен Яхшун бен Имар бен Рам бен Хазрум бен Фарыс бен Яхуд бен Жақұп әлайһи салам-дүр. Бани-Исраилға Дәуіт әлайһи саламды пайғамбар қылып жібереді хәм патшалық та берілді. Талуттан соң Талуттың қызын жұфұтланып<sup>4</sup> еді. Ишалум есімді бір бала дүниеге келеді хәм Урия деген бір адамның қатынын алып, Сүлеймен әлайһи салам дүниеге келеді. Дәуіт әлайһи салам отыз бес жасына қадар Жирон деген шаһарды мекен етіп тұрды<sup>5</sup>. Мұнан соң бани-Исраилменен көшіп келіп, Құдыс-шарифты бина<sup>6</sup> қылады, әрі көп жерлерді жаулап алды. Шаһарлардың бағзысы Палестин, Оман, Мааб, Халеб, Насибин, Арман уа басқалары да бар. Бұл шаһарларды алған

<sup>1</sup> Низам /араб/ — заң, жүйе.

<sup>2</sup> Тағин /араб/ — анықтау, тағайындау.

<sup>3</sup> Шаһид, шәһид /араб/ — құрбан болу, мерт болу.

<sup>4</sup> Жұфұт /араб/ — жұп.

<sup>5</sup> Қадар /араб/ — өлшем, мөлшер; көп, мол.

<sup>6</sup> Бина /араб/ — құрылыс, ғимарат.



уақытта Дәуіт әлайһи салам елу сегіз жасында болып, өзінің қиссасы уақиғ<sup>1</sup> болады. Дәуіт әлайһи салам патшалығынан жиырма екі жыл өтіп еді. Патшалығының баршасы қырық жыл болады. Жетпіс жыл өмір өткізіп, дүниеден озды. Адамнан 4593, Нұхтан 2351 жыл еді. Мұса әлайһи саламның опатынан Дәуіт әлайһи салам опатына қадар<sup>2</sup> 654 еді.

Дәуіт әлайһи салам өзі опатынан бұрын патшалықты баласы Сүлеймен әлайһи саламға тапсырып, Байтул-мұқаддас<sup>3</sup> салынып біткен жоқ еді. Сүлеймен әлайһи саламға өсиет етті. Дәуіт әлайһи саламға ибрани тілінше «Забур» деген кітапты ендірді, мың елу сүресі бар еді. Шарифаттың үкіміне тағаллұқлы сөзі жоқ, бәлке уағыз, насихат, хикмат еді деп бағзы<sup>4</sup> тауарихларда<sup>5</sup> зікір қылады. Дәуіт әлайһи саламның бек ғажап көркем дауысы бар еді. Забурды оқығанда әр мақұлық келіп тыңдап тұратұғын. Дәуіт әлайһи саламға тау, тас, темір секілді нәрсенің баршасын да ықтиярлы қылады. Темірді ұстаса, еріген қорғасын секілді болып жұмсарып кететұғын.

Дәуіт әлайһи салам опат болған уақытында Сүлеймен әлайһи салам он екі жасында еді. Сүлеймен секілді ешбіреуге патшалықты Алла Тағала бермеді, Құранда мәзкүр-дүр «Раббу уаһаба ли маликан ла ианбағи лиахад мин бағди»<sup>6</sup> деп. Сүлеймен әлайһи салам атасы опат болғанының соңында пайғамбар һәм патша болады. Патшалығының төртінші жылы атасының өсиеті бойынша Байтул-мұқаддасты салдыра бастайды. Байтул-мұқаддастың биіктігі отыз кез, ұзындығы алпыс кез, кеңдігі жиырма кез болып, бес жүз кез айналасына қорған салдырды. Байтул-мұқаддас биіктігі қадірлі етіп, мұнан басқа көп жұрт салдырды. Жұмладан бері Шам шаһарында Палмиз, Палус деген шаһар салдырды һәм Хуран шаһарын тұрғызды. Айуб әлайһи саламнан қалған, қарамақшы жері Мысырдан Фырат теңізіне қадар еді, һәм Бахрул-Ахмарда болған кемелерді Гинд, Суматра, Жауе тарапына жіберіп, ол жақтағы халықты өзінің қол астына кіргізді. Патшалығының 22-нші жылы Хумайр патшаларынан Билқис есімді қатын патша өз қарамағындағы халқыменен келіп мұсылман болады, һәм Сүлеймен әлайһи салам жұфұтланды<sup>7</sup>. Осындай дәрежеменен қырық жыл патшалық етті. Мұса әлайһи саламның опатынан 644 жыл еді. Сүлеймен әлайһи салам мұғжизасынан еді, жердегі шөп, аспандағы құс, жан-жануардың баршасымен фулан адамға, яки хайуанға дару үшін жаралдым», — деп, тіліменен иқрар<sup>8</sup> қылатұғын еді.

<sup>1</sup> Уақиғ /араб/ болған іс, жағдай.

<sup>2</sup> Қадар /араб/ — өлшем, мөлшер; көп, мол.

<sup>3</sup> Байтул-мұқаддас /араб/ — Иерусалим; иудаизм, ислам, діндерінің орталығы.

<sup>4</sup> Бағзы /араб/ — кейбірі, кейбіреу.

<sup>5</sup> Тауарих /араб/ — тарих сөзінің көпше түрі.

<sup>6</sup> Раббу уаһаба ли маликан ла ианбағи лиахад мин бағди — «Раббым! Мені жарылқа. Маған, менен кейін ешкімге нәсіп болмайтын патшалық бер. Әрине, сен өте жомартсың». (Сад сүресі, 35-аят).

<sup>7</sup> Жұфұт /араб/ — жұп, зайып, қосақ, жұбай.

<sup>8</sup> Иқрар /араб/ — мойындау, мойынсұну.

Сүлеймен әлайһи саламнан кейін орнына баласы патша болады, ләкин бани-Исраил екіге бөлініп, Яхуди, Бенямин есімді екі сабатына, яғни бөлігіне патша болады. Басқа он бөлімі Ифраим сабатынан Сүлейменнің қызметшісі болған бір адамды патша қылуға ұйғарды. Бани-Исраил осындай иттифақсыздықменен<sup>1</sup> екіге бөлінді. Екі патшалық болады. Біріне Яхуди дәулеті, біріне бани-Исраил дәулеті деп тасмие қылынды, яғни аталынды. Яхуди патшалығының пайтахты<sup>2</sup>, яғни патшасы тұратын жері Құдыс шариф<sup>3</sup> еді. Патшалары Сүлеймен әлайһи саламның баласы, оның баласы сол тұқымнан еді. Бұл патшалық аз болса да, ислам нұрыменен құрметті еді. Бани-Исраил қанша көп болса да, иғтибары<sup>4</sup> жоқ еді. Ғайри патшалықта да Яхуди дәулеті артық болады, һәм Алла Тағала тарапынан келген «Таурат шариф<sup>5</sup>», Мұса әлайһи саламның таяғы секілді аманат нәрселері де бар еді. Бани-Исраил патшалығының пайтахты Наблис деген шаһар еді. Соңырақ Самрие деген шаһарды салдырып, патшасы сонда тұрды. Ол шаһар Сабтие деп те айтылады. Исраил патшалығы азды. Аталарынан қалған Байтул-мұқаддасқа зиярат қылуды, әртүрлі шарифат әмірлерін орындауды қалдырды. Пұтқа табына бастайды. Мұса әлайһи салам шарифатынан айырылды. Яхуди дәулетінің ішінде бағзы бедағат<sup>6</sup> нәрселер болса да, Исраил дәулетіне қарағанда жақсы еді. Құдыс шарифта әр уақыт Таурат шариф оқылатын еді. Молдалары да көп халыққа уағыз-насихат айтады. Соныменен көп халықтың азбауына көп пайда болады. Мұнан соң Ілияс, Аляс есімді адамдар бани-Исраилға пайғамбар болады.

### Ілияс әлайһи салам пайғамбарлығының баяны

Ілияс бен Ясин бен Фатхас бен Изар бен Харун-дүр. Юша әлайһи саламның нәсілінен-дүр. Ілияс пайғамбар болып, Алла Тағала тарапынан жіберілген уақытта қауымы Бағал есімді пұтқа ғибадат ететұғын еді. Ілияс әлайһи салам қауымын бұзық, нашар пиғылдан тыюға тырысып, бек көп уағыз, насихат қылса да, халқы ілтипат қылып тыңдамады. Алла Тағалаға ғибадат қылмай, азған адамдарға азап қылатұғынын айтып, қорқытып та қарайды, әсер етпеді. Жаңбыр жаумады. Астық өспеді. Аштық болып, адамдар өлді. Бағзысы аштықтан өлексе жеді. Ақырында Ілияс әлайһи саламды іздеп тауып алып, бұйыратұғын қылып иман келтірді.

Біраз заман өткен соң олар тағы кәпір болады. Ілияс әлайһи салам қауымына ренжіп, Алла Тағаладан бұл қауымның арасынан шығып

<sup>1</sup> Иттифақ /араб/ – топ, одақ.

<sup>2</sup> Пайтахт /парсы/ – астана, орталық.

<sup>3</sup> Құдыс шариф /араб/ – қасиетті, киелі Иерусалим.

<sup>4</sup> Иғтибар /араб/ – ескерту; назарға алу; сенім.

<sup>5</sup> Таурат шариф /араб/ – қасиетті, киелі таурат.

<sup>6</sup> Бедағат /араб/ – тыйым салынған, шектелген.

кетуге рұқсат сұрады. Алла Тағала жаныбынан<sup>1</sup> рұқсат болған соң, бір оңаша жерге барып ғибадат қылып, машғұл<sup>2</sup> болады. Мұнан соң орнына Алиас есімді адам пайғамбар болады. Ғәман халыққа уағыз, насихатпенен шұғылданды. Ахтуб есімді кісінің баласы, Илияс әлайһи саламның шәкірті еді. Құран шарифтегі мәзкүр<sup>3</sup> зұлкафил Алиас әлайһи саламдүр. Бани-Исраилдың нәсілінен еді. Алла Тағала бани-Исраилдың ішінде Канан есімді бір патшаға пайғамбар етті. Алиас әлайһи салам патшаны барып хақ дінге үндейді. Алла Тағаланың мұсылман болған пендесіне қылатұғын құрметін, күнә қылған пендесіне азап қылатынын айтады. Жұмақ пен тамұқты білгізді. Патша:

— Осынша үгіттеп қоймадың ғой, менің жұмаққа кіруіме кафил<sup>4</sup>, яғни міндеткер боламысың? — деп сұрады. Алиас әлайһи салам айтады:

— Егер иман келтірсең, кафил боламын, — дейді. Сол себепті зұлкафил<sup>5</sup> деп Алла Тағала Құранда зікір етті. Тауарих кітаптарында айырып, қай заманда келіп кеткенін зікір қылмағандығы үшін айырым жазылмады.

### Лұқман әлайһи салам пайғамбарлығының баяны

Лұқман әлайһи салам Дәуіт әлайһи саламның заманында болады. Мың жыл өмір сүрді. Пайғамбарлығында ихтилаф<sup>6</sup> бар-дүр. Бағзылар «пайғамбар» деген, бағзысы «әулие» деген, ақиқатын Алла Тағала білуші-дүр. Дүниеге келіп кеткені хақында тауарихларда<sup>7</sup> көрілмегендігі үшін айырып жаза алмадым. Лұқман Судан есімді шаһардан еді. Алла Тағала екі періште жіберіп: «Хәкімдік пен пайғамбарлықтың қайсысын қабыл етеді?» — деп сұрады. Лұқман: «Пайғамбарлық жеңіл емес», — деп, хәкімдікті ықтияр етті. Алла Тағала сол қадар хикмат береді, өзінің пендесінен ешкімге оның қадарлы бергені жоқ еді. Лұқман әлайһи саламның асарлары кітабында бек көп-дүр.

### Ғамул Хизн, яғни қайғы жылы

Пайғамбарлықтан он үшінші жылы, шаууал айында Әбу Талиб сексен жеті жасында опат болады. Опатынан бұрын Құрайыш халқын жинап алып, үгіт-насихат айтады:

<sup>1</sup> Жаныб /араб/ — бөлік, бөлім, бөлшек, тарау; сан, мөлшер.

<sup>2</sup> Машғұл /араб/ — айналысу, шұғылдану.

<sup>3</sup> Мәзкүр /араб/ — аталмыш, айтылған.

<sup>4</sup> Кафил /араб/ — кепіл, жауапты.

<sup>5</sup> Зұлкафил /араб/ — кепілі бар.

<sup>6</sup> Ихтилаф /араб/ — алуан түрлі, сан қилы, түрлі; айырмашылық, ерекшелік, өзгешелік; толқу, ауытқу, кезектесу; келіспеушілік, талас, қайшылық; алауыздық.

<sup>7</sup> Тауарих /араб/ — тарих сөзінің көпше түрі.

— Мұхаммед амин-дүр, тура-дүр! Еш уақыт өтірік сөйлемес. Менің сендерге айтатұғын ақылды, үйрететұғын ісімді Мұхаммед үйретеді. Айтарым, оның әкелген ислам діні ақылға орнастатұғын жақсы нәрсе-дүр. Бір заман келер, бүтін адам оның дінін қабыл көрер. Ей, Шаһым балалары, оған қас ойламаңдар. Оның достығын қабыл көріп, оған жәрдемші болыңдар. Уа Алла, мен сау болсам, дұшпандардан оны сақтар едім, ешкім оған тие алмас еді, — дейді. Әбу Талиб бек жоғарғы дәрежедегі адам еді. Пайғамбарға зор адамшылықпенен іс жасайтын еді. Дінге кірмесе де, өтірік деп те айтқан жоқ еді. Қайсыбір кісілердің сөзіне қарағанда мұсылман болады деп айтылады. Алайда көп кісілер ол сөзді қабыл көрмейді. Оның үшін Әбу Талиб опат болған соң баласы Әли Пайғамбарға келіп: «Инна ғаммак аш-шайх аз-зал қад мата», — деп хабар береді. Мағынасы: «Қисық жолда болған қарт жақының өлді», — деген сөз. Пайғамбар естіген соң, ойға қалып жылады. Әли жылағанын көрген соң:

— Иә, Расул Алла, қад мата мүшрикан, — дейді (кәпір болып өлді). Бұл опат болған соң, көп кешікпей Расул Алланың қатыны Хадиша опат болады. Алпыс бес жасында опаты жақындаған уақытта Пайғамбар:

— Иә, Хадиша, Құдай Тағала сені басқа қатындардан, Омран қызы Мәриям, Перғауын қатыны Әсиядан да артық қылады, — дейді. Көңілін көтереді. Әбу Талиб пен хазірет Хадишаның бір жылда опаты Расул Алланы қайғыландырды. Соның үшін бұ жыл «Қайғы жылы» деп аталынды.

Бұл екеуі опат болғанның соңында Құрайыш кәпірлері Пайғамбарға ыза, ренжітулері қатайды. Хатта мұбарак жүзіне топырақ шашатұғын болады. Бек қорлады, алайда Пайғамбар басқа нәрсе істемей көтере береді. Иманға үндеу үшін жан-жағындағы ауылдарға шығатұғын еді. Тайф еліне барады. Олар исламды қабыл көрмеді. Пайғамбар Меккеге қайтады. Жолда «Батын нахла» деген жерде «Ар-рахман» сүресін оқып тұр еді, жаңалардан бір бөлік келіп иман келтірді.

## Пайғамбардың миғражы, яғни көкке шығуы

Миғраждың қалай болғаны, қай жерде болғаны туралы сөздер түрліше. Бағзы адамдар өзі бүтін тәніменен болады десе, қайсыбіреулер жаны болады, тәні болмайды дейді. Қайсыбіреулер бір рет болады, қайсыбіреулер екі рет болады дейді. Қалай болса да «болмады» деп айтушы жоқ. Осыдан адамдардың айтуы әсілде болғандығына дәлел болады. Болмаған нәрседе мұндай талас болмайды. Қайсыбір адам «шын түс» деп айтады. Хазірет Айша: «ма фақада жасаду Мұхаммед лайлатул миғраж ан фираш»<sup>1</sup>, — деп айтады. Бұ сөз шын түс болуына дәлел

<sup>1</sup> Ма фақада жасаду Мұхаммед лайлатул миғраж ан фираш Миғраж түні төсекте тек Пайғамбардың тек денесі болады, рухы аспанға ұшады.

болады. Бұлай болса, еш сөз таласу қалмайды. Құрайыштардың таңғалып, қайран болатұғыны Мұхаммедтің көзбенен көргендей Құдыс шарифны Мекке кәпірлеріне айтып бергені-дүр. Миғраж бек үлкен сөз-дүр. Хатта қайсыбір иманы кемірек адамдар «миғраж болады, осылай көкке шығады» деген соң, дінінен шығып кетті. Мұсылман болып, соңынан кәпір дініне шыққандарға «муртад»<sup>1</sup> деп айтылынады. Мұнан басқа тағы да өзінің заманына лайықты мұғжиза үшін, иманын біріктіру үшін. Хазірет Ыбраһым пайғамбар болған соң Алла Тағалаға дұға қылады:

– Ей, Алла Тағала, өлгенді қалай тірілтеді? – деп сұрады. Алла Тағала:

– Нанбайсың ба? – дейді. Пайғамбар:

– Нанамын, әмма көңілім тұрақталсын деймін, – дейді. Сол секілді Мұхаммед сали Алла әлейһи уа сәлам көрсеткен мұғжиза<sup>2</sup> асхаблардың<sup>3</sup> көңілін тұрақтандыру үшін, әмма Құдай Тағаладан бір нұр һидаят келмесе, тек мұғжизаменен болмайды. Әбу Лаһаб менен Әбу Жаһил аз көрген жоқ, бек ғажап мұғжиза көреді. Алайда өздерінің ашу һәм дұшпандығын арттырды. Көңілі қара адамдар мұғжиза һәм неше түрлі дәлелдерді көріп тұрса да нанбады. Мұсылман адамдар үшін «Құран азим» ақырзаманға шын бір мұғжиза-дүр. Миғраж жусмани<sup>4</sup>, яғни тәніменен болса да мұсылман растайды һәм нанады. Алла Тағаладан һидаят<sup>5</sup> нұр болмаса, көзіменен көріп тұрған нәрсені де растамайды. Бұл ғажап нәрсе емес.

Әр пайғамбарда осындай мұғжиза көрсеткенін растаған адамдар да болады, бас тартқандар да болады. Біздің Пайғамбардың әкелген дініне һәм мұғжиза, кереметтеріне нанбауы бір ақымақ, надандық-дүр. Құрайыш кәпірлері өздері: «Қырық жасына шейін өтірік сөйлемеді уа ғайри<sup>6</sup> жаман нәрселерді істемеді», – деп, «Мұхаммед аламин» деп атақ беріп, мұнан соң «өтірікші» дейді. Бұ дүниеде болмаған нәрсе бір адам қырық жасына шейін өтірік айтпай, басқа жаман нәрсе істемей, әр адамның қасында «Амин» деп аталғанда түрден түре өтірікші болсын. Тек бір сөз-дүр, адамның өтірік сөйлейтұғын заманы жас заманы. Адам жас толған соң өтірік айтуды, жаман фиғл ұстауды да қояды. Миғражды ислам ғұламалары инкар<sup>7</sup> еткен жоқ, еш шек, шүбә жоқ. Аһл<sup>8</sup> кітаптың, еш милаттың<sup>9</sup> миғражды инкарға жолы жоқ.

<sup>1</sup> Муртад /араб/ – діннен шығу.

<sup>2</sup> Мұғжиза /араб/ – таңғажайып оқиға; керемет.

<sup>3</sup> Асхаб /араб/ – серік, жолдас.

<sup>4</sup> Жусмани /араб/ – заттық, материалдық.

<sup>5</sup> Һидаят /араб/ – жүргізу, басқару; әрекет жасау.

<sup>6</sup> Ғайри /араб/ – басқа; бөлек, бөтен; өзге.

<sup>7</sup> Инкар /араб/ – мойындамау, бас тарту.

<sup>8</sup> Аһл /араб/ – ел, қауым, жұрт.

<sup>9</sup> Милат /араб/ – туылу, дүниеге келу.

## Тахуил құбла, яғни құбыланың ауысуы

Тарих хижраттан он сегіз ай соң шағбан айында тахуил<sup>1</sup> құбыла, яғни құбыланың айналу аяты осыдан былай қарай Құбыла Меккеге Байтуллаға қарап қылынды. Өткендегі барша Пайғамбардың құбыласы Байтул-Мұқаддас еді. Хазірет расул Мединеге келгенде Мединедегі елдің көбі яхуди болып, олардың құбыласы Байтул-Мұқаддас болған соң, оларды дұшпан ұстамау үшін һәм Мекке аһлы мүшрик<sup>2</sup> болған соң құбыла Байтул-Мұқаддас еді. Соңынан яхудилар мұсылманға дұшпан болуға мұсылмандар қуаттанып кеткен соң һәм Құдай Тағаладан аят енген соң, құбыла Байтуллаға ауысты. Құбыла айналудан бір ай соң рамазанда ораза ұстау, зекет парыз болып, пітір садақасы уажиб<sup>3</sup> болып аят келеді.

Меккеден Мединеге көшіп келген асхабларға «мұхажирин<sup>4</sup>» деп айтылады. Мединеде бұрыннан орналасып тұрған асхабларға «ансар» деп айтылады. Мұхажирларды ансар халқы өз үйлерінде қондырып, не керегін беретұғын еді. Бір-біріменен бірге тұрған адамдар секілді ас жасайтұғын еді.

### Адам ата

Атамыз Адамды Хақ Тағала топырақтан жад етіп, басын Меккеге, аяғын «Тайып» дегенге қаратып, отыз тоғыз жыл топырақ суретінде жатып, қырқыншы жылда құдірет күшімен жан кіргізген. Жанданып адам болған періштелерге: «Жұмаққа алып жүр», — деп бұйырған. Жұмаққа кіргені соңында Тәңірім Жебірейіл періштеге сайрандаттырып нендей қызықты көрсеттірген. Бірақ өзіндей екі аяқты, екі бақұлды, домалақ басты пендені көрмеген. Періштелер, хорлар не суретте, Тәңірім өзі біледі. «Жаратқан досым жалғыз тұр ма?» — деп, Тәңірім адамның сол сүбелік қабырғасынан анамыз Хауаны жаратып, он сегіз жастағы қыз суретте сондай ғажайып көркем етіп, Жебірейіл періштеге хұтпа оқытып, екеуін жұптап қосқан. Хақ Тағала бұйырған:

— Әй, Адам мен Хауа, мына жұмақтағы нендей нығмет шараптар, жемістер, шарбаттар сіздерге халал қылдым. Асаңыз, ішіңіз, рахаттаныңыз. Сайрандаңыз, жүріңіз, көріңіз. Тек осы қара бидай жемісінен жемеңіз. Бұнан тыйдым. Егер де бұдан бұйрықсыз жесеңіз, залымдардан боласыз, — деген екен.

«Қаулу Тағала ла тақраба биһазии шажара фатакун мин залимин»<sup>5</sup> аяты Хақ каламында жад етілді. Ібіліс әлайһи лағнат атамыз жұмақты сайрандап кеткенде жалғыз отырған анамыз Хауаны азғырып алдап:

<sup>1</sup> Тахуил /араб/ — жыл ауысу; тапсыру.

<sup>2</sup> Мүшрик /араб/ — кәпір, дінсіз.

<sup>3</sup> Уажиб /араб/ — керек, қажет; міндет

<sup>4</sup> Мұхажирин /араб/ — көшу; босқын.

<sup>5</sup> Қаулу Тағала ла тақраба биһазии шажара фатакун мин залимин — Алла Тағаланың сөзі: мына ағашқа жоламаңдар, жазықтылардан боласыңдар («Бақара» сүресі, 35-аят).



— Сіздер осы жапырақ жемісінен жесеңдер, өлмейсіз, — деп аяған болып, үйретеді. Анамыз алданып, жапырақтан жеміс жұлып алып, жартысын жеп, жартысын атамыз Адамға қойған. Атамыз жұмақты сайрандап келгесін қойған жартыны анамыз атамызға берген. «Жеме» дегенді ұмытып кетіп, о да жеп жіберіп шайнағанда бұйрық есіне түсіп, жұтуға жібермей, суы, дәмі ары кетіп, қалғаны тамақта сүйек болып тұрып қалған. Ерлерде жұмған сүйек бар, әйелдерде жоқ. Хауа жұтып жіберген. Адам (ә. с.) «жеме» дегені есіне түсіп, жұтып жібермей, тамақта тоқтатқан. Анамыз Хауа шайтанға алданып, «жеме» деген жапырақты тұрып барып, қолымен жұлып алғаны үшін қалған тұқым әйелдерге екі түрлі пәле берген. Ол хайыз<sup>1</sup> бен нифас<sup>2</sup>. Хайыздың көбі он күн, әрі үш күн. Он күн болғаны жапыраққа барғанша он қадам басқан. Үш күн болғаны аяқпен барады. Қолымен жұлды, аузымен жеді, осы себептен. Нифастың көбі қырық күн. Азында шек жоқ. Қырық күн болғаны жапыраққа барғанша қырық дем алған. Сол себептен.

### Қабыл мен Әбіл

Хақ Тағала: «Ей, Адам! Лабуданы Қабылға, Ақлиманы Әбілге бер», — дейді. Бұл сөзге Қабыл разы болмады. Ал Әбіл разы еді. Адам алайһи-салам айтады: «Ей, Қабыл, Ақлима саған ретті емес». Қабыл айтады: «Ол маған қандай қарындас болса, бұл да сондай». Адам алайһи-салам айтады: «Ондай болса, екеуің де құрбандық шалыңдар. Қайсыңыздың құрбандықтарыңыз қабыл болса, Ақлиманы сол алсын». Әбіл бір семіз қойды құрбандық беретін жерге апарып қояды. Қабыл шығымы нашар, бір бау бидайды апарып қояды. Көктен от түсіп, Әбілдің қойын күйдірді. Қабылдың бидайын күйдірмеді. Ібіліс алайһи лана келіп Қабылға айтады: «Әбілдің құрбандығының қабыл болатын себебі, Хақ Тағалаға беделі бар, атаң Әбілді жақсы көреді, сүйеді. Адамның ішкі арамдығы мынау: халифалықты да, қызды да Әбілге береді», — дейді. Қабыл ашуланып айтады: «Әбілді өлтірейін, қыз да маған қалсын, халифалық та маған қалсын». Сөйтіп өлтіру жолына түседі. Қабыл шынында да Әбілді өлтірді. Бұл қылмыс шайтанның оған деген ықпалын одан сайын күшейтті. Оны Ібіліс былай деп үгіттеді: «Ей, Қабыл! Сен отқа сәжде қылағаның үшін Құдай Тағала сенің құрбандығыңды қабыл алмады. Оның үстіне шарап та ішкенің жоқ. Әбіл жапан далада жүріп, арақ ішті, отқа сәжде жасады. Сол себептен құрбандығы қабыл болады. Қабыл: «Олай емес», — деп еді. Ібіліс алайһи-лана бір пәсте жетпіс мәрте ант ішті. Одан кейін Қабыл шарап ішіп, отқа сәжде жасауды әдет етті.

<sup>1</sup> Хайыз /араб/ — етеккір; намаз оқымау.

<sup>2</sup> Нифас /араб/ — дем, тыныс.

## Зұлқарнайын

Ескендір Зұлқарнайын патша бір күні ғұсаларын<sup>1</sup>, хикмет иелерін жинап алып:

— Көрдің бе, кітаптан пенденің жасын ұзартуға айла мен тәсіл бар ма? — деп сұрапты. Бір адам түрегеп айтқан көрінеді:

— Атамыз Адамның (ә. с.) өсиет кітабы ішінде көрдім. Қап тауынан арман қараңғылықта бір шешме, яғни «ғайнул хаят<sup>2</sup>» деген бұлақ су бар. Одан әркім барып ішсе, қияметке дейін өлмес екен. Ол шешмені бірақ құтып елі біледі. Басқалар білмейді, — депті. Құтып елі:

— Біз қозғалсақ, дүние қозғалады, біздер бара алмаймыз, — дейді. Оларды қозғамай, Қызыр пайғамбарды ертіп, он екі жылдық азық алып, баласын өз орнына басшы қойып, халқын балаға тапсырып кеткен көрінеді. Дүниені қараңғылықта жарық ететін жауһарлар алып кеткен екен. Дүние кезіп, Қап тауынан арман қараңғылықта жүргенде Қызырдың (ә. с.) атының аяқ басқаны білінген. Жауһармен қараса, «ғайнул хаят» екен. Сонан Қызыр пайғамбар су ішіп, таһарат<sup>3</sup> алып, Зұлқарнайынға нәсіп болмаған дейді.

## Нұх пайғамбар мен бір кемпір

Топан су әуел тахрир<sup>4</sup> қылғанда, хазірет Нұх ғалайссаламның нан жабатұғын тандырынан білінді. Ол тандыр тас еді, хазірет Хауа анамыз нан жапқан, сонан әулетіне мирас қалған. Ол уақытта ол тастың орнап тұрған жері — Куфа шаһарының «Бапкенде» деген даруазаның елінде. Қала туралы бұл күнге дейін жеткен әңгіме бар. «Куфада опа жоқ болған, бағышы сол Куфа шаһарының бұрынғы заманда зорлығы сондай: бір шетінен кірген керуен он тоғыз күнде бір шетінен зорға шығар еді. Енді осы күнде сонан дәнеме жоқ. Әр жерде жалғыз-жарым қалған үйлердің ескі орны бар. Ешқайда кете алмай қалған, өшпейтұғын, өспейтұғын, екі үйі бір жерге бірігіп отырмайтұғын, ант жеткен, қарғыс кеткендердің тұқымы бар», — дейді.

Нұх пайғамбар: «Топан суы тасиды», — деп, жиырма жыл кеме жасаған. Сонда кәпірлер: «Қартайғанда алжып, ашамайшы шал болады», — деп келемеж қылған. Жалғыз сиыры бар бір кемпір бар екен. Құдайдың құтты күні жалғыз сиырын сауып, пісіріп, ұйытып, қатығын Нұх пайғамбарға әкеліп: «Шырағым, су тасығанда жалғыз сиырыммен мені кемеңе ала көр!» — дейді екен.

Топан су тасыды, көк пен жердің арасы суға толды. Кемпір қайда, кеме қайда? Нұх пайғамбар оны ұмытып кетті. Алты ай, он күн су

<sup>1</sup> Ғұса /араб/ — құса, қайғы.

<sup>2</sup> Ғайнул хаят /араб/ — жұмақтағы бұлақтың аты.

<sup>3</sup> Таһарат /араб/ — дәрет алу, тазалану.

<sup>4</sup> Тахрир /араб/ — бостандық, еркіндік.

дүние жүзін түгел қаптап жатты. Сонан соң дүние жүзіне құрғақшылық келеді.

Бір күні қаңғалақтап баяғы кемпір тағы қатығын алып келіп тұр дейді:

— Шырағым-ау, су тасығанда мені, жалғыз сиырымды кемеңе ала көр! — депті.

Сөйтсе, кемпір байғұстың ықыласы зор, жүрегі шын болғандықтан, Нұх ұмытса да, Құдай ұмытпаған екен. Кемпір Нұх пайғамбардан қайтып, үйіне барып, сиырын сауып, қатығын ұйытып, ұйықтап жата қалыпты. Сол ұйықтағаннан ұйықтап, дүние ай-жай болған соң бір-ақ оянып, қатығын алып келіп тұрғаны екен. Жалғыз сиыры да аман. Міне, Құдайдың шеберлігі — осы.

### Ыбраһым пайғамбар

Мұхаммед пайғамбардан (с.ғ.с.) бұрынғы Ыбраһым пайғамбарға Алладан бір үн келеді. Сосын ол өмірінде Ыбраһымға:

— Аллаға бір құрбан шал, — дейді. Ыбраһым:

— Түйе шалайын ба, жылқы шалайын ба? — деп төрт түлікті атап шығады. Сонда ол:

— Жоқ, жалғыз ұлың Ысмағұлдың өмірін қи, — дейді. Ысмағұл:

— Атамның құрбандығына жарасам, маған басқа не керек? — деп ризалығын білдіреді. Содан әкесі мен баласы Қандалаға жол тартып кетеді. Жолда Ібіліс кездесіп, Ысмағұлға:

— Әкең сені өлтіруге апара жатыр, — деп азғырады. Бірақ Ысмағұл оны тыңдамастан, оған бір тас лақтырып қалғанда, ол Ібілістің көзіне тиіп, соқыр боп қалады. Қандалаға жеткен соң Ысмағұл әкесіне:

— Аяқ-қолымды байлап бауызда, — дейді. Әкесі:

— Жоқ, онда мен сені зорлықпен әкелген болам, байламаймын, — дейді. Баласын тамақтан орып жібергенде Алладан рақым келіп, пышақ баласына дарымай, қара тасты қақ жарады. Одан бір қошқар шыға келеді де, мойнын ұсынады. Осыдан құрбандық малдың аяғын байламай сою деген қалады.

### Жақып пайғамбардың ұлы Жүсіп туралы

Жақып пайғамбардың екі әйелінен он екі баласы болады. Соның ішінде Жүсіп деген баласын ерекше жақсы көреді екен. Сол Жүсіп бір күні түс көреді. Түсін әкесіне айтады. «Түсімде ай, күн және он бір жұлдыз төбеме төніп тұр екен», — дейді. Осыны айтқанда оның бір қарындасы жанында тыңдап тұрады. Сонда әкесі Жүсіптің түсін жориды.

— Ай — патшалықтың белгісі, күн — пайғамбардың белгісі, он бір жұлдыз — он бір ағаң, олардан сенің мәртебең артық болып, олар саған бағынышты болады екен, — дейді.

Мұны әлгі қарындасы басқа балаларына айтып қояды. Сонда олар інісін көре алмай, оған қастандық ойластырады. Бұлар Жүсіпті ертіп аңға шығады да, оны зынданға тастап жіберіп, үйге келгенде әкесіне:

— Жүсіпті қасқыр жеді, — деп айтады. Әкесі оларға:

— Ендеше сол қасқырды ұстап әкеліңдер, — дейді. Олар бір қасқырды ұстап әкелсе, қасқыр Жақыпқа сөйлеп қоя береді:

— Мен сенің Жүсібіңді жегем жоқ, өзім өлген күшіктерімді қайғырып жүрмін, — депті. Жақып содан жылап жүргенде бір түс көреді. Түсінде Алла Тағала «жеті» деген санмен аян береді.

Жүсіпті құдықтан жолай кездескен кірешілер шығарып алады да, өздерімен бірге алып кетеді. Жолдан олар бір шаһарға соғады. Шаһардың патшасы күллі елді шақырып, өзінің түсін жорытып жатыр екен. Ешкім жөнді ештеңе айта алмайды. Сонда Жүсіп келіп, патшаның түсіндегі жеті семіз сиыр мен жеті арық сиырды былай деп жори келе:

— Жеті жыл ырзыққа кенелесің, шөп те, егін де, жеміс те жақсы өседі. Артынша жеті жыл жұт болады, — дейді. Патша:

— Егер осының шын боп шықса, тағымды берем, — деп уәде береді. Шындығында да солай болады. Жүсіп патша болады. Осы кезде жоқшылыққа ұшыраған оның он бір ағайыны патшадан көмек сұрап келеді. Жүсіп оларды күтіп, аттандырарда өзінің бұрынғы көйлегін атасына беріп жібереді. Ағалары сол білмеген күйінде Жүсіпті танымастан аттанып кетеді. Атасына келген соң әлгі Жүсіптің көйлегін берсе, жылай-жылай соқыр болған көзі ашылып, Жүсіптің көйлегін танып, жылап қоя береді. Жақып баласын тауып кездескенде, оған қарсы жүгіреді де, Жүсіп аттан түсіп үлгерместен екеуі көріседі. Пайғамбардың денесі өлген соң шірімейді дейді екен. Бірақ Жақып өледі де, оның денесі басқа адамдардікіндей шіріп кетеді. Бұл Жүсіптің Жақыппен ат үстінде тұрып амандасқандығынан дейді.

## Мұса пайғамбар

Мұса пайғамбар Қызыр әлейһи саламға жолығып, жолдас болған екен. Қызыр әлейһи салам айтқан:

— Маған жолдас болып ерсең, менің қылған істерімнен ешнәрсе сұрамағайсың. Соңында өзім айтармын, — деген. Кемеге мінген көп кісіге тап болып, мінген кемеңі тесе бастаған. «Ішіндегі адамдарды суға қарық қыларға тесесің бе?» — деген. Жаңа көп бала ойнап жүрсе, бір баланы ұстап алып өлтірген. Сол шаһарда екі жетім бала бар екен. Аталарынан қалған үйі бір жағына құларға шақ тұр екен. Қызыр әлейһи салам оны құлатпай, түзеп салып берген. Балалардан ақы сұрамаған. Мұса әлейһи салам Қызырға сұрақ қойыпты. Жұмыстар туралы сұраған сұрағына соңынан жауап айтармын дегенге қарамаған. Сондағы Қызыр әлейһи саламның берген жауабы:

— Кемеге тап болғанда кемеңі тескенім, кеме бір атадан қалған бес баланікі еді. Үш бала ақсақ, соқыр, ауру еді. Екі бала соған табыс тауып, азық таситын еді. Сол елде бір жауыз патша бүтін кемеңі жинауға әмір еткен. «Пайдаға жарамайтын тесік кеме» деп алмай кетсін дегенім. Көп балалардан ойнап жүрген бір баланы өлтіргенім, ата-анасы өте жақсы мұсылман еді. Бала бұзық, ұры, жауыз еді. Атасы: «Менің балам жауыз, ұры емес», — деп, халыққа ант беріп ақтайтын еді. Сол себепті. Үйі құларға шақ тұрған екі жетім баланың әкесі бай болған еді. Құлайтын қабырғаның астына балаларға сақтаған қазынасы бар еді, алтын, күміс еді. Үй құласа, сол асылы көрініп, әркімнің қолында кететін еді. «Балалар есейгенде тауып алар, алтын көрінбесін», — деп түзеткенім. Былай еткенім — Тәңірім ырзалығы үшін, ақы алу үшін емес, — деген.

Сол қазынаның ішінде бір хат бар. Сөзі мынадай: «Ғажап етем, таңғаламын сол адам баласына! Ертеңгі күні өлім келерін анық білер, тірлігінде өлместей көріп, шаттанып сүйінер. Дүние малы, заты... Ғажап етем, таңғаламын сол адамға. Тамұқ отының барын анық білер. Қайғысы жоқ, шаттанып кетер. Таңғаламын, ғажап етем сол адам баласына. Екі ішінде күзетші жазушы барын білері анық. Жаман сөйлеп, жауыздық қылар. Ғажап етем, таңғаламын сол адам баласына. Тәңірі Тағаланың қазасы, бәлесі барын білер. Сол қаза, бәле келген уақытта қайғырар, Құдайдан әмірсіз нәрсе болмас. Ғажап етем, таңғаламын сол адам баласына. Пәни дүниенің жалған екенін, қалатынын анық білер. Бірақ сол дүние үшін Құдайдан, құдадан, естен, достан, ұл-қыздан, көршіден айырылар», — деген.

### Су патшасы Сүлеймен

«Су патшасы Сүлеймен» деген патша болған екен. Ол қатал, мінезі ауыр, ашуланшақ болыпты. Патша болған кезінде талай адамдарды қырған соң, Сүлейменді жер жұтқан екен. Жерге кірген соң, суға кеткен адамдарды «Сүлеймен суға тартып кетті» деп айтатын болған.

Сүлеймен патшаның жақын адамдары алыс жақта тұрады екен. Сол маңайда бір адам бидай егіп, диқангершілікпен айналысады екен. Диқанның бидайы жайқалып тұрғанда Сүлеймен жақын адамдарын өз үйіне шақырыпты. Қонақтары:

— Диқанның бидайынан өте алмадық, — дейді.

Сүлеймен: «Бидайды шығармаймын», — деп диқанға айтады. Диқан жылап, Пайғамбарға келеді. Ол Пайғамбарға:

— Сүлеймен бидайымды шығармаймын деп жатыр. Бидайсыз қалай күн көреміз? — деп диқан жылайды. Сонда Пайғамбар тұрып:

— Бір жерде ағаш бар, сол ағашты кесіп алып, бір құдыққа әкеліп өрте. Құдыққа күлін таста, — дейді.

Диқан сол айтқан ағашты құдыққа әкеліп өртеп, күлін құдыққа тастайды. Құдықтың тартылып кеткен суы асып-тасып, бұрынғысынан да көбейіп, бидай суғарылады. Бидай былтырғысынан да қалың шығады. Су патшасы Сүлеймен қонақтарын сол мезгілде тағы шақырыпты. Қонақтары он күн дегенде әрең жеткен екен.

### Хакім Ұлықпан

Хакім Ұлықпан патшаға жаманатты болып, зынданға тасталып, үстін тақталап жер етіп жіберген екен.

Бірнеше жыл өткен соң ол патша өліп, орнына басқа патша отырыпты. Бір күні жаңадан болған патшаның тамағына сүйек кетіпті. Түйіліп қоймаған соң, емшілерге қаратыпты. Ешкім дауасын таппапты. Сол елде бір білгір адам бар екен, соны шақырып алдырыпты. Патша келген адамға өз жағдайын айтып беріпті. Соңда ол адам:

— Өттеген-ай, бұл қиын жағдай екен. Бұдан бірнеше жыл бұрын Хакім Ұлықпан деген адам өтіп еді, сол кісі болғанда бұл кеселдің дауасын табар еді. Бірақ оны тауып алу қиындау ғой, — депті.

Сонда патша:

— Хау, аға, неге қиындау болады? — депті.

— Ол адамды сізден бұрынғы патша ғзап қылып, жердің астына көміп тастап, үстін жер етіп жіберіп еді. Содан тауып алу қиын-дағы, — дейді.

Патша ертеңіне халқын жинап алып, Хакім Ұлықпанды іздеуді тапсырады. Оны іздеп жүрсе, бір жерден кішкене ойық табылады. Соны кеңейтіп қараса, Хакім Ұлықпан зынданда жатыр екен. Жаңағы білгір адам тесікке басын тығып:

— Ұлықпан! — депті. Еш дыбыс шықпапты. Үш рет атын атап шақырыпты, бәрібір еш дыбыс естілмейді. Сонан соң: «Ұлықпан, қорықпай-ақ қой. Саған ғзап қылған патша өлді. Одан бері біраз жыл өтті. Орнына басқа адам патша болды. Жаңадан болған патшаның тамағына сүйек кетіп, сені тауып алу үшін халқын жинап іздеп жатыр!» — деп қатты бақырыпты.

Сол уақытта зынданнан:

— Жаным бар, тірімін, бірақ әлсізбін. Олай болса, патшамызға айтып барың, бізді шығарып алсын, — деген сөз естіледі.

Патша бұл хабарды естігеннен кейін Хакім Ұлықпанды дереу шығарып алады. Хакім Ұлықпан бес-алты күн патшаның сарайында болады. Сонан кейін:

— Патшамыздың тамағына сүйек кетіп еді, жағдайы қиын. Соны қарайсыз, — дейді уәзірлер. Соңда Хакім Ұлықпан:

— Мен отыз күн демалайын, жердің ызғары ұрып кеткен екен, — дейді. Ұлықпан отыз күн демалады. Онан соң тәуір болып, патшаны қарауға кіріседі. Ұлықпан патшаға айтады:



– Сіздің дертіңізге дауа нәрсе – балаңызды төбеңізге қойып шалу. Онан басқа ем жоқ, – дейді. Патша баласының өлтірілуіне наразы болады. Сонан кейін Хакім Ұлықпан патшаның уәзірлерін оңаша шығарып алып:

– Патшаның баласын шалмаймыз. Патшаны әртүрлі сөздермен көңілді етіңдер. Мен баласын алдына әкелемін де, арт жағына шығарып, бір серкені шаламыз, – дейді. Уәзірлер патшаға:

– Патшам, халық сіздің тілегіңізде. Бір баланың қанын кешіңіз, бөтен жас әйел алып, балалы боларсыз, – деп өтініш етіп, патшаны көндіреді.

Баланы екі жігіт патшаның алдынан өкіртіп алып өтіп, сыртына айнала бергенде әкеліп қойған серкені шалып жібереді. Патша:

– Уах, баладан айырылдым! – деп жылайды. Күйініп қиналған патшаның аузынан «уах!» дегенде тамағындағы сүйек анадай жерге торс етіп түседі. Патша ес-ақылынан айырылып, талып қалады. Ес-ақылын жинаған соң, халық келіп: «Балаңыз тірі!» – деп сүйінші сұрайды. Патша аман-сау қалғанына той-тамаша беріп, Хакім Ұлықпанды қатты сыйлайды.

### Лұқман ата мың жасапты

Ертеректе Лұқман деген ата болыпты. «Ол кісі мың жасқа келіпті» деген сөз бар. Кариялардан сұрастырып қарағанда, Лұқман атайдың болғаны рас сияқты. Ол кісі бай болмаған, жарлы болған. Аздап оқығаны бар, сөзге бай, халыққа өте жағымды адам болған. Кімде-кім зәбір көрсе, Лұқман сол адамға жәрдемдесетін болған. Әсіресе жалпы қара халыққа көп жәрдемдескен. Осының арқасында аяқ жетіп, құлақ естір жерге атағы жайылған. Қандай болмасын шеше алмаған дау-жанжал болса, Лұқман атай келетін. Бұл кісі бай болсын, жарлы болсын, жалтақтамастан дұрыс кесім (билік) айтатын болған. Себебі халыққа басы сыйлы адам болғандықтан, бір елге бір мәселе үшін барса, екінші ауыл өздеріне шақырып алып кетеді, одан үшінші бір ауыл алып кетеді. Міне, осылай ел аралап жүре берген. Ол өзінің жүрген жерінде барлық жанжалды, дауды бітіріп жүрген. Лұқман айтқан билікке сот та, молда да, ел де разы болған. Ол мәселе тұжырымды болған. Сонымен Лұқман халыққа тек сыйлы қонақ болған.

Лұқман өзінің өмірінде мың рет әділ билік айтқан. Сол үйде мың рет қонақ болған. Әрбір қонақ немесе айтқан билігін бір жасқа есептеген. Мінеки «Лұқман мың жасапты» деген әңгіменің мәнісі.

## Қарынбай мен Пайғамбар

Қарынбайдың байлығында шек болмапты. Қай уақытта болсын Қарынбайдың үйіне қонақ келсе, «үйде түк жоқ» деп қайтарады екен. Қарынбайдың бұл қылығын Пайғамбар елден естіп, үйіне барады. «Маған қой соятын шығар», — деп ойлайды.

Қарынбай Пайғамбарды үйіне кіргізеді. Байдың әйелі:

— Пайғамбар келіп қапты, бір қой сояйық, — дейді. Сонда Қарынбай:

— Жоқ, мысық соямын, — деп, мысықты сойып, пісіріп, Пайғамбардың алдына қояды. Пайғамбар байқап қалып, етке: «Пышпыш», — дейді. Мысық дастарқаннан қаша жөнеліпті. Пайғамбар далаға шығып, атына мініп тұрып:

— Құдай саған бала бермей, жүнге түскен біте бол! — дейді де, кетіп қалады. Пайғамбарға адамдар:

— Саған Қарынбай не сойды? — деп сұрайды. Пайғамбар:

— Мысық сойды, — депті.

Бір күні пайғамбар Қарынбайды шақырып алып:

— Дүниеге тойдың ба? — дейді.

— Тойған жоқпын, — депті Қарынбай. Сонда Қарынбай тізеден жерге кіріп кетеді. Пайғамбар тағы:

— Тойдың ба? — депті. Бұл жолы Қарынбай кіндіктен жерге кіріп кетіпті. Пайғамбар үшінші рет қайталағанда, Қарынбай:

— Дүниеге тойған жоқпын, — депті. Сонда Қарынбайды жер тартып кеткен екен. Содан бері «Қарынбай отыз күн оразаға бір мал соймай, қара жер тартып кетті бойлай-бойлай» деген өлең жолдары жарамазанға үзінді ретінде қосылған екен.

Дүниеге адам көзі тірі кезінде еш уақытта тоймайды екен, тек көзіне топырақ құйылғанда ғана тояды екен.

## Әзірет Әли

Әзірет Әли деген өте зерек, алғыр, батыр адам болған. Өзі өте тапқыр әрі өте күшті кісі болыпты. Әзірет Әлиді бір күні Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) шақырып алып, мынадай тапсырма беріпті:

— Сен пәлендей жердегі арабтар мен еврейлер бірігіп отырған қаланы аласың. Қаланы алған соң, арабтарды мұсылмандыққа келтіріп, жөйіттерге салық саласың. Еврейлердің мұсылмандыққа мойынсұнғандарына тиме, мұсылмандықты қабылдамағандарын жойып жібересің. Еврейлердің қыз-келіншектерін осында алып келесің, — деп тапсырма беріпті.

Сонымен Әзірет Әли көп әскермен барып, айтылған қаланы қоршайды. Бұл Арабияның өз жеріндегі қала еді. Сол қалада арабтар мен жөйіттер бірге тұратын еді. Арабтарға қарағанда жөйіттердің саны

басымырақ, сондықтан қаланы басқарып отырған әкім де жөйіт болатын. Әкім болып қаланы билеп тұрған жөйіттің аты-жөні белгісіз еді. Сонымен қаланы араб әскері қамап, қоршап алады. Жөйіт патша өзінің әскерін сапқа тұрғызып, соғысқа алып шығады.

Сол кездегі дәстүр бойынша алғаш әскербасылары, араб жағынан Әзірет Әли, жөйіт жағынан қала әкімі жекпе-жекке шығады. Әзірет Әлидің күшіне төтеп бере алмай қала әкімі жөйіт опат болады. Жөйіт патша аттан құлап бара жатқанда талдырмаш қана сауыт киген жас батыр келе сала Әзірет Әлиге найза салады. Ол кезде Әзірет Әлиге ешкім қарсы келе алмайтын. Әлгі жас батыр аттан құлап бара жатқанда қараса, жөйіт патшаның қызы екен. Қала әскері Әзірет Әли әскерінен жеңіліп, арабтар мұсылман болып, ислам дінін мойындайды. Жөйіттерді қолға түсіріп, жас қыз-келіншектерін Арабияға айдап әкеледі. Қарауыл болып тұрған жігіт қолға түскен мүсәпірлерге қарап:

— Ертең таңертең сендерді әскер сыбағасына бөліп береді. Олар күн ете ме, құл ете ме, өздері біледі, — дейді.

Әзірет Әлиден жеңілген қыз сол тұтқындар ішінде екен. Әкесі соғысқа кетіп бара жатқан кезінде қалада әкесінің сандығының ішінде тұрған қазынадан көп алтын дүниесін алып шыққан екен. Бір уыс алтынды қарауыл жігітке беріп, Әзірет Әлимен кездестіруін өтінеді. Әзірет Әлиге өтініш етіп, Мұхаммед пайғамбармен кездестіруін өтінеді.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) да сол тұтқындар ішіндегі ықпалды кісімен сөйлескісі келетін ниеті болса керек. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) өзінің кісілерімен бірге отырған жерге әлгі қызды кіргізеді. Бибі Батпаның да сол жерде екенін айтады. Қыз ішке кіріп келгенде пайғамбарымыз не мақсатпен келгенін сұрайды. Қыз тағы да иіліп, тағзым етіп:

— Тақсыр, мен бұдан бұрын да ислам дінін қабылдауға дайындалып жүр едім. Мүмкін болса, сіздің алдыңызда ислам дінін қабылдасам, — деп өтініш білдіріпті. Қыз тілегін мақұлдап, калима айтқызып, ислам дінін қабылдайды. Қыз ислам дінін қабылдап болған соң:

— Тақсыр, менің сізден өтінішім бар, — дейді. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.):

— Иә, айтыңыз, — депті. Қыз:

— Мені сол Әзірет Әлиге қоссаңыз, өзіңіз некемізді қисаңыз, — деп өтінеді. — Мені енді қыздарыңыз қатарына қосып, «қызым» деп қабылдаңыз, — депті. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) «қызым» деп қабыл алған екен. Содан Әзірет Әлиге қосып, некесін қиыпты. Қыз пайғамбарымызға тағы да бір өтінішін айтыпты.

— Менің бірінші туған баламның атына сіздің өз атыңызбен менің атымды қосып, ат қоюға рұқсат етсеңіз, — деген өтінішін де қабыл алып, батасын беріпті. Оның бірінші туған баласының атын «Мұхаммедәнапия» деп қойыпты.

— Тақсыр, сіздің атыңыз бен менің атыммен аталған ұл бүкіл ислам дінін таратуға атсалысады. Олардан ұлы адамдар шығады. Олардың ғұмыры ұзақ болары сөзсіз, менің осы пікірімді қолдап, бата беріңіз, — депті. Пайғамбарымыз оған да бата береді. Сонымен Әзірет Әлиге қосылған Әнапия деген қыз бірінші туған баласына Мұхаммедәнапия деп ат қояды.

### Ақ атаның бұлағына Әзірет Әлидің келуі

Ақ ата әулиенің бұлағына Әзірет Әли атын байлап, жылтыр тас арасынан аққан судан су ішіп, дәрет алып, бесін намазын оқыған екен. Атын байлаған бір метрдей көк жусан әлі күнге дейін сығымдалып өседі. Аттың шапшығандағы ізі тасқа таңба болып түскен. Ізі саз балшыққа басқандай анық. Жартас беті дүлдүл ізіне толы. Жартастың төменінде жылтыр тас арасынан мөддіреп су ағып жатса, жоғары жағында шөккен түйенің төсі мен төрт табанының ізі тасқа батқан. Түйеде жүргенде тамақтанатын ас-ауқаты болған. Қару-жарағын қойған үлкен тас та тұр. Тастың үстіне киім-сауытын қойып тұрып, Әзірет Әлі:

— Егер осы бұлақтың тұтқасы болса, Ақүйік өзенін аттың сауырына салып алып кетер едім, — деп, көтеріп қайта қойған екен. Жалпақ тас үстіне тізесіне дейін кірген аттың төрт тұяғының ізі бар. Содан кейін «Астапыралла»<sup>1</sup> деп, екі рет мінәжат намазын оқып, Құдайға құлшылық етіп, тәубеге келген деседі.

### Манас сахаба

Пайғамбар заманында Манас сахабада бала болмапты. Алладан тілек тілеп, Алланың елшісі Пайғамбардан өзінің тілегін жеткізеді. Сахаба да өмірімде артымнан із қалмас деген оймен: «Жеті жасар өмірі болса да», — деп тілек тілейді. Алла оның тілегін қабылдап, бала берген екен. Елі жиналып, үлкен той-думан жасап, жетім-жесірлерге құдайы беріп, сол құдайыны жеті жыл бойы тілеп шығып, бәріне беріп отырған. Жеті жыл өткен соң, сахаба өзінің баласының өмірін Алладан сонша қысқа қылып тілегеніне қатты реніш білдіреді. Содан Пайғамбарға барып: «Алла Тағала баршаға бала беруін тілеймін, енді алатын уақыты болды», — деген екен. Сонда Алла Тағаладан былай хабар келіпті:

— Ол кісінің баласы өсіп, өркендеп, жүз жасайды, себебі халық жиналып тілек тіледі, Құдайы берді. Сол үшін ұзарттым, — депті. Қазақтың құдайы беруі осыдан қалған.

<sup>1</sup> Астапыралла /араб/ — Алла Тағала, кешір мені.

## Һамза, Лумза әңгімесі

Пайғамбар заманында ағалы-інілі жігіт болады. Біреуінің аты — Һамза, біреуінің аты Лумза екен. Өздері жалаңаш, кедей, ішер ас, киер киімге зар. Бірақ мінездері оңды, қыздан қылықты, екі аяқты адамзаттың жорғасы, намаздан қалмайды. Намазға жұрттан бұрын келеді, жұрттан соң шығады. Егіз қозыдай жарасып, жұрттың көзіне түсіп, аузына ілінеді. Сөйтіп жүргенде ан Хазіретіміз бір соғыстан түскен олжа үлестіргенде, екеуіне екі қара қой береді. Мүбәрак<sup>1</sup> алақанымен қойдың арқасынан бір-бір сипап, екі қара қойды үйлеріне алып барады. Қойлар бұты толған бұлақ болады. Бүгін қырықса, ертең жүні өсіп шыға келеді. Құдайдың құтты күні қырқатұғын болады. Киім мен тамаққа мол жарыды. Бұрын жоқшылықта екен, ішіп, жеп, киіп, дән деген соң: «Барлық жақсы екен ғой, байлық жақсы екен ғой!» — деп, баюға құмар болады. Қыңқылдап, ан Хазіретіміздің құлағының тынышын кетірді.

— Ағайынды екеуіміздің баюымызға бата берсеңіз екен! — деп мазасын алды.

— Қой, балам, осы екі қойдың жүні, сүті сендерді аш қылмайды, жалаңаш қылмайды, осыған қанағат қылыңдар! Бай болған Қарабайдың не болғанын құлақтарың естімеді ме? — деп еді. Ондай-мұндай сөзге тоқтамады:

— Хазірет Оспан да бай, Сәдуақас та бай, Ғаббас та бай. Байлар пәлен құл азат қылады, ашқа тамақ, жаяуға ат, жалаңашқа тон береді. Оның сауабын өзіңіз айтып тауыса алмайсыз. Құдайдың қанша мол жақсылығын бізден қызғанасыз ба? — деп, құлағына маза бермеген соң, шын ықыласпен емес «жығылған жағыңнан тұрма!» дегендей:

— Малдың астында қал! — деп, бата беріпті. Сонан соң бұлар дүрілдеп байып, шаһарға түгіл, далаға сыю қайда, жонға шығып кетті. Қиыр жайлап, шет қонып, ұзақ мойынға кетіпті. Бұлардың байлығы сондай, малының санына жете алмапты. Артқысын санаймын десе, алдыңғы санағанын ұмытып қала берсе керек. «Сан жетпеген» деп сондай малды айтса керек.

Бір күндерде ан Хазіретіміз зекетші жіберіпті. Барған зекетшіге зекет беру қайда, Әбу Жаһил лағин Мұхаммед хақында не айтқан болса, Құран сөзіндей жаттап алған екен. Ылғи Пайғамбар хақында қиянат, ғайбат сөзді ағасы бастап, інісі қостап:

— Баяғыда бір-екі қара қой беріп едім деп, біздің қыр соңымыздан қалмай-ақ жүр екен ғой! — деп, барған зекетшіні жанымен қайғы қылып жіберіпті.

Зекетші келіп, көрген-білгенін айтқан екен, Пайғамбар нанбапты. Нанбаған себебі мұның алдында бір жұртқа зекетші жіберіп, ол зекетші

<sup>1</sup> Мүбәрак /араб/ — берекелі, қасиетті, құтты.

барған жерін жамандап, қиянаттап келіп, пайғамбар соғыс ашуға аттандырып, бұлар барса, алдыңғы сөз шіп-шикі өтірік шығыпты. Соның хақында «Жалғаншының сөзіне нанып, арандап қалмаңдар!» деген аят келіп отыр екен. Ол аят мынау: «Иа, айуһа лазина аману ин жаакум фасиқун бинабааин фатабайяну ан тусибу қауман бижаһалатин фатусбиху ала ма фағалтум надимина»<sup>1</sup> деген аят келген.

Зекетшілердің сөзіне нанбай, ан Хазіретіміз өзі барыпты. Барса, малдың астында қалған екен. Қойдың жүні тау-тау, төбе-төбе болып, Пайғамбар барған күні қой қырықтыру науқаны болып жатыр екен. Пайғамбар барған соң, «апысы кіріп, күпісі шығып», асып-сасып:

— Уай, тақсыр-ай, Құдай [сізді] де көрсетеді екен-ау! Жақсы келдіңіз! — деп, «жайылып жастық, иіліп төсек» болып, ағайынды екеуі жорғалағанда, Уәли ханның асында жорға, бәйгесінің алдында келген Жананның көк ала жорғасы мен ханның сырғанақ боз жорғасы айдалада қалыпты. Ағасы інісіне:

— Тұр, мал ап кел, сой! — дегенде, інісі шыға беріп, ағасына көзін қысыпты. Онысы: «Өзің бері шығып кетші!» дегені екен. Ағасы:

«Әлгі семізін ап келмей, арығын ап келер, өзім шығайыншы!» — деп, жүгіріп шығып, екеуі сыбырласып:

— Аузын ұрып, аяғын сыпырған жарықтықтарды қалай қиып, бас салып соямыз? Жетім күнінде не жемеді дейсің? Бір мысық сойып, палау басайық! — деп, жанға көрсетпей, мысық сойып, палау басты дейді.

Табақты Пайғамбардың алдына ап келіп қойған заман бір бүртiк ет табақта қалмай, мысық тiрiлiп, iшек-қарнын шұбатып, мияулап жүре бергенде, екеуі жүгіріп шығып, ұялғаннан жүннің арасына кіріп кетіп, қайта жарық жалғанның жүзіне шыға алмай, қара күйе болып кетіпті. Қара күйе өзі екі түрлі болады, себебі сол дейді. Бұл әңгіменің қиямет қайымға дейін айтылып жүруіне мұның хақында «Ләйіл» сүресі келген деседі.

«Айналайын, Һамза, Лумза малды үсті-үстіне топырлатып жиды. Санап, санына жете алмады. «Сол жиылған мал сол бойымен тұрады. Өзімізге өлу жоқ, ол малға ешқайда кету жоқ», — дейді. Ол мал дүние жиюшының өзіне «Хұтыма» деген тозақтан кейін болмайды. «Хұтыма» деген тозақ ішіне түсісімен күйдіріп жібереді екен. «Сондай ол Һамза, Лумза да жүннің ішіне кірісімен, күйігі күйе болады!» — дейді. Жалғанда осы Һамза, Лумзаны еліктеушілер ақыретте «Хұтыма» атты тозаққа кіргенде, түсісімен күйе болып кетсе керек».

<sup>1</sup> Иа, айуһа лазина аману ин жаакум фасиқун бинабааин фатабайяну ан тусибу қауман бижаһалатин фатусбиху ала ма фағалтум надимина — Әй, мүміндер! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысының үстіне көтермеңдер. Өзара бір-біріңе дауыстағандай Пайғамбарға дабырлап сөйлеспендер. Амадарың жойылып, аңғармай қаласыңдар («Хұжрат» сүресі, 2-аят).



## Аплатынның ажалы

Баяғыда бір «Аплатын» деген бір адам өмір сүріпті. Ол данышпан әрі білгір адам екен. Ол өзінің қашан өлетінін алдын ала болжап біледі. Ажалдан қорыққан Аплатын өзінше өлімнен құтылудың жолын іздейді. Ол ағаштан ойып, отыз тоғыз Аплатын жасайды да, қырқыншы болып өзі отырады. Енді жаналғыш Әзірейіл келсе, қырық Аплатын отыр екен. Әзірейіл қарап-қарап, қай Аплатынның жанын аларын білмей кетіп қалады. Барып Құдайға болған істі айтады. Құдай жаналғыш Әзірейілге:

— Сен онда бір шыбынды алып, Аплатындардың мұрнына жібер. Қайсысы шыбын қонған кезде қимылдаса, соның жанын алып кел, — дейді.

Жаналғыш барып, шыбынды Аплатындарға жібереді. Шыбын әр Аплатынның мұрнына қонады, бірақ ағаштан жасалған Аплатындар қозғалмай отыра береді. Ең соңында нағыз Аплатынның мұрнына қонады. Сол кезде Аплатын шыбынды ұшырайын деп, қолымен қағып жібергенде, жанында байқап тұрған Әзірейіл қағып алып кетеді. Аплатын осылай қаза болады.

## Ысқақ бап

Қазақ даласына ислам дінін тарату жолында Ысқақ бап бастаған араб жасақтары көшпенді елдің көпшілігінен қарсылық көреді. Сол уақытта Қаратау өңірінде Ғұмар баба дейтін жергілікті халықтың көсемі болыпты. Ол бір күні Ысқақ бапқа келіп: «Еліме келіп қана қоймай, халқыма тізелерің де батты. Бірақ сен сонша жерден келгенде бостан-бос келген жоқ шығарсың? Одан да дініңнің қандай қасиеті, кереметі бар, бізге көрсетші, соны байқайық», — деген екен.

Сонда Ысқақ бап құбылаға қарап тұрып, Аллаға жалбарынып дұға оқыды дейді. Әлден уақытта күн бұлттанып, аспан алай-дүлей боп найзағай ойнап, жаңбыр жауып, Алланың кереметімен аспаннан бір ақ қошқар түседі дейді. Мұны көрген Ғұмар баба мен қарамағындағы елі таң-тамаша қалып, бәрі түгелдей мұсылман дініне кіріпті. Ғұмар баба өзінің Ықылас (Бабатүкті шашты Әзіз) атты баласын Ысқақ бапқа көмекші етіп берген екен.

## Бабатүкті шашты Әзіз

Бірде Құмкент шаһарының адамдары шашты Әзізге келіп:

— Қаратаудың баурайы қуаңшылықтан қуарып, ел де, мал-жан да шөлдеп, қаталап тұр. Құдіретіңе бас иейік, бізге су тауып бер, — дейді. Сонда шашты Әзіз қазіргі Жылыбұлақ деген саздауыт жерге келіп,

асатаяғымен жерді бір ұрғанда болар-болмас су шығыпты. Шашты Өзіз сол таяғын шаншыған жерден бастап, сүйретіп жүріп отырғанда, артынан көз жасындай су ілесіп ағып отырыпты. Ертеңінде сол жерде Ніл дариясындай су толқып жатыпты. Енді бұл дарияның суы қаланың астына кіріп, қаланың жер астына түсіп кету қаупі төніпті. Тіпті ел дариядан өте алмай қалыпты. Содан баяғы ел шашты Өзізге қайта келіп:

— Уа, құдіретті Өзіз, мына суды тоқтат! — деп жалыныпты. Сонда шашты Өзіз келіп, екі рәкат намаз оқып, дарияның көзіне бір үлкен тасты тастатқаннан кейін су көзі сап тыйылыпты.

### **Бабатүкті шашты Өзіздің пері қызына үйленуі**

Бағзы заманда Баба Ғұмар деген кісі әулиелік қылып жүрген шағында бір қызға көзі түсіпті. Баба Ғұмардың көзі түскен қыз Құдайдың құдіретімен жүкті болып қалады да, ұл туады. Ұлына Бабатүкті шашты Өзіз деп ат қояды.

Бабатүкті шашты Өзіз жиырма бес жасқа келгенде әулиелік жолға түседі. Бір күні Ағұн (бұл кейде Ніл дариясы деп те аталады. Әсілі Ағынды өзені болса керек) дариясының жағасынан алтын шашын алдына алып тарап отырған аруды көреді. Бабатүкті шашты Өзізді байқап қалған қыз дереу терең суға сүңгіп кетеді. Оның артынан әулие де сүңгиді.

Дарияның түбінде қаз-қатар тізілген алпыс ақ отауды аралап жүріп әлгі ару қызды тауып алады. Ол өзі ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, үстінен жұпар аңқыған, бұлықсып бойжеткен пері қызы екен. Бабатүкті шашты Өзіз қызды көріп, көңілі тояды. Оны өзіне де қимай келген жерінен кері қайтып кеткісі келсе, перінің қызы әулиенің етегінен тартып жібермейді. Ол:

— Егер мені алмай кетсең, он бестегі күнәмді мойныңа жүктеймін, — дейді. Бабатүкті шашты Өзіз:

— Олай болса, мен сені алайын, — деп келіседі.

Екеуі үйленіп, некесін қидырады. Некелескен күні перінің қызы Бабатүкті шашты Өзізге:

— Мен етігімді шешкенде аяғыма қарамайсың, көйлегімді шешкенде қолтығыма қарамайсың, басымды жуғанда шашыма қарамайсың, — деп шарт қояды.

Күндердің күнінде Бабатүкті шашты Өзіз әйелінің етігін шешкенде аяғын көреді. Ол ешкі тұяқты екен. Көйлегін шешкенде қолтығын қарайды, қолтығының астында өкпе тәрізденіп қанат көрініп тұрады. Шашын жуғанда бас терісін сыпырып, алдына алып жуады екен. Мұны сезіп қойған әйелі:

— Әулие, шарт бұзылды, мен енді сенің қасыңнан кетемін. Ішімде алты айлық ұлың бар. Мені енді іздегеніңмен таппайсың. Балаңды Ағұн

дариясының жағасындағы Құмкент шаһарының маңына тастап кетемін. Өзің іздеп тауып аларсың, — дейді. Осыны айтады да, перінің қызы аспанға ұшып кетеді.

Бабатүкті шашты Өзіз пері қызынан туған перзентін іздеп, Ағұн дариясының жағасындағы Құмкент шаһарына келеді. Шаһар маңынан жібек жөргекке оралған баласын тауып алады. Баласына Едіге деп ат қойып, оны бағып-қағып өсіреді. Әкелік парызынан құтылған Бабатүкті шашты Өзіз баласы Едігені ержеткен соң Ноғайлы жұртының ханы Тоқтамысқа әкеліп табыстайды да, ел жұртының алдында көзден ғайып болады.

### Қожа Ахмет

Мұхаммед (с.ғ.с.) дүниеден өтерде өзінің дінін ұстаушы, исламға адал берілген мүридтерін жинап:

— Мен көз жұмған соң, бірнеше жүз жылдан кейін менің ілімімді жалғастырушы бір әулие дүниеге келеді. Соған менің аманатымды кім сақтап, еш қиянат жасамай жеткізіп береді? — деп сұраған екен. Сонда топ ішінде тұрған Арыстан бап:

— Уа, аса қадірлі пайғамбарым! Егер маған сенсеңіз, аманатыңызды мен жеткізіп берейін, — депті басын ие тағзым етіп.

Сол кезде Мұхаммед (с.ғ.с.) Арыстан бапқа бір түйір құрма жемісін беріпті. Осы құрманы Арыстан бап бес жүз жыл тілінің астына салып, бойтұмардай сақтаған екен. Бұл екі арада Арыстан бап әбден қартаяды. Бірақ аманатты сұрап ешкім келмейді. Содан Арыстан бап, бәлкім кездесіп қалармын деген үмітпен ел аралап шығады.

Талай-талай елдерді кезіп, жер-жаһанды шарлайды. Содан Отырар өлкесіне жеткенде Арыстан баптың жанына бір бала жақындап келіп:

— Ата, менің аманатымды бермейсіз бе? — дейді. Сол жерде Арыстан бап:

— Қарағым, іздегенім сен едің, міне аманатың, — деп, тілінің астындағы құрманы алып беріпті. Ал ол бала Қожа Ахмет екен. Пайғамбардың аманатын тапсырған Арыстан бап сол жерде қаза болып, сонда жерленіпті.

### Ясауи мен Жақып ата

Қожа Ахмет Ясауи Сыр бойын аралауға келгенде, Жақып атамыздан:

— Уа, Жақып, мына дариядан қалай өтеміз? — деп сұрапты,

— Сізге дариядан өту қиын болып па? Жүре беріңіз, — деп дуа еткен екен. Әзірет Сұлтан дарияны кешіп өте берген. Міне, осы сапарда Сыр бойындағы барлық Қорасан ата, Қасым ата, тағы басқа әулиелерді аралап, қайтадан баяғы судан өтетін жерге келеді. Сол жерде бесін

намазын оқиды. Намаз оқып жатқан жайнамаздың бас жағынан кішкене қарақұрт шығады. Бұлар намаз оқып біткенше құрт үлкейіп, адам жұтатын дәрежеге жетеді. Сонда Әзірет Сұлтан намаз оқып болып, Жақып атаға бұрыла қарап:

— Уа, Жақып, сен дем сал! — дейді. Жақып ата дем салғанда әлгі құрт әбден кішірейіп, бұрынғы қалпына келіпті. Жақып ата:

— Не етейін, құртып жіберейін бе? — дегенде,

— Қой, сол қалпында қалсын, — депті. Әзірет Сұлтан шәкіртіне риза болып, Тассуаттан өтіп, арғы бетке шыққан соң:

— Уа, Жақып, қолыңды жай! Сенің енді бұдан былай лақап атың «Құрт иесі Қылауыз» болсын, — деп, батасын берген екен. Содан бастап қарақұрт пен жылан шаққан адамдарды емдейтін болған екен.

### Қожа Ахмет Ясауи мен Баба Машын

Хорасан жұртынан Баба Машын атты әулие Әзірет Сұлтанның атын естіп:

— Пайғамбар заманында болмаған жаршы, Имам-и Ағзам заманында болмаған жаршы қайдан шығады? Мен қойдырамын, — деп, үй іші, бала-шағасымен көшіп Түркістанға келеді. Әзіреттің жар салып жатқан жеріне кіріп, зікір-насихаты басылғанша өз бала-шағасын танымай қалады, еш нәрсемен ісі де болмайды, естен танып қалады. Зікір басылған соң әйел, баласын танымағанымен, айқайлап, жынданып сөйлейді. Сонда Әзірет:

— Бұл ақымақ жынданып қалыпты, жынын қағып алыңдар, — дейді. Сол кезде Софы Данышман:

— Бір ағашқа байлап қойыңдар, — дейді. Жүз кісі шамасы келмейтін кісіні екі адам байлайды. Мырза Жүсіп атты Әзіреттің дүрешісіне:

— Сен бұған бес жүз қамшы ұр, — деп бұйырады. Оны ұрды ма, ұрмады ма, ол қамшыны ойына да алмады. Бес жүз қамшыны ұрып болған соң, Мырза Жүсіп өз бетімен бір қамшы ұрып еді, құлындай даусы шығып, шыңғырып ойбай салады.

— Енді босатыңдар! — дейді. Отырғандар мұның мәнісін: «Бес жүз қамшы ұрғанда даусы шықпады, ал бір қамшы ұрғанда құлындай шыңғырды, бұл қалай?» — деп сұрағанда, Әзіреті айтады:

— Мұның арқасын Ифрит диюі қорғаған еді, ол кері ұрғанда тосып тұрып, денесіне дарытпады. Мен айтқан бес жүз қамшы ұрылып болған соң, ол дию енді ұрмайды деп, тентектің тентектігі ұстап, бір ұрып жібереді. Тентектің де өмірде керек орны болады, — деген екен.

## Қарабура мен Құрбан атаның байланысы

Қоңыраттың белгілі аталарының бірі Құрбан атаның жерленуі жайлы аңыздай болған әңгіме халық арасында кең таралған. Құрбан ата сап-сау отырып, қасына балалары мен туыстарын жинап алып:

— Мен бейсенбі күні дүниеден өтемін. Сүйегімді ақыреттік пірім Қарабура әулиенің қасына апарып жерлеңдер! Денем жұма күні қабірге қойылатын болсын, — деп өсиет айтады.

Созақтағы Қарабура әулиеге баруға бір апталық жол керек екенін білсе де, отырғандардың барлығы Құрбан ата өсиетімен келіскендей болады. Өзі айтқандай, Құрбан ата бейсенбі күні таңғы намаз кезінде дүние салады. Ата өсиетіне адал ұлдары жедел қимылдап, мәйітті ақ киізге орап, атан түйеге артып, жолға шығады. Жұма күні сәске кезінде алдарынан бір топ аттылы адам кездесіп, жөн сұрасады. Құрбан атаның балалары:

— Атамыз дүниеден өтті. Атамыздың өсиеті бойынша сүйегін Қарабура зиратына жерлеуге алып бара жатырмыз, — дейді. Жолаушылар таңырқағандай болып:

— Бүгін жұма күні Құрбан атаның жаназасына қатысып, қабіріне топырақ салдық, — дейді де, жөндеріне кетеді. Құрбан атаның балалары анығын сұрамақ болғанда, жолаушылар ғайып болып кетеді. Құрбан атаның балалары: «Бұл қандай сыр болды?» — деп, түйені шөгеріп, ақ киізді жазып қараса, Құрбан ата сүйегінің де ғайып болғанын көреді. Не де болса Қарабура әулие зиратына барып, анығын білейік деген Құрбан ата балалары бірнеше күн жол жүріп, Созаққа келіп Қарабура әулиенің шырақшысынан аталары жайлы жөн сұрайды. Шырақшы жас қабірді көрсетіп:

— Аталарыңның ниеті қабыл болып, Ғайып ерен қырық Шілтен оны жұма күні жерледі, — дейді. Қабір басында Құран оқиды. Құрбан ата осы күнге дейін Қарабура сағанасының түбінде жатыр.

## Ыбырайым шайх

Оқшы ата жас кезінде жетім қалып, ел жағалап, қыпшақ ішіне келіп, жалғыз қызы бар бір кемпір-шалға өкіл бала болады. Осында мешіт ашып, ислам дінін уағыздаған. Бір күні ол Қожа Ахмет Ясауиге сәлем беріп әрі баласымен бірге егін орысып қайтуға бармақ болады. Ол кезде Ақмешіт ханы елден салық жинағанда, кезекпен әр елден бір қыз қоса алады екен. Сонда атасы:

— Балам, сен кетіп барасың, жақында хан келеді, мына қарындасыңнан айырылып қаламыз ғой, — депті.

— Ата, егер хан келсе, «Ыбырайым шайх» деп үш рет айғайласаңыз жетемін, — деп жауап қайтарыпты. Содан Түркістанға барып, Әзірет

Сұлтанға сәлем беріп, баласы екеуі арпа орады. Ол жоқта өкіл әкесінің ауылына салық жинауға хан келеді. Сонда атасы Ыбырайым шайхтың үш рет атын атап шақырады. Ат үстінде нөкерлерімен тұрған хан аттан құлап түседі. Кейбіреулер «мен аттым» деп даурығып жатқанда Ыбырайым да жетеді.

— Сендер даурықпаңдар, менің атқаным рас болса, жүрегінде арпаның қылтағы болуы керек, — дейді. Ханның жүрегін жарса, арпа қылтағының тұрғанын ел көреді. Содан Оқшы аталған деседі.

### Мырза Жүсіп

Хазірет пірзадасы Имам Юсуф Хамаданидің ұлдары келе жатып, оны қарсы алу үшін алдынан Мырза Жүсіпті шығарыпты. Сырдарияның ар жағына өтіп, бастап алып келеді. Мырза Жүсіп дарияның бір терең жеріне келіп, қылышымен бір салып қалып еді, дария қақ жарылып, жол болды. Бірақ өтуге қорықты. Содан соң Мырза Жүсіп аттан түсе салып, дария суын пышақпен кесіп, орамалына түйіп алып, жолаушыларды аман-есен өткізеді. Оларды өткізіп болған соң, суды қайта орнына төгіп жібереді. Су өз орнына барып ағып жатты, жоғарғы жағы төменгі жағынан биік болып аққаны көрініп тұрды. Бір уақытта «Мырза Жүсіп» деп шақырғанда, Хазіретіміз (с.ә.с.):

— Мұны «Мырза Жүсіп» деме, «Ғашық Жүсіп» деп шақыр, — дегенде өз-өзінен өртеніп, күйіп кеткен екен. Бұл қасиетті адам зираты Түркістанның оңтүстігіндегі 25 шақырым жерде «Ихан» деген елді мекенде.

### Садуақас ата

Садуақас ата Пайғамбарымыздың қадірлі сахабаларының бірі, сахи<sup>1</sup> адам болған. Ол жөнінде Мұхаммед пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір отырыста бір сахаба:

— Кім сахи? — деп сұрақ қояды. Сонда Әзірет Әли:

— Менен өткен сахи кім бар? Ислам діні жолында, үш рет құл болып сатылдым, артық дүние менде жоқ. Алған олжаны тегіс ғаріп-қасерге бөліп беремін, — дейді. Пайғамбар:

— Сахи — Садуақас, — деп жауап берген екен.

Әзірет Әли үйіне келіп Фатима анамызға болған жайды айтады. Фатима анамыз Садуақастың жалғыз баласы Абдулланың қанын ем үшін алып келуге үйіндегі қызметшісін жұмсайды. Қызметшісі Садуақастың үйіне келіп:

<sup>1</sup> Сахи /араб/ — жомарт, қолы ашық; ақкөңіл.



– Ем үшін балаңыздың қанын беріңіз, – дейді.

– Қазір бала келсін, – депті Садуақас атамыз. Артынша бала да келеді. Әлидің жіберген қызметшісі анау-мынауға қарамай, баланы тамақтан шалып жіберіп, қанын алып кетеді. Садуақас «Тағдыр ісі шығар», – деп, әйелі екеуі баланы бөлек бөлмеге аққа орап қояды. Сол күні Пайғамбарды сахабаларымен мейманға шақырып қойған болатын. Пайғамбар сахабаларымен тегіс келеді. Дастарқанға ас келген соң:

– А, Садуақас, асқа Абдулланы шақыр, бізбен бірге тамақ жесін, – дейді.

– Тақсыр, оқудан келген жоқ еді, – деген сылтау айтады. Пайғамбарымыз үшінші рет шақырғанда, бала: «Ассалаумағалейкум», – деп сәлем беріп кіріп келеді.

– Кешіріңіз, даусыңызды естіп келдім, – дейді бала. Пайғамбарымыз баланы қасына отырғызып, ауқатты бірге жейді. Әзірет Әли мен Фатима анамыз бұл жайды көзімен көрген соң, Әзірет Әли кешірім сұрап, райынан қайтады. Садуақас ата әйелімен екеуі қабақ шытпай, сыр бермей, Құдайға шүкірлік етіп, сабырлық еткені белгілі болады. Содан Садуақас ата «Сақи ата» аталады.

## Садыр ата

Садыр ата атпен келе жатып, атын суарғанда, аты суды тоқымдығына дейін кешіп ішеді екен. Садыр ата атын суарып тұрған кездің бірінде үш қаз келіп, біреуі атаның бір жағына, екеуі екінші жағына келіп қаңқылдап, тізесіне бастарын қойып, біраз тұрып кетеді. Ол өзінен басқаға көрінбейді. Бір уәли кісі көреді. Атаның үйіне келгенде, әлгі уәли кісі мұның мәнісін сұрайды.

– А, көрген екенсің ғой. Бисмиллаһи рахмани рахим, ла илаһа иллалла<sup>1</sup>. Иллалада пайда бар, білмеген құлға не айла бар, жатар жерің қараңғы, шамшырағың сайлап ал. Шамшырақтың абзалы ла илаһа иллалла деп үзбей Аллаға беріліп, айтып жүрсең, көресің, – деген екен сонда Садыр ата. Бұл атаның мазары Қожакент ұжымшарының күншығысында орналасқан.

## Қазаншы ата

Созақ шаһарында Қазаншы ата әулиенің сағанасы бар. Осы әулие атына байланысты халық арасындағы әңгімелерге қарағанда, Қожа Ахмет Ясауидың кесенесіне орнатылған Тайқазанды тебриздік шебер Абдул Әзіз ибн Шарафуддин 1399 жылы құйып бітіреді. Осы алып

<sup>1</sup> Бисмиллаһи рахмани рахим, ла илаһа иллалла /араб/ – аса мейірімді Алланың атымен бастайын. Алладан басқа жаратушы жоқ.

қазанды жасаудағы өнеріне риза болған Қожа Ахмет Ясауи аруағы шеберге елес беріп:

— Көзіңді жұм, дарынды өнеріңді жоғары бағалап, сені Меккеге апарып, зиярат еткізіп қайтпақшымын, — дейді. Бірақ рұқсатсыз көзін ашпауды ескертеді. Шебер Қожа Ахмет Ясауидің ескертпесін орындамай көзін ашып қараса, толқынды көк теңіздің үстінен ұшып келеді екен. Меккеге зиярат етіп қайтқаннан кейін Қожа Ахмет Ясауидің аруағы шеберге уәдеде тұрмағандығын айтып:

— Саған менің қасымнан топырақ бұйырмайтын болады. Сен Созақтағы Қарабура әулие жанында болатын болдың, — деп аян береді. Міне осы Қазаншы әулие сол қазанды соққан шебердің қабірі екен дейді.

### Бабажан әулие

Жетімдердің пірі болған Бабажан шырақшы Бақшайыс атаның жанынан екі қой айдап, алдына немересін алып есекпен өтеді. Сол жерде бес-алты бала асық ойнап жүр екен. Бабажан есектен түседі де, балалармен асық ойнап кетеді. Есек үстіндегі немересі қойлар кетіп қалғанын көріп жылайды. Сонда Бабажан:

— Бақшайыс екі қойды бағып береді, — деп, асық ойынын жалғастырып, кеш болған соң бір қойшының үйіне қонады. Сонда немересі:

— Ата, қойды қасқыр жеп қоятын болды ғой, — десе, Бабажан:

— Менің қойым қасқырды жеп қояды, қорықпа, балам, — депті. Таң ата Бақшайыс әулиеге барса, екі қой бұрышта (екеуі жіпке қосақталған), қасқыр екі қойдың жібіне оралып өлгенін көріпті.

Хорасан баба ертеңгісін бамдаттың парызын Меккеге барып оқиды екен. Оны білген Бақшайыс ата:

— Мені де ала кетіңіз, — деп өтінеді.

— Мақұл, ертең ертеменен есіктің алдына түйе келеді, артыма мінгесіп отыр, бірақ жұмған көзіңді ашушы болма, — дейді. Бір кезде қайда келе жатыр екенмін деп көзін ашса, бір елдің үстіне құлап түсіпті. Сол елдің патшасының қазынасы ұрланған екен, сол кезге тура келіп, бұл кісіні ұстап алып, талға байлап азаптапты. Хорасан баба қайтарда Бақшайыс атаны байланған талымен қоса жұлып алып кетіпті. Талдың түбінің топырағы әр жерде шашылып қалған көрінеді. «Бекер болды, көзіңді ашпа деп едім, қанша бейнетке қалдың, шашылған топырақ сияқты, ұрпағың да шашылып кететін болды ғой», — деген екен Хорасан ата.

## Айқожа ишан

Ислам шайх Айқожаның бойында жұрт сезе бермейтін тылсым күш бар екеніне жұрттың көзін қалай жеткіземін деп жүреді. Бір күні Ислам шайх шәкірттеріне екі бөлмелі жатақхана (кең құжыра) салдырады. Содан белағаш салғызғанда жарты кез жетпей қалады. Мүлдем болмаған соң, шәкірттері Ислам шайхқа келеді. Сонда:

— Айқожамен ақылдасып көріңдер, — депті ұстазы. «Ә, бәлем, сыналар кезің келді ме?» — деп қуанған шәкірттері Айқожаға келеді. Сонда Айқожа ештеңеден саспай, белағаштың жетпей тұрған басынан қос қолдап ұстап, «Тәңірім, қолда!» — деп тартып қалғанда, белағаш сағыздай созылып, дәл орнына келген екен. Содан кейін шәкірттері Айқожаны төбесіне көтереді. Оқу бітірген соң шәкірттері Құлболды, Марал, Қасым, Айқожа ишандарға шатырихат тапсырып, Ислам шайх олардың әрқайсысына жол қаражат, бағалы дүние тапсырады. Бұл жолы да Айқожа:

— Тақсыр, маған батаңызды берсеңіз жетеді, — деп байлыққа қол созбайды. Айқожа оқу бітіріп, елге қайтарда Ташкенттегі баяғы Бектің үйіне келеді. Әйелі қыз туған екен, ол қызды Айқожаға береді. Айқожа қызды алып, елге екеу болып қайтады. Елге келген соң, ел Айқожаны құрметтеп, зиялы қауым пір тұтыпты.


## Әбдіжалил бап пен баласы Құсайын-Ғази

Хорасан атаның Құсайын-Ғази атты баласы болыпты. Ол қалмақ еліне шабуыл жасап, оларға қырғын көрсеткендіктен Ғази атаныпты. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда Құсайынға найза да, қылыш та, мылтық оғы да өтпеген.

Құсайын жұма күннің бамдат<sup>1</sup> намазын оқып тұрғанда Бабаның ғайып болатынын сезіп жүретін көрінеді. Бір күні себебін сұрағанда желдей ұшатын ақ маямен Мекке, Мәдинаға барып, бамдаттың екі бас парызын сонда аяқтаймын деген екен. Тағы бір күні ұлы Құсайын әкесінен рақым етіп:

— Рұқсат етіңіз, Қағбаны осында көшіріп әкелейін, — дейді. Сынамақ үшін рұқсат береді. Сонда баласы кереметпен Қағбаны аспан арқылы көшіріп әкеледі. Мұны көрген бап баласының іліміне риза болады. Бірақ: «Қағбаны бұл жерге аяқасты етуге болмайды, ауадан төмен түсір, көлеңкесін сызып алып, орнына серігін соқтырайын, бұдан былай зиярат етушілер Меккеге бармай-ақ осы жерден-ақ қажы аталатын болсын», — деп, баласына рақым етіп: «Қайтадан өз орнына апар», — дейді. Ол өтініш орындалады. Сол уақыттан бері Түркістан уәлаятындағы Хорасан ата мазары екінші Мекке аталады дейді.

<sup>1</sup> Бамдат намаз — таң намазы.



**Мұса пайғамбар.**

**М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
қолжазба қоры (190-бума, 4-дәптер)**



426

296 бет көл маңында. 1

## Хаким - ұлықпан.

Хаким - ұлықпан патшаның  
неғемек атына болып зиядақта  
таспаһон, үшкір таспаһон тер  
ешкір таспаһон екен.

Бірнеше жылдар өткеннен соң,  
ол патша өшкір, ортаңа баста патша  
болыпты. Бұл күні таспаһон болып  
патшаһон таспаһон сүйек  
кеңісті. Түркі патшаның қарапаты  
ешкір дүрсөт таспаһон.  
Сол күні бір билік адам бер екен,  
сол күні патша айдарып  
Патша келген адамға өз жағдайын  
айтып беріпті.

Сенде ол адам:

- Дүрсөт ай, бұл қыян соғу екен.  
Бүгін бірнеше таспаһон Хаким -  
ұлықпан деген адам өшкір еді.  
Сол кісі болсаң, бұл кеселінші  
дүрсөт тобар еді, бірақ оны тоғыз  
алу тоғыздай той, - дейді.

Сенде патша:

- Қау, ато, неге қараңдау болмады, - дейді.

Ол адам сүзген бүркітін көйме,  
сөзін қойып, тердің өшкір көйін  
таспаһон, үшкір тер ешкір  
таспаһон еді. Соған тоғыз алу  
қыян дота - дейді.

Хакім Ұлықпан.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
қолжазба қоры (894-бума, 11-дәптер)



Суретші Е. Оспанұлы



# АУЫЗЕКИ ӘНГІМЕЛЕР

Ауызекі әңгіме — нақты оқиғаны, тарихи тұлғаның немесе жеке адам өмірінің елеулі сәттеріне, көпшілікке мәлім ерекше жағдайларға, елдің әлеуметтік жайттарына, тұрмыс-тіршілігіне т.б. қатысты оқиғалар баяндалатын аңыздық прозаның саласы. Оны фольклорлық жанр ретінде қарастырғанда, шығарманың негізгі идеясына, көркемдік сипатына, эстетикалық әлеуетіне терең мән беріледі. Оның бойында сюжет тұрақтылығы, композициялық тұтастық, синкреттілік сияқты фольклорға тән қасиеттер мен белгілер толығымен сақталған. Өзге прозалық жанрлармен салыстырғанда таралу кеңістігінің ауқымы, жаңа заманға лайықтануы, өміршеңдігі сынды өзіндік ерекшеліктері айқын байқалады. Эстетикалық тағылыммен қоса танымдық, ғибраттық, мәліметтік, сөйілдік қызметтер атқарады және тыңдаушыларға тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік, рухани, діни мәліметтер береді. Мазмұны нақты, баяндалуы қарапайым болып келеді. Әңгіменің жылдам әрі кеңінен таралуы әңгімеші мен тыңдаушының қарым-қатысына тығыз байланысты. Бұл ретте айтушының жеткізу шеберлігі, ішкі мәдениеті, ой-өрісі, кейіпкерлердің мінез-құлқы, іс-әрекеттері, географиялық ортасы, ал тыңдаушының қызығушылығы мен сұранысы маңызды рөл атқарады. Тақырыбы әрқилы болып келеді, көбіне қалыптасқан жағдайға, ортаға байланысты туындайды. Атап айтқанда, тыңдаушы қозғаған мәселе, оқиға, кәсіпке, тұрмыс-тіршілікке, аңшылыққа байланысты жайттар т.б. арқау болады.

Ауызша әңгімелер қоғамдық сананың бір формасы болғандықтан, алғаш айтылған уақыттың ғана емес, кейінгі таралу кезеңіндегі заманның түрлі сипаттары мен белгілерін сақтайды әрі бейнелеп көрсетеді. Фольклордың басты категорияларын бойына сіңіріп, жағтан жағқа ауысу барысында ой елегінен өтеді, сөйтіп көркем шығарма ретінде қабылданады. Ол өзінің мазмұнына байланысты хроникалық және мемуарлық сипатта болады. Хроникалық әңгімеде айтушы өзі көрген, араласқан факт, оқиға мәлімет-хабар ретінде баяндалады. Мұндай шығармаларда көркемдік сипат, сюжеттік тұтастық сақталмайды. Мемуарлық туындыда әңгімеші өмірінің айтулы оқиғалары суреттеледі. Әңгіме айтушының қатысы арқылы баяндалып, оның айналасындағы таныс-біліс адамдар да кейіпкер ретінде бейнеленеді. Бірақ ол өмірбаяндық деректерін тізбелеп айтып шығуды мақсат тұтпайды. Тұрмыстық, тарихи әңгімелерде шындық сипат басым болады, әңгіме желісі болған оқиғадан көп ауытқымайды. Новеллалық мазмұндағы шығармалар тарихи және өмірбаяндық әңгімелерге жақын, оларда қоғам, тұрмыс-тіршілік, адамдар туралы шағын оқиғалар қамтылады.

Ауызекі әңгімелер туралы Ш. Уәлиханов, Г.Н. Потанин, Ә. Марғұлан, А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, М. Ғабдуллин, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, А. Сейдімбек, П. Әуесбаева сынды ғалымдар зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында іріктелген әңгімелер сирек қорларда сақталған қолжазба нұсқалары салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізіліп, таңдаулы үлгілері ұсынылды.



## Сүйіндік Жақан құдың құлығы

Жақан қу елден шыққан кедей болады. Адамдар ол кезде оны өте жек көреді. Ол өзінің жоқтығына, нашарлығына қарамастан, өте пысық, елден шыққан қу болады. Жақан қазіргі Павлодар облысы Баян ауданы (бұрынғыша Ақбеттау болысы) төртінші ауылда туып-өседі. Руы — сүйіндік, оның ішінде айдабол, арғы атасы — жолан. XIX ғасырдың соңғы жартысында өмір сүрген адам. Жақан өте құлықшыл, тақпақшыл, сауыққой, жайдары адам екен. Жақанның әкесі де нашар, кедей болғанымен, ескі патша саясаты заманында үлкен жиындарға қатынасып жүреді.

Бір кезде Жақан Омбы қаласына барады. Бұл кезде Омбыда болған жиналысқа қатынасқан адамдардың күтушісі болады. Жақан атқосшы болып еріп барғанмен, қолы бос уақытында Омбының қаласын аралайды. Базардан бір қалайы ожау сатып алады. Бұл кезде осы қалайы ожаудың халыққа тарап шықпаған кезі. Сонымен Жақан елге қайтып келіп, күздігүні ел тауға қонған соң, Жақан өзінің қасына үлкен баласын ертіп алып, Қаржас Үкібайдың үйіне келеді. Қонып отырғаннан кейін Жақан Үкібайға айтады:

— Мен сізге сыйға Омбыдан ақ күміс ожауды әдейі тартуға алып келіп отырмын. Сондықтан, амандық болса, бәйбішеңізге тықтырып қойыңыз, — деп ожаудың мақтауын жеткізеді. Осымен Үкібай ожауды салдырып қояды. Ешкімге бергізбейді, келген кісіге де көрсетпейді.

Ал Жақан қайтар уақытта Үкібай:

— Не айтатының бар? — дейді.

— Мен не қалаймын сізден? Біздің шаруаны білесіз. Хал-жай белгілі. Балаларға соғым керек. Басқа не айтайын, — дейді.

Сонда Үкібай тұрып:

— Қой берсем, тайынша берсем, азсынарсың, астымдағы атымды ал, — деген екен дейді.

Сонымен Жақан өте риза болып, Үкібайдың атын алып, еліне қайтады. Келесі жылы жазғытұрым ел таудан көшіп жатқан кезде тоғай бойынан шыққан, ел аралаған Апайдың бақалшылары әлгі Жақан тартуға алып келген күміс қалайы ожауды бақалшы қыдыртып, жүн-жұрқаға сатып жүргенін Үкібай көреді. «Ақшалай болса, ожаудың құны 5 тиын, болмаса, бір уыс қойдың жүні», — дейді. Сонда Үкібай ызаланғаннан:

— Әлде Құдай-ай, мынау Жақан мені алдап, өтірік айтып, астымдағы атымды әкетті-ау! «Күміс ожау» дегені қалайы ожау боп шығады-ау! — деген екен.

Сөйтіп Жақан қу Үкібайды осылай алдаған екен.

## Аңқау мен қулықшы

Бір кедейдің үйелмелі-сүйелмелі екі баласы бар екен. Үлкен ұлы жұрттан шыққан жылпос қу болса, кіші ұлы жұрттан іздеп таба алмайтын аңқау екен. Мал дегеннен қара күшін нан қылып отырған қара өгізі мен сүтін ішіп, төлін ет қылып отырған буаз қызыл сиыры болыпты. Күндердің бір күнінде кедейліктің салдарынан үйінде ішетін асы да бітіп, аштыққа кіріпті. Аштық деген бір үйлі жанның құтын алып, қабақтарын түсіріп, түнертіп қойыпты.

Не іске болса да шыдамы аз аңқау отырып:

— Қызыл сиыр да қасарып бұзауламады-ау, — депті. Ал қу ағасы аштығын білдіртпей ата-анасының түнерген көңілдерін аулап, аңқау інісін мылжыңдата алмай ызаланып отыр екен. Дереву інісінің жаңағы сөзін естіген соң:

— Қызыл сиыр бұзаулауға жақын ғой, көріп келейінші, — деп қораға шығып кетіпті. Қорада аз бөгеліпті де, үйге асыға кіріп:

— Ойбай, қара өгіз бұзаулап қалыпты, — депті.

Аңқау орнынан атып тұрып:

— Рас па? — деп, қораға жүгіре шығыпты. Әлден уақытта үйіне кіріп:

— Қиды бұзаудан айыра алмайсың ба? Артына үйіп қойған қиын бұзау дейсің, — деп сөгіпті.

Ата-анасы екі баласының күлдіргі істеріне, аштықтарын ұмытып, қарқылдап күлісіпті.

## Балгер мен тәуіп

Ел кезіп, бірге түстеніп, бірге қонып жүре беру — Күсептің белгілі әдеті. Тағы бірде бір үйге келіп қона қалады. Үй иесі жолаушылап кетіпті. Мейманның тиісті қонақасын береді де, үй иесі жас әйел қонағын төрге жатқызып, өзі шымылдық ішіне кіреді.

Түн ортасы ауып, шырт ұйқыда жатқан кезде Күсеп әлденеден шошып оянғандай болады. Шымылдық ішінен күбірлеген дыбыс естіледі. Үй иесі келген болар деген оймен үнсіз жата береді. Бір мезгілде көңілді, қошеметті екі үн жалғаса шығады.

— Мен сені жанымдай жақсы көремін, — дейді еркек үні.

— Шын сүйетіндігіңе сенейін, мені осы төсектен түсірмей тосып, әжетке отырғызшы! — деген жіңішке әйел үні естіледі.

Айтылуы-ақ мұң екен, әйел тілегі орындалады. Биік төсек ағаш үстінен шорылдаған дыбыс шығады да, жердегі қаңылтыр шіләпшінге сұйық зат құйылады.

— Ау, байқаңдар, тұздығың төгілді ғой, — деп қалады төрдегі қонақ.

Бұдан ұялып қысылған жігіттің буыны босап кетеді де, әйел сылқ етіп шіләпшінге құлайды.

Әйел қатты ауырып жатыр. Күйеуі келеді.

— Көлденеңнен кездескен көк атты боларсыз. Мына әйелдің сырқаты қандай сырқат, қандай ем керек? — дейді қонағына.

Күсеп қу «білмеймін» деген жоқ. Қолына домбыра алып, безілдетіп тартты да, басқа адамдар анық ести алмастай күмбірлете келіп, сарнай жөнелді. Әйелге төніп барып:

— Жазыл, тез жазыл! Жазылсаң, үйіме қайтамын, жазылмасаң, байыңа айтамын! — дейді.

Бұл сөзді үйдегілер ұғынған жоқ. Әйел дереу басын көтеріп, күйеуіне жазылып қалғанын айтады. Қандай сырқат екенін тапқан балгер, оны емдеп жазған тәуіп лайықты сыйлықпен аттанады.

### Аңқауды алдаған айлакер

Көп жылдан бері бірге қызмет істеп келе жатқан екі жолдас болады. Мұның бірі — адамның аңқауы екен де, екіншісі — әрі айлакер, әрі есепкер адам екен.

Бір жылы осы екеуі соғымға бір семіз сиыр сатып алып, оны көшемен жетелеп келе жатады. Аңқау ең арғысы малдың да арық-семізін айыра білмейді екен. Ал енді айлакер қай малды болса да, бір көргенде оның ұңғыл-шұңғылына дейін біледі екен.

— Достым, сатып алған малымыз семіз бе? — дейді аңқау.

— Қайдан семіз болсын? Жерлік қана еті бар. Мен қар бекіп, қыс түсіп қалған соң амалсыздан алдым. Болмаса, осы сиырды алмас та едім, — дейді айлакер.

— Онда мұны мен алмаймын, достым! Бірақ енді сен ренжи көрме. Өйткені менің бала-шағамның басы бар ғой. Соларға көже-қатық боларлық семіз ет керек еді, — деп, аңқау үйіне бұрылып жүре береді.

— Ашықауыз аңқаулығың мен мал танымайтының маған мұндай жақсы болар ма? Бара бер, жолың болсын, аңқылдақ аңқауым! Бұйырса, бұл сиырдан екі жарым бұт май түседі, — деп, айлакер ішінен жымың-жымың етіп қала береді.

### Боқаш құдың әңгімесі

Боқаш қу болған. Оны Яқия ата көрген екен. Руы — қошқаралы. Боқаштың балалары бар екен. Олар «Жыңғылды» совхозында тұратын еді. Балаларының аты — Жорабек, Әлі.

Боқаш қу бір күні жаңа келін түскен ауылға келіп қонышты. Қуаңды, шыбын, сона көп екен.

«...Маған сол жерге төсек салып берді. Мен шыбын, сона шаққан соң көйлегімді шешіп, қасыма қойдым. Түнде сол ауылдың сиыры келіп

көйлегімді жеп жатыр екен. Сиырдың аузындағы көйлегімді көрдім де, құйрығына жабыстым. Сиыр сүйрей жөнелді. Бір құдық қасына барғанда, сиыр да әккі екен, мені құдыққа түсіріп жіберді.

Таңертең жас келін суға келіп, судың ішіндегі мені көрді. Шығармақшы болып жібін тастап еді, өзі түсіп кетті. Кейін ауылы келіншекті іздесе — жоқ. Менің төсегімді көрсе, орнымда жоқпын. Сонан «Құдай ұрды, Боқаш қу келіншекпен кеткен екен», — деп, екеуімізді іздейді.

Қараса, құдық ішінде екеуіміз тізіліп тұрмыз. Көре сала бізді шығарып, алып, мені ұра бастады. «Сен келіншекпен неге түстің?» — деп тағы ұрды. Келіншек айтса, тыңдар емес.

— Куә бар ма? — дейді маған.

Мен:

— Бар, — дедім.

— Ол куә кім? — деп сұрады.

Мен болсам:

— Сиыр, — деймін. Барлық оқиғаны айттым.

Маған:

— Сиырды танысың ба? — дейді.

Мен болсам:

— Шырамытамын, — дедім.

— Сен келіншекпен таныс болмасаң, құдыққа келер ме едің? — деп, тыр жалаңаш етіме тағы ұрды. Әйтеуір, «өлдім» дегенде сиырды да таптым. Сиырды сойғызып, ішінен көйлегім шығып қуандым.

Сөйтіп келіншектен әзер құтылдым-ау! Екінші рет жас келіннің аулына қонбайтын болдым», — депті.

## Мауқай қу туралы

Ел арасында Мауқай Тоғайбайұлы деген адам болған. Оны Мауқай қу деп атайтын. Өзінің қулығымен осы өңірге атағы шыққан адам еді. Жас кезімде талай көргенбіз. Біздің үйге де келіп, талай қонақ болған адам. Ол кездері жас болып, айтылған талай сөздерге назар аудармаппыз ғой...

Жарықтық өте шешен адам еді. Бұл Мауқайдың атасы Келдібектен тарағаны алтау еді. Ең үлкені Қазыбек, одан кейінгілер: Сәдібек, Бөдене батыр, Асан, Балапан, Үсен. Ал Мауқайдың ата-тегі осы — Асан. Енді Мауқай қу туралы бұрындары айтылатын әңгімелер өте көп еді. Қазір қартайғандікі ме, көбін ұмытып қалған екем. Сендерге білетінімді айтып көрейін.

Бір жолы Мауқай Абай ауылына келеді. Ол кезде Мауқайдың орта жасқа келіп, ақыл тоқтатқан кезі екен. Содан Абай үйінің алдына келіп ат басын тірейді. Үйден қызметкерлері шығып, аттың басын байлап,

өзін аттан түсіріп алады. Қызметшілердің біреуі жүгіріп келіп, Абайға Мауқайдың келгенін айтады. Сонда Абай Мауқайдың жасы кіші екенін ескеріп, сыртқа шығуды жөн көрмей, теріс қарап жатады екен. Енді үйге кіре берген кезде, Мауқай кілт тұра қалады да:

— Ей, Абай! Сенің алғашында азан шақырып қойған атың Ыбырахым еді. «Дүниенің төрт бұрышын абайлап тұрсын» деп Абай қойған екен. Ал сен болсаң, Өскенбай мен Құнанбайдан аса алмай қалған екенсің, — деп айтыпты-мыс деген әңгіме бар.

### Аңқаулар мен қулар

Баяғыда бір аңқау есегіне мініп, сапарға шығады. Келе жатып тауға кез болады. Тауға шығарда есегін аяп, жетектеп алыпты. Мұны екі қу көріп, есекті ұрламақшы болады. Екі қу аңқауға білдірмей келіп, біреуі есектің ноқтасын сыпырып жіберіпті де, өзі киіп, аңқаудың артынан еріп отырады. Екінші ұры есекті алып кетеді. Аңқау ештеңе сезбейді, өлеңін айтып, қаннен-қаперсіз жүре береді. Біраздан кейін әлгі қу тартынып жүрмеген соң, аңқау артына қараса, есектің орнында адамды көреді.

— Бұл қалай, сен қайдан келдің? — деп таңғалады.

Қу жігіт:

— Мен сенің есегің болып жүрген адам едім. Бала кезімде тентек болыпшы, шешем «есек болғыр» деп қарғап жібергенде мен есек болып қалыпшы. Мені сен базардан сатып алдың, бүгін қайтадан шешемнің мейірімі түсіп, адам болдым, — дейді.

Аңқау бұған сеніп:

— Ал, еңдеше, үйіңе бара ғой, — деп босатып жіберіпті.

### Түйебай

Жұмыстан қолы бос, еріккен қылжақбас жігіттер бірде Түйебайдың үйіне көршілес бір үйге жиналыпты. Ет пісіп, қазан түсейін деп жатқан кезде Түйекеңді: «Келіп табақтас болсын, күтіп отырмыз», — деп шақырады. Ол келгенше бастың құйқасын сыпырып, көзін ойып алып, жалаңаш бас сүйектің өзін ғана қалдырыпты. Дастарқан жайылып, табақ келгенде әлгі қулардың бірі:

— Ойбай-ау, мына бастың құйқасы қайда кеткен? — депті түк білмегенсіп. Сонда екінші жігіт:

— «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты» дейді ғой. Түйеке, уақытыңда келмей, бастан құр қалдыңыз, кінә өзіңізден, бұйырғаны сол шығар, ырым болсын, ұстаңыз мынаны! — деп, жаңағы жалаңаш басты Түйебайдың алдына қойыпты.



Осындай әзіл-қалжыңнан әбден зықысы шығып, мезі болған Түйебай ақырында құрдас-құрбыларын шақырып, қой сойып, қонақ етіп, бұрынғы атын өзгертіп, жаңадан ат қоюын өтініпті. Жолдастары мұны бірауыздан қуаттап: «Сенің атың мұнан былай Ботабай болсын», — деп ұйғарыпты. Үй иесі бұған риза болып, оларға алғыс айтыпты.

Қонақтары кеткен соң Түйебай әйеліне:

— Мен жұртқа мазақ болған бұрынғы атымды өзгерттім. Әлгілер маған «Ботабай» деп ат қойып кетті. Қалай, саған ұнай ма? — деп сұрапты. Сонда әйелі:

— Бетім-ау, жұрт қалжыңдап айтса, бәріне сене беретін ашықауыз бейшара екенсің. Бүгін бота болсаң, келесі жылы тайлақ, одан арғы жылы баяғы түйе болатыныңды түсінбедің бе?! — депті.

— Қап, әлгі қулар енді бұрынғыдан бетер әжуалап, күлетін болады-ау. Басқа жаққа көшіп кетпесем болмас, — деп, Түйебай сонда санын бір соғыпты.

### Алданған молдалар

Жаназаға бара жатқан екі молда біріне-бірі білгіштігін көрсеткісі келіп, діни әңгімелерді кезектесіп айта беріпті. Сөзден сөз шығып, бірі Бұхар молдаларын, екіншісі Уфа молдаларын мақтайды. Ақыры сөз арты керіскен айқай болып, төбелеске айналады. Екеуінің төбелесіне Мұса деген жігіт тап болады.

Таяқ жеген молда Мұсаны көргеннен-ақ:

— «Қырықтың бірі Қыдыр» деп еді, оң ниетіме Алланың жіберген адамы боларсың. Әділ төрелігіңді айт, саған жүгінеміз. Сына, күнәһар молда Бұхар молдаларын балағаттап, дінге тілін тигізді, — деп қақсай бастағанда, екінші молда да қарап қалмайды. Ол да өз сөзін қуаттай түсіп, ана молданы жамандап:

— Уфа молдалары Құдайға ең берілген молдалар еді, оларды жамандау — Құдайға шүбә келтіргендік, — деп мұңын шаға бастапты.

Мұса аз ойланған болыпты да:

— Бұл бір «күнқатпа» деген қиын дау екен, сонда да сіздерге әділ төрелік бермей болмас. Бірақ айтқанымға көнесіңдер, — деп, сөзді әбден пісіріп алыпты.

Екі молда жарыса сөйлеп:

— Е, бәсе, «бітер істің басына жақсы келер қасына» деген, айтқаныңа көндік, не істесең де еркіндеміз, — деп, Алла атымен ант етіпті.

Жігіт күбірлеп, бірдеңе айтпақ кісідей аз отырыпты да:

— Мен ойланып болғанша, сендер анау қырға шығып, бері қарай жүгіріп келіңдер, — деп, шыжып тұрған ыстық күнде бір жүгіртіп алады. Сонан кейін қара терге малынған екі молданы күнге қарсы отырғызып қойып, басындағы сәлделерін алып, жалаңбас қалдырады. Сөйтеді де:

— Айттым ғой, бұл «күнқатпа» деген қиын дау, әлі ойлану керек. Мен де өз атыма мініп, сендердің аттарыңды жетектеп, ана қырдың басына барып келемін. Сендер осылай қозғалмай отыра беріңдер, — деп, атына мінеді де:

— Бұхардың молдалары айуан, Уфаның молдалары арам. Ойлану керек дедім ғой, ойланып келейін, — деп шауып кетеді.

Сол кеткеннен жігіт те, молданың аттары да, сәлделері де қайтпайды. Жігітті күтіп ұзақ отырған молдалар шөлдеп өлетін болған соң, тауласады. Қырдың астында отырған шығар деп келсе, жігіт онда да жоқ. Оның «күнқатпа дау» деген сөзіне молдалар енді түсінеді.

Жігіттің бұл қулығы елге тарап, содан ол «молданы алдаған Мұса» атанып кетіпті.

### Сыңар етік

Бір сараң бай айшылық жердегі базарға бір топ қойын сатуға айдап келіпті. Әкелгені құрысын, малына базардағы жоқ нарықты сұрап, саудалай келген адамдарды үркітіпті де тұрыпты. Байдан күдер үзген кісілер кеш түсе үйді-үйлеріне тарапты. Бір кезде бай жан-жағына қараса, кең алаңның ортасында көзге шыққан сүйелдей шошайып бір өзі қалғанын көреді. Енді қалай етерін білмей сасып тұрғанда, қасына қаланың қуақылау бір кедей жігіті келеді:

— Байеке, мына малдарыңызды сатасыз ба?

Қала жұртын алдамшы деп ойлайтын бай:

— Кет аулақ! Сенің алдауыңа түсетін аңқау, ашықауыз мен емес, — дейді.

— Жарайды, сатпасаң өзің біл, — дейді әлгі қу. «Тағы бір кездесерміз» деген ойын ішіне түйіп кетеді ол.

Сараң бай сата алмаған малына кіре етіп айдатып, ауылына қайтады. Бір белден асқанда, жол шетінде «қалжиып» жатқан бір сыңар етікті көреді. Әлгіні алып, ұстап тұрады да:

— Әттеген-ай, мынаның екінші сыңарының болмауын-ай, әйтпесе киіп алар едім, — дейді. Сөйтеді де, сыңар етікті лақтырып тастап, ілгері тартады.

Және бір қырдан асқан соң, бай жол шетінде жатқан әлгіндей тағы да бір етіктің сыңарын көреді. Алып көрсе, жаңағы етіктің сыңары екен. «Қап!» деп өкінген бай қойларын сол араға қаладырады да, дереу кері қайтады. Әлгінде алмай тастап кеткен етікке жетуге асығады. Тасада бұғып жатқан кедейдің күткені де осы болатын. Мынаның бәрін істеп жүрген де сол еді. Сараң байдың қарасы көзден таса болысымен, оның бар малын алдына салып, жөніне тартып отырады. Бай сыңар етіктерді жинап, өкпесі өшіп жетсе, тастап кеткен жерінде қойлары жоқ. Ол аузы аңқайып, қолындағы сыңар етікке қарап, жан-жағына алақтап тұрып қалады.

## Кенженің Ағыбай асына баруы

Кенже бірде немересі Толайды ертіп, Балқаш жақта болған Ағыбайдың асына барған екен. Бұл ас «Ағыбайдың Тасаралы» деген жерде болған. Оған Ұлы жүз, Кіші жүз, Орта жүзден көптеген беделді кісілер шақырылған екен. Бұл асқа Ақберген би де шақырылып, оның інісі Кенже шақырылмай қалыпты. Кенже немересі Толайды ертіп асқа келген екен. Ас болып жатқан жерге бірден бармай, Кенже немересімен ауыл жанындағы төбенің басында отырыпты. Сол кезде Ағыбайдың бәйбішесі төбе басында отырған Кенжені көріп, шақырып келуге адам жібереді. Әлгі кісі төбе басындағы Кенжеге келіп:

— Ауылға жүріңіз, — деп ертіп келіпті.

Аста ат жарысы, палуан күресі болады. Әдетте мұндай жарыстар төбелессіз тарамайды екен. Кенже аста болған ат жарысының, палуандар күресінің бәйгелерін тең бөліп, үлестіріп беріпті. Қайтатын кезде Ағыбайдың бәйбішесі:

— Не аласыз? — десе, Кенжекең:

— Мен бұл астан бір нәрсе алайын деп келген жоқпын, — дейді.

Кенже Ағыбай батырдың тақиясын ырым қып немересі Толайға берген екен.

## Қапан кедейдің тапқырлығы

Құсайын деген болыс ел аралап жүріп, Қапан деген кедейдің үйіне келеді. Қапан алдынан шығып, болысқа сәлем беріп, атынан түсіріп алады. Сонда болыс:

— Қуым, бүгін арам ет жегізер ме екенсің? — дейді.

Қапан:

— Мырза, арам демей-ақ, бұйырған адал асты алдыңа тартамыз, — депті.

Қонақ жайғасқан соң, Қапан соятын малдың ретін таба алмай қатты қиналады. Өзіндегі жалғыз аты мен сиыры ұрлықпен келген мал. «Қой, нағыз адал мал осы болар», — деп болыстың құла жорғасын жайратып тастайды. Оны сезген болыс жоқ.

Қапан:

— Қолдан өсірген адал мал. Бата қылып, тамақ алыңыз, — дейді өтініп.

Ертеңінде болысқа өзінің қарақұла атын ерттеп қояды. Құсайын аттанбақшы болып сыртқа шықса, бөтен ат ерттеулі тұр. Қапанның тақырға отырғызғанын сонда барып біледі. «Қап, сені ме?» — деп болыс тістеніп аттанады.

## Аңшы шал

Бір аңшы арыз айтып болысқа келсе, ол: «Қолым тимейді, кейін бір келерсің», – деп есігінен де қаратпапты.

Арада бірнеше күн өтеді. Бір күні болыс ауылының жылқысына қасқыр шауып, қан-жоса қып кетіпті. Ауыл адамдары көп ит ертіп қасқырлардың ізіне түскенмен, қасқырлар маңайлатпай сытыла беріпті. Сол кезде қуғыншыларға әлгі аңшы шал келіп килігеді. Оның көкқасқа жүйрік тазысы бар екен. Көкқасқа жылқыға шапқан үш бөрінің үшеуін бірдей жайратып тастайды.

Болыс үш қасқырды бірден алып, аты шыққан итті өз қолына түсірмекке аңшы шалдың үйіне келеді.

– Ассалаумағалейкүм!

Шал болысты көре тұрып, басын да көтермейді. Тек босағада жатқан итіне:

– Әй, көкқасқа, түрегел, болысекеңнің сәлемін ал. Бұл маған емес, саған берілген сәлем, – депті.

## Ақбөкеннің қашуы

Қаратауда бір жігіт аң аулап, киік атып жүріп, тауды аралап келе жатса, бір алқапта бастарын айқастырып, ақбөкеннің ұрғашылары қосақталып тізіліп тұрады. Екі қошқары сүзісіп, мүйіздері айқасып қалып, айырылыса алмай олар тұрады. Ендігі екі қошқар олар да сүзісіп жүріпті.

Аңшы жігіт бұлардың қызығын көрейін деп, ешқайсысын атпай, кешке дейін жата береді. Күн батып, ымырт болған соң үйіне қайтып, аздаң ертерек келсе, қосақ тараман. Екі қошқар әлі сүзісіп жүр. Мүйіздері айқасқан екеуі әлі тұр. Аңшы жігіт: «Мұның қызығын аяғына дейін көрейін, не істер екен», – деп жата береді.

Сәске кезінде сүзіскен екі құлжаның бірі жеңіліп, өз бетімен лағып, қашып кетіп қалады. Ана жеңген қошқар ұзын бір қосақ болып тұрған бөкендерді шетінен бастап, жағалата барлығын бір-бір қашырып шығады. Сонан соң аздап киікоты шөптен жеп, бір жерге жатып демалады. Сәлден кейін тұрып, бөкендерді тағы бір-бір рет қашырып шығады.

Күн кешкіреді. Қосақ әлі тараман. Жігіт тағы үйіне қайтып, таңертең келеді. Қосақ әлі сол қалпында, тараман. Әлгі құлжа киікотымен тамақтанады, аздап демалып, тағы да қашыра береді. Түс ауа қосақ тарай бастайды. Жігіт анау мүйіздері айқасқан екеуін атып алып, үйіне қайтады.

Мұндағы әңгіме: киікотының беретін күшін, ақбөкеннің күшін білді. Сол бөкендер иенге барып, бәрі бір күнде туады екен.

## Құсбегінің әңгімесі

Ертеде Аманжол деген ағамыз болады. Құс басы, ат басы, тазы ұстайтын еді. Өзі кедей болады. Әңгімесін айтқанда ішек-сілесі қатып күліп отырады. Содан естігенімді айтайын.

Ол кісі ителгі алып, қаршыға алып аңға шығады. Ителгі қоян алады. Сол қоян алғанда, он адам болсын, жеті адам болсын, бәріне бір-бір қоян беріп, жетсе алады, жетпесе қайтып келеді. Жүкең солай болып жүрді.

Бір күні бір бүркіт ұстады. «Апырмай, талай бүркітті ұстап едім, мынадай бүркіт көрген жоқпын. Сегіз-тоғыз күнде зорға иліктірдім», — дейтін. Ол бүркітті түртіп ұйықтатпайды екен, отбасы кезекпен сол 9 күнде иліктірді. Содан құсқа салып жүрді, қоянға салды. Қасқыр соғуға бір ортаңғы тырнағы жоқ, шолақ екен. Болмаса қасқыр алады деп мақтап отырушы еді.

Бір күні бір уәкіл қызды алып келе жатқанымда бүркіт зулап келіп, менің алдыма жерге қонды. «Қонып, бірдеңе алды ғой», — деп мен де ұмтылдым. Ар жағынан Жүкең де шауып келеді. Мен қорқып бүркітке бармадым. Жүкең келіп, аттан түсіп барып қараса, бүркіт екі аяғымен басып бір ақ тиінді алған екен. Сонда Жүкең жылап жібере жаздады:

— Бұл ақ тиінге түскен құс көрген жоқ ем, бұл жарықтық ақ тиінді алды-ау! — деп сөйлейді.

Соның алдында құс салып жүргенде бүркітінен айырылып қалыпты. Ештеңе көрмеген бе, бұл кісі көрген бе, шырылдап, қанатымен шапалақтаған кезде босатып қоя беріпті. Айдап ұшып кетіп отырыпты. Оның не қуып кеткенін бұл кісі білмейді. «Артынан шапқылай бердім, шақырдым, бұрылмады. Сонан айырылып, үйге келдім. Үйге келіп: «Ойбай, қатын, айырылдым!» — депті. Сөйтіп, кейіп жатады, кейіп жатса, түс көреді. Ояна салып, «түсінде құсы келген екен» дейді.

— Құсым қайтып келеді. Құдайы бер, — деп, әйеліне құдайы бергізіп, далаға шығып тұрса, туысы Ыбырай келіп қалады.

— Ау, Аманжол, неғып тұрсың?

— Ойбай, кеше құсымнан айырылып қалып едім, соны келе ме деп қарап тұрмын.

— Ойбай, Жүке-ау, сенде ақыл жоқ екен. Кеткен құс келе ме екен? Мал емес, адам емес, — дегесін, соған тағы уайымдап тұра береді. Ертесінде түс кезінде құсым келе жатыр екен. Көрдім де, менің құсым ғой деп айғайлап шақырып ем, маған бұрылмады. Ауылды айналып жүріп кетті. Апырмай, келмей кете ме деп ем, жоқ, оралып, келіп иығыма қонды, — деп, Аманжол ағамыз біздің бала кезімізде осы әңгімесін жиі айтып отырушы еді. Бұл — қазіргі сексен сегіз жастағы қарт Файзола Оспановтың өз көзімен көрген оқиғасы. Көнекөз Файзола қария бізге бұдан басқа атасы Тілеулі батырдың ерлігі туралы, өзінің жас кезінен білетін ертегілерін қызықтыра әңгімелеп беріп жүрді.

## Айдаш ұрының бастан кешкендері

Арқада атақты Айдаш деген ұры өмір сүріпті. Жұртты қан қақсатып, шулатып жүрген Айдашты бір ауылға мал ұрлауға келгенінде ұстап алады. Ол уақытта түрме жоқ. Ауыл ақсақалдары кеңесе келіп, сол адамның аулынан біреу іздеп келгенше киіз үйге қамап қояды екен. Айдашты да байлап қояды. Байлап жатып ауыл ақсақалдары:

— Қай ауылдансың? Кім жіберді сені? Аты-жөнің кім? — деп сұрайды. Байлауда жатқан ұры сонда:

— Атым — Айдаш, байласаң байлашы, үйге де керегім шамалы, — депті қаперіне түк кірмей.

## Ақан Иманбек қарттың әңгімесі

Ертеректе Көкшетау өңіріндегі Ақан елінен бір үйір жылқы жоғалады. Жоқшылар малының ізімен сұрау сала жүріп, жүздеген шақырым жердегі Ұлытау, Қарсақбай төңірегіндегі қалың найман еліне барады. Айғақтардың сілтеуімен ат басын даңқты шонжар Сандыбай ауылына тірейді. Тікелей Дүзен ақсақалдың үйіне түседі.

Бұл кез Дүзеннің қартайыңқыраған шағы екен, төрт баласымен өзара кеңесіп отырған үстіне жоқшылар келеді. Жөн сұрасады. Жоқшылардың басшысы — Жанатай батырдың баласы Жұмабек:

— Бір үйір малым жоғалды. Бірнеше күндік жерден ізімен келдім. Тобын жазбастан осы қотанға келіп кірді. Тату-тәтті арғын, найманның баласымыз, ала алмай жүрген кегім жоқ. Малымды түгендеп беріңіз, келген жолыммен кері қайтамын, — дейді.

— Әй, сен кімді «ұры» дейсің, қайда отырғаныңды білемісің?! — деп Дүзеннің төрт ұлы бірден ежірейе қалады. Ата-тегін балағаттап, білектерін сыбанады. Жұмабек бұл қоқайдан қаймыға қоймапты. Мырзалар Қарауылдың, қала берді ақан руының сүйектері шіріп, жер болып кеткен ата-бабаларын балағаттаса, ол көз алдында отырған Дүзеннің өзін атады. Бұған намыстанған төрт мырза бірден Жұмабекке қона түседі. Жұмабек көзді ашып-жұмғанша үйрек бүрген лашындай топ етіп олардың үстіне қона кетеді.

Жоқшының осал адам емес екенін, тегін кетпейтінін сезген Дүзен балаларына:

— Әрқайсымыздың үш-төрт адамдық күшіміз бар деуші едіңдер, төртеуің Қарауылдың бір қара домалақ жігітінің астына түстіңдер. Өзімді тірідей балағаттатып, масқараладыңдар. Жетеді енді, тұрыңдар! — деп зекиді.

Ұрлығын мойындаған, күш сынасуда жеңілген төрт мырза әкесінің нұсқауымен кездейсоқ меймандарға жақсы қонақасы әзірлейді. Малдарының мойнына қосақ, құйрығына тіркеуін қосып қайтарды.



## Тышқанбай ұлы Тасым қарттың айтуы

Есіл бойындағы Тоқтауыл елінен бір үйір жылқы жоғалады. Оны Торғай уезіндегі қыпшақ, атышулы баукеспе Шашанбай ұлы Рахмет ұрлағаны анықталады. Бірақ ол қылмысы әшкереленіп тұрса да, теңдік бергісі келмей, «жеңген жеріңде аларсың» дегендей сес көрсетеді.

Жоқшылардың басшысы Орақ Бәсең батырдың баласы Маты екен. Қашықтағы қалың елден, оның ішінде ондаған қарулы жігіт ұстайтын Рахметтен мал өндіріп алу оңай емес екендігін білген ол сөзбен ұтқысы келіп:

– Уа, Рахмет мырза! Атымды алдың, тай бер, тойға мінетінімді алдың, қойға мінетін бер. Осы билігімді соқыр төреге барсаң да бұза алмас, – деп, сөзінің аяғын әзілге айналдырады. (Соқыр төре дегені – Рахметтің өзі. Оның бір көзі соқыр еді.)

Сөзден тосылған Рахмет жоқшылардың малын түгендеп беріп, Матыны риза қып қайтарады.

## Есенаман

Шығыс Қазақстанда Өтеміс деген ел қутілді, сықақшыл болған екен. Ол елді қулыққа баулыған атақты қу Жауыр деген кісі екен.

Елдің жайлаудағы кезі Найман ішінде матай руынан Есенаман деген бір елдің бастығы жолаушы келе жатып, түс мезгілінде ат шалдырып, намаз оқып аттанатын қазақтың салтын сақтайды екен.

Берсе түстік жеп, болмаса шай ішіп, қымыз ішіп аттанатын ел дәстүрі бойынша шеткері ақ отауда дуылдасып отырған үй сыртында тұра қап:

– О, сөйлес, – депті («Бірің шығып сөйлес» дегені).

– Е, өзіміз де сөйлесіп отырмыз, – деп жауап қатады. Адам шықпайды.

– Ей, бірің шығып кет, – депті. Бірі шығып, өз бетімен кетіп бара жатады.

– Ей, бері кел, – дейді. Анау келіп, сәлем береді.

– «Сөйлес» дедің, сөйлестік. «Шығып кет» дедің, тіліңді алып, шығып кетіп бара жатырмын. Енді атаңның қу шекесіне шақырдың ба? Кім боласың? Қай елсің?

– Матаймын.

– Ене, арқан жібің жете ме, қанша елді матайсың? Атың кім?

– Есенаман. (Бір көзі соқыр еді.)

– Қатқаныңның басы, есен-аманбысың? Басыңдағы екі көздің бірі жоқ...

– Қап, мынаған шара болмас, – дейді қысылып.

– Үлкен үйеңкінің түбінен қазып алсаң, шара түгілі тегене де болады. Келген жігіт атының басын бұрып, тартып отырыпты.

## Жауыр мен Тайлақ

Шығыс Қазақстанда терістаңбалы деген елде Тайлақ деген атақты қу, сөзге шешен адам болған. Тайлақ: «Өмірде мені жеңген адам жоқ. Ал өтемісте Жауыр деген қу бар деп естимін. Оны да ешкім жеңбепті. Мен сонымен сөйлесіп, не жеңіп, не жеңіліп қайтайын», — деп, іздеп барып, Жауырдың үйіне түсіпті. Төрде Тайлақ отырыпты. Үй іші кешкі малға шығып кеткен, үйде екеуі ғана.

Жауыр сөзбен тиіскісі келген ол Тайлаққа:

— Сенің атың кім?

— Атым — Тайлақ.

Жауыр: «Сен алдыңғы жылы да Тайлақ, былтыр да Тайлақ, биыл да Тайлақ. Сенің құнан, дөнен, атан шығар жылың бар ма өзі?» — дейді.

Тайлақ: «Сенің атың кім?» — депті.

Жауыр: «Менің атым — Жауыр», — деп жауап береді.

Тайлақ орнынан тұрып, от басына барып, шоғы аралас қоламтаны қос уысымен шеңгелдеп алып, Жауырдың қасына келіп:

— Сен алдыңғы жылы да Жауыр, былтыр да Жауыр, биыл да Жауыр. Сенің жауырың өлі еттеніп кеткен болар, мен ыстық қоламтамен күйдірейін, — деп желкесіне құя салған екен.

Сөйтіп өмірінде Жауыр құды жеңген тек Тайлақ болған екен.

## Байқұда палуан

Байқұда жайында алғашқы сөзді Ырзаекеңе (Тілеуберлин) берейік.

— Матақ Дәрмырза айтушы еді, — деп бастайды сөзін ол. — 1890 жылдың, шамасы, жаз айы. Ауылымыз Боршатастың батысындағы «Аққұдық» деген жерді жайлап отыратын. Шөлдеп, су ішем деп барған інген түйе құдыққа түсіп кетіп, бес-алты үйлі жанның іске татыры боп жабылып, түйені шығара алмадық. Сөйтіп, амалымыз таусылып отырғанда, ауылға биеге мінгені тайға мінгендей көрініп Байқұда келеді. Қуанып кеттік. Биеден түскен бетте ол:

— Мықты ұзын сырық пен екі қыл арқан әкеліңдер! — деді, құдыққа түскен түйенің жайын көрген соң. Сырықты екіге бөлгізіп, бір-бір жақтарын ұштатып қазық жасатқызды. Әлгі қазықтарды түйеден 2-3 аттамдай жерге, арасының қашықтығын құлаштай етіп тоқпақпен ұрып жерге қаққызды. Екі арқанның да бір-бір ұштарын қазыққа байлап, екінші ұштарын суда жатқан түйенің төс және бөксе тұстарының астынан өткізе орай тартып алды. Алдымен төс жақтағы арқанның ұшын иығынан асыра қос қолдай ұстап, екі аяқты тірей, «ауп!» деп шірене тартқанда, Байқұданың бар тамыры білеу-білеу боп адырайып, бұлшық еттері кесек-кесек, түйін-түйін боп шыға келді. Сол-ақ екен, түйенің басы мен кеуде жағы құдықтан ернеуге көтеріліп шыға келді.

Арқанның қолдағы ұшын қазыққа мықтап байлап, осындай әдіспен інгеннің бөксе жағын да тартып шығарды. Алып жойқын күштің тегеурініне шыдамай, аяғындағы былғары мәсі байпағы табанында қақ айырылып, тарамыстары бырт-бырт үзіліпті.

Байқұда жайындағы әңгімені Жарма ауданы, Үшбиік селосының тұрғыны Жағышпар Айдарханов жалғастырсын.

— Абайдың Семейге барған бір сапарында қалаға цирк палуандары келіп жатқан екен. Солардың бәрін Англиядан келген бір палуан жеңіпті. Абай: «Бұл палуанды жығатын бізде бір адам бар», — деп, әлгі палуанға билігі жүретін адаммен сөзге таласып, ақыры бәстесіп тынады. Екі палуанды Көкен тауы жақтағы бір ауылда кездестірмекші боп келіседі. Екі жақ та палуандар бірін-бірі өлтірсе де құн дауламайтын боп шарт қойысыпты. Байқұда күшін жалдап күн көрген кедей екен.

«Байқұданы жіберіңдер», — деп, Абай кісі жіберсе, Сарыбай керейінің басты адамдары «мерт етеді» деген сылтаумен Байқұданы жібермеді. Абай екінші рет сыйлы адамын жіберіп: «Сөзімнің өлгені — өзімнің өлгенім. Менің онымен бәстесіп жүргенім — Байқұдаға сенгенім», — деп, сәлем жіберіп, Байқұданы алдырады.

Байқұданы цирк палуаны ә дегенде-ақ құлақ-шекеден бар пәрменімен ұрып жіберіпті. Басы айналып, құлағы шыңылдап, құлауға шақ қалып барып, тез есін жиып алыпты. Ашуға мініп, аруақ шақырып, қарсыласына тап беріп, оны жамбасқа ала, екі аяғын көктен келтіре алып ұрып, кеудесіне міне кетіпті. Қызына дауыстап, дуылдаған көптің ішінен Абай да дауыстап:

— Әй, Байқұда! Кеңірдегін суырып ал, құны төленген! — деп айғайлаған дейді.

— Байқұданың есік пен төрдей айғыры болыпты, — дейді Жағышпар, — Байқұда айғырының астына кіріп, төрт аяғынан ұстап көтеріп, әрлі-берлі жүргенде, айғыры да үйреніп алғандықтан, тыпырлап, қозғалмайды екен. «Айғырым мені көтереді, мен айғырымды көтеремін», — деп, Байқұда күн күркірегендей күңгірлей сөйлеп, ха-ха-халап күледі, — дейді.

## Ыбырай мен байлар

Қасында жастау жалғыз жігіт жолдасы бар Ыбырай бір байдың үйіне келіп түсіпті. Сый-құрмет, қонақасы үстінде әлгі бай Ыбырайға қарап:

— Ыбырай-ау, атақ-даңқың жер-көкке тарады. Бар ел сені ардақтайды. Осыған орай қасыңа қалың жұрттан таңдап балуан жігіт, сері-өнерпаз, әнші-күйші, топ ертіп жүру басыңа лайықты еді ғой. Мұның қалай, жалғыз бала ертіп, салтаң жүргенің? — депті.

Сонда Ыбырай:

— Байеке, жүздің ісін бір адам тындырса, амалым қайсы? Сіз айтып отырған қасиеттер осы баладан табылмасына кім кепіл? Тегінде, өнер егіз туа берсе керек, ел туғыза берсе керек, — депті.

Бұл сөзге бай қайтып жауап қатпапты.

Сондағы еріп келген бала қазақтың белгілі ақыны болған Нұржан Наушабаев екен. Нұржан ақындығының үстіне әрі домбырашы, әрі бауан, сері болған кісі екен.

### Молдабай палуан

Тарбағатай округіне қараған қаракерей елінде аға сұлтан Саниязұлы Қамбар төре болған. Оның қолында Молдабай деген түйе палуаны болыпты. Шәуешек қаласында үлкен мереке болып, соған қазақтар, қытайлар, ұйғырлар, татарлар болып көп халық жиналған екен.

Ат бәйгесі. Ат бастаған үш тоғыз. Түйе палуан бәйгесі. Түйе бастаған үш тоғыз. Жиналған халықтың ең көбі — қытайлар, одан кейінгі қазақтар болады.

Аттарды бәйгеге жіберген соң, қытайлар бір бөлек, қазақтар бір бөлек, екіге бөлініп отырысады. Аралары алшақтау, ол — күрес майданы. Енді палуандар күресі болуы керек. Қамбар төре бір ақсақалды қазақ тобын басқарушы етіп қояды, астына зор қарабайыр ат мінгізеді. Ол адам Молдабайды артына мінгестіріп, күрес майданы — алаңға әкеліп, түсіріп кетеді. Молдабай алаңда жалғыз өзі отырады. Бір мезгілде қытайлар жақтан еңгезердей дәу қара адамның басына темір ноқтамен ноқталап, ноқтаның шынжыр бауын екі жағына шығарып, бес кісіден екі жақ шынжыр баудан ұстап, кейін тартып тежеп келе жатады. Палуан басын оңға қарап жұлқынса, сол жақтағы бес кісісі біріне-бірі соғылып құлайды. Ал сол жағына қарап сүзе жұлқынса, оң жағындағы бес кісісі соқтығысып құлайды. Осылайша қыр көрсетіп, қазақтардың зәресін ұшырғысы келеді. Сөйтіп майданға келіп тоқтайды. Бір адамы палуанның басындағы темір ноқтасын алады. Ол «маған батып кім келер екен» дегендей, жан-жағына айбынмен қарап тұрады. Молдабай саспастан орнынан тұрып, қытай палуанының қасына таман барғанда, Молдабайдың бойы қытай палуанының кеудесінен ғана келеді.

Екеуі біраз арбасып тұрады да, ұстаса кеткенде, Молдабай оны іштен шалады. Қытай палуаны Молдабайды тік көтеріп алады. Молдабай оның бұқадай күжірейген мойнынан қапсыра шеңгелдеп, буындыра береді. Ол көтерген бойы жылжып жүре береді. Молдабай шалған аяғын сол күйінде босатпайды. Екі қолымен мойнын сығымдағанда, күбірлегендей болады. Ол Молдабайды жерге соға алмайды. Тек жылжи береді. Бір мезгілде қытай палуаны үлкен бәйтерек құлағандай гүрс етіп, жерге құлап түседі. Молдабай қолын кеңірдегінен босатады да, басынан аттап, күш алып тұра бергенде, қазақы топ бастаған

ақсақал ортаға шауып келіп, көлденеңдей береді. Молдабай қарғып артына мінеді, шапқан бойы үстіне шапан жауып, топтан қашырып елге жібереді.

Қытай түйе палуаны орнынан тұрмай, жатып қалады. Оны жабыла көтеріп алып кетеді. Бір топ қытайлар «көреміз» деп Молдабайды іздейді. Онысы сылтау еді, ойлары — Молдабайды өлтіру. Өйткені, қытай түйе палуанының кеңірдегі құл-талқаны шығып өлген екен.

Содан Молдабайдың аты шығып, даңқы жер жарыпты. Бүкіл қазақ еліне, Үрімжі, Манас жақтағы қытай еліне де аты жайылыпты.

### Үйдің ауасы

Шілде айларының шыжыған ыстық бір күнінде иттер шабаланып қоя береді. Кедей үйінің киізінде жыртық тесігі аз болсын ба? Болат тесігінен сығалап қараса, бір топ салт аттылар үй сыртына жақындап қалған екен. Қасында ауылдың би, шоралары бар старшинасы екеніні танып, жалма-жан алдарынан шығып, аман-саулық сұрасқаннан кейін:

— Қош келдіңіздер, үйге түсіңіз, — дейді Болат.

Бұлардың ішінде бейтаныс, жасы елулер шамасында біреуі болады. Киіну әлпетіне қарағанда, сұлтан тұқымынан екені байқалып тұрады. Ол ақ жібек орамалмен желпіп тұрып, қабағын тыржита Болатқа қарап:

— Сіздің үйдің ауасы жақсы ма, салқын ба, — деп, түйеден түскендей сұрақ қойыпты. Қасында тұрғандар да бұған «Болат не деп жауап берер екен?» дегендей үй шетіне қарасады.

— Жер мен көкке көз тастап тұрып, мына біз тұрған жер мен сонау көк аспанның екі ортасы менің жыртық үйімнің кеңдігінен аумақты болу керек. Соншама кеңшіліктің ауасы сізге тапшылық етіп тұрғанда, менің үйімнен не рақат таппақсыз?! — деп күліп жіберіпті Болат.

Бейтаныс әкім өзінің кеудіреген шалдан сөз таппай, жеңілгендігіне қатты сасып, әрі ыза болып:

— Біз сенің үйіңнен қонақасы жеп қарық боламыз деп келгеніміз жоқ. Жол сұрай келдік, — дей салыпты жалтара сөйлеп.

Болат беттеріне таңдана қарап:

— Сіздер сияқты ұлықтар сұрағанда амал қанша? Мына төккен күлдің ар жағында екі сары қасқа жол бар, таңдауын алыңдар, — депті.

Бейтаныс әкім төре руынан, управитель екен.

### Жетісудан Семейге жарысқа барған домбырашы келіншек

Мың тоғыз жүз оныншы жылдары губернатор Семей халқына: «Семейдің байлары, саудагерлері, мырзалар! Қымыз, пиво

сатушы әйелдер, әртүрлі аспапта ойнайтын музыканттар! Алдағы демалыста аралға шығыңдар, өте қызықты жаңалық, тамаша болады. Тамашадан қалмаңдар, кедейлер бармаса да болады!» — деген жарлық жариялапты.

Халық демалыс болғанша шыдай алмай асығып, не болар екен деп қызығып, жаяу саудагерлер қалтасына бес-он сомнан салып, дайындала бастайды. Қайықпен өтетін аралға көпір салыныпты. Елдің күткен демалыс күндері де жетеді. Ел ағылып аралға қарай кете бастайды. Елмен ілесіп мен де аралға бардым. Халық көп жиналыпты. Сыра сатушы бір жерге, қымызшы бір жерге, музыканттар бір жерге топ-топ болып жиналып тұр екен. Биік төрт үстелді бір жерге қойып, үстіне кілем жайып, оның үстіне шайы көрпелер төсеп қойған.

Ер-әйелдер құрметтеп бір қазақтың келіншегін әкелді. Үстел қасына келіп тұрып, халықпен сәлемдесті. Сұңғақ бойлы, мүсінді, аққұба, қызыл шырайлы, келбетті, үлбіреген жас келіншек екен. Үстінде торғын көйлек, шетіне оқа, құндыз ұсталған қара қамзол, басында ақ жібек шәлісі бар. Аяғында көксауырлап күмістелген кебіс-мәсі. Кебісін шешіп, үстел үстіне шығып, көрпенің үстіне отырды. Жанында екі ішекті бір домбырасы бар, жеті ішекті және бір домбырасы бар. Келіншек шәлісін басына төгілте бүркеніп отыр. Губернатор келді. Қасында төрт сақшы бар. Халық дүрліге көтеріліп, тағзым қылды.

Сағат онның шамасы. Губернатор орнынан тұрып, халыққа келіншекті таныстырды.

— Бұл кісі — бізге келген қонақ. Жетісудан келген қазақтың дарынды музыканты. Біздің Семей музыканттарымен сынға түсуге әдейі келіпті. Сіздер қазір осы жарысты көресіздер, — деді де, келіншектен: «Бұл күй тартысудың тәртібі қалай өтпек?» — деп сұрады.

Келіншек:

— Былай болады: әуелі сіздің бір музыкантыңыз екі-үш күй ойнасын, одан кейін оның күйін мен орындаймын. Содан кейін мен үш күй ойнаймын, оны сіздің музыкантыңыз орындауы керек. Егер бір-біріміздің тартқан күйімізді біріміз орындай алмасақ, жеңілгеніміз.

Губернатор музыканттарына ұғындырды. Содан жарысқа кірісті. Бірінші болып бір орыс музыканты баян ойнады. Керемет ойнады. Үш күй тартты. Одан кейін келіншек екі ішекті және жеті ішекті домбырамен әлгі музыканттың күйін бұлжытпай тартып берді. Өзі үш күй тартты, баянист оның бірін де тарта алмады. Оны «жеңілдің» деп былай шығарып қойды. Қазақ жігіттері қаны қызып, іштерінен «О, Құдайлап» аруаққа сиынып тұр. Гитар ойнаушы, мандолшы, балалайка, пианино ойнаушылардың бәрі жеңіліп шығады. Содан кейін скрипкашымен жарысты. Скрипкада төрт күй ойнады. Оны да келіншек тартып берді. Содан келіншек төрт күй ойнап еді, скрипкашы оның екеуін ойнады, екеуін ойнай алмады.



Сонымен Семей музыканттары жеңілді. «Бәйге жетісулық музыкант-тікі», — деп алдына дастарқан жайдырып, губернатор жүз сом салды.

— Ал, мырзалар, бәйгесый қонақігі болады. Бес сомнан кем тастамаңдар. Мырзалар мүмкін артық тастар, ол өздерінің мырзалығына байланысты, — деді. Қазақтар разы болғандықтан, қалталарындағы барын тастағандар болды. Келіншектің алдында ақша төбе болып үйіліп қалды.

Осының ішінде болған орта жастағы Мақанжан:

— Бұл аты, даңқы шықпаған қандай күйші? Келіншектің екі қолында перчатка, саусағының ұшы жезден, — дейді.

### Суды теріс ағызатын пірөдар

— Сендерге бірдеңе айтса: «Осы заманда алжыған адамның сөзін айтып», — деп, өзімізді мәңгүрт дейсіңдер. Бастаған соң сенсеңдер де, сенбесеңдер де айтайын.

Осыдан екі апта шамасында бірнеше қатын бас қосып, ет комбинатына ет алуға бардық. Осы жақын маңда бес биенің сабындай, оң жақ көзі жыбырлап жүретін бір жесір қатын бар, ол да бізбен бірге барды. Біз ет күтіп, онда қыруар уақыт жүріп қалдық. Сөйтіп, шеткерірек жүріп келе жатыр едік, бір мезетте әлгінің аузы сол жағына қарай қисая бастады да, әлден соң әлгі қисық ауыз болды да қалды. Ет алу тұрмақ, зәреміз кетті.

Сол әйел:

— Мына біздің ар жағымызда тұратын пірөдарға апарып көрсет, — деп жалынып, жалпайып маған келді. Аяғаннан алып бардым. Пірөдар:

— Бірдеңе деген су перісі соққан екен. Емдеуіне (ақысы) бір қой байладым, — деді. Содан кейін емдеп, бетін бері қаратып (түзеп) берді. Қазір сәл ғана кемдігі байқалады. Мүлде түзеттіруге пұл бермеген соң, баруға беті болмай жүр. Нанбасаң, сол қатынның өзін де, пірөдарды да көрсетейін, — деді. Және бір айтқаны:

— Шырағым, өзің еркекті жақсы көріп, көрінген еркекке өліп-өшіп тұрады екенсің. Одан аулақ болғайсың. Су перісінің жүрмейтін жері жоқ. Сондықтан таза жүріп, сақтанғандарың жөн, — деді.

Басқа не дейін, бұл кісі — өте білікті адам, оқымысты, пері оқуын оқыған. Қазақтардың айтуынша, қара суды теріс ағызады деседі. Өз білуім, алдына барғаныңда, ол сенен ештеңе де сұрамайды. Өткен-кеткен өміріңді, не болады, не қояды, не болғалы жатқанын (өзің туралы) айттып береді. Әйтеуір, бір ғажап жан, жасы қазір жетпістерде, баласы өліп, қазалы боп қалды.

## Сараң бай әңгімесі

Шаншар елінде бір сараң бай болыпты. Сараң бай үйіне барған адамды жақтырмай, тамақ беруге жоқ екен. Сол елдің үш жігіті: «Осы сараңға барып, қайтсек те тамақ ішеміз», — деп бәстесіп, сараңның үйіне келеді. Үй иесі — шал мен кемпір келген қонақтарды жақтырмай отырады.

Келген қонақтардың кетпейтінін білгендіктен, олардан тез құтылу үшін шай әкеледі. Бір тәрелкеге бір қасық сары май, бір уыс бидай салады, шайы болса ақшайлап қалған екен. Содан үш жігітке шай құйып, кесе ұсынады. Содан үш жігіт сынай бастайды. Бірінші жігіт:

— Қаймақ құйған қарлығаш шайдан менің жүрегім үркіп тұр, — деп, құйған кесесін әйелге ысырады.

Екінші жігіт:

— Тәрелкедегі толтырып салған сары майдан менің жүрегім кілкіп тұр, — деп, шай құйған кесесін кемпірге ысырады.

Үшінші жігіт:

— Ат дорбасы толы болмаған соң бытыраған бидайды шашып, менің атым ат дорбасын сілкіп тұр, — деп, бидайды ысырып, кемпірдің алдына қояды.

Содан үшеуі жата кетеді. Үй иесі еріксіз тамақ асып, оларды сыйлап аттандырады.

## Ұсақ бауырсақ

Қаратау елінің Досай ауылында Есалы деген болыпты. Ол бала-шағамен де, келін-кешікпен де қалжыңдаса беретін ақкөңіл, аңқау кісі екен. Есалы жаздың бір күнінде Түркістан маңындағы құрдасының үйіне келіп қонып отырады.

Жекжаты келген соң үй иесі қарап отырсын ба, шай қойылып, мал сойылып жатады. Көп кешікпей-ақ Есалының алдына дастарқан жайылып, шай келеді. Күні бойы жүріп, еш жерге түстенбеген Есалы алдындағы қойдың құмалағындай ұсақ бауырсақты үшеулеп-төртеулеп жеп-ішіп отырады.

Есалының бұл қылығын күлкі еткісі келген әлгі үйдің бойжеткен қызы:

— Сіздің елде қойды қораға қамарда нешеуден айдайды? — дейді.

Қыздың қалжыңына Есалы:

— Қой тоқ болса, біртіндеп айдайды, аш болса, топтап айдайды, — депті.

Шай құйып отырған қыз бетін басып, күлген бойы үйден тұра жөнеліпті.

## Қазан қайнатқан сөз

Бір жолы Төлеу, Уәйіс, Нысанбай ақындар сапарлас жүріп, бір үйге қонақ болады. Үй иесі бар болса да, сараң екен, қонақтарды көңілсіз қарсы алыпты. Ниетімен жөн сұрапты да, үшеуінің көңілдерін көжемен аулап, өздері қызыл іңірден жатып, қонақтарына төсек салып қойған екен.

Үш ақын жатарда сыртқа шыққанда көрші үйде қонақтар бар екенін байқайды. Ол үйдің қазандығында қызыл от лаулап жанып, тоқтының жас еті былқылдап пісіп жатады. Бұл жайды көңілдеріне түйген үшеуі үйге енеді. Киімдерін шешіп, шамды өшіріп, жатуға ыңғайланғанда, байқаса, көрші үйдің қазандығындағы оттың жарығы есіктің саңылауларынан өздері жатқан үйдің ішіне түсіп тұр екен.

Бұл жай үш ақынның көңілдерін алаңдатып, ойларына түрткі, шабыттарына қозғау салады. Былқылдап пісіп жатқан ет есіне түсіп, үй иесінің сараңдығына күйінген Нысанбай:

— Нысанбай өзім атым әкем қойған, — деп өлеңдеткенде, Уәйіс;

— Бұл несі, басын бастап, соңын қойған, — деп, оның сөзін іліп әкетеді. Екі ақынның сөздерін Төлеу қағып әкетіп:

— Қайнаса, біздің сор да қайнап жатқан, мынау үй қонағына тоқты сойған, — деп өлеңдете аяқтапты. Қонақтарының бірінің сөзін бірі іліп қағып өлеңдеткеніне құлақ түріп жатқан үй иесі бұлардың бекер адамдар еместігіне көзі жетіп, жатып қалған төсегінен тұрыпты. Үш ақыннан кешірім сұрап, түн ішінде қой сойып, қазан асқан екен.

## Сөз тапқанға қолқа жоқ

Ақмола қаласының төңірегіндегі керей руларының бір ауылында ауқатты біреудің кемпірі кенет қайтыс болады. Ауыл адамдары аяулы бәйбішені таза арулап, жерлеуге кіріседі.

Жұрт қабір қазып жатқанда төскейден үш жолаушы бұрылып келіп:

— Уа, көмер көбейсін! — деседі.

Керей жігіттері бұл сөзге қатты намыстанып шамданды.

— Біз бір кемпірді қоя алмай әуреленіп жатқанда, бүкіл жұртқа өлім тілеп, «көмер көбейсін» дегенің не? — деп үш жолаушыны бас салып сабайды.

Керей жігіттерінің астында соққыға жығылған үш жолаушының біреуі сонда:

— Уа, керейлер, қолдарың қанданып, ауыздарың майланып тұр екен. Бізді ұра түсіңдер, — депті.

Елдің ақыл-есті бір қариясы ара түсіп:

— Бұлар Шаншар қуы екен. Сөзіне сөз айтып ұтуымыз керек еді, өйте алмадыңдар. «Сөз тапқанға қолқа жоқ». Олар әдейі бөгеу үшін айтады ғой, тимеңдер, — деп босаттырып жіберіпті.

## Қызғаншақ

Қызғаншақ бір кісінің үйіне жолаушы келіп қоныпты. Қызғаншақ жолаушыдан көзін алмай, «әлдене қылып жүрген адам» деген оймен таң атып, үйінен кеткенше аңдумен болыпты. Кетер мезгілінде жолаушы жөтеліп қалғанында қызғаншақтың әйелі де жөтеліп қалыпты. Одан жолаушы түшкіріп қалғанында, әйелі әдейі келіскендей түшкіріп жіберіпті.

Жолаушы кеткен соң қызғаншақ әйеліне:

— Е... сенің бұл жолаушымен бір шатысың бар екен ғой. Әйтпесе тегіннен-тегін ол жөтелсе, жөтеліп, түшкірсе, түшкіріп жұмбақтасқандарың жай емес. Мен бұл қорлықты көргенше қаңғырып өлейін, — деп, әйелін тастап, қаңғырып отырып бір елге барып қоныпты.

Жолда суық тиіп, қонған үйінде жөтеліп қалғанында, үй иесінің әйелі де жөтеліп жіберіпті. Одан енді түшкіріп жібергенінде, әдейі аңдып отырғандай әйелі де түшкіріп қалыпты. «Бұл қалай?» — деп таңданған қызғаншақ байқап отырса, әйел де өзі сықылды тұмауратып отыр екен. Содан дереу әйелінің сол күні тұмаумен ауырғаны есіне түсіп, «Мен әйелімді бостан бос қызғанған екенмін ғой» деген ой ақыл-есіне кіріп, әйеліне қайтып келіп, қызғаншақтығын қоюға ант берген екен.

## Мақтаншақ

Қара күшіне масаттанған бір мақтаншақ балуан:

— Балуан атаулының бәрін жығып болдым. Енді кім қалды менімен ұстасатын?! — деп жар салыпты.

Мақтана сөйлейтін кісіні жаны жек көретін бір қарапайым арық жігіт:

— Мен күресемін, — деп, халықты куә қылып, мақтаншақ балуанға қарсы шығыпты. Балуан тыртып тұрған арық жігітті келемеждеп:

— Бел омыртқаң үзіледі ғой, сорлы, — депті.

Жігіт:

— Үзілсе үзілсін, маған сонысы керек. Сондықтан мына шартпен күресейік: ұстаса кеткенде бірімізді біріміз қысып ойбайлатайық. Сол жыққан болып есептелсін, — деген екен.

Күшіне сенген балуан жігітті кекете-мұқата келісімге келіпті. Жиылған халық куә бола тұрып, мақтаншақ балуанның жығылуын тілепті. Сол екі арада екі балуан ұстаса кетіпті. Шын балуан жігіттің белін үзіп жібермекші болып, сойылдай қолын айқастыра бергенде, жігіт алақанына қысқан тебенін беліне сұғып алыпты да, лақтырып жіберіпті. Балуанның жан даусы шығып, жігітті қоя беріп, ытқып кетіпті. Жиылған жұрт «жығылды» десіп, мақтаншақты мазақтап, жігітке алғыс айтысыпты. Бізаланған балуан даурыға өзеурепп:

— Алдады, денеме бір пәлені тығып алды. Нанбасаңдар, қараңдар, қаны ағып тұр, — деп көйлегін шешіпті. Жұрт қараса, қан түгілі сайтан да жоқ. Бұл қалай деп аң-таң болған балуанға жұрт:

— Балуандығың жақсы, мақтаншақтығың жаман. Мақтаншақтың жолы бір-ақ тұтам, — десіпті.

Қарапайым жігіт қан шығармайтын дәрімен дәріленген тебенмен мақтаншақтың үнін ақыл-айламен өшірген екен.

### **Мұсылмандығың құтты болсын!**

Құлыбекұлы Ахмет қажы — дін тұрғысынан сауатты адам. Қарт анасы Ұлдаш қайтыс болғанда, көршілес елдегі қадірлес замандасы Бекмырзаұлы Мұхамбетрахым оған көңіл айтқалы келеді. Отырып Құран оқығаннан кейін Мұхамбетрахым:

— Уа, Ахмет! Мұсылмандығың құтты болсын! — дейді.

Бұл одағай сөзді қажы кек тұтпайды:

— Иншалла, айтқаның келсін! — деп жауап қайырады.

Отырған адамдар бұған таңғалады. Одағай сөздің түйінін Ахаң шешіп береді.

— Сыр бойындағы ел өте діндар келеді, — деп бастайды ол сөзін. — Қарт ата-ананы ренжіткен адам діннен шығады делінген Ислам шарифағында. Осыған сәйкес, ол елде мынадай дәстүр бар: біреудің қарт атасы, иә анасы қайтыс болса, соны ренжітпей жөнелтіп, мұсылмандығыңды сақтап қалдың, құтты болсын дейді екен. Мұхамбетрахым маған көңілді сол тұрғыдан айтты.

Бұл сөзді дәлелдеу үшін Ахаң өз өмірінен мысал келтіреді:

— Менің анам кейінгі кезде жасы ұлғайғанына байланысты ақылы айныңқырады. Бұл жағдайда одан кешірім алу қиын болады. Өз аузынан жылы сөз ести алмасам, шарифат бойынша мұсылмандығыма шек келеді. Анамның қандай жағдайда ризалық білдіретінін байқап жүрдім. Бірде жақсы тағам беріп, төсегін жайлап салып жатқыздым. Мұныма ол риза болды. Ризалығын өз аузынан есту үшін:

— Әже, маған ризамысың, ақ сүтіңді кештің бе? — дедім. Шын жүрегімен айтқаны ғой:

— Сен менің жаным — Ахметіңсің ғой. Ризамын, қалқам! Сүтімді ақтадың, кештім! — деп, бірнеше рет қайталап айтты. Мұсылмандығымды сақтағаныма көңілім әбден сенді.

Ахаңның бұл сөзіне отырғандар ризалық білдірді.

### **Көп жасағандықтың құпия сыры**

Тышқанбайұлы Тасым — әңгімешіл, естігенін ұмытпайтын, әр оқиганы жүйе-жүйесімен, түсінікті де қызықты етіп айтатын тілуар адам

еді. Ертеректегі елеулі оқиғалар жайындағы естеліктерінің бірінде ол Өтеген атты бір қарттың қайратын, ұзақ өмір сүрудегі құпия сырын айтып берді.

— Сарыарқаның сары белінде мекендеген елдердің бірінде бір ғани<sup>1</sup> адамның Мәлике атты қызы болыпты, — деп бастады әңгімесін қарт атам. Үлкен жиындарда ат үстінде айқасатын аударыспақ, көкпар, сайыс, қызқуу сияқты бәсекелі ойындарда ол қыз нелер қайратты жігіттерге жеңдірмепті. Өз күшіне әбден сенген жиырма үш жастағы Мәлике:

— Кімде-кім мені ат үстінен аударып алса, мейлі, ол қандай адам болса да, соған тиемін, — деп елге жар салыпты.

Даңқты арудан күшін асырып, оны өзіне бағындыруды, жар етуді көздеген қарулы жігіттер бәсекеде сәтсіздікке ұшырап, жеңіліп қала береді. Осыны естіген тоқсан үш жастағы Өтеген қарт, нелер әлеуетті жігіттердің бір әйел қайратына төтеп бере алмағанына намыстанып, Мәликемен бәсекеге өзі түседі. Әй деуге де келтірмей қызды ат үстінен жұлып алып, бейне марқа қозыдай алдына бөктеріп ала жөнеледі. Мәлике уәдесінде тұрады, ғасырға жуық жасаған, өзінен жетпіс жас үлкен қартқа қосылып, өмір сүрді.

Бір жылдан кейін ол жүкті болады. Ер бала дүниеге келеді. Осы кезде ел арасында пыш-пыштаған өсек тарай бастайды. «Тоқсан бестегі шалдан бала болушы ма еді? Мәлике ару ұйқысырап кеткен болар...» деседі. Бұл өсекке Мәлике өзі тойтарыс береді. Өтекең соншалықты көп жасаса да, оның нәпсілдік қуаты кемімегенін сипаттайды:

— Кейде ғана болмаса, түнді бос өткізбейді. Нәпсі тілегі менің тілегімнен де күшті, — дейді ол.

Содан кейін өсек тыйылды, «бала — Өтеген қарттың өз баласы» деген қорытындыға келеді жұрт. Мәлике замандастарымен сырласқанда, Өтекеңмен ең алғаш кездескенде-ақ оның өзіне өмірлік серік бола алатындығына сенгендігін айтады екен.

— Ат үстінен аударып алып, алдына бөктеріп, ерінің басына қысқанда, қабырғаларым түгел сөгілген шығар деп едім, — депті ару. Әңгімесін аяқтай келіп, Тасым атам Өтеген қарттың көп жасауына нелер себеп болғанын өзінше топшылаған сөзіне тоқтады.

«Көп жасауыма, осынша жасқа келгенде денім сау болып, күш-қуатымның кемімеуіне бірнеше себеп болды, — депті Өтекең. — Атап айтқанда, өмірімде ішімдік ішпедім, шылым тартпадым, насыбай атпадым, жалаңаяқ жүрмедім, жайдақ атқа мінбедім, өз әйелімнен басқа бірдебір әйелге жақындасқаным жоқ. Қандай жағдайда болса да ешнәрсеге ренжімедім, әрдайым көңілді, сергек болдым», — дейді екен.

<sup>1</sup> Ғани /араб/ — бай, дәулетті.



## Дарынды сынықшы

Бәсең батырдың ортаншы ұлы Матыны құлақ еститін, ат аяғы жететін жердегі елдер өте сыйлап, ерекше құрметтейтін болыпты. Бұл асқан байлықтың, жомарттықтың, шешендіктің, батырлықтың немесе жоғары лауазым иесі болғандықтың нәтижесі емес, аса ұқыптылықтың, тапқырлықтың, қол шеберлігінің нәтижесі екен.

Қарттардың айтуынша, атам Маты жігіт шағында өз әкесі Бәсең батырмен бірге хан жасағында болыпты. Жорықтардың бірінде жазым болып, аяғы сыныпты. Сынықшы жоқ, жайланып жатып күтінерлік жағдай да жоқ. Атына мініп, сынған аяғын қанжығасына байлатып, ұзақ жүріп, өз үйіне келеді. Сор мақтасын, орап-байлау материалдарын өзі әзірлейді. Бірақ сынықты салатын, қолма-қол көмектесетін ешкім жоқ. Амалсыздан аяғының басын белбеуімен тұзақтап, қарт анасына ұстатады да, сынықты өзі салуға кіріседі. Тұзды сумен сылап, сынған сүйекті орнына түсіріп, қиюластырады. Содан кейін сор мақтамен орап, киізден жасалған қалыпты кигізеді де, мықтап байлап тастайды.

Бірнеше күннен кейін аяғы ештеп басуға келеді, бара-бара жүруге жарайды. Сөйтіп, өзі салған сынық бекініп, аяғы сау қалпына келеді.

Осы тәжірибесін ол басқа сынықтарға қолданады. Алғашқы кезде малдың сынығын, кейіннен адамдардың жеңіл-желпі сынықтарын салады. Тәжірибесі бірте-бірте болса да емдеп жазу дәрежесіне жетеді.

Матының сынықшылық қабілетін көп елдер естиді. Қажет болып қалған жағдайда қашықтағы ауылдар қос атпен кісі жіберіп, оны алдыратын болады. Қандай ауыр зақымданған болса да, даңқты сынықшы дерттің шипасы екен.

Мен қызмет бабымен де, өз бетіммен де көп жерлерді араладым. Қай елге барсам да, атамның атын атағанда қарттар оның өзін көргендей болады. «Матекемнің жұрағаты екенсің ғой», — деп ерекше ықылас көрсетеді.

1914 жылы біздің елден Бағлан базарына барушыларға еріп, қашық сапарға шықтым. Бозшакөл маңындағы бір ауылда Омар дейтін қарт аты-жөнімізді сұрап алды да:

— Матекемнің нәсілі екенсіңдер, ардақты ағамның сыбағасын жеңдер, — деп үйіне түсірді. Сол үйден аттанғанша ақсақал мені бауырына тартып, мәпелеумен болды. Мұндағы сыр құпиясы мынада екен: Омекеңнің қарт әкесі аяқ сынығынан мүгедек болып, жылға жуық төсек тартып жатыпты. Соны Маты емдеп, жазыпты. Бұл ауыл біздің ауылдан екі жүз шақырымнан артығырақ жерде тұрады...

Алматыда 1944 жылы халық батыры Амангелдінің жау қолынан қаза тапқанына 25 жыл толуына арналған жиын өткізілді. Бірде Абай атындағы Опера және балет театры алдында батырдың майдандас серігі әрі досы Қарабаев Әлжан қартқа кездесіп, сәлемдестім. Аты-жөнімді сұрап, танысқаннан кейін ол:

— «Қолың сынса, Матыға бар, Маты бар да, жатып ал» дейтін еді біздің Торғай өңіріндегі арғын, қыпшақ елдері. Е, елдің өте сүйікті адамы, аса құрметті ағамыз Матекемнің немересі екенсің ғой, — деп, қолымды қысып, мойнымнан құшақтады да, көзіне жас алды...

### **Күнібұрын ескерткенім ғой**

Әжесі немересінің қолына су таситын қабақ беріп тұрып:

— Сындырып алма — деп, баланы шапалақпен тартып-тартып жібереді.

Оған ашуланған келіні:

— Жазықсыз баланы неге ұрасыз? — дейді. Сонда енесі:

— Сен әлі түсінбейсің, қабақты сындырып қойған соң баланы ұрғаның не, ұрмағаның не? Бұл ерте бастан сындырмасын деп ескертіп жатқаным ғой, — депті.

### **Балалық өтіп бара жатқан жоқ па?**

Ілгеріде ысты елінде Қожағұл деген кедей жігіт болады. Ауыл ақсақалдары қоймай жүріп оған намаз оқуды үйретіпті. Бір жолы қожа-молдалар жиналып, енді намазға бас қоя бергенде Қожағұл терезе жақта ойнап жүрген балаларды көре салып: «Қазір, казір келемін», — деп тысқа шығып кетеді.

Қожағұл сол кеткеннен мол кетеді. Намазын тоқтатып қойған молдалар оны әрі күтеді, бері күтеді. Бірақ «қазір келемін» деген Қожағұл келмейді. Әбден шыдамы таусылған молдалар оған біреуді жібереді. Ол келе сала:

— Ойбай-ау, Қожағұлың балалармен бірге көбелек қуып жүр екен, шақырдым, — деп оралады.

Қожағұл кіре бергеннен-ақ молдалар:

— Сен намазды тастап, балалармен ойнап кеткенің қалай? — деп шу ете қалады. Сонда Қожағұл:

— Уа, шіркін-ай, намаз болса тізеңді жара қылып, күнде келеді. Бал татыған балалық өтіп бара жатқан жоқ па? — деген екен.

### **Басарым жоқ, көтеремін...**

Үш жолаушы пойыз үстінде келе жатады. Пойыз бір қаладан ұзап шыға бергенде жолаушылар тамақ жегісі келеді. Олардың бірінде күлше нан, екіншісінде бір кесім колбаса ғана бар еді. Ал үшіншісінде ешнәрсе де болмапты. Сонда үшіншісі оларға карта ойнайық деп ұсыныс жасайды. Сөйтсе, әлгілердің ешқайсында да карта болмай шығады.

Ермек болсын дейді де, бірінші нанын жүріп, екіншісі оны колбасамен басады.

— Басарым жоқ, көтерем, — деп, үшіншісі нан мен колбасаны сыпырып алыпты.

### **Палауды көрмей отырған кім екен?**

Етікші бір күні хан сарайына кіріп келсе, уәзірлері оны сөз етіп отыр екен. Әңгімеге етікші де араласып, күлдіргі жайларды көп айтыпты. Риза болған хан оны уәзірлерімен бірге дастарқанға шақырыпты. Әлден соң алдарына ас келеді. Етікші асқа бас қояр алдында әдептілік жасап, хан мен уәзірлерге:

— Қанекей, алыңыздар, қанекей, алыңыздар, — деп, бір-екі рет қайталапты.

Уәзірдің біреуі тегінде бұны соқыр деп ойлап қалса керек:

— Көрмей отырсың ба, сорлы кедей, мінеки-мінеки, — деп оның қолын ыстық палауға сүңгітіп-сүңгітіп жіберіпті.

Қолы шала күйіп қалған етікші ызаланып кетіп, уәзірге:

— Палауды көрмей отырған мен соқыр ма, әлде сен соқыр ма? — дегені бар ғой сонда.

### **Бауырсаққа өре саламыз ба?**

Күзгі уақыт екен. Тонтайдың үйіне бір замандасы келіпті. Әйелі шай жасапты. Тонтайдың үйінің төргі жағына төсеніш қалыңдау түсіп, есік жағы құлама екен, дастарқанға салған азғана бауырсақ ылдиға домалап, шалдың алдынан қашықтай беріпті.

Әлгі кісі бауырсақты алған сайын алдына таман әкеліп қойса, бауырсақ жылжып ылдиға сырғи беріпті. Өзінің бауырсаққа қайта-қайта ұмтыла бергенін ыңғайсыз көрген ол:

— Осы үйдің бауырсағы қуғынды көп көрген қашаған ба, жоқ әлде менің қолымның ебі кеткен бе? — депті. Сонда Тонтай жұлып алғандай:

— Сенің икемің кетіп, қиюың қашады екен деп, бауырсаққа өре салып қоямыз ба? — депті. Құрдасы үндей алмай қалыпты. Тонтайдың бұл сөзі де ел аузында мәтел болып кетеді.

### **Ордабай мен молда**

Ордабай деген кісі қатты науқастанады. Көңіл сұрап, хал-жайын білуге молда келеді. Ордабай өзінің басы ауыратынын, жөтел пайда болғанын, денесінде қызу бар екенін айтады.

— Алла Тағаланың әмірі ғой, науқасыңыз өткен айда қайтыс болған біздің құда Өмірбектің науқасы мәнзәлді екен. Оның да басы ауырып

еді. Оған да бір жөтел пайда болып, денесі қызуланып еді, — дейді молда.

Шошып кеткен Ордабай төсектен басын жұлып алып:

— Сіздің құдаңыз өзінің осалдығынан өлген екен. Менің ауруым оның ауруынан екі есе ауыр. Сонда да ештеме ететін емеспін, — дейді. Қорқу — үрейлену, жалыну-жалбарыну жоқ екенін байқаған молда кетіп қалады.

Сол Ордабай күні бүгінге дейін қоғам жұмысынан қалған жоқ. Жақын арада пенсияға шығады.

### Құдайға қылкөпір керек емес

Бөген өзені үстінен салынған кішкентай ағаш көпірдің түбінде Райымбек қарттың үйі тұр екен. Ол кісі — ағаштан түйін түйетін шебер. Өмір бойғы кәсібі — балташылық. Бір сағат еңбексіз отырған адам емес. Мына өзі күзетіп, өзі күтіп, жамап-жөңдей отырған көпірді де Райымбек атаның өзі істеген.

— Еңбек адамына уақыт қымбат. Еріккенге ермек көп. Намазың — ісі жоқтың ісі, оразаң — асы жоқтың ісі, — дейді қарт шебер. Ал оның есесіне жақсы ән мен әсерлі күйді бұл кісінің жаны сүйеді. Жастардың ойын-сауығы қарт шебер үшін — жан саясы, көңіл көктемі, одан қалу жоқ.

Бір күні бас қосыла қалған жерде молдасы бар, дүмшесі бар, қолдары бос болған соң, ораза, намазшыл кемпір-шалдар Райымбек ағаны қоршауға алып:

— Намаз оқымайсың, ораза тұтпайсың. Жас емессің. Қартайғанда Құдайдың қылкөпірінен қалай өтесің? — депті.

— Өздерінде ақыл бар ма, ойлап айтыңдаршы, — дейді қарт шебер. — Мен ағаштан жасаған көпірден автомашина да өтеді. Ал құдіреті күшті Құдайға қылдай көпірдің керегі не?

— Мына сөзіңіз — күнә. Өзіңіз Құдайдан қорықпайды екенсіз. Қорықсаңыз ғана күнәңіз кешіріледі, — дейді молда.

— Қорқақ боп тумағаным мен кінәлі емеспін. Ал Құдайға қылкөпір тіпті керек емес. Өтірік айтудың керегі не? Мен ондай көпір бар деудің өзі күнә деп ойлаймын, — деп, балташы қарт молданың бетіне қарайды. О дүниені өз көзімен көріп келгендей болып отырған молда Құдайға қылкөпірдің неменеге керек екенін дәлелдей алмапты.

### Қасқыр екен десем...

Байжан — орта шаруа, жасының үлкендігімен бірге өз ауылына, көршілес ауылдарға да инабатты адам.

Бірде ол күндегі әдетінше ерте тұрып, намазын оқиды да, мал жайғастыруға шығады. Кенет оның қырағы көзі қорадан шығып бара жатқан қасқырды көреді. Дереву көк айғырға ырғып мініп, қолына сойылшасын алады да, көкжалды қуа жөнеледі. Таңсәріде оны соғып алып, кездейсоқ олжаға бата қалмақ. Көкжал пәрменімен қарыштай жүгіріп қашса да, көк айғыр оның адымын аштырмайды. Ауыл сыртындағы қырқадан қайыра қуып, қораға әкеліп тығады. Әбден шаршап сілесі қатқан көкжал «енді не істесең де еркің» дегендей қарсы қарап, тілін салақтатып, жүресінен жата қалады. Көк айғырдың ақ көбігін ағызып, Байжекең де келіп жетеді.

Бұл кезде үйдегі адамдар да тұрып, мал жайғастыра бастаған екен. Өздерінің асыранды иті көк төбет тілі салақтап, екі езуінен сілекейі шұбырып жатып, аянышты түрде әркімге жаутаңдап қарайды. Көк айғыр да терге малшынған, буы бұрқырап тұрыпты.

— Ай, ата, мұныңыз қалай, мынау өзіміздің көк төбет емес пе?! — десеңді қақпа алдында тұрғандар.

Байжекең атынан ырғып түсе қалады. Қасқырға жетер-жетпес болып, ұмтыла шауып жүрген кезде астындағы тоқымның түсіп қалғанын да сезбепті. Шалбары мен күпісінің етегі терге малшыныпты.

— Қасқыр екен десем, өзіміздің көк төбет екен ғой, — деп қынжыла сөйлеп, «аңшы» отағасы үйге кіреді.

### Тұздап қойған ба?

Бізге көршілес елде бір атақты адамға ас беріледі. Содан қайтар жолында біздің елдің бір топ жігіттері Ақбекет поселкесін жағалай өтеді. Бұлар келе жатқан жолдың жиегінде поселке тұрғындарының бақшасы бар екен. Қарбыз, қауынның піскен кезі, аттан түсіп немесе еңкейіп алуға болмайды. Бақша ішінде мылтығын кезеніп күзетші отырады екен.

Жігіттер күзетшінің көзін бояудың амалын табады. Әрқайсысы қолына құрықша алып, оның бір ұшын ұштайды да, кішкене қармақша жасайды. Ат үстінде отырып, сол қармақты құрықшамен қарбыз, қауындарды іліп алады. Мұны күзетші сезбейді.

Топ ішінде істе парықсыз, сөзге аңқау Ержікұлы Базарбек деген жігіт бар екен. Ол құрықшасымен домалақ өсімдіктердің біреуін алады да, ерінің басына ұрып жарады. Аста етті молырақ жеп, шөліркеп келе жатқан Базекең ауыз толтыра жей бастайды. Дәмі қарбызға да, қауынға да ұқсамайды, кермек болып шығады. «Мына ененді ұрайын, тұздап қойған ба?!» — дейді Базекең. Аңқау сабаз жерден іліп алғаны қарбыз, я қауын деп ойлапты. Сөйтсе, ол кермек дәмді асқабақ екен.

## Төбеңнен жай түскелі тұр

Кенжебайұлы Төлебай — ұзын аққан Есілдің бүгілісіндегі қарауыл, тарақты, бағаналы елдерінде қадірлі адам, құрметті ақсақал. Сол Төкеңнің жалғыз баласы Әбділда Атбасар жәрмеңкесі кезінде жай түсіп, мезгілсіз қазаға ұшырайды.

Ел жақсылары Әбділданың денесін ауылына апарып, Төкеңнің қайғысына ортақтасуға аттанады. Бұл топ орта жолдан аса берген кезде Төкеңнің тетелес замандастарының бірі Бектас топтан озып, ауылға барады. Ол істің алды-артын болжамай, ойына не келсе соны істейтін ұрда-жық адам екен. Сол мінезіне сәйкес жұрт оны «Айғырбай» деп атайтын көрінеді. Сол о жарлығын ол осы жолында да көрсетеді.

Ауылдағылар оның жаманат айтқалы келе жатқанын бейберекет жүрісінен сезгендей болады. Әсіресе, байсалды қарт Төкең бірден сезіктене қалады. Бектас сүріне-қабына үйге кіріп, төрге отырар-отырмастан:

— Уа, Төлебай, төбеңнен жай түскелі тұр! — дегенде, өзі сезіктеніп отырған қарт атаның жүрегі одан әрі тебіренеді. Мезгілсіз кездескен ауыр қазаны «Айғырбай» ақсақал осылай естіртті.

## Бердібайдың бес тиыны

Атбасардың шығыс жағындағы Қозған елінде Бердібай дейтін күлдіргі, сөзге шебер, өтірікті шындай, ақсақты тыңдай айта білетін жігіт болыпты.

Жыл сайын шілде айында Атбасар қаласында үлкен жәрмеңке өткізілетін. Сол думанды көріп қайтпақ болып, Бердібай атына мінеді де, қалаға жол тартады. Қала оның ауылынан он бес шақырымдай жерде. Жолшыбай «Сарытау» деп аталатын белес бар. Оған шыққанда қала иек астындағыдай көрінеді.

Сол жерде азғана тынығу үшін атын тұсап отқа жібереді де, өзі жайғасып отыра қалады. Жәрмеңкеден қандай заттар алатынын ойша болжап, қалтасындағы ақшасын ашып, санай бастайды. Сол кезде батыс жақтан үлкен құйын соғып, Бердібайдың қағаз ақшаларын ұшырып әкетеді. Ұйытқыған құйынды айналадыра қуып, біраз ақшасын қолына түсіріп алады, бір бес теңге үшты-күйлі жоқ болып кетеді.

Келесі жылы дәл сол уақытта Бердібай жәрмеңкеге тағы да аттанады. Бұл жолында көрген тамашасын ол өзі былай баяндайды: «Сарытау белесіне шыға келдім. Атбасар алдымда жаюлы дастарқандай көрінді. Кенет қарсы алдымнан маңдайыма бірдеме сап ете түсті. Алақаныммен басып қалдым. Қарасам, өзімнің былтырғы бес теңгем екен», — дейді.

Содан кейін осы оқиға Қозған, Қақсал елдерінде «Бердібайдың бес теңгесі» деп айтылып кетті.



## Бір жігіттің көршілес елден қыз алып қашуы

Әлке ауылының бір жігіті көршілес елден қыз алып қашады. Қыз иелері ашулы түрде жігіттің ауылына келіп: «Қызымызды беріңдер, әйтпесе оның орнына сендерден екі-үш қыз аламыз!» — деп құқай көрсетеді.

Бұл кез диқаншылардың егін жинап жатқан кезі екен. Қыздарын қорғаштағандардың бірі Әлке ақсақал екі қап бидайды қатар қояды да, оның арасына қызын жатқызып, үстін бір қап бидаймен бүркейді. Бір мезгілде қаптар құлап кетіп, қызды басып қалады. «Әке, өлдім!» деген қыздың ащы дауысы шығады. Қаптарды көтеріп, қызын тұрғызып алудың орнына Әлке отағасы: «Тәйт, малғұн, бақырма! Қыз іздеп жүрген жігіттердің қолына түссең, бұдан жаман бақырасың!» — деп ұрсады қызына.

## Өтірік айтпаймын, айтып та көргенім жоқ

Жастар бас қосып, өзара ойнап-күліп отырғанда Сүтемген олардың ойынын бөліп жіберіп, өз әкесінің тамаша бір оқиғасын айтады:

— Қыс мезгілі. Қазақша қаңтар, ақпан айларының бірі болуы керек, таңсәріден бұрқаған боран түс ауа басылып, күн шайдай ашылыпты, — деп бастайды ол әңгімесін. — Бұл кезде әкем жылқыларын жусатып, өзі қалың талдың ықтасынында, ат үстінде тұр екен. Құлағына бір сылдыр естілген соң, бірден бұрылып қарайды. Таңғаларлық тамаша — бір қоян бірнеше құрық сүйреп келе жатады. Әкем әлеуетті, қандай жағдайда болса да батыл қимылдайтын адам ғой. Дереу құрығын жазып жіберіп, қоянның мойнына тастай береді. Қоян кідірмейді, сүйрей жөнеледі. Мінгені атамның көк айғыры екен, жануар қандай белді, қоянның күшті тегеурініне төтеп береді.

Көрмеген адамдарға бұл болмаған, болуға да тиіс емес оқиға сияқты. Дегенмен бұған сенуге тиістіміз. Өйткені әкем өтірік айтпайды, айтып та көрген емес. Қоянның сүйреп келе жатқаны сегіз құрық екен, әкемнің құрығы тоғызыншы болыпты. Қоянды табанда өлтірмей, мойнындағы тоғыз құрықпен ауылға алып келіпті.

Мұны тыңдап отырған жастар «өтірік» дерін де, «шын» дерін де біле алмай, тек әңгіменің қызығына ұйып, артын күлкіге айналдырады.

Бұдан кейін Сүтемген өзі ішінде болған бір тамашаны айтады.

— Кіші бесін кезі еді. Балакөл жағынан келе жатып Төлеш адырына шыға келдім. Етектегі түбек ішінде бірнеше адам ерсілі-қарсылы жүгіріп жүр екен. Міне, тамаша! — деп, ол отырғандарға жағалай қарайды. — Сол жердегі өткелден өтіп, түбекке кірдім. Бес-алты адам терлеп-тепшіп ентігіп отыр. Бәрі де таныс. Беген ауылының пішеншілері екен. «Жақсы келдің» деп шұрқыраса қалды. Бұлар жұмыс істеп жүрген кезде кенет бір құс көреді. Соған қызығады да, жұмысты тастап,

жабыла қуады. Сәскеде қуған құсты күн ұясына қонар алдында ғана соғып алады. Бұл қолға сирек түсетін құс — кәдімгі ұзын сирақ шіл.

Асығыс жұмысым жоқ, атымды отқа жібердім де, қосқа кірдім. Бәріміз отыра қалдық та, шілдің жүнін жұлдық. Құдай біледі деп айтайын-ау, қолымды кере жайып құшақтап, төрт рет шығардым, сонда да қоста бірсыпыра жүн қалды...

— Шілдің етін асуға кірістік, — деп сөзін одан әрі жалғастырды Сүтемген. — Ернеуі он төрт қарыс қазанға екі жілігі әрең сыйды. Сықия тойып жаттық. Таңға таяғанда ояндым. Қатты шөлдепшім. Қоста су жоқ, Есілге баруға еріндім. Түндегі еттің суық сорпасын ішкім келді. Бетіне майы қатып қалыпты, ожаумен оны бұза алмадым. Сендерге өтірік, маған шын. Оллахи, биллахи, бір өтірігі жоқ, қатқан майды балтамен бұзып, суық сорпаға қандым.

Отырғандар қызыққа әбден батты, ішек-сілесі қата күліп, сергіп қалды.

### Шайтан арба көріпті

— Қалаға жақындай бергенімізде алдымыздан қарауытып бір шоғыр көрінді, — деп Қабекең бәрімізге жағалай қарады. — Көрінуді-ақ сол екен, бір құбыжық екі көзі жайнап, дүрілдеп жетіп келді. Сыртқы бейнесі кәдімгі төрт доңғалақты бірішке тәрізді, алдынан қарағанда адам шошырлықтай, көрмесек те ертегіде айтылатын жын-перілердің бірі шығар дедік. Ал құйындай ұйтқыған жүрісіне, көз ілестірмей зырылдаған доңғалақтарына қарап, «шайтан арба» деп атадық.

Бұл тамашаға ақсақал таңырқап, тамсана қараса да, ол бізге жат нәрсе емес. Оның көргені жүк автомобилі екенін сезіп отырмыз. Енді қалада көрген ғажайыптарын естуге ынтығудамыз.

— Қаланы екі күн араладық, — деп, сөзін одан әрі жалғастырды Қабекең. — Сәбетский жаңа өкіметтің бірсыпыра жаңалықтарын көрдік. Бұрынғыдай емес, кеңселері көп, кімге болса да есіктері ашық. Аттарын ұға қоймаймыз ғой, есімізде қалғаны «бұйра жал», «майда жал» деген кеңселер бар екен. Базар да өзгеріп қалыпты. Жаймалар затқа толы, дүкендер көбейген, бәрінің де айдар таққандай аттары бар, солардың біреуін «Онбармақ» деп атады. Қабекең соларды ұнатқанын сездіріп, жымия күлді.

### Қорқақ өз көлеңкесінен де қорқады

Кешкі мезгіл. Мал жайланып, жұрт орынға отырған кез. Қоңыркеңнің бір баласы суаттан атын суарды да, ондағы сүйменді қолына алып, үйге қайтты. Ай жарық еді. Кенет артына қарайды, біреу

сойыл көтеріп өкшелеп келе жатыр. Зәресі ұшып кетіп, атынан секіріп түсіп, сүріне-қабына үйге кіреді. Үйдегілер үрейленіп, бәрі де қолдарына қару алып, тысқа шығады. Ештеңе көрінбейді. Әлден уақытта жұртты дүрліктіріп жүрген жігіт қақпадан шыға беріп: «Ойбай, міне келеді!» — деп кейін жалт береді. Сөйтсе, оның өзін қорқытып, үйдегілерді үрейлендіріп жүргені өзінің көлеңкесі екен.

### «Әуп!» дегені үшін

Біздің Бұқарбай ойын-қалжыңға шебер, сөзде де, істе де ұтымды адам еді. Бірде ол Запорожье селосымен іргелес ауылға барады. Ондағы таныстарының бірі егінін бастырып, астығын қауыздап жатыр екен. Сәлемдесіп, «қырман тасысын!» деген тілегін айтып тұра береді, — деп бастайды Жәкежан әңгімесін. — Қырман иесі ұшырылып, тазартылған бидайын сарайына таси бастайды. Бидай салынған қаптарды көтеріп, арқасына тиеп жатқан кезде ат үстінде тұрған Бұқарбай бірнеше рет «әуп!» деп дем береді.

Келесі күні Бұқарбай атын жегеді де, арбасына үлкен бір қап салып алып, кешегі өзі келіп кеткен қырманға келеді. Диқан жұмыс істеп жатыр екен, оған қапшығын көрсетіп: «Кешегі үлесімді алғалы келдім», — дейді. Диқан: «Ол қандай үлес, не үшін?» — десе, Бұқарбай: «Сен бидай толтырылған қаптарыңды көтере алмай жатқанда, мен «әуп» деп дем бергенмін, сол үшін», — деп, қапшығына қызылдаған бидайды сала бастайды.

Бұқарбайдың мінезіне таныс, оның сүліктей қадалған жерінен өзіне керегін алмай кетпейтінін білетін диқан оған ләм демейді. Бұқарбай бес пұттық қапты толтырып, арбасына тиейді де, өз жөніне кете барады.

### Сезімтал талғам

Атбасар уезіндегі найман ішінде әр істе ұқышты, тіліне шебер, сөзде ұтымды, өз елінде және көршілес елдерде білікті адамдардың бірі Мұқыш атты зиялы қарт өмір сүреді.

Бірде, қысқы мезгілде, ол бір үйге келіп түседі. Үй адамдары кешкі тағамға отыра бастаған еді. Ұзақ жүріп тоңып келген мейман ыстық шаймен бой жылытқысы келіп, жаюлы дастарқанды жиғызбай, даяр асқа отыра қалады.

Дастарқанда шайдың салқын жемдерімен бірге ыстық қуырдақ бар екен. Ол сыйлы мейманның алдына қойылады. Мұқаң майлы қуырдақтан бір қасық алады да, үй иесіне қарап:

— Бұл ненің еті? — дейді.

— Соғымға қолдан сойылған малдың еті, — деп жауап қайырды үй иесі.

— Жоқ, бұл мал еті емес, иттің немесе қасқырдың, әйтпесе шошқаның еті. Ал сен қолдан сойған малдың еті деп отырсың ғой. Олай болса, бұл қошқар мен текенің, бұқаның, бураның немесе айғырдың еті, — деп қарт ата дастарқан айналасында отырғандарды тамсандырды. Бірақ, олар ақсақалдан бұл одағай сөздің шешімін сұрай алмайды. Мұқаң өзі айтып береді:

— Мен өмірімде әлгі аталған хайуандардың етін татып көргенім жоқ. Қуырдақтағы етті менің талғамым қабылдамады, сондықтан мен оны өмірімде татып көрмеген ет екен деп ұғындым.

Үй иесі мойындайды, қуырдақ қошқар еті екенін айтады.

### Қамбашы Тоқсанбай

Сандық өзені бойында мекендейтін Бәкеней қарттың ортаншы ұлы Әбен ойыншы, әзіл сөзге, мысқылға шебер жігіт еді. Бірде ол өзімен көршілес елдегі Сүтемгенұлы Тоқсанбай дейтін замандасының бір «жаңалық» ісін айтып күлдірді. Ол былай екен.

Қыстыгүні қояндар қар астынан жем алып жей алмайды да, үюлі маялардан шөп жеп қоректенеді. Осы жайды пайдаланып, ауыл адамдары маялардың іргесіндей қалың қардан қамба қазады, шөп себелейді. Мұны жеуге келген қоян қамбаға түседі де, адамға жем болады.

Қамба қазып, қоян ұстау айналасын Тоқсанбай да қолданады. Қамба қазылып біткеннен кейін, түскен қоян секіріп шығып кетпеуі үшін оның ішіне от жағып, қабырғаларын мұздату керек. Тосекең қолына құрғақ шөп-шалам алып, қамбаның ішіне түседі де, дереу от береді. Лапылдап жанған жалын өзінің киімдеріне тиіп, өлім қаупін тудырады. Жаны ышқынған ащы айқайға сырттағы адамдар жиналып, қамбаны құлатады да, лаулаған отты өшіреді. Сөйтіп аңқау «қамбашы» Тоқсанбайды ажалдан құтқарады.

### Теңеу тапты

Орақ әулетінен Бостанұлы Есенгелді ақсақал Мекке, Мәдинаға барып, қажы атанып қайтады. Оны қарсы алған ел адамдары дін ордасында көрген қасиетті орындардың жайын сұрайды. Сол сұрақтардың ішінде Қағбатолланың сыртқы көлемі, ішінің кеңдігі жайында бір сұрақ қойылды. Отырған қауымға көздері көргендей түсінікті болуы үшін Есекең оған нақты теңеу тапты:

— Қағбатолланың көлемі де, кеңдігі де дәл менің қой қорамдай, — деп соқырға таяқ ұстатқандай атап береді.

Есекеңнің қасиетті орындарды бейнелеу сөздеріне молдалар түзету енгізіп, толықтырып отырады. Олардың орынды-орынсыз көлденеңдей беруіне наразы болған қарт қажы: «Сөзімді бөле бермеңдер. Сендердің

қағаз бетіндегі шимайың қалай, менің көріп келген мына көзім қалай?!» — деп молдаларды тойтарып тастайды.

### Ортақ олжа

Байбура — момын шаруа, өте діншіл адам. Құрметке бөленерліктей ізгі ісі болмаса да, жұрт алдында атаққа ие болғысы келеді, одан дүниесін аямайды.

Көршілес ауылдағы мешітте апта сайын жұма намазы оқылады. Байекең одан қалмайды. Имамның құтбасын, онда аталған адамдардың есімдерін ести бергісі келеді, «мен де солардай құрметке ие болсам-ау» деп арман етеді.

Осы арманын бірде имамға сездіреді. Құтбада атым аталса, солардың бергенін мен де берер едім дейді. Оның бұл тілегін имам орындайтын болады, келісім жасалады. Келесі жұмада хұтбаға Байекеңнің аты қосылады:

— Я әйюһал Байбура! Әнтә кәлбән кабира. Уауәләдан хинзира<sup>1</sup>.

Осыны тыңдап тұрған муәзин Ғұбайдолла имам жаңылды деп ұғынып, тамағын қырды. Имам одан әрі жалғастырып:

— Лә танахнух, Ғұбайдолла! Ахазто арбағуна шатан, несфу ләка несфу ли, — дейді. Бұған Ғұбайдолла түсіне қалады. Бұл «құтбаның» қазақшасы мынадай: «Ей, Байбура! Сен үлкен итсің. Шошқаның баласысың... Тамағыңды қырма, Ғұбайдолла! Осы үшін қырық қой алмақ болдым. Жартысы менікі, жартысы сенікі болсын...».

Сөйтп, дін басшылары имам мен муәзин аңқау шаруаны алдап, қырық қой олжаланды.

### Соқыр сенім

Аңқау елдің арамза молдалары момын адамдарға неше түрлі «құбыжықтарды» бейнелеп, оларды болымсыз елестермен үрейлендіреді, «жын», «шайтан» деген соқыр сенім тудырды. Сондай сеніммен шырмалғандардың бірі — момын шаруа Әлке «пірадар» еді.

Бірде, түн ішінде Әлекең төсегінен тұрып, дәретке шығады. Қараңғы қорада өзінен басқа ешкім жоқ деп алаңсыз отырған оның жанына шашы жалбыраған жалаңаш бала келіп тұра қалады. Көзіне молдалар суреттеген шайтан елестейді, шап беріп айдарынан ұстай алып:

— Ә, малғұн! Менің дәретке отырған бейқам кезімді аңдып жүргенін қарашы мұның, — дейді де, үйге сүйрей жөнеледі. Бала «ататайлап» жылайды, «Мен Қадыбаймын!» — дейді.

<sup>1</sup> Я әйюһал Байбура! Әнтә кәлбән кабира. Уауәләдан хинзира — ей, Байбура! Сен дәу итсің, шошқаның торайысың!

— Қарашы бұл малғұнның «Қадыбаймын» деп алдауын, — деп шашынан сүйреген қалпында есікке келіп: «Қадыбай үйде ме?» — деп айғайлайды әйеліне.

— Жаңа ғана өзіңе еріп шығып кетіп еді ғой, — деп дыбыс береді әйелі. Сонда ғана қателескеніне түсініп: «Шайтан екен десем, өзіміздің Қадыбай екен ғой», — деп, баланы төсегіне жатқызады.

### Айна көрмеген тоғышарлар

Ашутасты бойындағы бір ауыл малдарын кезектесіп бағатын. Өз кезегінде мал жайып жүрген Қоңырбай кенет Шыралжын етегінде жылтыраған бір зат көреді. Алып қарап еді, оның бетінен өзіндей бір жігіт көрінді. Не екенін біле алмады, қалтасына салды да, малын жайып жүре берді.

Қоңырбай малын жусатып, аз уақыт мызғып, тынығу үшін үйіне келіп, шешінді де, төсегіне жата қалады. Осы кезде үйге әйелі Жаңыл келіп, оның ілулі тұрған шапанының қалтасынан манағы жылтыр затты алды. Оны тамашалап қарап еді, бейтаныс әдемі бір келіншек көрінді. Ыза кернеді, өз бойына өзі ие бола алмады, жылап жіберді. Қолына жылтыр затты алды да, жүгіре басып, шешесінің үйіне барады. Жылтыр затты оның қолына ұстатты да:

— Мынаны қарашы! Қоңырбай бір сұлу тауышты, мені тастап, соны алмақшы, — деп өксіп жылай береді.

Қарт ана жылтыр затты алып қарайды. Қызы айтқандай сұлу келіншек емес, бетін әжім басқан, ұрты суалып, көзі шүңірейген кемпірді көреді.

— Балам! — дейді ол Жаңылға. — Сен босқа жасыма. Қоңырбай сенен айырылып, мынадай сұмырайды ала қоймас, — дейді.

### Ақымша қу

Семей облысы Күршім ауданында Ақымша деген қу болыпты. Мал дегенде бір ат, бір бұзаулы сиырдан басқа ешнәрсесі жоқ екен. Шешен, тапқыр, бай, бимен сөз таластырып қалыспайтын кісі екен. Бір жылы Ақымша астық іздеп қазіргі Большонарный ауданы, бұрынғы Нарын болысы Аңдауғұл бура деген рудың еліне барыпты. Сол елдің бір биі кездесіп: «Елдеріңде жақсы ат, жаман ат бар ма?» — дегенде:

— Жақсы аттан шона Бекбайдың көк жорғасы бар, жаман аттан мына менің көк шолағым бар, — депті. Біраз тоқталып: «Елдеріңнің халі қандай?» — дейді екен.

— Еліміз басын көтеріп, сорпаға қарайды, — деген екен. Бетіне қарап тұрып: «Саған сөйлеп болмас», — деп, жүріп кетіпті. Ол жақсы ат, жаман ат дегенде жақсы, жаман хабарды сұраған. Оған Ақымша өз аты мен Бекбайдың жақсы атын айтты.



«Еліміз басын көтеріп, түгел сорпаға қарайды» дегені — астық жоқ, ылғи мал етімен жан сақтап сорпа ішіп отыр дегені. «Басын көтереді» дегені — іштеріне дән бармаған соң сорпа мен ет тамақ болмай жатады, жатпаса бұралып, төсек үстінен түспей отырады дегені. Мұны Аңдауқұлдың биі түсініп, Ақымшаны шақырып алып ат мінгізіп, бір көлік астық береді.

### Үш саңырау

Бір үйде үш саңырау — қызы, әкесі, шешесі тұрыпты.

Бірде шал атын суғаруға құдыққа барады. Құдық басына бір жас жігіт келеді. Ол келе:

— Ата, ассалаумағалейкүм, — деп амандасады. Сонда шал:

— Жоқ балам, бұл менің өз атым, әкемнен қалған, бермеймін, — деп жатып кеп дауласады. Сосын үйіне келіп жаңағы болған оқиғаны айтады. «Бір жас жігіт атыма жармасып, өздер құтылдым», — дейді. Сонда кемпірі:

— Ыстық берсем, ыстық берді дейсің, суық берсем, суық берді дейсің, сенің қай бабыңды табайын?! — депті. Сонда осы әңгіменің бәрін естіп отырған қызы:

— Қай байға берсең о байға бер, күйеу таңдап отырғаным жоқ, — депті.

### Сараңның сыбағасы

Сараңдықпен аты шыққан Дүйсенбай деген бай үйіне кісі келсе, түнеріп отырып алады екен. Күндердің күнінде сол үйге Битбай кіріп барады. Түнеріп отырған байды көріп, жалма-жан Құран оқиды. Бай шошып кетіп:

— Әй, өз басыңа көрінгір, құрт Құранды! — деп ақырады. — Қайдағы ырымды шақырып отырсың?!

— Байеке, мен қайдан білейін, — дейді Биекең. — Отырыстарыңыз адам өліп, қара жамылған адамның отырысы сияқты, — депті.

### Ұлтанқұл, Шұлғаубай

Сыр бойында Ұлтанқұл деген қалжыңбас жігіт болыпты. Жолаушылап келе жатып өзі де, аты да келісті бір жігітке кездеседі. Сәлемдесіп, жөн сұрасса, жігіттің есімі Шұлғаубай екен. Екеуі құрдас боп шығыпты.

— Мінген атың мен келісті келбетіңе Шұлғаубай деген есімің жараспайды-ақ екен, — деп қалжыңдапты.

Шұлғаубай оған ашуланбастан жауап беріп күліп:

— Құрдасым, Ұлтанқұл-ау, сенің бұл айтқаның «жыртық тесікке күледінің» кері ғой. Шұлғау ұлтанның үстінде тұрмай ма? Табанның

астында жатқан ұлтанды да есім деп жүргендер бар ғой, — деп жауап беріпті.

Ұлтанқұл ұялғанынан Шұлғаубайға тобылғы сапты қамшысын сыйлапты.

### **Шеркеш Мақаш пен таз Қашқынбай**

Шеркеш Мақаш пен таз Қашқынбай бір топ жолдастарымен сау етіп, Адай Ахмет дейтіннің үйіне түсе қалады. Бұлардың ішінде бір ишан болады. Осы кезде Мәтжан кіріп келеді. Ол сәлемдесіп болар-болмастан-ақ ишан бір аятты зулата жөнеледі. Аяттан соң бәрі бет сипап болғанмен, Мәтжан қолын жайған күйі отыра беріпті. Сонда Мақаш:

— Ай, Мәтжан! Бұл не өнерің? — деп сұрағанда, Мәтжан:

— Мынау ишан сау адамдарға өлім тілеп, дұға оқып отыр, ал мен сіздерді одан арашалап, тірілерге ғұмыр тілеп отырмын, — деген екен.

### **Тыныштығымда не жұмысың бар?**

Бір үйге жолаушы келіп қонады. Үй иесі дәстүр бойынша шама-шарқына орай құдайы қонақты құрметтеуге тырысады.

Ас үстінде қонақ сүйекті қоймай мүжиді. Тамақтан кейін жақсылап орын салып, жайғастырады. Қонақ «тоңып қалармын» деген сақтықпен өзінің тонын алып жамылады.

Жақсы жайғасқан қонақ жатып алып, Алласына сиынады:

— Ей, Алла, бергеніңе шүкір, енді тыныштығыңды бере гөр! — дейді.

Бұл сөзді естіген үй иесі қонағына келіп килігеді:

— Әуелі ит болып сүйек кемірдің, одан кейін келіп қой болып тон жамылдың, енді менің жалғыз қызым — Тыныштығымда не жұмысың бар?! Менен енді қыз алғың келген екен, — деп, қонағын үйден қуып шығыпты.

### **Еріншек келіншек**

Баяғыда бір шал мен кемпірдің ештеңе істемейтін, өте еріншек жалқау келіні болыпты. Күндердің күнінде шал таңертең ерте тұрып, келінінің ұйықтап жатқанына ашуланып, келін көрсе ұялар деп қолына сыпырғыш алып, қорасының ішін сыпыра бастапты. Оны көрген кемпірі үйінен шығып:

— Ау, шал-ау, маған бер, мен сыпырайын, — десе, шалы берметті. Сөйтіп екеуі «мен сыпырамын» деп таласыпты. Сонда еріншек келін орнынан да тұрмай, терезеден:

— Неге сонша таласасыңдар, біреуің бүгін сыпырыңдар, біреуің ертең сыпырыңдар. Сөйтіп кезек-кезек сыпырмайсыңдар ма? — депті.

### Қорқақ батыр

Еңгезердей бір қарулы жігіт «батырмын» деп мақтанады екен. Бірақ өзі сужүрек қорқақ болса керек. Бір күні жасақты көп ұрылар байдың жылқысын ұрлап кетеді. Жылқыны ұрыдан айыруға ешкім шықпайды. Бай әлгі жігітке келіп жалынады. Батыр қатты сасады. Ақыры көніп: «Мені жүйрік атқа мінгізіп, ерге мықтап таңып тастаңдар», — дейді. Басы қатты жүйрік ат қиқу салып бара жатқан ұрыларға қарай шауып ала жөнеледі. Жауға жақындағанда жүрегі ұшып, не істерін білмеген жігіт шауып келе жатқан бойы жолда тұрған бір теректі қапсыра құшақтап, аттан түсіп қалмақ болады. Бірақ түбі шіріген терек қопарыла құлайды. Мұны көрген ұрыларда ес қалмай, айдап бара жатқан жылқыларын тастап, бет-бетіне қаша жөнеледі. Сөйтіп қорқақтың «батыр» атағы арта түседі.

### Ишанның айтқаны

Мал союға қатаң тыйым салынған шақ. Ол кезде өзі бас болып, ишан базардан қара құнажын сатып алып келіп, төрт үй бірігіп сойып алады. Мұны естіген жергілікті белсенді:

— Ишан мен қара құнажынның терісін тез тауып алып кел, — деп кісі шаптырады. Ишан:

— Қонағым бар еді, соларды жөнелтіп, кешікпей өзім барармын, — деп, уәде етіп шығарып салады.

Белсенді жұмыс аяғына дейін күтеді, бірақ ишан жоқ. Әбден ашуланады. Бір заматта арқаланып ишан да келеді.

— «Ишан-ишан» дегенге әбден құтырынып болдың-ау, — деп айғайға басады ашу қысқан белсенді. — Неге келмейсіз шақыртқан уақытта?

— Бастық жолдас, жіберген кісің маған: «Мал сойған қылмыстыларды тауып, сойылған малдардың терісін жинап әкел», — деп түсіндірді. Соған бола қаланы бір емес, үш айналдым. Япырмай, мына халықтың тазасын қайтерсің, мен сойған қара құнажын мен сен сойған қара қойдың терісінен өзге ештеңе болсайшы, — деп ишан екі теріні шолақ белсендінің алдына тастай береді. Өз қылмысы да әшкере болған әлгі белсенді үнсіз қалыпты.

## Құнанбайдың қажыға барғаны

Құнанбай қажыға бара жатқанда, «жан ауру шығады» деп мелисиялар<sup>1</sup> тоқтатыпты. Сонда көп қажы жалаңаяқ құмда отыр екен дейді. Күн ыссы. Сонда қасындағылар байқаса, Құнанбайдың аяғының сырты ала екен дейді. Мелисиялар көріп таңырқапты. «Мына аяғыңның аласы не?» — депті.

— Қазақ деген ұлт бар. Қазақтың білгішінің аяғы ала болады. Мен — сол білгішімін, — деп жауап етіпті Құнанбай.

Бұл сөзді естіген мелисиялар бастықтарына айтып барыпты. Сонда бастығы:

— Ондай білгішті көрейін, шақыр, — депті. Шақырғаннан кейін:

— Сен қай ұлтсың? — деп сұрапты.

— Қазақпын.

— Қайда барасың?

— Меккеге барамын, — депті жөн сұрасқаннан кейін.

— Мекке деген не? — деп төмендегіше бірнеше сұрақ қойыпты.

Құнанбай былайша жауап беріпті:

— Ол — Алланың үйі, оған біздің байығандарымыз барып, қажы болып қайтуға міндетті.

— Алла деген кім? Ол қайда тұрады?

— Иә, жарайды. Бір кесе сүт әкел, қайда тұратынын айтып берейін, — депті Құнанбай. Сүт әкелгеннен кейін:

— Мына сүтте май бар ма? — депті Құнанбай.

— Ие, бар, — дейді.

— Бар болса, сол май бұл сүттің қай жерінде тұрады? — деп сұрақ қояды. Қасындағы мелисиялары мен сұрақ қойып отырған бастық ол майдың қайда тұратынын айта алмайды, «ішінде, ішінде» дей беретін көрінеді.

— Ендеше, Алла да сол секілді осы әлемнің ішінде, — депті Құнанбай.

Содан соң әлгі әкім:

— Рас, мынау бір нәрсе біледі екен, білмегенмен, айта біледі екен, — деп Одесстен өткізіп тастапты.

## Дуанбасыны сөйлетпеген кедей

Ақмола дуанының бастығы Ыбырай төре Тоқа Шоң дейтін байдікінен түстенеді. Дуанбасы лау мініп жүреді екен. Шоңның Таңшолақ дейтін бас жылқышысы төренің пәуескесіне жегуге екі асау құр ат ұстатып әкелгізеді.

Дуанбасы түстік жеп, тысқа шықса, поштабайлары әлгі аттарды пәуескеге жегу түгілі басына ие бола алмай жатыр екен. Ат осқырып аспанға шапшығанда, дуанбасы Ыбырай:

<sup>1</sup> Мелисия (милиция) /орыс/ — сақшы.

— Қазақтың өзі түгілі малы да ақымақ, тентек екен-ау, — деп мысқылдайды.

Таңшалақ оған сонда:

— Елім естек емес, жылқым мәстек емес. Біздің Қуандықтың қаз мойын, апай төс тұлпарлары осындай өрмінезді келеді. Мінуте қорықсаң жаяу жүре бер, — депті.

Дуанбасы Ыбырай қатты намыстанып, бірақ қарсы айтар сөз таба алмаған соң, нөкерлерінің екі атын пәуескеге жектіріп, жаңағы асау аттарды мінбей кетіпті.

### Шоңның сәлемдемесі

Шоң мен Шорман төс қағысып дос болыпты деседі. Екеуінің арасында сыйлыққа түйе де, бие де жүреді. Шорман байлығымен, барымташылығымен әйгілі болса, Шоң шешендік, тапқырлық, қызыл тілімен даңқы шыққан. Шорман ел-жұртын өзі қамшының үйіруімен билеп-төстесе, ендігі ұрпақты шешендік ділмарлықпен қарапайым бұқараны аузына қаратумен билеп, үстемдік жүргізуге Мұстафаны дайындаған деседі.

Бұған орай аздаған діни сауаты бар Мұстафа өз замандастыры арасында аттылығы жол, жаяуға сөз бермеген.

Шорман баласын өз орнына сайлайтын жылы елінен төрт-бес мырзаларын ертіп, Шоң досының еліне екі күймемен аттандырыпты. Мұстафа бастаған бір топ өңшең өлеңші-домбырашы, сері жігіттер Шоңның есігінің алдына келіп-ақ қалады. Әрине, Шорманның бұл жігіттерді екі-үш күнге қонаққа жіберуі — досы Шоңның ықыласын тануы болса, екінші, баласынан ел ұстар алдында Шоңның шешендік ұтымды сөздерінен ғибрат алсын деген мақсаты еді.

Қонақтарды Шоңның қонақ күтетін жігіттері қарсы алып, ақ отауға орналастырып жайғастырады. Қонақасына екі биені тел емген құлынын сояды. Жас қыз-келіншектеріне балауса тоқты сыбаға болады. Қазақтың мәдени әдет-ғұрпымен алтыбақан тігіліп, бүкіл елдің жастары үш күн, үш түн мәжіліс құрады. Ақындар өлең айтады, шешендер сөз сайысына түседі, тіпті кішігірім күрес те ұйымдастырылған деседі. Қызық думан көңілді өтеді. Өкінішке орай, үш-төрт күнге созылған мәжілісте Мұстафаның ешкімге сөзден дес бермеуі көңілде күдік қалдырған еді.

Төртінші күні жігіттер еліне ораларда Шоң Мұстафаның арысына ақ інген байлайды. Мұстафа «аттың желісіне ере алмайды ғой» деп реніш білдіргеніне қарамай, Шорманның «Шұбары» желсе желеді, шапса желісін ұлғайта түседі деп еріксіз байлатқызған. Пәуескеге мінер алдында: «Мына бір хатты әкеңе берші, шырағым!», — деп, ұсынған екі тұмарша бүктелген қағазды Мұстафа қалтасына сала салған-ды.

Шорман оралған баласының алдынан шығып, досы Шоңның қалай қарсы алғанын білгенше асығады. Дәм-тұз жағынан ешбір кемшілік жоқтығын арыстағы ақ інген-ақ айтып тұр.

Сонда:

— Ал, балам, кім не сөйледі? Неңдей үлгі сөз ұқтың? — деген сауалға Мұстафа:

— Әке, үш күнге өзім жеттім. Сөйлеушілер болған жоқ, аузыма қарайды да отырады, — дейді. — Айтпақшы, ұмытып барады екем ғой, мына бір хат берген еді, — деп, баяғы тұмарша қағазды ұсынған. Шорман оқыса:

«Ақылы мұның көп екен,  
Ақылының ұшы-қиыры жоқ екен.  
Бірақ, бірақ ақылына  
Айғыр салған жоқ екен», —

деп жазыпты Шоң. Сонда Шорман санын бір-ақ соқты деседі.

— Ойбай, балам, ... беталды ешбір сөзге қонақ бермей лаға бергенсің ғой. Елден ер, ерден ер аспайды. Ел болған соң әр елдің өз шешені, өз ақыны, өз батыры, өз палуаны болады ғой. Әпербақандығыңды әйгілеп келген екенсің ғой, — деп өкініш айтыпты.

### **Етекбай би мен Шорманның Мұсасының сөзі**

Төңкерістен жарты ғасыр бұрын Осы күнгі Павлодар облысы бұрынша Кереку еліндегі қаржас Шорманұлы Мұсаның елінің жүз жылқысын жауар қарауыл Етекбай бидің елі айдап кетіп пайдаланады. Жүз жылқысын жауар елінің айдап кеткенін естіп, Мұса өз қаржас елінен балуан, батыр, шешен елу жігіт таңдап ертіп алып, жылқыларын қуып Етекбайдың еліне келеді екен.

Мұса келгенмен, Етекбайдың отанына кірмей, жарты шақырым елдің сыртында тұрады. Бұл бөдегей жат елдің адамдары екенін көріп, Етекбай атының шылбырын беліндегі кісесіне қыстырып, Мұсаға қарсы жүрген екен. Сонда Мұса да атын жаяу жетектеп келе жатқан Етекбайды көріп, аттан түсіп: «Етекбай кіші мінезбен, инабатты болып келе жатыр ғой. Мен де кішірейіп амандасайын», — деп, құшақтасып көрісіп, жыласып амандасқан екен.

Бұдан бірнеше уақыт бұрын Мұсаның елі қаржас қырлысып, бір себеппен дау болып, бітімге келмейтін болған соң, Мұсаның өзіне кейбір ағайыны бас салған соң, Мұса Сейтенді айдатып, Тайжанды аттырған дейді. Өсіткен Мұсаға қаржас елі өкпелеп, быт-шыт болып қуандық-сүйіндік еліне бытырай көшкен екен. Бұл бытыраған халыққа шыдай алмай, Мұса қуандық-сүйіндік еліне барып, жайын айтып, елін қайта көшіріп, өз еліне әкеліп қондырады.



Осы жағдайды Қарауыл Етекбай сол уақиғаның жанында тұрғандай біліп алған көрінеді. Әлгі Мұса мен Етекбай көрісіп, жыласып болғаннан кейін, орнығып отырып Етекбай Мұсадан жағалай отырған «мынау кім, мынау кім?» деп бір-бірлеп көрсетіп, жігіттерін сұраған екен. Сонда Мұса жігіттерін көрсетіп, «мынау — батырым, мынау — балуаным» деп елу жігітін түгел баяндайды.

Сол кезді аңдып отырған Етекбай Мұсаға:

— Уа, Мұса! Ойпырым-ай, Мұсажан-ай, мырзасы көп елдің елі бытырай ма екен, батыры көп елдің жылқысын жау ала ма екен деген екен.

Осыны естіген Мұса екі сөзге келмей атын мініп, жігіттеріне бұйрық беріп, еліне тартқан екен. Қатулы Мұсаның атқа мініп, үйіне тартатынын сезген Етекбай үйден ұшып шығып:

— Мүсеке, мұныңыз қалай, тоқтаңыз. Сіздерді дәм айдап келді. Бөлінбеген енші, жеп кететін бір малдарыңыз бар. Соны жеп кетіңіздер, — деп жармасқан екен.

Мұса:

— Жоқ, дәміңізге рақмет. Мына сөзді естіп отырып, сіздің дәмді ішіп отыруға болмайды, — деп тартып кеткен екен.

Былай шығып жігіттері Мұсаға:

— Мүсеке, мұныңыз не, Етекбайға ештеңе дей алмай, сыбағалы асымызды іше алмай кеткеніміз не? — деп сұрақ қойыпты. Мұса сонда жігіттеріне:

— Не ас керек? Не деп жауап беруім керек. Жамандар, сендер мені тірідей өлтірдіңдер, сендердің кесірің тиген жоқ па? Етекбай менің елімнің бытырағанын айтқан жоқ па? Енді не деп жауап беремін? — деп, Мұса жігіттеріне жауап беріп, әңгімесін аяқтаған екен дейді.

Сөйтіп, Мұса Етекбайдың енді бетіне келе алмай, жүз жылқысын ала алмай, бос қайтқан екен. Етекбай жүз жылқыны олжа қылып, елін Мұсадан аман сақтап қалған көрінеді. Міне, бұл әңгіменің маңызы осы. Бай Мұсаның жазасын кедей Етекбай осылай берген екен.

## Бажақ қарт

Шоңның қартайған кезі екен. Бір жылы Шу қыстауға малымен көшкен. Алтай, Карпаттың біраз елі Шу бойында қыс қатты болып, малы жұтқа ұшырапты. Осы жағдайды естіген Арқадағы Шоң үлкен баласы Оспанды шақырып алып:

— Көктем таянды Шу қыстаған елдің алдынан шығып, келе жатқан елдің жағдайын біліп, үлкен-кіші азаматтарына сәлем бер. Бұрынғылар айтады екен: «Жұтаған елдің малы — өсімтал, өрт шалған жердің шөбі — өсімтал», — деп, сол айтқандай, халық аман болса, жұтаған малдың орны әлі-ақ толады. Ел азаматы аман болса болғаны. Менен ел ақсақалы, үлкендерге сәлем айт. Сол елде көпті көрген, бір кезде елінің

жөн білетін шешені болған, сексеннен асқан Бажақ қарт бар. Соған барып менің арнайы сәлемімді айт! — депті.

Айтқандай Оспан бәріне сәлем беріпті. Сөйтіп, әкесі Шоңның тапсыруы бойынша Бажақ қартты сұраса, ешкім білмепті. Соны іздеп келе жатса, кешке қарай бір ауыл үстінде, бір қора қой жатыр екен. Қыстан әбден арықтап шыққан қой қозысына, қозы енесіне табыса алмай у-шу болып жатыр екен. Ауыл шетіндегі бір қараша үйдің есік алдында тұрған қартқа барып сәлем береді.

— Бұл ауыл кімдікі? — деп сұрайды.

— Шырағым, ауыл — Бажақтікі, мал — Барақтікі, — деген екен қарт.

Сөйтсе, ауыл үстіндегі жайылып жатқан қой Барақтікі екен де, Бажақ қарт сол байға қосшы екен. Аттан түсіп, Оспан Бажақ қарттың қолын алып, сәлем беріп, әкесі Шоңның арнайы сәлемін айтқан екен. «Пейілі болса шеттегі тұрған қараша үй ақ ордадан үш артық» деген емес пе. Бажақ қарт бұларды жалғыз сиырының бұзауын сойып қонақ етуге жік-жапар болады. Бірақ бұлар бір үйлі жанның күн көріп отырған жалғыз сиырының бұзауын қалай сойғызсын? Бажекеңе бұзауын сойғызбай, кедеймін деп қиналмай қонаққа жалғыз бұзауын соям деген ақ пейіл, жомарт ниетіне көп риза болып, қош айтысып, атқа қонбақ болады. Сонда Бажақ қарттың Шоңға айтқан сәлемі:

— Менен Шоң ініме сәлем дерсің,  
Кім десе Бажақ деген ағаң дерсің.  
Кәрілік кедейлікпен бірдей келді,  
Мал-басы одан басқа аман дерсің, —

депті. Оспан Шудағы ел жағдайын, Бажақ қарттың сәлемін әкесіне айттып келеді. Сонда Шоң:

— Шіркін, бір кездегі ел ардагері Бажақ, бүгінде қартайған кезінде кедейлік тұрмыстан қажыған екен ғой, — деп екі аттың бірін және бір түйесін беріп, баласын жіберген екен.

### **Абаймен кездескендері жөнінде есте қалғандарынан...**

Бұл 1898 жылы еді. Керей Күшік деген адам менің ағам Есмағамбеттің астындағы атын аударып алып, оның төлеуіне бір торы айғыр мінгізіп қоя берген. Бір-екі жыл өткеннен кейін, бұл бізге берген торы айғыры найманнан ұрлап алып, бізге өткізген екен. Найман бізден айғырын танып, даулады.

Бұл кезде Қоңыркөкше тобықты болысы Қаратай Жалпин еді. Қаратай бізге: «Найманның қылмысын бер, болмаса алған адамдарыңды ұстат», — дейді. Сол себептен маған Абай алдына баруға тура келеді. Бұл уақытта жаман тобықты текебай руынан атақты үйші Естемірге

Абай үй бастырттып жатыр еді. Бұл адам — маған ағайын. Мен келгенде Абайдың ауылы Бақанастың бойында екен.

Ертеменен ерте келдім. Келсем, Естемір жалықпай мор салып, үй басып жатыр екен. Бұл күні ол кісі бір уық, бір кереге басып, Абайға көрсеткен екен. Сонда Абай керегені көріп:

— Өз білгеніңмен жасай бер, — деген. Біраздан соң Естемір:

Абай шайын ішіп жатқан шығар, баралық, — дейді. Келсек, шайын ішіп болып қалған екен. Келіп отырғаннан кейін Абай:

— Мына бала кім? — деп сұрады.

Бұрын Естемір менің жылқым туралы айтқан екен.

— Бұл — мен сізге айтқан әнеугүнгі інім, — дейді. Абай менің бетіме тура қарайды да:

— Осының мәнісін айтшы, — дейді.

— Менің ағам Ысқақ Төрегелин Төребаевқа бір қызын беріп еді. Ол: «Керей Наушабайдан мал әперем», — деп ертіп барған. Содан қайтып келе жатқанда атын аударып алып, ұрлап алған семіз найманның атын мінгізіп қоя берген еді.

Абай ойланып отырып:

— Қарақұлақ Наушабай Күшік, бұлар біздер ізін баспайтын адамдар, солардың ізін басып жүрген сен де сау сиырдың боғы емессің ғой, — деп жауап қайырды. Ол аздан соң бәйбішесі Еркежанға:

— Бәйбіше, сандықты алшы? — дейді. Сандықты алғаннан кейін хат жазып береді. Хатты былай шыққаннан кейін Абайдың қолының қисықтығына қарамастан, тауып шығарып оқыдым. Хат былай жазылған екен: «Дұғай сәлем, Қаратай ағамызға! Мына семіз найман таныған торы айғырды Күшік деген керейдің бергені рас. Оны ол танса да, мен тандырмаймын. Бірақ дуаныңда ұстаулы екен. «Бұтақ тарқап шығады» деседі. Керей ұрлаған малын найман тобықтыдан қайтып алады, расы осы, бұған қысылмаңыз! Ибраһим Құнанбаев деп қол қойыпты.

Осы қағазды Қаратайға бердім. Осы қағаз бойынша мен малдан құтылдым. Кейіннен менен мал даулағандарға, осы қағаз тірегім болды. Ешкімге мал бермей құтылдым.

### Абайдың қонақ күткені

1902 жылда Қаражырықтағы Абайдың ауылына қонаққа бардық. Қонақтың бірі — Ике Дүйсенов, екіншісі — мен. Үлкен үйін қойып кетіп, кішкене ұранқай үй тігіп отыр екен. Үйінде бізден басқа бір қонақ бар екен. Ол семіз найман адамы екен.

Бір семіз тоқтыны сойды. Ике Дүйсенов Абаймен замандас, сырлас адам еді.

— Мұсабай болыс болып тұрғанда Ике Дүйсеновтің қыстауын Дәбен Мұқажан Қожабаевқа аударып береді. Соны сіздің құдаңыз Мұсабай Дәбеннің тілін алып, мені осындай қылады, — дейді. Сонда Абайдың айтқан жауабы:

— Мұсабай екеуміз осы күнде құдамыз. Мұсабай мені көрмейді. Не үшін десең, «арамдығымды көріп қояды», — дейді. Арамызға тілмаш салып сөйлесеміз. Тарбаңбай деген келеді. Бұл Мамайекең деген елдің соны айтайын деген тәуір жігіті жоқ Тәуірбектен басқа. Бірақ жасөспірімінде қос артуға Сәменбай тәуір бола ма деп едім...

Таң атқан соң шай ішіп, атқа қонбақ болдық. Өзі шығып аттандырып: «Қош!» — деп, үйге кірді. Біраздан соң артымыздан біреу шақырады: «Абай шақырады», — дейді. Аттан қойдық. Біз үйге кіре:

— Мен сендерге қымыз іш деп айтпаппын ғой. Қымыз бұзылған, жаңа сабаға құйып, қайтадан ашып отыр едім. Қымызды күтіп ашыттым, — деп, қымызды орап қойыпты. Қымызы ып-ыстық болып қайнап тұр. Абайдың бәйбішесі үйде жоқ екен. Өзінің тамақ жағдайын күткені осы. Қымыздан бір-бір кесе ішіп аттандық.

### Абай мен Алшынбай

Абай он үш жасында атасы Алшынбайға сәлем беріп, амандасып қайтуға келеді. Абайдың қайын жұрты мен нағашысы да қаракесек ішінде шаншар екен.

Абай Алшекең үйіне кіріп келсе, жиендерін сынау үшін шаншардың алты-жеті шалы тосып отыр екен. Абай есіктен баптанып, дауысын сыбызғыдай созып:

— Ассалаумағалайкум! — деп, үлкендерге ізетпен сәлем бере кіреді. Сонда ақсақалдардың біреуі қасындағы адамдарға бұрылып:

— Пай, пай-пай, мына көмейі суырылған шешен ұрпағы сәлемінің өзін де әндете бергенін көрдің бе? — дегенде, екіншісі:

— Е, байғұс, әкесі Құнанбайға ұқсамай, көзін Құдай сақтаған екен, — деп қалады. Үшінші шал да тыныш отырмай:

— Жүндес тоқты қошқардай бүкіл денесін әлден түк қаптаған екен, — дейді. Сонда Абай қалған шалдарға сөз кезегін келтірмей, әлгі үшеуіне тесіле қарап:

— Әй, әттеген-ай! Қыздарыңды ұзатқанда, бәріңіз жабыла жамырап: «Түкті бала таппа!» деп ескертпеген екенсіздер, — депті. Орталарында отырған Алшекең теріс қарап мырс-мырс күліп:

— Ал ендеше, үшеуіңе бір сыбаға! — деген екен.

## Абай мен Қиясбай

Тобықтының шынжыр балақ, шұбар төс шонжарлары Абайдың үйінде мәжіліс құрып отырады. Осы мәжіліс үстіне кенет Қиясбай кіріп келеді. Ешкім оны келдің-ау, кеттің-ау деп елемейді. Қиясбай сәл бөгеліп тұрады да:

— Уа, игі жақсы тақсырлар, — дейді дауыстап, — Абай ағамда оңаша айтарлық бір шаруам бар. Барлығың да шыға тұрыңдар!

«Мына неме не дейді?» дегендей, төрде отырғандар терісіне сыймай дүрдісіп Абайға қарайды. Абай:

— Иә, Қиясбайдың оңаша айтарлық шаруасы болса, шыға тұрыңыздар, — дейді.

Жұрт амалсыздан дүрлігіп сыртқа беттейді.

— Немене, Қиясжан? — дейді Абай оңаша қалған соң.

— Абай аға, маған ұрыса көрме, жаңағы иттерің мені адам құрлы көрмеді. Соларға өзімнің күшімді көрсетейін деп, әдейі айтып едім, — дейді Қиясбай.

— Қияс, ризамын. Тапқырлығың үшін қой берейін, алып кете аласың ба? — дейді Абай ішегі қатқанша күліп.

— Алып кетпейтін несі бар, — дейді Қиясбай қулана жымыып, — Абай ағам өңгертеді деймісің, айдатады да жібереді.

— «Сөз тапқанға қолқа жоқ», — деп, Абай оған он шақты қой айда-тып жіберіпті.

## Абай кедейлерге қамқоршы еді

Абай өз заманындағы адамшылығы мол, кем-кетікке жәрдемі көп, көпшіл, мейірімді кісі еді. Біздің Көкенталының бауырында тұратын Ұзатқан деген бір кедей шаруамен өткенінше дос болып өтеді. Дәйім Семейге келгенінде, қайтқанында ылғи сонда түсіп, сонда қонушы еді. Ұзатқан тіпті сіңірі шыққан қара қасқа кедейдің өзі еді. Оның о жақ, бұ жағынан күннің сәулесі жұлдыздай андыздап тұратын қара лашық ішінде Абай аткөрпесін астына салып, шапанын жамылып, жеңін жастанып талай қонды. Сөйтіп жүргенде бір күні түнде Абай қонып жатқанда қалың нөсер жаңбыр болып, Абайға үйден пана боларлық орын табылмапты. Абай:

— Қайтер дейсің, жаңбыр нұр ғой, — деп шапанын басына бүркеніп, таң атқанша жата алмай отырыпты. Ертеңінде Абай қайтарында:

— Ұзатқан, күзем кезінде біздікіне келерсің, — депті. Айтқандай, ел күземін алған соң Мұсақұлда отырған Абайдың ауылына Ұзатқан келіпті. Бірнеше күн жатып, енді қайтарында Абай Ұзатқанды шығарып алып:

— Не сұрайсың, досым? — деп сұрапты.

Ұзатқан: «Түк сұрамаймын», — депті.

Сонда Абай: «Мынаған бір ат әкеліп ноқталаңдар», — депті. Сонда Ұзатқан:

— Әй, Абайжан-ай, қателестің ғой, — депті. Абай:

— Олай болса, мынаған бір үлкен кесек киіз дайындаңдар, атты да, киізді де ал, разымын! — депті.

Ұзатқан: «Абайжан, бұл бір кесек киізді жаңбыр жауған күні сенің тұсыңа тартам ба, өз тұсыма тартам ба?» — депті. Сонда Абай сүйсініп:

— «Е, байғұсым, солай», — деп, бір жақын адамдарын шақырып алып:

— Қазір төрт қанат үйге бау-шуымен киіз дайында! — депті.

Сөйтіп, осы жолы Ұзатқан бір ат пен төрт қанат ақ үй алып қайтады. «Сол үйдің киізін біз бала кезімізде көрдік», — деп, ауылдағы кемпір-шалдар талай айтқанын естігенмін.

### Абай мен Бәкеннің кездесуі

Абай мен Бәкен Семейде Уақ Нүрке болыстың үйінде кездесіп, бірге болады. Сол үйге қонады, түнгі намазды оқымақ болып Абай Бәкенге:

— Сіз имам болыңыз, — дейді. Бәкен:

— Жоқ, өзің бол, бір емес, екі мектептен оқыдың, — деген екен.

Абай имам болып, намаз оқып болғаннан кейін Абай Бәкенге:

— Сіздің намазыңыз дұрыс емес, қайта оқыңыз, — деген екен.

— Неге дұрыс емес?

— Сіз қолыңызды кіндік тұсынан байлау керек еді, ал сіз төмен байладыңыз. Сондықтан намазыңыз дұрыс болмады, қайта оқығаныңыз жөн, — дейді. Бәкен:

— Жоқ, сіздің намазыңыз дұрыс емес, сіз қайта оқыңыз.

— Қалай дұрыс емес?

— Имамның намаз оқып тұрғанда көңілі Аллада, көзі сәждеде болуы керек. Ал сіздің көзіңіз менің бәленшемде болады. Сіздің намазыңыз дұрыс емес, намазыңызды қайта оқыңыз, — дейді.

Абай Бәкенді сөзден тоспақ болып шалып еді, бірақ өзі тосылып қалған соң, басқа әңгіме болмай қалады.

Бәкен қоштасып кетіп қалады. Абайдың жанындағы адамдар:

— Абай аға, жаңағы Бәкенмен екеуіңіз аз сөйлестіңіздер ғой. Біз сөздеріңізді естіп, мерейлене тыңдап, құлақ құрышың қандырамыз ба деп едік, — дейді.

— Бәкеннің теріс сөзі — күлкі, оң сөзі — үлгі. Мұндай адам дүниеге сирек келеді. Сөздері шарифаттан тысқары емес. Оқымағанмен, сөзі орынды. Бәкендей ұл туа бермейді, — деп Абай баға берген екен.



## Абайдың Мырзақанға айтқаны

1881 жыл. Сентябрь айы. Қазақтың қойын қырқып, жүнінен киіз басып жататын күзем уағы еді. Мұқыр болысына қарайтын Көкше еліндегі Аманжолдың баласы Бушан деген кісіні далада бір жау өлтіріп кеткен. Соны біздің Шақантай деген еліміздің ұрылары өлтірді деп жала жауып, үстерінен арыз беріп, ішінде Бөдес деген жақсы кісіміз бар, төрт кісіні Қарқаралы арқылы шақыртып алып, Семей түрмесіне тұтқынға алған.

Сол абақтыға түскен кісіміз туралы Абайдан ақыл сұраймыз деп алты кісі үйден шықтық. Мырзақан, Мәмбетей, Шоқбас деген жақсы адамдарымыз бар. Мен сонда жиырма бес жаста едім. Жалпақ деген асудан асып, Аршалы мен Ащысудың бойында отырған елге келіп, Ащысуды өрлей отырып, Абайдың ауылын таптық. Көкшенің Күйгенбұлақ деген қонысын сұрап қонып, күзеп отыр екен. Үлкен үйіне киіз бастырып, өзі оңаша ауылдың артына тіккен қонақ үйінде төсек-орын, көрпе-жастық, орамал, дастарқан деген сықылды шаруашылығымен уақытша Еркежан деген бәйбішесі екеуі отыр екен.

Алдыңғы ауылында сартылдаған сабау, шиге салып тепкен киіз, бір жерлерде білек салып, киізді баурап басып жатқан топ-топ әйелдер, үйді айнала «соқ, соқпасаң, тулақ шашу жоқ» деп жүгіріп, ойнап жүрген жас балалар. «Тулақ шашуды жүн сабаған әйелдерге, қой қырыққан қырықтықшы еркектерге береміз» деп даладан қазған жерошақ, сойылған мал, асылған ет. Киізді шиге салып, домалатып, тартып, аяқтарымен теуіп жүріп, бірінің-бірі қолдарын иығына артып, екі-екіден ән салып жүрген қыз-келіншектер. Бір әйелдер далада киіз теуіп жүрген әйелдерге қымызды үлкен шелекке құйып, қолына сырлы аяғын ұстап апарып, беріп жатыр. Біреулері түрегеп тұрып жұтып, біреулері отырып ішіп, бірін-бірі ойнап түртіп қалып, қымыз шайқалып ауызынан төгіліп, былқылдап-сылқылдап, күлісіп, теуіп жүрген киіздерін басқа бір ауылдың, үйдің маңына жақын барса, ол үйдің әйелі алдынан табаққа ірімшік, құртын салып, үстіне сарымайын салып, алдарынан алып шығып, оны жас балалар «талапайлап» алып қашып, оған бір әйелдер ұрысып, бір әйелдер күліп, көкпарын алып қашқандай балалар бірінен-бірі ала қашып, ду базар тойдай боп жатқан бір ауыл.

Абайдың келген қонақты алдынан шығып түсіріп алып тұратын, сайлап қойған бір-екі жігіті болады екен. Сол жігіттер алдымыздан шығып, Абайдың өзі отырған қонақ үйге түсірді. Сәлем беріп, кіріп келдік. Келсек, Абай үлкен дөңгелек сырлы, аласа үстелді алдына құрып, үстелдің шетіне үлкен мамық құс жастықты қойып, жастыққа омырауын төсеп, қолына бір кітап алып оқып отыр екен. Не кітап екенін білмейміз. Сол жақтағы тізесіне жақын, көл жағасына саятқа шығып, салқындап сазда отырған аққудай бәйбішесі Еркежан отыр екен. Абай біз кіріп келгенде кітабын жауып тастап, орнынан түрегелді. Мырзақан,

Мәмбетей Абаймен жасы құрбылас, бұрын көріп жүрген таныс адамдары түрегеп тұрып, төсіне-төсін тигізіп, құшақтасып көрісті. Олардан кейін сол құшағын маған да жайып тұрды. Мен Абайға қолымның ұшын ғана азар бердім, оным Абайды менсінбегенім бе, жоқ, жасық, жамандығымнан қорынғаным ба, әйтеуір, Абайдың құшағына кіріп көрісуге бата алмағаным айқын. «Ел-жұрт, ауыл-аймақ, ер-азамат аман ба?» деген қазақтың рәсім, амандығымен аман-есен айтысып отырыстық.

Соның арасында айтқанша болмай дыбысы суылдап, ақ көбігі бұрқырап екі кісілеп көтерген самаурын шай келіп қалды. Үстелдің үстіне дастарқан жайып, оның үстіне ақ бауырсақ, ақ тоқаш, сары май, қант, кәмпит, өрік, мейіз неше түрлі жемістер аралас беріп, түгел төкті. Мырзақан дәм шайнайтын тісі жоқ кісі еді. Сондықтан бауырсақты бәкімен жарып, шайға салып жібітіп жейтін еді. Қантты кішкене тістеуік темірмен ұсатып, шағып, аузына салып отыратын. Алдымызға шай жасалған соң, Мырзақан бәкісі мен тістеуік темірін қалтасынан алып, үстелдің үстіне қояды. Сонда Абай:

— Мырзақан, мына көкпеңбек темірің не? Біреуді жарып тастағалы отырсың ба? — деп күлді. Мырзақан:

— Тісім жоқ, қантты шағып, бәкімен бауырсақты жарып жеймін, — дейді.

— Неге тіс салдырып алмайсың? — дейді Абай.

— Тісті қайтіп салады? Тіс салына ма? — дейді Мырзақан таңырқап.

— Тіс салынады. Мен салдырып алдым, — деп жалған тістерін көрсетті Абай оған.

— Оны қалай салады? Қанша ақшаға салады? Кім салады? — дейді тағы да Мырзақан Абайдың бетіне қарап.

— Оны Семейде салады. Менің тоғыз тісім түсіп еді, тіс салушыға барып: «Тіс салып бер!» — дедім. Тіс салушы: «Тоғыз тіске он теңгеден берсең, салып берем», — деді. Мен: «Оның үстіне бір теңгеден қосып, жүз теңге берейін, бірақ жақсы ғып салып бер!», — дедім. Айтқанымдай жақсы ғып салып берді. Жақсы болды, — деді. — Алғаш аузыма салғанда аузымда бөтен бір нәрсе тұрғандай, тіпті жабағы жүн тістеп отырғандай, ішім пысып, қапа болып, оған мен де шыдап, үш күнге шейін аузымнан алмадым. Содан кейін үйреніп кеттім. Енді осының бірін алып қойсам, орны олқыланып тұратын болды. Таңертең бір шайып, жатарда алып бір шайып, салып отырамын. Әйтпесе базданып, иістеніп кетеді екен. Жақсы болды. Тамақ шайнауға ешбір кемшілігі жоқ. Сен де тіс салдырып ал, — деді.

— Жүз теңгеге тіс салдырғанша, жүз теңгеге тәтті тамақ алып ішсем болмай ма? — деп күлді Мырзақан.

— Дүниеде бір күн тұрсаң да салдырып алған жақсы, — деді Абай.

Ол уақыттар ақшаның қымбат күні. Мәселен, жүз теңге жүз тоқты, үлкен қой болса — елу бойдақ.

Осы Абайдың тісі туралы сөзден сөз туып: «Япыр-ай, адамға тіс те салады екен», — деп әлгіні таңырқап отырдық. Абайдың тісін көзіміз көрмесе, нанатын емес едік. Халықтың мәдениеті, өнер-білімге тіпті қараңғы кезі еді.

Сонда Абай отырғандарға:

— Сіздер мұны тамаша ғып таңырқап отырсыздар. Бұл «тіс» деген — ұсақ нәрсе. Адам баласының табатын өнері, білімі әлі көп. Құдай Тағаланың адамнан асыл жаратқан мақұлығы жоқ. Адам баласына жансызға жан салуға ұлықсат жоқ, одан басқаның бәрінің кілті бар. Өнер-білімнің кілтін жаңа-жаңа тауып келе жатыр. Әлі балықша суға жүзіп жүргенін де көресіңдер. Құс болып, қанат қағып аспанда ұшып жүргенді де көресіңдер. Және дүние мұнымен тұрмайды, өзгерісі болады. Адам баласы осы күнгі балалардың мал өсіріп, «сенен мен артық бай боламын» деп таласқан бәсеке байлығыңдай, «өнерге сенен мен артылам» деп өнер арттыруға таласады. Мал байлық бәсекесі болмайды, өнер-білім бәсекесі болады. Осы күні көз салатын да бар, бұлардың бәрі де ұсақ өнер, болашақты әрбір тәжірибеден көріп, сезіп отырмыз. Бірақ кейіндеу болады, оны біз көрмейміз. Біздің баламыз, баламыздың баласы көрсе, көрер, — дейді.

Бұл — менің көз көріп, Абайдың аузынан естіген естегі сөзім.

### Стамбектің айтуынша

1898 жылдың жазы. Ел жайлауда. Абай ауылының отырған ол жері бір салқын төс, кең қоныс екен. Желінің басынан басқа жерлердің шалғыны жапырылмағанына қарағанда, заты бұл қонысқа таяуда қонған тәрізді.

Бұл менің Абай ауылына бірінші рет келуім еді. Мен келсем, Абайдың Ақылбайы Найман Иманғали дегенмен құда түскен тойы болып жатыр екен.

Той тарқаған соң қымыз ішейін деп Абайдың өзі отырған үйіне сәлем беріп кіріп келсем, қасында төрт-бес кісі бар Абай қымыз ішіп отыр екен. Бір тегене қымызды сапырып, кісілерге құйып беріп отырған Көкше Дүтбай деген Абайдың күйеуіне таяу келіп мен де отырдым.

Дүтбай қымызды өзі ішіп, қасындағыларға құйып беріп, маған аяқ шетін де иіскетпеді. Сары қымыздың жұпар иісі мұрнымды жарып, тамағымды жыбырлатқандай болып, аңсарым ауса да, қымыз маған өз еркімен келе қоймады.

Абай қымызды жұта түсіп, әңгімеге айналып отыр. Ал Дүтбай маған көзінің қырын да салмады. «Шіркіннің таңдыры кеуіп қалған ба, маған неге бермейді?» — деп қоям ішімнен.

Дүтбай қымызды тағы құйып, маған ұсынбай өзі ішкелі жатқанда, аяққа мен де жармастым. Сонда Дүтбай Абайға қарап:

— Мына Мырзаның баласы ішіп отырған қымызымызға да зорлық қылды-ау, — деді. Абай байсалды түрмен бізге қарады да:

— Жоқ, оныкі зорлық емес, сенікі зорлық. Бұл жалғыз Көкше ғана ішсін деп қойған қымыз емес, о да шөлдеп келген шығар. Ретімен оған да құйып беруің керек емес пе? Сен әділетсіздік істедің, — деді.

### **Ақын Әубәкірдің әйелі Қамаштың (Камалияның) естіп білгені**

Мен Абайдың кенже інісі Оспанның үйіне, Еркежан бәйбішенің қолына келін болып түстім. Ол кезде он жеті жаста едім. Еркежан бәйбішені Абай әйелдікке алып, Оспан деген інісінің үйіне кірген екен. Мен Абай отырған үйге келін болып түскеніме өзімді бақыттымын деп санадым. Мен қазақтың басқа келіншектеріндей қайнағадан қайырыла қашатын, енеден еңкейе қашатын, жасы үлкеннің бәрінен жасқанатын, ертеден кешке дейін келіп жатқан қариялардың бәріне тізе бүгіп, сәлем ететін келін болғам жоқ.

Мен түскеннен кейін әкем шақырып алып:

— Қарағым, Қамаш, ата-енені сыйлау — үлкенді қадірлеу, бетін жауып ұялып, тізе бүгіп, сәлем етіп, жан біткеннен жасқаншақ болудан басталмайды. Алдымен менің өз алдымда бетіңді аш, сәлем етпей-ақ осы үйдің ішінде өзің оң жақта жүргеніндей қаймықпай жүре бер. Біздің мына Еркежан екеумізді «ата-ене» деп қарамай, «әке, ана» деп қара. Менің тілегім осы, — деп, өз алдында менің басымдағы желегімді алғызды. Сол күннен бастап мен оң жақтағыдай еркін жүретін болдым. Біздің ауылдың үлкен-кішісі Абайды «әке» деп атайды екен. Сондықтан мен де «әке» деп атайтын болдым.

Әкемнің киімдерін мен тігетін едім. Жаңа киім тігіп жатқанымызда қасымызға келіп, тігіліп жатқан киімді көріп: «Тігісі жатық, жақсы екен, үлгісі сұлу, ұнамды екен», — деп мақтайды. Сол киімді киген соң балаша мәз-мейрам болып қуанатын. Әкем кербез емес еді, бірақ киімді өте таза ұстап киетін. «Киімің ескі болса да таза болсын, сыны кетпесің, күтіп ки», — деп балаларға ақыл айтып отырады.

### **Абай мен Архирей**

1885 жылы Семей қаласына Жетісу облысы арқылы корпус жаққа жандарал Колпаковский келді. Онымен бірге Петербор қаласында тұратын облыстың бас молдасы Архирей келді.

Ол уақытта Семей қаласында он екі мешіт бар еді. Соның он екі имам-молдасын Архирей шақыртып алып, арабша жазылған Құранды қолына ұстап отырып, бір жерінен: «Мына сөзін оқыңдар!» — депті.

Арабша сөзін оқыған соң, мұның мағынасын сұрапты. Молдалардың айтуынша, «бұзық түзік болмайды, түзік бұзық болмайды» деген сөз екен деседі. Сонда Архирей молдаларға:

— Бұл қалай айтылған сөз? Егер сендердің діндерің бұзықты түземейтін [болса], сендердікінен біздің дін асыл емес пе?! — депті. Молдалар бұл сөзге жауап таба алмай сасып:

— Бізге бес күн аял беріңіз. Сіздің сұрақтарыңызға жауап беретін ортамыздан бір адам сайлап берейік, сонымен сөйлесерсіз, — депті. Сонда Архирей 5 күнге рұқсат беріпті. Молдалар үйлеріне қайтқан соң жиылып, ақылдасады. «Бұған кім толық және тоқтатып беруге жарайды, егер бұл Архирей бізді сөзден жеңсе, христиан дініне еріксіз кіргізеді. Сондықтан бұған толық жауап берерлік адам табу керек», — десіп, ақыры: «Абай болмаса, өзге жауап берерлік кісіміз жоқ», — десіп, Семейден 250 шақырым жерде Шыңғыс тауының сыртында Байқошқар деген жайлаудағы Абайға хат жазып, барлық молда қол қойып: «Келмей қалмаңыз, қатты қысылдық», — деп адам жібереді.

Айтылған бес күнге шейін Абай келіп жетеді. Сөйлеспекші күні Архирейге барады. Келген кейпін айтқан соң Архирей Абайға айтады:

— Құдайың жер-дүниені жалғыз тарының қабығына сыйғызам деген екен. Осы рас болуы мүмкін бе? — депті.

Сонда Абай:

— Адам баласы жер-дүниені көзбен көреді, көздің көретін қарашығы тарыдан үлкен емес қой. Сыйғаны осы емес пе? — депті.

Архирей айтады:

— Сендердің Құдайың: «Бұзық түзік болмайды», — депті. Бұзықты түзей алмаған дінде не асылық бар? — депті. Абай:

— Ол сөз сайтан үшін айтылған. Сайтан періште ортасынан бөлініп, азып шыққан. Басынан өзі бұзық болған соң түзелмеген. Ал адам баласын бұзықтықтан түзеуге Құранда көп жазылған және түзеуге болады, — деп дәлел айтыпты.

Архирей сөзден қайтып, сөз айта алмай тоқталыпты дейді.

## Абай мен Қайранбай

Абайдың абырой-даңқы шыққан кезі еді. Абайдың үстінен арыз беріп, Өскемен уезі шақыртып, соған барған екен. Қалбадан Қайранбай Хазірет барады. Ол кісінің жасы алпыстар шамасында, өзі аппақ, сақал, мұрты жоқ көсе адам еді.

Өскемен уезіндегі аға сұлтан Ислам төренің баласы Әлихан оқыған жігіт еді. Уезге хатшы әрі переводчик болып істейтін еді. Сол хатшының бөлмесінде басына шләпі киген Абай шылым тартып отыр еді, Қайранбай келіп кіреді. Абай:

— Әлихан қарағым, мына ақ кемпірің кім? — деп, Қайранбайды нұсқап көрсетті. Әлихан:

— Абай аға, ол кісі Қалбаның болысный молдасы хазірет Қайранбай деген ағаңыз болады, — дейді.

Қайранбай да Әлиханға қарап:

— Басыңда шләпісі, аузыңда шылымы бар мынау шала орысың кім? — дейді Абайды нұсқап. Әлихан:

— Бұл кісі тобықты Құнанбай ағаңыздың баласы Абай деген ініңіз ғой.

Бұл кісілер бірін-бірі сырттан білгенімен, көзбе-көз кездесіп көріспеген еді. Сол жерде екеуі амандасып, көрісіп, біріне-бірі ізет көрсетіп қалады.

### Абайдың Жылтыр ақынға сыны

Абайдың он төрт жасындағы бала кезі еді. Құнанбайға амандаса Бозай төре келген екен. Жанына атақты Жылтыр ақынды ерте келген. Құнанбай жақсы қарсы алып, Бозаймен әңгімелесіп отырғанда, Бозайдың күмістелген мүйізді қара шақшасын бірде өзі атса, бірде Жылтыр ақынға ұсынып, екеуі кезек атып отырысады.

Әкесінен төмен отырған Абай:

— Жылтыр аға, атыңызға, ақындық атағыңызға сырттан қанық едім. Бозай ағайдың өзін шақшасымен қосып бір ауыз өлең айтыңызшы, — дейді.

Сонда Жылтыр ақын:

— Қызылсу Шарға құймай тасымайды,  
 Әркімнің бір жары бар басыбайлы.  
 Аңырып отырғанша, ермек болсын,  
 Бозеке, бері таста насыбайды, —

деген екен. Құнанбай мен Бозай: «Бәрекелде, өлең-ақ!» — деп Жылтыр ақынды мадақтай бастағанда, Абай Жылтырға:

— Сізді ақын десек, жамаушы екенсіз ғой, — дейді.

Құнанбай қадірлі сый қонағын баласының мінегеніне қысылып:

— Өлең-ақ, қай жерінде жамау бар? — деп баласына қадалды. Абай:

— Тіпті жамаушы ғана емес, өтірікші екенсіз, — дейді.

Құнанбай Бозайдан қысылып, Абайға қадала:

— Сөзіңді дәлелдеп бер, әйтпесе қайтып ал! — дейді. Абай:

— Өтірікші дегенім, «Қызылсу Шарға құймай тасымайды» дейді. Қызылсу Шарға құймайды, өз бетімен Ертіске құяды, бұл — бір. Екінші, «әркімнің бір жары бар басыбайлы» дейді. Әйелдің жалған байы болса, басыбайлы бола ма? Ал жамаушы дегенім, осы бір ауыз өлеңге Қызылсу, Шарды, әркімнің жарын әкеп қосудың қажеті не? Бір ауыз өлең Бозекеңнің айналасынан табылмай ма? Бозай:



Ал, Абай шырағым, өзің айтсаң, қалай айтар едің? — дейді. Абай:

— Мен айтсам:

Қараша хан қасында басыбайлы,  
Қарасыз ханның көңілі тасымайды.  
Ақыры отырғанша, ермек болсын,  
Бозеке, бері таста насыбайды, —

дер едім.

Бозай төре де, Жылтыр ақын да, әкесі Құнанбай да дәлелді сөзге тоқтаған екен. Сөйтіп, он төрт жасар Абай үш дәуді бірден сүріндірген екен.

### Әріптің Абайға жауабы

Сыбан Ақтайлақ бидің немересі Әріп ақын бала кезінде Семейде оқыпты. Абай Семейге келісімен Әріпке барып сәлем беріп, амандасып тұрады екен. Абай Семейге келетін болса, Семей халқы үш күн бұрын хабарланып тұрады екен. «Жаңа Семей жақтағы пәтер үйіне кешке келеді» деген хабарды естіп, Әріп таңертең орнынан тұра сала бетін жуып, шайын ішпестен Абай түскен үйге есіктен кіріп келіп:

— Ассалаумағалейкүм, Абай аға! — деп амандасады.

— Уағалейкүмассалам! Сол жерде тұрып үйдегі мен сырттағыны бір ауыз өлең ғып айтшы, — депті Абай.

Сонда Әріп іркілмей:

Шеккені бұл Семейдің өңшең қотыр,  
Жиылар бір пұшпаққа опыр-топыр.  
Шайына қосатұғын сүті де жоқ,  
Аққу құстай сыланып қатыны отыр, —

деген екен.

— Жарайсың, — деп, қасына шақырып алып, шай ішуге дастарқанды жаңа жайып, шайға отырған кезі екен. Абаймен бірге ет жеп, шай ішіп, мектебіне қайтады. Ертеңіне Әріп кітабын қолтықтап мектепке қайтып бара жатса, Абай базарға қарап тұр екен. Жанында төрт жолдасы бар. Әріп:

— Ассалаумаалейкүм, Абай аға! — деп амандасады.

Абай:

— Уағалайкүмассалам! Әріп, осы жыпырлаған базарды бір ауыз өлең ғып айтшы, — дейді.

Әріп:

Жегені бұл Семейдің өңшең палау,  
Асығыс жұмыстары қызылтану.

Бірі алып, бірі сатып шуылдасып,  
Өз атын жаудай сабап кеткені анау, —

депті. Бұл пароход келгендегі сигналында бірінші очередь алуға таласып, өз аттарын өздері сабалап, шауып бара жатқан пержевайшыларды айтқаны еді.

### Абай мен Бегеш

Абай мен Бегеш дос-жаран, ниеттес болып, бір-бірімен сыйласып өтіпті. Абай тобықты ішінде өтетін бір дүбірлі тойға жаратып қоспақшы болып, керейдің басты адамдары Тышқанбай мен Бегешке, Манабай, Жүзбай дегеннің Керкекіл, Қарақасқа атты бәйге аттарын сұратып сәлем жолдап, кісі жіберіпті.

Ескі салт-дәстүр бойынша бәйгеге аруақ шақырып, ұрандап шабады. Соны ойлаған Тышқанбай мен Бегеш:

— Біз ат бермейді екенбіз, аруақ береді екенбіз, — деп келген кісіні құрқол қайтарады. Абай бұған ренжіп, реніші «Абай Тышқанбай мен Бегешке қатты өкпелі екен» деген дақпыртқа айналыпты. Осыдан көп уақыт өткен соң Бегеш Абайдың үйіне барады. Аман-сәлемнен кейін Абай Бегештен:

— Еліңде не жаңалық бар? — деп сұрайды. Бегеш:

— Ал мен Бер деген екі ағайынды еді. Соның «алы» өліп, «бері» тірі қалып, біздің елдің қайғыруында мін жоқ, — деп астарлай сөйлеп жауап қатады.

— Е-е, ол елдің өсегі ғой, — депті Абай, — оған шын өкпелеп жүр дейсің бе?

### Қисық би мен Абай

Құнанбай ел ішінің бір шаруасымен он сегіз жасар Абайды іргелес отырған сыбан руының биі Қисық деген кісіге жіберіпті. Абай барғанда бидің алдында екі адам жүгініске келіп отыр екен. Қисық би әуелі талапкердің арызын тыңдайды да, сонан соң жауапкерге зілдене қарап:

— Е, Боқбасарым-ай, атыңды да әкең тауып қойған екен, әлі де қанша боқты басып, ізінді былғар екенсің. Қане, сөйлеші, — депті. (Жауапкердің аты осылай екен.)

Бидің ә дегендегі мынадай зілді сөзінен жауапкер ығып, жасып қалса керек. Сонда Абай Қисыққа тура қарап:

— Биеке, «бүлдірген» деген жемістің аты жаман болғанымен, бүлдірген түгі жоқ, дәмі тәтті, ат үстіндегі адам әдейі жерге түсіп, жата қалып теріп жейді. «Алма» деген жеміс бар, «алма» дегеніне қарамай, әркім-ақ соны құштарлана алып жейді. Сол сияқты әр нәрсенің адал-арамы болса керек. Егер әр іс атқа ғана тірелетін болса, осы адамдар турашылдық

тілеп сіздің алдыңызға келмес те еді ғой, — депті. (Бидің аты — Қисық, одан түзулік тілеуге бола ма деген ишара ғой.)

Сонда би үнсіз отырып қалған екен.

### Ақан сері жайында

Ақан ағаның киіп жүрген киімдері әрдайым магазиннен жаңа алынған немесе жаңадан тігілген киімдей кіршіксіз таза болатын еді, — деп бастады, — ол естелігін, — қай үйге барса да, ең алдымен отыратын орнына көз салатын. Дастарқан жаяр алдында, тағам ішілгеннен кейін отырған орында қол жумайтын, босағаға барып, тіпті сенекке шығып жуатын еді. Дәрет алу тәртібі де сондай. Жаздыгүні далада, қыстыгүні қора ішінде алатын. Мұндағы мақсаты — отырған орынға, тағам ішетін, намаз оқитын жерге сығынды су шашырамасын дегені еді.

Қазақ ССР-нің ардагер ұстазы, Ленин орденді мұғалім Бейсенбаев Жәкіш қарт жас шағында бұрынғы Көкшетау уезіне қарайтын Қарауыл елінде мұғалімдік етті. Сол кезде ол Ақан ағасымен танысты. Әлденеше рет мәслихаттас болады. Ақан сері жайында әңгімесінде Жәкең мынадай бір естелік айтады:

— Көкшетау қаласында жыл сайын өткізілетін жазғы жәрмеңкеге Атбасар уезінен қарауыл Смайылов Әлмүсіре болыс, оның інісі Мұқыш мырза келеді, — деп бастады ол сөзін — Олар Ақан серімен таныспақ болып, оны арнайы қонаққа шақырды. Қала жатағының асыл жиһаздарға толы әсем үйі адамға лық толды. Қызу әңгімелерден кейін көпшіліктің қалауы бойынша Ақан домбыраға қосылып бірер ән де шырқады.

Сыйлы мейманға арнап әзірлеген қонақасы даяр болады. Қасаптағы ең семіз жал-жая, қазы-қартамен көмкерілген бағлан еті толтырылған мәнерлі шұңғыл табақтар меймандар алдына қойылды. Ет туралды. Жасы үлкендер бастап, басқалар қауғаңдап алып жатыр. Жалғыз-ақ Ақан сері табаққа қолын салмады, тек маңындағыларға «алыңыздар» деп қошамет етті. Бұл құпия сырды дастарқан айналасына отырғандар анық сезбеді, ал кейбіреулер сезсе де тіс жармады. Сонымен қонақтар қош айтысып тарқады.

Келесі күні таңертең орнымнан тұрдым да, бой көтеріске көшеге шықтым. Ақан ағаның пәтері сол көшеде еді, о да бой көтеріске шыққан екен. Мені шақырып алып, қалтасынан бір қағаз алды да:

— Мынау пұртокол, мырзаңа апарып бер, — деді.

Мен оны тікелей Әлмүсіре мен Мұқыш мырзаларға апарғаным жоқ, кешегі жиында болған Көкшетау зиялыларының бірі Шөбектің Жаналысына апардым. Ол қағазды қолына алды да, күбірлеп оқып, қалтасына салды.

— Інім, — деді ол маған, — мұнда не жазылғанын мен айтпайын, сен естімей-ақ қой. Бұл қағаз жайы аузыңнан шыға көрмесін, — деп қатты тапсырды.

Қағаздағы сөзді оқығаным да, естігенім де жоқ. Сондықтан ол туралы ешкімге ләм демедім. Істің жайын кейінірек білдім. Ақан аға өз бойын мейлінше таза ұстайтын, отыратын орынның, тағам салынған ыдыстың мұнтаздай таза болуын талап ететін-ді. Кешегі алдына қойылған қонақасыға қол салмауына себеп, табақ жиегі кір екен. «Мырзаңа тапсыр!» деп маған берген қағазы сол үшін жазылған «протоколы<sup>1</sup>» екен. Жаналының «аузыңнан шықпасын!» деп тапсыруы, егер ел ішіне таралса, Әлмүсіре мен Мұқышқа ғана емес, бүкіл қарауыл әулетіне ұят келеді деп, ел намысын көздегендік екен. Жаналы жасырын түрде араға жүріп, өзара ризаластырды. Мырзалар қателігін мойынға алып, құрметті ағасы Ақан серіден кешірім алды.

### Қарқара қырғыны

Мен июльдің оныншы күні Шалкөдеден келе жатып, албанның Қарқараға жиналатынын есіттім. Июльдің он бірінші дүйсенбі күні албан Қарқараға жиналды. Кеңес: бала беру не бермеу. Көп бермеуге қаулы қылып келіп, Серікбай, Айтбай, Тұрлықожа үшеуі арқылы жауабын береді. Үшеуі келіп пристапқа айтады. Пристап бірауық ашуланды, бірауық ақылын айтып, майдалады: «Қатты жазаға ұшырайсыңдар!» — деді. Жұрт илікпей тұрып алысты. Аяғында пристап елге: «Тарқа, не жауап болса, болыстарыңнан естисіңдер», — деді.

Ел тарады. Мұның алдында «бесір<sup>2</sup> мен болыстар шет пұшпақтап спескі<sup>3</sup> жазып жүр» дегенді жұрт күңкіл қылатын. Әлгі жиналыстан қайтып келіп, өзіміздің бесірді қолындағы кінегені<sup>4</sup> тартып алып, жыртып тастадым. Бесір елге өкпелеп «Ел қарсы болады» деп протокол жазып, көрсетпекші болып еді, ел старшын басы бір қозыдан сегіз қозы, ақша қосып, бесірге бермек болып басты. Мен тағы Шалкөдеге жүріп кеттім.

3-4 күннен соң қайтып келе жатып, Қарқараға Әбдіхалықты шақыртып кеткенін, мені де іздеп жүргенін естіп, үйге келдім. Ауылым у-шу болып, жылап жатыр екен. Болыстан білейін деп, болысыма келіп едім: «Сені ұлық бізге тап деп жатыр, айналайын, ұлыққа барайық!» деген соң, екеуміз ұлыққа келдік. Пристап бізді Крабшенкоға жіберді, келдік. Келісімен мені екі солдат бағынға алды, әрі-беріден соң Крабшенко шақырып:

— Ұзақтікінде боз бие сойғанның ішінде болдың ба? — дейді. Мен:

— Білмеймін, — дедім. Қағазға қол қойдырып алып, мені Әбдіхалықтың қасына абақтыға тықты. Серікбай да сонда екен, екі күн жаттық.

<sup>1</sup> Протокол /грек/ — хаттама.

<sup>2</sup> Бесір, писарь /орыс/ — хатшы.

<sup>3</sup> Спескі /орыс/ — список, тізім.

<sup>4</sup> Кінеге /орыс/ — книга, кітап.

Бір күні кешке жақын Қарақолға бізді жаяу, өздері атпен үш солдат кенбай айдады.

Сол күні жолда Қарақолдан бір арбалы орыс келіп: «Қырғыз бүлінді», — деп хабар қылды. Оған солдаттар не қыларын білмей, жолға тоқтап тұрғанда Қарқарадан жасауыл келіп, бізді қайта әкеліп абақтыға тықты.

Ол күні жаттық. Ертеңінде біздің үстімізге 12 ұйғырды, тараншыны әкеп жапты. Базардағы барлық саудагер нәрсесін тасып, ұлықтың үйіне айнала жиналды, оған ор қазды, арбадан қорған етілді. Ертеңінде бізді ел жатарда абақтыдан Жаркентке қарай 15 солдат айдап шығып кетті. 3 қазақ, 12 ұйғырмыз. Тобымызбен томпылдатып өгізше айдап келеді. Жардың жағасына жеткенде Мансұр деген бір ұйғыр болдырып, оны өзге он бір ұйғыр амалдап, арқаласып алысты. Қарқараның тоғанынан өткенде, әлгі ұйғыр тіпті жүре алмады. Ол жерге жығылып, аузын ашып жатқанда, бір солдат ат үстінен мылтығының істігімен найзалап өлтіріп кетті. Ұйғырдың құлындағы даусы шығып бақырды, біздің зәреміз ұшты.

Таңға жақын Кегендегі пошта стансысына айдап келді. Бізді бір беті ашық қораға қамап қойып, солдаттар шай қайнаттырды. Шайдан бір-екі ожау ішіп, таңдай жібіттік. Солдаттар тағы жүрмек болды. Серікбай, Әбдіхалық: «Біз жүре алмаймыз, ақыры өлтіресің ғой, осы жерде өлтір!» — деп отырысып алысты. Солдаттар ұрмай-соқпай: «Жүріңдер, әлгі арбалы тараншыға жетелік, соның арбасына сендерді мінгіземін», — деп, жалынғандай боп алып жүрді.

Қайқыға жақындағанда Серікбайлар тағы жүре алмады. Жалынып біраз демалысты. Демалған жерде солдаттар мылтығына оқ салып, тасты, шиді атып, күлісіп отырды.

Тағы айдады. Әбдіхалық, Серікбай жүре алмады, оны аттың бауырына алып ұрды. Мен Серікбайды демеп алып жүрдім. Сонда күн сәске. Артымызда келе жатқан солдаттың мылтығы тарс еткендей болды да, алдымызда келе жатқан бір ұйғыр жалп ете түсті. Тарс-тұрс, түтін, тұман, Серікбай екеуіміз қабат жығылды. Біз жер бауырлап жата бердік, бізде қимыл жоқ. Аздан соң Серікбай:

— Әй, Әбдіхалық, көтер басыңды, — деп, екі-үш айғайлап жібергенде, мен шошаңдағанымда, Әбдіхалық:

— Қозғалма! — дегенін білем. Үстіме бір ұйғыр және құлады. Бауыздаған малдай тыпырлап жатыр. Не заманда бас жағымнан сайманын салдыратып, бір солдат аттан түсті. Мылтығын салдыратқандай болды. Жерге кіріп барам, кеудемде жаным барын, жоғын білмеймін, тұла бойым шымырлап өліп бара жатқан секілденем. Құлақшекеме бірдеме шақ ете түседі. Солдат дабырын құлағым естиді. Әбдіхалықты тінткендей болды да, менің алқымымнан көтеріп, қойын-қонышымды тінтті. Мен аузымнан тілімді шығарып жіберіп, демалдым да, жан

әсерін сездірместен жаттым. Тінтіп тұрып мені сылқ еткізіп тастай берді, мен естен айырылдым.

Қанша жатқанымды білмеймін, өзім тірі сияқтымын, бірақ тіршілігіме сенбеймін. Көптен соң ың-дың басылған кезде, басымды көтерсем, бір жақ шекем томардай болып, көзім шығып кеткен екен. Ауырғаны білінбейді, сипасам көзім қатқан қан мен топырақ, сыпырып көзімді аштым, құлақ оққа кеткен екен.

Басымды жұлып ала сала Ақшоқының тауына қарай бұғындым. Тілім аузыма сыймайды. Шапанымды көлеңке қылып жығыла кетсем, ұйықтап қапшын. Күн екінті бопты. Киініп, жүріп бір бастау (тұма) тауып, су ішіп әл алдым. Онда талып тағы ұйықтап қапшын. Күн бата оянып, жаяу жүріп келе жатсам, екі атты кісі жолығып, мені мінгестірді. Ертеңінде Көміршінің сазына үркіп барған елдің артынан жеттім.

Ел онан ары және үркіп, Құлжа ауданына барды. Малдан айырылып қалыппыз. Бір қызымның арқасында қыстай Қытай жерінде жан бағып шықтым. Мекалай тақтан түсіп, еркіндік алған соң 1917 жылдың жазына қонысқа жаяу шұбап келдік. Қарқарадан айдалған он бес кісіден бағанағы алғашқы шыққан Мансұр ұйғыр мен мен құтылдым. Он үші баяғы айтқан жерде қалды. Серікбай мен Әбдіхалықтың моласы сонда, бәрінің сүйегін жинап, сол жерге көме салыпты.

## Жаңабай туралы

1916 жылы мен 36 жастағы, үйленген, арғы-бергіні білетін кезге келген азамат едім. Қоңырбөріктің Қалқаман, Жарман деген екі ұлы болған. Қалқаманнан: Кешкіл, Қарақұл, Сарқұл, Таз, Шақа. Жарманнан: Біте, Майлы, Тама, Базар, Алаш.

Қалқаманнан да бес ұл, Жарманнан да бес ұл. Екі жақты да «Беспайдың баласы» дейтін. Осы Қоңырбөрікке Жаңабай би болған. Өте ақылды, зерек, шешен болған. Бүкіл албанға, арысы Ұлы жүз, бүкіл қазақ, орыс, қырғыз, ұйғырға белгілі болған. Жаңабай билік жасаса, әділ жасаған. Әлсіздің, кедейдің сөзін сөйлеген. Менің әкем Мұса Жаңабайдың әкесі Құдайбергенді, өзін жақсы білген. Мен де Жаңабайды жақсы білемін. Біздің тұқымды «батыр тұқымы» дейтін. Себебі туысымыздан өте сүйекті, ірі, ұзын бойлы болатынбыз. Бала күннен күреске түстік. Ат үстінде сайысқа түстік. Менің бойым 2 метр ғой, көріп отырсың! Сонан да болар, ел «Қожасан батыр» дейтін.

1916 жылғы көтеріліске қатынастым. Қоңырбөрік түгел атқа қонды, мыңнан аса атты қазақ болдық. Жаңабай басқарды. Қарқарадағы, Шалкөде, Нарынқол, Шелек, Асыдағы албан түгел атқа қонды.

Ұзақ батыр, Жәмеңке, Серікбай, Қазбек, Әубәкір бәрін көрдім. Соғыстың бірінші күні ары-берісі бес жүз қазақ оққа ұшты. Қарқара жәрмеңкесіне он төрт пулемет, төрт зеңбірек қойыпты. Төрт жаққа



түгел оқ атады. Соған қарамастан, көтерілісшілер Қарқараны алып, патша әскерлерінің штабын өртеп жібердік. Жаңабай мың қолды бастап, астыңда ақбоз аты бар, патша штабына бірінші болып басып кіргенін көзіміз көрді. Бүкіл ел, көтерілісшілер біледі. Үлгі болды. Екі күн соғыстық. Өлгендерді түнде жерледі. Үшінші күні түнде Ақжелке деген пристап-зұлым қашып кетіпті. Қарқара өртеніп жатыр.

Жаңабай мені: «Ақжелкені ұстап кел, қасыңа жүз атты адам ал. Әуелі жақсылап барлап ал, арбаға орнатылған пулеметі бар, қырылып қалмаңдар!» — деді. Мен қуалап жеттім. Он арба қару-жарақты қолға түсірдік. Ақжелке құтылып кетті. Бізден тоқсан көтерілісші қазақ оққа ұшты. Оққа ұшқан ерлердің ішінде: Қазақбай, Қанай, Ербосын деген мерген жігіттер бар еді. Олар да жастығын ала жатты. Патша жендеттерінің он бес солдаттының көзін жойдық.

Шілденің аяғы, тамыздың басында Ұзақ, Жәмеңке, Жаңабай, Қазбек тағы басқалар ұсталды. Тамыздың ішінде, әзіргіше 12-күні (1916 жылы) патша көтеріліс басшыларын, ішінде Жаңабай бар, атып тастады. Қарақол қаласында көтерілісшілер бұл қанды зұлымдықты естіп, соғысты жүргізе берді. Талай-талай патша жендеттерін найзаға ілдік. Қайран батырлар-ай десеңші! Олардың қаны бекер төгілмеді, патша тақтан тайды.

Тағы да айтайын, Жаңабай анық батыр еді. Ел үшін күресті. Елі үшін өмір сүрді.

...Жаңабай көп жыл артына түсіп жүріп, Тоғызбұлақта мектеп салғызған. Ол мектеп орыс-қазақ мектебі болып ашылған. Ол мектепте оқыған балалар Совет өкіметін орнатуға, колхоз құрылысын нығайтуға, мәдениетті көтеруге белсене қатынасты. Жаңабай шешен, анық ер еді. Көреген еді. Ақылды еді. Сондықтан да ол елге сыйлы болған.

## Қарқаралы

Қарқаралы уезіне қараған елдерден қара жұмысқа кісі алу туралы Семейдегі губернатор келді. Болыстарды, билерді, ауылнайлар мен старшиналарды Қоянды жәрмеңкесінен кейін Қарқаралыға жиып, халыққа үгіт айтып, түсіндіру үшін уез мекемесінің алдына шығып, губернатор-уезнай Макаровиш, христианский нашалник Прозоров халық алдына шығады. Халық жиналып тұрғанда Қызылтау елінің болысы Нұрымбек Бодықұлы (болыстардың ішінде оқу білетін жалғыз осы) губернатордан: «Жалғыз баланы ала ма, яки, жеңілдік бола ма?» — деп сұрады. Сонда жиылып тұрған болыстар Бодықұлын жабылып сабай бастады.

— Сенің жалғыз балаң елдің азаматтарынан қадірлі болды ма? Өлтір! — деп ат үстінде тұрған кісілер атпен сүйрете бастады. Губернатор Макаровиш қорқып кеңсеге кіріп кетті. Халықтың бетін

көріп, ертеңінде губернатор Семейге қайтып кетті. Кристиан нашалник, уезнай Камаровиш, податной инспектор Рафайл Смирнов халыққа насихатын айтып, көндіре алмады.

Халық не қыларын білмей, ойланып, ақырында: «Жиделібайсынға ауамыз», — деп, сегіз қанат киіз үйлерін кішірейтіп, уық-шаңырақтарын кесіп, үш қанат қылып, түйелеріне қомдап, дайындап отырды. Жас азаматтар бір ауылдан бір ауылға кезіп, тау-тасқа қаша бастады. Ұсталар іздеп найза, айбалта соққызды. Жиделі байсынға басшы болып алып баратын Бұқардан оқып келген Қызылтау елінің қазағы Күмісбек Ханбатырұлы болды. Халық Жиделі байсынға көше алмай, иә тиыштықтанып отыра алмай, сонымен 3-4 ай өткізді.

Болыстың қолындағы үй басының жандарын тіркеп жүретін қағаздарын тартып алып, «болыстарды өлтіреміз» деп жиналып жүргенде октәбр айында Семейден казак-орыс бастығы Шистаков деген бес описер, елу казак-орыспен, пулиметтерімен, мылтықтарымен Қарқаралыға келді. Кристиан нашалник, уезнай Макаровиш, падатной Смирнов әрбір болысқа 3-4 шабарман жіберіп, болыстарды, билерді, старшиналарды, елдің бірқатар адамдарын тізіммен атап шақырды. Олар Қарқаралыға біртіндеп келе бастады. Көптің көзін алу үшін бұларды үш күн қамаққа алған болды да, ұлықтар оларды босатып, жастарды жинап келуге аттандырды. Сол екі арада «бұрын ата-бабалары шен алғандардың, ақсүйектердің балалары алынбайды» деген хабар келді. Шен алғандардың тұқымы бұрынғы архивтен іздетіп, патшаның берген қағаздарынан көшірмелер алып, балаларын қара жұмысқа бармайтын қылып босатып алды. Екінші: «Кімде-кім өндірісі бар жерде жұмыста болса, алынбасын, казак-орыстың малайлығында болса, олар да алынбасын» деп хабар келді. Казак-орыс байлары көшеге шығып, аттан салып: «Мың теңге берген жастарды соғысқа бермей, босатып аламыз!» десті. Мұны естіген байлар казак-орыс байларымен шарт жасасып, бір жылға дейін мың теңге беріп, балаларын босатып алысты. Қара жұмысқа бармайтын адамдардан, байлар балаларының орнына мың теңгеден кісі жалдап жіберді.

Өндірісі бар жерге, Соқыр зауытына бос жүрген байлар шабысып, зауыт иесімен келісім жасасып: «Пәленбай жұмыскерім бар, көлігіммен жұмысыңды істеймін» деп Қарқаралыға қайта келіп, мың теңге берген адамды босатты. Ақша таба алмағандардан жылқы, түйе алды. Бір байдың әйелі Қарқаралыда жатқан байына: «Енді жабусыз түйе алмасын, түйе қораға сыймай далада жатады» деп сәлем айтқан. Болыстар, тілмаштар біреудің жасын азайтуға, көбейтуге, алдынан бар кісіге бес жүз сом, орташадан үш жүз, төрт жүз, екі жүз сомнан, ең жоқ кедейден жүз сомнан алысты. Мысалы үшін алсақ: Қарқаралының казак-орысы Николай Николайовиш Шербеу (қазақтар Қапас Көлке деуші еді) бір сапарда тілмаш болғанынан Шұбарталдан түсірген малынан басқа тек

ақшасына, Қарқаралыда бай Көсте дегеннің жеті бөлме ағаш үйін жеті мың сомға сатып алды. Ақсақ, соқыр басқа кем-кетіктерді аз-маз ақшаға жалдап, комиссияға көрсетіп, өз балаларын аман алып қалды.

Өзінің қайласымен құтылған Қарқаралы уезінің Қу елінің азаматы Бесақынұлы (қазақтар жынды Ахмет дейді) комиссия шақырғанда өтірік мылқау болып, дәрігер қарап рас деп тапты. Комиссия қарағанда неше түрлі қайлалармен сұрайды, қарайды, шығып бара жатқанда құр дәрілеп, даусын естір ме екен деп мылтық атады екен. Ахмет бұрын бүркіт, кемпір-шал болып ойнайтын. Ахмет неше сындардан, байқаудан, атқан мылтықтан білдірмей аман кетті. Мылтық аруды шығарған податной Смирнов, өзі үш қара ала атты, екі сары түйені көшеге жегіп жүретін.

### Торғай уезіндегі дүрбелең

1916 жылы 25 июньде, «он тоғыз бен отыз бір арасындағы қазақтың жастары қара жұмысқа алынады» дегенді естіген соң-ақ Торғай уезіне қараған арғын, қыпшақ он бір болыс ел дүрліге бастайды. Орыс патшасының қол астынан көшуге, не қарсы тұрып соғыс ашуға ұйғарысты. Әйтеуір, жігіт беруге қарсы, жігіттер баруға қарсы.

Тамыздың 25-інде Торғай өзенін қабырғалап ағатын Қабырға өзені бойына сегіз мың кісі жиналды. Ішінде ақсақалдар да бар. Патша жарлығына қарсы болғандардың дені осы сегіз мың кісі ішінде. Неше күндей кеңесті талқыға салып, ортамыздан Әбділғапар Жанқожаұлын, сары ала ту бие сойып, ақ киізге салып, жоғары көтеріп хан сайлап, патшаға қарсы тұрып соғысуға бел байласты. Жиналған адамдар Әбділғапар хан не айтса да орындамақ болды.

Көмекші ретінде Амангелді Иманұлы, Кейкі деген жігіттерді белгілеп, мерген, батырларды даярлады. «Осы қылған бірлік пәтуаны құлақтанбастан бұрын, шет қала Торғай дуанын шауып алайық» деген оймен жұрт аттануына бел байласты.

Сентябрь жұлдызының бас кезінде самсаған сары қол, жексенбі күні таңертеңгі сағат төрт-бес кезінде қалаға тиді. Қала хабарды күнібұрын құлақтанып қалып, ортасына қорған істеп, казарма, банк, халық мектепке жиналып бекінген. Қаланың тұс-тұсынан от салып, найза, айбалта, қылыш, мылтықпен соғысуға кірді.

Қоян-қолтық кездескен уақыттар да болды. Кешке дейін соғысып, ымырт жабылған кезде тарасты. Екі жақтан да өлген кісілер бар, қанша екені мәлімсіз. Орыстардың бекінгенін ертеңінде білген соң қазақтар елдеріне тарасты. Соғысқан уақытта арғын орыс жағында, қыпшақ жағы сарбазымен соғыс қамында болып, екі жік болды. Соғыспай қайтуға осы екі жік болудың көп себебі болды.

Елге келген соң халықты қайта жинап, күш-көмектерін нығайтып, бір жерден ханға орда орнатып, сарбазды ықшамдап, іріктеп, сақадай сайлап алды. Ылғи мерген, батыр. Найзагерлерді бірыңғайлап алып, өз халқын сақтап, қалаға тағы да қару қылу еді. Сарбаздарды үш жүзге ықшамдады. «Жүз елу солдат Қостанайдан Торғай уезіне шығыпты, Торғай қазақтарымен соғысады» деген хабар білінді. «Келу жолы тәуір ырым болсын, басып, Торғай құлап, елге Торғай өзенін өрлеп шығады» дегені естілді.

Амангелді деген мергенді басшы қылып, жүз алпыс сарбаз алдына қарсы шығарды. Күйік қобасында екі әскер кездесіп, бір күн соғыс болып, бірсыпыра орыс әскерін өлтіріп, кейін қашырып, жіберілген сарбаздар түгелімен аман келді.

Наурыз ішінде «Торғай уезінің қазақтарымен соғысып, ханды өлтіруге 200 солдат шығады» деген хабар естілді. Батпаққара дейтін қызыл үйге бекініп, ол жерге орыс солдаттарын келтірмеуге алдынан сарбаз шығарылды. Бірақ солдаттар күш бермей, айтылған қызыл үйге барып түседі. Екі жақтан да қарауылшы қойылып, түнде 50 қарауылшы бір-біріне кездесіп қалғанда, Кейкі батыр сегіз орыс, бір қазақты атып өлтіреді.

Ертеңінде қазақ пен орыс «Ақөткел» деген Торғай өзені бойында кездесіп, бір күн соғыс болады. Орыстан жүзге жақын салдат өлді, қазақтан үш кісі өлді. Ертеңінде орыстар қаласына, қазақтар өз жайына тарасты.

Тұрғын қазақтар үй-қора, малдарын тастап, қыстың аяқ кезінде Көл қопаға паналады.

«Қырық мың солдат шығарып, Торғай қазақтарын қырғызуға даярланып жатыр, патшадан бұйрық шығады» деген хабарды естіп, қалтақтап тұрғанда, «16 мартта патша құлап, халық кеңшілігін алды» дегенді естіген соң, Торғай қазақтарының етек-жеңі кеңіді.

### **Байдәулет болысындағы көтеріліс**

Ел жайлауда. Мал-жан ешнәрседен хабарсыз жатқан кезі. Бір күні «Қазынаға ат алынады» деген хабар естілді. Ұзамай қалаға жақын жерлерден ат алынып жатқаны білінді. Сасқалақтап тұрған кезде қаладан екі орыс болысқа «ат жина!» деген бұйрығын әкеледі. Олар болыстың орыс тілмашын қасына алып, қамшы мен бұйрығын болыс, ауылналарға қоса жұмсап, байлардың балпаңын, жарлының жалғызын жинай бастайды.

Айнала, барлығы Байдәулеттен екі жүз шамалы ат жинап алды. «Аттарды аршынға саламыз», — деп, қалаға жүрейін деп жатқанда, үш кісі келеді. «Қазақтан қара жұмысқа кісі алынады» деген болысқа әкелген патшаның жарлығы бар. «Сол үшін тізім алыңдар!» — деп екі

жағынан патшаның жарлық хаттарын ел ішіне үгіттеп жатыр. Ел іші у-шу, азан-қазан, күз болғанда гүлінен айырылған қу ағаштай. Түсі жоқ бозбала, қайтып бара жатқан қаздай тізбектеліп, жылаған қыз-келіншек, «жалғызым жардан ұшты-ау!» деп қақсаған кемпір-шал, иесіз бетімен кеткен мал, олар да қамыққандай маңырасып, мөңіресіп жатыр.

Сондай қайғымен жатқанда Қияқтың Нұрланы әр болысқа кісі жіберіпті. «Жиылыс жасаймыз, бізді солдатқа алады, мына жиылған атты бермей қалайық», – деп, бізге де бір кісі келді. Болыс, ақсақалдарымыз жүріп кетті. Ел жігіттері жиналып, «көтеріліс жасаймыз» деп, тырнауыштың тісінен, асыл темірден найза, қылыш, қанжар секілді, табылғаны мылтық, алтыатар секілді құралдарын жинап, азық-түлік даярлап, аттарын жаратып, әйтеуір шама келгенше даярланып жатқан түрі бар.

Ел жиналды. Нұрлан үстінде үлкен сійез болды. Біреу ананы, біреу мынаны айтып, алты ауыз қазақтың баласы сөзге пәтуа қыла алмай қайтысты. Жиылған аттарды ұры болып тізіп, әркім өзінікін-өзі алмақшы болады. Елге келіп комиссиядағы аттарды айтқандай талап әкеттік. Өз жанымен өзі болып комиссиялар қайтып кетті. Болыстар патшаның жарлығын орындайын десе, жастардың көтерілісінен қорқып, орындамайын десе, патшаның бұйрығынан қорқып, сонымен мөр істерін жоғалтқан болып, нашалникке жауап беріп жатты. Кей болыстар істерін, мөрін ел ішіндегі жан аямайтын жамандарға беріп, өздері тығылып жатқандары да болды. Кей болыстар тізім аламын деп жүргенде, ел ішінің пысықтары тартып алып, болысты ұрып-соғып, ісін жоғалтып та жіберді.

Ел жастарының жігері қайтпай, әр жерден жиырма-отыздан жиналысып, найза, қылыш, айбалта секілді құралдарын дайындап, найзаларымен ұрысу амалдарын үйреніп, қалай ұрысса жеңетін әдісін біліп, өздерінің батырларын, пысықтарын, ағайындарын сынасып жатыр. Бірақ басшылық ететіндер аз еді. Сондықтан көбейіп, бір ынтымақтан табылмады. Сонымен: «Ынталы еліндегі Иман Түсіп дейтін кісі жинап жатыр, соның қолына барамыз», деді. Сөйтіп жүруге бет алып жатқанда, ел ақсақалдары: «Не болса да елде өліңдер, біріңді-бірің қолдан көміңдер!» – деп жібермеді.

Ел аласапыран, біреу ананы, біреу мынаны айтып, еш сөзге байлаусыз дағдарысып, не қыларын біле алмай жатты. Патшаның жарлығы күннен-күнге күшейді. Сол дағдарыста жатқанда приом келді. Дүние жүзі азан-қазан, күннің көзі бұлтқа жамылды. Жүрегі ұшқан ел жастарында үрей жоқ. Қашайын десе, есебін таппай, солдаттан қалу айласын істеп жатыр. Басына қойдың миын тартып, басын сасытып, аузына қан толтырып, қан құсып, құлағына адамның қиын тығып иісін сасытып, саңырау болып, сан-балтыр секілді денесін жіппен байлап ісітіп ақсап, осындай айламенен сандалақтап жатты. Басқа елден жалданып жүрген малайлар жарлының жалғыз шолағымен қашып та кетті. Тізіммен аты

шыққан бай ұлдары мал-жанды аямай төгіп, доктор, нашалник секілді ұлықтардың аузын алып, баласын кіре салуға, поштабайлыққа жаздырды. Кейбіреулері жасын арттырып, босатып алды. Қара жұмысқа алынған бай ұлының орнына кедейдің ұлын жалдап жіберді. Беделі жоқ, малы жоқ кедей сорлының ұлдары сору қайнап топталған қойдай боздап, уезге жөнелді.

Көп ұзамай, аз уақытта «фебрал төңкерісі» жарқ етті. Асын ішіп, дарға тышқан Некалай тақтан құлады. Еріксіз кіре салған қазақ азаматы лестігін екі бөлді. Дүниежүзіне жарқыраған күндей жарығы жайылып «фебрал төңкерісі» орнықты. Қара шаруа мен ел момыны екі езуін екі жаққа созып, далбаңдап желе жөнелді. Қорлық пенен зорлықта езіліп, еңіреп кеткен кедей балалары қайтып келді.

### Тарихи уақиға

Өткен 1921 – 1922 жылдардағы Сақыралықтағы Орта жүз қазағының қоңырат, арғын елдерінде жалпақ аштық болып, өлгендер көп болыпты. Ел табаны көтеріліп, шұбырып қуғындыққа ұшырапты. Арғы Ұлы жүз жағында үш-төрт күншілік жердегі елдер тоқ, жақсы болыпты. Сол тоқшылыққа барам деп осы ашаршылық елден Сағынбай деген бір азамат Жаңыл деген әйелі бар, Әділ деген екі жасар баласын арқалап елден шығады. Алдында көрінетін қара жоқ, жапан сары дала. Азық және жоқ, бірер күн жүрген соң шаршайды, бұралады, көздері қараяды. Әсіресе жүре алмай Сағынбай бір жерлерге демалып тұрады, тағы жүреді.

Сағынбай жүре алмайды, көзі аларып қолы ұйиды да, есін біле алмай қалады. Әйелі, баласы қасында отырады. Сағынбай бір есін жинап, түрегеліп, әйелінен ұстап бір шақырымдай жерге барғанда, тағы талып құлайды. Әрі-бері жатады. Тағы есін жинап, әйеліне айтады:

— Мен енді аштан өлемін. Жүруге халім тамам бітті. Мен ешбір лаж таба алмадым. Мына қолыңдағы баланы маған бер. Мен жеймін. Қалғанын жолға азық етіп, тоқ елге жетіп баралық, — дейді.

Әйелі күйіп-жанып, жылап, не қыларын білмейді. Сасады, бергісі келмейді. Сағынбай айтады:

— Бұл баланы бермегенде мен де, сен де, бала да өледі. Онан да бір бала өлсін. Баланы жеп, тоқ елге жетіп баралық, — дейді. Әйелі бергісі келмейді.

Сөйтіп отырғанда аспанда бір ақ бүркіттің суылдап бір жерге түскенін көреді. Ол бүркіттен бұлардың хабары жоқ. Ақырында әйелі Сағынбайға қимай баланы береді де, «баланың дауысын естімейін» деп далаға қарап жөнеледі. Бір белестегі дөңге шығады. Арғы жағында бір қара көрінеді. Әйел: «Бұл не зат, пішен бе, аула ма, үйген тас па?» — деп көңілі бөлініп, байқайын деп тұра келеді. Жақындағанда көреді, саусағы тарбиған үлкен құс секілді бір нәрсені бүріп отырған. Әйел қасына



таман келгенде бір ақиық қыран бүркіт көтеріліп ұшқан да, төбенің үстінде бір киік жатыр екен. Желкесін үзіп жіберіпті. Әйел сасып: «Өңім бе, түсім бе, — деп тұрады да, — Құдай Әділдің көз жасына тап қылды ма?» — деп, кейінгі қалған Сағынбай мен балаға жүгіреді. Қарасы көрінгеннен айқайлайды: «Балаға тиме, тиме!» — деп.

Әйел келсе, Сағынбай баланы қолына ұстап отыр екен. Әйелі:

— Жолдасым, мынау Әділдің құрметіне өліп жатқан бір киік көріп келдім. Тұр, жылдам жетелік! — дейді.

Сағынбай «тамақ бар» деген соң қуат бітіп, тұра келеді. Үшеуі киікке келіп, жалма-жан бір қоң етін жұлып алып, жеп қуаттанып, ішін жарып, боғын түсіріп тастап, арқалап, азық етіп, алдындағы тоқ елге жетеді. Естерін жинап, бір жылдан артығырақ сол елде екеуі қызмет етіп, елге келеді. Өздері жақсы қызмет етеді. Үкімет жәрдемі тағы бар, үш жылда алдына он шақты қара салып, елдің бір белсенді кісісі болады. «Адамның жаны таусылмай, дәмі таусылмайды» деген осы екен. Айдалада, жапан түзде үш адамның өлмеуіне себеп неден болады? Білуші өзі білер. Сол елдегі Әлі деген қарттың сөзі.

### **Мұңайтпастың шешесі Айсары туралы**

Мұңайтпастың нағашысы атақты Байсеу деген батыр екен. Руы — сары тарақты. Байсеудің Айсары деген қызын Ернақы алған. «Алып анадан, ат биеден» дегендей, Айсары аса ірі, балуан, батыр қыз болыпты. Ернақы жігіт кезінде Кенесарыға ілесіп, серілеу болып өседі де, Байсеудің ауылына барғыштап жүреді. Сөйтіп жүріп Айсарыға ғашық болып қалады. Айсары да сері қыз екен. Екеуі бір түнде екі жорға мініп, Мырзатайдың аулына келіп түседі. Аяғы «қырық жетінің» қалың-малын төлеп бітіседі.

Ол кезде қыздың өз бетінше қашқаны атаға үлкен таңба саналған. Әйтсе де, Байсеу Кенесарының тілегіндегі адам болғандықтан көп қарыспайды. Айсарының әкесі Байсеу сол кезде қартайып, кәрі тораңғыдай бүгіле бастаған кезі екен. Оның әйелі де алпамсадай бір дәу болса керек. Екі құлағы тебінгідей, бойы екі метрге жақын, арық, сары кемпір болыпты. Мұрны кере қарыс, жағы ұзын, жалпақ, тізесі отырғанда иығына жетіп отыратын болса керек.

Дау жайласқан соң той болады. Сонда күлкі әңгіме үстінде Мырзатай баласына:

— Балам, Байсеудің қызына не деп қызықтың, шешесінің екі тізесі ауының екі қақпасындай болып, арасынан керуен өтеді деуші еді?! — деп күледі. Сонда Ернақы:

— Ей, ата-ай, оның інін не қыласың? Ішіндегі түлкісін алдым ғой! — деген екен. Сол Айсары кейін ат басындай алтынды кесек-кесегімен туа берген. Таңатар, Марқа батыр деген алыптар содан туған.

Қажымұқанның айтуынша, Айсары араб батыры Ғалимен күресетін Дариға қыздай даңқты әйел болған. Жаугершілік заманда Таңатар, Ернақы, Марқа алыс жерден жылқы қуып келеді екен. Сонда Айсары да бірге баратын болған.

Бір жолы Ернақы мал қуған Айсарымен жеке шығады. Қалың жылқыны айдап қашады. Таң ата артынан 50-60 жараулы жігіт жетеді. Бірақ ер мен әйел соның бәрін де аттан құлатып, ұрып жығып кетеді. Айсарының өзі жиырма жігітті түсіріп кеткен. Айсары жылқыда жүрген асау айғырларға шауып бара жатып құрық салып, тоқтатып қала береді екен.

Бір жолы бір атан түйе құдыққа құлап, ауылдың 20-30 адамы, жігіт-желеңі түйені құдықтан сүйреп шығара алмайды. Сонда келіншек боп түскен Айсары басындағы сәукелесін жерге қойып, атан түйені бір өзі сүйреп шығарады. Ауылда естияр адам болмаса керек.

Қажымұқан Айсарының тоқтасқан кезіндегі бір әңгімесін айтады:

— Бұл Ернақының қырғыз жерінде мерт болып, Айсарының жесір қатын, жетім бала болып Арқаға азып-тозып барған кезі болса керек. Қараөткелде Қажыбай дейтін бай ноғай:

— Пар ат тарта алмаған ағаш отынды тартатын ат бар ма? — деп сұрайды. Отыны жолда қалып бара жатса керек. Сонда Айсары:

— Бізде төрт аяқты мал жоқ, екі аяқты бар, — деп, баймен үш сомға шарттасып, қарға батқан арбаны отынымен байдың қорасына тартып барады.

Айсары ерегіскен кезінде балуанға да түскен. Қараөткелге Өзбекстаннан «Қара балуан» дейтін балуан барады. Бір пұт өрік, бір пұт мейіз, бір пұт жаңғақ тігіп:

— Мені жыққан кісіге осыны беремін! — деп, бүкіл Қараөткел еліне жар салады. Қара балуан жүрген жерінің бәрін де қиратып, жыға береді. Ең ақырғысы Қараөткелдің құрттай қайнаған жәрмеңкесінен де ешкім табылмайды. Сонда намысы қызған Айсары ғана шыққан деседі. Біраз жұлқыласқаннан кейін Айсары Қара балуанды үйіріп-үйіріп жіберіп тік көтеріп алады:

— Бәйгемді бересің бе, жоқ, қабырғаңды күйретейін бе? — дейді. Қаруы екі қолында болса керек. Қара балуан Айсарының бәйгесін беріп құтылады. Бұл 1860 — 1870 жылдар шамасы болса керек. Айсары жүз үш жасқа келіп, 1900 жылы Қараөткел дуаны, Есіл бойындағы Сарытерек болысында өлген.

## Қажымұқанның Шарлақтан Омбыға баруы жайлы

Ақтардың әскерінен Қазақстан жері тазартылып, жуандық соғыс тоқтап, Кеңес өкіметі құрылып, ел соғыстан болған бүліншілікті жөндеуге кіріскен жылдары Қажымұқан Солтүстік Қазақстанның сол кездегі

Шарлақ уезі, қазіргі Солтүстік Қазақстанның Қызылту районында болады. Ол кезде соғыстың әлегінен күйзелген елде Қажымұқанның негізгі кәсібінде циркке түсіп күресу жағдайы жоқ еді. Сондықтан ол сол елдегі қайын-жұртының ішінде отырып, ояздың орталығы Шарлақ қаласына лау жәмшек айдап отырады. Оның отырған жері Шарлақтан 25 шақырым жердегі, үлкен қара жолдың үстіндегі «Алма» деген кішірек село болатын.

Қыс түсіп, күн суытқан соң Қажымұқан Шарлақ қаласына көшіп келеді. Қолындағы лау айдап тұрған 3-4 атының бәрі де арықтап, енді лау айдауға жарамай қалыпты. Сөйтіп, оның тамақ асырап тұрған кәсібі тоқтаған соң, ол ел ішінде отыра алмай көшкен екен. Шынында ол Шарлақ қаласына орнап тұрғалы келген жоқ екен. «Шарлақтан 110 шақырым жердегі Омбы қаласынан цирк ашылыпты, палуандар жиналып, күрес ашылып жатыр екен» деп естіп, сонда бармақ болып шыққан екен. Бірақ Омбыға тура тартуға қаражаты жетпей, Шарлақтағы азаматтардан жәрдем алып кетсем деп тоқтаған екен. Осы пікірін айтқан соң Шарлақта отырған азаматтар: «Олай болса, мына клубқа бір ойын көрсетіп, қаражат жинап алсаңызшы!» деген кеңес береді. Қажымұқан бұған көнгенмен: «Бұл Шарлақ менің өнерімді талай көрген. Көп ел жинала қоймайды ғой. Әттең, менімен күресетін бір адам тапса, жұрт жиналар еді», — дейді.

Мұны бәрі мақұл көргенімен, Қажымұқанмен кім күрессін! Орыс, қазақтан ешкім табылмады. Жайшылықта палуан күреске түсіп жүрген адамдар көп болғанмен, олардың бірде-біреуі Қажымұқанмен ұстасуға бата алмады. Сөйтіп, адам іздеп жүргенде, сол қалада, Ертістің жағасында пароходта крүзшек<sup>1</sup> болып істейтін Нұры деген ноғай жігіт күресуге келіседі. Бірақ ол: «Ешкімге менің аты-жөнім білінбесін, бетіме қара маска киіп күресейін», — деп шарт қояды. Нұры крүзшек болып істеп жүргендіктен, денесі шыныққан, алпауыт жігіт болатын. Бойы ұзын, еңгезердей болып, қара күреске адам шыдатпайтын. Бірақ ол французша күресуді білмейді екен. Сондықтан Қажымұқан оны үйіне апарып, французша күрестің тәсілдерін үйретті.

Күн белгіленіп, жұртқа белет таратылған соң, жиналған халық клубқа сыймай кетті. Ойынның бірінші бөлімінде Қажымұқан өзінің өнерін көрсетті. Ең алдымен күреске шыққанда киетұғын костюммен шығып, өзінің денесін көрсетті. Екі қолын көтеріп, тірсегін бүгіп шіренгенде қолының, жауырын, кеудесінің бұлшық еттері бөлек-бөлек болып, табақтай болып төңкеріліп, қозғалып, селкілдеп ойнап тұрғанда жұрт таңғалады. Одан кейін басқа ойындарын көрсетті. Шалқасынан жатып, мықты екі жігіт әрең көтеріп кеудесіне салған қара қазандай тасты қаланың екі ұстасына 10 қадақтық балғалармен ұрғызып талқандатты. Жуандығы білектей темірді иығына салып тұрып, екі жағынан

<sup>1</sup> Крүзшек /орыс/ – жүк тасушы.

сегіз-сегізден он алты кісіні басқызып, доғадай игізді. Қалыңдығы бір елі, кеңдігі алақандай, ұзындығы үш метрдей темірдің бір басын табанына басып тұрып, енді бір басын оң қолына алып, сол қолының білегіне орап-орап тастады. Одан кейін манағы екі ұстаға: «Ал мынаны қолымнан жазып алыңдар», — деп еді, оған екеуінің шамасы келмеген соң, өзі жазып алып тастады. Жалаңаш төбесіне бес-алты кірпішті қойғызып, балғамен ұрып сындыртты. Бір қолымен 4 пұт кірдің тасын көтереді.

Осылайша өнерін көрсетіп болған соң, аз уақыт үзілістен кейін күрес басталды. Клубтың артқы бөлмесінде бетіне маска киіп отырған Нұры шығып, жұртқа басын иіп амандасқан соң, Қажымұқанмен ұстаса беріп еді, батыр оны екі секундқа жібермей алып ұрып, жауырынын жерге тигізді. Жиналған жұрт у-шу болып, қол шапалақтап клубты басына көтеріп жатқанда, Нұры ұшып түрегеліп, сыртқы есіктен қашып кетіпті. Жұрттың шуы басылған соң, оның бетіндегі маскасын алайық деп іздеп таба алмады. Сөйтіп, оның өзі жұртқа көп қызық, күлкі болып, халық тарасты.

Ертеңінде Қажымұқан жиналған қаражатқа бір ат сатып алып, қатын-баласын шанаға салып алып, Омбыға жүріп кетті. Бұл кезде қыстың қатты суығы басталып, қар қалың түскен уақыт еді. Жолда бара жатқанда елсіз жерде Қажымұқанның шанасын көп қасқыр қамап, жалғыз атын жемек болыпты. Сонда Қажымұқан шананың бір жетегін суырып, екі қасқырды ұрып алыпты. Басқа қасқырлар қайтып кеткен соң, ана екі қасқырды шанасына салып, Омбыға барыпты. Мұны біз артынан естідік.

### Жуанаяқ балуан

Қажымұқанның айтуынша, Ернақы Кенесарының қырық батырының бірі болған. Кенесары өзінің батырларына «Бас батыр», «Бала батыр» деп атақ береді екен. Кезінде мұндай атақ Бөгенбай, Қабанбай, Иман, Жәнібек, Ернақы сияқты адамдарда болған. Бұл сөздің шындығы табылып, Ернақы Кенесарының сенімді батырының бірі болған. Ернақы өзінің барлық өмірін Кенесары мен Науан қасында өткізеді.

1846—1847 жылғы қырғыз бен қазақ арасында болған соғыста Ернақы Науан, Иман, Ағыбайлармен бірге соғысқан. Соғыста аса үлкен қайрат көрсетеді. Ернақы қайтпай ұрысады екен. Сол үшін Кенесары оны артықша қадірлепті.

Қажымұқанның айтуынша, Ернақы есерсоқтау, ұрда-жық батыр болады. «Қан жұтсаң, жүрегің айнымайды» деп қан ұрттап алған күндері де болса керек. Ернақы жеті жүз кісімен Алатаудан асып, Тоқпақ түбіндегі Майтөбе деген жерге шабуыл жасағанда, қолға түсіп мерт болады.

Бұл 1847 жылы болған. Сонымен Ернақы өзінің ерлігін Кенесары қозғалысымен бастап, сонымен бітірген. Ернақы 1795 жылы туып, 1847 жылы елу екі жасында өлген.

Ернақы батырдың өзі өлген соң айналасы жұтап, кедейшілікке ұшырайды. Патша үкіметі оның балаларына қырын қарайды. 1847 жылдан соң оның үй іші Ақмола, Қараөткел жағына барып, жалшылық істеп күн көреді. Қажымұқанның әкесі Мұңайтпас өзінің бар өмірін осындай ауыр кедейлікпен өткізген. Аузы тұшып ас ішпеген, шекесі жылтырап киім киген жан емес. Жас кезінде той-думанда бас бәйгеге түсіп, көп күрескен. Қазақша күрестен жауырыны жерге тимепті. Жұрт оны «Жуанаяқ балуан» дейді екен. Оның мәнісі: аяғы жерошақтай болып, үнемі жалаңаяқ жүреді екен. Қысқа қарай аяғына киізден не көннен үлкен бір етік киеді екен. Оны да қонышынан басады екен. Екі аяғы далақтап жер-жаһанға сыймайтын болыпты.

Жуанаяқ балуанның қызмет істемеген байы жоқ. Соның бірі — Қараөткелдегі Ғаббас дейтін ноғай. Ғаббас үлкен саудагер екен. Бір жылы қыс қатты болып, қар қалың жауады. Қаланы қар басып қалады. Жуанаяқ балуанның қайыңнан істеген терідей дәу күрегі болады. Тоң болып қатқан кебежедей-кебежедей мұздарды жар қорадан асырып атып тұрады. Қары қалың жерді шаршылап ойып, лақтыра берген. Жуанаяқ балуанның күрегін ешкім көтере алмайды екен. Қар астында Ғаббастың екі бұттық гір тасы болады. Қар күреп жүргенде Жуанаяқ балуан соны да биік жар қорадан асырып жіберген, тағы бір кішігірім тасты да солай етеді. Оны өзі білмейді. Бай қыстай гір тастарын жоғалтып, Мұңайтпасқа сатып жібердің деп жала жабады. Көктемде қар ерігенде қараса, баяғы екі тас биік жар қораның сыртында жатыр екен.

Жуанаяқ балуан бір жылы Ғаббастан шығып, бір орыс байына қызметке тұрады. Оның жел диірмені бар екен. Бір жолы жел диірмені бұзылып, оның тасын ешкім қозғалта алмайды. Сонда Жуанаяқ балуан беліне қыл арқанды төрт-бес қабат байлап, тастың тесігінен (ұңғысынан) өткізіп алып сүйреп кетіпті.

Бұдан соң қара шаруалау қазақ байына қызметке тұрады. Мұның бір аяулы биесі құдыққа түсіп кетіп, құдық түбіне барып екі бүктеліп жатып алады. Сонда Жуанаяқ балуан биенің қолтығы мен шабынан екі-үш қабат арқанды күрмеп байлап, төрт құлаш құдықтан қауға сияқтандырып көтеріп алып шығыпты. Мұңайтпас 1914 жылы әбден қартайып, кедейлік босағасында өлген. «Жылым — жылқы» деп отырушы еді, — дейді Қажымұқан.

## Қажымұқанның нағашысы Лөк балуан жайлы

Қажымұқанның өз нағашысы — қыпшақ, оның ішінде бұлтың Лөк дейтін батыр. Қызының аты — Қабира. Осы Қабираны Мұңайтпас алған. Қабирадан Қажымұқан, Әлі дейтін екі ұл туған. Әлі ертеректе өліп кетеді. Қабира Қажымұқан екі жасқа келгенде 1873 жылы шамасында өлген. Мұңайтпаспен екі-үш-ақ жыл отасқан. Содан соң Қажымұқан әжесі Айсарының қолында қалған. Бұл Лөк балуан жайында да ел аузында қалған әңгімелер көп.

Лөк Қараөткел дуаны, Есіл бойында туып-өскен. Шама бойынша әбден қартайып, Айсарымен шамалас өлген. Бейіті Қажымұқанның туған жері Сарытерек болысында. Лөк батырдан Халық, Бейбіт, Арғынбай деген үш ұл, Қабира дейтін бір қыз туған. Лөктің батырлығын Қараөткел елі айта алмайды.

Бір күні тоғайға барып отын әкелмек болады. Арбасы болмайды екен. Үлкен бір қарағайдың тамырын қырқып, бұтақтап, бір басын иыққа салып сүйретіп келеді. Жасында мал қуып, серілік жасайды.

Бір күні екі жүз жылқыны қуып шыққанда сексен бес кісімен жалғыз соғысып, төртеуін өлтірген. Сібірдің аязды қара суық түндерінде Лөк жалғыз жортып жүреді екен. Сөйтіп жүргенде, бір топ қасқыр қамайды. Сібірдің қасқыры анау-мынау құнан өгіздей болады. Адам жейді. Қасқырлар шулап, қар шашып, қамап келгенде астындағы атын қамшылап-қамшылап жіберіп: «Ата-бабамыздың тартқан көк бөрісі осы екен, бұдан несіне қорқайын», — деп, Лөк қасқырдың бір арланын құлақ шекеден алып, тасқа ұрып жібереді. Сол кезде өгіздей-өгіздей 20-30 көкжал Лөкті қашады деп ойлап, тұра қуады. Батыр тағы бір арланын алып жерге соғады. Қасқырлар батырдың күпі сыртынан киген түйе жүн шекпенін шұрқ-шұрқ қылады. Бірақ аттан ала алмайды. Сөйтіп жүріп Лөк 7-8 қасқырды ұрып алады. Қасқырлар өлгенінің етін жеп, батырды ала алмасын білген соң тарап кетеді. Рулы елді жейтін үйірлі қасқырдың жалғыз Лөкке шамасы келмейді. Лөк отыз қасқырға олжа салыпты.

## Жетпіс жастағы Қажымұқанның қайраты

Осы күнгі Шаян аудандық партия комитетінің қызметкері Мырзахмет Сүлейменов деген жігіт 1940 жылдары Шәуілдірде отырады. Қажымұқанмен қарым-қатынаста болады. Есігінің алдында кішігірім сандықтай бір тас жатады. Он-он бес адам жабылып қозғалта алмайды. Бір күні Қажымұқан келіп қалады. Балуан жақындап келе жатқаннан:



— Құдай маған осы тасты алып тастайтын Рүстемдей бір дәуді бермеді, — деп Қажымұқанды ызаландырады.

— Рүстем ауылыңда жүргенде неден састың? — деп, Қажымұқан әлгі тасты екі қолымен көтеріп, лақтырып жібереді. Шамасы 30-40 пұт болса керек. Мұны 1945 жылы Шәуілдірге барғанымда, Қажымұқанның алдында Сүлейменнің өзі айтты. Сол сөзіне балуан:

— Тұқымы оңбағырдың баласы, сол жолы белім кілт ете қалып, екі-үш күнге дейін ауырып жүрді, — деп күлді. Бұл — жетпіс жасында істеген қайраты.

## Естай

Естай әнші қартайғанда жолы түсіп Маралды жағына барады. «Естай келіпті» дегенді естіген ел әдеттегідей жиналып отырып, одан ән айтуды өтінеді. Естай жайлап «Жай қоңырдан» бастап бірнеше әнін орындап береді.

— «Қорлан» деген әніңіз айтылмады ғой, — дейді таяу отырған ақсақалдың бірі.

Естай қомданып, орнынан қозғалып, қайта отырып, домбыраның құлағын сәл көтеріп, халық қалаған әнді шырқап жөнеледі. Ән аяқтала бергенде отырғандардың ішінен бір әйелдің шығып бара жатқанын байқайды.

Бұл жайды барлап қалған қарияның бірі Естайға шығып кеткен Қорлан екенін айтады. Оны алакөлеңкеде көп ішінен байқамағанына қатты қысылған әнші сол қалпында үнсіз отырып қалған екен. «Қартайғанда бір ұялғаным-ай!» — деп, кейін өзі өкініп айтып жүріпті.

## Жангөбек Омар ақын

Сіңірі шыққан жарлы кедей, диуана атанған ақын Омар Уәтаевтің 1932 жылы сексен жасында қазіргі Аягөз ауданы, Ақшатау совхозының жеріндегі Қызылжалда дүниеден көшіп, Қоңқақтың зиратына жерленгені белгілі. Омарға қатысты бұл әңгімедегі оқиға Қазан төңкерісінен бұрын болған.

Үшбиік жақтағы бір байдың үйінде ішінде Хазірет және Әріп ақын бар бір топ кісілікті адамдар мен игі жақсы атанғандар түстеніп отырады. Дастарқанға қымыз әкелінгенде:

— Омар диуана келе жатыр, — деген сөз естіледі.

— Қымызды Омар келген соң ішейік, — депті Хазірет.

Бәрі де хазіреттің сөзіне тоқтап, қымызға ұмтылмай сабыр етіседі. Үйде отырғандарға сәлем бере кіріп, төрден орын алған Омардан хазірет:

– Қымызды ішуге бола ма? — деп сұрайды.

– Қымызды ішуге болмайды!

Осылай деп Омардың даусы саңқ еткенде, бәрі де тым-тырс болып, оған таңырқаған кейіпте қарасады.

– Қалай? — дескендерге:

– Кеше бие сауатын шелекке қарала күшік аузын тығып алған, — деп, сенімді түрде жауап қайтарыпты Омар. Сұрастыра келгенде Омардың айтқаны шын болып шығады.

Осы оқиғаның куәсі болған Әріп ақын тағы бір кезіккенде Омар ақынға:


– Ел сені диуана, білгіш дейді, балаларымды сынап берші, — депті. Сонда Омар Әріпке балаларын қатар қойдырып, бәріне сын көзімен бір қарап өтеді де, Әріпке қарап:

– Сөйлегенде кетесің оттай шалқып,  
Ақ түйеше келгенді бір-ақ тарпып.  
Кеудең алтын болғанмен, бөксең мырыш,  
Бір өзіңе тартқан жоқ, бәрі шартық, —

деп оның балаларына бір шумақ өлеңмен баға беріпті.

Айтқандай-ақ, Әріптің балаларына ақындық өнер дарымай, өзінің жолын қуған бірде-бірі болмаған екен.





Абаймен кездескендері жөнінде есте қалғандарынан.

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (629-бума, 10-дәптер)

## ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ




**Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835–1865)** — қазақ халқының ұлы ғалымы. Ол алғашында ауыл мектебінде сауат ашып, араб, парсы, көне түркі тілдерін меңгереді. Кейін Омбы кадет корпусына түсіп, еуропалық деңгейде жан-жақты білім алды. Бұл біліктілігін халқының игілігіне жаратып, оның әдебиетін, тарихы мен этнографиялық мұрасын жинап, зерттеп, жарыққа шығарып, әлемге танытуды мақсат етті. Шәкірт шағынан бастап әкесінің көмегімен «Қозы Көрпеш—Баян сұлу», «Егіге» жырларының алғашқы нұсқаларын хатқа түсіргі. Өзі жетекшілік еткен ғылыми экспедициялары кезінде қырғыздың «Манас» эпосын, қазақтың ертегілерін, аңыз-әңгімелерін, халық поэзиясының үлгілерін көптеп жазып алып, орыс тіліне аударып, оларға қатысты зерттеулер жазды. Олардың қатарында «Қазақ поэзиясының түрлері», «Орта жүз қазақтарының аңыз-әңгімелері», «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздардан», «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) жайы» т.б. еңбектері бар.





**Потанин Григорий Николаевич (1835–1920)** – Орта Азия елдерінің табиғатын, фольклоры мен этнографиясын зерттеген саяхатшы, ғалым. Ш. Уәлихановпен бірге оқыған және ғылым жолында әріптес, дос болды. Ол 1852 жылы Омбыдағы кадет корпусын бітіріп, 1853–1858 жылдар аралығында Семей мен Омбы өңірлерінде әскери қызмет атқарды. Кейін Санкт-Петербург университетінің табиғаттану бөлімінде оқып жүріп студенттік толқуларға қатысқаны үшін Сібірге жер аударылды. Еркіндік алысымен Орыс география қоғамының мүшесі, астроном К. Струвенің басқаруындағы экспедицияға қатысып, 1863–1864 жылдары Шығыс Қазақстанның Зайсан көлі мен Тарбағатай тауын зерттеді. Зайыбы А. Потанинамен бірге Орта Азия мен Сібірдің түркі-моңғол, тұңғыс-манжұр т.б. халықтарының фольклоры, этнографиясы туралы құнды материялдар жинап, қоныс-мекендерінің табиғаты, органикалық құндылықтары туралы жазған зерттеулері «Орта ғасырлық Еуропа эпосындағы шығыс сарындары» (1899) атты еңбегінде жарияланды. Ш. Уәлихановтың Сырымбеттегі ауылына барған сапарында «Қазақтың соңғы ханзадасының үйінде» (1896) деген мақала жазды. Қазақ фольклоры үлгілерін, жалпы түркі тілдес халықтардың халық әдебиетін жинап, «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз әңгімелері және ертегілері» (1916) атты еңбек жазды.



**Радлов Василий Васильевич (Фридрих Вильгелм) (1837–1918)** — шығыстанушы, этнограф, Ресей Ғылым академиясының академигі. Берлин университетін бітіргеннен кейін жас ғалым Ресейге қоныс аударып, тіл үйрену мақсатымен Алтай өңірінде оқытушылық қызмет атқарды. Осы кезден бастап түркі халықтарының әдеби мұраларын жинап, зерттеумен шұғылданады. Ол Еуразия аумағында бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, түркі және сібір халықтарының мол фольклорлық мұраларын жинақтады. Соның негізінде 1870 жылы жарыққа шығарған «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары...» атты көптомдық еңбегінің 3-томында қазақ фольклорының мол үлгілерін жариялады. Олардың арасында ғашықтық, батырлық, тарихи жырлар, аңыз-әңгімелер, қисса-дастандар, айтыс үлгілері мен ақын-жыраулар мұрасы да қамтылды. Ғалым тарихи-салыстырмалы зерттеулерінің нәтижесінде Орта Азия, Қазақстан және Сібірдегі түркі халықтары фольклорының түп төркіні ортақ екенін дәлелдеді.





**Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы (1856–1932)** – башқұрт халқынан шыққан аса көрнекті этнограф, фольклортанушы. Ресей империясындағы белгілі оқу орны – Орынбор Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген соң, 1876 жылдан Түркістан өлкесіне әскери қызметке жіберіліп, бүкіл өмірін Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген түркі, мұсылман халықтары тарихы мен мәдениетін зерттеуге арнаған. Ташкент қаласында әскери-халықтық басқармада, Орта Азия университетінде, қазақ ағартушылары құрған «Талап» ғылыми-зерттеу қоғамында қызмет еткен. Эпостық жырларды, ертегілер, аңыздар, балалар фольклоры, шешендік сөздердің түрлі үлгілерін жинап, «Этнографиялық материалдар. Сырдария облысы қазақтары» деген сериямен Ташкент, Қазан, Орынбор, Астрахань қалаларындағы мерзімдік баспасөзде, ғылыми қоғамдардың басылымдарында жариялайды, кейбіреуін орыс тіліне аударады. Өзі халық арасынан жинаған қазақ мақал-мәтелдерін «Киргизские пословицы» деген атпен 1900 жылы Ташкентте кітап етіп бастырды. Бұл кітапты толықтырып, 1923 жылы Мәскеуде «Мың бір мақал», 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақал-мәтелдері» сияқты кітаптарды жарыққа шығарды. Қазақтардың ежелгі наным-сенімдері, күнтізбесі, астрономия туралы халық ұғымдарын, аңыз-әңгімелерін де көп жинаған.



**Көпеев Мәшһүр Жүсіп (Адамжүсіп) (1857–1931)** — ақын, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің аса көрнекті өкілі. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жариялауға ерекше үлес қосқан тұлғалардың бірі. Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Бұхарада, Ташкентте оқып, Орта Азия халықтарының әдебиетімен кеңінен танысқан. Мәшһүр Жүсіп араб және парсы тілдерін жетік білген. Ол өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, бастырумен де айналысты. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. Оның «Мес» деп аталатын төрт томдық қолжазбалар жинағы ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы. Сонымен бірге ол күллі ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға жұмсаған ағартушы.



**Марғұлан Әлкей Хақанұлы (1904–1985)** – аса көрнекті қазақ ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор. ҚР Ғылым академиясының академигі, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, этнограф, тарихшы, фольклортанушы. Ол 1940–1941 жылдары «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Жамбыл Жабаяев» т.б. еңбектері жарық көргі. 1941 жылы КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды. Осы қызметте жүріп, «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта кандидаттық (1943), «Қазақ халқының эпикалық жыр-дастандары» тақырыбында докторлық диссертация (1945) қорғады. «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» (1959), «Шоқан және Манас» (1971) т.б. ғылыми еңбектер жазды. Ғалымның Орта Азия мен Қазақстан мәдениетінің тарихи тегін тануда сүбелі мұра болып табылатын 300-ден астам ғылыми зерттеу еңбектері бар.



**Қоңыратбаев Әуелбек (1905–1986)** — көрнекті түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол 1905 жылы Қызылорда облысының Шиелі ауданында дүниеге келген. Кеңес өкіметі орныққан 1922–1930 жылдары Ташкентте шыққан алғашқы комсомол газеті «Жас қайрат», Қызылордада басылым көрген «Еңбекші қазақ», «Сыр бойы» газеттерінде жұмыс істеді. Кейін Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтында, Қазақ КСР Ғылым Академиясының аспирантурасында оқыды. Ұзақ жылдары Қазақстан ҒА Тіл және әдебиет, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық, Қызылорда педагогикалық институттарында қызмет атқарды. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры туралы», «Әдебиетті оқыту методикасы», «Эпос және оның айтушылары», «Қазақ эпосы және түркология», «Қазақ фольклорының тарихы», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Абайдың романтизмі» т.б. сүбелі ғылыми еңбектер жазды. Ол халық мұрасын жинауға да белсенді араласып, ел арасынан фольклорлық, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, еліміздің сирек қорларына тапсырып отырды.



**Адамбаев Балтабай** (1909–1995) – белгілі фольклортанушы ғалым, халық әдебиеті мұраларын жинаушы, ақын. Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Ұлы Отан соғысына қатысушы. Ол 1945–1994 жылдар аралығында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба, фольклортану бөлімдерінде қызмет істеді. Қазақстанның барлық аймақтарына ұйымдастырылған ғылыми фольклорлық экспедицияларға қатысып, халық мұраларын жинады. Зерттеу нысаны қазақтың шешендік өнеріне, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерге қатысты болғандықтан, осы салаларда ірі-ірі зерттеу еңбектерін жазды. Орта Азия мен Қазақстанның көптеген жерлерін аралап, ауыз әдебиеті үлгілерінің жиналуына, қолжазба қорларының қалыптасуына белсене араласты. Ресей, Өзбекстан, Татарстан мұрағаттарындағы халық мұралары үлгілерін жинады. Шешендік сөздер, тарихи аңыздар, мақал-мәтелдер т.б. фольклорлық жанрларға қатысты бірнеше зерттеу еңбектері жарық көргі.






**Төреқұлов Нысанбек (1921–2009)** – филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы, халық мұрасын жинаушы. Ол Түркістан облысы Бәйдібек ауданының Досан ауылында туған. Алматы Жоғары партия мектебінің журналистика факультетін бітіріп, 1961 жылдан бері М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарды. Ғылым жолында қазақ кеңес әдебиетінің тарихы, қазақтың айтыс өнері туралы, Жамбылдың шығармашылығы мен өмірбаяны жөнінде, қазақтың шешендік өнері, билері мен шешендері туралы еңбектер жазды. Олардың арасында «Қазақтың қанатты сөздері», «Современный казахский фольклор», «Қырық хикая», «Жүз жасаған бәйтерек», «Алатау асқарынан жыр асырған», «Қазақтың жүз шешені (1-4 кітаптар)», «Даланың гара ділмарлары» (1-2 кітап), «Ғұмырнамалық баян» т.б. еңбектері бар. Әр жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған фольклорлық экспедицияларға қатысып, халық әдебиеті үлгілерінің мол қорын жинауға, оларды жүйелеп, зерттеуге үлес қосты.





**Тілеужанов Мәтжан** (1927–1995) – филология ғылымдарының докторы, профессор, халық мұраларын жинаушы. Орал педагогикалық институтында оқып, 1950 жылдан өмірінің соңына дейін осы оқу орнында оқытушылық қызмет атқарды. Қазақстан Ғылым академиясының аспирантурасында дәріс тыңдап, кандидаттық (1957), кейін докторлық (1982) диссертациялар қорғады. Институт қабырғасынан «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ашып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар фольклорлық-этнографиялық мұраларды, ауыз әдебиеті үлгілерін, араб, латын жазуымен басылған сирек кітаптар мен қолжазбалар жинаумен айналысты. Ғылым саласында да өнімді еңбек етіп, халық әдебиетіне байланысты «Дала сауысы», «Дала мұңы», «Дала арулары», «Сырым Датұлы туралы», әдебиеттануға қатысты «Астарлы әзіл», «Ел әдебиеті», «Халық тағылымы», әдістемелік құрал, оқулық ретінде «XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі сатиралық шығармалардың көркемдік иірімдері», «Ғабит Мүсірепов әңгімелеріндегі юморды оқыту жөніндегі методикалық ұсыныс», «Сатира мен юморды мектепте оқытудың кейбір мәселелері», «Сырым Датов және оның шешендік сөздері», «Қазақтың халықтық педагогикасының кейбір мәселелері» т.б. зерттеу еңбектерін жазды.



**Саттаров Қыдырәлі** (1941–2011) – фольклортанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол *Өзбекстанның Ташкент облысы Жоғары Шыршық ауданына қарасты Ақсақ ата ауылында туған. Қазақстанның оңтүстік өңірінен, Өзбекстан аумағында, Сырдария, Әмудария құйылыстары бойында өмір сүрген қазақтар арасынан халық мұраларын жинауға ұйытқы болып, олардың жүйеленуіне, зерттеліп жариялануына басшылық жасады. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан Республикасы Ташкент өңіріне ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедицияларға жетекшілік етті. Ел арасынан жиналған халық әдебиеті үлгілерін (200-ден аса жинақ) жанрлық тұрғыдан іріктеп, алғы сөзін, мәліметтерін жазып, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырды.*



**Сейдімбек Ақселеу (1942 – 2009)** – филология ғылымдарының докторы, профессор, фольклортанушы-этнограф, жазушы. Ол Қарағанды облысы Жаңарқа ауданының Ақсу елді мекенінде дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, ұзақ жылдар «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде меншікті тілші, «Орталық Қазақстан», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде, «Зерге» журналында жұмыс істеді. Кейінгі жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында, Ы. Алтынсарин атындағы Білім академиясында, ҚР Тұңғыш Президенті Мәдени орталығында, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде түрлі лауазымды қызметтер атқарды. Фольклортану ғылымында да өзекті мәселелерді көтеріп, «Қазақтың дәстүрлі халық лирикасындағы қара өлең жанры» (1989), «Қазақтың күй өнері» (1998) тақырыптарында кандидаттық, докторлық диссертация қорғады. Отызға тарта көркем, ғылыми-көпшілік және монографиялық еңбектер жазып, әлем классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Олардың арасында «Қыр хикаялары», «Алпамыс батыр», «Серпер», «Күңгір-күңгір күмбездер», «Мың бір маржан», «Қазақтың әйгілі күйшілері», «Балталы, Бағаналы ел, аман бол», «Күй шежіре», «Көшпелілер тарихы», «Ойтолғақ», «Қазақ әлемі», «Қазақтың ауызша тарихы» т.б. көрнекті еңбектері бар.

## СУРЕТТІ СӨЗДІК



**Айдаһар** – мифтік кейіпкер. Көне наным-сенімдер бойынша адамдарға апат әкелуші дүлей күштің иесі саналады. Ол қазақ ертегілерінде елден ауыр салық алып тұратын жалмауыз, алып жылан ретінде бейнеленеді. Ол алапат дауылды үйіріп әкеліп, адамдардың алдын ала дайындап қойған малын, кісілерін тірідей жұтады. Әсіресе жас қыздарды жемтік етіп, тіпті патшаның

қызын жемек болып жұрттың үрейін ұшырады. Онымен шайқасуға бел буған батыр-аңшылар қырық құлаш семсерімен бірге жұтылып, ішіне кіргенде оның қарынын жарып өлтіріп, елін азат етеді. Жекпе-жекте айдаһарды өлтіргенінің белгісі ретінде жонынан таспа тіліп алынады.

Айдаһар әлем халықтарының фольклорында жиі ұшырасады. Олар адамзаттың қас жауы, дүниедегі зұлымдықтың өкілі ретінде бейнеленеді. Қытай, Мысыр, Үнді секілді елдердің халық әдебиетінде аузынан от шашқан, қанатты, төрт сирақты, апатты жаңбыр жауғызып, найзағай ойнататын, елге апат төндіретін алапат күштің бейнесінде көрініс береді.

**Алаңғасар мен Арсалаң** — қазақ фольклорында көп кездесе бермейтін алыптар бейнесіндегі кейіпкерлер. Олар туралы сюжеттер қазақтардан бөлек татар, башқұрт, удмурт, марш, қалмақ, ноғай халықтарының фольклорында да кездеседі. Прозалық фольклорда Алаңғасар дәу адам бейнесінде, оның баласы Арсалаң асқан күш иесі және айрықша қырсық адамның кейпінде суреттеледі. Олардың ерекше алып



болғандарын ертегідегі: «Сен тас лақтырып тұр, мен шаһар соға берейін» депті. Арсалаң тас лақтырып тұрды, атасы шаһар соға берді. Арсалаң әр лақтырғанда түйедей-түйедей тас лақтырар еді», — деген жолдар айқындап береді. Алыптардың дене тұрпаты қанша зор болғанымен, жүректері нәзік болып бейнеленеді. Мысалы, Алаңғасар тілін алмаған ұлы Арсалаңды қолындағы тоқсан батпан күрзсімімен қуып, ұстай алмай, қапалықпен өліп кетеді.




**Албасты** — кейбір фольклорлық шығармаларда әйел кейшінде берілетін, енді бірінде түлкі бейнесіне енетін, адам сипатынан гөрі демондық сипаты басым, адамға қас дүлей күштің бірі. Албасты — шығыс халықтарына кең танымал мифологиялық кейіпкер. Оның шығу тегін көп ғалымдар этимологиясына қарап түркі халықтарымен байланыстырады. Мұнда «ал» түркі тіліндегі «қол» мәніндегі сөзді білдірсе, «басты» кәдімгі түркі тіліндегі етістік, демек «қолмен басты» деген мағына береді. Қазақ фольклорындағы албасты туралы шығармалар әртүрлі болып келеді. Оларды сараптай келіп, халық прозасында албастының екі түрлі болатынын аңғару қиын емес. Оның бірі — қара албасты да, екіншісі — сары албасты.

Қара албастыны ешбір молда не бақсы қашыра алмайды, ал сары албастыны бақсының не болмаса қамшының күшімен қууға болады. Аңыз әңгімелерде қара албасты басқан әйел есін жия алмай қайтыс болады делінеді. Албасты көне мифтік кейіпкер болғанымен, ол туралы наным күні бүгінге дейін жетіп отыр. «Албасты бассын», «Қара бассын», «қара басқыр» деп қарғау, бір шаруа бітпей қалса, «не қара басты» деп ұрысу, ұсқынсыз, жағымсыз, сүйкімсіз, сұмпайы адамды «нағыз албасты екен» деп сипаттау ел арасында әлі кездеседі. Ғалым О.А. Сухареваның пікірінше, бұл персонаждың шығу тегі — әйелдердің туу (босану) құдайы, тіпті көне азиялық Анахита (Венера) құдайының трансформацияға түскен бейнесі. Албастының сыртқы келбетінің құбыжықтануы да оның жоғарғы құдай статусынан айырылуымен байланысты деп түсіндіріледі. Көптеген хикаяларда албасты жалбыраған сары шашты, тісі ақсқан, кейде құс аяқты немесе өкшесі теріс қарап тұрған, үстін жүн басқан немесе керісінше, арқа жағы жоқ жалаңаш деп сипатталады. Ол түлкіден бөлек ит, ешкі сияқты жануарлар кейпін қабылдай алады деген пікірлер кездеседі.

**Алтын киік** — қиял-ғажайып ертегілерде кездесетін мүйізі алтын (кейде басы алтын), адамша сөйлеп, қаласа, адамға айнала беретін сиқырлы аң. Көбіне ертегілерде аңда жүрген патшалар мен хан балаларының





алдынан ұшырасып, қуғанда жеткізбей кетеді. Мұндай киікті көрген адам оны қолға түсіруге құмар болады, тіпті есінен адасады. Шығарма соңында ұстатпай жүрген алтын киік бір патшаның сұлу қызы болып шығады. Мәселен, «Ай астындағы Айбарша сұлу» ертегісінде Айбарша сұлу хан баласының алдынан басы алтын киік бейнесінде кездеседі. Соңында желден жүйрік Қыран Қарақшы деген адамның көмегімен қызды алып, мұрат-мақсатына жетеді. Киік — қазақ ұғымындағы киелі аңдардың бірі,

ол әсемдіктің, сұлулықтың, еркіндіктің символы. Сондықтан фольклорда сұлу қыз бейнесін сипаттауы да осындай қасиетінен туындаса керек.

«**Алтын сақа**» — қиял-ғажайып ертегінің атауы. Қазақта сақа ұғымы асықтың ірісін, салмақтысын білдіргенмен, ауыспалы мағынада жиі кездеседі. Бұған тіліміздегі сақадай сай болу, сақа жауынгер, асығы алшысынан түсті деген сияқты сөз тіркестері дәлел болады.



«Алтын сақа» ертегісінде жалмауыз кемпірдің қолынан қылғынып, өлер халге жеткен бай жаны үшін баласын бермек болып, оны ұстап алудың амалы ретінде алтын сақасын жұртқа тастап кетеді. Сақасын іздеп барған бала жүйрік атының және төбеттерінің көмегімен жалмауыз кемпірден құтылып, еліне аман оралады. Жалмауыз кемпір — фольклортану ғылымында матриархат дәуірінің көрінісі. Ал бала — жаңа өсіп келе жатқан аталық қоғамның белгісі, алтын сақа — ел жақсысы, соны жауыз күштерден құтқарды, елін аман сақтап қалды деген қорытынды жасауға болады.

**Аяз би** — новеллалық ертегінің кейіпкері. Оның есімі кейінгі ұрпаққа «Аяз би» ертегісі мен «Аяз би, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл» дейтін қанатты сөз арқылы жетті. Аяз бидің образы қазақ қоғамындағы қарапайым, парасатты, адал, шыншыл, көреген жандардың жиынтық бейнесін көрсетеді. Оның түпнегізі қарапайым халықтың «елді осындай адам басқарса» деген арман-аңсарынан туындаған. Адамға тән даналық, батылдық, әділдік сияқты жақсы қасиеттердің бәрі де Аяз бидің бойынан табылады. Әділ билеушілер мен қазылар туралы ертегілерде айтушы көбіне шындық өмірде болған, бірақ өте ертеде өткен оқиғаны өзінше шынайы, көркем етіп көрсетуге тырысады. Оның шындыққа



жанасымдылығы нақтылы детальдардың енгізілуі арқылы өрбіп отырады. Шығарманың сюжеті де баршаға белгілі болып келеді және нақтылау үрдісі тындаушысын сендіруге бағытталады. Мұндай иллюзияның бой көрсетуі өткен өмірді әсірелеп көрсету тенденциясынан туған. Аяз би сияқты әділ билеушілер туралы ертегілер — елдің бәрі ақыл мен алғырлыққа бас иетін, даналық пен әділдік салтанат құрып, данышпан халық құрметіне бөленетін қоғамды армандаудан туындаған халық утопиясы.



**Бәйтерек** — қазақ фольклорында өлілер мен тірілер дүниесін байланыстыратын, тамырымен жерасты патшалығын, діңімен орта әлемді, ал бұтақтарымен аспан әлемін вертикальді түрде жалғап тұратын мифтік ағаш. «Бәйтерек» сөзі — ежелгі түркі сөзі, «бәй» (бай) — «үлкен» дегенді, ал «терек» — «ағаш» ұғымын білдіреді. Демек, екі сөз бірігіп, «зәулім ағаш» деген мағынаны ашады. Ғылымда оны «әлемдік ағаш» (мировое дерево) немесе «космостық ағаш» (космическое дерево) деп те атайды. Әдетте бәйтеректің түбінде, яғни төменгі әлемде орасан жылан жатады, ал ұшар басында құстар патшасы тұрады, ұялайды — бұлардың бәрі мифтік батырдың өмірінде үлкен рөл атқарады. Бәйтеректің бірінші сипаты — адам аяғы баспайтын қиянда, бұлақтың қайнар көзінде өсіп тұруы. Оған жету үшін бас кейіпкердің темір етігі теңгедей, темір таяғы тебеңдей болып, әбден азып-тозады. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісінде жер үстіне шығатын есікке дейінгі алты айлық жолдың ауырлығына шыдамай қырылып, Күңке есімді бір күңі мен Шалқұйрық, Ер Төстік үшеуі ғана аман қалады. Бәйтеректің екінші сипаты оның ұшар басында құстың ұясы орналасып, ұяның ішінде шуылдаған балапандардың болуында жатыр. Үшіншісі — Бәйтеректің алыптығы мен мықтылығы.






**Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс** – ертегілерде ол ұзын сақалы бар, бойы біртұтам ұсқынсыз шал түрінде сипатталады. Осыған қарамастан, өзінің жойқын күшқайратымен ерекшеленеді. Оның сыртқы өлшемі қаншалықты кіші болса, адам баласына тигізетін залалы аса ауыр. Мәселен, «Аюалпаң, Судысалпаң, Таудыталпаң» ертегісінде оның адам жегіш-жалмауыздық қырына баса мән беріледі. Енді бір ертегілерде адам аяғы баспайтын құла түзде тұрса, екіншілерінде сусыз құдықтан басталатын тылсым әлемді мекендейді. Оның шапшаңдығы сондай, бір күндік жерге көзді ашып-жұмғанша жетіп барады.

Диюлар сияқты сұлу қыздарды ұрлап әкетіп, өзіне зорлықпен әйел етеді. Жаны кеудесінде емес, басқа жерде сақталады. Аталған ертегіде: «Мына үйде үш пеш бар, сол пештің біріншісінде жаны, екіншісінде кеудесі, үшіншісінде қол-аяғы бар», — деп суреттеледі. Ал «Алтын жүзік» туындысында: «Шалдың сиқыры басында, басынан қатты соққы алғанда ғана шал сиқырынан айырылады», — делінеді.

**Бозінген** — қазақ фольклорының бірнеше жанрында көрініс тапқан киелі жануардың бейнесі. Ол — аналық махаббаттың, мейірімділік пен төзімділіктің символы. Бозінген бейнесі прозалық фольклорда да кездеседі. Мәселен, хайуанаттар жайлы ертегілерде ұзақ жылдар боталамаған бозінгенді, бір жетім баланың кеңесімен кедей кемпір-шалға бақтырады. Ингеннен алтын басты, күміс бөкселі бота туады. Пайдакүнем адамдар кемпір мен шалды қорқытып, ботасын саттырады. Шығармада анасынан айырылған бота мен ботасынан айырылған інгеннің зары ана махаббатының құдіретін тұспалдап көрсетеді. Кейін бұл сюжет күйге түсіріліп, халық арасына кеңінен тараған. Ол қобызбен орындалады және мұңды әуенімен ерекшеленеді.





**Дию** — қазақ фольклорына шығыс әдебиетінен енген бейне. Диюлар да пері, жын, шайтандар тәрізді қауымдасып күн кешеді. Олардың өздеріне тән елі, құрған патшалығы болады. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында жын, дию, пері — аспан әлемі мен жер беті аралығында өмір сүретін тылсым күш иелері. Фольклорлық шығармаларда олар адамдар секілді тамақ ішеді, үйленеді, өсіп-өнеді, өледі. Еркек диюлар сұлу қыздарды ұрлап әкетіп, зорлықпен некелесіп, жұптық өмір сүреді. Сол себепті оларды екі әлемнің де қасиеттері бар аралық бейнелерге жатқызарлық негіз бар. Кейбір фольклорлық туындыларда дию «жын» деген атаумен де көрініс береді. Мысалы, «Балықшы илә ғифрит қиссасы» дастанында кейіпкердің бейнесі аузынан от шашатын, кеудесі мұнарадай, аяғы үлкен теректей, бойы таудай алыптың бейнесінде көрінеді. Диюлар

сиқырлы күштің иелері болып саналады. Кейде олардың сиқырлы іс-әрекеттері бас кейіпкерді мұратына жеткізу үшін де қызмет етеді. Диюлар адам етімен қоректенбейді және перілер секілді тіршілік әлемінен аулақта күн кешеді. Негізінен диюды демонологиялық бейне түрінде таныған дұрыс. Ол көбіне шығыстық сарындағы қисса-дастандарда кездеседі.

**Епті** — ертегілерде өзге сиқырлы көмекшілерге қарағанда сиректеу кездесетін кейіпкер. Ол ептілігінің арқасында аса сақ құс — сауысқанның ұясындағы жұмыртқаны байқатпай алмастыра алады. Қазақ ертегілерінде мұндай ептілік қасиет Тазша баланың бойында ғана кездеседі. Кейбір сатиралық сарындағы ертегілерде осындай ептілік ұрылардың бойынан көрініс береді. В.Я. Пропп, С. Қасқабасов сияқты танымал фольклортанушылар қиял-ғажайып ертегілерінің бұл кейіпкерін табиғаттың дүлей күштері елесінің адам қалпына түскен бейнесі деген пікірлер білдіреді. Ертедегі адамдардың түсінігінде осы санаттағы кейіпкерлер табиғат күштерінің, рухтың иелері саналған. Әрқайсысының өзіне тән жеке-жеке мекені бар, олар өз қонысынан аспай, тиісті кеңістікте ғана билік жүргізе алады. Мифтік таным бойынша Көлтауысар — көл иесі, Желаяқ — жел иесі, Таусоғар — таудың





рухани иесі саналған. Ал ертегілерде епті бас кейіпкердің көп көмекшілерінің бірі ретінде ғана көрінеді.



**Жалғыз көзді дәу** — ертегілерде бас кейіпкердің негізгі қарсыласы ретінде көрініс беретін бейне. Әсіресе, «Жалғыз көзді дәу» ертегіде асқан дүлей күштің иесі образында суреттеледі. Шығарманың оқиғалар желісінде дәу қырық күн, қырық түн ұйқы көрмей, тамақ ішпей, ел шауып, халыққа зорлық-зомбылық жасағандығы баяндалады. Адам жегіш дәудің образы «Ақжан батыр» ертегісінде де кездеседі. Ертегілерде кездесетін мұндай қауіпті дәудің бейнесі Азия халықтарының әдебиетінде де кең тараған көне образ екендігін аңғаруға болады. Оның шығу тарихы сонау қола дәуірінде өмір сүрген адамдардың алғашқы наным-сенімдерінен бастау ала-

ды. Ғылымда жарық дүние құдайлары мен өлілер дүниесі билеушілерінің жалғыз көзді дәулермен болған соғыстары туралы исседондардың дуалистік мифінде кездесетін сюжеттер кейін скиф тайпаларына өтіп, одан еуропа халықтарына тарады деген пікір бар. Е. Тұрсынов: «Батыс пен Шығыс елдерінің көпшілігінде кездесетін жалғыз көзді дәу образы ежелгі түркілердің дуалистік мифінде айтылып, кейін скифтер арқылы гректерге өткен», — деген тұжырым айтады.

**Жалмауыз кемпір** — ашкөз, тойымсыз кейіпкер. Ол шығармаларда кемпір түрінде берілгенімен, оның адам сипатынан гөрі тылсым күші басым болып суреттеледі. Адамның бойында болмайтын жойқын күштің иесі. Оның көзін жою оңай емес. Г.Н. Потанин «жалмауыз» сөзін түркі тіліндегі «жалмау» және монғол тіліндегі «мангус (могус)» «құбыжық» деген сөздерден құралған десе, Е.Д. Тұрсынов бұл атауды қазақ тіліндегі «жалмай беретін, тойымсыз ауыз» деген сөздердің бірігуінен жасалған деген пікір айтады. Шығарманың бас қаһарманына қарсы шығатын адам сипатынан гөрі құбыжықтық кейпі басым, қаскөй күштің бірі, атқаратын қызметі жағынан мыстан бейнесімен ұқсас демонологиялық кейіпкер. Оның басты



мақсаты — адамды жеу. Адам жалмауыз үшін қорек көзі болып есептеледі. Сондай-ақ жалмауыз кемпір құбылушылық қасиетке ие. Мәселен, Жалмауыз «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде сұлу қыз түріне өзгерсе, «Алтын сақа», «Алтын топай» ертегілерінде су бетінде қалқып жүрген шикі өкпе болып көрінеді.



**Жартықұлақ** — ертегілерде бойы біртұтам болғанымен, қайрат-жігерге толы, елгезек, тапқыр бала ретінде суреттелетін кейіпкер. Оның бойында да басқа ертегілік кейіпкерлерге тән қасиеттер жинақталған. Ең алдымен ол ғайыптан пайда болады. Мәселен, «Құлақ» ертегісінде аңшының әйелі арыстанның құлағына жерік болып, содан 40 құлақ туып, сол құлақтың біреуі жабықта жасырын қалып балаға айналады. Ал «Жартықұлақ» ертегісінде шал мен кемпір бір перзентке зар болып, бұл солардың тілегінен пайда болады. Екіншіден, өзге мифтік кейіпкерлер сияқты жартықұлақтың да жаны сірі, ажалсыз. Ол түйе жұтып қойса да, қасқыр жеп қойса да аман қала береді. Тіпті, қасқырдың ішінде жатып, сыртқы дүниедегі тірліктен хабардар болып отырады. Басынан сан түрлі қиындықтарды өткізсе де, ата-анасына аман-есен оралады.

Жартықұлақ — халықтың арман-тілегінен туындаған бейне. Ол өзінің бір-ақ тұтам бойына қарамастан, алға қойған мақсатына қол жеткізіп отырады. Ертегілерде Жартықұлақтың бейнесі арқылы қашанда дүлей қара күшті озық ой мен тапқырлықтың жеңіп шығатыны паш етіледі.

**Жезтырнақ** — қазақ фольклорында жиі кездесетін, оның көбінде әйел кейпінде суреттелетін, бойында жойқын күші бар, адамға қаскөйлік жасайтын кейіпкер. Ол тау мен тасты, болмаса орманды мекендеп, жұптасып өмір сүреді. Имек жез мұрынды, ұзын жез тырнақты, сұлу жас әйел кейпінде көрінетін жын-пері тектес мақұлық. Жезтырнақ — ғаламат қара күш иесі. Оның ащы дауысы жер жаңғыртады. Өзінің айғайымен құстар мен ұсақ хайуанаттарды ажал құштыра береді. Ертегілерде, аңшылар туралы аңыз-әңгімелерде жезтырнақ бейнесі жан-жақты сомдалған. Оның қас дұшпаны ретінде сипатталатын халықтан шыққан батырлардан жезтырнақ үнемі жеңіліп қалып жатады. Ертегілердің көпшілігінде жезтырнақ ұзын бойлы, тырнақтары пышақтай өткір,




елсіз жерді мекендейтін жалғыз әйел бейнесінде суреттеледі. Дегенмен, кейбір ертегілер мен аңыздарда жезтырнақтар адам тәрізді жұптасып өмір сүреді, олардың отбасы, балалары да болады деп баяндалады.




**Желаяқ** — прозалық фольклордағы сиқырлы көмекшілердің бірі әрі ортаңғы және төменгі әлемдердің шегаралық мекенінде өмір сүретін мифтік бейне. Ертегідегі бас кейіпкердің төменгі әлемдегі жолыққан кедергілеріне көмектесіп, жеңіске жетуіне ықпал етуші. Ғалымдардың зерттеулерінде ол табиғаттың дүлей күштері елесінің адам қалпына түскен бейнесі ретінде қарастырылады. Ежелгі түркілер түсінігінде бұл көмекші кейіпкер табиғат күштерінің, рухтың иесі болып саналады. Яғни желаяқ — жел иесі. Сондықтан ертегіде кездесетін көмекші кейіпкерлердің барлығы да осындай ұғымнан туындаған. Оның өзіне

тән шегаралық аймағы болады. Кейіпкер сол мекеннен басқа жерге шыға алмайды, оның билігі сол маңда ғана жүреді. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісіндегі сиқырлы көмекшілер өз міндетін орындап, қайтар жолда алғашқы Төстікке жолыққан жерлерінде қоштасып, қалып отырады. Желаяқ кейде аңқау кейіпкер кейпінде де суреттеледі (кемпірдің алдап ұйықтатып тастауы т.б.). Алайда оның желден жылдам жүйріктігі жеңіске жеткізеді. Желаяқтың ертегілердегі ортақ типтік бейнесі тек жүйріктігін ғана көрсетпейді, ол әрдайым көмекке дайын тұратын ақкөңіл, ақылды, тығырықтан жол таба білетін кейіпкердің бейнесінде көрініс береді.

**Жын** — қазақ фольклорындағы діни наным-сенімге байланысты туындаған бейнелердің арасында ерекше орын алатын, көп қырлы, көп іс атқаратын бейнелердің бірі. Жын діни шығармалардың кейіпкері ретінде шамандық дінде де, мұсылман дінінде де кездеседі. Қазақ бақсылары өз көмекшілерін «жын» деп атайды. Діни наным бойынша жын — пері, періште, шайтан тәрізді адамзат қауымымен қатар өмір сүретін, көзге көрінбейтін сиқырлы күшке ие болған тіршілік иелері. Жындарда екі рухани әлемнің қасиеттері бар. Олар да перілер тәрізді мұсылман және кәпір жындар болып екіге бөлінеді. Халық наным-сенімінде адамдар жындарды көрмегенімен, олар адамдарды көріп тұрады. Алайда оларды кейбір иманы, ислами білімі күшті адамдар көруі мүмкін деген пікір қалыптасқан.







**Көк бөрі** — түркі халықтарының мифтерінде кездесетін тотемдік образ. Халық арасында шығу тегін қаншық қасқырдан тарататын бірнеше аңыз бар. Көк бөріні тотем тұту қырғыз, қарақалпақ, өзбек халқының ғұрыптық фольклорында да жан-жақты көрініс береді. Қазақ халқының танымында көк бөрі көк Тәңірінің нұры, жеңімпаздық символы, ерліктің тұлғасы болып табылады. «Өмірдегі жақсылықтың бәрі Тәңірінің нұрынан таралады, нұр — тіршіліктің бастауы» деп түсінетін халық үшін адалдық, әділеттілік, шыншылдық, қайсарлық тәрізді асыл қасиеттердің нышаны да көк бөрі болған.

Оғыз қағанның түсінде көктен жарқыраған сәуле құйылып, сәуледен көк бөрі бейнесінің сомдалуы тегін емес. Өзге аңыз бойынша бір кездері құт дарыған түркі даласын қара түнек басып, құзғындардың мекеніне айналыпты. Сонда Құдайдың құдыретімен иесіз далаға көк бөрі келіп ауыр жараланған ер баланы қан сасыған сайдан тауып алып бағады. Кейін ержеткен соң осы қасқыр мен баладан ержүрек түркілер тарағаны баяндалады. Қазақ фольклорындағы көк бөрі бейнесі жас сәбилерді асырайды, қиын-қыстау кезеңде көмекке келіп, тығырықтан шығар жолды көрсетеді. Тұтастай халықтың ілкі ата-бабасы болып саналады және жеке адамның нағуалы — жебеуші пірі болып есептеледі.

**Көк өгіз** — жаратылыс туралы түсінікке негізделген діни наным-сенімнен туындаған мифтік бейне. Тәңірлік дүниетаным бойынша табиғат құпияларына табыну, көк аспанды, аспан түстес жан-жануарларды культке айналдыру жағдайында дүниеге келген, жаратылыстың бастауы туралы сыр шертетін ғажайып кейіпкер. Ол жердің жаратылуы туралы прозалық фольклорда ұшырасады. Соның бірінде: «Көк өгіз Жасаған жер мен көкті ең алғаш жаратқанда, әуелі айнадай дөңгелек, жерді тебінгідей төртбұрыш, жалпақ етіп жаратқан екен. Кейін бұлар бірте-бірте өсіп, үлкейе беріпті. Сонан соң Жасаған жерді көк өгізге көтертіпті. Бірақ жалпақ жер көк өгіздің арқасына тоқтамай, ауытқып, аударылып, төңкеріліп, қалтылдап, толқи беріпті. Мұның салмағы теңгеру үшін төңіректің төрт бұрышына талдарды әкеліп орнатып, тау мен жазықты реттеп, бекітіпті. Сонымен жалпақ жер көк өгіздің арқасында аумай-талмай



тұратын болған екен». Көк өгіз туралы сюжеттердің көпшілігі осы сарынға құрылған. Мұндай наным әлем халықтарында кең тараған. Тек бұл сарындағы мифтердің бірінде жерді көк өгіз көтеріп тұрса, енді бірінде кит, алып балық, тасбақа т.б. аңдар көтеріп тұрады. Мұндай тотемдік сананың жарқыншағы қазақ фольклорының жұмбақ айтысы тәрізді жанрларынан да қылаң береді. Мәселен, «Есентай мен қыз Болық» айтысында «Қара жерді көтерген немене?» деген сауалға «мүйізімен жерді тіреп тұрған алып бір көк өгіз» деп жауап беріледі. Мифті арнайы қарастырған ғалымдар әлемнің жаралуы туралы мифтерде кездесетін типологиялық сарындардың бірі ретінде осы көк өгізді атайды.

**Көлтауысар** — қиял-ғажайып және батырлық ертегілерде кездесетін бас қарманның жеңіске жетуіне жәрдем беретін мифтік кейіпкер. Ертегілердегі көмекші кейіпкерлердің өздеріне тән жеке-жеке өнері бар. Олар кездескен кедергіге қарай сиқырлы қасиеттерін жүзеге асырып отырады. Сондықтан Көлтауысар да кедергі болған көлдің суын сіміріп алып, достарына жол ашады, алыс жолды жақындатады, өрт ішінде қалған серіктерін құтқарады. Бас кейіпкерге адал қызмет етіп, оқиғаның ең қызық, аса қауіпті, өте шиеленісті сәттерінде көмек қолын созып, жағымды әсер қалдырады. Ертегіде Көлтауысар, Желаяқ, Саққұлақ, Таусоғар сияқты ілкі кейіпкерлер бір-бірінен ажырамайды, әркім өз кезегінде ерекше қасиеттерімен танылады. Зерттеушілер ертегідегі бұл кейіпкерлерді табиғаттың дүлей күштері елесінің адам қалпына түскен бейнесі екендігін айтады. Ертедегі ұғым-түсінік бойынша Көлтауысар — тылсым күштің, рухтың иесі. Оның да өзіндік мекені бар, сол межеден аспайды. Қызметі аяқталғаннан соң өз мекенінде қалады және өз кеңістігінде ғана билік жүргізеді. Мифтік таным бойынша көл иесі болып саналады.



**Қаңбақшал** — қазақ ертегілерінде кездесетін ұнамды кейіпкерлердің бірі. Ол көбіне әділдікті жақтаған, сол жолда өзінің тапқырлық қасиетін қару ете білген типтік бейне ретінде суреттеледі. Сатиралық мазмұндағы «Қаңбақшал» ертегісінің бірнеше нұсқасы кездеседі. Бірақ ол нұсқалардың қайсысында болмасын Қаңбақшалдың бейнесі өзгермейді, тек жағымды болмысымен көрініс береді. Ол — сырт көзге дәрменсіз, бірақ алдыартын ойлап іс-әрекет ететін, келешегін болжай алатын, қысылғанда жол табатын, көреген, өзінің


адал еңбегімен күнін көріп жүрген қарапайым еңбек адамы. Сондықтан Қаңбақшал образы — жас ұрпақты қарапайымдылыққа, ақылмен адал еңбек етуге тәрбиелейтін, танымдық мәні аса маңызды бейне.



**Қара дәу** — ертегі кейіпкері. Ертегіде Қара дәуді: «Ол бір құлағын жамылып, бір құлағын төсеніп жатып күзетеді екен. Қара дәу айқайлағанда мал тұрмақ, құрт-құмырсқа да ол маңайға жоламайды екен», — деп суреттейді. Бұндай дәулер, негізінен, адам етімен қоректеніп, елсіз тау мен тасты мекендейді. Адам аяғы баспайтын және оның қолына түспейтін дүниені күзетеді. Түрлі дәулермен салыстырғанда Қара дәу ең қауіптісі болып табылады. «Еділ — Жайық» эпосында екі батыр — Еділ мен Жайықтың бірін-бірі түсінде көруі, бірге сапарға аттануы, жолда аңдармен кездесуі, жезтырнақ, Қара дәу сынды қаскөй күштермен болған арпалысы

жан-жақты баяндалады. Бас кейіпкерлерге Қара дәу кедергі болып, арада үлкен күрес басталады. Жайық пен Қара дәудің айқасы әділдік пен зұлымдықтың майданы іспетті. Қара дәудің кескіні қорқынышты болып суреттеледі. Дәудің «Қара дәу» аталуын сыртқы бітімінен бөлек оның адамға деген қара ниетімен де байланыстыруға болады.


**Қожанасыр** — түркі халықтарының прозалық фольклорына ортақ кейіпкер. Ол туралы қызықты оқиғалар мен күлкілі әңгімелер аса қарапайым болғанымен, түйінінде астарлы мағына, тұспалды мән, ащы мысқыл жатады. Әсіресе анекдоттық туындылардың көпшілігі Қожанасырдың есімімен тығыз байланысты айтылады. Қожанасырға қатысы жоқ ертегілердің, аңыздар мен әңгімелердің өзі оның есіміне таңылып, соның көркем образы арқылы халық арасына кеңінен таралып отырады. Сырт



қарағанда оның бойынан аңғалдық мінез, тым қарапайым болмыс көрініс беріп тұрғанымен, асқан данагөйліктің, үлкен ақыл-парасаттың сипаттары сезіліп тұрады. Қожанасырды халықтың сүйікті қаһарманы еткен де осы ішкі еркіндігі мен сабырлы рухы. Қазақ халық прозасында да Қожанасыр бейесіне жақын келетін Алдаркөсе, Тазша бала, Жиренше шешен т.б. сияқты кейіпкерлердің кездесетіні белгілі. Қожанасырға

қатысты әңгімелер қазақ фольклорына еніп, қалыптасып, дамыған тұсында оған ұқсас, мазмұндас ұлттық туындылардың көпшілігі трансформацияға ұшырап, оның атына таңылып кетті деуге толық негіз бар.

**Қу түлкі** – хайуанаттар туралы ертегілерде жиі кездесетін кейіпкер. Ол көбіне залым, алаяқ, қу, айлакер, ақылды болып та бейнеленеді. Қу түлкі әдемі, еліктіргіш, өзін қорғансыз және әлсіз етіп көрсете алады. Қалағанына жету үшін өзінің барлық айла-тәсілдері арқылы алдауды, азғыруды қолдануға дайын. Ертегілерде түлкі жағымсыз кейіпкердің рөлін атқарады, ол жағымды кейіпкерден айласын асыруға тырысып, ақыры өзі құрбан болады.



**Мыстан кемпір** – қазақ фольклорында мыстан мен жалмауыз кейде аражігі ашылмай біртұтас кейіпте көрініс береді. Бірақ фольклорлық туындыларға терең үңілгенде, мыстан мен жалмауыздың екі бөлек образ екені айқын аңғарылады. Мыстан – сыртқы кейпі ұсқынсыз, ұзақ өмір сүрген, аузы опырайған, шашы жалбыраған, мүсәпір кемпір бейнесіндегі озбыр. Бойында тылсым күші жоқ, бірақ айла-шарғысы мен қулық-сұмдығы басым. Бірақ қиындықсыз-ақ көзін жоюға болатын, көп шығармаларда таз баласы бар, өзінен басқаға жақсылық ойламайтын, дүниеқоңыз кейіпкер. Оның жалмауыздан ерекшелігі –

адамға жақын бейне екендігі. Алып бара жатқан ерекше қасиеті мен сиқыры болмаса да, өзінің дегеніне кісіні алдау, арбау арқылы жетеді. Мыстанның адамға тән екінші қыры – пендешілігі, дүниеқоңыздығы. Дүниеге қызығып, жауыз жандардың ығында жүреді. Сондықтан ол матриархат дәуірінен бері эволюцияланып келген небір айла-шарғы тапқыш зұлымға, барлық ақыл-ойын жамандық үшін жұмсайтын жиіркенішті образға айналған фольклорлық кейіпкер болып саналады. Мәселен, «Мұңдық – Зарлық» жырында Шаншар ханның Қаншайымнан туған бір ұл, бір қызын көре алмаған алпыс қатынның жұмсауымен екі нәрестенің көзін құртуға араласады. «Ер Төстік» ертегісінде де Желаяқпен бірге жаяу жарысқа түскен мыстан оны айламен жеңбекші болады. «Ұшархан» ертегісіндегі мыстан да қулықпен күн кешкен айлакер әйел кейпінде суреттеледі. Ал «Алпамыс батыр» эпосында Тайшық хан алып кеткен жылқыны қуып келе жатқан Алпамыс батырды күшімен, болмаса сиқырымен емес, айласымен арбап қолға түсіреді.





**Перілер** — адамзатқа құпия тылсым дүниемен байланысты бейнеленетін эпостардың, халық прозасындағы хикая жанрының кейіпкерлері. Ай десе аузы, күн десе көзі бар, тал бойында бір міні жоқ сұлу бойжеткен сипатындағы сиқыр иелері. Олар негізінен орманды жерлерді, болмаса елсіз құлатүзді мекендейді. Перілер — адамға дос та, қас та емес, аралық бейнелер. Олар адамзатқа көрінбей, бұл дүние мен ол дүние аралығындағы тылсым әлемде өмір сүреді. Қазақ жырларында да, шығыстық дастандарда да басты кейіпкер перінің қызын түсінде көріп, не суреттегі сұлу дидарын көріп ерекше ғашық болады. Көбіне олардың шаштары ұзын, дене бітімі сұлу, терісі аппақ және ұшатын қанаттары

болады. Фольклорлық туындыларда перілер бір қауым ел ретінде суреттеледі және олардың өмір сүру салты да адамзатқа ұқсайды. Олар — бір көргеннен ғашық қылатын ғажайып әсемдіктің иесі. Адамға ешбір зиян келтірмей, тылсым дүниеде өз бетінше тіршілік етеді. Адамға жолығып қалса, онымен шарт қоя отырып некелеседі. Ал шарты бұзылған жағдайда құсқа айналып, артына қайырылмастан көзден ғайып болады.

**Саққұлақ** — ертегідегі бас қаһарманға көмекшілік рөл атқаратын төменгі әлемдегі мифтік бейне. Оның өнері жерасты немесе жер үстіндегі болып жатқан оқиғаларға тікелей байланысты. Қажет кезінде бас кейіпкерге көмек қолын созып, оған жол сілдейді, алдынан кедергі келтіретін зұлым күштердің қастандық әрекеттерін алдын ала ескертіп, аман қалуына және арман-мұратына жетуіне ықпал етеді. Ертегілерде кездесетін Саққұлақ пен Қара дәудің бейнелерінде ұқсастық бар. Бірақ Қара дәу өзінің ерекше қасиетін зұлымдық әрекеттер үшін пайдаланатын болса, Саққұлақ күш-қайратын жақсылық жасау мақсатында жұмсайды. Бірінде құбыжықтық сипат, екіншісінде деғдарлық қасиет басым. Ертегіде Саққұлақ бас кейіпкерге үнемі жолда жолығады. Белгілі бір уақыт аралығында ғана оқиға сюжетінде көрініс беріп, нақты қызметті атқарғаннан кейін оқиғадан сырт қалады. Бас қаһарманға белгілі уақытта, межеленген мекенде ғана кездесіп, үзеңгілес жүріп тиісті жәрдемін көрсетеді. Қайтар жолда бастапқы мекенінде қалып қояды. Осы белгілеріне қарап, бұл сиқырлы көмекшіні көне ұғымдағы аруақтың трансформацияланған көрінісі деуге болады.





**Самұрық** — құс сипатындағы екі басы бар, бір қанатын жайғанда бір айшылық жерге жететін, қанатының екпіннен жел соғып, көз жасы жерге жауын болып құйылатын, жауына сұсты, сиқырлы зооантропоморфтық бейне. Шамандық түсінік бойынша әлем үш бөліктен тұрады. Жер бетін адамдар мекен етсе, жер асты мен аспанды адамға дос рухтар мен қаскөй

күштер мекен етеді. Нақтырақ айтқанда, бірінші бөлік — аспан — Тәңірі тұрағы; екінші бөлік — жер — адамдар мен сиқырлы киелердің мекені, үшінші бөлік — жер асты — зұлым күштердің қонысы. Осы үш әлемді байланыстырып тұратын зооморфты бейнелердің бірі — самұрық. Қай шығармада болмасын, самұрық ұясына қайтып келе жатқанда алдымен қатты дауыл тұрып, дауылдың артынан бұршақ аралас жаңбыр жауады, жаңбырмен қабаттаса суылдаған дауыс естіледі. Ертегіде дауыл алып құстың қанатынан тұрған жел, жаңбыр — балапандарын жоқтап жылаған құстың көз жасы деп түсіндіреді. «Ер Төстік» ертегісінде «Самұрықтың екі басы бар екен: бір басы адамдікіндей, бір басы құстыкіндей екен. Самұрықтың адам басы Төстікке тіл қатады» деген үзіндіден самұрық бейнесін анығырақ елестетуге болады.

**Тазша бала** — сатиралық ертегілердің басты кейіпкерінің бірі. Тазша бейнесі өзбек, татар, қарақалпақ, түрікмен, хакас, бурят, монғол халықтарының фольклорында да кездеседі. Тазша баланың сыртқы кейпі ұсқынсыз, кейде тіпті жиіркенішті болғанымен, ішкі дүниесі терең, ақылға бай. Ертегілердің соңында мұратына жетіп, ойлағаны орындалып отырады. Қазақ халық прозасында «Қу тазша», «Ақылды тазша», «Айлалы тазша», «Тазшаның қырық ауыз өтірігі», «Хан қызы мен тазша» т.б. ертегілер сақталған. Оның бәрінде тазша өзінің ақыл-парасатының, тапқырлығының арқасында түрлі қиын-қыстау жағдайдардан сүрінбей өтіп, жеңіске жетеді. Өзі сіңірі шыққан кедей, жетім болса да, мансапты, бай адамдармен ымырасыз күреске түсіп, халық алдында олардың кемшілігін бетіне басып, мазақ етеді. Сондықтан да фольклордағы тазша бейнесін әділетсіздікке, зұлымдыққа қарсы тұрып, күншілдік, сараңдық, қызғаншақтық сияқты теріс мінездерді әжуалайтын, халық даналығы мен шешендігін бойына сіңірген типтік кейіпкер ретінде бағалауға болады.







**Таусоғар** — қиял-ғажайып ертегілер мен эпостық жырларда кездесетін алып күш иесі. Ол — көне мифтік түсінік бойынша «төменгі әлем» мен «орта әлемнің» шегаралық мекенінде өмір сүретін мифтік бейне. Таусоғар жерасты дүниесінің алыптарымен шайқасып, ертегі қаһармандарының жеңіске жетуіне көмек көрсетеді. Ол — негізгі қаһарманды мақсат-мұратына жеткізу үшін қиын жолда кездесетін сиқырлы кейіпкерлердің бірі. Таусоғар «Ер Төстік» ертегісінде жылан Бапы ханға Темір ханның қызын әкеліп бермек болып жолға шыққан Төстікке кездеседі. Ертегіде жұрттан асқан алып, жердің үстінде

де, астында да оған шақ келетін адам кездеспей, қайраты бойына сыймағандықтан, тауларды көтеріп ермек қылатын дәу бейнесінде суреттеледі. Таусоғар «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісінде де ұшырасады. Ежелгі наным бойынша әр заттың өз иесі бар деген сенім болғандықтан, Таусоғардың бейнесі тау иесі болып саналады және есімі биік тауларға байланысты айтылады. Таусоғардың Толағайдан ерекшелігі оның өзге әлемде өмір сүруіне қатысты көне мифтік ұғымдарымен байланысты.

**Ұртоқпақ** — ел арасында кең тараған сатиралық ертегінің бірі. Ертегінің «Ұр тоқпақ» атауы — ертегі мәтінінде кездесетін сиқырлы таяққа байланысты аталған. Ертегінің оқиға желісі егде тартқан қария аңшылық құрып қазды ұстайды. Аңшылықпен күнелтіп жүрген қарт тұзаққа түскен қазды бәйбішесіне апармақ болғанда қаз адам кейіпіне еніп,



тіл бітіп, босатса, арманын орындауға серт береді. Күнкөрістің қамымен жүрген аңшыны қаз ханзадасы өз сарайына апарып қонақ қылып, өздігінен түрлі тамақ пісіретін сиқырлы қазан сыйға тартады. Сый-сияпатқа бөленген ол ауылына келе жатып жолай шаршауын басу үшін көрші ауылға тоқтайды. Сол ауылдың сотқар ұлдары қарияның «қарай тұрындар» деп қалдырып кеткен сиқырлы қазанның сырын ұққандықтан, орнына өз қазанын ауыстырып қояды. Шаршауын басып, ауылға жеткен қария үйіне келген соң қазанның сиқырлығы жоқтығын аңғарып, қайтадан қазға барады. Қарттың көңілін қайтармай, қаз ханзадасы алтын құсатын сиқырлы



есек береді. Бастапқы қазанын алдырғандай қария бұл жолы есектен айырылады. Үшінші рет келген қариядан мән-жайды анықтап білген қаз сиқырлы тоқпақ береді. Жолдағы сотқарлар сиқырлы тоқпақтан сыбағаларын алып, қариядан кешірім сұрап, барлық сыйды қайтарып береді.



**Ұшқыш кілем** — ерте замандағы адам баласының әуеде ұшу жөніндегі қиялынан туған мифтік көлік. Ол кілеммен ертегі кейіпкерлері кез келген жерге ұшып бара алады. Ұшқыш кілем иесінің немесе оның үстінде отырған адамның бұйрығымен ұшады және қалаған жеріне қонады.

Мұндай кілем шығыс халық әдебиетінде де, орыс фольклорында да жиі кездеседі. Олардың кейбірінде сиқырлы кілем өзге тылсым әлемге де ұшып бара алады. Бұл ұшқыш кілемдердің барлығы да бірнеше күндік, айлық, тіпті жылдық қашықтықтағы жерлерге көзді ашып-жұмғанша жеткізетін көлік ретінде суреттеледі. Ұшқыш кілем — адамзаттың әуеде ұшу көлігін ойлап табуға деген талпыныстарының негізінде дүниеге келген қиял мен ойдың жемісі. Мәселен, «Төрт дәруіш және ұшқыш кілем» ертегісінен ежелгі адамдардың алыс жолды жақындатуға, өзге әлемге сапар шегуге, дүниені танып-білуге деген арман-аңсары айқын аңғарылады. Кейде перілер патшасының адамзат тұрағына сапарлайтын, керісінше өзі иелік ететін әлемге адамдарды жеткізу үшін пайдаланатын көлік құралы ретінде сипатталады. Ұшқыш кілем туралы оқиғалар қиял-ғажаып ертегілерде молынан кездеседі.

**Үш дәу** (үлкен дәу, ортаншы дәу, кіші дәу) — адамға қастығы да, достығы да айқын байқала бермейтін аралық бейнелер. Қазақ ертегілерінің көбінде дәулер үш ағайынды туыс ретінде суреттеледі. Бұлар «Қаңбақ шал» ертегісінде де кездеседі. Дәулер — сиқырлы күштен гөрі қара күштің иелері. Олардың атқаратын қызметі екі сипатты болып келеді,



яғни бір сюжетте олар жақсы қасиеттерге ие болып, адамға көмектеседі, ал екінші бір сюжетте олар адамға қарсы күш ретінде бейнеленеді. Қазақ ертегілеріндегі Дәу алып денелі болғанына қарамастан, аңғал, ақымақ, үнемі өзгелердің арбауына түсіп қалатын ашықауыз болып сипатталады. Олардың образын жинақтап айтқанда, дене бітімдері ерекше дәу жаратылғанымен, ебедейсіз, аңғал, зиянсыз, о бастағы мифтік мазмұндардан бастау алатын кейіпкерлер деуге негіз бар.



**Шайтан** — жын кейпіндегі мифологиялық бейне. Бірақ бұл екі бейненің атқаратын қызметі мен көркемдік сипаты жағынан айырмашылығы бар. Жын да шайтан сияқты адамзат қауымымен қатар өмір сүретін тылсым әлемнің кейіпкері. Бірақ ол өзінен қасиеті басым түсетін адамға көмекшілік қызмет атқарады. Жын шаман дініндегі басты кейіпкерлердің бірі болса, шайтан бейнесі қазақ фольклорына мұсылманшылықпен бірге енген. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында жын-шайтан бейнесі қатар қолданылғанымен, жында ұнамдылық сипат басым, шайтан тек ұнамсыз қырынан көрінеді. Халық прозасында көбіне

басында мүйізі бар, аяқ-қолы тұяқты, ұзын құйрығы бар, адамнан кішілеу, екі көзі мысықтың көзіне ұқсайтын мақұлық бейнесінде суреттеледі. Құранда ібіліс деген атпен беріліп, оның оттан жаратылғаны сипатталады. Халық арасында «шайтан лас жерді, күл-қоқысты мекендейді, тура жолмен жүрмеген адамды иектейді» деген наным бар. Шайтанның бойында да басқа фольклорлық кейіпкерлер сияқты құбылушылық қасиет бар. Бірақ ол қай бейнеге енсе де антропоморфтық қасиеттерінен айырылмайды. Көзге көрінбейді, көрінгеннің өзінде жан-жануарлардың, адамның кейпінде байқалады. Қазақ ертегілерінде, әсіресе Алдаркөсе туралы шығармаларда шайтан бейнесі жиі кездеседі. Олардың қайсысында болмасын, шайтан бас кейіпкерден жеңіліп, мазақ болып, күлкіге ұшырап отырады. Жақсылық пен жамандықтың мәңгілік күресінде адамнан жеңіліс тауып, әрқашан дәрменсіз халге душар болады. Сол себепті ақымақ, сұрықсыз кейіпте суреттеледі.

**Шойынқұлақ** — ертегідегі екі әлемнің шегарасын күзететін ұнамсыз кейіпкер. Ол жалмауыз кемпірдің жалғыз ұлы, алып қара күштің иесі ретінде суреттеледі. «Ер Төстік» ертегісінде перінің қызы Бекторы Төстікті қолға түсіру мақсатында Шойынқұлаққа жерасты патшалығынан жер бетіне шығатын жолды күзетіреді. Төстікпен алысқанда күші басым түседі. Өйткені оның жаны тәнінен бөлек жерде сақталады. Төстік Самұрық құстың ақылымен Шойынқұлақтың жанын бейнелейтін



тоғыз балапанды қолға түсіріп, басын жұлып қана жеңіске жетеді. Қазақ фольклорында дәулер бейнесіне тән трафареттік қасиеттер кездеседі. Дәулер жалмауыздың баласы, әкесі немесе күйеуі болып келеді. Олар адамның аяғы тимеген жерлерді мекендейді, асқан күш иесі болғандықтан, жанын оңайлықпен бере қоймайды. Көп ертегілерде жолаушыны алдап құрығына түсіретіні болмаса, дәулермен екі араны бітістіретін дәулердің шешелері туралы сөз қозғалады. Фольклортану ғылымында дәулердің шешелері ежелгі матриархат дәуірінен қалған белгілер деген пікір-пайымдар айтылып жүр. Осы трафареттік қасиеттердің бәрі Шойынқұлақтың да бойынан табылады.

**Шықбермес Шығайбай** – үйіне ешкімді қондырмайтын, қондырса, дәм бермейтін, тіпті тастан да қатты сараң, өзі тойса да, көзі тоймайтын кейіпкерлердің типтік бейнесі. Сатиралық ертегілерде Шықбермес Шығайбай образы Алдаркөсе есімімен қатар суреттеледі. Көбінде Алдардың Шығайбайдан қулығын асырып, оның бермес затын алдап алғаны туралы баяндалады.



**Ібіліс** — халық шығармашылығында адамдарды Алланың ақ жолынан тайдырып, күнәға ұшыратқандықтан көктен қуылған періштелердің бірі ретінде суреттелетін кейіпкер. Оның бұйрығын орындаушылар оттан жаралған шайтандардарға теңеледі.

Дінтанушылардың пікіріне қарағанда, «Ібіліс о баста Құдайға көп құлшылық етуінің арқасында періштелік дәрежеге жеткен, еткен тағат-ғибадатының қарымына орасан зор ғылым мен білімді иеленіп, періштелерге дәріс берген. Соңында осынша терең біліміне мастанып, топырақтан жаратылған Адам атаға сәжде жасамаймын деп Алланың әмірінен бас тартып, лағынет қамытын киген, тозақ отына күйеу жазасына кесілген. Ол Құдайдың жаратылыстарын жек көреді, сондай-ақ Құдіреті шексіз Құдайға қарсы тұруды ұнатады». Қазақ фольклорында ібіліс үнемі адамдарға жамандық ойлап, тура жолдан тайдыруға талпынатын жағымсыз кейіпкер ретінде бейнеленеді.

**Бижомарт Қапалбек,**  
филология ғылымдарының кандидаты



---

# ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абақ керей атты шежіре жинағы. Құраст.: Қ. Жанәбілұлы, Қ. Жусанбайұлы, А. Қапсаметұлы, Ш. Зейнелұлы. — Іле халық баспасы: Күйтің, 1994.
  2. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы» (Киргизская хрестоматия) Екінші басылым / Жалпы редакциясын басқарған профессор Сұлтанғали Садырбаев. — Алматы: Білім, 2007. — Б.112.
  3. Әбдіраманұлы А. «Халық данасы — Сары би және Қоңырат руларының шежіресі». — Алматы, 1992.
  4. Әуесбаева П.Т. Қазақ фольклорындағы әңгіме жанры: Монография. — ҚР БҒМ М.О. Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты. — Алматы: Ғылым, 2001. — Б. 136.
  5. Бағыс-Суан. Шежіре / Құрастырған: «Суан» жекеменшік мейірімділік қоры. Шежіре деректерін жүйелеп жазған — Бекбосын Көбейұлы. — Алматы: Нұрлы әлем, 1996. — Б.240.
  6. Бәйдібек баба — Алып бәйтерек. — Алматы: Өнер, 2003. — Б.442.
  7. Кенжеахметов С. Тышқан тірлік: Әзіл-сықақ әңгімелер. — Алматы, Жазушы, 1983. — Б. 176.
  8. Қазақ батырлары газеті. — Алматы, 2001. — №3 (32).
  9. Қазақ батырлары газеті. — Алматы, 2000. — №3.
  10. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Қалиев Ғ., Нақысбеков О., Сарыбаев Ш., Үдербаев А. және т.б. — Алматы: Арыс, 2005.
  11. Қазақ өнері: 5 томдық. Т.V: Графика: альбом. — Алматы: Елнұр, 2013. — Б.192. ISBN 978-601-80417-0-09
  12. Қазақ шежірелері. — Іле халық баспасы, Күйтің, 1990. /Құрастырғандар: Мыңжани Н., Байболат Ә.
  13. Қазақтың күлдіргі-сықақ / Құрастырып, баспаға ұсынған — Төреқұлов Н.
  14. Қазақтың мифтік әңгімелері / Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазғандар: Ибраев Ш., Әуесбаева П.Т. — Алматы: Ғылым, 2002. — Б. 320.
  15. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-5 том. — Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012.
  16. Қайыржан К. Сөз — сандық: Қазақтың көне сөздері. — Алматы: Өнер, 2013.
  17. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. — Алматы: Ғылым, 1984. — Б. 272.
  18. Қастеев Ә. Альбом (құрастырушы Барманқұлова Б.К.). — Алматы, Өнер, 1986.
  19. Қауыпбайұлы Т. «Хантәңірі». — Алматы, 1998.
  20. Қожбанбет руы. — Алматы: Атамекен — құт мекен» ЖШС, 2007.
  21. Қоңырат Жетімдер руының шежіресі / Жинап, құрастырған: Сүйінбаев Т. — Алматы: Білім, 2011.
  22. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. — Алматы, 2017.
  23. Марғұлан Ә. «Ежелгі жыр аңыздар». — Алматы: Ғылым, 1985.
  24. Мырзақан Ж. «Қазақ халқы және оның салт-санасы». — Шинжаң халық баспасы, Үрімжі, 1992.
  25. Мырзаханұлы Ж. «Еліміз қазақтарының шежіре аңыздары жөнінде» мақаласы бойынша. — «Мұра» журналы, 1990. — № 4.
  26. Найман — Қаракерей Жаңбыршы руының шежіресі. — Алматы, «Айкос» АБА, 2001. — Б. 484.
  27. Оспанұлы Е. Төрт мүшел. Графика. — Шымкент, 2009. — Б.277.
-

28. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. — Астана: Фолиант, 2008. — 728 б.) (213-б.).
29. Тарақты (Сейдімбек) А. Күй шежіре. — Алматы: КРАМДС-Яссауи, 1992. — Б. 488.
30. «Түрік шежіресі». — Алматы: «Білім» баспасы, 1992. — Б.200.
31. Түркі халықтарының хикаялары / Томды құрастырып, баспаған дайындағандар: Ыбраев Ш.И., Ахметбекова А.К., Әуесбаева П.Т. — Алматы, 2014. — Б.415.
32. Ысқақов С. Қоңыр атты Нағанай (Қоңырат шежіресі). — Алматы: «Рауан», 1995. — Б.144.
33. Арабско-русский словарь. Составитель Баранов Х.К. — М.,1968.
34. Диалектологиялық сөздік. — Алматы: «Арыс», 2004. — Б.800.
35. Древнетюркский словарь. — Л., Наука, 1969.
36. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
37. Персидско-русский словарь. — Москва, 1970.



---

## РЕЗЮМЕ

В восьмой том «Антологии степного фольклора» включены ведущие жанры национального прозаического фольклора — миф, хикая, придание, легенды, агиография, устные рассказы и произведения других жанров, что позволяет дать представление о жанровом разнообразии и богатстве казахского фольклора. Тексты, вошедшие в данный том, выполняют воспитательную, познавательную и обучающую функции и направлены на объяснение явлений природы или жизненных ситуаций. В них преобладает диалогическая структура, рассказчик старается представить свое произведение максимально реалистично, чтобы убедить слушателей и публику в случившемся. При этом рассказчик, выполняя свою основную задачу — знакомство слушателей с произведением, не стремится к приукрашиванию повествования.

Повествователь выстраивает единую сюжетную линию. Большинство легенд рассказывается слушателям и реципиентам по известной в определенной степени им теме, поэтому специальной подготовки для восприятия содержания произведений фольклора не требуется. Сюжет произведений принимает устойчивую форму и в процессе дальнейшего развития обретает фольклорный характер. Образ автора трансформируется, он становится в определенной степени частью легенды, басни и рассказа.

Начиная со второй половины XIX века первые образцы фольклорных жанров стали записываться Ч. Валихановым, В.В. Радловым, Н.А. Аристовым, П.П. Семеновым-Тяньшанским, Г.Н. Потаниным, Г.Н. Пантусовым, А. Диваевым и другими. Некоторые образцы жанров прозаических легенд опубликованы в книге В.В. Радлова «Образцы народной литературы тюрских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» (1870), Н.П. Пантусова «Материалы к изучению казах-киргизского наречия» (1901), на страницах газеты «Дала уалаяты» (1888-1902) и других изданиях.

В XX веке важную работу по записи, сохранению и передаче образцов казахского фольклора продолжили О. Алжанов, М.Ж. Копеев, Ш. Жангиров, Ж. Жусупов, Б. Жакыпбаев, А. Маргулан, А. Жубанов, А. Конратбаев, М. Сарымсаков, Б. Адамбаев, М. Тлеужанов, Н. Турекулов, А. Сейдимбек, К. Саттаров и многие другие собиратели и ученые. Следует отметить, что в советское время существовали цензурные ограничения, что препятствовало публикациям фольклорных произведений в полном объеме. С обретением Казахстаном независимости появилась возможность широко публиковать фольклорное наследие, собранное в редких фондах и в разных регионах страны. Увидели свет «Казахские мифические легенды» (1996), «Казахские мифические рассказы» (2002), «Казахские мифы» (2011), изданные на основе 100-томной серии «Слова предков»; «Топонимические легенды» (2011), «Родословные легенды» (2012), «Музыкальные легенды» (2012), «Исторические легенды» (2012) в 4-х томах, «Устные рассказы» (2013) в 3-х томах, «Повести» (2012).

Актуальны и в XXI веке научные труды М.О. Ауэзова, Э. Исмаилова, М. Габдуллина, Ш. Елеукенова, С. Каскабасова, Ш. Ибраева и многих других фольклористов и литературоведов о фольклорных жанрах и их специфике. Важными перед подготовкой тома к изданию стали встречи его составителей с известными фольклористами, научными экспертами и исследователями, в результате которых определены структура, жанровая система, порядок расположения текстов; учтены мнения, выводы и рекомендации членов Ученого совета Института. В результате осуществлен поиск произведений по жанрам в

---

коллекциях рукописей, выявленные тексты проанализированы по содержанию и художественной выразительности, отобраны лучшие из них. Произведения, написанные на основе чагатайского, староарабского, латинского алфавитов, транскрибированы на кириллицу. Текстологическая работа проводилась путем сравнения ранее опубликованных текстов с оригиналами.

Поскольку данное издание предназначено, в первую очередь, школьникам и студентам, широкому кругу читателей, некоторые нецензурные слова и стихи, встречающиеся в текстах, частично сокращены или заменены многоточием. Тексты, не подлежащие замене, даны в оригинале, и к ним написаны научные комментарии. Даны также пояснения слов древнетюркского, местного, иностранного (арабского, фарси, русского и др.) происхождения.

В пояснениях к жанрам фольклорных произведений активно цитируются исследования академика С. Каскабасова. Том проиллюстрирован рисунками из личного архива Е. Оспанова. Подготовка издания проводилась в соответствии с разработанной концепцией «Антологии степного фольклора» в 10-ти томах. В том включены краткое описание каждого жанра, иллюстрации к произведениям, фотографии собирателей и фиксаторов текстов, «Этнографический словарь», Резюме (на русском и английском языках). Отобранные тексты были записаны в специальной студии в исполнении известных актеров и дикторов. Электронная и аудиоверсии тома подготовлены в современном формате, загружены на известные сайты, их специальный код отображен на обложке книги.

---

# SUMMARY

The eighth volume of «Anthology of Steppe Folklore» includes the leading genres of national prose folklore – myth, short stories, legends, hagiography, oral stories and works of other genres, which gives an idea of the genre diversity and richness of Kazakh folklore. The texts included in this volume perform educational, cognitive and teaching functions and are aimed at explaining the natural phenomena or life situations. A dialogical structure prevails in them, the narrator tries to present his work as realistically as possible in order to convince the listeners and the public of what happened. At the same time, the narrator, fulfilling his main task-acquainting the listeners with the work, does not aim to embellish the narrative.

The narrator builds a single storyline. Most of the legends are told to listeners and recipients on a topic known to them to a certain extent, so special training is not required to perceive the content of folklore works. The plot of the works has a stable form and in the process of further development acquires folklore character. The author's image is transformed, he becomes, to a certain extent, a part of the legend, fable and story.

Starting from the second half of the 19th century, the first patterns of folklore genres have been recorded by Ch. Valikhanov, V.V. Radlov, N.A. Aristov, P.P. Semyonov-Tyanshansky, G.N. Potanin, G.N. Pantusov, A. Divaev and others. Some patterns of the genres of prose legends are published in the book by V.V. Radlov «Patterns of folk literature of the Turkic tribes living in southern Siberia and the Dzungarian steppe» (1870), N.P. Pantusov «Materials for the study of the Kazakh-Kyrgyz dialect» (1901), in the newspaper «Dala ualayaty» (1888-1902) and other publications.

In the XX century, the important work on recording, preserving and transferring the Kazakh folklore patterns was continued by O. Alzhanov, M.Zh. Kopeyev, Sh. Zhangirov, Zh. Zhusupov, B. Zhakypbaev, A. Margulan, A. Zhubanov, A. Konratbayev, M. Sarymsakov, B. Adambayev, M. Tleuzhanov, N. Turekulov, A. Seidimbek, K. Sattarov and many other collectors and scientists. It should be noted that in Soviet times there were censorship restrictions, which prevented the full volume publication of folklore works. When Kazakhstan gained the independence, it became possible to widely publish the folklore heritage collected in rare funds and in different regions of the country. The «Kazakh mythical legends» (1996), «Kazakh mythical stories» (2002), «Kazakh myths» (2011), published on the basis of the 100-volume series «Words of the ancestors», were published; «Toponymic legends» (2011), «Genealogical legends» (2012), «Musical legends» (2012), «Historical legends» (2012) in 4 volumes, «Oral stories» (2013) in 3 volumes, «Stories» (2012).

The research works of M.O. Auezov, E. Ismailov, M. Gabdullin, Sh. Eleukenov, S. Kaskabassov, Sh. Ibraev and many other folklorists and literary scholars on folk genres and their specifics are relevant in the XXI century. Before preparation of the volume for publication, the meetings of its compilers with famous folklorists, scientific experts and researchers were important, as a result of which the structure, genre system, order of the texts were determined; opinions, conclusions and recommendations of the members of the Scientific Council of the Institute were taken into account. As a result, a search for works by genre in manuscript collections was carried out, revealed texts were analyzed in terms of content and artistic expression, and the best of them were selected. The works written on the basis of the Chagatai, Old Arabic, Latin alphabets are transcribed into Cyrillic. Textological work was carried out by comparing previously published texts with the originals.

Since this publication is intended primarily for schoolchildren and students, a wide range of readers, some obscene words and verses found in the texts are partially

---

abbreviated or replaced with ellipsis. The texts that are not subject to replacement are given in the original, and there are scientific comments. There are also explanations of words of ancient Turkic, local, foreign (Arabic, Farsi, Russian, etc.) origin.

In the explanations to folklore work genres, the research works of academician S. Kaskabassov is actively cited. The volume is illustrated with drawings from the personal archive of E. Ospanov. The publication is prepared in accordance with the developed concept of the «Anthology of Steppe Folklore» in 10 volumes. The volume includes a brief description of each genre, illustrations for works, photographs of collectors and recorders of the texts, «Ethnographic Dictionary», Abstract (in Russian and English). The selected texts were recorded in a special studio performed by renowned actors and announcers. The electronic and audio versions of the volume were prepared in a modern format, uploaded to well-known sites, their special code is displayed on the book cover.



# МАЗМҰНЫ

<b>Құрастырушылардан.....</b>	<b>7</b>
<b>МИФТЕР.....</b>	<b>11</b>
Тауқұдірет .....	12
Қарлығаштың құйрығы неге айыр?.....	12
Жарғанат неге түнде ұшады? .....	13
Байғыз.....	13
Қарлығаш пен дәуіт.....	14
Айдаһар .....	15
Қызжыланның үңгірі.....	15
Кетпеннің ортасы қалай тесілді?.....	16
Кісі һәм ит.....	17
Ит пен мысық неге араз? .....	17
Жеті қазынаның бірі .....	18
Қарынбайдың суырға айналуы.....	19
Көртышқан мен мәлін .....	19
Бөрі бике .....	20
Айдаһар қатын .....	20
Адам мінезі неге әртүрлі? .....	21
Аңшы мен сиқыршы әйел.....	22
Шілтер әулие .....	23
Еділ мен Жайықтың құдалығы .....	24
Кейден батыр .....	25
Төбекөз дәу мен Бисат жыры.....	26
Диқан баба.....	27
Су көтерген көк жайын жөнінде.....	27
Су аяғы құрыдым.....	28
Қарағай мен сексеуіл туралы .....	29
Тобылғы, Баялыш, Арша .....	29
Киелі бәйтерек.....	30
Жер көтерген көк өгіз жайында .....	30
Жасаған жайында .....	31
Алтай шамандарының.....	31
Топан суы туралы .....	32
Періштелер жер бетінде .....	33
Аспанның жеті қабаты бар.....	34
Дарияға айналған бұлақ .....	34
Жазмыш пен тағдыр.....	35
Қорқыттың көрі.....	35
Тарғыл тана.....	36
Сүлеймен патша .....	37
Әзәзілдің шайтан болуының баяны .....	37
Көңіліңе астамшылық алма .....	38
Ай ару мен күн күйеу.....	39
Ай мен күн туралы .....	40
Айдың бетіндегі дақ .....	40
Жетіқарақшы мен Үлпідек жайында.....	40
Үркер жатыр.....	41
Үркер, негізінде, жеті жұлдыз екен .....	42
Үшарқар — үш ірі жұлдыз .....	42
Айдың бетіндегі қара дақ туралы .....	43
Хансұлу .....	43
Даланың сәулесі .....	43
Есекқырған.....	44
Ажағай киесі жайында.....	44
Аспандағы жұлдыздардың баяны .....	44
Көк күмбез шырақтары туралы.....	45
Көк бөрі.....	46

Ит елі.....	47
Ай ата мен Ай апа .....	47
Жалаңаш баба .....	48
<b>ХИКАЯАР.....</b>	<b>51</b>
Есекмерген .....	52
Темір .....	53
Жарас бақсы .....	55
Қойлыбай бақсы .....	56
Бала бақсы .....	58
Тама Сарыбас мерген .....	58
Мерген мен баласы .....	59
Пері қызы мен шашты Өзіз .....	61
Бабатүкті шашты Өзіздің пері қызына үйленуі .....	62
Бабырдың сәуегейлігі .....	63
Ғайып ерен қырық Шілтеннің өмірге келуі .....	64
Икрам ишан мен молдалар .....	65
Марал ишан мен дуақан .....	65
Көксоқта мен Жайылма көлі .....	66
Хәкім ата мен Қызыр .....	67
Жәңгір төре мен бақсы .....	67
<b>АҢЫЗДАР .....</b>	<b>73</b>
<b>ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАР .....</b>	<b>74</b>
Абыралы .....	74
«Адамтас» туралы аңыз .....	74
Айғырұшқан .....	75
Айкүміс .....	76
Ақбикеш .....	76
Ақбота – Сәңкібай .....	77
Ақмола .....	78
Ақтайлақ соры туралы аңыз .....	78
Ақшоқы .....	79
Алтай .....	80
Алтын сандық .....	80
Аңырақай .....	81
Аташ .....	81
Аягөз .....	82
Әжібай сайы .....	82
Әулиеата .....	82
Баршатас .....	83
Бәйеш тауы .....	84
Беғазы .....	84
Бердібай – Берден тауы .....	85
Бесбатыр .....	85
Бесоба .....	86
Бетбақдала аңызы .....	86
Екібастұз .....	86
Ерейментау .....	87
Жеті құдық .....	87
Жорғатау .....	88
Кеме қалған шыңы .....	88
Кеңестас .....	89
Күйгентас .....	89
Қайдауыл, Шеруке .....	90
Қалқаман .....	91
Қарағанды .....	92
Қаратау .....	92
Қарқаралы .....	93
Құланөтпес .....	94
Құттыбай .....	94
Қыземшек .....	95



Марқакөл .....	95
Оқжетпес .....	95
Сырдария .....	96
Тарбағатай .....	96
Текес, Ағаяз .....	97
Теректі .....	97
Терісаққан .....	97
Топар .....	98
Төретам .....	98
Төрткүл жазығы .....	98
Түлкібас .....	99
Ұранқай тауы .....	100
Шайтанкөл .....	100
Шәуілдір .....	100
Шолақтерек .....	101
Шом қалған .....	102
<b>ТАРИХИ АҢЫЗДАР .....</b>	<b>102</b>
Шыңғыс нәсілі .....	102
Алаша хан .....	103
Майқы би .....	103
Ақсақ Темір .....	105
Әмір Темірді тоқтатқан ана .....	105
Әз Жәнібек .....	106
Әз Жәнібек ханның Жанпоз атануы туралы аңыз .....	107
Жиренше мен әз Жәнібек .....	108
Жиреншенің хан сынағына түскені .....	109
Жиренше туралы .....	109
Жиренше шешен .....	110
Жиреншенің Қарашашқа құда түсуі .....	111
Жиреншенің баласы .....	111
Асанқайғының хан аталуы .....	112
Асанқайғы .....	113
Асанқайғының баласы Абат туралы .....	113
Орманбет хан әңгімесі .....	114
Едіге батыр туралы .....	116
Ер Тарғын туралы аңыз .....	116
Баланың билігі .....	117
Төле бидің туы .....	117
Қаздауысты Қазыбектің тоғыз жастағы билігі .....	120
Қаздауысты Қазыбек шешен жайында .....	121
Тіленші туралы .....	122
Әйтеке бидің мықтылығы .....	124
Әйтеке бидің қазасы .....	125
Абылай туралы .....	126
Абылайдың тұтқында болуы .....	127
Абылай мен Әмір Сананың достығы жайындағы аңыз .....	128
«Абылай аспаған сары бел» аталған жер .....	129
Абылай мен орыс елшілері .....	130
Абылайдың соңына ерген батырларын сынауы .....	131
Қабанбай батыр .....	132
Қанжығалы қарт Бөгенбай хақында .....	133
Өтегеннің жер қарауы .....	134
Малайсары мен Олжабай .....	134
Олжабай мен Жасыбай .....	137
Тіленші жайында бірер сөз .....	140
Сапақ бидің ұтқырлығы .....	141
Досбол .....	142
Бала би Досбол сөздерінен .....	143
Бала би Досбол .....	145
Жаңабатырдың жаламен шабылуы .....	146
Опасыз дүние .....	147

Жәнібектің Тіленшіге батасы.....	148
Ер Жәнібек пен Тіленші би.....	149
Жәнібек туралы.....	151
Шақшақ Жәнібек батыр.....	151
Қошқарұлы Жәнібек.....	154
Жидебай батыр.....	155
Жасыбай батыр.....	156
Дәулетбай батыр.....	157
Балағаз батыр.....	157
Байқозы батырдың тапқырлығы.....	159
Түлкібай батыр жайындағы аңыз-әңгіме.....	160
Сарғөз бен Жәнібек.....	160
Итеке батыр.....	161
Берден батыр.....	162
Ораз туралы.....	162
Бердіқожа батыр.....	163
Жоламан батыр туралы.....	166
Алшын Қорлыбай батырдың Қалдан ханмен кездесуі.....	167
Байбақты Сырым батырдың әкесінің атын Дат деп қоюдың сыры.....	168
Сырым батыр.....	169
Сырымның жерге айтқан сыны.....	169
Бұрын туғаннан ақыл сұра.....	169
Нұралы мен Сырымның құдалығы.....	170
Сырым мен Саржала би.....	171
Сырым батырдың Нұралы ханды шабуы.....	171
Ескі әңгіме.....	172
Сырымның Мөңкені жеңуі.....	173
Жәңгір ханның патшадан жәрмеңке сұрауы.....	174
Қызылғұрт Жантөре би мен Шомбал би.....	174
Жан шақ келмеген ділмар қыздың әңгімесі.....	175
Байғана мен Төлеген би.....	176
Махамбеттің әкесі Өтеміс би.....	177
Махамбет пен Жәңгір хан.....	178
Исатай-Махамбет.....	178
Тайман мен Бөкей.....	179
Исатай мен Жәңгір ханның қарсы болуы.....	180
Махамбет пен Баймағамбет.....	180
Махамбет пен Жәңгір хан.....	181
Науша батыр туралы.....	182
Исатай батыры Науша туралы.....	183
Науша батыр мен Сыйлыбай.....	184
Жалбыр батыр.....	185
Үбі батыр туралы.....	186
Кенесарының дулатқа келуі.....	187
Кенесарының рақымсыздығы мен кеңшілдігі.....	188
Кенесарыны өлімнен айырып қалған екен.....	189
Наурызбай батыр.....	189
Наурызбайдың жолбарысты өлтіруі.....	191
Науан мен Қойшыбай.....	191
Тыналы болыс.....	192
Бөлтірік шешеннің батыр атануы.....	192
Ағыбай Олжабайұлы туралы.....	193
Дуанбасы Ыбырай мен Ағыбай батыр.....	193
Қасым Абылайұлы.....	194
Аусар салғырт Шыңбай Мыңбайұлы.....	196
Бала бақсы.....	197
Көтен балуан.....	198
Жоламан батыр.....	200
Есенгелді.....	200
Жанқожаның кемеңгерлігі.....	201
Раманқұл мен Жанқожа батыр.....	202
Бекбауыл бидің айтқаны.....	203

<b>ШЕЖІРЕ АҢЫЗДАР.....</b>	<b>205</b>
Оғыз хан және қаңлы елі .....	205
Алаша, Алаш, Қазақ және Жүз.....	205
Халықтың «Қазақ» аталуы туралы аңыздар.....	206
Қырғыз, Қыпшақ, Қарақалпақ пен Қазақтың туысқан болуы.....	207
Төре тұқымы.....	208
Ұлы жүз туралы.....	208
Жарықшақ.....	209
Дүрбін мерген туралы бір аңыз .....	210
Қара қаңдылар .....	211
Шанышқылыны үйлендіру .....	211
Ұлы жүз сіргелі руы жайлы .....	212
Сарыүйсін.....	213
Үш таңба немесе тұмар таңба туралы .....	213
Шапырашты .....	214
Шапыраштының Екей атасы туралы.....	215
Айқым.....	215
Жалмамбеттің Сылаңдыдан өрбіген ұрпағының «Ысты» атануы.....	216
Ошақты .....	217
«Төрт шам – сегіз сары» атануы .....	217
Қайыпбереді мен Қалпелер хақында.....	217
Бозымның Айттан көптігі туралы аңыз .....	219
Бағыс суан.....	220
Суан туралы.....	221
Суанның Бөлегі.....	222
Бименбет Қанкөшектің ру ұранына айналуы туралы .....	222
Қоралас руының тегі жайлы .....	223
Жалайыр руы.....	224
Орта жүз Бекарыстан алты арыс ел тарауы.....	224
Қарақожа .....	225
Мейрам сопы ұрпақтары немесе «Момынның жеті арысы» туралы.....	225
Жеті Момын туралы.....	226
Жетіру туралы бір аңыз.....	226
Оразгелдінің Қаржас аталуы .....	226
Шегендіктің баласының атын Мейрамның «Қақсал» қоюы .....	227
Қаракесек .....	228
Момын .....	228
Қанжығалының қақ жарылған жері.....	229
Төртуыл Сарқозған .....	230
Қыпшақ .....	230
Бес таңбалы қыпшақ туралы .....	231
Орта жүз найман руы туралы .....	232
Өкіреш найман .....	232
Бура, Көкжарлы туралы.....	233
Төрт Төлегетай.....	233
Мұрын туралы аңыз.....	234
Қызай туралы аңыз.....	235
Терістаңбалы найман туралы аңыз.....	236
Қаракерей руы.....	236
Қаптағайдың бүкіл матайға ұран болғаны.....	237
Қоңырат туралы аңыз.....	237
«Құйысқансыз» атанып жүрген Қожамберді туралы .....	239
Байлар – Жандар.....	239
Жетімдер .....	240
Көтен .....	241
Ашамайлы керей жайында.....	241
Сарымырзаның тоқалы Торқадан туған балаларының «Уақ» атануы жайлы аңыз .....	242
Байұлы .....	243
Шеркеш ұрпақтары туралы аңыздар .....	244
Нұрдан жаралған адай.....	245

Түрікмен адай.....	246
Он екі ата байұлы ішіндегі беріш руы туралы аңыз .....	246
Әлімұлы руы .....	246
Шекті .....	247
Қарасақал руы.....	247
Кете руының қалыптасуы.....	248
Жетіру жайлы.....	248
Тама руы.....	248
Керейт руы .....	249
Жағалбайлы .....	249
<b>КҮЙ АҢЫЗДАР .....</b>	<b>250</b>
Шақыру .....	250
Шұбар киік .....	251
Қызылқан.....	252
Нар идірген.....	252
Қос мүйізді Ескендір.....	254
Бөкен жарғақ.....	255
Тепеңкөк .....	256
Кербез қыз.....	257
Аңшының зары.....	258
Қорамжан күйі.....	258
Бозайғыр .....	259
Ақсақ құлан .....	259
Аққабынның толқыны.....	260
Аққу .....	260
Көк бұқа .....	262
Мұңлық – Зарлық.....	262
Сал күрең.....	263
Балжыңгер.....	263
«Бозінген» күйі .....	264
Шыңырау.....	264
Қағытпа .....	264
Жетіген .....	265
Қос ішек .....	266
Ертіс толқыны .....	266
Телқоңыр .....	267
Бейжін сары .....	269
Ортеке .....	269
Шұбар киік .....	270
Жорға аю .....	271
Хан жұбату .....	271
Ыңыршақты боз .....	272
Ала айғыр .....	272
Қозыкүрең.....	273
Бүркіттің күйі .....	274
Қыз алып қашқан .....	276
Тоқта баяу.....	277
Жаралы ақбөкен .....	277
Өрелі кер .....	278
Кәрібоз .....	279
Майдажал .....	280
Жетігеннің жетеуі .....	280
Қорқыт .....	281
<b>ӘПСАНАЛАР.....</b>	<b>285</b>
Бәйбішетас һәм Келінтас .....	286
Толағай .....	286
Берітастаған .....	287
Тазтау.....	287
Келіншектау .....	288
Отаутас .....	289
Түйетас .....	289

Алтайтас .....	289
Байқал мен Аңғара .....	290
Қалмақтолағай, яғни қалмақтың басы.....	291
Сарыарқа .....	292
Таскеліншек .....	293
Қаражал .....	293
Көгершін .....	294
Жайық өзені.....	294
Қорқыт.....	295
Масат ата.....	296
Байшегір баба.....	297
Шыңғыс хан туралы.....	298
Бегімана туралы аңыз.....	300
Райымбектің бұлағы .....	302
Қисса Алаңғасар – Әлиф.....	302
Ұйқыдағы батыр .....	304
Мұхамбет байдың қызы.....	304
Қырық қыз жөніндегі әңгіме .....	305

**ХИКАЯТТАР .....** **309**

Шиш бин Адам әлайһи салам пайғамбарлығының баяны.....	310
Бдырыс әлайһи салам пайғамбарлығының баяны .....	310
Хазірет Нұх әлайһи саламның баяны.....	311
Һұд әлайһи салам пайғамбарлығының баяны.....	313
Салих әлайһи салам пайғамбарлығының баяны .....	314
Лұт әлайһи салам пайғамбарлығының баяны .....	314
Смағұл әлайһи салам пайғамбарлығының баяны.....	315
Ысқақ әлайһи салам пайғамбарлығының баяны.....	316
Айып әлайһи саламның пайғамбарлығы баянында .....	316
Шұғайып әлайһи саламның пайғамбарлығы баянында .....	317
Қызыр әлайһи саламның пайғамбарлығының баяны .....	318
Юша әлайһи саламның пайғамбарлығы баянында.....	318
Ишмуил әлайһи саламның пайғамбарлығы баянында .....	319
Дәуіт әлайһи салам пайғамбарлығының баяны.....	320
Ілияс әлайһи салам пайғамбарлығының баяны .....	322
Лұқман әлайһи салам пайғамбарлығының баяны.....	323
Ғамул Хизн, яғни қайғы жылы.....	323
Пайғамбардың мигражы, яғни көкке шығуы .....	324
Тахуил құбла, яғни құбыланың ауысуы .....	326
Адам ата.....	326
Қабыл мен Әбіл.....	327
Зұлқарнайын.....	328
Нұх пайғамбар мен бір кемпір.....	328
Ыбраһым пайғамбар .....	329
Жақып пайғамбардың ұлы Жүсіп туралы .....	329
Мұса пайғамбар.....	330
Су патшасы Сүлеймен.....	331
Хакім Ұлықпан .....	332
Лұқман ата мың жасапты.....	333
Қарынбай мен Пайғамбар .....	334
Әзірет Әлі.....	334
Ақ атаның бұлағына Әзірет Әлінің келуі.....	336
Манас сахаба.....	336
Һамза, Лумза әңгімесі.....	337
Аплатынның ажалы .....	339
Ысқақ бап.....	339
Бабатүкті шашты Әзіз.....	339
Бабатүкті шашты Әзіздің пері қызына үйленуі.....	340
Қожа Ахмет .....	341
Ясауи мен Жақып ата.....	341
Қожа Ахмет Ясауи мен баба Машын.....	342
Қарабура мен Құрбан атаның байланысы .....	343

Ыбырайым шайх .....	343
Мырза Жүсіп .....	344
Садуақас ата .....	344
Садыр ата .....	345
Қазаншы ата .....	345
Бабажан әулие .....	346
Айқожа ишан .....	347
Әбдіжалил бап пен баласы Құсайын-Ғази .....	347
<b>АУЫЗЕКИ ӘҢГІМЕЛЕР .....</b>	<b>351</b>
Сүйіндік Жақан құдың қулығы .....	352
Аңқау мен қулықшы .....	353
Балгер мен тәуіп .....	353
Аңқауды алдаған айлакер .....	354
Боқаш құдың әңгімесі .....	354
Мауқай қу туралы .....	355
Аңқаулар мен қулар .....	356
Түйебай .....	356
Алданған молдалар .....	357
Сыңар етік .....	358
Кенженің Ағыбай асына баруы .....	359
Қапан кедейдің тапқырлығы .....	359
Аңшы шал .....	360
Ақбөкеннің қашуы .....	360
Құсбегінің әңгімесі .....	361
Айдаш ұрының бастан кешкендері .....	362
Ақан Иманбек қарттың әңгімесі .....	362
Тышқанбай ұлы Тасым қарттың айтуы .....	363
Есенаман .....	363
Жауыр мен Тайлақ .....	364
Байқұда палуан .....	364
Ыбырай мен байлар .....	365
Молдабай палуан .....	366
Үйдің ауасы .....	367
Жетісудан Семейге жарысқа барған домбырашы келіншек .....	367
Суды теріс ағызатын пірәдар .....	369
Сараң бай әңгімесі .....	370
Ұсақ бауырсақ .....	370
Қазан қайнатқан сөз .....	371
Сөз тапқанға қолқа жоқ .....	371
Қызғаншақ .....	372
Мақтаншақ .....	372
Мұсылмандығың құтты болсын! .....	373
Көп жасағандықтың құпия сыры .....	373
Дарынды сынықшы .....	375
Күні бұрын ескерткенім ғой .....	376
Балалық өтіп бара жатқан жоқ па? .....	376
Басарым жоқ, көтеремін .....	376
Палауды көрмей отырған кім екен? .....	377
Бауырсаққа өре саламыз ба? .....	377
Ордабай мен молда .....	377
Құдайға қылкөпір керек емес .....	378
Қасқыр екен десем .....	378
Тұздап қойған ба? .....	379
Төбеңнен жай түскелі тұр .....	380
Бердібайдың бес тиыны .....	380
Бір жігіттің көршілес елден қыз алып қашуы .....	381
Өтірік айтпаймын, айтып та көргенім жоқ .....	381
Шайтан арба көріпті .....	382
Қорқақ өз көлеңкесінен де қорқады .....	382
«Әуп!» дегені үшін .....	383
Сезімтал талғам .....	383



Қамбашы Тоқсанбай.....	384
Теңеу тапты .....	384
Ортақ олжа .....	385
Соқыр сенім .....	385
Айна көрмеген тоғышарлар .....	386
Ақымша қу.....	386
Үш саңырау.....	387
Сараңның сыбағасы .....	387
Ұланқұл, Шылғаубай.....	387
Шеркеш Мақаш пен таз Қашқынбай .....	388
Тыныштығымда не жұмысың бар?.....	388
Еріншек келіншек .....	388
Қорқақ батыр .....	389
Ишанның айтқаны .....	389
Құнанбайдың қажыға барғаны .....	390
Дуанбасыны сөйлетпеген кедей.....	390
Шоңның сәлемдемесі .....	391
Етекбай би мен Шорманның Мұсасының сөзі.....	392
Бажақ қарт.....	393
Абаймен кездескендері жөнінде есте қалғандарынан.....	394
Абайдың қонақ күткені .....	395
Абай мен Алшынбай .....	396
Абай мен Қиясбай .....	397
Абай кедейлерге қамқоршы еді.....	397
Абай мен Бәкеннің кездесуі.....	398
Абайдың Мырзақанға айтқаны .....	399
Стамбектің айтуынша .....	401
Ақын Әубәкірдің әйелі Қамаштың (Камалияның) естіп білгені.....	402
Абай мен Архирей.....	402
Абай мен Қайранбай.....	403
Абайдың Жылтыр ақынға сыны .....	404
Әріптің Абайға жауабы .....	405
Абай мен Бегеш .....	406
Қисық би мен Абай .....	406
Ақан сері жайында.....	407
Қарқара қырғыны .....	408
Жаңабай туралы.....	410
Қарқаралы .....	411
Торғай уезіндегі дүрбелең .....	413
Байдәулет болысындағы көтеріліс .....	414
Тарихи уақиға .....	416
Мұңайтпастың шешесі Айсары туралы.....	417
Қажымұқанның Шарлақтан Омбыға баруы жайлы.....	418
Жуанаяқ балуан .....	420
Қажымұқанның нағашысы Лөк балуан жайлы.....	422
Жетпіс жастағы Қажымұқанның қайраты .....	422
Естай .....	423
Жангөбек Омар ақын.....	423
<b>Жинаушылар туралы мәлімет .....</b>	<b>426</b>
<b>Суретті сөздік .....</b>	<b>438</b>
<b>Әдебиеттер .....</b>	<b>457</b>
<b>Резюме.....</b>	<b>459</b>
<b>Summary .....</b>	<b>461</b>

ДАЛА  
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ  
АНТОЛОГИЯСЫ

8-том

ПРОЗАИЧЕСКИЙ ФОЛЬКЛОР  
ПРЕДАНИЯ

*(на казахском языке)*

Утверждено Ученым советом Института литературы и  
искусства им. М.О. Ауэзова

Редактор Ж. Қайранбай  
Корректор Ө. Әбдішүкірұлы  
Компьютерде терген А. Оралбек  
Аудио мәтінді оқығандар:  
С. Жақан, А. Сериков, Г. Түтова, Ж. Толғанбай, Д. Есимбеков  
Аудио мәтінді дайындаған Е. Елгезек  
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 28.10.2020 ж. қол қойылды.  
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «DS Baltica».  
Пішімі 70 × 108 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Көлемі 29,5 б.т.  
Таралымы 10 000 дана.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

«Brand Book» ЖШС баспаханасында басылды